

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

АЛТЫ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

3

Көсемсөз, әдеби сын,
зерттеу мақалалары,
қазақ тілінде басылған
кітаптар көрсеткіштері



АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 2013

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакция алқасы:

Ахметов З.А., Дулатова Г.М., Қасқабасов С.А., Қирабаев С.С., Құл-Мұхаммед М.А., Қойгелдиев М.Қ., Нұрпейісов К.Н., Сатыбалдиев Е.Ә., Ысмағұлов Ж. (*жауапты редактор*)

48353

Құрастырушылар: **Гүлнар Дулатова, Сабира Иманбаева**

Алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған:
Жұмағали Ысмағұлов

© Дулатұлы Міржақып, 2003
© Дулатова Г., Иманбаева С. (құраст.), 2003
© Ысмағұлов Ж., соңғы түйін, түсініктемелер, 2003
© «Мектеп» баспасы, көркем безендірілуі, 2013
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
«Мектеп» баспасына тиесілі

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА

Адассам —
халқыммен бірге адастым,
сәулесі жарық жолға
ұмтылсам — ұлтыммен қосыла
ұмтылып бағамын.

Міржақып

(«Кедей сөзі», «Ақ жол» газеттері мен
«Қызыл Қазақстан» журналынан)
(1920—1923)



ҰРПАҚҚА ХАТ

(немесе абақты қабырғасынан жеткен аманат)

Қазақ халқы. Қазақ халқының жай-күйі. Кім жеріне жетіп тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп, кім ескереді? Губернаторлар мен ояз бастықтарын былай қойғанда, қазақтың қара шекпендісі ең кіші урядниктің алдында қалтыраумен күн өткізді, түкке тұрғысыз тілмаш шенеуніктері, болыс әміршілері қолдарымен от көсеп, одан сайын үрей шақырып, ұлтты адам төзгісіз қорлауға көндіріп келді; дүрелеу, зорлық, пара алу, өтірік ақпар беру үйреншікті мінезге айналды; қазақ әйелдері күң есебінде кісі есігінде жүрді, ең төуір жер жоскындап келіп жатқан отырықшыларға тартып әперілді, ал жергілікті қазақтар тұруға жарамсыз, сусыз, шөбі тықыр құмға қуылып тасталды. Ақ патша үкіметі осы халықтың көзі ашылсын-ау, ойы оянсын-ау деп мектеп ашудың орнына, керісінше өз қаражатымен мектеп ашуға ұмтылған (*мысалы: Қосшығұлов, Науан хазірет*) адамдарды айыптап, тыйып отырды; оларды Якутияның ақ қар, көк мұз елсізіне жер аударды. Дәрігерлік көмектің не екенін жергілікті жұрт үш ұйықтаса түсінде көрмеді.

Айтуы жоқ алым-салық, зіл батпан жылу жинау онсыз да сорлап жүрген кедей сорлылардың айналып келіп мойнына ілінді. Бірнеше жүз бас малы бар өлділер 5—10 тұяқтың ізіне қараған мүсәпірмен тең бірдей салық төледі. Әділетсіздік қадам басқан сайын кездесті. Тіпті, заң, әділет деген сөзді ұлтымыз ұмытып үлгерді.

Қазақ халқы тап осындай күңгірт өмірде өлместің қамымен жүріп жатқан кез. Ақ патшаның отарлау өмірі бұ халықты қаратабан етіп, жерге қаратып, жұтып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын зау биікке көтере түсті.

Осылардың бәрін көріп-біліп, сезініп өскен байғұс басым өзімнің тақыл-тұқыл білімімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштап, қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым. Ол жылдарда бізде жазба әдебиет жоққа тән еді, ал мерзімді басылым болмады. Не істеу керек? Ойлана келе, баспасөзде үн көтеруді жөн санадым. 1910 жылы «Оян, қазақ!» деген атпен өлең кітапшам жарық көрді. Аз уақыттың ішінде бұл кітапша екі мәрте қайта басылып үлгерді. Мұнымен бірге «Бақытсыз Жамал» деген повесім басылып, халыққа тарады. Бұл кітаптар, өзімізде баспахана болмағандықтан, татар баспаханасында басылды.

Осының өзін көп көрді ме, қазақ кедейлерінің арасында төңкерісшіл әдебиет пайда болды деп, жандарм басқармасына ұзынқұлақ жеткізген үндеместер табылды. Ұстап, 1911 жылы абақтыға жапты. Төрт қабырғаға телміріп, екі жылым зая кетті. Сонымен, бұдан кейін-ақ, қазақтар арасында атым кең жайылып кетті. Маңайдағы болып жатқан не сұмдықты көріп жүріп, біліп жүріп, қорғаушысы, панасы, қол берушісі жоқ жұртқа жанымыз ашып, біздер сол кезеңде үкіметке қарсы әрекеттің қажет еместігін түсіндіруге, көтерілген жағдайда қанның көп төгілетінін, екі жақтың күші тең еместігін халыққа айтып ұғындыру жолын ақылдастық.

Кейінше барып, «жау кеткен соң қылышыңды боққа шап» дегеннің керін жасап, бөз бір жолдастар бізді, кезең келгенде халық қозғалысын басқара алмады, ақ патшаның құйыршығына айналып кетті деп кінәлай бастады. Мұндай сөзді сол кезеңнің нағыз шын жағдайы мен жай-жапсарын көз жеткізіп білмеген адамдар ғана айтады. Білген болса — айтпас еді. Шындығында, біздер халықтың басын бәске тіккіміз келмеді. Халық тағдыры карта ойыны емес. Қолымыздан келгені — «Қазақ» газетінің редакциясы болып майдандағы окоп қазуға, тыл жұмысына жөнелтіліп жатқан қазақтарға көмек көрсетуді ойластырдық, осы мақсатпен бүкіл қазақ оқығандарына қаратып үндеу көтердік. Көп ұзамай, қазақ интеллигенциясы — халық мұғалімдері үн қосып, Минск қаласы земство одағының жанынан өзге ұлт бөлімін құрған едік. Өзім болып Минскіге жол алдым. Қазан күндері келіп жеттім.

Қазан төңкерісі партиясына кереғар көзқарастағы көп партиялардың үлгісінде, қазақ ұлтшыл ұйымының «Алаш» партиясын құрдық, партияның бір мүшесі — өзіммін. Езілген, тоналған, сіңірі шыққан ұлтымыздың қамынан асып, өзгедей әрекетке барған емеспін. Саяси мәселелерді алдын

ала болжауда, қазақ ұлтшылдары арасында, өз басым оншалық қырағылық, көріпкелдік таныттым дей алмаймын. Совет үкіметіне қарсы күрес деп шуласып жүргендері — қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мүддеден туған ниет қана. Өз отауымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз. Желтоқсанның басында Бүкілқазақ съезінде «Алашорда» деген атпен автономия жарияладық, құрамы 15 адамнан басшылық сайланды, басқару үкіметіне өзім енбей қалдым.

Басшылықтың ең өуелде әрекеті — халық жасағы милиция құру әрі ашыққан, сіңірі шыққан тұрғындарға жәрдем жинау болды, осы мақсатта Алашорданың облыстық бөлімшелері құрылды, кейінше бұл бөлімшелер «Әскери кеңес» деп аталды. Мұғалімдер курсы мен губерниялық педагогтік училищеге лекция оқи жүріп, жұрттың сауатын ашуға күш салдым. «Еңбекші қазақ» газетінде төрт жыл істедім, өзімді әлі күнге сол редакцияның мүшесі санаймын. 1922 жылдан бастап қазақшаға ұзын саны жиырмадай кітап, кітапшалар тәржімаладым. Зиновьевтің «ВКП(б) тарихын» аударуым — осы партияның жарғақ құлағы жастыққа тимес жаршысы болғанымның куәсі деп білемін.

Өткенім мен бүгінім осы ғана. Өзім өскен ортадан шыққан, өзім алған білімді сіңірген бір адам үшін бұл аз шаруа деп санамаймын. Көп те емес болар. Әйтсе де, бар міндетімді осымен біттіге санап қол қусырар жайым жоқ. Ғұмыр болса, дәм жазса — ұлтымның келешегі үшін күш-жігерімді аямай еңбектене беруге борыштымын. Адассам — халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам — ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын.

Міржақып Дулатов.
Қаңтар, 1929 ж.
(Сот құжаттарының 98-99-беттері, 2-том.)

ОКТЯБРЬ ТӨҢКЕРІСІНІҢ ҮШІНШІ ЖЫЛЫ

1. Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде ерке жауынгер, ержүрек, жігерлі, өзі көсем, серке еді. Аққөңіл, ақжарқын, уағдашыл, айтқан сертке берік еді.

Бұл кім десеңіз?

Қазақ еді.

Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қонып, тұнық су: шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қылып, мереке қызық күн сайын, жарыс

салысып, жас ұлан, қыз-бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ.

Бұл кім десеңіз?

Бұл қазақ еді.

Құл болды, қор болды. Жайылып, жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айырылды. Жігері қатты жасыды. Қоян жүрек қорқақ болды. Партия деген пәлеге жолықты.

Бұл кім?

Бұл да қазақ.

Бірақ бұл — орыс патшасына бағынып, өткен күнін сағынып, бір көруге зарығып, жарық сәуле көре алмай, қараңғыда қамығып, жыламсырап қамыққан қазақ еді.

Көздің жасы көл болып, қатарынан кем болып, көрінгенге жем болып, әлсіреп қазақ тұрғанда сүйінші хабар естілді.

Бірінші хабар 1917 жылғы февраль төңкерісі еді.

2. Қазақ халқы қанша надан болса да, саясат сезімі кем болса да, февраль төңкерісіне еш халықтан, ешбір саяси партиядан кем қуанған жоқ.

Бұрын қара халықтың миына сіңген ескі пікір, ескі имансы: «Әуелі — құдай, екінші — патша» болса да, патшаның (*монархия мағынасында*) кім екенін қазақ халқы 1905 жылдан бастап біліп еді. Қазақта ояну сол жылдан бері басталды. Әуелі «бостандық, теңдік» деген сөздер құлағына шалынды. Мұнан кемшілік, қысымшылықта жүргені сезілді.

Г. Дума ашылды. Мұнан патша жалғыз өзі халық өкілдерінсіз закон шығармайтынын білді.

I Думаны өкімет қуғаннан кейін Выборг воззваниесі таратылып, II Дума шақырылғанша халық әскерге бір солдат, қазынаға бір алым бермесін дегенді құлақтанып, онан өкіметтің өкімет болу тетігі халықта екенін түсінді. Жер-суын мұжыққа не үшін өперіп жатқан себебін білмеді.

Патша үкіметі қазақтың ұлтын, дінін жоғалтуға жүргізіп келе жатқан саясатын ұғынды.

Өкіметтің халыққа зиянды саясаты болғанын, азаматтары сотқа берілгенін, абақтыға жабылғанын, жер аударғанын көрді.

Соңғы жылдары жаңа түрде кітаптар, газеттер, журналдар шыға бастады. Осының бәрін көрген, басынан кешірген қазақ халқы ілгері басқандай болды.

3. Жоғарыда айтқандардан басқа қазақтың есінен кетпейтін орасан оқиға патша өкіметінің 1916 жылғы июнь жарлығы еді.

Еш нәрседен қапersіз тыныш жатқан халықты бір күннің ішінді ұлан-ойран қылды. Бас жоқ, көз жоқ, қазақтың 19 бен 42 арасындағы жастарын майдан жұмысына зорлықпен алуға жарлық шығарды. Айтқан күнде жинала қоймадың деп, ел-елге әскер шығарып, қазақты қойдай қырды, жаудай шапты. «Қарсылық қылдың, басшы болдың» деп қанша азаматты әскери сотқа беріп, аттырды, астырды. Ел үрікті. Атадан ұл, анадан қыз айырылды. Жер-суын, мал-мүлкін тастап қашып, босқындардың алды Қытай шығып кетті. Бұлар жолшыбай ашаршылық, жалаңаштық көрді, дертке шалдықты, қырғынға ұшырады. Көрген баласын берген әйелдердің күні де қараң болды. Қала-қаланың абақтысына қазақ сыймай кетті. Жұрт не қыларын білмей, қан жылады. Ойға шапты, қырға шапты, ізденді, сұранды. Көрінгеннің есігін қақты. Ешкімнен рақым болмады. Аз күннің ішінде қазақ қиямет-қайымға ұшырады.

Февраль төңкерісі қазақ халқы дәл осындай күйде тұрғанда кез болды. Сондықтан өзге жұрт бір есе қуанса, қазақ мың есе қуанды деуге болады. Абақтыда қамалып, «өне атылам, міне атылам» деп күндіз-түні кірпік қақпай, қайғымен қан жұтып жатқан тұтқындар азат болды. Зорлықпен, амалсыздықтан майданға алып кеткен азаматтар қайтты. Қаңғырып, босып кеткен елдер мекендеріне көшіп келді. Күні кеше өздерін мұндай күйге ұшыратқан жауыз өкімет бастығы рақымсыз патшасымен жоғалғанына қуанып, ат шаптырып той қылды.

Февраль төңкерісін қазақ халқы осылай қарсы алды.

4. Бастығы князь Львов, онан кейін Керенский болған Уақытша үкімет дәуірі басталды. Төңкерістің нығаюы, бекуі Уақытша үкіметті қуаттаумен табылады деген пікірмен қазақ халқы оған шын ықыласпен бой ұсынды. Тілегін де, көмегін де берді.

Уақытша үкімет Құрылтай шақырмақшы болды. «Россияда мемлекет билігі қай түрде болуды Құрылтай шығарады» дейді. Бар игілік, бар үмітті Құрылтайдан күттірді. Құрылтайға өкілдер Россиядағы бәрінен де теңшілікпен сайланатын болған соң, біздің қазақ жұрты Құрылтайдан артық тілегін орындайтын ұйым бар деп білмеді. Халықтың мұқтажын халық өкілдерінен артық кім біледі деп, Құрылтайға иман келтірді. Сондықтан кім Құрылтайды қуаттаса, қазақ оны төуір көрді, ал Құрылтайға кім қарсы болса, соны жек көрді. Февраль төңкерісінен кейін қазақ облыстарында болған съездердің бәрінде шығарған қаулы Құрылтайды

қуаттау, Автономияны Құрылтай арқылы алу еді. Жалпы қазақ съездерінде де солай болды.

5. Октябрь төңкерісі.

Бұл төңкерісті жасаған большевиктер еді. Әуелгі уақытта Россияның жыландары былай тұрсын, ежелгі солшыл партиялар — социал-демократ меньшевиктер, социалист-революционерге шейін, бәрі бірдей шу ете түсті.

Россияда социальный революция жасау ертелігін, мүмкін еместігін сипаттады. Мұның түбі анархия, яғни халық бетімен жайылып, бейбастақтық, бүліншілік болады десті. Большевиктер Құрылтайға қарсы дейді. Құрылтайсыз мемлекет билеу түрі жалпы халықтың тілегінше болмайтындығын баяндайды. Тіпті Ленин, Троцкийлер Германияның алтынына сатылып, Россияны бүлдіру үшін жіберілгендігі астана газеттерінде жазылды.

Бұл пікірлер қазақтың миына тез орнықты. Қазақта пролетариат жоқтығын һәм саяси партиялар болмау үстіне, большевиктерге эсерлер секілді солшыл партиялар қарсы боп тұрғанын көріп, біздің... бұлардан да солға кете алмады. Сондықтан Октябрь төңкерісіне һәм оны жасаушы большевиктерге сенімсіз көзбен қарады.

6. 1917 жылы декабрь басында жалпы қазақ съезі болды. Алашорда автономиясы жарияланды. Съезд Россияда жаңа тұтанып келе жатқан жаңа соғыстан қайткенде аман қалуды ойлап һәм бейбастақтықтан елді қорғау мақсатымен әскер жасауға қаулы қылды. Бірақ 1918 жылдың басына дейін әскер жасалынбады.

Қазақ облыстарының казак-орысы жоқ жерлерінде біздің жұрт Совет өкіметін танып, қол ұстасып іс қылды. Мәселен, Бөкей ордасы, Сырдария, Закаспий қазақтары. Ал казак-орысы бар облыстарда большевиктерге қарсы соғыс ашылды. Қазақ жері соғыс майданы болды. Қазақ халқы әрі құр қалды, әрі екі оттың арасында қалып, қайтерін білмеді. Жауласқан екі таптың біреуінен зиян көретінін есепке алып, бейтарап тұруды лайық көрді.

7. 1918 жылдың жазғы айларында большевиктер Сібірді тастады. Елден арман өте шықты, онан кейін Самарада «Құрылтай мүшелерінің комитеті» құрылды. Самар комитетінің уағдасы — халықтың қолын Құрылтайға жеткізу, Құрылтай жиналған күні бар билікті әкімшілікті Құрылтайға тапсыру еді.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ халқы жақсылық күткен Құрылтайды 1918 жылдың 5 январында большевиктер

қуғанын көріп, Совет өкіметін халық дұшпаны деп білді. Енді Самар комитеті большевиктер қуған Құрылтайды жаңадан жинап, «халықтың тағдырын халық өкілдерінің шешуіне береміз» дегеннен кейін, онан жақын ешкім болмады.

Большевиктердің негізгі мақсатына қазақ зиялылары қарсы болмаса да, Россияда социализм, коммунизм орнатамыз деулерін мезгілсіз деп білген еді.

Заманында Жетісу, Семей, Торғай, Орал облыстарында қазақтан әскер құрыла бастады. Қазақ әскеріне комитет қару-жарақ, киім-кешек, қазына бермекші болды һәм аздап бере де бастаған еді. Бірақ Самар комитетінің ғұмыры қысқа болды. Сібірде атамандар атқа міниып, адмирал Колчакты отағасы қылып, Самар комитетін жоғалтып, директорияны, сол пікірлі мүшелерін қуып тастап, қара жүзді өкімет жасады. Колчак таққа мінді.

8. Қара күндер қайта туды. Россияны қара бұлт қаптады.

Автономия деген сөзді ауызға алудан қалдық. Бостандық, теңдік, туысқандық деген қасиетті тілектер аяқасты болды. Дутов, Анненков, Иванов, Жизакскийлердің қылышынан қан тамды. Шын большевик болған жолдастарға істегендері өз алдына, біздің автономияшыл, алашордашыл мырзаларды бір шыбықпен айдады.

Қит етсе абақтыға жапты: (*Биахмет Сәрсенов, Иман Әлімбеков, Әлихан Бөкейханов, Қасымхан Бөкейханов, Елдос Омаров, Ахмет Омаров, Ахмет Райымбеков, Мұхамедияр Оспанов, Серікбай Ақаев һәм басқалар*). «Большевиктермен астыртын тілдесіп жүр» деп военный сотқа берді (*Ахмет Байтұрсынов, Сейдазім Қадірбаев, Мырзағазы Есболов және Міржақып Дулатов һәм басқалар*). «Қару-құрал жинап жүр» деп военный сотқа берді (*Жақып Ақбаев һәм басқалар*).

Колчак өкіметі автономия түгіл земствоның өзін шұнтитты. Бұзақы приставтың қамшысын арқамызға қайтадан орнатты. Волостной комитеттерді жоғалтып, баяғы болысымызды тірілтті. Тыңшылыққа лайық дәрежеқұмар соғылғандарға шен беріп, шекпен кигізіп, ескі ауруын қайтадан қоздырды. Казак-орыстар қожа болып, жерімізге қол сала бастады. Қазақ пен мұжық арасын шиеленістірді. Болмашы сылтаумен елге әскер шығарып, халықтың шаруасын күйзелтті. Желмен ұшырды.

Сөздің қысқасы, бірнеше айдың ішінде Колчак өкіметі қазақ даласын жын ойнағандай қылды.

9. Қазақ халқы һәм ұлтшыл, автономияшыл азаматтары ойға қалды. Өткендегі қателерін байқады. Большевиктер халық дұшпаны емес, еңбекшілер тобын теңдікке жеткізуші, құлдықтан, зорлықтан көз ашпай жүрген елдерді қорғаушы екеніне көздері жетіп, Совет өкіметімен бірігуге даярлығын білдіру үшін қазақ халқының сенімді, беделді басшыларының бірі А.Байтұрсыновты 1919 жылдың март айында Мәскеуге жіберді. Бірақ А.Байтұрсынов кеткеннен кейін де, Колчак қол астындағы елдер, еш Алаш азаматтары Совет жағына көрінеу шыға алмады. Егер бұлар Совет жағына көрінеу шығып кетсе, қазақ ішіне карательный отрядтар шығып, Қостанай һәм Атбасар үйезінің мұжықтарының істегенін істеп, елімізді бүлдіруі анық еді. Сонан қорғанып, ынғайлы уақытты күтіп, «сыртымыз бүтін, ішіміз түтін» тұра бердік. Кіндік өкіметтің 1919 жылы 4 апрельде жарлық шығарып, «Қазақ халқын, зиялыларын һәм Алашорда мүшелерін, большевиктерге қарсы оқ атып, қылыш суырса да, өткен саяси қылмыстары үшін құдаламаймыз, ғафу еттік» дегені қазақ халқының патшашыл таптармен жолдас болмайтынына көзі жеткендігі еді.

Совет өкіметі Россиядағы халықтардың құқықтары туралы шығарған декларация жарлығының 2-бабында: «Россиядағы халықтар өз тізгінін өзі алуына, автономия болуына, тіпті Россиядан бөлініп жеке мемлекет болып кетуіне де ерікті» деген уәдесі риясыз екендігіне қазір көзіміз жетіп отыр.

Бұл күнде қазақ жұмхарияты қылып, һүкіметіміз сайланып, өз алдымызға автономиялы жұрт болып отырмыз.

10. Февраль төңкерісінен біреу емес, саяси партиялардың бәрін де көрдік. Қамқорсынған талай өкіметтердің аласын да, құласын да өткердік. Еуропаның (*элитасы*) діні қатты мемлекеттерімен һәм жержүзінің империалистерімен де таныстық. Бұлардың қолданған саясаты мен III Интернационал туын көтерген еңбекшілер табының жол-жобасын таразыға салып өлшегендей болдық. Ақырында, бізге жалғыз біз емес, біз секілді езілген, жаншылған ұлттардың бәрінің қорғаны коммунист партиясы екеніне көзіміз жетті. Бұл пікірге біз үш жылдай бұлқынып, толғанып, басымызды тауға да, таска да соғып, кімнің қас, кімнің дос екенін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болып таңырқадық. Бұл пікірге бүкіл Күншығыс халықтары, Ислам мемлекеттері түгел тоқтады. Еуропаның азулы аждаһаларынан соққы жеген Күншығыс халқы да, анау күнгі Бакуде болып өткен съезі

толық дәлел. Баку съезінде дүниежүзінің империализмі, Англияның капитализмі сөз болғанда, Күншығыс халықтарының, жержүзіндегі мұсылмандардың екі мыңдай өкілдері бір кісідей ұшып түрегеліп тістерін қайрап, түстерін бұзып, қалшылдап, қылыштарын, алтатарларын суырып алып «бір тамшы қанымыз қалғанша өзімізді улаушылармен соғысуға ант етеміз» — деп айғайлап, жаңғырықтырған. Біздің қазақ та Күншығыс халықтарының бір мүшесі, мұңы бір туысқан. Сондықтан да Баку съезі шығарған қаулыға біз де қосыламыз. Біз де қол қоямыз. Өзімізді қанаушы таптармен біз де қолымыздан келгенше жауласуға, өзімізді азат қылушы еңбекшілер табымен бірігуге серт қыламыз.

11. Октябрь төңкерісінің үш жылдық мейрамы Күншығыс халықтарының бірі болып, бетін түзеп, Совет өкіметімен жолдастасқан, сіңіскен мезгіліне тура келді.

Октябрь төңкерісінің өткен жылғы мейрамын біз мейрамдаған жоқ едік. Енді бүгінгі күн бізге шын мейрам болды. Бүгінгі күн жержүзінің жуандарына соғыс жарияланған күн!

Бүгінгі күн — адалдық, теңдік, бостандық туы көтерілген күн!

Бүгінгі күн — адам баласы бір-бірімен тату-тәтті тұрып, бақытты өмір сүрудің қамына кіріскен күн!

Бүгінгі күн — қымбат күн!

Бүгінгі күн — естен кетпейтін күн! Көп күндерді тарих ұмытар. Бірақ бүгінгі күнді, Октябрь төңкерісін еш уақытта ұмытпас!

Баянды болсын, Октябрь төңкерісі!

Көп жасасын, III Интернационал. Көркейсін дүниежүзінің еңбекшілері! Көгерсін Күншығыстың елдері!

М.Дулатов.
«Кедей сөзі», 7 қараша, 1920 ж.

СОВЕТ ӨКІМЕТІ ЬӘМ ОҚУ ЖАЙЫ

Оқу жайы бұрын қандай еді, қазір қалай, соны салыстырып қаралық. Патша заманында жалпы Россия халқы, әсіресе біздің қазақ халқы, су қараңғы соқыр еді, надан еді. Әуелгі кездегі саясат халықты неғұрлым қараңғылықта ұстаса, соғұрлым айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш көретін еді. Алты миллионнан астам жұртта бұл күнге

шейін жоғары оқулы азамат 60—70-тен артық емес. Бұған қарағанда, жүз мың жанға бір ғана жоғары оқуы бар кісі келетіндігі көрінеді. Одан орта буын школдарда оқушылар саны қанша екені байқалады. Бастауыш школдарды алсақ, оқығанды екі облыстың бірі саналатын Семейде 1917 жылы сексен шамалы ғана ауыл школдары бар екен. Семей облысының қазағы кем санағанда сегіз жүз мың. Бұл есепке қарағанда, он мың жанға бір ғана школ болады. Әуелгі ауылнай школдары қандай еді? Ауылнай школдары қазақты аздыру үшін тілін, ұлттығын жоғалту мақсатымен ашылған еді. Бұл школдарда ана тілі оқытылмайтын. Үш жыл оқыған бала «моя, твоя»-мен қырда қала беретін. Мыңнан бірі болмаса, тоғыз жүз тоқсан тоғызы ілгері оқуға бара алмайтын. Ауылнай школдарынан алатын білімі шамаланған қазақ онда балаларын беруге де көңілсіз болып, бір школда көбінесе 10—15-тен артық шәкірт оқымайтын. Негізгі білім алатын школдардың есігі қазақ балаларына жабық болатын.

Азын-аулақ екі класты, яғни сол қатарлы школдарды бітірген жігіттер тілмаш, переводчик болса, үлкен төрелікке жеткендей көріп, қазаққа күн көрсетпей, «елім, жұртым» деген сезімнен атшаптырым жер аулақ жүріп, арызшы, парашы болып кететін. Бұлардың мұндай болып кету себебі — тәрбиесіздік, саясаттан хабарсыздық, ұлтшылдық рухы сүйегіне сіңбегендік. Жаны жаһаннамда болғыр миссионер Победоносцев оқу министріне берген баяндамасында қазақ туралы былай деген: «Қазақ баласын бастауыш школдарда ғана аз жыл оқытып, ғылымның жоғары басқышына шығармау керек. Олар төуір оқыса, көзі ашылып кетіп, ұлтшыл, саясатшыл болады. Бізге олардың ұлтынан айырылып, басқаларға ере алмағаны керек».

Ақмола, Семей облыстарында оқу ісін басқаратын директордың 1916 жылғы ресми есебіне қарасақ, бір қазақтың оқуына қазынадан жұмсалатын ақша 27 тиын екен. Патша өкіметі қазақты аздыруға қандай қам қылғанын осыдан-ақ көруге болады.

Қазір қалай?

Қазір Совет өкіметі тұсында оқуға жол даңғыл. Тілесең, қай тілде оқы, қалай оқы, тоқтау жоқ. Әйтеуір, оқы. Бұрын ілгері оқуға бірлі-жарым «құдайдың сүйген құлының» ғана қолы жететін еді. Нашарлар надан қала беруші еді. Енді оқу бай, жарлыға бірдей. Шығынсыз тегін тамақ, киім қазынадан болмақ. Оқу жасындағы балалар әйел-еркек демей, тегіс оқуға міндетті. Оқуға баласын бермеген ата-ана

жазалы болмақ. Бала түгіл, елу жасқа дейін хат танымайтын үлкен кісі қалмасын деп отыр. Бұл заңдар қағаз жүзінде қалмай, қазірден-ақ іске асып барады. Халыққа өнер-білім тарату жолында ақша аяу деген жоқ. Бұл қалыппен барсақ, енді он жылда оқымаған қазақ баласы қалмайды. Тек қазіргі бөгет болып отырған нәрселер: бірінші, соғыс ылаңынан қымбатшылық, жоқшылық, оқу құралдары һәм саймандары жетіспеушілік; екінші, мектеп үйлерін салуға баяғы жоқшылық қол байлап тұрғандық, һәм, үшінші, қазақтың өзінен оқытушылар жетіспеушілік. Совет өкіметі әр халық оқу жұмысын қалай ілгері бастырамын десе, ерікті деп отыр. Енді біз өзіміз тырысып, қатарға қосылатын халімізді өзіміз қарастыруға міндеттіміз.

Соғыс та басылар, қымбатшылық жоғалар, әр нәрсе сабасына қайта түсетін заман туар. Бірақ дүниенің жайлануын күтпей, жанталасып іс қылмасақ, тағы да қатардан қалып қоямыз. Надандықта, құлдықта қалғанымыздың жаласын патша өкіметіне аударсақ, ағаруымызға, теңелуімізге себепкер болып отырған Совет өкіметі һәм Совет өкіметін тудырған Октябрь төңкерісі екенін ұмытпауымыз керек.

Мадияр.
«Кедей сөзі», 7 қараша, 1920 ж.

483553

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ МӘСЕЛЕСІ

Түркістанда қазақ-қырғыз мәселесі тағы майданға шығып отыр. Бұл мәселе бұрын да талай көтерілген. Талай ұмытылған «сабақты ине сөтімен» деп, осы жолы шешіле қалса, біздің онан артық тілейтініміз жоқ. Февраль төңкерісінен бұрын біз жарылқай қоймады деп һүкіметке өкпелемейміз. Бұрын бізді жарылқаудың орнына, орыс байларының, ақсүйектерінің пайдасын көздеп, патша һүкіметі қазақ-қырғыздың бар жақсы жерін, кенін, табиғи байлығын келімсек крестьяндарға тартып әперіп, неше жүз жылдай ірге теуіп отырған атамекендерінен тұрғын халықты айдап шыққан еді. Оның бер жағында қазақ-қырғыздың басына 1917 жылдың пәлесі келіп орнады.

1917 жылдың қысында жұтқа ұшырады. Соғыс әлегінен, қымбатшылық-жоқшылық салдарынан тұрмыс бұрынғыдан да ауырлады. Түркістан қазақ-қырғызы, әсіресе Жетісу елі, ашаршылыққа, жалаңаштыққа, қырғынға ұшырай бастады. Февраль төңкерісінен кейін де Уақытша һүкімет

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОБЛАСТНАЯ
им. М. ЖУКАНОВА
г. Петропавловск

қазақ-қырғыздың теңгерілуі, бұрынғы көріп келе жатқан зорлық-зомбылықтан, аштық-жалаңаштықтан құтылуы туралы берекелі еш нәрсе істемеді. Октябрь төңкерісі болды. Кеңес һүкіметі орнады. Капитал құлдығында езілген еңбекшілер табына, жиһангерлік тепкісінде көзіне шыбын үймелеген уақ ұлттарға бостандық таңы атты. Теңдік күні туды. Ақ түйенің қарны жарылды. Енді бұрын кемшілікте жүрген елдер өгейліктен құтылып, өксігін басар деген үміт күшейіп еді. Қапелімде бұ да бола қоймады. Қазақ-қырғыз жерінде орнығып қалған жуан жұдырықтар бұрынғы қожалығын ұмытпай, жылы орындарын суытпай, сұжүрек болып қалған халықты бұрынғыдан жаман жанша бастады. Кеңес һүкіметі төңкеріс жауларымен соғысып, өрт сөндіргендей жанталасып, негізгі жобаларын жүргізуге жетісе алмай, алаң болуымен пайдаланып, жергілікті колонизаторлар (*отаршыобырлар*) сау күндегі әнге басты. Қазақ-қырғызды қансыратуға тақады. Бірсыпырасы түсін бояп, тонын айналдырып киіп, өтірік коммунист (*ортақшыл*) болып «менікі-сенікі» жоқ дегенді бетке ұстап, халық билейтін мекемелерге орнап алып, тағы баяғы тіске жұмсақ қазақ-қырғызды жем қылып, жүрегін жалғауға кірісті.

Түркістан һүкіметінің басшылары неше дүркін алмасып, саясат ағымы бір салаға құйылмай, көпке шейін қазақ-қырғыздың мұң-зарын естір құлақ, көрер көз болмады.

Түркістан уалаятындағы қазақ-қырғыз зиялыларының саны аздықтан, екінші, саясат толқыны жол бермегендіктен, бұлар да белсеніп іске кірісіп, көңілдегідей пайда келтіре алмады. Қамқоршылығы өз бастарынан артылмайтын өзімшіл зиялысымақтардың көбі төрелікке ұмтылудан өзгені білмей, бір нәрсе десең: «Білем, білем, Жетісуда солай, онда 16 жылдан бері солай...» деп Жетісу жайына «жетіктігін» ғана білдіріп, жүре тыңдайтын болды. Мұндай дәрежеқұмар мырзалар, тым болмаса, қазақ-қырғыздың күйі бұ қалыппен кете беретін болса, енді аз жылдан соң кімге «төрелік» қылатындарын ойлау керек еді. Оны да ойламады.

Бұл күнде Кеңес һүкіметінің бұрынғыға қарағанда, қолы босап, төңкеріс дұшмандарын жеңуге айналып, ішкі тұрмыс, бүлінген шаруашылықты реттеуге кірісе бастады. Түркістан Республикасының һүкіметі де айқын саясат, түзу жолға түсіп, қарауындағы халықтардың қамын ойлауға жұмылды. Қазақ-қырғыз зиялылары да соңғы кездерде бастарын қосып, һүкіметке күш беріп, рухы көтеріліп, ұйымдаса бастады. Сондықтан қазақ-қырғыз мәселесі қазір саясат майданында бірінші орын алып отыр.

Һүкіметтің һәм қазақ-қырғыз көсемдерінің қазіргі талабына, жігеріне қарағанда, Түркістанда қазақ-қырғыз шынымен теңгеріліп, бұл күнге шейін көріп келген зорлық-зомбылықтан құтылар деген үміт туып отыр. Бұрынғыдай, күнде ертеңге салып, «Әйтен келсе, Бәйтен жоқтың» кебіне ұшыратпас деп иланамыз.

Қазақ-қырғыз мәселесі туралы ТурЦИК, Туркомиссия, Совнарком, Партия комитеті басқосып шығарған һәм тоқтаусыз орындауға кіріскен қаулылары мыналар:

1. Кеңес ұйымдарының қиянаттарын жоғалту. Жетісу облысындағы жуан жұдырықтардың қазақ-қырғызға істеп отырған зорлығын тоқтату. Жер мұнын орындау. Азықтүлік кемшілігін бітіру. Құқық жағынан теңгеру. Халықағарту жұмыстарын ілгері бастыру ТурЦИК-ке парыз, тоқтаусыз орындауға міндет.

2. Комиссариаттар Жетісу үшін шығарған төртіп жобаларын қайта қарап тексеріп, қазақ-қырғыз халқының тұрмыс-салты өзгелігін еске алып, жаңадан өзгертсін.

3. Жетісудағы кеңес қызметкерлері кімдер, соларды қарастырып, алмастырсын. Басшылық етуге жергілікті халық өкілдері кірісетін болсын.

4. Жетісудағы партия комитеттерінің адамдары тексерілсін.

5. Әулиеатада 25 ғинуарда болғалы тұрған съезге даярланып, қазақ-қырғыз халқының жарлы-жақыбайлары көбірек келетін жағы ескерілсін.

6. Жетісуға IX съездің жер саясатын жүзеге шығару үшін, алдымен 1916 жылғы жанжалдан кейін Қытай шегіне босып кеткен һәм соңғы жылдарда өзге ретпен мекенінен қуылған қазақ-қырғыздың жер-суын иелеріне қайтарып әперу үшін түрлі саяси қызметкерлер жіберілсін.

7. Қазақ-қырғыз жастарын кеңес жұмыстарына үйрететін курстар ашылсын.

8. «Компрос» жанында қазақ-қырғыз үшін мұғалімдер курсы ашылып, мұның не керегін сай қылу қамына кірісілсін.

9. «Компростың» керек-жарақ жетіктіретін бөлімі қазақ-қырғыз балалары оқитын интернаттардың керегін түгендеуге ыждағат етсін. «Компрод» (*Азық-түлік комиссариаты*) сұраған нәрселерін тоқтаусыз берсін.

10. Тоғызыншы съездің қаулыларын орындау үшін Жетісуға жіберілетін қызметкерлерге тиісті комиссариаттар екі жетінің ішінде жол-жоба көрсетсін.

11. Қазақ-қырғыз газеті алаңсыз шығып тұруына қам қылынсын.

12. Туркомиссия һәм ТурЦИК атынан қазақ-қырғыз халқына Кеңес һүкіметінің саясат негізін һәм IX съезд қаулысын жариялауға баяндама шығарылсын.

13. Қытай жеріне босып барып, сол жақта құлдықта, қорлықта қалған қазақ-қырғыздарды азат қылуға, жәрдем көрсетуге айрықша жарна тағайындалсын.

14. ТурЦИК бұл шаруалардың бәрін орнына келтіру үшін Қазақстан Республикасының һүкіметімен қол ұстасып іс қылатын болсын.

15. Реввоенсуд Жетісудағы әскерлерге бұйрық беріп, қазақ-қырғыздарға ешбір жәбір келтірместей тыю салсын. Әсіресе шекарадағы әскер арасын сотқарлардан тазартсын.

16. ТурЦИК Қытай жеріндегі босқын қазақ-қырғыздарды жеріне қайтару үшін қам қылсын. Көмек көрсетсін.

17. Қазақ-қырғыздың жерін «майлап» алған, өздерін «жалдап» алған болып, табанақы, мәндай терімен пайдаланушы жуан жұдырықтар арасындағы контракт-шарт қағаздарды жоюға һәм айыптыларын жазаландыру «Комтрудқа» тапсырылсын.

Түркістан һүкіметінің қазақ-қырғыз туралы істемек шаралары осылар. Бірақ барлық міндетті һүкіметке артып, жетім балапанша үнемі аузымызды ашып зарлана беруді қою керек. Һүкімет халыққа таянып іс қылуға тиіс. Үнемі һүкіметке сүйенген халық ілгері баса алмайды. Соның үшін кемшілік көріп отырған қазақ-қырғыз еңбекшілері өздері жігерленіп, өзін-өзі қорғамаса, өз теңдігін өзі алуға ұмтылмаса, мың жылда да жұрт қатарлы теңдікке жетуі қиын. Қараңғы, надан халыққа көзі ашық, көңілі жетік зиялы азаматтар, ортақшыл жолдастар Кеңес һүкіметінің жол-жобасына, ортақшылық негізіне жете түсіндіріп, басшылық етпесе, саяси сезімі кем, ұйымы жоқ, сай-салада мал айдап көшіп жүрген қазақ-қырғыз өздігінен жол тауып, қатарға қосыла қалады деуге тағы болмайды. Сондықтан қазақ-қырғыздың бұл күнгі ауыр халден құтылуы үш-ақ нәрсеге тіреледі:

— Ортақшыл партия һәм һүкімет көмегі.

— Жергілікті халықтың өзінен шыққан зиялылар көсемдігі.

— Еңбекшіл қазақ-қырғыз халқының өз жігері, өз қайраты.

Мұнсыз жоғарыда көрсетілген шаралар іске аспақ емес. Тек ізгі тілек, тәтті сөз болып қағаз жүзінде ғана қала бермек.

Енді бір екі-үш жыл өткеннен кейін, қазіргі қазақ-қырғыздың тағы да бір жартысы қырғынға ұшыраған кезде, тағы да «Қазақ-қырғыз мәселесі» көтеріліп, пайдасыз қамқоршылықты қайтадан төкірарлауымыз анық.

Бірақ бұл «қамқоршылық» ермекке айтылып, «мысыққа — ойын, тышқанға — өлім» болып жүрмесін. Бұлай болмасын десек, темірді қызуында соғып, «Қазақ-қырғыз мәселесін» үзілді-кесілді бітіруіміз керек!

Азамат.
«Ақ жол», 18 декабрь, 1920 ж., №4.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ СЪЕЗІ

25 ғинуарда Әулиеатада Түркістан Республикасына қараған жалпы қазақ-қырғыз съезі ашылатын хабары «Ақ жолда» сан рет жазылып келді. Газетіміздің осы санында сайлау ережесі басылып отыр.

Бұл съезде қаралатын басты мәселелер:

1) елде не болып жатыр, сол туралы өкілдердің баяндамасы;

2) ұлт мәселесі һәм Кеңес автономиясы;

3) жер мәселесі;

4) ұйым мәселелері;

5) қазіргі хал-жай.

Съезде, әлбетте, тағы да көп нәрселер қаралып, шиеленген түйіндердің бәрі де шешілер. Бірақ жиналған өкілдер, тойға барғандай, құр қол келмей, қазақ-қырғыздың мұңмұқтажын түгел баяндарлық болып қамданып келулері шарт.

Бұрын да талай съездер болып, есепсіз көп қаулылар шығарылған. Бірақ ол қаулылардың көбі іске аспай, қағаз жүзінде қалған. Бұл жолы да сондай болатын болса, қыстың көзі қырауда әуреленіп, шаруадан қалып, ерсілі-қарсылы шұбаудың қажеті жоқ еді. Соның үшін съез жемісті болу жағын, шығарылған қаулылардың жүзеге шығу қамын да ойлау керек.

Қазақ-қырғыз қорлықта жүр, кемдікте жүр деп көрінгенге зарланамыз. Бұл қорлықтан қайткенде құтыламыз, қайткенде теңелеміз, соның қамын істеу керек, қорлықтан құтылудың, теңдікке жетудің тетігі еңбекшіл халықтың өз қолында, халқына жаны ашитын азаматтары басшылық қылу керек. Халықтың өзі ұйымдасып өз керегін өзі алуға,

өзін-өзі билеуге тырысуы керек. Үнемі мойынға дорба салып, «мені жарылқа, мені асыра, мені теңгер» деп қайыршылық қылуды қою керек.

Қазақ-қырғыз жерінен, суынан айырылды. Тауға-тасқа қамалып қалды деп зарланамыз. Жер-су кімдікі? — Мұны жақсы білу керек. Жер-су еңбекшіл халықтікі. Шалқасынан жатып, малай жалдап, егін ектіріп, мал бақтырып, кедейдің табанақы, маңдай терімен пайдаланушынікі емес. Сондықтан көршілес орыс жуан жұдырықтарына, араларыңдағы болыс, манаптарыңа қарсы тұрып, сыбағаларыңды өздерің жағаласып жүріп алатын болмасаңдар, сендерді үнемі һүкімет күзетіп отыра алмайды. Байлар, жуандар жаны ашып, өздігінен сендерге жер, су, теңдік бере қоймайды. Мұны жақсы білу керек.

Кеңес һүкіметі, Ортақшыл партиясы кімді жақтайды? Естеріңнен шығармаңдар, Кеңес һүкіметі, Ортақшыл партиясы жержүзінің еңбекшілеріне ұран салып, біріктіріп, жұмыскерлерді, қара бұқараны құлданушы, сүліктей сорушы дүние жиһангерлігіне үш жылдан бері қарсы соғыс ашып, қан төгіп отыр. Сол еңбекшілердің бір табы, қазақ-қырғыз, сендерсіңдер. Сондықтан қайраттанып, жігерленіп өздеріңді қорғаушы Кеңес һүкіметінің Ортақшыл партиясына қолдарыңнан келгенше көмек көрсетуге міндетті екендеріңді ұмытпаңдар, Кеңес һүкіметі, Ортақшыл партия күшейсе, сендер де күшейесіңдер, теңдікке жетесіңдер. Кеңес һүкіметі, Ортақшыл партиясы болмаса, жержүзінің еңбекшілеріне, өсіресе қазақ-қырғыз, сендерге атар таң, шығар күн жоқ.

Еңбекшіл халыққа кім дос, кім қас екеніне көздерің жеткені рас болса, мынау съезге еңбекшілер табын жақтайтын, жанын аямай қызмет қылатын жігерлі, ақжүрек, таза адамдарынды сайлаңдар.

Азамат.
«Ақ жол», 22 декабрь, 1920 ж., №5.

ЖАСТАР СЪЕЗІ

Бүгін — бүкіл Түркістан Республикасындағы ортақшыл жастар ұйымының II съезі ашылған күн.

Бүгін — Түркістан жастары түгел басқосып, бір жыл бойы істеген істерінен есеп көрсетіп, қорытындысын ортаға салатын күн.

Бүгін — жастар өткен істерінің кемшілігін тексеріп, мұнан былай он есе, жүз есе жігермен қызмет қылуға жолжобасын толықтырып, ашылмаған тәжірибесіздері бағдарын түзеп, сабақ алып қайтатын күн.

Бүгінгі Түркістан жастарының ұлы тобыр, үлкен мәжілісіне құтты болсын айтамыз. Қызметтері жемісті болуына тілектестігімізді білдіреміз.

Түркістан Республикасындағы халықтардың көпшілігі болған қазақ-қырғыз жұртының жастарынан бұл съезге қанша өкіл келері, жер-жерде қаншалық ұйымдары барлығы, олардың істерінің жайы осы съезде белгілі болар. Сөйтсе де, бұл туралы күн бұрын бірнеше сөз айтсақ, сәуегейлік болмаса керек.

Қазақ-қырғыз арасында, басқа халықтардікіне қарағанда, жастар ұйымы өте аз, санаулы болуға керек. Бұған екі түрлі себеп бар:

1) Қазақ-қырғыздың тұрмысы, салты, тараулығы қай істерде болса да ұйымдасуға зор бөгет.

2) Жастарды ұйымдастыру үшін қапелімде оларға жол көрсетіп, рухын көтеріп, пікірін ашып, саяси, ғылыми тәрбиелеу үшін шын жолбасшылар керек. Мағлұматы мол, пікірі түзу, ортақшылық қазанда қайнаған көсем басшыларымыз бізде аз.

Бұл екі түрлі себептен тез арада құтылуға болмайды, сондықтан:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға... —

деген нақылды еске алып, «өзге жұрттардай салған жерден дүркіретіп жібере қоймадық» деп назырқамай, шама келгенше тырысып, алдымен оқушылардың басы құралған қалаларда жастар ұйымын гүлдендіру керек. Елде ұйым ашу жұмысына сонан кейін кірісу керек. Мұның шаралары бүгінгі ашылатын съезде қаралар һәм съезден кейін де талапты жастар қам қылар.

Россияда басталған ұлы төңкеріс алдымен орыс жастарын қызыл тудың астына жинаса, оған тете күншығыс жастары да оянып, дүниені жаңғырықтырған ұранына дала балаларын да қосып алып отыр. Енді біздің қазақ-қырғыз жастары жемірік ескі дүниені жеміріп, жаңа тұрмысқа аяқ басатын мезгіл жетті.

Оян, қазақ-қырғыз жастары!
Ұйымдас, жаңа өспірім азамат!
Ұрандас, күншығыстың жас қаһармандары!

Азамат.
«Ақ жол», 29 декабрь, 1920 ж.

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бұрын патшалық дәуірінде тіл мәселесі қазақ, қырғыз, ноғай, башқұрт, өзбек, түрікпен секілді «бұратана» жұрттар үшін зор саяси мәселелердің бірі еді. Ол кезде мемлекет тілі — орыс тілі. Заң-закондар орыс тілінде, оқу-оқыту да орысша болатын.

Ескі һүкімет орыс тілі тек мемлекет тілі болумен де көңілі көншімей, «бұратаналардың» тілін, дінін, азаттығын жоғалту саясатын бірте-бірте жүргізе бастаған еді.

Миссиялар ашты. Миссионерлер шығарды. Түрік қауымдары қолданып келе жатқан ғараб алфавитін жоғалтып, оның орнына орыс жазуымен Інжіл, Богослов, Псалтыр секілді христиан дінінің кітаптарын қазақша, ноғайша һәм басқа тілдерде басып шығарып, халық арасына тарататын болды. Жас күнімізде «кодай тагала Аураам пайгамбарга корбандыкка кошкар жберды...» деп оқитын едік.

Орыстан басқа жұрттар мекемелерге өз тілінде арыз жазуға, ауызекі мұнын шағуға болмайтын еді. Мәселен, судьяның өзі де һәм жауапкердің бәрі де қазақ болса да, «закон бойынша» қазақ судья қазақтардан переводчик арқылы орысша жауап алатын еді.

1909 жылы Дала уалайатының генерал-губернаторы Шмидт Ақмола, Семей облыстарында орыстың тілін білмеген, хатын танымаған қазақ болыс бола алмайды деген жарлық шығарып еді. 1913 жылы Ташкент семинариясының директоры, миссионер Остроумов бір учительге «қазақша әліппе жазасың, бірақ ішінде «Алла» деген сөз болмасын, «Құдай, патшаны сақта» деген өлең қалмасын» деп бұйырған еді.

Орыс тілінің базары көтерілді, күннен-күнге қадірі артты. Азғантай оқыған шәлдіріктер көдеге асып, төре болды, түйме тақты, көкке қарады. Переводчиктердің араны жүре бастады қазақ арасында, әсіресе Түркістанда. Переводчик деген өз алдына бір тап болды, қазақ-қырғыз орыстан бір есе қорлық көрсе, өзінен шыққан переводчиктеріне, төрешіктеріне екі есе жем болды. Түркістанда бұрын айына

15—20 сом жалование алып тұратын переводчиктердің көбі 50000—100000 сомдық пұлға, үй-мүлік, бау-бақшаға ие болды. Қазақ ішінде болыстарға песір болғандар екі-үш жылдың ішінде еріксіз байыды. «Ел билеген», бір-екі ауыз орысша былдырлап оттай білген атқа мінгендердің алды — полковник, арты хорунжи шенін алды, омыраулары медальға толды. Надан халықтың көзінде «Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен орын» болды.

Сөйтіп, жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді, өнерлі болу мақсұтымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды.

Қалада оқып жүрген балалардан елге келгенде: «Шырағым, қашан төре боласың?» деушілер, қалжыңы жоқ, шынымен сұраушы еді. Мұның түбі неге соғатынын жұрттың көбі қапелімде сезген де жоқ. Көңілінде «елде жоқ» школда оқып жүрген жас балалар, һәттә үлкендер де, біріне-бірі орысша хат жазысатын болды, өзара орысша сөйлесетін болды.

Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады.

Ұлтшылдықты біз осы күні ғана жек көріп отырмыз. Күні кеше — мұнан үш-төрт жыл ғана бұрын — коммунизм, интернационализмнің мұрнымызға иісі келмей тұрғанда, қазіргі шіреніп отырған ұлтшылдардың өзіне зар едік. Ол уақытта бізді ұлтшыл қылған, ұлтшылдарға зар қылған жоғарыда отырған патша һүкіметінің саясаты еді. Ол саясат пәлесі Россиядағы бұратаналардың бәрінің басына бірдей келгендіктен, «айлас қатын — мұндас» дегендей, діні бір, қаны бір, тіл негізі бір түрік қауымдары көңілдесіп, «шын орыс саясатынан» құтылу үшін «жалпы түрік тілін біріктіру» деген пікірге келе бастады. Бұл жолды бастаушы марқұм Исмағұлбек Гаспринский еді. «Түрікшілдердің» ойы «жекежеке жұтылып кетуіміз оңай болар, бәріміз қосылсақ, тамағынан өтуіміз қиын соғар» дегендік еді. Бұл пікірдің басқа жағы да бар шығар. Бірақ біз өзіміз осылай түсінуші едік. Әйтпесе бәрі бірдей түріктің баласы болғанмен, Қырым ноғайын — қазандық, Қазан ноғайын — өзбек, башқұртты — қазақ, түрікменді — башқұрт анық түсінбейтін. Бұлардың бәрі ортақ бір тілмен оп-оңай сөйлесіп кете алмайтынын білетін едік.

Енді бұл күнде жаһангерлік саясатынан құтылдық. Әр халық өз тілінде сөйлеуге, оқуға, жазуға ерікті. «Мынау —

мемлекет тілі, бұл — міндетті тіл» деп зорлайтын hүкімет — Кеңес hүкіметі емес. Ол hүкімет өлген. Бұрынғыдай енді тіл үшін алысу, арбасудың қажеті жоқ.

Енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет законінен бастап, ауылный комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болу керек. Бұған енді дау-дамай жоқ. Тек жүзеге шығару ғана қалды. Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай, бұл күнге шейін орыстан хатшы алып отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды» ұмыту керек. Кеңес hүкіметі қазір сауатсыздықты жоғалтпақ болып отыр. Олай болса, өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай, мекемелерде, соттарда жауап беру түгіл, заң-законды өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреу де болмасқа тиіс.

Ортақшыл партияның hәм оның жолымен жүрген Кеңес hүкіметінің негізгі мақсұтының бірі — жержүзінің еңбекшілеріне ортақшылық пікірін тарату, миына сіңіру, сол рухта тәрбиелеу. Бұл мақсұтқа жетудің бірден-бір шарасы — hәм халықты осы шараға үндеу. Түсінікті тілде үндеу.

Жержүзіндегі езілген жұрттардың бірі біздің қазақ-қырғыз екені рас болса, бұл жұртты теңгеру үшін көзін ашып, өнер-білім үйретіп, үгіт-насихат тарату қажет болса, қазақ-қырғыз тіліне тоқтаусыз жол ашып, бүгіннен бастап «тілмаш жоқ, мінеки, тақсыр, тілмаш жоқ» дегізіп, қазақ-қырғызды енді сандалтпау керек.

Азамат.
«Ақ жол», 4 январь, 1921 ж., №10.

ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ НАЗАРЫНА

«Қыс ішінде бірер қаз
Келгенменен қайда жаз?!»

А. Байтұрсынов

Қазақ-қырғыз арасында оқу ісі патша заманында қандайлығы, төңкерістен кейін қанша-ақ ілгері басқаны оқушыларға біраз белгілі. Бұл туралы кезі келгенде толық мағлұмат «Ақ жол» бетінде болып тұрар.

Төңкерістен бері ескі Россияның түрлі жерлерінде түрлі hүкіметтер шығып, әрқайсысы жұртты өзінше талқыға салса да, өзге артықшылығы былай тұрсын, халықтың көзін ашу, ағарту жағына келгенде, Кеңес hүкіметіндей іс істеген

біреуі де болған жоқ. Кеңес һүкіметі оқу жолынан қазына аяп отырған жоқ. Кеңес һүкіметі «оқы, оқыт, жұрт бол» деп отыр. Сондықтан әр жұрттың өзі ұмтылып, әр жұрттың оқу жұмысын басқаратын мекемелері, яғни Халық ағарту комиссариаттары бұл туралы белсеніп іске кірісулері керек.

Комиссариаттар аянып отырған жоқ шығар. Тиісті міндеттерін шамасынша атқарып та келе жатқан шығар. Бірақ көзге көрініп тұрған бір зор кемшілік бар. Бұл кемшілікті ескертіп өткіміз келеді.

Кеңес һүкіметінің оқу туралы негізгі заңы бойынша мектеп балаларының оқитын, жататын, тамақтанатын, тәрбиеленетін орны бір жерде болу керек, яғни шын мағынасында ортақшылық негізінде құрылған коммуна мектептері болуға тиіс. Халқы жиі қалалы жерлерде мектеп пен балалардың үйінің арасы үш-ақ аттам болса да, жас буынды ортақшылық рухында даярлау үшін коммуна мектептерін ашу қажет көрілсе, біздің қазақ-қырғыз арасында мұндай мектептер, қалалы жерге қарағанда, он есе керегірек.

Қазақ-қырғыздың тұрмысымен таныс кісіге белгілі бір жерде басы құралып отырған 15—20 үй қырда сирек ұшырайды.

Көбінесе, 4-5—10 үйден артық ауыл табылмайды. Екі ауылдың арасы көбінесе қозыкөш жер яки атшаптырым болады. Сондықтан қысты күнгі суықта, боранда балалардың мектепке қатынауы мүмкін емес. Мектепте жатып оқитын болмағанда, мектеп бар ауылда «қонақтап» жүріп оқу қиын екендігін өткен уақыттағы тәжірибелер көрсеткен. Мәселен, бұрын ауылный школдарда яки қазақтың бірліжарым өзі ашқан ұлт мектебінде ең көбі 15—20-дан артық оқушы болмайтыны бұған толық дәлел. Екінші, қазақ-қырғыз жазғы, күзгі айлардың көбін көшу-қонумен өткізеді. Күздігүні оқу басталатын кезде жұрттың көбі қыстауына түгел келмейді. Жазғытұрым оқу бітпей тұрғанда қырға көшуді бастайды; қысқасы, коммуна мектептері болмағанда, біздің қазақ-қырғыздың оқу ісі ілгері басуы мүмкін емес.

Халық ағартушы мекемелер бұл жайды білмейді деуге болмайды. Бірақ Кеңес һүкіметі құрылғаннан бастап, бұл күнге шейін, елде ашылған коммуна мектептері қанша? «Біреу де жоқ» десек, өтірікші боламыз ба?..

Үстіміздегі оқу жылы өтіп барады. Бірақ тірі жанға келер жаз да алыс емес. Халық ағарту комиссариаты осы бастан күнілгері қам қылып, келер күнге шейін шамасы келгенше коммуна мектептерін салдыруға кірісу керек. Мұнсыз еткен

еңбегі аюдың дөңбек домалатқанымен бірдей болуында шөк жоқ.

Ташкент, Орынбор, Семей секілді үлкен қалаларда түрлі курстар, интернаттар бар екені рас. Бірақ мұндағы оқушылардың саны, жалпы жұрттың көптігіне қарағанда, тұк емес. Күштің үлкенін қараңғы, надан халықты, елді ағарту жолына жұмсау керек. Өңгіме елде, елдің түрі әлгіндей: қаладағы төртті-бесті төуір мектептерге қарап, елге шығарған мұғалімдеріміз оқу ісін дүркіретіп жатқан шығар деп ойлаушылар болса, үлкен адасқаны. Қаладағы оқумен көңілін жұбатушыларға айтатынымыз:

Қыс ішінде бірер қаз
Келгенменен қайда жаз?!

Азамат.
«Ақ жол», 22 январь, 1921 ж.

ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТҮЗЕТЕМІЗ?

1914 жыл. Еуропа соғысы басталды. Бұл сұрапыл соғыстың ұшқыны жержүзіне тегіс жайылып, ұлылы-кішілі мемлекеттер бірінің артынан бірі қан майданға қойдай тоғыды. Ақырында соғысқа қатысы болмаған ел қалмады.

Халқының көбі қарашекпен, көсібінің зоры егіншілік болған Россияда қарашекпеннің өңшең жұмыс қылатын қайратты азаматтары соғысқа еніп, егілмей қалған жер көбейіп, астық кеми бастады. Күнбатыстағы губерниялардың көбін соғыс майданы бөліп, егіншілікті көбейтпек түгіл, тұрған егіндерінің өзі орылмай аяқ астында қалып, бейберекет болды. Жұрттың өткен жылдардан сақталып келе жатқан артық астығы әскер үшін алынып және кеміді. Оның үстіне Күнбатыстан келген миллиондаған босқындар жергілікті елдерге тағы масыл болды. Сөйтіп, ескі астық таусылуға, жаңа астық кем салынуға айналды.

Россияға қараған жерлердің шаруашылығы, көсібі түрлі-түрлі. Кейбір губернияларда астық мол шығады. Кейбір губернияларда мал көп. Қайсыларында орман, қайсыларында зауыт-фабрика көп. Бұрын бейбітшілік заманда осылардың бәрі бірінде жоғын бірінен алатын. Россияның өзінде жоқ заттар шеткі мемлекеттерден келтіріліп, айырбасына мұнан оларға керекті заттар жіберілетін. Соғыс басталғаннан кейін, теміржолдар үнемі әскер, соғыс құрал-

дарын, әскердің азық-түлік, киім-кешегін тасумен болды. Шеткі мемлекеттермен қатынас үзілді. Зауыт-фабриктер соғысқа керекті заттарды ғана істеп, шаруаға керек нәрселерді жасау доғарылды. Бұрынғыдай өзінде жоқ заттарды басқа жерлерден алу жолы тоқталды. Бар нәрселер тозды. Азайды. Таусылды. Сөйтіп, жоқшылық, қымбатшылық күннен-күнге өсіп, шаруашылық күйзеліп, ашаршылық, жалаңаштық күшейді.

Еуропа соғысы үзілместен үш жылға созылып, бұл соғыстың ауырмалдығы өзге мемлекеттерден гөрі Россияға қатты батты. 1917 жылы Ақпан, Қазан төңкерістері болды. Қазан төңкерісінен кейін Кеңесшіл Россия Еуропа соғысынан құтылғанмен, соғыс майданы өз арасына көшіп, ел соғысы, тап соғысы тұтанды. Мемлекет қырыққа бөлініп, бүтін біреу билесе, ертең екіншісі қожайын болды. Сібірден Колчак шықса, Оңтүстікте Деникин атқа мінді. Түркістанда Кеңес һүкіметі отырса, Орынбордан Дутов шықты. Мәскеуде Совнарком болса, Самарда КОМУЧ үкім құрды. Бұлардың әрқайсысы өз бетімен саясат жүргізіп, заң шығарып, қолына түскенін иеленіп, тоздырып, жаңадан еш нәрсе жасап шығармады, қайда барсаң, зеңбірек дүңкілін, пулеметтің сатырын еститін болдық. Қайда барсаң көретінің — еркекқіндіктінің бәрі солдат, жылаған жетім, шулаған жесір, күйзелген шаруа...

Жоғарыда айтылған ішкі-сыртқы жаулармен Кеңес һүкіметі үш жылдай арпалысып, мемлекет шаруашылығын ілгері бастыруға, кемшілігін түзетуге шамасы келмей, әуресарсаң болды. Ақырында, жауларын жеңгеннен кейін, кешегі Мәскеуде болған VIII съезд «енді еңбек майданына жортуыл жасаймыз, жоғын табамыз» деп қарар шығарып тарқасты.

Мемлекет шаруасын түзетеміз, бар күшті еңбек майданына саламыз дегенді біздің қазақ-қырғыз қалай түсінеді екен? Белсеніп, алақанына түкіріп отырған қазақ-қырғыз еңбекшілері бар ма екен? Бар болса, бұлардың қолынан келетін жұмыстары қандай екен? Бәлки, жұмыс жоқ шығар? Бәлки, қазақ-қырғыздың шаруасы бүтін, төрт жағы құбыла шығар? Өзгелер не болса, о болсын, ешкімге жалынышты емес, не керегінің бәрі өзінен табылатын шығар? Біздің «ананы орыс, мынаны орман демей, жалпы жұрттың — адам баласының игілігі үшін еңбек қыл» дегеніміз өтірік қамқорсығандық шығар?..

Бұлай ойлайтындар болса, ондайларға түсінікті тілмен біз мынаны айтамыз:

— Ешкімді есіркеп істеме, өзің үшін істе. Бірақ өзіңнің тіршілігің көппен байласулы екенін ұмытпа. Жалпы Россияда молшылық, рақат болмай тұрып, саған алабөтен бір жақтан жақсылық орнай қалады деп ойлама. Бұған көзің жетсе, қазіргі «шаруашылық түзету, еңбек майданына жұмылу» деген ұранды жалғыз орысқа ғана айтылған деп білме. Жалпыға міндет, бәрімізге ортақ борыш деп түсін, ортақ екенін мынадан байқа:

— Осы күні тырдай жалаңашсың, терлеп шай іше алмай құмартып, «қор болып» отырсың. Егін салайын десең, соқа-сайманың жоқ. Шөп шабайын десең, машинаң, белорағың жоқ, үй салайын десең, ағаш-тас, есік-терезең жоқ. Жұмыс қылайын десең, арба-шанаң жоқ. Жарық қылайын десең, жермайың жоқ. Тамақ пісірейін десең, қазан-ошағың жоқ. Ас ішейін десең, ыдыс-аяғың жоқ. Бала оқытайын десең, қағаз-қарындаш, кітап-құралың жоқ. Тағы ұшы-қиыры жоқ толып жатқан «жоқ» бар.

Мұның бәрін өзің істеп алу қолыңнан келмейді. Мұның бәрі зауыт-фабриктерде істеледі. Жоғарыда айттық, зауыт-фабриктер жабылған, жолдар бұзылған деп, енді бұлардың ашылуы, түзелуі саған керек пе, жоқ па? «Керек емес» деп айта алмайсың. Ол белгілі.

Ал қазақ-қырғыздың қолында да басқаларға керекті заттар бар. Мәселен, малының күші, сүті, еті, майы, жүні, жабағысы, қылы, терісі... Саған біреу кездеме, былғары, қант, шай, ыдыс-аяқ, соқа-сайман берсе, есіркеп бермейді. Сен біреуге малыңды, жүн-жұрқа, тері-терсегіңді бересің. Сен де ешкімді есіркеп бермейсің, жоғарыда айтқанымыз секілді, біреуге біреу қарасып, бірінің жоғын бірінен ауысып пайдаланады. Тіршілік негізі, бірінші, еңбекке құрылса, екінші, айырбасқа тіреледі. Бұлай болғанда, мынау менікі, анау сенікі деп ен салысып, енші бөлісіп отыруға болмайды. Табиғат байлығы болсын, адам баласының еңбегімен табылған заттар болсын, бәрі көпке ортақ. Коммунизмнің мағынасы — ортақшылық болып отырған себебі осы, сондықтан мемлекет шаруасы — сенің шаруаң, сенің шаруаң — мемлекет шаруасы. «Ортақшылық жолында сенікі-менікі жоқ» деудің мәнісі осы.

Мемлекет шаруасын түзету керек. VIII съезд осылай қарар шығарды дегенде, біз құр дақпыртпен большевиксініп, халыққа жайлы-жайсыз, түсінікті-түсініксіз болса да,

ортақшылықтың шашбауын көтеріп айтып отырғанымыз жоқ. Халыққа шын керекті жұмыс болғандықтан, жалпы мемлекет шаруашылығы түзелмей, қазақ-қырғыз секілді жеке ұлттардың да тіршілігі, шаруасы ілгері баспайтынына көзіміз жетіп айтып отырмыз. Жоғарыда келтірілген мысалдар соқырға таяқ ұстатқандай әркімге түсінікті болған шығар деп ойлаймыз.

Мемлекет шаруасы — біздің шаруамыз, біздің шаруа — мемлекет шаруасы екеніне көзіміз жетсе, қазіргі күйзеліп тұрған ортақ шаруашылықты қалай түзетеміз? Қазақ-қырғыз қай жағынан, неден бастауы керек? Соған келейік.

Біздің қазақ-қырғыздың қалың елі қалалы, теміржолды, зауыт-фабрикті жерлерден қашық тұрады. Сондықтан біздің жұрт алдымен өз шаруашылығын түзетуге кірісіп, өз даласынан еңбек майданын ашу керек. Бұл жұмыстардан артылғандары ғана шеттегі еңбек майдандарына аттануы керек.

Біздің білуімізше, қазақ-қырғыздың еңбек майданында істелетін жұмыстары төменгілер:

1. Күрек ашу.
2. Су бөгеу.
3. Тоған қазу.
4. Шығыр орнату.
5. Құдық қазу.
6. Құбыр салу.
7. Жол түзету.
8. Жер жырту, егін салу.
9. Пішен шабу.
10. Отын кесу.
11. Мектеп, аурухана, кеңес үйлерін салу. Бұларға керекті ағаш, тас даярлау, кірпіш құю.
12. Қала болып отырғысы келген кедейлерге үй, қорақопсы салысу.

Біздің есімізге түспеген бұлардан басқа да біздің қырда әлеумет жұмыстары бар шығар. Біз айтып өткендердің бәрі де әуремен істейтін көптің жұмысы.

Бұл жұмыстарды қалай басқару, құрал-саймандарды қайдан, қалай алу керек?

— Бір ауылнай ел болып па, бір болыс ел болып па, еңбекшілер ұйымын ашып, бұл ұйымдар одақтасып бас мекеме сайлау керек. Соқа-сайман, машина, орақ, кетпен, балта, тесе, шот секілді саймандарды һүкіметтен еңбекшілер ұйымы арқылы алмаса, мұнан былай жеке кісіге берілмейді, іздеген кісіге бәрібір табылмайды.

Қырдағы елдің жұмысының көбі қар кете басталады. Ол уақытқа да көп қалған жоқ. Енді осы бастан қам қылып, еңбекшілер ұйымын ашып, керек-жарағын күнілгері даярлап, іске кірісе бастамаса болмайды. Бұл туралы басшылық ету — көзі ашық азаматтардың борышы. Бұл жұмыстарды басқарып, қазірден бастап жүзеге шығарудың шарасына кірісу — комитеттердің міндеті.

Мұнда бөтен адам жоқ. Біздің қырғыз-қазақ халқы — жалқау халық, бірақ бұрынғыдай «ішкен мас, жеген тоқтың» заманы өткенін білу керек. Жалқаулықпен қош айтысатын күн туды: «сал к...нді керсенге, сыйса да бер бес теңге, сыймаса да бес теңге...»

Енді істесең де істейсің, істемесең де істейсің, онан да жақсы атпен шаруашылығыңды түзетіп ал. Онан артылған күшіңді жалпы мемлекет жұмысына сал.

Шаруашылық сонда түзеледі. Сонда жұрт боласың. Қатарға сонда кіресің.

Азамат.
«Ақ жол», 16 январь, 1921 ж., №15.

ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ

Ескі һүкімет біздің қазақ-қырғызды жүгенсіз етіп, арқасын жауыр, құйрығын шолақ, еркашты қылса да, һүкімет жаласынан аулақ, өзіміздің сүйекке сіңген ескілікті әдет-ғұрпымыздан болған үлкен кемшіліктеріміз толып жатыр. Солардың бірі — әйелді кемдікте ұстау.

Қазақ-қырғыздың әйелге көзқарасы белгілі. Бірақ жалпы жұрт «осым теріс екен-ау» деп, бұл күнге шейін мойындап тұрған жоқ. Сондықтан әйел мәселесін қолға алып, әйел теңдігін іске асырамыз деген соң, бұл туралы халықтың теріс назарын өзіне баяндап отыру қажет деп білеміз.

Қазақ әйелдері мал есебінде көрінуінде шәк жоқ. Мәселен, қызды қазақ бала демейді. Біреудің үш қызы, бір ұлы болса, пәленшенің баласы нешеу деп сұраған кісіге «біреу» деп жауап береді. Үш қызды айтпайды.

Біреудің он қызы болып, бір ұлы да болмаса, «пәленшенің баласы жоқ, қу бас» дейді. Он қыз — бала емес.

Біреудің қатыны босанса, «не туды?» деп сұрайды. Сонда білгісі келетіні: бала ма екен, мал ма екен? Қыз тапқан болса, «қырық жеті» деген жауап алады.

Қазаққа біреу қызыңды оқыт десе, қызым молда болмайақ қойсын, «байтал шауып бәйге алмас» дейді.

Қызы өлген қазақтың балам өлді деп қайғыратыны сирек болады, күйеуге беріп қойған болса, қалың малы қайтыс болу, бермеген болса, қалың мал ала алмау жағынан ғана, мал шығындаған есебінен уайым қылады. Ұлы өлсе, азалы болып, жұрт көңіл айтып, қамкөңілді болып қалады.

Қызын берген жері кедей болса да, қолынан келсе, бір қарасы қалғанша алудан қазақ тайынбайды. «Ертең өз балам баратын үй ғой, жақсы тұрсын, мұқтаждық көрмесін» дегенді ойлайтын қазақ мыңнан біреу-ақ табылады. Уәделі малынан кем берсе дауласып, айтысып, мал үшін құдасымен араздасып, құдасымен араздасқан соң, қызымен де көріспей кететін соғылғандар көп болады.

Мал үшін қызын көрінеу кемге, өте жасқа, өте көріге иә тоқалдыққа беру екінің бірінде бар!

Байы өлген қатын өмеңгеріне тиюге міндетті. Қалыңдығы өлген күйеуге балдызын атастыру да рәсім болып кеткен.

Мұның бәрі аздай, тумаған, тумақ түгіл, жан болып жаратылмаған қызына мал алып, «бел құда» болушылар да қазақ арасында көріне бастады.

Әйелді кем ұстау жағы тағы да толып жатыр, бірақ жұрттың әйелге көзқарасын көрсету үшін осы айтқандарымыз да жетсе керек. Қазақ арасында бірлі-жарым көзі ашық оқығандарды шығарып тастағанда, қызынан: «Шырағым, мынаны қалай көресің?» — деп ризалығын сұрайтын емге бір адам табу қиын.

Халықтың түсінігі осылай болған соң, әйел — біреудің анасы, біреудің баласы, біреудің апасы, біреудің қарындасы екенінде жұмыс жоқ. Әйелдің бұл күнге шейін қорлықта, күндікте өмір сүргенінің себебі осындай.

Қазақ-қырғызды алты миллион халық десек, үш миллион күннің тәрбиесі қандай демек керек? Жауап қысқа: күнде тәрбие бола ма? Тәрбие болса, күн бола ма?

Бүкіл халықтың тәрбиесі әйелдің қолында. Әйел — халықтың анасы. Тәрбиесіз ананың өсірген баласы қандай болмақ? Күннен ер көңілді, ақ пейілді азамат қалай туады? Күннен құл тумақшы емес пе?

Қазақ-қырғыз әйелінде тендік, адамгершілік, сүйіспеншілік болмаған соң, ол кімді жақсылап тәрбиелесін. Қазақ әйелі намысын сақтауды біле ме? Табиғат заңы жағынан қарағанда, мүмкін бе? Әділдік көзімен қарасақ, әйелді айыптай аламыз ба?

Қазақ қызының «оң жақта ойнап-күліп қалайық» дейтіні неліктен? Оң жақта көрінеу «ойнап-күлсе», көріге қатын үстілікке, көңілі сүймеген адамына барған соң, не қылатыны өзгеге жұмбақ болғанмен, өзіне аян шығар. Бұған кім айыпты? Бұған қазақтың әдет-ғұрпы, бұл ғұрыпты қолданушы ел айыпты емес пе?

Ар-намыс, махаббат болмаған жерде адамшылық тұра ма? Бұл сипаттардың болуы үшін адам баласы азат, тәрбиелі болуы керек емес пе?

Бұл ақиқатты алдыңғы қатарлы зиялы азаматтар көптен аңғарып, халыққа үгіт-насихат айтып, газетке жазып, кітап шығарып жүрсе де, көп наданға түсіндіре алмай, сүйекке сіңген дертті құрта алмай, қара күшті жеңе алмай, жігері жасып жүруші еді. Енді мына бостандық заманында қолға тізгін тиіп, өз алдына һүкімет болған соң, бұл туралы Алаш азаматтары қам қылып, әйел табын күндіктен құтқарып, теңгеру үшін бір қолына закон күшін, екінші қолына түсіндіру құралын ұстап, майданға шығып отыр. Закон күші дегеніміз — «Ақ жолдың» осы санында Қазақстан һүкіметінің қалың малды қалдырған декрет низамы басылып отыр. Қазақ-қырғыз халқының бір бөлімі қол астында болған Түркістан Республикасының һүкіметі де бұл туралы шабандық қылмай, қазақ-қырғыз әйелінің теңгерілуіне қам қылып низам шығарар, ағарту шарасын көздеп, іске кірісер деген үмітіміз зор. Әйел мәселесіне келгенде, Түркістанды мекен еткен халықтардың арасында бізден сорақылары бар: ол жағына біз ақыл айта алмаймыз. Мұның лажын халқының жайына жетік һүкіметтің өзі табар. Бірақ қазақ-қырғыз әйелдері туралы закон күшін жүргізу мүмкін екендігіне көзіміз жетеді.

Қалың малды жоғалту туралы Қазақстан һүкіметі низам шығарды. Түркістан һүкіметі де шығарар дедік. Бірақ низам шыққан екен деп, қазақ әйелі оп-оңай теңеліп кетпейді. Қалың мал да аз күннің ішінде жоғалып бітпейді. Өйткені тұрмыс жолына қайшы келген законның өздігінен саулап жүріп кетуі оңай емес, сондықтан закон шықты, жұмыс бітті деп отырмай, законның орындалуына күш жұмсау керек. Бұл — бір жылдық жұмыс емес. Көп жылдарға созылатын, көп жігер керек қылатын жұмыс.

Теңкерісшіл азаматтар! Ортақшыл жастар! Әйел теңдігін қорғау, әйел тәрбиесін қолға алу — бәріңе бірдей борыш. Мұны ұмытпандар.

Қазақ-қырғыз әйелі! Мұнан былай біреу мал берген екен, ата-анам ренжиді екен деп, сүймеген адамға барудан тоқтал! Қызғылықты өміріңді қайғы-қасіретке айырбастама! Азаттығыңа өзің талпынсаң, сені ешкім енді зорлай алмайды, бұрынғыдай қара күш жеңе алмайды. Сенің енді қорғаушың бар. Қорғаушың — һүкімет. «Риза емеспін» деген бір ауыз сөзді айтуға жарасаң болғаны, сүйгеніңе барасың, өзің үндемесең, өзің күндікке құмар болсаң, өз обалың өзіңе. Бірақ күндікке, құлдыққа ешкім құмар болмаса керек. Үндемесең — надандығыңнан, жамандығыңнан, жасықтығыңнан үндемейсің.

Көзі ашық, оқымысты әйелдер! Қараңғы надан, малға сатылып жүрген бейшара апа-сіңлілеріңді қорғау, көзін ашу, ояту — өзгелерден де артығырақ сендерге міндет.

«Ақ жолдың» осы санынан бастап, «Әйел теңдігі» деген айрықша бөлім ашылады. Мұнан былай жарияланған низамға қарсы қалың мал алу, әйелді сүймеген адамына еріксіз беру яки өжет әйелдер ескі әдетке бойсұнбай, сүйгеніне кету секілді оқиғалар болса, ғибрат үшін атын атап, түсін түстеп жазып тұрушыларға газет беті ашық. Газетте атын шығарғысы келіп, жалған хабар жазушылар жауапты болады. Сотқа тартылады.

Россияда төңкеріс болғанына үш жыл өтіп, төртіншіге айналса да, қазақ-қырғыз әйеліне теңдік күні туған жоқ еді. Қазақстан һүкіметінің бүгінгі низамын қуанышпен қарсы аламыз. Бұл низам қағаз жүзінде қалмай, ескі ғұрыпты жеңіп, әйел теңдігін шын мағынасында іске асыруына тілектеспіз.

Бітсін күндік!

Көркейсін әйел теңдігі!

Азамат.

«Ақ жол», 19 январь, 1921 ж., №16.

БАСПАСӨЗ ТУРАЛЫ МӘЖІЛІС

Жалпы Россия Кеңестерінің VIII съезіне барған Түркістан өкілдері Мәскеуден 123 пұт мұсылман харіптерін әкелген еді. Осы харіптерді қалай реттеп бөлу, қалай пайдалану жайын кеңесуге ТурЦИК бастығы Төреқұлов жолдас 22 ғинуарда мәжіліс ашып, бұл мәселені ортаға қойды. Мәжілісте Ташкенттегі баспасөзге қатысы бар ұйымдардың бәрінен де өкілдер болды.

Бұл туралы ерсілі-қарсылы сөйлесіп, пікір алысқаннан кейін мынадай қаулы шығарылды:

1. Келген харіптердің дені Ташкентте қалып, оқу құралдары секілді халыққа аса керекті нәрселер басылсын.

2. Ташкенттен артылған харіптерден, алдымен Жетісуға жіберілсін. Онан кейін Өндіжан, Қоқанда мұсылманша Роста шығару үшін жіберілсін.

3. Өзге облыстарға, өзге қалаларға кейінгі келетін харіптерден жіберілсін.

Харіп бөлісу тақырыпты сөзден сөз шығып, өзбек өкілдері (*Оразбаев, Юнусов, Султанхожаев жолдастар*) мынадай мәселені көтерді: мұсылманша харіп келді деп мәз болып, сол харіптерді бөлісе алмай жатырмыз. Бірақ бөліп алғанда, біздің өзбекке пайдасы қанша? Мұсылман харіптерін пайдалану осы күнге шейін келген ретше болса, мұнан өзбек жұртына келер пайда аз. Ташкентте өзбек тілінде делінген болып «Іштракиун» газеті шығып тұрып еді, ол тоқтап, бұл күнде оның орнына «Қызыл байрақ» газеті шығып тұр. Бұл газеттердің тіліне* бір өзбек түсінбейді. Бұл газеттерде өзбек тұрмысынан еш нәрсе жазылмайды. Біз осы күні «Ақ жол» газетін оқимыз, түсінеміз, өйткені бұл газет таза қазақ тілінде жазылып, халықтың жай-күйін көзге көрсетіп отыр. «Іштракиун», «Қызыл байрақтар» өзбекше болмағанмен, түрік қауымдарының таза бір тілінде жазылған болса, оларды да түсінер едік.

Бұл газеттердің тілі қойыртпақ. Жазған кісілер өздері түсінетін-түсінбейтінін білмейміз, өйтеуір, өзіміз түсінбейміз. «Қызыл байрақты» көрген өзбек «Ой төңірі, «Қызыл байрақ» екен ғой» деп өте шығады. Бұрынғы «Іштракиуннің» бір аяғы жоқ еді, «Қызыл байрақтың» төрт аяғы бірдей жоқ. Бұл газеттердің тілі жатық болмаған соң, өзінде халық тұрмысынан еш нәрсе жазылмаған соң, оқушыға зәредей рух бере алмаған соң, осы күні жұрттың бәрі бұлардан күдер үзіп, әр жерде қолдан жазылған газет-журналдар көбейе бастады. Бұрынғы, соңғы харіптермен пайдаланамыз десек, шын өзбек газетін шығаруымыз керек. Газетсіз кетсек те, «Іштракиун», «Қызыл байрақ» секілділер шықпай-ақ қойсын...

---

* Бұл газеттерді шығарушылар — татар жолдастар (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

Өзбек өкілдерінің бұл пікірін мәжіліс мақұлдап, төменгі қаулыларды шығарды:

1. «Қызыл байрақ» газетінің басқармасы һәм баспаханасы ескі шаһарға көшірілсін.

2. «Қызыл байрақтың» басында өзбек азаматтары болсын. Жазуға қыры бар өзбек жастары мобилизация жолымен «Қызыл байрақ» қызметіне алынсын.

3. «Қызыл байрақтың» тілі өзбекше болсын һәм өзбек тұрмысынан жазылып тұрсын.

4. Осы қаулылар газеттерге басылсын.

М-ияр.

«Ақ жол», 26 январь, 1921 ж., №18.

ЕҢБЕК ҚАРЫЗЫ

Соғыс майдандары бітіп, енді қапысыз — еңбек майданы ашылғаны, Кеңес һүкіметі мемлекет шаруасын түзету шарасына кіріскені, біздің қазақ-қырғыз бұл мәселеге қандай көзбен қарауға тиіс екендігі, шаруашылық түзету жұмысына қайсысы қалай болу керектігі жайынан бір рет жазып өтіп едік. Онан кейін «Ақ жолдың» өткен 18-19-сандарында Түркістан һүкіметінің трудоспособность, яғни еңбек қарызын өтеу, мұнан да түсініктірек қылып айтқанда, мемлекет шаруашылығын түзету үшін қара жұмысқа адам алу туралы ережесі һәм тізімі басылып отыр.

Солдат десе, төбе шашы тік тұрып, һүкімет қара жұмысқа шақырады десе, 16-жылдың оқиғасы көз алдына елестей қалатын сұжүректер еңбек қарызының мәнісін бәрі бірдей түсіне кетеді деуге болмайды.

Түсінбеушіліктің негізгі себебі — бұрынғыдай аса қорыққандықтан емес, жалқаулық, жантәттілік, өз ракатын әлеумет пайдасынан жоғары санаулықтан десек, теріс болмаса керек.

Кісі қолымен от көсеу, кедейді қайдағы қиын-қыстауға айдап салып, өздері тілдің майын тамызып, қамқоршылық айтқан болып отырып, үйінде бұғып қала беру — біздің «ел ағасы» атанған атқа мінген мырзалардың сүйегіне сіңген ескі әдет. 1916 жылы патша һүкіметі майдан жұмысына кісі алғанда, жаны тәтті жалқаулар һәм бұл күнде қолына қызыл жалау алып, ортақшыл болғансып жүрген кейбір «саяси ерлер» қазақ-қырғыз еңбекшілерін қан жылатқан жоқ емес пе еді? Олар өз балаларын, өз жақындарын алып қалу үшін

кедейлерді жалдап беріп, алыпсатарлық қылып, базар ашқан жоқ емес пе еді? Қаладағы переводчиктер, төрешіктердің егіні пісіп, адам саудасын ашып қарқ болып қалған жоқ па еді?

16-жылдың әр жағында күн көргіштігі барлардың бірсыпырасы 15 июнь жарлығынан кейін, үлкен қалаларда үлкен үйлердің иесі болған жоқ па еді? Ол үйлер қай қаланың қай көшесінде, кай нөмірлі екенін қаңғырып жүргенде біз көрмеуші ме едік?

Алаш Орда заманында, ұлт әскері, жасақшы болғанда, ұлтшыл Алаштың алдыңғы қатарлы азаматтары тағы да кедейдің көбін жалдап, көзін өткізіп жібергенін көрмек пе едік?

Соның бәрін көрмедім дегеннің көзі шықсын.

Өткен 1920 жылы Ақмола, Семей облыстарынан 19 жастағы азаматтарды қызыл әскерге алғанда, талай сауданың басы-қасында болған жоқ па едік?

Былтыр Түркістан қазақ-қырғыздарынан қызыл әскерге жігіт алғанда, жоғарғыдай адам саудасы, айырбастар болғаны бекер ме еді?

Кеңес һүкіметі орнағаннан кейін де, еңбек майданына қазақ-қырғыздың кедейі болмаса, байлардың баласы барып көріп пе еді?

— Жоқ, оллаһи, жоқ! Билләһи жоқ!

— Енді де бармай ма? Енді де байлар сұмдар кедейді тағы жалдап жіберіп, өздері тағы үйлерінде бұрынғыдай отыра бере ме?

— Иншалла, енді олай бола қоймаса керек.

Неге? Біздің атқа мінгендерге бір жақтан біреу ынсаф жіберді ме? Немесе бәрі бірдей ортақшыл, еңбекшіл, мейірімді болып кетті ме?

— Тағы қарғанамын: Жоқ! Түк өзгерген жоқ. Баяғы қалпы, баяғы салты, баяғы мінезі.

— Бұларды енді мұрнын тескен тайлақтай елгезек қылып жіберген кім?

— Еңбекшілер һүкіметінің темір қолағашы келіскен соң, киіз қазық жерге кірмеске шарасы қайсы?

Бірақ біз бұған қуанбаймыз. Біз қазақ-қырғызда Еуропадағыдай капиталшы зауыт-фабрик иелері, жатыпішер үлкен байлар жоғын білеміз. Әлеумет төрбиесі нашар, атқа мініп, ел билеп, жемқор болып үйреніп қалған арам халықпыз. Адамшылығы кем байшыкеш соғылғандардың бізде бар екені рас. Біздің елді бүлдіретін — осылар. Бірақ бұлардың хазірет

Ғалидің қылышынан қорқып дінге кіргенінен, заман жайына түсініп, Кеңес һүкіметінің беріп отырған бостандығынан пайдаланып, шаруашылық түзету жұмысына ынталы болып, еңбек қарызын кедейлер қатарында бірдей өтегенін тілейміз. Бұған түсінбей яки түсінгісі келмей басасаулық, тағы да арамдық жүргізгісі келетіндер болса, ондайларға еңбек қарызы туралы шыққан низамды, ережені бастан-аяқ оқып шық дейміз. Оқып көрсеңдер, төбеңнен төмен қарай суық су құйғандай болатындарыңа мен кепіл.

«Ақ жолдың» осы санында Ырғыз үйезінен еңбек қарызы туралы басылып отырған хабарға қарасаңдар, біздің атқа мінгендердің ескі дерті әлі күшті екендігін көрсетеді. Кеңес һүкіметі орнағалы неше жыл болса да, бұл дерттің қалмай келе жатқаны «ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады» дегеннің растығын сипаттайды. Бірақ Кеңес һүкіметінің «дәрігерлері» ауруды «батпандап» шығаратын жол тапқанын жұрттың құлағына саламыз. Бұған нанындар, мұны біз көзімізбен көріп отырмыз.

Енді еңбек қарызын қалай өтеу керек, соның қорытуын айталық. Бай, кедей, жақсы, жаман, мырза, шаруа демей, яки бұрынғы дағдымен, Ырғыз үйезінің ақсақалдарынша, «міндетті» қылып алуынды қой. «Өзіміз ынтымақпен бітірелік» деген қамқорлықты, ынтымақшылықты тастап, еңбек қарызының ауырлық-жеңілдігін, пайда-зиянын жалпы жұртпен бірдей көру керек. Біреуді жалдап, «біздің Бақытжанның орнына, Құлбай, сен бара ғой, үй ішіңе көз қырын сала жүреміз» деп кедейді «есіркегендікті» енді қойып, әркім өз басына түскен міндетін, еңбек қарызын өзі өтеу керек. Елдік, теңдік, адамшылық, ортақшылық осыдан табылады.

Бұған түсінбеген, әлде болса да, өз орнына кедейді жалдап, қулық-сұмдық жүргізіп, есебін тауып үйінде қалғысы келгендер болса, ондайлармен еңбек майданында көрісуге Кеңес һүкіметі нәсіп еткей дейміз. Әмин!

Азамат.
«Ақ жол», 30 январь, 1921 ж., №20.

САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОҒАЛТУ

Ертең, 3 февральдан бастап 10-на шейін Ташкент шаһарында сауатсыздықты жоғалту жетісі болады. Кешікпей бүкіл Түркістан Республикасында сауатсыздықты бітіру,

яғни оқи-жаза білмегендерге хат танытудың жарысына кірісіледі: уақытша мектептер ашылып, мұғалімдер жіберіліп, газет, кітап, ғайри баспасөздер таратылып, хат танымайтын адам қалдырмаудың қамы істеледі. Бұл күнде қала сайын сауатсыздарды оқытатын мұғалімдер даярланып жатыр.

Төңкерістің, бостандықтың, адамшылықтың күшті жауы — надандық, қараңғылық, сауатсыздық. Бұл жауды жеңуге, көзін жоғалтуға еңбекшіл Кеңес һүкіметі бар күшін салып жатыр.

Адам баласын құл еткен байлық — капитал болса, капиталды тудырған надандық...

Біз хайуанды мінеміз, жұмысқа саламыз, етін жейміз, сүйегін кеміреміз.

— Неге?

— Хайуанда тіл жоқ, білім жоқ, ақыл жоқ, өнер жоқ. Сондықтан ол қарсыласа алмайды.

Біз байларға, жиһангерлерге, білімді жуандарға құл болдық.

— Неге?

— Хайуан секілді тілсіз, көзсіз надан болдық. Айтқанына көніп, айдағанына жүріп, жарлығына бойсұндық. Хайуан секілді құл болдық.

Кедейлер, еңбекшілер патша заманында қараңғы, сасық, суық үйлерде аш-жалаңаш күні-түні жұмыс қылды, дертке шалдықты, қатын-баласы мұқтаждық көрді. Байлар, капиталшылар бұлардың табанақы, мандай терімен байлығын арттырды. Дүниеге қожа болды.

Бұл кедейлер оқыса не болатын еді?

— Оқыса, көзі ашылып, адамшылыққа, теңдікке ұмтылып, құлдықтан құтылатын еді. Бір байдың рақаты үшін мыңдаған адам хайуан есебінде азап шегуден азат болатын еді.

— Еңбекшілердің көзі ашылып, байларға қызмет етуден бас тартса не болатын еді?

— Байлар кісі еңбегімен сауық-сайран құрудан тоқталып, дүниеге қожа болу дәрежесінен айырылатын еді.

— Бұл дәрежеден айырылмау үшін капиталшылар, капиталшылардың һүкіметі не істеді?

— Еңбекшілерді, қара халықты надандықта ұстады. Оқытпады. Әдейі көзін ашпады.

— Патша заманында оқудың, өнердің, білімнің қызығын кім көруші еді?

— Байдың, төренің, ақсүйектің, приставтың, губернатордың, поптың балалары көруші еді. Орта, жоғары мектептердің есігі жалпы еңбекшілерге, оның ішінде, біз секілді «бұратаналарға» жабық еді.

— Октябрь төңкерісіне шейін біздің басымызда ерік, малымызға билік болмады, көрінгенге бас ұрып, қол қусырып, құлдық етіп келуіміздің себебі не еді?

— Надандық, надандық, надандық...

— Кеңес һүкіметі туып, еңбекшілер туы көтерілгеннен кейін не көріп отырмыз?

— Әділдік, теңдік, бостандық көріп отырмыз. Бұл теңдікке, бұл бостандыққа ие болу үшін, әлі қарасы өшіп бітпеген дүние жиһангерлерінің капиталшыларының табаны астына қайта түсіп, құрығына ілініп, айдауына ұшырамау үшін не керек?

— Қараңғылықтан, надандықтан, сауатсыздықтан құтылуымыз керек.

Соның үшін, сауатсыз жолдастар, әйел-еркек, үлкен-кіші демей, оқу-жазу үйрен, көзіңді аш!

Кеңес һүкіметі көзіңді ашқалы отыр. Кеңес һүкіметі құлдықтан құтқарғалы отыр.

Көркейсін Кеңес һүкіметі!

Бітсін сауатсыздық!

Азамат.

«Ақ жол», 2 февраль, 1921 ж., №21.

ХАЛЫҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰЛАҒЫНА АЛТЫН СЫРҒА

Түркістан Республикасында оқу жұмысы бұрын қандай һәм қазір не күйде екенін баяндауға біздің қолымызда әлі толық мағлұмат жоқ. Сөйтсе де, көп жұмыстың аты бар, заты жоқ екендігі кезі келгенде көрініп жүр. Сол үшін «Ақ жолдың» осы санында басылып отырған бір мұғалімнің хатын көрсетуден ұялмаймыз. Бұған қарағанда, қазақ-қырғыз арасындағы бастауыш мектептердің оқытушылары қандай екені байқалса керек. Біздің қырдағы мұғалім біткеннің көбі осындай екеніне шәк жоқ: мұнан сорақы болғанда не болмақшы?

Мұғалім Есболсын Бағымбайұғлының төменгі хаты бір харпі өзгерілместен басылып отыр. Хаттың маңызын, мағынасын, мұғалімнің білім дәрежесін, пікірін, оқушым, санаң болса, өзің-ақ аңғарарсың. Бұл мұғалім не жазды деңіз:

« — Ноғай мешіттерінде қадімше оқыдым.
— Онан кейін жадидше оқыдым.
— Халал-әрамды айырамын.
— Жақсы орташа білімім бар.
— Сексеуіл стансасында мешіт салып берсеңіз екен.
— Ол мешітке өзімді имам қылып сайласаңыз екен...» Міне, жаңа заманның жаңаша оқытатын, жаңа пікірлі «жақсы орташа білімі бар» мұғалімінің түрі. Бұл мұғалімнің ілімі, пікірі осындай болса, тілін, емлесін өздерің көріп отырсыңдар. Өз қолымен жазған хатының жазбасын көрсеңдер, «бұл хатты оқығаннан үш күн абақтыда отырып шыққан оңды» деуші ержүректер табылар еді. Біздің оны айтуға батылымыз бармағандықтан, үш кісі жабыла оқып, хатты әрең танып шығардық.

Мұндай мұғалімдердің еш нәрсе көрмеген жас балаларға беретін ілімі, тәрбиесі, пікірі қандай болмақ керек? Бәлки, халық ағартушы мекемелер: бұлар балаларға «халал-әрамды айыртар», «жақсы орташа ілім үйретер, Сексеуіл мешітіне имам болса, дін тәрбиесінен оқушыларды мақұрым қалдырмас деп ойлайтын шығар. Иә болмаса, бұрынғыларша, «біздің балаға осы молданың да оқуы жетер» дейтін шығар. Бұлай ойласа, дұрыс.

Бірақ біз басқаша ойлаймыз. Біз мұндай мұғалімдердің болғанынан болмағаны дұрыс дейміз. «Пәлендей мектеп аштық, пәлендей мұғалім шығардық» деп аузымызды толтырғаннан пайда жоқ деп білеміз. Біздің бар керегіміз аз уақыттың ішінде түгенделе қоймайды. Сондықтан ілгергі мақсұт халық арасына жалпы міндетті оқуды белгілі жылдардың ішінде кіргізу болып жұр. Аз да болса, тәуір мектеп ашып, шама келгенше, заманына қарай тәуір мұғалімдерді даярлаудың қамына кірісу керек.

Балалар надан қалса — қалсын, «ата-бабамыз оқымағандықтан өлген жоқ-тын», бірақ жазықсыз жастарды аяу керек емес пе? Тал түсте Есболсын секілділердің қолына беріп, қызығына қарап тұрғандай, Халық ағартушы мекемелердің қазақтың шиеттей балаларында қаншалық «ұзыннан өші, қысқадан кегі» бар еді?

Аяңдар балаларды! Жазығы болса, мойнына салып күйдіріңдер. Рақымсыз болмаңдар!

М-ияр.
«Ақ жол», 2 февраль, 1921 ж., №21.

ЕКІ ЖАРТЫ — БІР БҮТІН

Екі баладай екі Республика — Түркістан, Қазақстан үлкен үйден енші алысып, ен салысып шыққандай болса да, тұрмыс жүзінде бірінен-бірі айырылыса алмайтыны анық. Екеуінің халқы бір, халқының салты бір, қаны бір, қамы бір, тілі бір, діні бір. Сондықтан «қырда қырық сиырдың мүйізі сырқыраса, ойда он өгіздің мүйізі сырқырағандай», бірінің мұңы біріне естіліп, бірінің кемшілігі біріне сезіліп, барымен ауысып, жоғын екі жақтап іздесулері керек. Қазіргі кезде жұмыс біткеннің бәрін бірігіп істеуге мүмкін де емес шығар. Бірақ ұйымдасып іске кіріскенде, қол ұстасып алға бастыратын жұмыстар аз болмаса керек.

Мүмкін һәм күні бүгін бірігіп істеуге қажет деп білген нәрселерімізден өзірге біздің көрсететініміз төмендегілер.

Жалпы қазақ-қырғызды алғанда, біздің оқымысты, өнерлі азаматтарымыз өте аз, надан халықпыз. Бұл кемшілікті ыспаттап отырудың қажеті жоқ. Бәрімізге аян. Ал Түркістан мен Қазақстан екеуін қатар қойып салыстырғанда, Қазақстанда оқымысты азаматтар көбірек. Соның үшін Қазақстан Республикасы, білімді адамдарға өзі де белшесінен батып отырмаса да, Түркістанға қарасуы керек. Мәселен, Ташкентте қазақ-қырғыз институты бар. Мұның оқытушылары жетіспей отыр. Бақыр қазан қайнаса баршамызға бірдей. Мұнан оқып шыққан жастар анау Қыр, мынау Сыр деп алалай ма? Осы институтқа Қазақстан һүкіметі тәуір мұғалімдерінен қарасуы парыз. Бұл — үлкен іс. Институт оқытушылары жоқтықтан жойылса, жаңа ғана нұр шашып келе жатқан шамшырақ сөніп, қазақ-қырғыз қарап қалады. Бұл — бір.

Екінші — баспасөз.

Біздің баспасөзіміз, әдебиетіміз әлі жас, бойы өсіп, бұғанасы қатқан жоқ. Еңбектеп, қаз тұрып, қайта жығылып жүр. Осы жас сәулені екі жақтап екі қолынан жетелеп аяқтандыруымыз, тәрбиелеуіміз, өсіруіміз керек.

Мұның үшін не керек?

Мұның үшін де бар күшімізді қосып жіберіп, теңгеріп бөліп, арамыздағы жас әдебиетімізді ақсатпай, екі аяғын тік бастыруымыз керек. Түркістанда газет-журнал, кітап жазатын азаматтар аз. Қазақстан бұл жағынан да, Түркістан бауырын шамасы келгенше демеуі керек. Түркістан һүкіметі кіндіктен бір мыңнан артық мұсылман харпі һәм

30 шамалы баспахана алып отыр. Харпінің алды келді, қалғаны да кешікпей үздік-создық келе бермекші. Баспахана машиналары қазір жолда.

Қазақстан Республикасы осы кезде баспахана, харіп жағынан қорлықты көріп отырған секілді. Түркістан һүкіметі Қазақстан бауырына харіп һәм машиналарынан қарасуға тиіс.

Енді екі жаққа бірдей орасан зор кемшілік бар. Ол — харіп тізушілердің жоқтығы. Машинаң, харпің қанша көп болғанымен, харіп тізушің болмаса, аспандағы жұлдыздар көптігінің пайдасымен парапар. Сондықтан баспаханасы көбейгелі тұрған Ташкентте харіп тізушілер курсын ашу керек. Бұл курсқа екі республикадан мобилизация ретімен хат танитын жастарды жинап үйрету шарасына тоқтаусыз кірісу тиіс.

Қысқасы, жоғарыда көрсетілген мәселелер туралы сыбайлас екі республиканың һүкіметтері бір-бірімен хабарласып, қатынасып, бірінде жоғын бірінен алып, соқырды ақсақ жетектегендей болмаса, өзі шабан-шалағай қазақ-қырғыздың ілгері басуы қиын. Соның үшін екі жарты — бір бүтін болып, нысаналы мақсұтқа жету жолында күш біріктірелік.

Азамат.
«Ақ жол», 6 февраль, 1921 ж., №23.

ХАЛЫҚ СОТЫ

Сот түзелмей, халық түзелмейді. Сот халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмесе, сот емес, ол — сор.

Алаш ұранды қазақ-қырғыз бұрын орыс патшаларына бағынбай, заманасы тарылмай, Сарыарқаны ен жайлап, төрт түлікті мал айдап, өз салтымен дәурен сүріп жүрген заманда өз арасынан нелер данышпан, нелер шешен, нелер тапқыр билер шыққан. Олардың айтқан билігі жерде қалған емес. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билер болып, олардың билігі айтқанынан да оңай орындалады екен. Бұлай болудың бірнеше себептері болған. Мәселен:

1) ол кездегі билер ешкім сайлап қойған емес, жүйрік, жорға секілді жаратылысынан би болып туған желаяқтар;

2) табиғи билігінің үстіне, халықпен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болғандар;

3) билікті кәсіп етпей, әділ би атануды мақсұт көргендер;

4) атақты билердің көбі зеректігінің үстіне, жуан, күшті рудан шыққандар.

Бұл ескі билердің билігі теп-тегіс қазіргі заманға лайық, шын әділдік таразысына тартқанда, мінсіз демесек те, заманына қарай, іздесе таптырмайтын билік еді.

Заман өзгеріп, қазақ халқы орыс патшаларына бағынғаннан кейін, сайлау шығып, бұрынғы кеменгер билер бірте-бірте жоғалып, олардың орнына аузын буған өгіздей, тобан-аяқ топыршылдар би болды. Бұлар халықтың ескі сарын жолынан адасып, ақшаға сатылып, биліктің қадірін кетірді. Бұл — надан билер.

«Жаманнан жасауыл қойсаң,
Еліңді жауға алдырар.
Наданнан би қойсаң,
Еліңді дауға қалдырар» —

деген қазақтың ескі мақалын еске түсіре бастады. Ел ішінде дау-жанжал көбейді. Жан жүрмейтін ісіне жан жүргізді, мал бермейтін жеріне мал бергізді. Ақ қараға, қара аққа айналды. Халық бұрынғы ескі билерін сағына бастады.

Қазақ-қырғыздың күні өзінің әлгідей жаман билеріне қарап қалған жоқ. Кісі өлімі, ұрлық-зорлық, барымта, атыс-шабыс секілді істердің көбі орыс сотына қарады. Орыс сотының қолданғаны орыс патшаларының законы болып, ол законның он екіден бір нұсқасы халықтың тұрмысына тура келмеуші еді. Орыс судьялары да халықтың тілінен, әдет-ғұрпынан емге білері жоқ, көбінесе алдындағы шалағай, жемқор тілмаштардың жетегімен адасып кетуші еді. Сондықтан талай айран ішкендер құтылып, талай шелек жалағандар тұтылып, халық зар жылады.

Законның мағынасы — әдет-ғұрып, рәсім деген сөз. Закон әдет-ғұрыпқа қайшы келсе, үлкен аяққа тар етік кигізгенмен бірдей. «Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда» деген мақал осыған келеді. Әркімнің өз аяғының қалпымен етік тігілуі дұрыстығына ешкімнің дауы болмаса, закон әр жұрттың өз тұрмысына лайық болмағанда, ол закон халықтың аяғын қысып, кең дүниені тар қылуы да талассыз болса керек. Біздің жұрт «Алла ... Құдай ... шариғат ...» дегенде көкірегі қарс айырылса да, шариғат һүкімінің теп-тегіс іске аспауы бұған зор дәлел еді.

Енді жаңа дәуір басталды. Бұрынғы ескі закондер жыл асырылып, жалпы жұртқа ерік беріліп, Кеңес һүкіметі халық соты туралы да закон шығарып отыр (*«Ақ жол», 21-, 22-, 23-сандар*).

Кеңес һүкіметінің жолында ақшамен, парамен би болу болмайды. Болса, желкесін қияды. Кеңес һүкіметі еңбекшіл халықтың тұрмыс ағымына ереуіл келмейді. Ешкімнің тіліне зорлық қылмайды. Тың билік Кеңес һүкіметінің низамдарына һәм езілген ұлттардың тілегіне қайшы келмесе, халықтың әдет-ғұрпымен һәттә шариғат қағидаларымен де билік айтуға ерікті деп отыр (*сот низамының 22-бабын қара*).

Сот низамының кемшілігі болса, сынау, мінеу — заң біліміне, халық билігіне жетіктердің міндеті. Дәлелі келсе, Кеңес һүкіметі халықтың тұрмыс жолына қайшы келген баптарын өзгертеді. Бұл — өз алдына бір алуан мәселе.

Бұл күнге шейін қазақ-қырғыз арасында даудан көп нәрсе жоқ. Бұл даулар төңкеріс заманында тіпті күшейіп кетті. Билік тезін құрып, тентекті тыюға бұл күнге шейін Кеңес һүкіметінің қолы, жаумен жағаласып жүріп, босаған жоқ. Енді жауын жеңіп, бір жайлы болып, һүкімет халықтың шаруасын, тұрмысын, түзеуге кірісіп отыр.

Ел ішіндегі арам ойлы бұзақыларға төрт жылдан бері бостандық болып, ұрлық-зорлық, барымтаның базары ашылды. Халық күйзелгеннің үстіне күйзеліп, момындар мал мен басқа ие болудан қалды. Мазасы әбден кетті.

Енді не қылу керек?

Енді сот жұмысын құруға белсеніп кірісу керек. Жалпы қазақ-қырғызды алғанда, бұл күнге шейін соты құрылмай отырған жерлер бар. Мәселен, Ақмола облысы секілділер.

Сотқа шын еңбекшілер қамын ойлайтын, ақшаға, ажарға сатылмайтын, халықтың әдет-ғұрпына жетік ақжүрек адал адамдарды сайлау керек.

Заң комиссариаты еңбекшіл езілген таптың тұрмысына һәм Кеңес һүкіметінің низамдарына қайшы емес, халықтың қалпынан, салтынан шыққан түзу биліктерді жинап, билердің қолдануына закон қылып шығарудың шарасына кірісуі керек.

Осылай еткенде ғана сот халықтың аяғын қыспайды, тентек сонда тыйылады. Қой үстіне бозторғай сонда жұмыртқалайды.

Азамат.

«Ақ жол», 9 февраль, 1921 ж., №24.

КРОНШТАДТ ОҚИҒАСЫ

...Қаражүзді һүкімет ...һүкіметтің бастығы — патша генералы... Бұл не?

— Мұның аты — «қара күнді қайта туғызам, еңбекшілер табын қайтадан жиһангерлердің, капиталшылардың, аксүйектердің табанының астына салып берем» деген.

Кеңес һүкіметінің дұшпандары — эсерлер, меньшевиктер аты шулы Антантаның айдауымен Кронштадттағы қызыл матростарды (*әскери кемелердегі солдаттарды — Авт.*) құтыртып, еңбекшілер һүкіметіне қарсы жанжал көтертті.

Мұнан не шықты?

— Мұнан патша генералы Козловский шықты. Мұнан қаражүзді һүкімет туды.

Эсерлер қайда? Меньшевиктер қайда?

— Олар қосақ арасында босып кетті.

Бір бұл емес, эсерлер мен меньшевиктердің содыры еңбекшілерге әрқашан осылай тиетін.

Еңбекшілердің жауы — Антанта, онда баспалап жүрген, онан қашқан, мұнан қашқан капиталшылар там-тұм жиналып, Кеңесшіл Россияға тор құрып, еңбекшілерге темір бұғаулар соғып жатқаны белгілі болатын, енді бүгін Россияның бір жерінен түтін шығып еді, қаражүзділер інінен бастарын қылтитып шығара қойды.

Соңғы хабарларға қарағанда, Ревельде орыс һүкіметі құрылған. Бұған көп отырғандар қаражүзді қашқындар: граф Игнатьев, генерал Вронский, атақты антұрған адвокат Иванов. Берлинде бұлардың жолдастары Россия тағына отырғызатын патшасын да даярлап қойыпты.

Ол кім?

— Ол — белгілі бекбике великий князь Дмитрий Павлович. «Демократическая республика» туғызатын, құрылтайды қайта тірілтетін эсерлеріміздің, меньшевиктеріміздің тәтті қиялдары қайда қалды?

— Қиял күйінше қалды. Қаражүзділер кернеп кетті.

Мұнан не мағына шығаруға болады?

— Мұнан шығаратын мағына сол: еш уақыт эсерлердің, меньшевиктердің дегені болмайды. Олардың себімен, құтыртуымен бір жерде Кеңес һүкіметіне қарсы көтерілістің шеті көрінсе, қаражүзділердің көктен тілегені жерден табылып, тізгінді өз қолдарына алады да, еңбекшіл тапқа аждаһадай аранын ашып қарсы ұмтылады. Эсекең мен меншекең отқа майды құйып жіберіп, бет-аузын жарбитып,

тұла бойын күптіріп, қайқайып шыға келеді. Біз мұны талай көргеміз. Қазіргі Кронштадт оқиғасы тағы көрсетіп отыр.

Кеңес һүкіметінің жалғыз көріп отырған құбыжығы бұл емес. Россия еңбекшілері Козловскийдің өкесіндей генералдармен де шайқасқан. Талайының күлін көкке ұшырған. Кешегі қылышынан қан тамған Каледин, Корнилов, Краснов, Колчак, Деникин, Юденич, Дутов, Анненков, Врангельдер қайда? Козловский солардан мықты ма? Козловскийдің көрін қазу оп-оңай.

Бірақ Кронштадт оқиғасы жақсы сабақ болайын деп тұр. Төңкеріс дұшпандары, қайда болса да, іште де, сыртта да барлығын көрсетіп отыр. Сондықтан шын ортақшылдар, шын еңбекшілер, шын азаттық жолындағы азаматтар соңғы қайратын, соңғы жігерін жұмсап, қаражүректерден сақтанып, қарсы тұрулары керек.

Екі ғана жол бар: Кеңес һүкіметі һәм патшашыл қаражүзділер табы.

Аралық жоқ!

Сондықтан кімде-кім патша дәуірінің қанды күндерін сағынбаған болса, кімде-кім капитал құлдығына қайта түспейін десе, Кеңес һүкіметінің маңына жиналып, ортақшыл қызыл туының астына топтануы керек!

Мадияр.
«Ақ жол», 15 март, 1921 ж., №36.

ЕҢБЕКШІЛЕР АВТОНОМИЯСЫ

Бұрын патшалы Россияда 180 миллион жұрт бар еді. Бұлардың тұқымы, діні, тілі, салты, тіршілігі бір-біріне үйлеспейтін еді. Орысқа пайдалы заң қазаққа жайсыз келуші еді. Ноғайға лайықтап пішкен тон өзбекке келте келуші еді. Башқұртқа деп тіккен етік түрікменнің аяғын қысушы еді. Патша һүкіметі бұл айырмаға қарамады. Отаршылық жиһангерлік саясатын қолданып, қол астындағы ұлттардың табиғи тілектеріне, тұрмыс ағымына қарсы іс қылып, бәрін бір шыбықпен айдады. Бәріне бірыңғай закон жүргізіп, орыс қожалығын үстем қылып, «Россия — орыстар үшін» деген бағдарда болды.

Закон орыс тілінде болды. Оқу, оқыту, кеңсе тілі орысша болды. Сот та орысша болды. Билеушілер орыс болды. Жер, су, қазына, әскер билігі орыс қолында. Онда орыс емес ұлттар бұралқы, бұратана атанып, айтқанға көнгіш, айдағанға

жүргіш, көн терілі көк есек болды. Орыс отаршылары Россиядағы уақ ұлттарды маймыл ойнатқандай қылды.

Мұнан не туды?

Мұнан ұлтшылдық туды. Уақ ұлттардың ұлтшыл болмасқа шарасы қалмады. Бұлар күңкілдеді, қоңқылдады, бірақ қолдарынан еш нәрсе келмеді.

Февраль төңкерісі туды.

Ғасырлар бойынша езілген, жаншылған, қараңғылықта қамалған ұлттар, кенеттен көзі ашылып кеткен соқырлар күнге қарауға көзі шағылысқандай. Көріп жүрген адамдарға танымал заттардың бәрі оларға жат көрініп, ақты көктен, қызылды жасылдан айыра алмағандай, тек көзі ашылғанына, қараңғылықтан, соқырлықтан құтылғанына қуанғандай. Төңкерістің асылы не екенін, аяғы неге соғарын көп ескермеді. Орыс үстемдігінен, орыс үстемдігін жүргізген патша һүкіметінен құтылғанына мәз болып, ол үстемдікке қайта ұшырамаудың шарасы — іргесін бөлектеп, өз тізгінін өзі алып, жырақ ұлтшыл автономия болу деп, сол жолда харекет қылды. Украина, Польша, Финляндиялар баяғыдан бергі жолдастығымыз да жетер деп, шүу дегеннен-ақ атының басын бұрып алып, Россиямен қош айтысты.

Октябрь төңкерісі туды.

Еңбекшілер ұраны жаңғырықты. Кеңес һүкіметі құрылды. Тап тартысы басталды. Капиталға қарсы соғыс жарияланды. Октябрь төңкерісі адам баласын екі ғана тапқа бөлді: 1) капиталшылар, жиһангерлер, отаршылар, байлар, жуан жұдырықтар, ақсүйектер; 2) жарлылар, жалшылар, өз еңбегімен күн көрушілер. Қысқартып айтқанда, бұл екі тап құлданушылар һәм құлдықта жүргендер еді. Қапелімде жұрттың көбі Кеңес һүкіметінің соңынан еріп кете қоймады. Мұның себептері мыналар еді:

1) Россиядағы жалпы жұрттың төңкеріске даярсыздығы. Төңкерісшіл күштің кемдігі һәм саяси тәрбиенің жоқтығы;

2) уақ ұлттар арасында Еуропадағыдай капитал һәм жұмыскерлер болмауы. Сондықтан тап айырмасынан ұлтшылдық пікірінің күштілігі;

3) төңкеріс көктен түскендей көрінген соң, еңбекшілер туы Россияда көтеріліп, Кеңес һүкіметі де орыстың ордасы — Мәскеуде құрылған соң, қараңғы, езілген, орыс тепкісін көп көрген елдердің «сары орыстың бәрі орыс» деп, қапелімде сенімсіз көзбен қарауы;

4) социалды төңкеріс ерте көрініп, мұның күшеюіне, орнауына, өмірлі болуына көз жетпегендік, иманы бекімегендік;

5) большевизмге қарсы меньшевиктер, эсер партияларының жұрттың бәрін құрылтай арқылы жарылқамақ болған уәдесі.

Бұлардан басқа да себептер болса керек. Бірақ ең бастылары осылар еді. Кеңес һүкіметі шын еңбекшілер һүкіметі болып, қолданған саясаты іске асуға айналғанын көре бастап, еңбекшіл таптың жауларымен алысып, езілген ұлттарға көзқарасы анықталған соң, әр ұлттың өз жуандарынан өз кедейлерін қорғауға тиіс екендігін сөзбен үгіттеп, іспен көрсеткен соң, ортақшылық тонын жамылып отаршылық аранын жүргізушілерге рақымсыздығын білдірген соң, ұлт мәселесіне айрықша назар салып, еңбекшілер автономиясына жол ашқан соң, әр ұлт ортақшылық, туысқандық жолына түсу үшін өз еркі өзінде, өз жері өзінде, өз тілін, өз әдебиетін, өз мәтбұғатын, өз мектебін, өз шаруасын, өз тұрмысын көркейтіп, өзінен шыққан, өз жайына жетік, өзіне жаны ашитын басшылары болсын дегенге әбден түсініп, уақ ұлттар сонан кейін ғана Кеңес һүкіметінің соңынан ерді. Еңбекшілер туының астына жиналды. Ортақшыл партияның жолына түсті.

Бүгін біз не көріп отырмыз?

Бүгін біз көріп отырмыз: ... жиырма шақты кеңесшіл автономия құрылып, бәрі бірге одақтасып, әлеуметшілік негізіне құрылған Россия Құрама Республикасы жасап отыр.

Өз тізгіні өзіне тиген біздің қазақ-қырғыз еңбекшілеріне енді не істеу керек?

Алдымен еңбекшіл қазақ-қырғыз, өзінің досы кім, соны жақсы айыруы керек.

Қазақ-қырғыздың досы кім, қасы кім?

Кім құлданса, кім зорлық қылса, кім жесе — қасы сол. Кім құлдықтан құтқарса, кім теңгерсе, кім адалдық қылса, аяушылық көрсетсе, досы — сол. Орыс отаршысы, жуан жұдырығы зорлық қылады екен, жерін-суын, мал-мүлкін тартып алады екен, қазақ-қырғыздың жауы — сол. Қазақ-қырғыздың өз байы, өз манабы, өз болысы, өз атқа мінгені зорлық қылады екен, арам ойлы парашыл оқығандары жейді екен, жауы — сол. Менің бар тапқанымды Қойшыбай тартып алып, өзімді малайлыққа салып, көзіме шыбын үймелетіп қойса, маған Қойшыбайдың қазақтығы, мұсылмандығы қанша керек? Маған Алексей жақсылық қылса, жаны ашыса, оның орыстығында, көпірлігінде менің не жұмысым

бар? Сондықтан ұлт айырмасы — туысқандық, дін басқалығы — көпірлік, мұсылмандық дегеннің бәрі бос сөз.

Екінші істейтін іс — кедейлер, жалшылар (*еңбекшілер*) ұйымдасуы керек. Ұйымдаспаған халық, ұрандаспаған топ мақсатына жете алмайды, көрінгенге жем болады, кез келгенге құл болады.

Ұйымдасқаннан кейін істейтін іс: өз теңдігіне өзі ие болу үшін қам қылу. Бұл қамдар:

1) өз арасындағы отаршылармен, жуан жұдырықтармен, зорлықшылармен аянбай алысу;

2) өтірік ортақшыл болып, ұйымдарға, мекемелерге кіріп алып, еңбекшілерді жер қаптырған антұрғандарды (*кім болса, ол болсын*) қуып жіберіп, орнына шын еңбекшілердің өздері, шын еңбекшілерге жаны ашитын, жұрттың жайы-күйі, мұң-мұқтажы, тілі, ғұрпына жетік таза адамдарды отырғызу;

3) мекемелерде, ұйымдарда, соттарда өз тілінде іс жүргізіп, мектептерде, медреселерде өз тілімен оқып, әдебиетін, баспасөзін өз тілінде өрбітуге талаптану, оқу-білімге ұмтылу;

4) еңбек майданына аттанып, мемлекет шаруашылығын түзету;

5) әлі жеңіліп бітпеген дүние капиталшыларына, жиһангерлеріне қарсы тұру үшін, еңбекшілер қожалығын орнату үшін қазақ-қырғыз кедейлерінен қызыл әскер жасау.

Осы айтылғандар істелсе, қазірден қазақ-қырғыз кедейлері, жалшылары ұйымдасып, бұлар да істер шарасына кіріссе, құлдықтан құтылды, еңбекшілер теңелді, өз тізгінін өзі алды, кеңесшіл автономия құрылды деген осы болады.

Төрт жылдық төңкеріс тарихы, айтыспай-тартыспай, алыспай-жұлыспай ешбір жұрт, ешбір тап дегеніне жете алмайтындығын көрсетіп отыр. Төңкерістің мағынасы да күшпен төңкеріп тастау деген сөз. Күш — ұйымдасуда екенін тағы көріп отырмыз. Жетісу қазақ-қырғызы көрінгенге қол қусырып, құлдық ұрып еді, ақырында қанға боялып, ит пен құсқа жем болды. Қатарынан кем болды. Соңғы кезде әбден ашынып, ұйымдасып еді, зорлықшыл жуан жұдырықтар, отаршы обырлар жымдай болды. Жегендерін қайта құса бастады.

Қорлық көрген қазақ-қырғыз еңбекшілері, өзгеге жалынбай, жалтақтамай, өз күштеріңе, өз берекелеріңе табынып іске кірісіңдер, бірігіңдер, ұйымдасыңдар!

Кедейлер, жалшылар біріксе, ұйымдасса, еңбекшілер қожалығы күшейеді, еңбекшілер автономиясы көркейеді. Көркейсін еңбекшіл ұлттың кеңесшіл автономиясы!

М.Дулатұлы.
«Ақ жол», 29 март, 1921 ж., №41.

ЕЛ КҮЙЗЕЛДІ

Тарих жүзінде Алаш ұранды қазақ-қырғыздың басынан кешкен апаттың зоры баяғы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» болса керек. Оған енді екі жүз жыл өтті. Сонда қалмақ пен қазақ соғысып, қалмақ жеңіп, қазақ қырғын тауып, кір жуып кіндік кескен мекенінен ауып, ботадай боздап, босқан екен. Сол апатты басынан кешірген жандардың мұңды-зарын бұл күнге шейін жұрт ұмытпаған.

Мына заман қай заман, қысқан заман?
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.

Мына заман қай заман, бағы заман?
Баяғыдай болар ма тағы заман.
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын...

Осы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін де қазақ-қырғыз қайта құралып, ірге теуіп, ел болып кетіп еді. Онан кейін талай жұттар: «қара тышқан», «көк тышқандар», «ұлы қоян, кіші қояндар», кешегі аты шулы «доңыздар» өтті. Бұл жұттар да қазақ-қырғызға тұқымдық мал қалдырып, бес-он жылдан кейін елеусіз болып ұмытылып еді.

1916 жыл бүкіл қазақтың басына қорқыныш болып, айрықша, Жетісу қазақ-қырғызы қырғын тауып, жаннан, малдан түңіліп, туып-өскен жеріне, Арқа менен Сырдағы ағайын-туған еліне қош айтысып, азып-тозып, қашып-пысып кетіп еді. Бұл сорлылардың бағына қарай бостандық туып, өлгені өліп, тірілері мекендеріне қайтып, бұл күнде қыбырлап ел қатарына қосылған болып отыр. Жетісу қазақ-қырғызының мал-мүлкінен айырылғаны бір сәрі, адамының жүзден отыз бесі қырғын тауып еді.

16–17-жылдарда Түркістанда ашаршылық болып, жұрт малынан айырылып, адамы босып, Сырдария қазақтары шыбындай қырылды. Бала-шағаларын, қатын-қыздарын көсіпке сатты. Бірақ келер жыл егіс, шөп шығымды болып, жалпы жұртқа тоқшылық кіріп, Сырдария қазағының дені қырғыннан аман қалып еді.

Жоғары айтылғандардан көрінеді — қазақ-қырғыз талай тайғақ кешу, тар көпірден өткендігі. Енді Кеңес һүкіметінің заманында өзер деп демімізді алып, төңкеріс жемісіне ортақ болып, саяси теңдікке жетісіп, тіршілігімізді түзетіп, ел қатарына қосыламыз ба деп едік. Әлі де сорымыз арылмаған екен, Арқадағы алаш жұтқа ұшырап, ашаршылық азабын жекжаттық етіп отырмыз.

«Ақ жол» жүзінде Арқа елінің күйзеулігі бұрын да жазылып келіп еді. Соңғы күндерде алынған хаттардың анық хабарына қарасақ, көзге жас, көңілге қайғы толып отыр: жұтаған мал, ашыққан жан, қалың ауру, қаптаған өлім... Керек болса, міне, мысалдар.

Торғай үйезінде мал қырылып жатыр. Жазға салым ашаршылық күтіп тұрмыз. Алыстан азық таситын көлік қалған жоқ.

Қарқаралы үйезінде шаруа күйзелді. Мал өліп жатыр. Жұрт жаяу, аш-жалаңаш...

Омбы үйезінде мал қалатын емес. Жұрт арықты, өлім күшті.

Темір үйезінде жұт. Ауру қалың, күнде жаназа...

Бөкей ордасының қазақтары томаршық деген шөптің дәнін қағып жеп жатыр. Он ырасы бар үй бүкіл Бөкейлікте «үлкен бай» саналады. Томаршық қазаққа кесек ет, тілімсек нан болып тұр.

Ырғыз үйезінің қазақтары сарышұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүнгі өлген малдардың өлексесін қар астынан қазып алып жеп жатыр. Өлексе өрі ас болмай, бейшаралар қырылып жатыр.

Міне, Арқадағы бес облыстың (*Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Бөкейлік*) жайы!

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қазақтың есінен екі жүз жылдан кейін де шықпаған болса, биылғы жұт, ашаршылық өткен замандағы апаттардан он есе ауыр тисе керек. Бұрын бір ел күйзелсе, өзге сыбайлас жұрттар аман болып, адам баласы орасан ашаршылыққа ұшырамайтын еді. Қазір басымыздан ауыр заманды өткізіп тұрмыз: бүкіл мемлекет күйзеу. Біреудің біреуге ауысары кем. Ақтабан

шұбырындыда қазақ-қырғыз қоныс аударып аман қалған болса, қазіргі заманда барар жер, басар тауымыз белгілі.

Бұл апатқа... не шара?

Үміт аз. Өйткені ел осындай күйзеліп, ашығып, қырылып жатқанда, қара суға семірген қайғысыздар, атқа мінген антұрғандар қылдай жұртқа жәрдем етудің орнына, бүлінген елден бүлдіргі алып, байлық молайтып жатқандарын естиміз. Оларға елдің зарыққаны, өлгені, тірілгені қанша керек?! «Дүниені топан қаптасын, өзім аман болайын».

Қазақстан Республикасының hүкіметі қайда? Не шара, не дауа қарастырып жатыр?

— Біз еш нәрсе білмейміз. Ойлаймыз, қарап отырмаған шығар, қам қылып жатқан шығар деп.

Қатын ерге қарайды, ер жерге қарайды. Ел билеген hүкімет, елін сүйген азамат, өзгені ұмыт, мынау апаттан еліңді аман алып қалудың шарасына кіріс!

— Ел күйзелді...

Мадияр.
«Ақ жол», 9 апрель, 1921 ж., №45.

ЖАСТАРҒА

Майдың бірінде Ташкенттегі Қазақ-қырғыз институтында оқу тоқталып, шәкірттері жазғы демалысты елде түрлі қызметпен өткізуге шыққалы отыр. Алдымыздағы айдың ішінде орта hәм жоғарғы мектептерде, түрлі курстарда оқып жүрген шәкірттердің бәрі де ел-елге жұмысқа тараса керек. Бұл жалғыз Түркістан емес, Қазақстанда да солай болар. Оқудағы естияр жас аумалы-төкпелі төңкеріс заманда бетімен кетпей, шамасынша іске жегілуге тиіс. Бұған hүкімет те осы көзбен қарап, жастардың өздері де жұмыстан бас тартатын көрінбейді. Бұл туралы жастарға бір-екі сөз айтып қалғымыз келеді.

Біздің қазақ-қырғызда халыққа қызмет етуді өзіне борыш санаған оқытушы азаматтар өте аз. Бүгінгі жаңа талап жастар болмаса, бұрынғы оқығандарымыздың көргені жаман, тәрбиесі нашарлықтан көбі қызмет етуді қорлық деп түсініп, өз пайдасын халық пайдасынан жоғары санап, елді жәбірлеуден, жеуден басқаны білмей келеді. Бұларды көрген халық «Алладан ойбайым артық» дейтінді шығарды.

Февраль төңкерісінен кейін «төрелер көбейіп, екі ауыз орысша білгендер, әліпті таяқ деп танымағандар мінезінің, адамгершілігінің бұзық-түзігіне қарамастан, комиссар, инструктор, агитатор болып елге шықты. Жүрген жолын қыран жапқандай қылды. Сотқарлығы бұрынғы стражник, урядниктерден он есе артылып кетті. Пара алды, ұрлық қылды, ел арасына от тастады. Тентекті қолдады, момынды жүндеді...

Енді ертең елге барғалы отырған жастарымыздың міндеті не?

Олардың міндеті: бірінші өздеріне тапсырылған қызметтерін жақсы өтеу болса, басынан жұртқа сүйікімді, жұғымды болып, өздерінің шын ақжүрек, шын жұртшыл, шын еңбекшілер қорғаны — келер күннің үміті, елдің шырағы — нұры болатын жастар екенін таныту; қараңғы, надан бауырларына үгіт-насихат айтып, көзін ашып, көңілін оятып, көмек беріп, елді өздері жәбірлемек түгіл, жәбірлеушілерден қорғап, нашарды, момынды жақтап, ерсі мінездерден сақтанып, шын азамат атағын алуға тырысу. Елге шыққан жастардың арасындағы естиярлары кейінгі інілеріне басшылық етіп, басалқы айтуға борышты. Елге шыққан жастар көргендердің «балаларымыз да осылардай болса» деген ой туғызарлықтай, жұрттың махаббатын өздеріне қарататын болсын. Міне, ендігі жастардың міндеті осы. Бұл жолдан адасқан жастар адам болмайды, елдің көңілін қалдырады, күдерін үздіреді. Осы бастан адамгершілікке, тазалыққа, дұрыстыққа құмар болмаған жас ұлғайғанда, қартайғанда ешкімді жарылқай алмайды. «Ерте оңбаған кеш оңбас, кеш оңбаған еш оңбастың» кебі келеді де отырады. Соның үшін елге шыққалы отырған жастарға қайырлы сапар тілеп, бұлар жұртқа шын пайдалы қызметкерлер болар деген үмітпен көріскенше қош айтысып, шығарып саламыз.

Жасасын, жарық ойлы жас ұлан!

Мадияр.
«Ақ жол», 28 апрель, 1921 ж., №53.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Газетке қай нәрсе жазғысы келіп, не туралы жазсам екен деп ойланғанда, қалам ұстаушының қиялына түрлі мәселелер тізіледі. Солардың қатарында «қазақ зиялылары» да

келіп елестей қалады. Мұнан кейін жазушы ақ қағаздың бетіне қара бояумен ойына келген қошқармүйізін салады. Орынды-орынсыз сөздер жазылады. Дәлелді-дәлелсіз жалалар жабылады. Біреулерді жатқанынан тұрғысыз қылады. Біреулерді өз дәрежесінен артық жоғары көтереді. Қайсыбір жазушылар қазақ-қырғыз зиялыларын бірлікке шақырады. Бірігудің жолдарын көрсетеді. Бірікпей жүрулерінің себептерін тексереді. Әрине, мұнан шығатын пайда көп: сөзден сөз шығады, ойдан ой туады. Бірақ қазақ зиялыларының бұрын-соңды қалпы олардың әлеумет ісінде, саясат жүзінде қолданған пікірлерін тексергенде, мәселені тігінен қарап, әділдік таразысына салып өлшемесе, битараптық қылмаса, бірбеткейлік бола бермек. Қайсыбір ортақшыл жолдастар партияға кірмей жүргендер туралы оларды «ұлтшыл, бұрынғы көсемдердің соңына ерушілер... соларды пір тұтқан... коммунист болуға қоянша қорқып, жүрексініп жүргендер...» деп алдын ала «шарбақ» қойып қояды.

Ұлтшылдық бір кесел болса, бұрынғы «көсемдер» кесірлі болса, партияға кірмей жүргендер қоян жүрек қорқақ болса, бұлардан коммунист болғанда не шықпақшы? Бұларды коммунист тобына шақырудың не керегі бар? Қайта, мұндай адамдар партияға байқаусызда кіріп кеткен болса, шақырудың орнына қуу керек емес пе? «Партияны тазарту» дегеннің мақсаты партияда шын коммунистер болсын, игі жүзді алдамшы, жеп кетерлер болмасын деген емес пе? Содыр-сотқарларды, қоян жүрек қорқақтарды бүгін шақырып алып, ертең құтыла алмай жүруде не мағына бар? Мұның түбі — бір теңге беріп жырлатып, мың теңге беріп қойдыра алмаған болмай ма?

Біздің қазақ-қырғыздың оқығандары санаулы. Партияда бары да, жоғы да бөрімізге белгілі. Бізден коммунистер шыға бастағанына әлі екі-үш жылдан асқан жоқ. Өзге жұрттағылар секілді, біздің қазақта да өтірік коммунистер, партияны ластап жүргендер арасында шын жұртшыл, еңбекшіл тапқа шын жаны ашитын, Кеңес үкіметіне ынта-көңілімен қызмет етіп жүргендер де жоқ емес. Олай болса, қазақ-қырғыз зиялыларын сөз қылғанда, бұларды партияда бар-жоқ демей, жамыратып жіберіп тексеру керек. Шынын айтқанда, күні кеше бөріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді? Февраль төңкерісіне шейін Еуропаның саяси партиясына кірген қазақ болса, қане, айтсыншы! «Мен әлімсақтан бері коммунист едім... мен 1905 жылдан бері партияда едім...»

деушілердің ертегісі біздің құлағымызға кіріп те шықпайды. Ит сыры иесіне мәлім. Біз білмейтін қазақтың сыры жоқ!

Ал ұлтшылдарымыз қанша еді?

Шын ұлтшылдың өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәрежеқұмар, парашыл, шағымшыл, зорлықшыл еді. Ол заманда қазақ оқығандары неге ұлтшыл болды, неге өзге, онды-солды, Еуропаның саяси партияларына кірмеді, оның себептері талай сөйленіп, талай жазылған. Бұл арада тағы да Қаратаудың басын ауыртпалық.

Енді бүгін Кеңес үкіметі дәуірлеп, коммунист партиясы жолбасшылық қылып отыр екен; қазақ-қырғыз секілді езілген елдерге бостандық, теңдік күні туған екен; коммунист партиясынан жағымды партия жоқ екен, бұрын өзгелердің соңында жүргендер адасып жүрген екен, соның үшін бізге коммунист болу керек екен — бұған түсіндік, көзіміз жетті. Партияға кіргендеріміз де бар. Партияға кіргендер кірмегендерді шақырып та отыр. Бірақ бізге енді шешетін мәселе қайсы? Біздің қазір ортақшыл болып отырғандарымыз кімдер? Мұнан кейін де болса бола алатындар кімдер? Бұл сұрауларға берілетін жауап әркімге-ақ анық-ау деймін: бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (*өтірік коммунистерді айтпаймын*) — кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін де шын коммунист болуға жарайтындар — тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші — қазіргі жаңа талап жас буын. Әйтпесе, күні кеше ұлтшыл болуға жарамай, өз басының қамын ойлап, жылтыр түйме таққанына мәз болып, переводчик болып пара алып, пристав болып халықтың қанын сорып, болыс болып ел бүлдіріп, тыңшы болып шағым жүргізіп жүрген соғылғандар бүгін қолына қызыл ту алып, «коммунист» бола қалды екен деп кімнің іші елжірей қалады. Мұндайлар жоқ емес, Құдайыңа шүкір, бар. Әсіресе біздің Қазақстанда толып жатыр.

Партияға кірмей жүргендерді партияға шақырушы, бірлікке үндеуші жолдастарға айтатынымыз: мұныңыз дұрыс-ақ, аталы сөзді арсыз қайырады, бірақ өуелі партияға кірушілердің көбеюін мақсат көруден бұрын, аз да болса, тазалық жағына көз салсаңыздар екен дейміз. Шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл азаматтар партияға кірсе, олардың соңынан жұрт та ереді. Олармен жолдас болудан кешегі ұлтшылдар да, бүгінгі жаңа талап жастар да қашпайды. Ішінде бірлі-жарымды таза жігіттер болғанменен, көбі бұзақылар болып, адал-арамды талғамай: «Келіңдер, жолдастар, бірігелік, қорықпаңдар, біздің тобымызға

кіріңдер...» деп қол бұлғағанға соңдарыңнан жөңкіле жөнелетін адамдар аз табылар деп ойлаймын. Табылар, көп те табылар. Бірақ, бұл табылушылар, жоғарыда айтқандай, «қой суретті, қасқыр жүректілер» де болып шығар.

Біздің оқығандардың көбін орыс жолдастар білмейді. Бірақ өзімізге аян емес пе? Түркістанда, жоғарыда айтқанымыздай, қалтасына қызыл билет салып алған қаражүзділер алғашқы кезде көп болған. Соңғы кездерде өкімет басына қазақтан таза адамдар отырып еді. Мәскеуден комиссия келіп еді, бұлар бір-бірімен жақсы түсінісіп, оқығандардың — билеті қызыл, пейілі қара мырзалардың ініне су құйды. Содан кейін партияға кіруші таза адамдар көбейіп келеді. Партияға кірмесе де, кеше ұлтшыл екендігі белгілі болса да, Кеңес өкіметінің жолында шынымен қызмет етушілер де табылып отыр. Түркістан өкіметі, мұндағы саясатшылар жоғарғылардың бірін де шетке қағып отырған жоқ. Ешкімге партияға кір деп қолқа салмай-ақ, партияның жолы дұрыс екендігін істерімен көрсетіп отыр. Халықты құр тәтті сөзбен асырамай, түзу саясат, жемісті жұмыстарымен соңына ертіп отыр. Жуан жұдырықтылардың төбесін тесіп, отаршы обырлардың тірсегін қиып отыр. Міне, біздің Қазақстандағы өкімет тізгінін қолына алып, ел билеп отырған ортақшыл азаматтарымыз осы Түркістан саясатын қолданса, ел де солардың соңында, партияға кірмей жүрген, кіре алмай жүрген ұлтшылдар ма, ұлтсыздар ма — бәрі де бір тілек, бір тудың астына жиналуына біздің көзіміз жетеді.

Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған, арын, иманын қара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық. Бірақ біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе — біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегендігіміз еді егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес.

Ұзын сөздің қысқасы, партиядағы жолдастар араларындағы арамзаларды аластап шығарсын. Түзу саясат жүргізіп, «қазақшылықты» тастап, шын ортақшылдық жолындағы өуелгі өрнегімен жұрттың ықыласын өздеріне аударып алсын, қолынан іс келетін, Кеңес өкіметінің кейбір саясатына қарсы, шын таза азаматтарға «ұлтшылдық» таңбасын басудан бұрын, оларды іске кірістіріп, сендіріп, соңынан ертсін.

Бірте-бірте шын ортақшыл болуға жарайтындары риясыз, ешкімді алдамай-арбамай, түсініп, сеніп, өздері кіретін болсын, шын ортақшылдар тобы сонда көбейеді, шын бірлік сонда табылады.

Көбейсін ортақшылдар!

Көркейсін Алаш армандарының бірлігі!

Мадияр.
«Ақ жол», 5 мамыр, 1921 ж., №55.

АХМЕТ БАЙТУРСУНОВИЧ БАЙТУРСУНОВ

(Биографический очерк)

Ахмет Байтурсунович родился 28 (15) января 1873 года в ур. Сартюбек Тургайского уезда Тосынской волости, происходил из Аргынского рода киргиз Средней Орды. В раннем детстве он кое-как научился мусульманской грамоте у аульного муллы. Этим закончилось бы его образование, и он остался бы на всю жизнь полуграмотным киргизом-скотоводом, если бы, по поговорке, «не помогло несчастье».

Если родина Ахмета Байтурсунова — Тургайский уезд, населенный исключительно киргизами-скотоводами, и в наши дни является одним из темных, изолированных от культурных влияний захолустных уголков, то, естественно, 50 лет тому назад картина, безусловно, была еще печальнее. Поэтому в те времена только редким счастливцам из киргиз удавалось поступать в русские школы. Одним из этих счастливцев является А.Байтурсунов, поступивший в школу случайно, благодаря постигшему его родителей несчастью.

Как всякая среда, киргизская степь столетиями рождает своих сынов, но с присущими степной природе особенностями. Если разнообразная и красивая природа Европы рождала таких великих людей, людей науки и искусства, как Ньютон, Маркс, Толстой, Рафаэль и др., то степная природа Азии рождала таких своеобразных великих героев, как Темучин, Темирлан, Кенесары, Срым и др. Если не к числу великих, то, по крайней мере, сильных людей относится отец Почтенного Ахмета — Байтурсун Шошаков. Будучи сильным и энергичным от природы, Байтурсун отличался свободолюбием и никакой власти над собой не признавал. Поэтому он

в степи являлся беспокойным элементом и часто устраивал эксцессы то с султаном-правителем, то с сардарами. Впоследствии начальство ради успокоения Байтурсуна, его самого назначает сардаром. Но это средство оказывается недейственным, и Байтурсун Шошаков вступает в борьбу с уездным начальником Яковлевым и влиятельным сардаром Беремжаном*.

В борьбе против врагов своих с Байтурсуном солидарно действует родной брат его Актас, человек весьма умный и решительный.

В одно прекрасное время с небольшим отрядом казахов выезжает в степь уездный начальник Яковлев для поимки Байтурсуна и Актаса. 12 октября 1885 года у брода реки Тургая — Джингилды — Яковлев внезапно появляется в ауле Шошаковых, где застает самого Байтурсуна. Яковлев, требуя выдачи отсутствующего Актаса, терроризирует киргизов, избив нагайками и шашками поголовно всех, не исключая даже женщин и детей. Озлобленный таким зверским поступком Яковлева, Байтурсун бросается на Яковлева и наносит ему удары нагайкой, вследствие чего окровавленный Яковлев без памяти падает с лошади. После этого происходят перестрелка и нагаечный бой, в результате чего отряд, оставив несколько человек раненых, пускается в беспорядочное бегство, из киргизов оказывается убитым один и несколько раненых. Вскоре после этих событий при помощи высланных из Иргиза и Тургая карательных отрядов Шошаковых задерживают со всеми родственниками и заключают в Тургайскую военную гауптвахту, а скот и имущество у них конфискуют. Через год прибывает из Казани сессия Военно-Окружного суда; Байтурсун и Актас с несколькими братьями и товарищами приговариваются к каторжным работам на 15 лет, а второстепенные участники в деле Шошаковых – на разные малые сроки. Остаются на свободе одни женщины и малолетние дети, в том числе и будущий поэт и общественный деятель Ахмет Байтурсунов, без всякого попечения и средств к существованию. Ахмету Байтурсуновичу тогда было 13 лет. «В письме к матери», написанном в 1909 году из Семипалатинской тюрьмы, поэт об этих событиях вспоминает в следующих стихах:

---

* Беремжан — потомок известного в истории киргизов Джанибек батыра (*Прим. автора — Ред.*).

«Сердце мое, сраженное в 13 лет,
Сохранило неизлечимую рану и глубокий след».

Один из братьев Шошаковых Ергазы, приговоренный к 4-летнему заключению, по отбытии срока наказания задается счастливою мыслью отдать в школу единственного сына Актаса — Спандияра, объяснив это тем, что он убедился во время судебного процесса в необходимости знания русского языка, так как переводчики, боясь уездного начальника, неподробно и неточно передавали показания подсудимых. Умный от природы мальчик Ахмет изъявляет свое желание тоже поступить в школу, что и исполняется: он поступает в 1886 году в Тургайское р.к. двухклассное училище.

Вскоре отец А.Байтурсунова с братьями отправляется в Сибирь, а единственный его дядя Ергазы, на попечение коего оставались овдовевшие жены и осиротевшие дети сосланных, умирает.

А.Байтурсунов, с большими трудностями и лишениями окончив курс Тургайского училища, в 1891 году задумывает попасть в Оренбург для продолжения образования. Как Ломоносов, А.Байтурсунов со случайными попутчиками добирается до Оренбурга и поступает в киргизскую учительскую школу. Четырехлетнее пребывание в Оренбурге и ежегодное возвращение на каникулы в Тургайский уезд и обратная езда в Оренбург проходят для него в крайне затруднительных обстоятельствах, сопряженных с большой материальной нуждой. Однако настойчивая натура А.Байтурсунова переносит лишения и, перебиваясь «с хлеба на воду», в 1895 году он кончает курс учительской школы.

Этим заканчивается у А.Байтурсунова школьное образование. В дальнейшем он, изучая европейскую литературу, занимается самообразованием.

Педагогическая деятельность А.Б.* начинается с 1895 года. В период с 1895 по 1909 год он учительствует в аульных, волостных и двухклассных училищах в Актюбинском, Кустанайском и Каркаралинском уездах.

В начале XX века, живя в Каркаралах А. Б. принимает участие в революционных движениях: работая первое время нелегально, а затем, после обнародования Манифеста 17 октября 1905 года, являясь одним из видных и активных Руководителей киргизской массы. Вскоре наступает реакция,

---

* А.Б. — Ахмет Байтурсунов — (*Ред.*).

революция уходит в подполье, а А.Байтурсунов продолжает работу в национальных организациях. Однако подходит расплата: среди товарищей оказывается провокатор (*Т. Чингисов*), который выдает А.Байтурсунова и других. Первого июля 1909 года жандармы производят обыск у А. Б. и арестовывают его. До 1 февраля 1910 г. А. Б. сидит в Семипалатинской тюрьме, затем ему объявляют постановление о высылке его на два года из пределов киргизских областей. Последние годы до Октябрьской революции А.Байтурсунов жил в Оренбурге.

Ахмет Байтурсунов — народный поэт. Поэтическая деятельность его начинается с перевода басен Крылова на киргизский язык. Как у человека, посвятившего всю свою жизнь просвещению темной киргизской массы, основная идея его высказывается и тут: как поэт-протестант, А. Б. поэзию превращает в оружие борьбы с политикой монархической России, угнетавшей киргизов. Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет в виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых. Он выбирает для перевода из Крылова такие басни, которые понятны и соответствуют киргизскому духу. Если Белинский про Крылова говорил: «Хотя он брал содержания некоторых своих басен из Лафонтена, но переводчиком его назвать нельзя, его исключительно русская натура все перерабатывала в русские формы и все проводила через русский дух», — то же самое мы можем сказать и в отношении А.Байтурсунова. Как у Крылова, так и у Ахмета Байтурсунова, о естественности, простоте и разговорной легкости языка тоже не приходится говорить. Ахметом Б. переведено 40 басен Крылова, и под названием «Сорок басен» сборник выдержал уже несколько изданий.

В своих стихотворениях А. Б. не поет о любви, о женщине, о природе, у него нет ни высокопарных слов, ни крылатых фраз. Он простым и понятным киргизским языком поет о свободе, о нации — об угнетенной и отсталой киргизской нации, призывая ее к просвещению, к труду и к освобождению от вековой спячки и пробуждая в каждом киргизе чувства гражданства. Стихотворения А.Байтурсунова по внешней своей простоте, по внутреннему содержанию, легкости и равномерности занимают первое место в киргизской литературе. У А.Байтурсунова, кроме «Сорока басен», имеется еще небольшой сборник оригинальных и переводных стихотворений под названием «Маса» и несколько не напечатанных стихов лирического характера.

Через всю литературную деятельность А.Б. красной нитью проходят беспощадная критика и строгий анализ царской политики и протест против нее.

А.Б. — публицист и творец школы киргизской художественной словесности. Как публицист А.Б., не имея почти никаких материальных средств, в начале 1913 года основал в Оренбурге первую, в полном смысле этого слова, киргизскую газету «Казах», на страницах которой смело выдвигал нужды киргизского народа.

В программной статье, помещенной в первом номере «Казаха», А.Б., пояснив пользу и значение периодических изданий и, между прочим, намекая на колониальную политику царского правительства, пишет:

«...Народ киргизский, с давних пор занимавший определенную территорию, жил обособленною жизнью, теперь мы видим наплыв переселенцев в киргизской степи. Какова будет судьба наша в будущем? Судя по историческому ходу вещей, нетрудно предугадать, что, если пришлый элемент окажется в культурном отношении сильнее коренного населения, то со временем последнее должно быть поглощено первым. И наоборот: если оба окажутся в разной мере культурными, тогда только они смогут развиваться самостоятельно, существуя на одинаковых правах, и сохранить национальный облик свой. Теперь перелом в экономической жизни киргиз неизбежен. На удобные для хлебопашества земли насаждаются земледельцы, скотоводческие участки отрезываются для скотоводов пришельцев, а также отчуждаются и рыбные промыслы. Словом, всевозможными путями проникают в нашу среду чужие народности. Поэтому перед нами во всем своем величии вырастает вопрос, вопрос о самостоятельном существовании киргизского народа. Для того чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре; для этого мы обязаны первым делом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу. В этом отношении у нас дело обстоит далеко не благополучно. Современная киргизская интеллигенция, получившая образование в русских школах и татарских медресах, уже начинает пренебрегать киргизским языком, разговаривать и переписываться между собой на русском и татарском языках. Это уже плохой признак. Если это будет продолжаться и в дальнейшем, и если наши отцы и матери вопреки закону

природы не проживут сотни, тысячи лет, то нам придется навсегда проститься с киргизским языком, а вместе с тем и с киргизским народом, как с особой нацией. Если этого мы не хотим, то необходимо разрешить этот вопрос в корне и отныне приступить к усовершенствованию киргизского языка и литературы».

От этой идеи А.Б. никогда и ни на шаг не отступал. По этому поводу были на него нападки со стороны татарской печати, но А.Байтурсунов всегда давал должный отпор. Благодаря А.Байтурсунову, хотя бессознательно, но на самом деле поддававшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции, живо опомнилась и стала осознавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях в целях сохранения чистоты киргизского языка обусловливалась разговаривать между собой обязательно по киргизски, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее некиргизское слово платил 35 коп. штрафа в пользу ученических кружков.

Вскоре газета «Казах», как единственный орган, отвечающий культурным и общественным запросам киргизской жизни, завоевала общую симпатию и стала популярною в широких массах. Тогда как выходящие в то время газета «Казахстан» и журнал «Айкап», не находя среди читающей киргизской публики даже несколько сот человек, вскоре прекратили свое существование, «Казах» к концу первого года издания имел уже 3000 подписчиков. Насколько газета «Казах» была дорога молодежи, можно судить из того, что: ежегодно, в день выхода первого номера в свет, изо всех университетских и других городов, от учащихся киргиз получались в редакции приветственные телеграммы и письма.

Но зато «Казах» нажил немало врагов. За все время своего существования «Казах» вел систематическую борьбу с развивающимися в степи злоупотреблениями, разоблачая грязные поступки обирателей, взяточников и аферистов разных мастей. Они-то, зорко следя за каждым шагом и за каждой строкой «Казаха», занялись доносами, они переводили резко написанные и осуждающие действия в политике правительства статьи с комментариями от себя и представляли начальству. Поэтому то и дело производились в редакции обыски, то и дело А.Байтурсунова таскали к губернатору или жандармскому начальнику на допросы. В 1914 году за помещенную в №80 «Казаха» передовицу, где

А.Б. критиковал только что выработанный М.В.Д. проект положения об управлении Киргизским краем, оренбургский губернатор Сухомлинов оштрафовал А.Б. как редактора на 1500 руб. и в случае его несостоятельности постановил заменить штраф арестом А.Б. на 8 месяцев. Утрата 1500 рублей была бы равносильна закрытию газеты, поэтому А.Б. несмотря на слабость своего здоровья, заявил полиции, что он согласен сидеть, но платить штрафа не может. 20 октября А.Б. посадили в тюрьму. Пишущий эти строки подал телеграммы в разные города, известив друзей А.Б. о случившемся. В адрес редакции посылались переводы по телеграфу, и А.Б., не просидев и 45 дней, по внесении штрафа был освобожден. «Казах» и после этого подвергался штрафам на разные суммы, доходившие иногда до 3000 руб. (*в 1916 г.*), и всегда отзывчивые читатели аккуратно вносили штрафы, не доводя дела до ареста А.Байтурсунова или закрытия газеты. «Казах» просуществовал до октября 1918 года. Созданная почти из ничего и просуществовавшая в тяжелых условиях царско-полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду А.Байтурсунова, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, большой запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8000.

Таким образом, возглавляемая Ахметом Байтурсуновым газета «Казах» в истории молодой киргизской прессы заняла первое и почетное место. После февральской революции Ахмет Байтурсунов втянулся в водоворот общественно-политической жизни. На всех съездах, краевых и областных, он является одним из активных руководителей. После свержения царизма он занимал разные выборные должности и затем был избран в члены Всероссийского учредительного собрания от Тургайской области по списку националистической партии «Алаш». До 1919 г., находясь в рядах автономистов-националистов, а марте того же года Ахмет Байтурсунов, убедившись в пагубности для своего народа националистической политики правых партий, перешел на сторону Советской власти.

При Советской власти Ахмет Байтурсунов занимал разные ответственные должности и в то же время не прекращал учительско-педагогическую деятельность. В настоящее время состоит преподавателем Киргизского института и представителем Научно-литературной комиссии при Наркомпросе и почетным председателем Общества изучения Киргизского края.

В результате научно-педагогических трудов Ахмета Байтурсунова мы имеем киргизскую азбуку, фонетику, синтаксис и этимологию киргизского языка, теорию словесности и историю культуры. Этим кропотливым трудом Ахмет Байтурсунов поднял киргизскую словесность на высокую ступень и заложил прочный фундамент для национальной школы и родной литературы.

Стесняясь размером краткой биографической статьи, посвященной 50-летию со дня рождения Ахмета Байтурсунова, подробно останавливаться на литературно-научных его заслугах, к сожалению, не приходится, поэтому заканчиваем настоящую статью искренним пожеланием дорогому Ахмету Байтурсуновичу плодотворной работы на долгие годы на благо родного киргизского народа.

М.Дулатов.
Биографический очерк.
«Труды Общества изучения Киргизского края».
Вып. III. Оренбург, 1922 г.

АШТЫҚ ҚЫРҒЫНЫНАН ҚАЙТСЕК ҚҰТЫЛАМЫЗ?

(Қазақстан өкіметінің назарына)

Еділ бойындағы елдердің, айрықша татар, башқұрт һәм біздің бірнеше қазақ облыстарының аштық себепті күйзелушілікке, қырғынға ұшырап жатқанын, бұларға жәрдем керек екендігін естімеген ел жоқ. Өкімет қолдан келген жәрдемін істеп жатыр, күйлі елдерден азық салығын жиналасып жинап жатыр.

Біз бұл туралы бір нәрсе жазсақ, әрқашан қазақты қазаққа жәрдем беруге үндейміз. Мұның себебі, «Қазақ» десек қаны қызар, жанашыр дегендер де оған қарсы емес. Өзге себеппен, мәселен, қазір бүкіл Россиядан шеткі жұрттардан да аштар пайдасына азық-түлік жиналып жатыр. Бірақ бұл жәрдемдер кезінде қандай елдерге берілді, гәп сонда.

Теміржол бойындағы иә теміржолға жақын жердегі елдерге ғана жәрдем кезінде кешігіп берілуі мүмкін. Біздің қазаққа келсек, айдай анық мәселе көзге елестеп, көңілге келе қалады, ол не? — Ол, сорымызға қарай, қазақ арасында теміржолдардың жоқтығы, теміржол болмаған соң қандай мол жәрдем жиылса да, қазақ аштарына жетуінің қиындығы һәттә көп орындарда мүмкін еместігі.

Осы күні біздің Қазақстанда 15 үйездей ел ашығып отыр. Солардың ішінен теміржол 3-4 үйезден ғана жанап өтеді. Бұл үйездердің жігі — темір жол бойынан екі-үш жүз шақырымдық жер.

Жоғарыдағы себептер бойынша, жалғыз өкімет тарапынан көрсетілген жәрдемге ғана сүйеніп отырсақ, елдің күйін қырып аламыз. Өкімет жәрдемін көрсете берсін, ол өз алдына, өзіміз жұрттың қамын ойлауымыз керек. Рақмет дегенмен, ол өзінің қалтасынан ешкімді асырай алмайды.

Елді ел қылу, қырғыннан құтқару үшін азамат тегіс атқа міну керек. Бірақ азамат өкіметтен рұқсатсыз атқа міне алмайды: сондықтан қазақ өкіметі қазақты ел қыламын десе, закон жолымен бекітіп, аштар үшін күйлі елдерден жылу жинауға рұқсат етсін. Елге сенімді, білімді, таза азаматтарды бастық қылып, 20—30 бөлек комиссия шығарсын. Бұларға керекті күш-көмегін берсін. Комиссиялар үйезді, облысты ауданға бөліп араласын, жиналған малдарын жаз бойы ашаршылық болып жатқан жерлерге айдасын. Аш босқындарды аман елдерге көшіріп орналастырсын. Бөлек комиссиялардың комитеті болсын. Бұл мәселе қазірден қолға алынып, бірнеше кісілік ұйымдастырушы бюро тағайындалып, оған жоба жасау, кісі табу, іске кірісу міндеті тапсырылсын.

Біздің бұл айтқандарымызды тәтті қиял, ізгі тілек қана көріп, жүзеге асыруына ойланбайтын үмітсіз пікірлі жолдастар табылуға мүмкін. Олар ойлар: «...бұл қашан болады... неше жүз мың шақырым жерден жәрдем қалай жетеді... іске татыр азамат жаздыгүні жылу жинаумен кетсе, өкімет машинасы тоқталып қалмай ма... пөлен-түген...»

Мұндай пікірлер бола қалса, күнілгері жауап беріп қоямын. Мал жиналатын болса, 2-3 айда жетпейтін жер жоқ, бәрібір мұны қиынсынғанмен, бұл қыс та өтер, жаз да келер, тағы қыс жетер, осы күні өлексе жеп, сүйек кеміріп, тышқан аулап отырған елге жаз шыққан екен деп аспаннан астық жауар ма, жерден мал табылар ма! Ең болмағанда келер күзге шейін босқындардың біразын тасып, аман елдерге жеткізсек, аштардың бәрін бірден қарқ қылмағанмен, оннан, жүзден бірін өлімнен құтқарсақ аз олжа ма? Азамат жылу жинауға қараса, өкімет жұмысы тоқталады деп ойлау да қате болар. Шын айтқанда, өкімет кім үшін керек? Еліңнің көбі қырылғалы отырғанда, кімге жетісіп өкімет болмақшысың? Соның үшін «анау пөлен махкамаға тұлға еді. Мынау кетсе, қаран қаламыз» дегенді қойып, жігерлі, беделді, елге жаны ашитын азамат атқа мінсін, өкімет бұл жұмысқа бөгет болмасын, іске асырсын.

Бұл заманда болып отырған оқиғалар дүние жаратылғалы болмаған нәрсе болса, ішінара қазақ халқының басынан кешіп отырған қазіргі қара күндер өле-өлгенше естен кетпейтін жұмыс. Қазақтың өкіметі, Алаштың азаматы, мойындарыңдағы тарихи борыштарыңды өтейтін күн туды!

Мадияр.
«Ақ жол», 22 наурыз, 1922 ж.

АШЫҚҚАН ЕЛГЕ ЖӘРДЕМ ҚАЙТКЕНДЕ МОЛ ЖИНАЛАДЫ?

Қазақ халқының көбі ашаршылыққа, қырғынға ұшырап жатқаны талай жазылып, талай сөйленіп келді. Бұл апаттан қашан құтылғанша, қазақ халқы қашан қатарға қосылғанша газет біткеннің бәрі мұнан былай да үздіксіз жазып тұруға, азаматтар шыбындай қырылып жатқан алаш жайын ұғындырып, басы аман елдерді жәрдемге шақырып, дамылсыз үгіттеуге міндеттеуі тиіс. Оның үстіне құр жазу, құрғақ сөзбен ғана қанағаттанып отырмай, ел-елге кісі шығып, газетте жарияланған жоба бойынша мал жинауға кіріскелі отыр. Бірақ, осы мал, осы жәрдем қайткенде ойдағыдай тез һәм толық жиналады, өңгіме сонда.

Жасалған жоба бойынша, жиырма ірі қарадан бір ғана алсақ. Сонда жәрдем жинайтын азаматтар кез келген ауылдың кез келген бір үйіне ат үстінен сөйлес қылып, «біздің мынадай жобамыз бар. Жиырма малыңның біреуін, мына жақта бауырларың қырылып жатыр, соған бер» дегенге әлгі кез келген бір шеткі үй бар малын ортаға салып, жиырмадан бірін «мә» деп ұстата бере ме? Жоқ! Желкесін қасып, жерге қарап, бәз берудің орнына сөз бере ме? Бұл айтқанның қайсысы болатыны кімде-кімге белгілі. Мұнымен жұмыс бітпейді екен дейік те, қызмет иелері, болыс, ауылнайларға келіп: «Міне, қолымызда пәлен нөмірлі бұйрық бар. Айда, тез, малыңның есебін бер, тоқтаусыз жәрдеміңді жина», — деп бақыртамыз ба? Сонда болыс, ауылнайлар ап-анық есеп көрсетіп, оп-оңай түп-түгел мал жинап бере қоя ма? Бере қою қолдарынан келе ме? Ал, бұл да қиын екен дегенде, малы бар ауылдардың үстінен мылтық атып, шаңырағына қобыз тартып, қолынан болмаса жолынан алатын болдық. Сонда мән-жайға түсінген көрші ауылдар, өзге елдер малдарын алып сай-салаға, тау-тасқа қашпай ма? Бұл да қиын.

Хош, осы айтқанның бәрі де қиын, бәрі де Қорқыттың көрі болды. Енді қайттік.

Оның жолы мынау:

Қазақтың жақсысы да, жаманы да атқа мінгені — көбі шаруа — көбі момын, надан, соқыр, дүниеден хабарсыз. Бұлар мұрнының үстінде, көзінің алдында тұрғаннан басқаны, онан алысты көрмейді, одан арғыға ойы да, ақылы да жетпейді. Осы надандығынан, осы соқырлығынан көріп те келеді, азапты шегіп те келеді. Ал атқамінерлер, ел билегендер, жуан атаның тұқымдары, болыстары, билері, мырзалары, қара бұқараға қарағанда, көздері ашық, көңілдері тең. Алыс-жақыннан, жақсы-жаманнан хабардар, айтқанға түсінгіш, айтқызбай да білгіш, қара халықтың обалына да, сауабына да ортақ — осылар. Бұлар түзулікке бастаса, елге келер пәле жоқ. Бұлар көре-біле, өз пайдалары үшін мал басын қорғауға, көбінесе қашанда болса, елдің сөзін сорпадай қайнататын — осылар. Қазақтың жақсысы да, жаманы да атқамінерлер дейтін себебіміз осы. Бұрынғы замандарды, қазақ-қырғыздың тарихи оқиғаларын ұмыта қалдық па? Жоқ. Ұмытқанымыз жоқ. Сонда не көрдік? Көргеніміздің бәрі әлі күнге дейін ойымызда, әлі күнге дейін есімізде.

Баяғы ақтабан шұбырындыдан кейін қазақ-қырғыздың басына келген бір апат 16-жылғы соғыс майданына жұмыскер алу еді. Сонда біздің атқа мінгендеріміз, байларымыз, молдаларымыз, қожаларымыз, мырзаларымыз, билеріміз, бектеріміз, тағы басқаларымыз не қылып еді? Оның бәрі ертегі емес. Бастан-аяқ сөйлеудің қажеті жоқ. Сонда біздің жақсыларымыздың уағыз, насихат сөйлегенде тілдерінен бал тамған, жаны ашығансып, қамыққанда жүректерінен қан тамған. «Ойбай, байғұстар, қор болмандар, балаларыңды беріңдер, пәледен құтылыңдар», — деп отырып, өңкей кедейдің, сорлының баласын майданға айдап жіберіп, өздері үйде қалған. Соның әлегінен кейін елдің неге ұшырағаны тағы бәрімізге мәлім. Сонда біздің жақсыларымыз кісі қолымен от көсемей, өздері жұрттың алдына түссе, бермейтін болса, жұртты бермеуге үндеп, не болса да бірге көріп, беретін болса, алдымен өз балаларын берген болса, ел бүлінер ме еді, қажыр ма еді? Босар ма еді, қарайлар ма еді? Онан кейін де талай оқиғалар болған. Кеңес өкіметінің тұсында да қара жұмысқа да, солдат қызметіне де қазақтан жігіт алынған, шығын жиылған. Сонда тағы да біздің жақсыларымыз басшылық қылып па еді? Өңкей сорлыны айдамады ма, халық қан жыламады ма? Үнемі біздің байларымыздың, атқа мінген жақсыларымыздың қатындары неге қысыр қала береді, пәлен жылы туған балалары оларда неге жоқ бола береді? Кедейдің

баласы мен тым болмаса бір жақсының неге бір жыл туған баласы, құрдасы болып шықпайды? Мұның бәрі — елге жаны ашымағандық. Өзгенің бәрі отқа жансын, суға батсын, мүрдем қатсын дегендігі. Әйтпесе, біздің жақсылар басшылық қылып отырса, өзге жұрт пәленшеден жанымыз қадірлі ме, солардың баласынан біздің балаларымыз аяулы ма демес пе еді? Әшейінде аюдай ақыратын, айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізетін жуандар өздері мал мен басын бәйгеге тігіп отырғанда, олардан жырылып, ақыл-айла тауып, күшеніп, көнбей қалатын қазақ баласы табылар ма еді? Әрине, жоқ.

Енді мына жұмысқа келелік. Баяғысы, ақтабан шұбырынды, өлгі елдің басынан кешті деп отырған соңғы жылдардағы оқиғалар қазіргі қазақ халқының басынан кешіп отырған ашаршылық апатының қасында ойыншық болып қалды. Енді алты алаш, алты миллион елім бар деп үйде отырып, өзіңді толтыратын қазағың жоқ болудың алдында тұр. Күні кеше құлан, киіктей емін-еркін жүретін жұрт, жортып жүріп сайран еткен Сарыарқаң қан сасып, топалаң тиген қойдай қырылған адам өлексесіне толып, сасық жел ескелі отыр. Қазақ күйі осындай болған соң, аман елдегі басшыларымыз бұрын да солай болған деп, өкпелеп, күдерімізді үзе алмай отырмыз. «Қарғайын десем жалғызым...» деп қайырылып, соларға тағы келіп отырмыз. Өйткені бұрын әділетті, мейірімді кім болса да, бұл жолы қазақ халқының көпшілігі бай-кедей, жақсы-жаман, кәрі-жас демей, тегіс ашаршылық апатына ұшырап, елдіктен, жұртшылықтан кетіп бара жатқанда, жақсыларымыздың адамгершілік, ұлттық бауырмалдық, рақымшылдық сезімдері оянар деп үміт етіп отырмыз. Жайшылықтағы өзімшілдік мінездерін тастар. Екі дүниеде лағынет естуден сақтанар. Бір үзім нанға, бір жұтым суға зар болып, көзі қарауытып, қара таласып, жан ұшырып, әзірейілмен алысып, Алласын қарғап, ерні жарылып, демі бітіп өліп бара жатқан мұндас, қандас, бейшара бауырларының қарғысынан қорқар деп сенеміз. Сондықтан да елге уәкіл болып шыққалы отырған азаматтарға айтатынымыз: ел-елдің атқа мінгендерін, басшыларын, тектілерін дереу жинап алу керек. Қашан сол елден жәрдем жиналып біткенше, оларды қастарынан тастамау керек. Не жұмыстың бәрін солар арқылы істеу керек. Ел басшыларының міндеті — елге шын басшылық етіп, алдымен өздері малын жасырмай, тиісті жәрдемдерін түгел

беруі керек. Бұлар көсемдік қылып отырса, малын жасырып, тартынып қалар қазақ болмайды. Бұған көзіміз анық жетеді. Қайтейік, мынау көнбейді, анау болмайды деген сылтаудың сонда түбіне су құйылады. Біздің атқа мінгендеріміз дәл осы айтқанды істесе, алаш алдында, адамгершілік алдында, тарих алдында борыштарын өтегені, бұрынғы қателерін жуғаны. Мұны істемесе, екі дүниеде бірдей қаражүзді болғаны. Аштан қырылып жатқан қазақ баласының төңірі алдында екі қолы солардың жағасында.

Мадияр.
«Ақ жол», 12 тамыз, 1922 ж.

ТҰРМЫС, САЛТ-САНА, ОҚУ

Адам баласының не бар көрген-білгені ақылына тоқылып, миына суреттеліп, тізіле береді — мұны сана дейміз.

Малшылық, көшпелі дәуірінде күнелткен қазақ баласының көретін, білетіні:

Мал семіз болу үшін жайлаудың оты, суы бірдей жағымды болуы керек; қымыздан артық сусын жоқ; шайнаманың сүйкімдісі жылқы еті; үй ішінің қожасы — еркек, әйел еркектің ынғайымен жүріп, айтқанын істейді; баланың билігі әкесінде, әкесінің сөзін тыңдамаған бала — бейбастақ, көргенсіз аталады. Ауылдың билігі ақсақалда, ақсақалға бағынбаған ауыл бетімен жайылған, бассыз, берекесіз аталады; бірнеше ауылға қожа болып, айтқанын істету үшін ауылнай, болыс болу керек, орысша оқып, заң-законderді жақсы білетін кісі онан да артық дәрежеге жетеді. Епті жігіт әкімге, байға жақын болып, бұқараға қадірлі, айбынды бола келе, түбінде өзі де әкім болып иә байып шығады. Бейнетсіз күнелту үшін бай болу керек. Жердің қыртысын аударып, егін екккеннен де мал өсіріп кәсіп қылған оңай да, сыпайы да; епті жігіт болып, мал тапқан онан да жеңіл, онан да сыпайы; әкім болып алып, басқаларды олжа қылған онан да артық сыпайы; ештеме түсінбейтін анайы бұқараның көзін уқалап, алдап алу — жебірлік, қорқытып алған — күштілік; жебірлік пен күштілік бір кісіден табылса, ол бай болмай қоймайды; жебірлік, күштілік, байлық — үшеуіне бірдей ие болған кісі — құдайдың артық жаратқан ардақтысы.

Және де осы сықылды қазақ тұрмысының толып жатқан тараулары, осындай тұрмыста туып, осындай тұрмыста

өскен Сәңкібайдың да, Жылқыбайдың да көрген-білгені осы сықылды қалыптар; бұлар екеуінің де миына сіңіп суреттелген; бұл суреттерден Сәңкібайлардың санасы құралған.

«Адам мен адамның арасы жер мен көктей» деген қазақтың ескі мақалы бар. Адам мен адамның арасы дәл сондай болмаса да, бірі мен бірі бірдей екі кісіні бүтін дүниеден іздеп табуға болмайды; бір кісінің екінші біреуден, сыртқы пішініне қарағанда, айырмашылығы қандай болса, екеуінің санасы да сондай екі түрлі деуге болады. Жылқыбайдың санасына салғанда: мезгілсіз қонақтың үй ішін бимазалағаннан басқа түк қасиеті жоқ десек, ондай үй Сәңкібайдың санасына үйлеспей шығуы да мүмкін. Сәңкібайша: қонақ — үйдің ырысы, қонақсыз үй — сорлы үй деген қисындырақ болып шықса да ғажап емес. Бірақ Сәңкібайдың да, Жылқыбайдың да тәрбиелеген тұрмыстары бір-біріне ұқсас; екеуінің тұрмыстары біріне-бірі қанша жақын болса — екеуінің санасы да біріне-бірі жақын болмақ. Екеуінің санасы дәл бірдей емес. Сәңкібайдың санасында өзіне ғана меншікті ұғымдар бар; Жылқыбайдың санасында Сәңкібайда жоқ сипаттар бар – екеуі екі түрлі екені рас. Сөйтсе де, Сәңкібайдың санасындағы ұғымдардың көбі Жылқыбайда да бар; Жылқыбайдың миына сіңген суреттердің көбі Сәңкібайда да бар. Бұлар — екеуінің ортақ ұғымдары, екеуінің басына бірдей орналған ортақ суреттер. Жылқыбай да, Сәңкібай да — бір басты, екі аяқты адам; екеуі де ойындағысын тілімен жеткізіп айта алады; бұл һәм басқа осы сықылды екеуіне бірдей сыртқы сипаттардан бұларды басқа жануарлардан айырып тани аламыз. Мұның үстіне: Сәңкібай да қазақ, Жылқыбай да қазақ; екеуінің де шашы, сақалы, мұрттары қара, екеуінің де бет сүйектері шығыңқы, екеуі де қазақша сөйлейді; мұндай сыртқы сипаттарына қарап, екеуін орыс, ноғай сықылды басқа ұлттардың адамынан айырып тануға болады.

Жалпы қазақтың басқа ұлттардан айырылатын, өзара бәріне ортақ сыртқы сипаттары қандай болса, жалпы қазақтың бәріне бірдей ортақ, орыс, ноғайлардан өзгеше, тек қазаққа ғана меншікті ұғымдары бар, тек қазақтың ғана миына сіңіп орнаған, жалпы қазаққа бірдей суреттер бар. Барлық Жылқыбайлардың, Сәңкібайлардың бәрінің санасын жиып алып, талдап тексергенде, бәріне бірдей ортақ ұғымдар, ортақ суреттер шығады; бұл — бүкіл қазақтың

бәріне бірдей ортақ санасы, мұны қазақтың салт-санасы дейміз.

Жоғарыда айтқан, жылқыны қыс тебінге салып баққан дұрыс; бейнеттеніп көсіп қылғаннан да, ептілік, күштілікпен мал тапқан «сыпайы»; һәм басқа сондай ұғымдар, суреттер қазақ баласының бәрінің де миына сіңген десек, бұлардан құралған сана бүкіл қазақ халқының салт-санасы болады.

Әр елдің қолданған салт-санасы сол елдің көсібімен байлаулы. Салт-сананың негізі — елдің қолданған көсібінде. Ортақшылдар партиясының айнымайтын иманы, ұстаған жолының түбірі — салт-сананы туғызатын тұрмыс деп білу. Мұны анықтап айтқанда, «тұрмыс» деген сөздің орнына «көсіпті» қойып, «салт-сананың әкесі — көсіп» дейді. Мұның растығына жалғыз ортақшылдар партиясы ғана емес, тұрмыстың жайын талдап тексерген ғалымдардың да көбі иман келтіреді.

Жалпы қазақтың тұрмысы, қолданған көсібі жұрттың бәріне мәлім; қазақтың салт-санасы сол қолданған көсібіне сәйкес. Ұлы төңкеріс болып, Кеңестер һүкімет түзгелі 5 жылдан асып бара жатыр. Һүкіметтің мақсаты — елдің тұрмысын түзеп, көсібін алға бастыру; салт-санасын ескіліктен орнап қалған теріс ұғымдардан тазартып, ағартып шығару.

Салт-сананың әкесі — көсіп деп сенсек, бұл айтылған екі мақсаттың алғашқысы орындалмай тұрып, соңғысы да іс болып шықпайды деп білуіміз керек.

Бірақ әкенің де әкесі болады, баланың да баласы болады. Жерге көмген тарының дәнінен сабағы өсіп шығады; тарының сабағы өсе келе гүлденіп, басына дән бітеді; бұл жаңа дәнді тағы да жерге көмсек, онан тағы да тарының сабағы шығатын. Тарының сабағын туғызған — дән; бірақ өсе келе сабақ өзінен де дән шығара алады. Елдің салт-санасын туғызатын — елдің көсібі; көсіп өзгеріп алға басса, онан елдің салт-санасы да өзгереді. Салт-сана өзгеріп ілгері басқанда, тарының сабағы сықылды, өзін туғызған көсіптің өзгеріп ілгері басуына да себеп болады. Көсіп салт-сананың себебі, салт-сана көсіптің салдары екені рас, бірақ өсе келе, солардың өзі қайта соғып, бұрынғы себепке себеп болып та шығады.

1917 жылғы Ұлы төңкерістен бері қарай Кеңестер һүкіметінің қолданған саясаты — сол Ұлы төңкерістің салдары деуге болады; бірақ дұрысы: саясат — сананың өз ісі; саясат-

тың тұрмысты қандайлық өзгерте алатынын, Кеңестер hүкіметінің саясаты елдің тұрмысына қаншалық себеп бола алғанын — елдің 17 жылдан бергі тұрмысы көрсетіп отыр. Онан бергі саясат пен тұрмыс елдің салт-санасын да бұрынғы күйінде қойған жоқ; саясаттан өзгерген тұрмыстың салдары атам заманнан бергі дерлік бір күйден айнымай жатқан қазақ халқының салт-санасына да тиді: патшасыз мемлекет болу, адам баласының бәрі бірдей hүкімет алдында тең болу, бай кедейге айтқанын істете алмау, елдің өз билігі өзінде болу сықылды ұғымдар бұрын қазақ халқының салт-санасына жылқыны үйірлеп, үйір басына бір-бір айғыр салмай өсіру, қасқыр мен қойды бір қораға қамап бағу, қошқарға мезгілімен күйек байламау сықылды, үлеспейтін еді. Қазақтың миына сіңіп тоқылған ұғымдар, суреттер: «А, Құдайым ханды алмағай, қара қазақ ханды алып сандалмағай»; «Бай — жарлының азығы, жарлы — байдың қазығы»; «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» деген сықылды бата-тілек болып, мақал болып шиеленген еді. 1917 жылдан бергі саясат пен тұрмыс қазақтың салт-санасынан осы сықылды теріс ұғымдарды мүлде жоғалтып жібермегенмен, шиеленген түйіндерін бірсыпыра босатып, «бұл қалай?» деген ойға қалдырғаны жұртқа мәлім. Бірақ қазақтың салт-санасындағы ескі ұғымдардың бұл күнге шейін бұрынғы күйінен айнымай келе жатқандары да аз емес. Ондай ұғымдардың бірі — «кәсіп қылып әуре болғаннан да, ептілікпен тапқан артық; бейнеттеніп кәсіп қылу, ептілікпен салыстырғанда, кемшілік, бишаралық; ептілік онан көш ілгері сыпайы; күштілік онан да сыпайы; мұның бәрінен де, әкім болған артық» деген сықылды ұғымдар. Тұрмыстың негізі — кәсіп. Кәсіпке себеп болуға жарайтын салт-сананың ең күшті ұғымдары — кәсіп тақырыпты ұғымдар. Қазақтың кәсіп тақырыпты ұғымдары осы күнге шейін былқ етпей, Құдай ұрған күйінде тыныш жатыр.

Қазақтың тұрмысын түзеп, салт-санасын ағарту үшін алдымен осы ұғымдарды жөнге салу керек.

Салт-сана — тұрмыстың салдары, салдар қайта соғып, себепке себеп те бола алады; салт-сананың салдарынан тұрмыстың өзгерілуі де мүмкін деп едік. Тұрмыс пен салт-сана бірі — себеп, бірі — салдар болып, алғы біріне-бірі тете тиіп, жалғаса бермейді. Себеп пен салдардың арасында түрлі буындары болады. Орыс мемлекетінің 1917 жылдан бұрынғы

тұрмысы, кәсібі, саясаты сол кездегі салт-сананы туғызған. Соғыс уақытындағы саясат төңкерісті туғызады. Ақпан төңкерісі, онан кейінгі саясат Қазан төңкерісіне себеп болды; онан бергі саясат елдің тұрмысын, салт-санасын өзгертті. Мұнан: тұрмыс пен салт-сана бірі — себеп, бірі — салдар болғанда, біріне-бірі төте келіп жалғасуы да мүмкін, арасына басқа түрлі себеп, салдарлар кірісіп, буындалып жалғасуы да мүмкін екенін көреміз.

Тұрмыс пен салт-сана біріне-бірі буындалып жалғасқанда, арасындағы буындарының бірі — оқу болады.

Оқу — елдің тұрмысының, кәсібінің салдары болған салт-сананың ісі.

Қазақтың салт-санасында оқу — тақырыпты ұғымдардың ең күштісі, жаңағы айтылған: «бейнеттен жирену»; тегін олжаға қомағайлық; ептілік, күштілік, әкімшілікті сүю сықылды кері кеткен ұғымдар. Бұл уақытқа шейін қазақ балаларын оқуға ұмтылтқан ұғымдар да осылар; оқу жұмысына кесірі тиіп жүрген ұғымдар да осылар.

Қазақ баласын оқытқанда, бейнеттеніп көсіп қылмай, оңай олжа түсіретін епті болсын деген мақсатпен оқытатын. Бірақ патша заманында қазақ баласы оқимын деп қанша талаптанса да, үлкен төрелікке қолы жетпейтін, оқып шыққан қазақ жігіттерінің көбі учительдік, мұғалімдік дәрежесінен асып кете алмайтын, тек ілуде бір ептірегі тілмаш, хатшы сықылды елге көрнектірек лауазымға ие болатын.

Қара жұмысқа айналып бейнеттенгеннен, бала оқытып учитель, мұғалім болу да елдің көзінде едәуір қадірлі болған себепті, оқып шыққан қазақ жігіттерінің көбі учитель, мұғалім болуға да қанағаттанбайтын. 1917 жылғы төңкерістен бері қарай хат жаза білетін қазақ азаматтарының учитель, мұғалімдіктерден жоғары лауазымдарға да қолы жетті, бұрын учитель, мұғалім болып жүрген азаматтар атқару комитеттеріне мүше болып, комиссар болып, түрлі әкімшіліктің де дәмін татып көрді. Бұрын амалсыз ала-қоңыр орындарға қанағаттанып жүрген азаматтар даңқы зор, ел көзінде салмақты орындарға ие болып, өзінен төменгілерге айтқанын істетудің, алдына келгендердің қалтырап, тітіреп, түсі қашып, қорқып тұрғанының, жалпы жұртқа қадірлі, дүшпанға айбынды болудың қаншалық қызық, рақат, көңілді болатынын жете түсініп, біліп алды.

Енді ол азаматтарды бұрынғы күйіне түсіріп, қазақтың кеще балаларына өнешін создырып, «а» — «та» дегізіп, сөзді буынға, буынды дыбысқа бөлдіріп, әуре қылу — ешкімнің қолынан келмейтін жұмыс. Бала оқытатын мұғалім, учитель бұқараның көзінде қандай қадірлі екені бұқараға да, оқығандарға да мәлім. Оларды сыйласа, сыйлайтын тек оқып жүрген балалардың әке-шешелері ғана; былайғы жұрт оларды көзбе-көз құрметтегенде де немқұрайды қылып құрметтейді, ішінен «қолынан дәнеме келмейтін болған соң, бала оқытып жүргені ғой» дейді. Бала оқытушыларға мұндай көзқарасы елдің салт-санасына шиеленіп байланған, бала оқытушылар оқыған азаматтарымыздың да, бала оқытушылардың өздерінің түсінуінше — солай.

Елдің — надан бұқараның да, оқыған азаматтарымыздың да (*олардың ішінде оқытушылардың өздері де бар*) салт-санасынан мұндай пікірлер шығып, «бала оқытушылар бишара емес» деген ой орнағанда ғана бұрынғы учитель, мұғалімдер бұрынғы орындарынан жиренбей, қайтадан мұғалім, учитель бола алады. «Учитель, мұғалім — бейшара» деген ұғым осы күнгі күйінде елдің салт-санасынан шықпай, орнығып тұра беретін болса, учитель, мұғалімдерді бұрынғы орнына ешкім айдап апара алмайды. Учитель, мұғалімдер бала оқыту жұмысына кіріспесе, оқу жұмысы тақырыпты газет-журналдардың бетінде жазылған әдемі сөздердің бәрі де амалсыз құр сөз болып қала береді.

Оқу салт-сананың өзгеруіне себеп бола алатыны рас, бірақ мұны тұрмыстың (*кәсіптің*) күшімен салыстырғанда, жоқтың қасында болып шығады. Оқымаған қазақтың санасы мен оқыған қазақ азаматының санасын салыстырып тексерсек, екеуінің арасы тым алыс емес екенін көреміз.

Бұрын орта дәрежелі школдарда оқып жүретін қазақ азаматтары елінен бір епті, пысықтау (*момын бұқараны біріне-бірін соғып, оңай мал тауып үйренген*) туысқаны келсе, оны школдағы жолдастарына көрсетіп, өзінің сондай жақсы кісінің жақыны екеніне ішінен мақтанып, мәз болып қалатын. Басқа бір жамандау киім киген (*ешкімнің ақысын жемеген, момын, шаруа*) туысқаны иә өкесі кездесе қалса, оны былайғы жолдастарына өзінің туысқаны екенін де білдіргісі келмей, «Сені сұрап келе беретін бұл кім?» деп сұраған кісіге жөнін айтпай, айтса: «Біздің елдегі бір бишара көршіміз еді» дей салатын.

Университетте оқып жүрген белгілі бір азаматымыздың Европа соғысы уақытында елінде тұрып, әскердің азық-түлік жұмысын басқаратын бөліміне ат, сұлы сатқанда, орыс офицерлерін қалай алдап, соғып кеткенін айтып, мақтанғанын жазушы өз құлағымен естіген. Біреуді алдап өтін алатын қулар қазақтан басқа елдердің оқығандарында да болмайды емес. Бірақ ондай іс — басқа жұрттардың салт-санасынша мақтанарлық жақсы іс емес, басқаға айтуға ұялатын бұзықтық.

Қазақтың жалпы бұқарасының салт-санасына сіңген теріс ұғымдардан біздің оқыған азаматтарымыз да құтыла алмаған.

Ешкімге қиянат қылмайтын момыннан епті лікпен басқаларды олжа қылып жүрген қуларды артық деп білу — жалпы бұқараның да, көзі ашық оқығандарымыздың да салт-санасында бар, учитель, мұғалімдерді басқалардан төмен деп түсіну де қазақ баласының салт-санасына (*«сен оқымағансың, сен оқыған екенсің» деп талғамай*) тегіс сіңген.

Салт-сананың әкесі — жоғарыда айтылған тұрмыс, кәсіп. Елдің салт-санасы сол елдің қолындағы кәсібімен шиеленіп байланған. Көшпелі, мал баққан елдің салт-санасы өзіне басқа; егіншінікі — өзіншe, фабрик, зауыт иесі байлардың салт-санасы біртүрлі. Сол фабрик, зауыттарда қызмет қылатын жалшылардың салт-санасы екінші түрлі. Егіншілердің арасында тұрып тәрбиеленген бала егіншілердің салт-санасына ортақтасады; фабрик, зауыттарда қызмет қылатын жалшылардың ортасында өскен баланың миына сол жалшылардың салт-санасындағы ұғымдар сіңген.

Орыстың қаласында көп жылдар күтуші болып тұрған қазақ пен қырдағы қазақты салыстырсақ: орыс ішінде тұрған қазақтың, қырдағы қазаққа қарағанда, тұйық, алыс-бериске жоқ, өз керегі өзінде, жоғын кісіден сұрамайтынын, қара жұмыстан жиренбейтінін көреміз. Орыстың оқыған сыпайы кісілерінің арасында өскен қазақ азаматын басқа қазақпен салыстырсақ: артықша сыпайы, қыз мінез, сөгіс сөзге аузы бармайтын; елге шыққанда аңқаулау бір шал: «Осы үйдің қатыны қайда кеткен, баласының боғын тазартпай не қылып жүр» дегенде, сол сықылды әдепсіз сөзді естігенінен ұяты қызарып, бетіне шығатынын; қазақтың бірсыпыра әдетін біле тұрып, ұмытып кеткенситінін; үлкен әкімшілікке қолы жетпей жүргенін ешкімге сездірмеу үшін ондай орындарды өзінің жаратпайтынын айта отыр-

маса, көңілі көншімейтінін және сол сықылды бұқарадан артық қалыптарын көреміз.

Оқыған азаматтарымыздың салт-санасы оқымаған бұқаранықінен соншама басқаланып шығуына анық қолданған кәсібінің басқалығы себеп болған. Сөйтіп, салт-сананың өзгеруіне оқудың қаншалық себеп бола алатынын тұрмыстың, үйренген кәсіптің күшімен салыстырсақ, оқудың әсері жоқтың қасында болып шығады.

Сөйтсе де, оқу керек; оқуды пайдасыз деп ешкім айта алмайды. Оқудың салт-сананы ағартуға тіпті септігі жоқ емес, аз да болса, оған да пайдасы тиеді. Оқудың салт-санаға әсері, тұрмыспен салыстырғанда, өте нашар болып отырғаны — асыр емес; осы күні оқудың өзіне кесірі тиіп отырған елдің бейнеттен жиренетін, оңай олжа,ептілік, күштілік, шенқұмарлық мінездерін түзей алмағаны — оқудың тәртібінен.

Төңкерістен бұрынғы оқу құрғақ сабақ болатын; ол кездегі оқудың ең жақсысы: ғылымның түрлі заңдарын, ережелерін оқытушы балалардың миына қонарлық дәлелдермен ыспаттап, түсінікті қылып айтып беру еді; балалар тұрмысқа пайдалы ғылым заңдарын қанша жақсы білгенмен де, оны өз қолымен іске асырып пайдалана алмайтын еді; миына тоқылған өнерді қолымен істеп үйренбейтін еді. Сондықтан оқудың істейтін іске, қолданған кәсіпке, тұрмысқа жөнді әсері болмайтын еді; сондықтан оқу салт-сананы да теріс ұғымдардан тазартып, өзгерте алмайтын еді; оқыған азаматтарымыздың салт-санасы да оқымаған бұқаранықінен тым артылып кете алмайтын еді.

Елдің салт-санасын ағартып, тұрмысын түзету үшін Кеңестер һүкіметі оқуға жаңа жол шығарған. Оқудың бұл жаңа жолы Қазан төңкерісі болысымен-ақ декрет болып жарияланғанмен, бұл уақытқа шейін Қазақстан Республикасында көзге көрінерлік болып жүзеге шыққан жоқ, түрлі себептермен бұл уақытқа шейін һүкімет оқу жұмысын көңілдегідей реттей алған жоқ. Оқуға кесірі тиген түрлі апаттарды жеңіп, оқу жұмысына һүкімет енді белсеніп кіріскелі отыр. Кеңестер һүкіметі шығарған жаңа оқудың тұрмысқа, салт-санаға қанша әсері болатынын мұнан былай, осы жаңа оқуды оқып жүрген балалар азамат болып шыққанда ғана көзбен көруге болады; әзірге оны, тұрмыстың түрлі заңдарымен салыстырып, тек ақылмен ғана жорып шамалай аламыз.

Кеңес һүкіметінің бала оқытатын мектептерін баулу мектебі дейді, мұның мәнісі: балалардың ақылына тоқылған білімін, құрғақ білім күйінде қалдырмай, іске асырып, баланың ойымен түсініп, білгенін қолымен істетіп, баулып үйрететін мектеп деген сөз. Баулу мектептерінде оқыған бала, ғылымның түрлі заңдарын ақылына тоқып, жаттап алғанның үстіне, ол заңдарды іске асырып, өз қолымен іс істеп үйренеді. Мұнан: бала жасынан еңбекке үйреніп, бейнеттен жиренбей, бейнеттің адамгершілікке зияны жоқ екенін, тұрмысқа аса пайдалы екенін жаны-тәнімен бірдей түсініп шығуға тиіс; жасынан еңбек қылып, еңбекті сүйіп үйренген баланың санасында еңбектен жиренетін теріс ұғым қалмасқа тиіс.

Сананы тәрбиелейтін — кәсіп пен оқу; санаға оқудан да кәсіптің әсері артық дегенбіз. Бұрынғы оқу кәсіпсіз құрғақ оқу болғандықтан, сананы кәсіптей тәрбиелей алмайтынын көргенбіз.

Жаңа оқу — бұрынғыдай құрғақ оқу емес, кәсіпке, бейнетке баулып үйрететін оқу. Сондықтан жаңа оқудың салтсанаға тиетін әсері тұрмыстың, кәсіптің әсерінен артық болмаса, кем болмасқа тиіс.

Таймінер.
«Қызыл Қазақстан» журналы, 1923 ж., №15.

ДІН ҺӘМ ҒЫЛЫМ

Дін қараңғылық, қара түн мысалында болса, ғылым жарық күн мысалында. Түн мен күн табиғат заңы бойынша «жанаса бір-біріне жақын жүрсе», дін мен ғылым еш уақыт жанаса алмайды. Арасы бітім таппағасын дұшман қараңғы түн жаратылысы ұйқыға кетеді. Ботасын иә бұзауын алмаған сиырды, түйені қазақ қараңғы жерге байлап телиді. Қараңғылық басын айналдырады. Жеруін қойып, түйе баласын алып шығады.

Қай уақытта болса да дін шығарған пайғамбарлар жарық дүниеден қашып, таудың қуысына барып, қалтырап, қараңғы жерде «Құдаймен сөйлеседі».

Бақсы жын шақырғанда екі көзін тас жұмып алады. Міне, осы сияқты дін жұмыстары қараңғылыққа бой ұра береді.

Дін болған жердің негізі — мінеусіз төкаппар бір күш. Бұл күштің аты — құдай. Құдайдың қай діндегі болса да төржі-

мө халін алсақ, ақылға сыймайтын ақымақтық: кей діндерде Құдай үлкен шаңырақ мүйіз өгіз суретінде, кей діндерде арыстан суретінде, кей діндерде сөукеле қара сақалды адам суретінде болған...

Ғылым табиғаттың күштерін, жаратылыстану мінездерін тапа-тал түстің жарығында тәжірибелеп шегіп, адам баласының көзін, көңілін аша берген. Дінмен дұшман деп... тынымсыз тартысты сала берген. Дін жеңілген иттей шегініп, «ағаш құдайды» тастап «темір құдай», «темір құдайды» тастап «өгіз құдай», «арыстан құдай», «сөукеле сақалды адам Құдайды» малданып, қашық бағытпен баса берген. Ақырында, Мұхаммед отағасы: «Мен бір атпен шауып барып сөйлесіп қайттым. Құдай басқа діндердің бәрін де мансұқ жасады. Ақырғы дін — ислам діні. Бұдан былай құдайды былай тану керек: жалғыз, күшті, жаны жоқ тірі, орны жоқ, өлшеуі жоқ, заты жоқ... бірақ 8 жұмағы, қора-қора хорлары, 7 тамұғы, патшалардың бас алғыш жендеттері сияқты азап періштелері бар, міністр, шенеунік, атарман-шабармандары бар, көр ғазабы, сарай көпірі, тергеп тексеруі бар...» деп, ескі шабаталардың... біреуінің өкшесін, біреуінің ұлтанын, біреуінің сіресін алып құрап, шабата тіккен кедей етікшідей дін шығарды.

Шабата... өзексіз өлі дүние: қанша майлап-сылағанмен күн санап кеми береді. Күні қайтып, тарылып, аяқ өскен сайын тынышсыздандыра береді.

Надан ел қойдай маңырап, жаңа дінге ду қоя берсе де, уақыт өткен сайын өмір аса жай, шабан болса да ілгері басады, өседі. Дін кебеді, құрайды, астының мысы шығады. Аяққапсыз шабатадай болады.

Сөйтіп, дін — ғылыммен қайшыласып, әр уақытта әр жерде адам баласының басын айналдырып, бағына кедергі болған нәрсе. Дін адам баласына, адам қоғамдарына, һәттә жеке адамның аяқ-қолына тұсау, басына томаға, көзіне шел болады.

Қазақта «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген мақал бар. Бұл мақал көп тәжірибе шегумен көшпелі надан қазақ елінде аурудың жұғатынын түсінгендігін көрсетеді. Бірақ мұнымен қатар «тағдырдың жақсысы да, жаманы да құдайдан» деген діннің сөзі бар. Дінге соқыр нанған қазақ басы айналып, тәжірибе шегіп, көзі көріп отырған анықтығын тастап, молда айтқан танымға еріп, қаны шығып

тұрған неше түрлі жұқпалы ауруы бар адамдармен бірге жатып-тұрып, бірге ас ішіп, ертеңіне өзі ауру болып шыға келеді. Бұл — діннің пәлесінің ең кішкентайы.

Не себептен дін тырмысып қалмайды? Діннің қалмайтыны — дін әділсіздіктің үлкен қаруы. Байлар һүкіметі, жерлі манаптар, ұзын жең молдалар тамақ асырау жолында дінді қару етеді. «Құдайдан келген кітаптардың» қайсысын да болса ашып қалсаңыз, «хакімге итағат, молдаға хұрмет, хожаға бой ұсыну» деген сияқты уағыз-насихат шыға келеді. Әділсіздік ғылымды да малданбақ болған, бірақ байдың иә молданың көніліне қарап, ғылым 2х2=4 деген заңын бұза алмайды. Қанша қошқар мүйіз сынса да, ғылым көріне жолдан шыға алмайды. Айқын өтірікті ғылым атынан Милюков та айта алмайды. Сондықтан әділшілік дұшмандары бірте-бірте ғылымнан безіп, сұлу аттай сылап, жалғыз дінді малданып қалған. Діннің тырмысып қалмайтын мәнісі осы. Бірақ қанша тырмысса да шабатамен мінездес,... заттас болғандықтан дін де тоза бермек.

Ислам дінінде Мұхаммед қатынды 4-ке дейін алыңдар деп, ыссы қаны тасып айтатын, тегіс ұстай алмаймын деп қорықсандар біреуден алу жөн деп, қайқаң ете түскен. Мұхаммедтің артынан ишандар шығып, шабата жамаушы етікшідей дінді ыспалап, әр жердің тұрмысына сығып жанастырғысы келген. Бұл бағытта бір имамның ақ дегенін екінші имам қара деп кеткен, бір имам аң терісін киген арам дегенде, екінші имам доңыз терісінен басқаның бәрі адал деп рұқсат еткен. «Дінді бытырамай қолданыңдар» деген Мұхаммед сөзі жайына қалған. Бұл діннің қанша айтақшысы болса да, өмірге айқасқан жерде тозып, тұра алмайтынын көрсетеді. «Тәкаппар, теңдесі жоқ, күшті құдайдың» жолы екенін көрсетеді.

Біздің заманымызда ислам дінінің өмірі мен ғылым арасы ырсиып ашылулы. Діннің көп жолы ғылым жолына соқтырып, арбасы қирап сынулы, бұлағы суалулы. Осындай уақытта «түрлі шеберлер» шығып, адам болған жер тамұқта мәңгі қалмайды. Тек мұсылмандар жұмаққа барады деу — Мұхаммедтің сөзін түсінбегендік. «Әлрахман» сөзі құдайдың рақметі аса көп деген сөз деп ескеріліп таралған, аяқ қысатын етікті үстінен пышақпен тіліп кеңітіп отыр. Бұл шабаташылар Мұса Белгейов қостарымен бұларға ерген қазақ молдаларын қазақтар асул ... жәдид молдалар дейді. Бір

шақта бұларды ел дін бұзушы деп таныған. Бұл қате еді. Бұлар бұзушылар емес еді, дін жамаушылар еді, бұл дін жамаушы шабаташылар етіктің үстін қанша тілсе де, доңыз етін же деп дінді кеңіте алған жоқ еді. Өткен жылы өмір, тіршілік заңы айдап, мұсылмандар ашыққан уақытта доңыз етін жеп қойды. Қай күні қай молда: доңыз етін жеу дұрыс, Мұхаммед дұрыс емес деп ... Арабстан үшін айтқан екен деп, алғаш қамшы ұстап шыға келер екен? Кешікпесе, етікті кесесінен тағы бір тіліп кеңіткен болар...

Бірақ бұдан қанша пайда шығар? Бостандық алып, өз тағдырына қожа болған, аяқ-қолын бұғаудан босатып, бастан томағасын тастап, қараңғы дүниеден жарыққа аяқ басқан, ғылымның айқын даңғыл жолына түсіріп, 2 х 2 = 4 деген сияқты даусыз хақиқаттарына қол артқан адал жүрек бейнеткор ел, үстін тіліп кеңіткен етікті кимес, теліген сиырдай басын айналдыратын қараңғылыққа енді бой ұрмас, шабаташының жігері құм, еңбегі еш болар.

Күлбілтелеу біздің салтымызға жат, сондықтан жылата айтып отырмыз, «қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көрерсің» дегендей, бұл мәселе туралы талай қызықтарды жазармыз. Үстін тілген ескі етік киіп дағдыланғандардың көңіліне сөзіміз жетер деп өзімізді үмітпен алдамайық, ғылым базары қызған заманға қарсы туған, ескі етікті талақ еткен жастардың жүрегінде, шынында, бұл сөздеріміздің орын алатынына күмәнданбаймыз.

Таймінер.
«Қызыл Қазақстан», 1923 ж., №16.

Қазақ – Х ғасырдың
ар жағында көп заман бұрын
өзінің хандары болып, өзін-өзі
билеген, ежелден қазақ атанған
түркі жұртының бір тарауы.

Міржақып

(«Қызыл Қазақстан», «Шолпан», «Жас қазақ»
журналдары мен «Еңбекші қазақ», «Тілші», «Ақ жол»,
«Жас қайрат», «Ауыл тілі» газеттерінен)

(1923—1926)



ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ТУРАЛЫ

Қазақ, қырғыздың тарихын жазуға кіріскенде: «қазақ», «қырғыз», «алаш», «үш жүз» деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегі кім, бұлар қашаннан бері өз алдына жұрт болған?» — біліміміз жеткенше алдымен шешетін жұмбақтың бірі осы. Біз бұл туралы тапқан-таянғанымызды оқушылардың алдына салып, кітап басылмастан бұрын білгіштердің сынынан өткізіп алуды лайық көрдік. Қара халықтың ұғымынша, «атамыз Адам пайғамбар...» деп, бәрі де жаттап алған құрғақ шежірені саулата берумен, қазақ пен қырғыздың тегін еріксіз «пәлен әулие, түген сахабаға» апарып телумен нағыз тарих шықпайтыны оқымысты, білімді азаматтарға аян. Тарих кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс иә орасан қатесіз шығуға мүмкін.

Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы толық мағлұматтар кемдіктен, қазақ, қырғыздың өз арасынан шыққан зерттеушілер ерте күннен болмағандықтан, соңғы кезде тарихымызды жарыққа шығаруға талаптанған азаматтар әр ағаштың басын бір шалып, құрап-сұрап, өзге жұрттың жазғандарын тексеріп, қараңғыны қармалағандай болып жүр. Сөйткенмен, шын кіріссек, үздіксіз ізденсек, жоқты ойлап шығармағанмен, көмескіні ашуға, барды табуға болар деп сенеміз. Сондықтан, тарихи әдебиеттен болсын, халық аузында ертеден сақталып келген қисынды сөздерден болсын, біздің төменгі жазғанымыздың кемін толтырарлық, қатесін көрсетерлік білгендері бар қазақ-қырғыз азаматтары, осы мақаланы оқығаннан кейін, кешіктірмей жазуларын өтінеміз.

I

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІН ТЕРІС ҰҒЫНУ

Қазақ-қырғыздың атын, тегін, қандай жұрт екенін зерттеп, алдымен жаза бастаған басқа жұрттың тарихшылары. Бірақ олар әріден ескеріп, көптен жазып келе жатқан жоқ. Кейбіреулері кезі келгенде белгілі бір мақсұтпен жазған, бір парасы ғылымға әуестікпен, шынымен зерттеген. Бұлардың бәрі де өте кеш кірісіп, бергі екі-үш ғасырлық дәуірлерді ғана болмаса, қазақ-қырғыздың арғы кездегі атын, тегін, өткен өмірін жақсы біле алмай, әлі күнге шейін жорамалдап келеді. Қазақ жайын білуге еуропалықтар, айрықша орыс білімпаздары, XVIII ғасырдың ортасында, яғни 1730 жылдар, Әбілқайыр хан тұсында Кіші жүз орысқа қарағаннан бері ғана кірісе бастаған. XVIII ғасырдың орта кезінде қазақ жайынан жазған Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, И.Г.Георгий, Н.П.Рычков, Ф.Б.Фишер дегендердің кітаптары шыққан. Бұлар қазақ-қырғыз жайын жете біліп, иә зерттеді деуге болмайды. Біреулері қазақ пен қырғызды екі түрлі жұрт деп, біреулері бір тұқымнан деп, бұл екі пікірдегілердің екі жағы да қазақ пен қырғыздың иә тектестігін, иә басқалығын сипаттай алмаған. XIX ғасырдың басында қазақ-қырғыз жайын зерттеген Г.Ю.Клапрот, К.Риттер секілді білімпаздардың да мағлұматтары өте ұшқары, орасан қате болғандығы көрінеді. Мәселен, Клапрот қазақтығында талас жоқ найманды бұрынғы Обь, Енисей өзендері бойындағы қырғыз тұқымы дейді. Риттер түркі нәсілінен екендігіне ешкімнің дауы жоқ қазақ пен қырғызды индо-герман затынан болуға тиіс, Енисейге ауып келіп, көп жұртпен қаны араласып, «түркі» болып кетсе керек деп жориды.

Өстіп, қазақтың, қырғыздың тегін әркім әртүрлі жорып, бірінің адасқан ізін бірі басып, көрінеу жалған, болымсыз дәлелдер көрсетумен келген. Қазақ жайын өзгелерден гөрі жете зерттеген — А.И.Левшин. Мұның кітабы 1832 жылы басылып шыққан.

Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы жазушылар Левшинді аттап өткен емес. Қайсылары Левшиннің кейбір пікіріне қарсы болса да, көбінесе оны негіз қылып алып жүргені белгілі.

Қазақ-қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері тарих жүзінде белгілі жұрт болғаны туралы бұрын-соңды тарихи

мағлұматтармен таныса келе, біз төменгі қорытындыға келдік.

Қазақ пен қырғызды бөтен жұрттар бұл күнге шейін дұрыс атамайды. Мәселен, орыс халқы қазақты «киргиз-кайсак» деп бір сөз орнында атайды. Қырғыздың өзін де жоғарыда айтқандай, «киргиз-кайсак» деп, кейде «тағы қырғыз», «қара қырғыз» дейді. Қырғызды қытайлар юрвут дейді. Дұрысында, қазақ пен қырғыз еш уақытта өздерін жоғары айтқандай, бөтен жұрттар таққан атпен атаған емес. Қазақ өзін қашаннан «қазақ» деп, қырғыз өзін «қырғыз» деп келеді. Қырғыз бен қазақ арғы тегі бір болғанмен, екі атаның баласы, біріне-бірі туыс, жақын, түркінің екі руы екені мәлім. Орыстардың «казак», «кайсак», қытайлардың «хасах» деп жүргендері — «қазақ» деген сөзді бұзғаны. Қайсыбір күншығыс жазушылары, қазақ Айсадан бұрын өз алдына жұрт болған деулері қаншалық дәлелді екендігін сипаттау қиын болса да, «қазақ» аты қазақтың өз алдына жұрт болғаннан бері өзгерілмей келе жатқандығы, еш уақытта қазақ өзін өзге атпен атап көрмегендігі анық. Қазақтың «қазақ» аты Парсы, Бұхар, Хиуа һәм өзге Азия жұрттарының көбіне мәлім. Ерте заманда қазақпен аралас болған ескі жұрттардың бірі қытайлар да қазақты «хасах» деп атайтындығы жоғарыда айтылды.

II

ҚЫРҒЫЗДЫҢ АТЫ, ТЕГІ ҺӘМ ҚАШАННАН БЕРІ ЖҰРТ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қырғыздың арғы тегі түркі тарихының ертедегі бұлдыр кездеріне барып жоғалады. Мұнан 200 жыл шамасы бұрын түркі шежіресін жазған атақты Әбілғазы Бахадұр ханның айтуынша, Оғыз хан немерелерінің бірінің аты Қырғыз екен, сондықтан осы күнгі қырғыз елі соның тұқымы дейді. Бірақ қырғыздар арғы замандарда әр жұрттан шабыншылық, қырғыншылық көп көріп, тұқымы азайып қалған дейді. Оғыз ханның заманы Айсадан екі-үш ғасыр әрмән жатыр. Әбілғазының қырғызды Оғыз ханнан таратуы тарихи дәлелдермен бекітілмеген болса да, әйтеуір, қырғыз Азияны мекен еткен жұрттардың арыдағы бір тарауы екені анық. 569 жылы II Император Юстин Стамбұлдан Земарк деген елшісін Азияның солтүстік-күншығыс аралығындағы көшіп-қонып

жүретін түркілердің ұлы ханы Кезауылға жібергенде, хан елшіге қайтарында қырғыз текті бір құл сыйлаған. Әбілғазының айтуынша, қырғыз Шыңғысхан заманынан көп бұрын күшті жұрт болып тұрып, қырғыз ханы Орыс хан елімен өздері тіленіп, Шыңғысханға бағынған. Ол кездегі қырғыздың мекені Селенгі, Ойғыр-Муран өзендерінің арасы дейді. Кейінгі тарихшылар да Әбілғазының бұл сөзін растайды: Ойғыр-Муран — осы күнгі Енисей өзені. Сібірді орыс алғанда қырғыздар сол арада болған. Шыңғыс заманындағы мекені де сол еді деседі. Қырғыз елін Шыңғысхан (*мұнан 700 жыл бұрын*) кіші баласы Толиға тапсырғандығын ескі тарихшылардың бәрі бекітеді. Қытай тарихшылары да қырғыздың ескі жұрт екендігін көрсетіп, қырғыз бен қазақ екеуі де түркі нәсілінен тарағандығын сыпаттайды.

Қырғыздың XIV ғасырдан XVI ғасыр аяғына шейін қандай күйде болғаны тарихта анық айтылмайды. Бірақ XVII ғасыр бойы үздіксіз қырғыз атағы Сібір шежірелерінен шығып отырады. Том, Енисей аралығындағы өзендердің бойында, Саян тауларының маңында мекен етіп жүріп қырғыздар XVII ғасыр бойы Сібірдегі жаңа орныққан көршілес орыс қалаларын мазалап, шауып ала беретін болған. Ол кезде тұрғылас елдердің бәрі қырғызға жау болып, қырғыз орыспен де, моңғолмен де, жоңғармен де дамылсыз соғысып, кейде жеңіп, көбінесе жеңіліп отырған.

Ақырында, қырғыздан әбден мазасы кеткен соң XVII—XVIII ғасырлардың өліарасында жоңғардың қонтайшысы орыс өкіметімен бірігіп, қырғызды тықсырып, осы күнгі мекені — Алатауға шығарып жіберген.

III

ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ ҚЫРҒЫЗ АТАНДЫ?

Бұрын қырғыз елі Сібірді мекен етіп тұрғанда, Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып мазасын кетіре бергендігі мәлім. Ол кездерде орыстар «әне, қырғыз шауып кетеді, міне, қырғыз келіп қалады» деген күйге ұшыраған. «Қырғыз келеді» десе, орыстың жылаған баласы уанатын болған. Сондықтан орыстың ұғымында «қырғыз» деген сөздің өзі «жау, шабарыншыл» мағынасында орнап қалған. Ал қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай,

өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе Сібірдің оң тұсындағы облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң, қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (*киргиз*) деп атаған. Қазақ секілді, Сібірде ол кезде орыспен сыбайлас отырған татар, моңғол елдері, өздерінің аздығынан болса да, жуастығынан болса да, орыспен жауласпай, ұрыс-қағыссыз тату тұрған.

Қазақты орыстың «қырғыз» деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермақ, оған ергендері, оның тұқымы — бәрі казак (*казак-орыстар*) еді. Сондықтан оларға өздерін де казак, қазақты да казак деу қапелімде ыңғайсыздық келтіретін болған. Үнемі «қай қазақ» деп айырып отыру қажет бола берген. Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да «қырғыз», қазақты да «қырғыз» деп атау басталады. Сонан бері бұл екі елдің шежіресін білмегенде, кейбір тарихшылардан бастап, қазақ-қырғызбен қатынасы кем жұрттардың көбі екеуін де «қырғыз» дейтін болған. Қазақты орыс «қырғыз» деп атайтын болған соң, қазақ орысқа бағынып, жазу-сызу, заң-законның бәрі орыс тілінде жазылғаннан кейін, күні бүгінге шейін қазақтың орысша оқығандарының өзі орысша жазғанда, сөйлескенде қазақты «киргиз» деп әдеттенген.

IV

ҚАЗАҚТЫҢ АТЫ, ТЕГІ ҺӘМ ҚАШАННАН БЕРІ ЖҰРТ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

Қазақ пәлен уақыттан, пәлен ғасырдан бері жұрт болыпты деп кесіп айтуға болмайды. Орыс шежірелерінде қазақтың мәлім болуы XV ғасырдың ішінде ғана, бұған қарап қазақтың өз алдына жұрт болуы сонан бері ғана деуге келмейді. Орыс жазушыларының көбі ең алғашқы қазақ татар арасынан шыққан, қазақ деген аттың өзі сонда аталған, бұрынғы һәм қазіргі қазақтың аты сонан келеді деп сипаттайды. Бұл пікірді күншығыс тарихшыларының бәрі де бекер дейді. Олардың жазуынша, қазақ — ескі жұрт, арғы замандарда өзін-өзі билеген, ешкімге бағынбаған деседі. Қайсыбіреулері қазақтың қазақ аталып дәурен сүруі Айсадан арғы заманда болған дейді. Бірақ мұны бекітетін толымды дәлелдер тарихта ұшырамайды.

1020 жылдарда өмір сүрген атақты Фирдоуси өзінің тарихында қазақ жұрты һәм қазақ хандары туралы жазады. Бұған қарағанда, қазақ Фирдоусиден бұрын мемлекетті жұрт болғандығы көрінеді. Фирдоусидің айтуынша, қазақ — ескі жұрт, өзінің жауынгерлігімен, ел шабуымен заманда атақ алған. Соғысқа шыққанда қазақтың тұтынатын құралының көрнектісі найза болған.

Кейін Азияда қолына найза ұстап жорыққа аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше, көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт «қазақ» деп атай беретін болған.

Кейбіреулердің «қазақ ноғайдан шыққан» деп жүру себебі, ноғай арасынан өлгідей қазақ сияқты жорыққа аттанушылар қимылы, өнері шын қазақтікіне ұқсас болған соң, олар да «қазақ» атанған. Нағыз қазақтың жоғарыда айтылғандай салтына, жауынгерлігіне, қару-жарағына ұқсас жағын алып, өздерін де «қазақ» деп атау әдет болған.

Шынында, «қазақ» деген сөзге өзге бір айрықша мағына беруге, басқа бір тілге аударуға келмейді. «Қазақ» деген сөз пәлен жұрттың тілі; оны түген жұрттың тіліне аударса сондай мағына шығады деп ешкім айта алмайды.

Ориенталист О.Ю.Сенковский бұл туралы былай дейді: «Белгілі Бабыр мырзаның шағатай тілінде жазған кітабында қазақ деген сөз ұшырайды. Бабыр қазақты бетімен жайылушы, өз еркімен жүруші мағынада түсініп, осыдан «қазақ», «қазақламақ» деп өзгертеді. Мұнан анық көрініп отыр: бұл мағына «қазақ» атанған жұрттың тұрмыс-салтынан алынғандығы. Россияны татар билеп тұрған заманда крестьян табынан бөлек еркін болып, өздері тілегенше бір жерден екінші жерге көшіп жүрген орыс текті азат адамдар «қазақ» (*казак*) атанған. Соңынан осылардың аты Запорож, Дон казактарына тағылған. Орыс жерінен қашып, Днепр, Дон жағаларын жайлағандардың бәрі казак атанған, яғни өздерін қазақ сияқты азат адамдармыз деп санайтын һәм атайтын болған».

Орыс тарихшыларының көбі қазақ түрік-моңғол жұртының әр руынан құралып, беріде ғана жұрт болған, қазақ деген сөздің мағынасы — бетімен өскен, еркін жүрген, қазақ әр елде де болған деулері дәлелсіз, әсіресе қазақты XV ғасырда жұрт болды һәм қазақ құрама мағынасында, мұндай ат әр жұртта бар деулері қисынсыз. Қазақтың ескі жұрт екендігі туралы Фирдоусидің қазақ дәлелін бекерге шығарған ешкім жоқ. Фирдоусидің қазақ жұрты һәм қазақ хандары жайынан жазғанына 900 жыл өтіп отыр. Әлбетте, қазақ

Фирдоуси жазған жылы ғана жұрт бола қоюы мүмкін емес. Сол жылы қазақ деген жұрт, қазақ жұртының хандары болғаны рас болса, ол жұрт болуға керек. Фирдоусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай, өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды. Екінші, қазақ жұртының құрамалығына аты дәлел, қазақ әр жұртта болған, әр жұрттан наразылықпен бөлініп шыққандардың бәрі қазақ атала берген, сондықтан қазақ жұртын да түрік, моңғолдан бөлініп шыққан тұқымдардан құралған деуді дәлелсіз көретініміздің мәнісі — қазақ бөлінуші, бетімен жайылушы, еркіндікті сүюші мағынада екендігі рас болғанда да, жұрт біткеннің бәрі бұл мағынаны «қазақ» деген бір сөзбен атауының қисыны жоқ. Өйткені жұрт біткеннің бәрінің тілі бір емес. Қазақ деген сөз бір жұрттың ғана тілі болып, өзге жұрттар өздерінің «қазағын» өз тілімен атауға керек емес пе? Сондықтан біз өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп, қазақ жұртының тұрмыс-салтына еліктеп айтылған деген ориенталист Сенковскийдің пікірін дәлелді көреміз.

Орыс тарихшылары айтқандай, қазақ беріде ғана құралған жұрт емес екендігі жоғарыда сөйлегендерден де көрінсе керек. Қазақ анық құрама ел деп, болмаса бір тұқымнан деп таласуға болғанмен, дәл қайсысы екенін кесіп айту қиын. Қазіргі тарихи дәлелдердің күштірегі — қазақ түрік тұқымдарынан біріккен құрама жұрт екендігін қуаттайды. Әрине, қазақ түркінің бір ғана руы, өзге рулардан қатынас тіпті жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ құрама болғанда да негізгі қазақ X ғасырдың ар жағынан келіп, өзге түрік қауымдары кейіннен бірте-бірте қосылып отырған. Қазақтың осы күнгі кей рулары, мәселен, қаңлы, қыпшақ, керей, найман Айсадан бұрын дәурен сүрген елдер екенін тарихшылардың бәрі де ақиқаттайды. Бірақ көбі, жоғарғы айтқанымыздай, қазақтың өз алдына жұрт болуы беріде болған, қазақ көбінесе қаңлы, қыпшақ, дулат, арғын, найман, керей руларынан құралған, бұлардың арасында керей, найман, дулат моңғол тұқымынан, қазақтың ұйытқысы таза түрік нәсілді қаңлы мен қыпшақ дейді. Тарихшылардың көбі қазақтың құрамалығына дәлел қылып, қазіргі қазақ руларымен аттас қаңлы, керей, қыпшақ, тама сияқты рулар қазақтан басқа түрік жұрттарының, мәселен, Стамбұл түріктерінің, башқұрт, өзбектердің арасында барлығын келтіреді.

Қазақ тарихын жазған Чулочников қазақ ескі жұрт емес, XV ғасырда әртүрлі түрік-моңғол тұқымдарынан құралған деген пікірлерді қуаттайды. Мәселен, Шоқан Уәлиханұлы, өзі қазақ, қазақтың құрама жұрт екенін, XIV—XV ғасырларда ғана жұрт болғанын айтады, — дейді Чулочников. Мұның «Шоқан өзі қазақ» дегені болмаса, Шоқанның пікірі де «Қазақ құрама, беріде жұрт болған» деушілерге қосылғаннан басқа, өз дегенімен жаңадан тапқан дәлелдері жоқ. Чулочников Шоқаннан басқа В.В.Григорьев, В.В.Вельяминов-Зернов, Э.Мейр, Красовский, В.В.Радлов, Л.Ибрагимов, Н.И.Веселовскийлердің пікірін қуаттайды. Бұлардың көбі бірінің пікіріне бірі қосылып отырған, көбі Вельяминов-Зерновтың бағытымен кеткен.

Чулочников антропологтерден Иванский, Харузин, Чугуновтың: «қазақ» құрама, себебі қазақтың бәрінің түрі бірдей емес, — деген пікір дәлелдерін көрсетеді.

Қазақты антропология жолымен зерттеушілердің бәрі де XIX ғасырдың аяқ кезінде кіріскен. Қазақтың түрі бірдей еместігі құрамалығына дәлел болғанымен, қашан құралғанына һәм ескі жұрт еместігіне дәлел бола алмайды. Өйткені қазақ затында бір-ақ тұқымнан болса да, қазіргі түрінде түрлілік болмай қоймас еді. Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда да, соңынан өз алдына жұрт болып жүрген заманда да, қазақ жауынгер ел болып, кез келген жұрттың бәрімен соғыса бергені анық. Соғыста жеңген елдерін шауып алып, жетім-жесірді олжа қылып, ұлын құл, қызын күң етіп жүргені де мәлім.

Қазақтың бұрынғы хандары, батырлары, билері жеңген елдерінен қатын алмағаны кемде-кем. Жаугершілік басылып, бейбітшілік заман орнағаннан бері де қазақ көршілес ноғайдан, башқұрттан қыз алып, құда болуы, аса көп болмаса да, бірсыпыра бар. Мәселен, мұндайдың көбірек жері — Жетісу, Семей облыстарында. Бұл облыстарда «шала қазақ» атанып жүргендердің бәрі ноғаймен қан араласқаннан болған. Түркістан қазағы арасында, көп болмаса да, сарттан, өзбектен қыз алып, араласқандық бар. Өткен бір-екі ғасырдың ішінде солдаттан қашып, қазақ арасына келген, саудамен жүріп қазақ арасында тұрып қалып, қазақ болып кеткен ноғай, башқұрттар, Түркістан, Бұхарадан шығып, қазақ арасына сіңісіп кеткен қожа-молдалар болған. Осы айтқандардың бәрін қорытқанда, қазақ қаны өзгелердікімен араласып, аз да болса, түріне өзгешелік кіргізгені анық болса керек. Әлгі айтқандардың бәрі

қазақтың бір аймағында иә бір руында ғана болмай, әр елінде, әр жерінде болғандықтан қазақты антропология жағынан сынаушыларға мұндай түрлері кез келе беруі мүмкін. Қазақтың түріндегі осындай түрлілікті тауып, олар қазақ құрама жұрт деген пікірге келуі де ықтимал. Бірақ бұған қарап, қазақты XV ғасырда ғана құралып, жұрт болған деуге келмейді. Қазақтың құрамалығы ескі жұрт екендігіне қарсы дәлел бола алмайды, қайта құрама бола тұрып, бұл күнде тілі, әдет-ғұрып, салт-санасы бір кісінің баласындайлығына қарағанның өзінен қазақтың ескі жұрт екендігі, кейіннен қосылғандардың ұйытқысы қазақ екендігі ыспатталады.

Қазақ ескі жұрт екендігіне дәлел қылып Левшин Фирдоуси пікірін қуаттаса, Орта Азияны зерттеуші атақты ориенталист Герман Вамбери, Фирдоусиді де айтып, бұған қосымша X ғасырда «қазақ» жайынан жазған Константин Парпиродный сөзін де ортаға салады. Қазақтың ескі, һәттә бір тұқымнан өрбіген жұрт екендігіне осыларды көрсетіп, оның үстіне өз пікірін де баяндайды. Вамбери «Каспий теңізінен Алтайға Оралдан Тянь-Шаньға шейін жайылып жатқан қазақ даласындағы қазақ руларының тілінде, мінезінде, құлқында, әдетінде, ғұрпында ешбір айырма жоқтық, бәрінікі бірдейлік қазақ жұрты бірыңғай, бір тұқымды жұрт екендігінің дәлелі» дейді.

Қазақ — ескі жұрт, XV ғасырдан бері ғана құралып ел болғаны туралы тарихшылар арасында талас көп болса да қазақ Алтын Ордадан бөлініп шығып, осы күнгі қазақ атанған түрлі түрік руларынан құралғандығына көбі даусыз бірігеді.

Шыңғысхан дәуірлеп, ешкімнен беті қайтпай, соғысқан елдерінің бәрін жеңіп, қылышынан қан тамып тұрған заманында үлкен баласы Жошыға ол кезде Еділ-Жайық арасын мекен ететін қыпшақ елін берген. Сонан кейін қыпшақ «Жошы елі, Жошы ұлысы» атанған, «Дешті-Қыпшақ» деп те аталатын болған. Жошы өлген соң, Шыңғысхан Жошы елі — Дешті-Қыпшаққа бір баласы Батуды хан қойған. Қыпшаққа жүргізерде Батуға Шыңғыс алтындаған ақ отау көтеріп беріп, билеген елің Дешті-Қыпшақ — «Алтын Орда» аталсын деген екен. Тарихта Қыпшақ мемлекетінің «Алтын Орда» аталатын себебі сол.

Үш ғасыр бойы дәурен сүріп дүркіреген, бүкіл Россияны өзіне қаратқан, Орта Азияның көп жерлерін иеленген Алтын Орда XV ғасырдың аяқ шенінде құлауға айналып, берекесі

кете бастағаннан кейін, қол астындағы елдер тозып, бытырап, солардың бір тайпасы — қазақ бөлініп шыққан.

Қазақты ескі жұрт дейтін тарихшылардың бірі Левшин былай деп жазады: «Қазақ — Азияда ежелден белгілі жұрт, толып жатқан түрік руларының бірі. Ескілігі найманға да, қырғызға да, өзге өзімен тектес елдердің біріне де беріспейді. Қазақ Шыңғысханның қол астына қарап, расында, ішінара кейде өзінің де хандары тұрды. Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейін, XV ғасырда қазақ өз алдына жеке жұрт болды. Ол кезде қазақтың Арыстан деген ханы болыпты. Арыстан заманында қазақ хандығының күштілігі сондай, соғысқа бірден 400 мың әскер аттандыруға шамасы келеді екен. «Осылай деп Индияда белгілі моңғол мемлекетін құрған Бабыр патша жазады. Бабыр патша қарындастарының біреуін Арыстан ханға берген, Арыстанның күшейіп тұрған шағын Бабыр өз көзімен көрген дейді. Міне, сол кезде Алтын Ордадан тараған елдердің көбі өз еркімен қазаққа қосылған иә қазақ олардың бірсыпырасын күшпен қосып алған. Осы күнгі қазақ рулары аталып жүрген қыпшақ, найман, қоңырат, жалайыр, қаңлы сол кезде келіп қазаққа қосылған».

Қай тарихшы болса да, қазақтың осы күнгі руларына қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керей, дулат секілділердің қазақтың аты шықпастан бұрын мәлім болғандығын ыспаттайды. Ескіден, һәттә, Айсадан бұрын һәм кейін, түркінің түркі болып, кемеліне жетіп тұрған замандарында да өз алдына ел аталып жүрген өлгі рулар қалайша соңғы төрт-бес ғасырдың ішінде ғана өздерін қазақпыз, қазақтың руларымыз деп кетті? Мұның мәнісін ақыл қанағаттанарлық қылып, бұл күнге шейін тарих анықтаған жоқ.

V

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗГЕ БӨЛІНУІ ҺӘМ АЛАШ АТАНУЫ

Қазақтың үш жүзге қалай бөлінгені, не себептен алаш атанғаны туралы халық аузындағы ертегі секілді сөздерден алып, тарихшылар мынаны жазады: дәл қай заманда екені белгісіз, бұрынғы қазақ хандарының біреуі елін үш баласына бөліп беріп, үлкеніне тигенін — Ұлы жүз, ортаншысына тигенін — Орта жүз, кішісіне тигенін — Кіші жүз атаған екен дейді.

Тағы бір ертегі, қазақ Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейінгі хандары — Жәнібек, Керейден соң болған хандардың

біреуі — Ахмет хан әскерін Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп үшке бөліп, қалмақпен соғысқан. Сонда Ахмет ханның әскері қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханға «алашы» деп ат қойыпты. «Алашы» деген сөз қалмақша мейірімсіз, қанішер деген мағынада болса керек. Ахмет хан: «Қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашы» деп шабыңдар деген соң, қазақтар «алашы» деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш — алаш болғанда, алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық», — деп қазақтың мақтануы сол дейді шежіреші Шәкәрім.

«Қазақ» газетінің 13-санында Шәкәрім шежіресіне сын жазған «Қыр баласы»: «Алашы» қалмақша не деген сөз екен? Мұны қалмақпен араласы бар елдердің азаматы сұрап білсе жарар еді», — дегеннен кейін, Халел Досмұхаметұлы «Қазақтың» сол жылғы 15-санында мынаны жазған: «Орал облысында Уральское казачье войскаға қараған қалмақтар бар. Қыр баласының өтініші бойынша «алаш» деген қалмақ тілінде сөз бар ма, болса мағынасы қазақша не болады?» дегенімде, қалмақтар айтты: «қалмақ тілінде «алашы» деген сөз бар, қазақша мағынасы «өлтіргіш, аямаушы, жауынгер» деп. «Алашы» деп қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанаттарды көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар «алашы» деп атайды».

Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ, үш жүз атанғанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар, оларды жазуды қажет көрмедік. Бұл туралы ертегілердің көбінің мағынасы біріне-бірі қайшы, бәрін қорытқанда да, әзір анық дәлел болып шыққандай емес. Бірақ мұндай ертегілер қазақтың аты, тегін зерттеушілерді ойға қалдырарлық жері бар. Мәселен, қазақ иә алаш, қалай да болса, бір кісі — рубасы емес екені рас-ау, әйтпесе біріне-бірі қайшы келе берсе де, көптен халық аузында сөйленіп, ертегі болып жүргеніне қарағанда, «қазақ», «алаш» сөздерінің түбінде бір көмескілік бар ғой дегізетін. Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де ескерусіз қалдырмай, түбінде салыстыра, қорыта келе, бір дәлелді мағына шығаруға болар деген үмітпен жинап, жазады, бірақ әлі күнге шейін ондай сөздерді қолданып, бір нәтиже шығарған жоқ.

Жоғарыда айтылғандай: «алаш» қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ «алаш» яки «алашы» деген атты хандарының біреуіне қалмақ қойған екен деп жүрген болса, оның үстіне қалмақ тілінде «алашы» деген сөздің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл

келуі — бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді. Үш жүз – қазақтың ру басылары болмай, қоныс ретіне қарай ма, халықтың санына қарай ма, әскерді үшке бөлгенінен бе, иә бір ханның қазақты үш баласына бөліп бергенінен бе, әйтеуір үш топқа айырылғандықтан «үш жүз» аталғандығы анық болса керек.

Қырғыз қазақпен туыс, тіл, тұрмыс жағынан өзге түркі руларынан жақын екендігін тарихшылардың көбі ыспаттайды. Бірақ қазақ пен қырғыздың арасында аз да болса айырма бола тұрып, не себептен екені белгісіз, қырғыздар да өздерін «алашпыз» дейді*. «Алаш» қазақ ұраны болып кеткен сөз болса, бұл ұранға қырғыздар қалайша һәм қашаннан бері ортақ болғаны белгісіз.

VI

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ-қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері өз алдына жұрт болғаны туралы жоғарыда жазылғандарды қорытқанда шығарған нәтижеміз мынау:

Қырғыз — ежелден қырғыз атанып, Айсадан бұрын неше ғасыр өз алдына жұрт болған, қазақпен туысы, діні, тілі, қонысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы бірдей жауынгер түркі қауымдарының бірі. Қазақ пен қырғыздың арасында, тіліндегі болмашы айырма болмаса, еш бөтендік жоқ.

Қазақ — X ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген, ежелден қазақ атанған түрік жұртының бір тарауы. Қазақ — XII ғасырдың аяғында әр түрлі түркі руларымен қосылып, көбейіп, тағы да бөлек жұрт болып, сыбайлас жұрттардың көбімен соғысып, бірде жеңе, бірде жеңіле келіп, XVIII—XIX ғасырларда Россияға бағынғаннан кейін еркінен айырылған жұрт.

Міржақып.
«Шолпан», 1923 ж., №3–5.
«Қызыл Қазақстан», 1923 ж., №17-18.

---

* Жаңылмасам, қырғыздар өздерін «алашпыз» дейтіндігін, қырғыздың белгілі азаматы Ишанғали Арабайұлынан естіген секілді едім. Бұл туралы анық мағлұматты әлі де болса қырғыз азаматтары берсе дұрыс болар еді (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

ЖАҢА ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Журналдың өткен нөмірінде қазақша жазу тақырыпты Қазақ Білім комиссариаты шығарған жаңа ережелер жарияланған. Тілдің негізгі қасиеттерін жоғалтпау үшін, тілді тәрбиелеу үшін керек жұмыстардың тірегі жазу болғандықтан, ол ережелерді қысқаша тексеріп, сынап өтпеске болмайды. Жазу ережелерінің 1-, 2-байналарында: — дауысты «ы» мен дауысты «ұ» «ى», «ۇ» харіптерімен белгіленсін, жарты дауысты «й» мен жарты дауысты «у» «ي», «ۋ» харіптерімен белгіленсін делінген. Бұрын, Ахметтің шығарған әліпбиінде: дауысты «ы»-ны жарты дауысты «и»-ден, дауысты «ұ»-ны жарты дауысты «у»-дан айырып түсіндіргенімен, «ы» мен «и» бір харіппен «ي», «ұ» мен «у» бір харіппен «ۇ» белгіленетін еді. Сондықтан жұрттың көбі бұл екі дыбысты бір-бірінен айыра алмайтын еді, «ы» ұзын айтылатын болса, екі нүктелі «ى» жазылады; «ұ» ұзын болса, екі «ۇ» жазылады деп қате түсінетін еді. Дұрысында: «ы» дауысты дыбыс, «й» жарты дауысты дыбыс — екеуін бірімен-бірін шатыстыруға болмайды; «ұ» мен «у» да солай: «ұ» — дауысты, «у»— жарты дауысты, «халқы», «сұр» деген сөздердің ішіндегі «қ»-дан соңғы «ы», «с»-дан соңғы «ұ» анық естіледі. Бұларды «үй» деген сөздің аяғындағы «й»-мен иә «егеу» деген сөздің аяғындағы «у»-мен шатыстыруға болмайды. Дауысты «ы» «жылқы» деген сөздің аяғында тұрған күйінен ұзын болып естілмейді; дауысты «ұ» «сұр» деген сөздің ішінде «с»-ның артындағы күйінен артық ұзын естілмейді. «Үй», «егеу» деген сөздердің аяғындағы «й» мен «у»-ға дауысты дыбыстар жалғап «үйі», «екеуі» деп аламыз, дауысты дыбыстарға екінші дауысты дыбыс жалғауға болмайды. Жарты дауысты «й» мен «у»-дың сыртқы сипаттары дауыссыз дыбыстармен бірдей. Дауысты дыбыстарға тіпті жанаспайды. Қазақ тілінде екі дауысты дыбыс жалғасып келетін сөз жоқ; сөздің әрбір буынында бір дауысты дыбыс болады да, ол дыбыспен жалғас буындағы дауысты дыбыстың арасында дауыссыз дыбыс болады. Екі дауысты дыбыс бір сөз түгіл, екі сөздің арасында біріне-бірі жалғасып келмейді; қатар айтылған екі сөздің алғашқысының соңғы дыбысы да дауысты, екіншісінің басындағы дыбысы да дауысты болып келсе, қатар айтылатын екі дауысты дыбыстың біреуі ғана

қалады; алғашқы сөздің аяғындағы дауысты дыбыс жоғалып, жалғыз-ақ екінші сөздің басындағы дауысты дыбыс қалады; бұл қазақ тілі дыбыс жүйесінің айнымайтын заңы. «Қара ешкі», «сары ат», «төте оқу» деген сөздерді жазылған күйінде екі-екіден оқысақ, «қара»-ның «р»-дан соңғы «а»-сы, «сары»-ның аяғындағы «ы», «төтедегі» «е» екінші сөздердің басындағы дауысты дыбыстардың дүмпуімен шығып қалады. Жарты дауысты «й» мен «у» олай емес, бұлар дауыссыз дыбыстар сияқты, алдында иә артында бір дауысты дыбыс болмаса, жеке күйінде иә басқа дауыссыз, жарты дауысты дыбыстармен жалғанып айтылмайды: «ойна» деген сөздің ішіндегі «й» алдындағы дауысты «о»-мен қосылып айтылады; «жауын» деген сөздің «у»-ы артындағы «ы»-мен («у» мен «н» арасындағы «ы» бітеу буында болған соң жазылмаған) жалғанып айтылады. «سوٗ» («сұу»), «نوٗ» («нұу») сықылды сөздер, бұрын «у»-дың өз алдына белгісі болмағандықтан, «سوُو», «نوُو» болып жазылатын; мұны қазақ тілінің дыбыс жүйесін білмейтін кісілер: «وُ» ұзын айтылса, екі «وُ» жазу керек деп қате түсінетін. Дұрысында: бұл қатарынан айтылатын екі «و» («у») емес, дауысты «ۇ» («ұ») мен жарты дауысты «ۋ» («у»); «بي»(«би»), «جي» («жи») деген сөздердің аяғындағы дыбыс та ұзын естілетін «ي» («и») емес, дауысты «ﻱ» («і») мен жарты дауысты «ي» («й»), жарты дауысты «ي» («й»)-дің алдындағы «ﻱ» («і») бітеу буында болған соң жазылмаған.

Қазақ тілінде ұзын айтылатын дауысты «ى» («ы») да жоқ, ұзын «وُ» («ұ») да «وُٗ» орыстың «у» сықылды бір дыбыс болып, «ي» («й») «جي» («жи»-дың) аяғындағы «ى» («ы») мен «ي» («й») орыстың «и» сықылды бір дыбыс болып естілетіні рас; бірақ мұнан қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар деп жору қате. «سوٗ» («сұу»-дың) аяғындағы «وٗ» («ұу») иә «بي» («бій»)-дің аяғындағы «بي» («ій») бір дыбыс болса, екеуі екі дауысты дыбыс болуы керек. Олай болғанда: бұл «у» мен «и» қазақ тілінің дауысты дыбыстары туралы заңға бағынып, екінші дауысты дыбыспен жалғанып айтылмайтын болуға тиіс, артынан екінші дауысты дыбыс әкеліп жалғасақ, оның дүмпуілімен шығып қалуға тиіс. «سوٗ» («сұу»-ға) «آغار» («ағар») деген сөзді қосып айтқанда «آ» («а»-ның) дүмпуілімен «у» жоғалып, екі сөз қосылып, «ساغار» («сағар») болып айтылуға

тиіс; бірақ бұл екі сөз қосылғанда «ساغار» «сағар» болмайды, «ۇ» жоғалмайды, «آغار» («сұу ағар») болып шығады. «بي» («бій»-ге) «اه كه ن» («екен») деген сөзді қоссақ, «и» жоғалып, «ه» (е) қалмайды, «به كه ن» («бекен») болмайды, түгел «اه كه ن بي» («бій екен») болады. Орыстың «у» мен «и»-і сықылды естілетін дыбыстар сөздің басында келіп, ондай сөздерді соңғы дыбысы дауысты сөздерге жалғасақ, бұлардың алдындағы дауысты дыбыстар жоғалып шығады. «قولمدى» («қолымды») деген сөзге «أۇقالا» («ұуқала») деген сөз жалғасақ, «قولمدى» («қолымды»-ның) «ى» «ы»-сы жоғалып, «قولمدى اۇقالا» «قولمداۇقالا» («қолымды ұуқала» — «қолымдұуқала») болып шығады. «قارا» («қара») деген сөзге «ايت» («ійт») деген сөзді жалғасақ, «قارا» («қара»-ның), «ر»-дан («р»-дан) соңғы «آ» жоғалып, «ايت» «قارا» — «قاريت» («қара ійт» — «қарійт») болып шығады. Бұл орысша «у» мен «и» сықылды болып естілетін дыбыстың дауысты болғанынан емес, екі дыбыс болғанынан: «أۇقالا» («ұуқала») деген сөздің басындағы «у» сықылды болып естілетін «ۇ» (ұ) мен «ۋ» (у), мұның алғашқысы — дауысты «ۇ» (ұ), екіншісі — жарты дауысты «ۋ» (у); «قولمدى»-ның («қолымды»-ның) аяғындағы дауыстыға «ى» («ы»-ға) «أۇقالا» («ұуқала»-ның) басындағы дауысты «ۇ» (ұ) жалғасады да, мұның дұмпуілімен дауысты «ى» (ы) жоғалады. «ايت» («ійт»-тің) басындағы «и» сықылды болып естілетін дыбыс та екі дыбыс: алғашқысы дауысты «ى» («і») (ол бітеу буында «і» мен жарты дауысты «ي» («й» -дің) арасында болған соң жазылмаған), екіншісі жарты дауысты «ي» («й»); «قارا» («қара»-ға) «ايت» («ійт»-ті) жалғап қоссақ, «ايت» («ійт»-тің) басындағы дауысты «ى» («і»-нің) дұмпуілімен «قارا» («қара»-ның) аяғындағы «آ» («а») жоғалып кетеді. «قارا ايت» («қара ійт») — «قاريت» («қарійт») болып айтылады. «سۇۋ» («сұу»), «بۇۋ» («бұу») иә «بي» («бій»), «جي» («жый») сықылды сөздерде естілетін орысша «у» мен «и» сықылды дыбыстардың бір дыбыс емес, екі дыбыс, алғашқысы дауысты, соңғысы жарты дауысты екенін мынадай дәлелдермен де ыспаттауға болады:

Қазақ тіліндегі сөздердің бәрі де үшінші жақтық болып өзгерілгенде, соңғы дыбыс дауысты болса, артына «сы» қосылды:

«Аға» — «ағасы», «әке» — «әкесі», «жылқы» — «жылқысы». Сөздің соңғы дыбысы дауыссыз иә жарты дауысты болса,

үшінші жақтық қылып өзгерткенде, «сы»-ның орнына тек «ы» жалғанады: «ат» — «аты», «атан» — «атаны», «той» — «тойы», «тау» — «тауы», «сұу», «бій» деген сөздердің соңғы дыбысы орысша «у», «и» сықылды бір дыбыс болып, өзі дауысты дыбыс болса, бұл сөздерді үшінші жақтық қылып өзгерткенде, артынан «сы» жалғанып «сұусы», «бійсі» болып шығар еді; дұрысында бұл сөздердің үшінші жақтық жалғаулары «сы» емес «ы» «сұу» — «сұуы», «бій»— «бійі». Бұл: «сұу», «бій» деген сөздердің соңғы дыбыстары дауысты емес, жарты дауысты екеніне дәлел және: «сұу», «бій»-ді өзгертіп: «сұуы», «бійі» дегенімізде, бір буынды «сұу», «бій»-дің өрқайсысы екі буынды «сұ-уы», «бі-йі» болып шығады; сонда дүдәмал естілетін орысша, «у» мен «и» сықылды дыбыстардың ішіндегі дауысты дыбыстары бас буында қалып, жарты дауысты «у» мен «й» екінші буынға шығады да, «сұу»-дың дауысты «ұ» мен жарты дауысты «у»-ы да, «бій»-дің дауысты «і» мен жарты дауысты «й»-іде анық естіледі. Қазақ тілінде орыстың «у» мен «и» сықылды дауысты дыбыстар жоқ; орысша «у» сықылды болып естілетін дауысты «ұ» мен жарты дауысты «у» («ұу») иә дауысты «ы» мен жарты дауысты «у» («ыу» — «оқыу») орысша «и» сықылды болып естілетін дауысты «і» мен жарты дауысты «й» («ій»).

1-, 6-, 7-байналарда дауысты «ى» мен дауысты «ۇ»-ның қай орындарда жазылатыны айтылған бұрынғы ереже бойынша «ى» («ы» немесе: «і» (кириллица бойынша) бас буын мен бітеу буындарда жазылмайтын, тек ашу буындарда ғана жазылатын, бас буында буын ашу болса да жазылмайтын «ى»-ны бітеу буында жазбағаннан еш кемшілік жоқ; «ى» бітеу буында жөнді естілмейді де, «بر» («бір») деген сөздің ішіндегі «ى»-ні қалдырмай «بير»-деп жазсақ та, «ى»-ні тастап «بر» деп жазсақ та, оны екінші түрлі қылып оқуға болмайды; «ى»-ні бітеу буында жазбаудың жазуды жеңілдеткеннен басқа кемшілігі жоқ. «ى» ашу буында болғанда, бас буында болсын, басқа буында болсын, анық естіледі; анық естілетін дыбысты жазбай кетудің еш лайығы жоқ, анық естілетін дыбыс жазылмаса, сөз қате оқылуға мүмкін. «Қыйын» деген сөз ескіше «قِيْن» («қин») делініп жазылатын: «ق»-дан соңғы «ى» бас буында болғандықтан жазылмайтын, «ِي» мен «ن» (й) мен («н») арасындағы «ى» бітеу буында болғаннан

жазылмайтын. Сөйтіп, екі буынды «қыйын» бір буынды «қиын» болып жазылатын, оны солай қате ұғу да мүмкін еді. Қазақ тілінде бір буынды «ит» деген сөз бар, екі буынды «ійіт» («сиырды ійіт») деген сөз бар; ескіше мұның екеуі де «ايت» болып жазылатын, мұндай сөздерді шатаспай оқу тіпті қиын. «ى» бас буында, буын ашу болса да, жазылмайды» деген ереже жазуға зор кемшілік келтіретін еді, ол ереженің бұзылып,«ашу буында қалмай жазылады, бас буын ашу болса, онда да жазылып отырады» деген ереженің қабылданғанын қошеметтемеске болмайды. Бас буынның ашу иә бітеу екенін тексергенде, сөздің басындағы сүйеу таяқты да харіп деп есептеу керек: «أس» («іс») бір буынды сөз, мұның буыны бітеу буын, мұнда «ى» сүйеу таяқ «і» мен «س»-нің арасында «أسى» («ісі») дегенде бас буын ашу, ондағы «ى»-нің алды сүйеу таяқ болғанмен, арты ашу, «ى»-ге жалғас «س» екінші буында. Сондықтан «أس» («іс») деген сөздің ішіндегі «ى»-ні жазбаймыз. «أسى» («ісі») деген сөздің бас буынындағы «ى»-ны қалдырмай жазамыз. «Оқу құралында» сүйеу таяқ дыбыстың белгісі деп ашып айтпаған; жұрттың түсінуінше, сүйеу таяқ дыбыстың белгісі емес, тек сөздің басындағы дауысты дыбыстың харпін жеке жазбау үшін оның алдынан қойылатын мағынасыз бір белгі; оның бұл күнге шейін қалмай жүргені — елдің дағдыланып кеткендігінен. Бірақ дұрысында: сүйеу таяқ мағынасыз емес: «ى» дыбыс ашық буында анық естіледі, бітеу буында көмескі естіледі; «قس» («қыс»), «تس» («тіс»), «قن» («қын») деген сөздердің ішіндегі «ى»-лер көмескі; «قسى» («қысы»), «تسى» (тісі), «قنى» (қыны) деген сөздердің ішіндегі «ى»-лер бәрі де ашық буында, бұлар анық естіледі. «أس» («іс»), «أن» («ін») деген сөздердің ішіндегі ى-лер бітеу буындағы «ى» сықылды мүлде көмескі болмаса да, ашу буындағы «ى»-лердей анық емес: бұлардың алдында тағы бір көмескі дыбыс бар, сонымен қосылып, бұлар жан-жағы дауыссыз иә жарты дауысты дыбыспен қоршаған бітеу буындағы «ى»-лардан анығырақ естіледі. «أس» («іс»-тің) «ى-сі», «تس» («тіс»-тегі) «ى»-ден анығырақ, «أس» («ыс»-тағы) «ى», «قس» («қыс»-тың) «ى»-сынан анығырақ бірақ, дәл ашу буындағы «ى»-лардай анық болып шықпайды. «أسى» («ысы»), «أسى» («ісі») деген сөздердің басындағы «ى»-лар басқа ашу буындарда келетін «ى»-мен

«قسی» («қысы»), «تسی» («тісі») деген сөздердің ішіндегі «ی»-мен салыстырсақ: бұлар дәл ашу буындағы «ی»-лар сықылды анық естіледі және бұлардың алдында тағы бір көмескі дыбыс бар екені сезіледі. Дауысты дыбыстардың, қайсысын болса да осылай тексергенде: сөздің басында келетін дауысты дыбыс, оның басқа жердегісінен өзгеше, алдында бір көмескі дыбыс бар сықылды болып естіледі. Сүйеу таяқ — сөздің басындағы дауысты дыбыстың алдында сонымен бірге естілетін көмескі дыбыстың белгісі. Сөздің басындағы дауысты дыбыстың алдындағы тағы бір көмескі дыбыс бар екенін, әсіресе сөздің басындағы «о» («е»)-ден басқа жердегі «ө»-ні салыстырғанда анық сезіледі. «اه ر» («ер»-дегі) «ە» («е») мен «به ر» («бер»-дің), «ە»-сін («е»-сін) иә «اه ل» («ел»-дің) «ە»-сі мен «به ل» («бел»-дегі) «о»-ні («е»-ні) салыстырсақ: сөздің басындағы «ە»-лер («е»-лер) «اه ر» («ер») «اه ل» («ел»-дің) «ە»-лері орыстың «е»-сі сықылды да, сөздің ортасында иә аяғында естілетін «ە»-лер («е»-лер) орыстың «э»-сі сықылды екенін сеземіз; сөздің басындағы «ە» («е») басқа жерлердегі «ە»-лер («е»-лер) сықылды екенін сеземіз; сөздің басындағы «ە» («е») басқа жердегі «ە»-лер («е»-лер) сықылды қысқа емес, оның алдында тағы бір көмескі дыбыс бар екені білініп тұр. Сүйеу таяқ мағынасыз, тек дағдының салдары емес, өз алдына харіп, өз алдына бір дыбыстың белгісі, «أس» («іс»), «اق» («ық») деген сөздердің ішіндегі «ی»-лардың бітеу буындағы «ی»-лар сықылды көмескілеу естілетіні де — «ی»-ның алдында тағы бір дыбыс болғанынан, алдында басқа дыбыс болмаса, бұл «ی» ашу буындағы «ی»-лардан көмескі болмас еді.

Бұрын: «أوقۇ» («оқу»), «جازۇ» («жазу») сықылды сөздер «أوقوُۇ» («оқуу»), «جازوُۇ» («жазуу») болып жазылатын еді. Бұл сөздердің аяғында естілетін дыбыс «سوُۇ», «نوُۇ» деген сөздердің аяғындағы дыбыстар сықылды, орысша «у» сықылды. Дұрысында бұл бір дыбыс емес. Екі дыбыс: алғашқысы дауысты «وُ» («ұ») иә дауысты «ی», екіншісі жарты дауысты «ۇ». Жарты дауысты «ۇ» («у»-ды) آ («а»-ға) жалғасақ, «آۇ» («ау») болады, «ە»-ге («е»-ге) жалғасақ, «ۇە» («еу») болады, «وُ» («ұ»-ға) жалғасақ, «وُۇ» («ұу») — дәл орысша «у» сықылды болып шығады; «ی»-ға жарты дауысты «ۇ» («у»-ды) жалғасақ, онда орысша «у» сықылды, «وُۇ» («ұу»-дан) айыра танығысыз, «یۇ»

(«ыу») болып шығады. Бұрын: бірдей естілетін «ۇ» («ыу») мен «ۇ́» («ұу»-ды) бірдей жазатын едік, «ۇ» («ыу»-дың) орнына «ۇ́» («ұу») жазатын едік. Ол жеңіл көрінетін еді. Жаңа ереже бойынша: «ۇ»-дың орнына «ۇ́» («ұу») жазуға болмайды. «ۇ́» сықылды естілетін дыбысты жазбай тұрып, сөзін өзгертіп, бітеу буынды «ۇ́ڭ» («ұу»-ды) екі бөліп, алдындағы дауысты дыбысты өзінің алдындағы дауыссыз дыбысқа жалғап, ашу буынға шығару керек, естілетін дүдәмал «ۇ́» («ұ») екенін иә «ى» («ы») екенін біліп алып, дұрысын жазу керек. «اوقۇ» деген сөзді өзгертіп «اوقيۇى» қылып шығарғанда «ۇ» («у»-дың) алдындағы дүдәмал дыбыстың «ۇ́» емес, «ى» екені анық естіледі, сондықтан «اوقۇ» («оқу»-ды) «اوقۇ́ڭ» («оқұу») деп жазсақ қате болады, оны «اوقۇ́» деп жазамыз. «ۇ» («у»-дың) алдындағы «ى» («ы») бітеу буында болған соң, жазылмайды. «جۇ́ڭ» («жұу») деген сөзді өзгертіп «جۇ́ڭن» («жұуын») деуге болады, сонда бітеу буындағы дүдәмал дыбыс ашу буынға шығады да, оның «ى» («ы») емес, «ۇ́» («ұ») екені анық естіледі; «جۇ́ڭ» («жұу»-ды) «جۇ» («жу») деп жазсақ қате болады, оны «جۇ́ڭ» («жұу») деп жазу керек. Бұл ереже жазуды қиындатқан сықылды; бірақ жазуды жеңілдету үшін бір харіптің орнына екінші харіп жазудың да жөні жоқ.

Бұрын «جازۇ» («жазу»-ды) «جازۇ́» («жазұу») деп жазатын едік; «ۇ» мен «ۇ́» («у» мен «ұу») естілуі бірдей болғандықтан, «جازۇ» («жазу»-дың) орнына «جازۇ́» («жазұу») деп жазғанды зор қате демеске де болады, бірақ «جازۇ» («жазу»-ды) «جازۇ́» («жазұу») қылып жазған соң «جازىۇى» («жазуы») деген сөзді де бұзып «جازۇ́ى» («жазұуы») деп жазатын едік; «جازىۇى» («жазыуы») дегенді «جازۇ́ى» («жазұуы») деп жазған үлкен қате: мұнда анық естілетін «ى» («ы»-ның) орнына бадырайтып «ۇ́» («ұ») жазғанбыз; сөзді бұлай бұзып жазған тілдің тәрбиеленуіне, негізгі қасиеттерінің аман сақталуына себеп болмайды, тілді бұзады. Жеңілдік пен дұрыстықты салмақтап салыстырғанда, дұрыстың басым шығуға тиіс; жазуды жеңілдетемін деп тілді бұзуға болмайды. Және: бұрынғы «ۇ́», «ىۇ» («ұу», «ыу»-дан) жеңіл көрінетіні тек әдеттен, дұрысында: бір дағдыланып алғаннан кейін «ىۇ» («ыу»-дың) «ۇ́» («ұу»-дан) артықшылығы да болмайды. Бұрын «جازاتۇ́ن» («жазатұн»), «اوقيتۇ́ن» («оқитұн»), «باراتۇ́ن» («баратұн») деген

етістіктердің аяғындағы «تۇن» («тұн»-дарды) бұзып «تن» («тн») деп жазатын едік; «تۇن» («тұн»-ды) екінші түрлі қылып «تۇغن» («тұғын») деп айтуға болады. «جازاتۇن» («жазатұн») дегеннің орнына «جازاتۇغن» («жазатұғын») деуге болады; басқа түрік халықтары біздің «تۇن» («тұн»-ымызды) «تۇرغان» («тұрған») деп те айтады. «جازاتۇن» («жазатұн-ды») «جازاتۇرغان» («жазатұрған») дейді. Бұл «تۇن» («тұн»-дардың) ішіндегі дүдәмал дыбыс «ى» («ы») емес «ۇ» екені анық; сондықтан «تۇن» («тұнды»), бұрынғыдай бұзып, «تن» деп жазған тілді бұзуға тырысқан болады.

Жазу ережелерінің 3-байнасында: бұрынғы қос нүктелі «ۑ» қазақ әліпбиінен шығарылды, оның орнына сөздің бас буындарында дөңгелек «ە» («е») жазылады деген. Әуелі «ە», («е») дыбысына екі түрлі харіп алғандағы мақсат: «қазақша» жазу басқа түрік халықтарының жазуынан тым басқаланып кетпесін деген еді. Ноғай тілінде «ە» («е») дыбысы мүлде жоқ; ішінде «о» дыбысы («е») бар қазақ сөздері ноғай тілінде өзгертіліп айтылады. Кейде «ە» («е») орнына «ى» мен «ي» жалғанып айтылады. Кейде — «ٵ» айтылады («ө»); қазақша «بەر» («бер») деген сөзді ноғайлар «بير» («бир») дейді; қазақша «بەرەر» ноғайша «بيرار» («бирөр») болып шығады; көбіне: бас буындағы «ە»-ні («е»-ні) ноғайлар «يي» («ій»-ге) айналдырғанда, басқа буындағы «ە»-ні («е»-ні) «ٵ» («ө») қылып жіберген. «ى» («і») мен «ي» («й»-ді) жалғаса шығатын, орысша «и» сықылды дыбысты ноғайлар «ي» харпімен жазады; «ٵ» («ө»-ні) «ە» харпімен жазады. Біздің тік жөнді қос нүктемен жазатын «ۑ»-мізді ноғайлар өзінше «ي» деп оқитын, біздің «ە»-мізді («е»-мізді) өзінше «ٵ» («ө») деп оқитын; біздің «بيرار» («берөр») деп жазғанымызды ноғайлар өздерінше дұрыс «بيرەر» («берөр») деп оқи алады. Енді біздің «بەرەر»-мізді («берер»-мізді) ноғайлар өзінше «بارار» («бөрөр») деп қате оқып, қате түсінуі мүмкін. «ە» тақырыпты жаңа қазақша жазуды ноғайшадан алыстатты. Бірақ қазақша ережемен жазған сөз ноғайларға да түсінікті болсын деп, жазуды қиындатудың орны жоқ еді. «ە» қазақ тілінде бір ғана дыбыс, оны тек ноғайлардан алыстамау үшін екі түрлі жазу керек дегеннің жөні шамалы. Және ноғай қазақ тілінде бас буындағы «ە» («е») алғы «ۑ» болып та келе бермейді: қазақша

«تەرەزە» («терезені») ноғайлар «تارازا» («төрөзө») дейді. «ٱ» дыбысын («ө») («о») харпі жазатын болған соң, біздің «تەرەز» («терезе») деп жазған сөзімізді ноғайлар өздерінше дұрыс оқиды; қайта «تەرەز»-ні бұрын біз «بيرەز» деп жазғанда — «ي»-ні «ي» қылып оқимын деп бұзып оқып, түсінбейтін еді. «ي»-нің қалып, «о» («е») дыбысын бір ғана харіппен жазу керек деген ереже қазақша жазуды көп жеңілдетті. Бұрын қазақша жазу ережелерін жақсы білетін кісілердің де көбі «ө» мен «ي»-ні алмастырып, қателесе беретін еді, енді ондай қателер болмасқа тиіс.

Жазу ережелерінің 5-, 4-байналарында қазақ әліпбиіне арабтың «خ», «ش», «ف», «ھی» харіптері кіргізілсін деп, оның қандай орындарда жазылатынын айтқан. Білім комиссиясы бұл төрт харіпті қазақ әліпбиіне амалсыз кіргізген болуға керек; 5-байнада: «жат сөздер мағынасы бұзылып кетпейтін болса, ішіндегі жат дыбыстары шығарылып, орнына қазақ тілінің өзінде бар дыбыстар қойылып, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне үйлестіріліп айтылып һәм солай жазылсын» деген; мұнан: қазақ тілінде жат дыбыстар сіңіскенінен тілдің бұзылатынын білмеген емес, оны біле, көре тұрып арабтың төрт харпін амалсыз алғаны көрініп тұр. Арабтың «عالإم» («ғәләм») деген сөзін молдалардың үйретуінше «عالإم» («ғәләм») деп алсақ, бұл — ішіндегі дыбыстары екі түрлі — бірсыпырасы қатты, бірсыпырасы жұмсақ айтылатын, былықпа сөз қазақ тілінің үндестік заңына үйлеспейтін бір ерсі сөз болып тұрар еді; қазақ тілі ондай сөздермен шұбарлана берсе, түбінде тіл бұзылмасқа мүмкін емес; сондықтан Білім комиссиясы «عالإم» («ғәләм») қазақ тілінде «آلە م» («әлем») болсын деп ұйғарған. Арабтың төрт харпін Білім комиссиясы қазақ әліпбиіне кірістіргенде: ол харіптермен белгіленетін жат дыбыстар қазақ тіліне, ескі молдалардың арқасында сіңісіп кетіп, енді шығарып тастауға мүмкін болмаған соң, амалсыз кірістірген. «خۇكيمە ت» («һүкімет») деген сөз қазақтың өз сөзі сықылды болып кеткен; «خ» («һ»-дан) жиреніп оны «اۇكيمە ت» («үкімет») десек, сөздің мағынасы бұзылады. «تاريخ» («тарих») деген сөздің ішіндегі «خ» («х»-ны) да шығарып тастап орнына басқа дыбыс алу мүмкін емес. Арабтың төрт харпін қазақ әліпбиіне кірістіргендегі мақсат: ол харіптердің тек осындай бірен-саран сөздерге ғана керектігі; комиссия қолынан

келгенінше жаңа сөздерге жат дыбыстарды кіргізбес деп сенеміз. Білім комиссиясының бұл уақытқа шейін қабылдап алған жаңа сөздерінің ішінде жат дыбыстары біздің білуімізше, бас-аяғы онға толмайды. «فان» («фән»), «تاريخ» («тарих»), «جاسيه ت» («хасиет»), «هام» («һәм»), «شاريغات» («шариғат») сықылды бірен-саран ғана сөздер.

Жазу ережелерінде: «Білім комиссиясы ішінде жат дыбыстары бар жат сөздерді тізіп лұғат шығарды» деген. Білім комиссиясының қабылдаған фән сөздері аз емес сықылды, тек әліпби ретіне тізілмеген көрінеді, бәлки журналдың алдағы нөмірлерінің біріне Білім комиссиясының қабылдаған сөздерін де тізіп жазармыз.

Таймінер.
«Қызыл Қазақстан» журналы, 1923 ж., №17-18.

БАСПАСӨЗІМІЗ НЕ КҮЙДЕ?

I

Төңкерістен бұрынғы қазақ халқының өмірі, басынан кешірген кемшілік, мұңшылықтары қысқа күнде қырық сөйленіп, шайырдай шайналып, бұл күнде сегіздегі бала, сексендегі шалға шейін таныс болды. Енді ол заманды жаман десек, ол заманның қайта айналуын көксемесек, таз кебімізді қайта киюді тілемесек, сол заманда істетпеген, істелмеген, бірақ істелуге тиіс болған жұмыстарды шама келгенше жүзеге асыруымыз керек. Патша һүкіметін жерден алып жерден салудан, ертеден қара кешке шейін сөгуден бір тиындық пайда жоқ, егер осындай теңдікке жетіп тұрған заманымызда бұрынғы кем-кетігімізді толтырмасақ. Елді ел қылатын игілікті істерді істеп, көзге көрсетсек, жемісін жегізсек, бұрынғы қалыптардың қолайсыздығы, патшашыл һүкіметтің жауыздығы өзінен-өзі-ақ көрінеді.

Қай һүкімет болсын, халықты есіркеп, «мә, жұртым, мейліңше кенел, игілігіңе жұмса» деп қалтасынан суырып беретін қазынасы жоқ. Бәрінің де «қазына» деп жүргені әкесінің малы емес, халық пайдасына жұмсалу үшін халықтың өзінен жиналған қазына. Айырма жалғыз-ақ мынада: ескі һүкімет халықтың өз байлығын өз керегіне жұм-

сауға ерік бермейтін еді. Онысы зорлық еді. Онысы тал түсте талау еді. Енді, шүкір, Кеңес һүкіметі надан елдердің көзін ашатын, езілген таптарды теңгеретін болды, халықтың өз дәулетін өз керегіне жұмсауға ерік беріп отыр.

Неше ғасырдан бері басымызда ерік, малымызда билік болмаудың себебі надандығымыздан екенін білсек, енді ерікке де, билікке де жеткен шағымызда, надандықтан құтылып, шын жарыққа шығудың шарасын көздеуіміз керек. Үнемі біреуге масыл болып, жетімдік көрсек жетекшіміз бар деп телміре бермей, өз теңдігімізді, өз елдігімізді өзіміз қорғайтын, енді қайтып өзгеге құл болмайтын қам қылуымыз керек. Бұл мақсұттарға жеткізетін өнер-білім екені даусыз болса, бұған керекті құралдарды сай қылу — бірінші міндетіміз. Өнер-білім құралы, алдымен мектептерде оқылатын кітаптар, жалпының жанына азық беретін кестелі әдебиет, заман жайынан мағлұмат беретін газет-журнал, бәрін қысқартып айтқанда — баспасөз.

1917 жылдан бастап талай жиылыстарда, талай мәжілістерде бұл мәселе сөз болмай жүрген жоқ. Газет жүзінде ме, екі кісі басқосқан жерде ме, ел мұны сөйлене қалса, алдымен ауызға алынатын өңгіменің бірі де, бірегейі де осы болатын. Бірақ әлі күнге шейін «жүк орнынан қозғалмай тұр». Мен бұл мақаланы «Баспасөзіміз не күйде» деп бастағанда, жұрт естімеген шыт жаңа бір мәселені қозғадым деп отырғаным жоқ яки бұл туралы тоқсан тоғыз сөйленген сөздің санын жүзге толтырмақ та емеспін. Менің мақсұтым — баспасөзімізді ілгері бастыру жолында не істегенімізді көрсетіп, енді онан былай не істеу керектігін айтқым келеді.

II

Баспасөз жұмысы екіге бөлінеді: бірі — кітап жазу. Екіншісі — жазылған кітапты басып шығару. Осы туралы кешегі өткен марқұм 1922 жылы біз не істедік? Сол жағын еске түсіріп өткім келеді.

Қазақстанның Оқу-ағарту комиссариаты кітап жазу мәселесін қолға алғанына, бірінші һәм екінші басқыш мектептер үшін керекті кітаптарды топшылап, белгілі қалам қайраткерлеріне тапсырғанына табаны күректей екі жыл толды. Бұл кітаптар 1922 жылы жазылып болып, басылып

та шықпақ еді. Сонан бері жазылып тапсырылған, басуға да берілген кітап — жалғыз-ақ Мағжанның «Педагогикасы»[1]. Қазір жазылып біткен, бірақ баспаға берілмеген — Ахметтің 3 жылдық «Тіл құралы[2]», Елдестің «Физикасы[3]». Көзге көрініп отырған бар-жоғы осы үш-ақ кітап! Бұл үш кітаптың да қалай жазылғанын білеміз. Мағжанның «Педагогикасы» тез жазылып отырғаны (*«тез» деп өзгелермен салыстырғандықтан айтып отырмын*), ол өткен жылдар курстарда педагогика ғылымын оқытып, сол туралы мағлұматтар жинап, оқытқан сабақтарын жазып отырып, соңынан тек тәртіптеп кітап қылып шығарған көрінеді. Елдес «Физикасын», әлдеқалай қызметтен босанып, елде жатып тоғыз айда жазып бітірген.

Ахаң болса, мекеме қызметінде жүріп, тынығу, бой жазу дегенді ұмытып, кешкі, түнгі сағаттарда жұмыс қылып, «Тіл құралының» 3 жылдығын өрең бітірген.

Бұл аяқ алысымызбен біздің баспасөзіміз ілгері басар ма? Бұлай болудың себебі не? Әлде жоғарыда кітап жазуға тапсырылған азаматтар жалқаулық, салақтық қылып, халық ағарту жұмысын керексіз көргеннен деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды. Олай десек, жала жапқан боламыз. Олардың міндеттенген жұмыстарын атқара алмау себебі, бәрі бірдей мекеме қызметіне жегіліп, «шенеунік» есебінде кеңсе қағазын тықырлатып отыр. Уақыттарының көбін, күштерінің бәрін соған сарп қылып отыр. Кеңсе қызметі, ел билеу жұмысы керексіз демейміз, мемлекет машинасын дұрыс жүргізу үшін де қызметкерлер керек. Бірақ «қалам қайраткерлері» деп танылып жүрген азаматтардың саны орасан көп емес. Олардың істеп отырған кеңсе қызметтері мен кітап жазушылықты салмақтасақ, таразының соңғы табағы неше есе ауыр тартатыны анық. Және де біздің қалам қайраткерлерінің бәрі дерлік партияда жоқ. Сондықтан олардың атқарып отырғаны соншалық жауапты ірі қызметтер деуге болмайды, сол себепті олардың орындары артық ойсырап қалмайды. Сондықтан шын қалам қайраткерлері кеңсе қызметінен босап, бірыңғай кітап жазу жұмысына кірісуі керек. Бұған ешкім бөгет салмау керек. Қайта тамағын тоқ, орнын жайлы қылып баптау керек. Мысал үшін қалам қайраткерлерін бәйге атына ұқсатсақ, оларды еріктi-

---

[1] Педагогика 120 бет шамасында (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

[2] Тіл құралы — 64 бет шамасында (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

[3] Физика — 140 бет шамасында (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

ріп, мәпелеп ұстап, жазу бәйгесіне қосу керек. Бәйге атын қысы-жазы арба-шанаға жегіп, қара жұмысқа салсаң, жүк тасысаң қандай болады? Ондай атты қазақ бәйгеге қоса ма? Ондай ат бәйгеден келе бере ме? Сол сияқты, қалам қайраткерлері де кеңсе қамыты мойнынан түспей, жазу бәйгесіне қосыла алмайды, қосылып та бәйге өпере алмайды.

Біз бір пайдалы нәрсені сөз қыла қалсақ, жерден жеті қоян тапқандай қуанамыз, «керек, керек» деп шу ете түсеміз, не керек екенін білгенімізге мәз боламыз, бірақ соңынан орындауға келгенде «керектердің» бәрін ұмытып, бетімізбен кетеміз. Тағы бірде әлгі «керекті» тағы есімізге түсіріп, тағы «аттан» саламыз, тағы дүниені жаңғырықтырамыз, тағы ұмытамыз... Өміріміздің көбі осымен өтіп келеді.

III

Қалам қайраткерлері кеңсе қызметінен алынып, кітап жазуға кіріссе, аз уақыттың ішінде қанша жұмыс бітіретінін шамалайық.

Бүкіл Қазақстанда кеңсе қызметін істеп жүрген азаматтардан қалам қайраткерлері деп он-ақ кісі алалық. Осылар бірбеткей жазу жұмысына кірісетін болса, келтіретін пайдасы мынадай деп шамалауға болады: мәселен, бір жазушы бір күнде орта есеппен баспа кітаптың 2 бетін жазсын, сонда бір кісі бір айда 2х30=60 бет, бір жылда 12х60=720 бет жазады екен. Он жазушы болса, бір жылда 720х10=7200 бет жазбақ. Егер бір кітапты, орта есеппен, 300 беттік десек, он кісі бір жылда 24 кітап жазып шығармақ. Егер кітап бетін айнала есептегенде, 240 десек, он кісі бір жылда 30 кітап жазып шығарады екен.

Мұны бос қиял, іске аспайтын тәтті тілек деп ешкім айта алмаса керек. Бұл — қолдан келетін жұмыс.

IV

Қазақстан Мемлекет баспасы (*Госиздат*) өткен 1922 жылы не істеді, алдағы үмітті 1923 жыл не істей алатындығын көрсетейін. Баспа жұмысымен артық таныс еместерге мемлекет баспасының қысқаша жайын, күшін баяндау қажет болар.

Мемлекет баспасының қарауында үлкен баспахана бар. Баспаханада 5 кітап табағын (*кітап табағы — басылған 16 бет*) тізуге жететін орысша харіп, $3^{1/2}$ — 4 кітап табағына жететін

әртүрлі қазақ харпі бар[1] Орыс харпін тізушілер 6 кісі, қазақ харпін тізушілер 17 кісі. Бір харіп тізуші күніне, орта есеппен, 7000 харіп тізуге тиіс. Сонда орыстың 6 тізушісі күніне $1^{1/20}$ кітап табағын, қазақтың 17 тізушісі толық 3 кітап табағын тізуге лайық. Баспаханада алты машина бар: екеуі альбомный деп аталады. Бұл екі машинаның әрқайсысына біржола екі кітап табағын, яғни 32 бетті бір-ақ жіберуге болады. Үшінші машина жарым альбомный, бұған бірден 16 бет жіберуге болады. Бұл үш машина электр қуатымен айналады. Тағы да қолмен айналатын жарым альбомный машина бар. Бұ да 16 бет шығарады. Қалған екеуі «Бостонка» һәм «Американка» деп аталады. Бұл соңғы екеуі де қолмен айналдырылады, әрқайсысы жарты табақтық. Осы алты машинамен бір күнде $6^{1/4}$ табақ тізген харіпті бірден басуға болады. Қолмен айналдыратын үш кішкене машинаны өзге уақ-түйек жұмыстарға арнап, электрмен айналатын үш үлкен машинаны кітап басуға шығарсақ, бұл үшеуі бір күнде 5 кітап табағын айналдырып, көбейткенде, 15 мың табақ шығарып береді. Екінші сөзбен айтқанда, 16 беттік бір кітап 1,5 мың кітап болып шығады; кітап 32 беттік болса, $7^{1/2}$ мың, 48 беттік болса, 5 мың болып басылады... Бұл алты машинаның көбі орысша, қазақшаға ортақ.

V

Жаңағы айтқандарымыздан Қазақстан Мемлекет баспасының қандайлық күші барлығы белгілі болады. Енді өткен 1922 жылы Мемлекет баспасы қазақ үшін не істеді, орыс үшін не істеді, соны айтып көрсетейін. 1922 жылы қазақша басылған кітап 61 табақ[2], көбейтіп басылғаны 336 мың 990. Орысша басылған кітап 191 табақ. Көбейтіп басылғаны 1 миллион 635 мың 650.

Бұл есептен біз не көреміз? — Біздің көретініміз: қазақша кітаптардың жай табақ саны орысшадан үш есе кем, көбейтіп басылғаны бес есе кем.

Қазақстан Республикасында орыс пен қазақ саны шамалас деп есептесек, қазақша басылған кітаптардың да саны

[1] Жақын арада 147 пұт харіп келмекші (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

[2] Табақ есебімен санағаным болмаса, мұның бірі кітап емес, бірсыпырасы қаулы, жарнама секілді уақ-түйек нәрселер (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

қарайлас болу керек еді. Екінші, қазақтың баспасөзге аса мұқтаждығын ескергенде, қазақ кітаптары артығырақ басылса керек еді; артық болмағанда да, кем болмауға тиіс еді. Үшінші, баспаханадағы қазақ харпін тізушілерінің саны орыстардан үш есе көптігіне һәм орыс харпін тізушілер күніне $1^{1/20}$ табақ, қазақ харпін тізушілер 3 табақ тізіп шығара алуына қарағанда, қазақ кітаптары үш есе артық басылуға лайық еді. Төртінші, орысша, қазақша деп бөлуге болмайтын, екеуіне ортақ машиналардың күші орысшаны 5 есе артық басудың орнына бірдей шығаруы дұрыс еді. Цифрдан күшті дәлел болмайды. Бұл туралы біздің кемшілігімізді цифр ап-айқын көрсетіп отыр.

Бұл кемшіліктердің себебі неден? Мұны орыстың қазаққа қылып отырған озбырлығы дейміз бе? — Қапелімде осылай көрінуге мүмкін. Бірақ, дұрысында олай емес: бар айып өзімізден, өзіміздің шалағайлығымыздан, күшіміздің аздығынан, аз күшті пайдалана алмай отырған олақтығымыздан. Бұл күнге шейін Мемлекет баспасында бір қазақ қызметкері болмаған. Орыс жолдастардың қазақ жұмысын өзінікіндей басқару қолдарынан келмеген, бір жағынан, басуға даярланған кітаптар болып, екінші жағынан, қадағалап бастырып отыратын қазақ қызметкерлері болса, жұмыстың реті дәл мұндай болмас еді. Біз басуға даярлаған кітабымыз жоқ деп зарланғанмен, басатын нәрсе таба алмай алақанына түкіріп отырған Мемлекет баспасы да жоқ. Бұған дәлел: уақ-түйек кітаптардың, һәттә бірен-саран оқу құралдарының әлі күнге шейін басылмай жатқандары бар көрінеді.

Өзіміздің Мемлекет баспасының жеткілікті күші бар бола тұрып, не үшін екенін білмеймін, қанша шығын шығарып, Абай, Мағжан, Сұлтанмахмұт өлеңдері, тағы қайсыбір бұрынғы оқу құралдары Қазанға басуға жіберілген.

VI

Енді газет-журналдарымыз не күйде, бұған да бір көз салып өтелік.

Қазақстан Республикасының астанасы Орынборды есептемегенде, губерниялық қалалардың бәрінде де орысша газеттер, журналдар шығып тұрады. Орынбор қаласының өзінде ғана орыс тілінде күн сайын шығатын екі газет, он бес күнде шығатын екі журнал, ай сайын шығатын үш журнал бар екен.

Біздің бүкіл Қазақстанда қазақша шығып тұратын газет-журналдары: 1) «Еңбекші қазақ»; 2) «Қызыл Қазақстан»; 3) «Өртең»; 4) «Бостандық туы»; 5) «Қазақ тілі»; 6) «Қызыл ту». Бұлардың көбі аяғын ақсай басып, өзінің дүниеде барлығын ұмыттыра беріп, анда-санда бір шығып қояды. Орынбордың өзінде шығатын һүкімет тілі — «Еңбекші қазақ» күн сайын шықпаса да, тым болмаса жетіде үш рет дұрыс шығып тұруы керек еді. Бүкіл Қазақстан Республикасына бір жақсы журналдың да көптігі болмас еді. Баспасөзіміздің бұ жағы да көңіл көншірлік еш нәрсе бермей тұр.

Өзімізден мәдениеті жоғары орыс халқындай бола қалу бізге әлі ертерек екенін жақсы білеміз, бірақ бар күшімізді жұмсап, «бар өзір, жоқ мәзір» деп отырғанымыз жоқ.

VII

Баспасөзіміздің күйі осы. Айта берсек, кемшілік толып жатыр, бұл мақалада мен тым орасандарын ғана санап өттім. Бұл кемшіліктерді толықтыруды қолдарынан келетін азаматтар ескерусіз қалдырмас деп сенемін. Бұл кемшіліктерді мойынға алмайтын азамат табылар деп және де ойламаймын. Мұның бәрі бүгін көрініп, бүгін сезіліп отырған кемшіліктер емес. Мен де бүгін Америкадан келіп отырғаным жоқ. Бірақ «Құдай өзі кешірер» деген бір намаздың үмітіндей, «Көш жүре түзеледі» деген мақалға сүйене берудің керегі жоқ, көштің түзелетін кезі болады. Көшті түзеу керек, көшті оңға бастау керек.

Жоғарыда көрсеткен шараларымды қорытқанда айтатыным:

1. Қалам қайраткерлерін осы жылдың басынан бастап кеңсе қызметінен босатып, тамағын тоқ, орнын жайлы, көңілін алаңсыз қылып, кітап жазуға қосу керек.

2. Газет-журналдарымыздың басына лайықты адамдарды жеткілікті қылып отырғызып, халық тұрмысын айнаға түсіргендей көрсететін, адасқанға жөн сілтейтін, партия бағыты, һүкімет заңымен таныстыратын, дүниеден хабардар қылатын газет-журналдарды жиілетіп мезгілінде шығару керек.

3. Жазылған кітап, газет-журналдарды бастыратын Мемлекет баспасына айрықша назар салып, баспахана жұмыстарын бақылап отыратын, берекелендіретін қызметкерлер қою керек.

Баспасөзімізді көркейту, гүлдендіру үшін менің ұсынатын жобаларым осылар. 1923 жылдың баспасөз туралы жұмыс жоспары да осы болуға тиіс. Бұл айтқандарды орындай алсақ, төңкеріс дәуірінде шын теңдікке жеткендігіміздің ең күшті іспеті болса керек. Жоқ, ананы бір, мынаны бір сылтау қылып, бұл жұмыстарды кешеулете берсек, «Ерте оңбаған кеш оңбас, кеш оңбаған еш оңбас» деген мақалдың дәл бізге арналғаны.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 11 январь, 1923 ж., №60.

СОТ ОСЫНДАЙ БОЛСЫН!

«Еңбекші қазақты» оқып келе жатқандарға белгілі, Орынборда және де Қазақстан Республикасы құрылғалы болмаған бір үлкен іс қаралды. Мұны тарихи іс десек те жарайды.

Патша һүкіметінің қазақтың миына, тамырына шейін уытын жайып кеткен кеселді мирастарының үлкені партиякорлық, жалақорлық, парақорлық, бақұмарлық, тақұмарлық еді. Қазақ арасындағы не пәленің бәрі осылардан өрбуші еді. Төңкеріс болған екен, саясат өзгерген екен деп, жүз жылдар бойы сүйекке сіңген дерт оп-оңай қала қойсын ба! Осы жолғы соттың қарағаны да Ырғыз үйезінде болған сондай істердің бірі еді. Алды абақтыда отырғанына жылға таяған он шақты Ырғыз азаматтары бұл күйге түсуінің түпкі себебін қысқаша айтып өтелік.

1920 жылы Ырғыз үйезінің тағдыры қайдағы оңбаған, көргекте қаққандардың қолында болды. ...Бұлардың өздеріне сәйкес жарандары, атарман-шабарманы аз болмады. Қазақшылықпен, табына, қанына тартып жолдастасқан бұлардың арасында бірен-саран таза жігіттер де болса керек. Осыларға дес тигеннен кейін Ырғыз үйезіне дегенін істей бастады. Сол жылы қара жұмысқа жігіт алатын «укомтруд» дейтін шыға қалып, сол арқылы өлгі азулылар елді қан қақсатты: өздері ашығып қырылғалы отырған кедейлерді жұмысқа айдап, өздеріне тән елдерді аман алып қалып, бір үйезден бір байдың, бір «жақсының» баласына тимеді. Бұлардың бұл қиянатына шыдай алмай, нашар таптан шыққан бірсыпыра оқыған жігіттер партияға кіріп, зорлықшылармен алыса бастады. Бұл өңгіме сол 1920 жылы «Ақ жол» газетінің 30 нөмірінде басылған еді.

Кешікпей зорлықшылдар тағынан тайып, өлгі жігіттер ел билігін қолына алды. Біреуі исполкомға, біреуі ана мекемеге, біреуі мына мекемеге бастық болды. Бұлар бұрынғылардың ішкен-жегенін мұрындарынан шығара бастады, от алып соңдарынан түсті. Жауыздың жазасын тартқызамыз деп бұлардың ызамен асыра сілтеп жіберген істері де болған. Бір жағынан осыны кек тұтып, екінші — баққұмарлық шыдатпай, күні кеше босағасынан қарай алмайтын кедейдің балалары ел билеп кеткеніне тарылып, Тұрмұхамедтер өткен 1922 жылы 4 ғинуарда КирЦИК-ке арыз береді. Көздеп берген азаматтары: исполком бастығы Әбіш Тойбазарұлы, өзге орындардағы Мұса Дайрабайұлы, Ұзақбай Құлымбетұлы, Әбдірахман Құлыбекұлы, Оспан Сарбатырұлы, Абдолла Тойбазарұлы, Петр Кузнецов, Роман Щербаков, Елеусіз Есназарұлы, Әлмағамбет Науқанұлы, тағы-тағылар. Бұларға жапқан жаласы: пара алды, аштарға жинаған малды жеді, өшіккен кісілерін жолсыз тұтқын қылды, бірінің айыбын бірі қымтады дейді. Әрине, бұл жігіттердің де бәрін бірдей періштеден пәк деп, таза еді деуге болмайды: жә, кемшілік деген нәрсе ердің ері болмаса, адам баласын бұзбай қоймайды. Ар алдында «алтын көріп жолдан тайғандары» да болса керек.

Осы істі тексеруге КирЦИК Орынбордан бір комиссия шығарады. Бұл комиссияның бастығы болып, қазақтың елін, жерін білмейтін, жүрегі қандай екенін өзі білсін, Бахров деген орыс шығады. Бахров Ырғызға барған соң, Тойбазаровтардың қарсы жағында қонақтап жатып, солардың айтқанына нанып, тергеуді айыпкерлерге өте қолайсыз түрде бірбеткей істейді (*бұл сотта анықталды*). Тойбазаровтар абақтыға түседі. Бұлар бергі жердің тергеу-тексеруіне қанағаттанбай, мұндарын Мәскеуге шейін шағады. Ақырында Мәскеуден Бүкілроссиялық жоғарғы соттың сессиясы келіп, осы істі Орынборда февральдің 5-нен 11-не шейін ұдайымен алты күн армансыз қарады. Соттың төбе биі Кронберг, мүшелері Крумин һәм Нығмет Нұрмақұлы болды.

Соттың басталған алғашқы күндерінде айыпкерлердің бәрі болмаса да, біразы атылуға бұйырылар деп ойлағандар көп еді. Орынборда шығатын орыс газеттері күн сайын айыпкерлердің аттарын таяқтай харіптермен басып, біздің «Еңбекші қазақ» та бейшараларға қаһарын тігіп, «жатқандарыңнан тұрмаңдар, жазаларыңды сот берсін» деп жазып еді. Баспасөздің назары ел бүлдірген сотқарларға осылай

болуы айып емес те шығар, бірақ сот дәлелсіз қорғаудан, алдаудан алыс болып, басында айыпкерлерге шұқшия қараса да, армансыз тексере келіп, ақырында үлгілі әділ билік айтты. Соттың билігіне сүйсінбеген жан болған жоқ. Адвокаттардың арасынан Сергеевтің сөзі өте күшті, өте дәлелді болып шықты. Айыпкер Әбіш Тойбазарұлы үш сағаттан артық соңғы сөйлеген сөзінде оқиғаны бастан-аяқ баяндап, мұндай халге қалайша душар болғандығын, өзінің нахақтан күйіп отырғандығын аянышты күймен суреттегенде, сотты тыңдауға жиналған көп халықтың ішіндегі әйелдерден талып қалғандары болды, көңілі елжіремеген, көзіне жас алмаған еркек аз болды.

Тергеу-тексеруді бітіріп, айыпкерлердің соңғы сөздерін тыңдап болып, сот оңаша бөлмеге шығып, билігін алты сағат ақылдасып, әбден ойланып-толғанып келіп естіртті. Ырғыз үйезінде судья болып жүріп пара алуда айыпталған Оспан Сарбатырұлы, оның хатшысы Әлмағамбет Науқанұлы, Щербаков деген орыс үшеуіне үш жылдан жаза кесіп, бастығы Әбіш Тойбазарұлы қылып өзгелерін сол арада тұтқыннан азат қылды. Және де Ырғыз үйезіндегі партияшыл, жалақор, зорлықшыл жуандардың қылмыстары тексерілсін деп қаулы шығарды.

Бұл іс армансыз қаралды. Сот асықпай отырып алты күн тексеріп, ұшығына жетті, өзінің шын үлгілі, шын адал сот екендігін көрсетті. Бұл соттың бір мүшесі Нығмет жолдас, қазақ жайына жетік, өзі қазақ болуы істің ақ-қарасын айыруға үлкен себепкер болғандығы сезілді. Жалғыз Ырғыз азаматтарының бұл ісі емес, әр елде мұндай оқиғалар көп, «айран ішкен құтылып, шелек жалағандар тұтылып» жүргендер де толып жатыр. Соның бәрін жергілікті соттар осындай таза тексерсе, біреудің малына, біреудің ажарына сатылмайтын болса, тез қасында қисық ағаш жатпас еді, тентекке тыю салынып, елге тыныштық сонда орнар еді.

Жергілікті соттар, мына соттан үлгі алыңдар, сот болсаңдар, осындай болыңдар!

Мадияр.

«Еңбекші қазақ», 19 февраль, 1923 ж., №67.

Басқармадан:

Мұндай екі таптың күресінен шыққан жауыздық жасырынған ауыр істерді жалғыз-ақ еңбекшіл таптың соты жете тексеріп, билік қыла алады.

КІМ ОҚЫТАДЫ?

Оқу ісін ілгері бастыру керек дегенді бұрын да әркім айтушы еді, әркім жазушы еді.

Анау күнгі Мәскеуде болып өткен Х Кеңестер жиылысынан кейін «оқу істерін көркейту» деген ұран шығып, қазір бұрынғының ар жағында екпінді мәселенің бірі болып кетті. Бұл жұмысқа һүкімет белсене кірісті, оқу жолында, шама келгенше, қазына аямаймыз деп тұрған көрінеді. «Соқырдың тілегені екі көзі», мұнан артық не тілейміз. Бұған һүкімет те, ел де, азамат та аянбай кірісіп, төңкеріс һәм соғыстар салдарынан ілгері баса алмай тұрған оқу істерін көңілдегідей дәрежеге жеткізу керек екендігі — екі жерде екі төрт секілді анық нәрсе.

Олай болса, школдар, мектептер көбеймек, қазіргі өмір сүріп тұрған мектептерге күш-көмек беріліп, қажеттері өтелмек. Кітап жазуға, жазылған кітаптарды басып шығаруға да һүкімет қазына аямай шығартпақ. Бұл жұмысқа ел де болысып, азамат та атсалыспақ, бұлай болғанда оқу жұмысы дәуірлеп кетсе керек қой. Бірақ бұл сенім бізде жоқ. Неге десеңіз, төңкерістен бұрын біздің қазақта азды-көпті учительдер, мұғалімдер бар еді; учитель, мұғалім болып шығуға даярланып жүргендердің саны бірсыпыра еді. Бұлардың өте азы болса да, шын жақсы оқытушылар болып, кейінгілері, елдегі жақсылар сияқты, үлгілі оқытушы болуға тырысушы еді. Һүкімет школдарынан басқа ел арасында ұлт мектептері ашылып, қазақтың өзі «пәлен медреседен, түген школдан оқып шыққан мұғалімдер керек» деп сұрау салып, жарнама таратып, таңдап алу жолына түсіп келе жатыр еді.

Қазір сол учительдеріміз, сол мұғалімдеріміз қайда? Солардың бәрі оқыту жұмысында болғанның үстіне, жаңадан тағы да көп оқытушылар керек болар еді. Жаңадан оқытушылар таппақ түгіл, ескілеріміздің өзінен айырылып отыр емеспіз бе? Біздің бұрынғы оқытушыларымыздың көбі (*учитель болсын, мұғалім болсын*) саясат істеріне қатысып, һүкімет жұмысына араласып кетті. Бірсыпырасы шаруаға айналысып, саудагер болып кетті. Бұрынғы аты төуір мұғалімдеріміздің біразы қырда болса, төңкерістен кейін пәлен жүз қаралы малға, қаладағылары көк төбелі үйлерге ие болды. Бұрынғы «кедей жомарт» та енді «саран бай» болды. Бұрын «таза пікірлі, ұлтшыл оқытушы» дейтін-

деріміздің бірсыпырасы төрелікке соқтығып, қолы жеткен соң (*әлде өтірік, әлде рас*), парашыл, қиянатшыл деген атаққа ұшырады. Мектеп адыра қалды, жабылды. Мұғалімдеріміз, «әже, көже, арпа, жапа...» деп жас балалармен «басын қатырып» отыруды бойларына лайық көрмейтінге, менсінбейтінге айналды. Осы күні елде мектеп жоқ, елде оқу жоқ десек, жалғаншы болмаймыз. Қалалы жерлерде ғана оқу бар сияқты. Бірақ мұнымен қазақ арасына ғылым нұры түсіп тұр, түседі деуге болмайды. Қалалардағы школдарға, мектептерге қырдың балалары бәрі бірдей, һәттә мыңнан бірі, келіп оқи алмайды. Бәрі келіп сыймайды да.

Қырда оқудың жоқтығын, қырдың оқуға сусап отырғандығын көрсетуге жарарлық бір мысал келтірейін. Өткен 1921—22-жылдың қысында Семей қаласында сол үйезге қараған Шыңғыс болысынан 110 бала, Кереку үйезінің Ақбеттау болысынан оқуға 80 бала келді. Осылардың көбі қақтығып-соқтығып, әсіресе елі алыс Ақбеттау балалары ашығып, ауруға шалдығып, жазғытұры 3-4 жүз шақырым жердегі елдеріне қаңғырып жаяу кетісті. Солардың бәрі қырдың оқуын тауысып яки қырдың оқуын менсінбей келгендер емес, қырда оқу жоқ болған соң келген талапкерлер еді. Оқу жұмысына мемлекет шаруасының күйзелісі зор бөгет болғандығы белгілі, оның үстіне қырда мектеп жоқ болғандықтан мұғалімдер табылмай отырған жоқ, көбінесе мұғалімдер болмағандықтан мектептер жабылып отыр.

Тегінде, біздің қазақтың оқыған азаматтары аз екені, сол аздың көбі учитель, мұғалімдер екені бәрімізге белгілі. Сондықтан төңкеріс дәуірінде әлеумет, һүкімет, партия жұмыстарын басқаруға көп қызметкерлер керек болған соң, оқытушыларымыздың бәрі жөңкіле мекеме қызметтеріне өтіп кетті. Бұлардың бірсыпырасына кетпеске болмады, бірсыпыралары дәреже қуып, бірсыпыралары шаруа күйттеп, сауда істеп, пайдакүнемдік жолына түсіп кетті, кейбіреулері «жұрт кісісі» болып, елдегі қазақтың партиясына белшесінен батып кетті.

Осы күні басы обком, КирЦИК, Совнарком, аяғы болысной, ауылный исполкомдарға шейін отырғандардың көбі кімдер? Олар — баяғы біздің оқытушылар. Осылай болған соң, мектеп иесіз қалмағанда, кім иесіз қалсын! Алдыңғылардың түрі өлгідей болған соң, осы күнгі оқып жүргендердің қиялында ертең елге барып бала оқыту емес, көздегендері онан гөрі көрнектірек орындар болуға ықтимал.

Ал, енді қазір оқу жұмысын қолға алады екенбіз, шама келгенше ақша жұмсайды екенбіз, сонда кім оқытады? Қазіргі «ауру сұрақтың» үлкені осы болар деп ойлаймын.

Іске асыру тетігі жазушыда емес, сөйткенмен бұ туралы менің ұсынатын жобам мынау:

1. Аяғымызды көрпемізге лайықтап көсіліп, ел ішіндегі мектептерді бірден көбейтіп жібереміз демей-ақ, өзірге болыс басы 2-3 мектептен ашу керек. Бірақ бұл мектептер шын мағынасында мектеп болсын.

2. Үйез-үйезде әлгі аздап ашқан мектептерге жеткілікті төуір мұғалім, учительдерді басқа қызметтерден босатып, оқытушы қылу.

3. Ол мұғалімдердің тамағын тоқ, көйлегін көк қылып, тұрмысын түзету.

4. Осы күнгі институт, рабфақ, партшкол секілді школдарда оқып жүрген жастардың бәрін болмаса да, бірсыпарасын оқу бітіргеннен кейін пөлен жыл елде бала оқытуға міндетті қылу, оқып шыққаннан кейін бұларды өзге қызметтерге алмау.

5. Қазіргі оқып жүрген жастардың құлағына жалаң саясат ғылымын құя берудің үстіне, жалпы еңбекшіл қазақ халқының надандығын, ол надандықтан құтқарып, бақыт жолына түсірудің бірінші сарасы жас буынды оқыту екендігін, ертең өздері оқып шыққан соң да, көбі үйретуші, тәрбиеші болу керектігін иландырып, оқыту тәртіптерін үйрету жағына артығырақ уақыт, күш жұмсау керек. Надандық біздің жауымыз болса, ол жаумен соғысатын әскер-оқытушылар екеніне иман келтіру керек.

6. Өз жолынан амалсыз шығып, hүкімет қызметтерінде жүрген мұғалімдер, учительдер hүкімет істеріне өте керектерінен басқасы, халық ағартуға тілектес болса, төңкерістен бұрынғы «халық ағартушыларымыз» деп кеуделерін қағулары алдау емес, рас болса, «оқытушыларымыз төрелікке қызығып кетті» деген өсекті бекерге шығарайын десе, қазіргі «оқуға, оқытуға ұмтылу» деген ұранға қосылып, білім туын қолға алып, оқу майданына қайтадан шықсын! Тегінде, зорлап оқытушы қылғаннан әркім өзі тіленіп кіріскені пайдалырақ болуында сөз жоқ. Өзі тіленіп кіріскендер шын оқытушы, шын халық ағартушы екендігі сонда көрінеді.

Жоғарыда ұсынған жобалар іске аспаса, жалпы жұрт надандықтан құтыла алмайды, надандықтан құтылмай тұрып, теңдікке жетеміз дегеннің бәрі бос сөз, тәтті қиял.

Мадияр.

«Еңбекші қазақ», 27 февраль, 1923 ж., №68.

ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!

Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз — орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп».

Біздің қазақ айранға бай болғанымен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол — Наурыз.

Наурыз — қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда, Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-нда, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды.

Тіршіліктің арқауы, алдыменен, тамақ. Дүние жаратқаннан бері жанды-жансыздың бәрінің талас-тартысы, шынын айтқанда, тамақ үшін, күн көруі — алдындағы айдап өсіріп жүрген малының амандық, жамандығымен байлаулы. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар, табиғатты қолданған мәдениетті елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді. Болмашы боранға, жауын-шашынға, топтанған бұлтқа, ауысқан желге, керек десе, жаңа айдың қалай туғанына шейін, қазақтың зор мағына беруі — әшейін еріккеннен тапқан ермегі емес, қыстың ауыр иә жеңіл өтуінен тіршілігі өзгеретін, жеңіл болса құт, ауыр болса жұт болатындығын байқаған тәжірибеден шыққан нәрсе.

Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе? Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп,

бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн — Наурызды қалайша мейрам етпесін!

Соңғы жылдар қазақтың шаруасын күйзелтіп, байтақ елі ашаршылыққа ұшырап, ойын ойнап, тойын тойламақ түгіл, барар жер, басар тау таба алмай дағдарған еді. Енді шүкір, аздап заман түзеліп, шаруасы оңалуға айналғаннан кейін, оның үстіне биылғы қыс өр жерде жеңіл болып, жұрт алдырмай-шалдырмай аман-есен жазға жетіп отыр. Сондықтан бұл Наурыз ел-елде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім жас буын қуанысып-күлісіп, жанның бәрі дүниеге жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек.

Мұнан былай да, бүгінгі күнді жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін қазақ елі ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күнілгері қамынды же. Сонда ғана былтырғы, бұрнағы жылдардай қан жыламай, алдағы Наурыздарды да шын мейрам, шын шаттықпен өткізесің.

Қуанышты күнің — Жаңа Жылың құтты болсын, қазақ!

Дүниеге көрік берген, шырайы жылы жыл басы — Наурыз, қош келдің!

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 1923 ж., №75.

БАСПАСӨЗ ҮМЕСІ

Қазір Қазақстан баспасөз үмесі жарияланып отыр. Екінші сөзбен айтқанда, баспасөзді күшейту, көркейту жолында істелетін шаралар қандай болуы керек, соларды жобалап, ұйғарған шараларды тезінен жүзеге асыру үшін жарияланып отырған үме бұл. Бұ туралы қандай шаралар ұсынудан бұрын, қазақ баспасөзі жайынан аз сөз айтып өтсек орынсыз болмас.

Біздің баспасөзіміз күшті болса, көңілдегідей көрікті болса, қазір «Баспасөз көркейту» ұраны шақырылмас еді, баспасөз үмесі жарияланбас еді. Сондықтан баспасөзіміздің нашарлығы өзінің қысқаша тарихымен сабақтас. Бұл ұранда, баспасөз дегенде, біз газет-журналдар тақырыпты ғана сөйлеуді лайық көреміз.

Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесіз бір өлшеуіші баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтірген. Сондықтан Европа жұрты баспасөзге «алтыншы мемлекет» деп ат қойған.

Баспасөздің қадірін білген жұрттың адамдары онсыз тұра алмайды: орнынан тұрған соң, беті-қолын жумастан бұрын есіне шай ішу түспейді, алдымен жабысатыны, қолына алатыны газет-журнал, олардың көзі, алдымен соған қадалады; пөлен жүз, пөлен мың шақырым жердегі кешегі күні болған оқиғаны бүгін таңертең оқып көрмесе, көңілдері көншімейді; дүниеде не болып жатқанды біліп отырмаса, бәрібір өзін соқыр, саңырау сияқты бақытсыз адам есебінде санайды: неге десеңіз, баспасөзді жалғыз қызық, таңсық үшін ғана оқымайды, баспасөз жүзінде саясат, тіршілік, ғылым, шаруа, сауда, соғыс, бітім, төңкеріс, ізгілік, жауыздық, елдің күнбе-күнгі жай-күйі табылады: күнбе-күн өзгеріп, құбылып отыратын тұрмыс ағымымен танысып, әркім өзіне керегін біліп, хабарланып, сақтанып, қамданып отырмағы керек.

Міне, бір мысал. Швейцарияның Лозанна деген шаһарында осы күні жиылыс болып жатыр. Европаның жиһангерлері Түркияны дуана талағандай қамап, арбап, алдап, бір жағынан, қорқытып, қайткенде оңай жем қылу, бұрынғысындай құлдану, езу шарасын кеңесіп жатыр еді. Осы жиылысқа Россиядан Кеңес һүкіметінің толық құқықты уәкілі Воровский жолдас барып, қыр көрсетіп, «Түркия жалғыз емес, бұған да ара түсетін мемлекет бар, езілген ұлттардың досы — Кеңес һүкіметі сендердің зорлығыңа көнбейді, тал түсте талатып қоймайды» деп салғыласып жатыр еді.

Сол Воровский жолдасты фашистер партиясы атып өлтірген телеграм хабары келіп отыр. Бұл хабар Европадағы, Россиядағы газет біткеннің бәрінде екі-үш күннің ішінде басылып, халыққа таралып отыр. Осының бәрі — Лозаннада болып жатқан жиылыс, онда қай мемлекеттің уәкілдері болғандығы, олардың арам ниетінде сөйлеп, Түркияға қандай тор құрып жатқаны, Россия уәкілі барғанда не сөйлеп, не қойғаны, оған дұшпандар не жауап қайтарғаны, ақырында, оны өлтіргені, бұл өлімнің хабары — бәрі екі-үш күннің ішінде дүниежүзіне жайылып, баспасөз жүзіне шығып отыр. Енді

бұған қарсы Кеңес һүкіметі не қылады өкілді қалай жоқтайды, фашистердің бұ қылығын дүниежүзінің еңбекшілеріне қалай таратады, осының бәрі дүниежүзіне тағы да екі-үш күн ішінде мәлім болады.

Ал бізде қалай? Біз қазір Орынборда отырып, Орынбордың іргесіндегі Бөрте болысында не болып жатқанын білмейміз, ол елде алдын ала сақтанарлық ауру бар ма, апат бар ма, жоқ, жан сүйсінерлік жақсылық болып жатыр ма, қырық-отыз шақырым жерде отырып, біз білмейміз. Білсек те 10—15 күннен кейін, ұзын құлақтан, иә болмаса өгіз жегіп базарға келген Құлбайдан біз де мұның шет жағасын шалапұла естиміз.

Орынбордың хабарын Бөрте елі тағы Құлбайдан естиді. Лозаннада не болып жатқанын, Воровскийдің өлімін Құлбай елге айтып бара алар ма, айтып баратын болса, «талчоктан» алып барған «мағлұматы» қандай болар?! Ана жылдар «большевик» деген маңдайында тостағандай жалғыз көзі бар бір пәле екен» деп елге хабар тарататын осы Құлбай емес пе еді? Өнерлі жұрттардың хабар жиысы Құлбай болмайды, баспасөз болады.

Төңкерістің алдында Россияда екі жарым мың шамалы газет-журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жұрттардың газет-журналы мұнан да көп еді. Егер газет-журнал халықтың санына қарай шығатын болса, төңкерістің алдында біздің қазақтың 80-нен артық газет-журналы болуға керек еді. Бұл болды ма? Неге болсын! Сексен түгіл, сегіз газетіміз болмаушылық біздің мәдениет сатысының ең төменгі басқышында тұрғандығымызды көрсетеді.

Қазағы, қырғызы бар, Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда, бұл күнге шейін шығып тоқтаған һәм шығып тұрған газет-журналдар мыналар: 1. «Дала уалаятының газеті». 2. «Серке». 3. «Айқап». 4. «Қазақстан». 5. «Қазақ». 6. «Қазақ газеті». 7. «Сарыарқа». 8. «Алаш». 9. «Жас азамат». 10. «Абай». 11. «Бірлік туы». 12. «Үш жүз». 13. «Қазақ мұңы». 14. «Заман тілі». 15. «Қазақ тілі». 16. «Тіршілік». 17. «Кедей сөзі». 18. «Бостандық туы». 19. «Ұран». 20. «Мұғалім». 21. «Еркін». 22. «Ерік». 23. «Қызыл ту». 24. «Еңбек туы». 25.»Ақжол». 26. «Жас алаш». 27. «Кедей еркі». 28. «Ұшқын» (*Орынборда*). 29. «Ұшқын» (*Алматыда шыққан*). 30. «Сахара таңы». 31. «Жаңа өріс». 32. «Көмек». 33. «Жас қайрат». 34.«Тілші». 36. «Шолпан». 36. «Сана». 37. «Еңбекші қазақ». 38. «Қызыл Қазақстан». 39. «Темір қазық». 40. «Өрнек». 41. «Қазақ кедейі». 42. «Мұғалім» (*Орынборда шыққалы тұрған*).

Бұлардың 32-сі марқұм, 10 шамалысы ғана шығып тұр. Тоқтағандардың ең көп жасағаны — «Қазақ» газеті, мұның да өмірі жеті жылға толған жоқ, ең өмірсізі бір күндік. Шығып тұрған газеттеріміздің бәрін біріктірсек, осы күнгі Мәскеуде шығатын жалғыз «Правда» газетіндей құнары жоқ, журналдарымыздың берекесі де сондай.

Бұл кемшіліктің себебі неден? Өнерсіздігімізден, білімсіздігімізден дегенді айтпаймыз. Біз өзімізден мәдениеті жоғары елдермен бәсекелескелі отырғанымыз жоқ. Жоғары басқышқа бір-ақ секіріп шығуға болмайды, бірте-бірте аттамалап шыққақ та бізге аз емес. Біздің күйінетініміз, қолымыздан келетін шаралардың бәрін істеп болып, жалғыз надандығымызға кейіп, бармағымызды шайнап отырғанымыз жоқ. Біз қолдан келетін істердің өзіне қарсылық қылып отырмыз.

Әркім қолдан келгенін істемей жүргеніне мысал келтіремін. Осы күні Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газетінің 1923 жыл 27 апрельде шыққан 33 санында «Қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» деген мақаланы оқып қараңыздар. Сондағы жазылған сөзді оқысаңыздар, ойларсыздар. Керекудің үйездік исполком бастығы Әзімбай Лекерұлына, Қарқаралының үйездік исполком бастығы Ғарифолла Ысқақұлына, Қарқаралының үйездік хакімшілік бөлімін басқарушы Жанөбіл Найманқожаұлына, Өскеменнің үйездік хакімшілік бөлім бастығы Нұрғали Қадылбекұлына (*Қадаленко емес*) «Қазақ тілінің» басқармасы жазу дәптерін жіберген екен. Мұның төртеуі де — азуы алты қарыс коммунистер, ортақшыл партияның Кеңес hүкіметінің газеттерін таратуға өзгелерден артық жанын сала қимылдауға лайық ортақшылдар, надан қара халықтың көзін ашуды өздеріне борыш деп санауға лайық азаматтар... Осы төртеуі ойламастан, уәделесіп қойғандай, «ерегескен соң газеттің бір нөмірін де таратпайық» дегендей, басқармаға бәрі бірауыздан жауап қайырып отыр: «Ешкім газет алмайды, қайтейік», — деп. Міне, біздің ісіміздің ілгері баспайтыны осындайдан болады. Жоғарыдағы төрт азамат, күнде тобымен келіп, мекеменің есігін тоздыратын, пәтеріне қайтса, соңдарынан қуа баратын қазақтарға айтса, ешкім алмағанын төртеуі төрт жерден ... берсе де тануға бола ма? Семей губерниясы, басқа жерлерге қарағанда шаруасы күйлі, оқығаны, көзі ашығы көбірек ел, биыл түгіл 10 жыл бұрын жұрттың қазіргіден гөрі наданырақ, қазіргіден гөрі газет-журналдың керегін білмейтінірек кезінде, «Қазақ»

газеті алғаш шыққан жылы Семейден 612 кісі алдырған еді. Биылғысына жол болсын!

Енді не істейміз? Сөйлеп-сөйлеп, бөсіп-бөсіп қоямыз ба, жоқ, баспасөздің күшеюіне шынымен қам қыламыз ба? Шын қам қылатын болсақ, мыналарды істеуіміз керек:

1) газет-журнал шығаруға лайық һәм басқарманың контор қара жұмысын атқаратын жеткілікті қызметкерлер дайындау;

2) басқарманың үйін, сайманын түгендеу;

3) өуелгі кезде аяқтандырып жіберу үшін мемлекет қазынасынан молырақ көмек беру;

4) мемлекет баспасына қазақтан қызметкерлер кіргізу;

5) осы бастан Қазан секілді қалалардан губерниялар үшін харіп алдыру шарасына кірісу;

6) баспахана, қағаз, бояу секілді заттарды молайту;

7) поштаханалар салақтық қылмай, газет-журналдарды дұрыс жеткізетін қылу;

8) жер-жерде өтірік айтпайтын, инабатты азаматтардан тілші көбейту, мекемелерде отырған қазақ жігіттерін хабар жазып тұруға, не істеп жатқандары туралы мағлұмат беріп тұруға міндетті қылу;

9) сенімді, дұрыс азаматтарға жазылу дәптерін жіберу;

10) қазақтан харіп тізушілер даярлайтын курс ашу;

11) болыстық, ауылдық исполком бастықтарын, қазақтан болған милиция бастықтарын, билерді, тергеушілерді, қалақалада отырған қызметтегі азаматтарды, мүмкін болса, газет-журнал алып тұруға міндетті қылу, болмағанда ұсыну;

12) Әзімбай, Ғарифолла, Жанәбіл, Нұрғали секілді «баспасөзге айрықша еңбек сіңірген» азаматтарды «Қызыл тақтайға» жазып отыру.

Осы айтқандарды һүкімет басында отырғандар, қаламының өнері барлар, елдің ағаруына тілектес азаматтар орындауға тырысса, баспасөзді көркейтуге, күшейтуге шын үме жасағанымыз болады. Егер Семейдің анау төрт азаматындай «қайтейік, төбелесейік пе» деп мөлиіп отыратын болсақ, «ата-бабамыз баспасөзсіз де күн көрген» деп, «құдайға тапсырып» жүре тұралық.

Міржақып.
«Еңбекші қазақ», 17 мамыр, 1923 ж., №88.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

(Өтініш хат)

Қазақстан Республикасы Халық Ағарту Комиссариатының тапсыруы бойынша орта дәрежелі мектептерде оқытуға лайықтап қазақ-қырғыз тарихын жазып жүрмін. Сол себепті тарихқа керекті кейбір мағлұматтарды елдегі көріқұлақ қариялардан, білімді азаматтардан сұрауға тура келіп отыр. Маған керегі — қазақтың, қырғыздың анық шежіресі.

Ел-елдің (*әр үйездің, әр рудың*) адамдары өз аталарын жазып бермесе, бүкіл қазақ-қырғыздың шежіресін қанша жүйрік дегенмен, бір кісі анық біле алмайды. Қатесі бола береді. Мәселен, Шәкәрім шежіресінде қазақтың рулары туралы бірсыпыра қателер бар көрінеді. Мұны кез келген әр елдің, әр жүздің адамдары айтып жүр.

Міне, мен өзім Торғай үйезіне қараған арғын боламын. Шәкәрім ақсақал шежіресінде Торғай үйезіндегі тоқал арғын туралы: «Кіші жүз ішінде тоқал арғын (*Саржетім-Шақшақ*) бар... Кіші жүздегі шекті деген ру Шақшақ бола ма деп ойлаймын», — дейді.

Шекті — Кіші жүздің іргелі бір табы, 30 болыстан артық ел. Мекені Ырғыз, Қазалы үйезінде. Шәкәрім ақсақал бұл Кіші жүздің шектісін арғынның шақшағына жорып отырған себебі — аты ұйқас болғандығынан. Торғайдағы тоқал арғын өз арасында жоғары шекті, төменгі шекті аталады. Бірақ шек бұлардың атасы емес, таңбасы. Ел арасы шалғай болғандықтан, мұны Шәкәрім ақсақал жаңылыс естіген болса керек. Шекті сияқты ұйқас — аттас рулар толып жатыр. Мәселен, арғынның төртуыл деген руы бар (*Атбасар үйезінде*), найманның төртуыл деген руы бар (*Зайсан үйезінде*), Кіші жүздің қаракесек деген руы бар (*Ырғыз үйезінде*), Орта жүздің қаракесегі бар (*қарқаралы үйезінде*), қыпшақта мадияр бар (*Кереку үйезінде*), арғынның мадияры бар (*Торғай үйезінде*). Осындай аттас руларды шежірелерде жаңылыстыра беруге мүмкін. Сондықтан, ең дұрысы, әр үйездің, әр рудың адамдары өз табының шежіресін жазып берсе, соның бәрі бір қолға жиылып, салыстырылса, сонда ғана қазақ-қырғыздың бергі шежіресін анықтауға болады. Сол себепті өтінемін:

1. Сіздің үйезде қазақтың иә қырғыздың қандай руы бар? Соларды таратып жазыңыз.

2. Араларыңызда қандай кірме елдер бар? Аз-көбіне қарамай, олардың да санын көрсетіңіз.

3. Сіздің үйезде (*қай болыста*) төре бар ма? Олар қанша, қай төренің, қай ханның тұқымдары? Қалайша пайда болған?

4. Сіздің үйезде қазақ, қырғыз неше болыс? Ата-ата ретімен осы күні қай болысқа қарайтынын, жерін, суын, мекенін айтыңыз. Араларыңыздағы кірмелер қай рудың, қай болыстың ішінде екенін көрсетіңіз.

5. Сіздің елдер осы күнгі мекендерінде қай заманнан бері отыр? Олар бұрын қайдан келген? Не себептен бұл араға келген? Сіздің елден бұрын бұл жерді кім мекен қылған, бұл күнде олар қайда кеткен? Араларыңыздағы кірмелер қашан келген, қайдан келген, қалайша келген?

6. Сіздің үйезде бұрынғы замандарда қандай атақты билер, шешендер, ақындар, батырлар, төрелер болған? Атақтары немен шыққан? Олардан қалған үлгілі сөздер бар ма? Бұрынғы соғыстар, жұттар себепті елдің қонысы ауғанда айтылған жырлар, өленлер бар ма?

7. Қытайға қарайтын қазақтардың шежіресін жазыңыз. Ол елге газет бармайды. Сондықтан олар туралы шектес Зайсан, Шұбарағаш үйездерінің адамдары мағлұмат бергені дұрыс болар еді. Қазақстанға кірмей, Сібірде (*Алтай, Омбы губернияларында*) бөлініп қалған қазақтар жайынан, иә өздері, иә жапсарлас елдердің азаматтары білдірсе екен.

8. Бұхар, Хиуа қол астына қарайтын қазақ-қырғыз жайынан Түркістан азаматтары мағлұмат береді деп сенемін.

9. Мүмкін болса, әр үйездің жер-су планы сызылып, болса — болысқа бөлініп, мекен еткен рулары көрсетілсе, бір үйезде қазақ-қырғыздардан басқа көршілес бөтен затты елдер, мәселен, мұжық, қазақ-орыс, неміс, төжік, тараншы, дүнген, қарақалпақ, өзбек секілділердің қанша екендігі көрсетілсе жарар еді. Мұндай мағлұматтарды статистика һәм жер мекемелерінен алып, үйез-үйездегі оқыған азаматтар беруге қолдарынан келер еді.

10. Әркім өз елдерінің шежіресін жазғанда, әр жағын Ұлы жүзге, Орта жүзге, Кіші жүзге апарып тірегені дұрыс болар еді. Бірақ, бұлай ету шарт емес. Әркім білгенін «аз» деп қомсынбай, «қате болар» деп қорынбай жіберуі шарт.

Қалада тұратын оқыған азаматтарға тапсыратын бір сөз.

Қырға газет-журнал дұрыс тарамайды. Сондықтан газеттің осы хат басылған нөмірлерін жоғарыдағы сұрауларға жауап берер-ақ деген елдегі адамдарға жіберсеңіздер екен.

Бұл мағлұматтар бір кісіге өншейін таңсық үшін ғана сұралмай, көпке керекті жұмыс екенін білетін, қазақ-қырғыз тарихы қолдан келгенше қатесіз толық болуы бәрімізге бірдей борыш деп санайтын тілектес азаматтар, ақсақалдар бұған салақтық қылмас деп сенемін.

Бұл хатты қазақ-қырғыз тілінде шығып тұрған өзге газеттер, журналдар көшіріп басуын өтінемін. Бұл хат басылған газет-журнал қолымызға кеш тиді, енді жіберсек үлгермейді деп ойламай, әркім жоғарыда сұраған мағлұматтар туралы ең кешіккенде күзге дейін жетісерлік қылып жіберсе де болады. Бірақ ең дұрысы — тез жіберген.

Адресі: Оренбург, Неплюевская, 42. М. Дулатову.

Міржақып Дулатұлы.
«Тілші», 7 июнь, 1923 ж.

СОҒЫС ҺӘМ ӨЗГЕРІС

(Тула мұжығының ақыл табуы)

ТҰЛА МҰЖЫҒЫ «НЕМІСТІ ҮШ ЖАҚТАП ҚЫСПАҚТАУ» ДЕГЕНГЕ ТҮСІНБЕЙДІ

Данышпан Толстой тірі шағында «Ясная поляна» деген Тула губерниясындағы Толстойдың ауылына дүниенің әр шетінен адамдар келе беретін. Жұмыстары Толстоймен дидарласу, сөйлесу болатын.

Бір кезде Толстойға Англияның бір байы келген, оны-мұны сөйлесе отырып, бай мынадай сөздер айтқан: «Мына неміс елі күшейіп, күн санап ерлеп барады. Жақсы машиналар шығарып, жасауын өндіріп, тауарын арзандатып, жер-жердегі базарларды меңгеріп барады. Әр жердегі алыс-беріске өз капиталдарын өткізе бастады. Әскері, басқа соғыс саймандарын күн сайын арттыра береді. Бұдан Англияға да, басқа мемлекеттерге де зор қауіп, бүліншілік туғалы тұр. Осы халде соғыс шығып кетсе, немістің жеңіп кетуі де мүмкін. Неміс жеңіп кетсе, жалпы адам баласына үкімін жүргізбек. Сондықтан бізге Россиямен одақтасу керек. Бұ туралы орыс елінің пікірі қалай екен?» — деген сұраумен қонақ сөз тоқтатады.

Орыс елінің аузынан есітелік деп, Толстой қонағын ертіп далаға шығады. Далада жер жыртып жүрген бір мұжыққа ұшырап, аман-сау сұрасқаннан кейін, Толстой сұлулап қонағының сөзін, қойған сұрауын айтып шығады. Мұжық

сабырмен тыңдап болды да, ашумен жерге бір түкіріп: «Менің мұндай мәселені шешуге уақытым жоқ, сабан уақыты мыжыңдауды көтермейді», — деді де, көлігін қозғап жүре берді...

Әлдекайда, теңіздің ар жағында Англия... Мұжық ағылшын, неміс, французды не қылсын. Немісті қыспақтау... Туланың шабаталы мұжығына қанша керек? Түк түсінбеді... сондықтан бір түкіріп, көлігін қозғады... Неміс қыспаққа көнбейді — өзі қыспақтағысы келеді.

2. Бұл Толстойға неміс байы Англияның үстінен арыз түсірді ме, жоқ па? Егер түсірген болса, ол айтар еді: «Англия фабрика-зауыттарын елден бұрын дұрыстап, барлық теңіздерді кемелерімен толтырып, тауарларын жылы жақтағы елі надан, жері кенді орындарға апарып, алтын, күміс, жібек, мақта, піл сүйегі, каучук, басқа осылар сияқты бұйымдарды өздеріне қаратып алды. Ол жерлерді өздеріне отар жасап алып, жержүзінің тағдырын өз қолына алып отыр. Бұған біз көне алмаймыз, біз де ілгері басып келеміз. Бізде де капитал өсулі. Біздің тауарға да базар керек. Англия жақсылықпен орын, жол бермесе, біз күш жұмсаймыз, біз Англияның қыспағына көнбейміз, бәлки, өзіміз қысармыз, бізге де одақ табылар...», — деп.

Күшті, пар мемлекеттердің салт-санасы дәл осылай болатын. Біреуі бөтен елдің жеріне жерік, қанына құмар болса, басқалары да тап солай болатын. Осы жолда көп уақыт арбасқан, неше түрлі шеберлік, әдістер малданған, бір-бірін қоқан-лоқылап қорқытқан; мұнымен қатар жетекшіл hүкіметтеріне әскерді көбейттіріп, қару-сайманды ондаттырып, қанды соғысқа дайындала берген. Бұл салт-сана, бұл жұмыс бізде де болған. Бейнетқор елден алғырт-салғырт деп арақ сатып, шарап сатып алған ақша жеткіліксіз болғандықтан министрлер басқа мемлекеттерден соғысқа дайындалу үшін арбалап қарызға, өсімге ақша тасумен болған (*біздең борышыңды бер деп 1921—22-жылдарда сұрайтыны сол ақшалар болатын*). Николай патша өсімге ақша іздеп, өзі де барып қайтқан. Бұ өсімге ақша беру жөнінде Петроградқа Пуанкарэ де келіп қайтқан.

Осындай ретпен патшалар, корольдар, капиталшы байлар бүтін дүниеге «қанды той» өзірлеген — соғыс ашқан...

1914 жылы июльде соғыс басталды. Дүниежүзінің капиталшылары екі жарылды: бір жағында — Англия, Франция, Россия, Сербия, Қаратаулық, Бельгия, Италия, Португалия, Румыния, Америка; екінші жағында — Германия, Австрия, Венгрия, Болгария, Түркия болып.

3. Соғыс орыс мұжығына аз да болса ақыл береді. Бораздадан басқа түк көрмеген мұжық бірден жеті басты сұм қайдан болсын. Алайда үш жылдық соғыс артынан болған өзгеріс ақылын арттырды.

Елді соқадан айырып соғысқа жібергенде, Англия, Францияға керегінің барын мұжық сезе бастады.

Ауылдастарынан бастап мыңдаған адамның соғыста өлгенін, мыңдаған адамның аяқ-қолынан айырылып, жарымжан болып қалғанын естігенсін, мұжық ойлай бастады: «Жазықсыз адамдар өлімге неге айдалады, кім бұларды айдайды?» — деген сұраулар мұжықтың миынан орын ала бастады.

Соғыс созылды. Қырғын күшейді. Аштық, мұқтаждық өсіп, шаруа зор дағдарысқа, зор күйзеліске ұшырады. Мұжықтың ойы да түнеріп, қайғысы қалыңдай берді. Ақырында, бұлай болуы дұрыс емес, һүкімет соғысты тоқтатпаса, һүкіметті жою керек; патша ара түссе, патшаны жою керек; ел арасынан ізгі һүкімет сайлап, әділ тыныш тұрмыс орнату керек... деген ойлар мұжықтың бойын билеп, ақылын жетелей бастады... Майдандағылар мәніске мұнан да анығырақ түсіне бастады. Әскербасылар жауыздық, адамдыққа сыймайтын теріс жолдармен атақ, шен, байлық тапты. Бұл жолда орынсыз сан қолдарды қырғынға ұшыратты. Мясоедов сияқты қиянатшыл бұзықтар арасында аса көп болды. Пара алу, қазына ұрлау, әскерге арналған заттарды өздеріне басып қалудың шеті-қиыры болмады. Арақ ішу, ойнас жасау бітірген жұмыстың зоры болды.

Қару-жарақ, киім-кешек, азық-түлік ең төмен дәрежеде болды. Солдаттар ашықты, ауырды, биттеді, құрттады, қор болды, қырылды.

4. Питерде жұмысшылар қозғала бастады.

Ұйымдасқан жұмыскерлер табы, олардың көсемдері, жұмысшылар партиясы, большевиктер соғыстан бұрынырақ капитал дәуірінің, байлар һүкіметінің адамшылықтан алыс жатқандығын білетін. Көксейтіндері бұл дәуірді жою, бұл һүкіметті құлату, ел һүкіметін, жұмысшы, бейнетқор һүкіметін сайлау болатын. Соғыс алдында да Петроградта жұмыскерлердің зор көтерілісі болған. Орамдарда ұрыс-қағыстар да болып қалған; соғыс, бір жағынан, бұл қозғалысқа кедергі болса да, екінші жағынан, қозғалыстың жемісінің татымды болуына зор себеп болды (*Жеміс — октябрь төңкерісі*). Соғыс басталғасын, ауылдарда бытырап, надандықта шіріп жүрген халдерінің нашарлығына қайғырып,

ауа көтерсе де, қазақ-орыстың дойырларымен ұшықтап көтерген ауаларын һүкімет аяқсыз қалдырып, басып, жігерлері құм болып жүретін мұжық сұр шекпен киіп, солдат болып, қалалардағы саясат білетін жұмысшыларға келіп қосылды. Жұмысшылармен майданда, қамалдарда бірге зарықты, бірге тарықты, сөйлесті, түсініст, өзгеріссіз өмірдің оңалмайтынына көздері жетті. Байлар саясаты араларына «Қытайдың үлкен жарын» салып, қосылыстырмай жүрген мұжық бауырларына, мұжық мұңдастарына жұмысшылар да қосылды. Қолдарына қару-жарақ алды. Бәрі дайын, бәрі өзір. Күш көп, қару мол, ту көтерулі. Нысана тігулі, тек қағысу қалды.

Міне, осы ретте өзгерістің толғағы пісіп, 1917 жылы 27 ақпанда «ақ түйенің қарны жарылды», ел қозғалды. Жұмысшылар көтерілді. Солдаттар мылтықтың аузын кейін бұрды. Амалсыз айдалып жүрген неміс бейнетқорын, неміс жұмысшысын өлтірудің орнына, Николай патшаны, патша шенеуніктерін, қанішер байларды жоюдың керектігін білді, жел көтерілді, теңіз толқындады, кемелер, жауыздық кемелері ғарық болды; ...патша түсті, министрлер ұсталды, қымқиғаш...

Өзгеріс өрті бүкіл Россияға жайылды. Г. Дума уақытша һүкімет сайлады, уақытша һүкімет кіл байлар тарапынан құрылды. Жұмысшылар, жұмысшылардың саяси партиясы — большевиктер бұны жақсы ұсынды, бірақ саясат тілеуі, заңы бойынша, бұған көне тұру керек болды. Һүкіметті бірден жұмысшылардың қолына көшіруге даярлану керек болды. Байлар таптарын жібере тартып ұстамаса, олар бүтіндей патша жағына шығып кетіп, патшаның орнына патша сайлаймыз деуі мүмкін болды. Олай етсе, жеңерженбес — екінші мәселе: өзгеріс, үлкен шығын, ауыр қаза, көп қан төгумен болатын болды. Сондықтан большевиктер уақытша һүкіметке уақытша көнді.

Айтып өтелік, уақытша һүкіметке кіргендер мыналар еді:

Князь Алуев, помещик Алуев, фабрикант Кушков, фабрикант Коновалов, профессор Милюков, профессор Мануйлов, профессор Некрасов, Шинкарев, Гудков, адвокат Керенский, басқа осылар сияқтылар еді.

Бұл адамдар халықшылдар емес, патшашылдар еді. Олай болуы — өздері байлар табынан еді. Патшаны түсіруге араласқаны — жақсы атты болмақ, ептеп билікті өз қолдарына көшірмек еді. Сондықтан бұлардың тоны бөтен болса да, жаныныңң, салт-санасының патшанықінен айырмасы аз еді.

Буларға байлықтарын сақтау, бұл үшін билік сақтау, билік сақтау үшін Николай жолынан шықпау керек еді. Бұлар патшаның орнына киіз қарақшы етіп құрылтайды тігіп, бұрынғы терінің пұшпақ-пұшпағын илей бермек еді.

Осы ниетпен бұлар соғысты соза бермек болды.

Сырлы сөздер сөйлеп, айқай салып, қызыл тілден май тамызады. «Жауды жеңбей, немісті құртпай, соғыс тоқтамасын» деді. Біраз уақыт мұжық бұл жаңа һүкіметке нанып та жүрді.

АЛПАУЫТТАРДЫҢ ДА, КАПИТАЛШЫЛАРДЫҢ ДА СОҒЫСТЫ СОЗҒЫСЫ КЕЛЕДІ

Жұмысшылар салғаннан жаңа һүкіметтен жеркеніп, құлатудың керектігіне түсініп, шаралар көздей бастады.

Бұл ниетпен уақытша һүкіметпен қатар солдаттар «Жұмысшылар һәм мұжықтар кеңесін» ашты. Бұл кеңес: соғыс тоқталсын, күндік жұмыс 8 сағат болсын, жұмысшылардан фабрика-зауыттарға бақылаушылар қойылсын, патша һүкіметі қайтадан тірілмесін, билік бейнетқор елде болсын, бейнетқорлар республикасы құрылсын» деп, Уақытша һүкіметке шарт үстіне шарт қоя бастады.

Уақытша һүкімет керілді, ыңыранды, аяқты жай тастады... Жаңа закон шығармады. Жер туралы, фабрика-зауыттар туралы заң түзелмеді, соғысты соза берді. Сөйтіп, қошқармүйіз салып, патшаның жолын малдана берді. Бұл рет жұмысшылар арасында наразылық туғызды. Петроград жұмысшылары тағы қозғала бастады. 22-23 апрельдерде зор жұмысшылар жиылыстары болып, қыр көрсетіп, көшелерде жүре бастады. Уақытша һүкімет жұртына келіп, әуелі Милюковтың түсуін талап етті.

Қысқасы, саясат ауасы ныгыздала бастады...

6. Тула мұжығы келістірушіге көнеді, бірақ билікті қолға алудан қорқады.

Кейбір өзгерісшілдер елдің надандығынан қорықты! Елді де қорқытты. Билікті қолдарына алуға өздері де жүрексінді. Елге де кері ақыл берді. Олар жұмысшылар, мұжықтар, байларсыз, оқымысты адамдарсыз мемлекет тізгініне ие бола алмайды әрі көсіпті жүргізе алмайды, шаруашылықты реттей алмайды. Байлармен, оқымыстылармен тіресу қауіпті; оларға ауыр шарттар қоймалық; әйтпесе олар жұмыстан бас тартады, біз сөйтіп мемлекетімізді құртып аламыз... деді. Бұл «өзгерісшілдер» қалай да болса Уақытша һүкіметпен түсінісу керек деді. Өздері екі араға бітуажа

болды. Мұжықтар, аздап жұмысшылар да бұларға нана да бастады. Бұлар жұмысшылар кеңесіне кірді. Бұл бітуажа адамдар Уақытша һүкіметке ұнап кетті. Һүкімет бұларды бауырына тартты. Сөйтіп, құрама, алапес һүкімет тұрғызылды. Бұл һүкіметке социалист-революционер Керенский, Чернов, меньшевик Церетели, елшіл-социалист Пешеходов, Зарудныйлар кірді. Бұлар өстіп былықтырып жүріп, ақырында бітуәжалықтан гөрі һүкімет жағына бой артыңқырап, ауысыңқырап кетті. Жұмысшылардың түпкі мақсатының билікті қолдарына алу тамырына балта шапты. Бұл қошқар мүйізге Тула мұжығы түсінгенше де бір қауым уақыт өтіп кетті.

(*Ақыры бар*)

Таймінер.
«Еңбекші қазақ», 14 май, 1923 ж., №91.

СОҒЫС ҺӘМ ӨЗГЕРІС

(*Тула мұжығының ақыл табуы*)
(*басы 91-нөмірде*)

СОҒЫС ТҰЛА МҰЖЫҒЫНА АҚЫЛ ЖАМАДЫ

Құрама һүкіметтің министрлерінің көбі капиталшылар табынан болды. Сондықтан күш олардың қолында болды; соғыс тоқтамады, құрылтай шақырылмады, жер туралы, фабрик-зауыт туралы закондар шығарылмады... Жұмысшылар, солдаттар тағы қозғала бастады.

17 июньде жұмысшылар зор жанжал шығарып, «Байлардың қолынан билік алынсын!» деген ұран шығарды; бұқара ел бұл ұранға саңыраулау болғандықтан, бұ жанжал мақсұтқа жеткізбеді. Осы мезгілде Керенскийдің «майданда соғыс күшейсін» деген бұйрығы шығып, бейнеткер солдаттардың қаны тағы судай ақты...

Әскер қатты қырғын тауып жеңілді. «Кім үшін бұ соғыс?» деген пікір солдаттардың да, елдің де ойына түсе бастады...

Социалист болып жүрген Керенскийлердің де бетінің пердесі сыпырылып түсіп, шын жұмысшыларға жағымсыз адам екендігі көрінді. Бейнетқор елдің бүтіндей салт-санасы өзгерді... Жұмыскерлер құрама һүкіметке бел байлап дұшмандасып шықты. Тула мұжығы аздап желкесін қасыды...

ЖҰМЫСКЕРЛЕР БИЛІКТІ ҚОЛҒА АЛУҒА ШЫНДАП КІРІСТІ

Тула мұжығы әсер Керенский, Черновтардың бұрынғылардан айырмасының аз екендігіне түсінді. Бұлар халықты қырғызуын тоқтатпады, құрылтайын шақырмады. Кеңестер һүкіметті тексере бастап, көп закондардың жобаларын кіргізді. Бірақ билікті қолға алу туралы айқын еш нәрсе жасалмады...

Жұмыскерлер мен солдаттардың төзімдері тозды: 2 июльде қару асынған көп жұмысшылар, солдаттар жиылып Кеңесті қыса бастады. «Бар билік Кеңестерге!» деген ұран таратты...

Бірақ ауып кеткен социалистерге нанып қалған Кеңестер бұл ұранға самарқаулау болды. Сондықтан мұның арты қозғалыс болды.

Һүкімет бұ қозғалысты тез бастауға қара күш жұмсады. Жұмысшы-бейнетқорлар жүздеп өлтірілді, жүздеп жараланды, жүздеп абақтыға жабылды... Нағыз өзгерісшіл полктар — Финляндия полкі, Мәскеудің 180-полкі Румыния майданына жіберілді.

Жұмысшылардың көсемі — Ленин, Зиновьев һәм басқа жолдастарға патша заманындағыдай жабынды астында жасырынып жүруге тура келді. Троцкий, Каменев, Луначарский, Крыленко, Раскольников басқа жолдастарымен бірге абақтыға жабылды. Большевик партиясының газетасы жабылды. Жаңа келді түр жағым дегендей, «социалист» Керенскийлердің дәуірі осылай болған!

«Социалшылдар» һүкіметке бірігіп алып жұмысшы-бейнетқорларды тасқа тигізді. Большевик партиясының көсемдері туралы патшаның охранкесінде жиналған материалдарды хүкімет прокурорларына тапсырып, іс жасатты, соттап айыпты қылмақ болды. Оларды «мемлекет дұшманы» деп баяғы 101-статьяларды іске жүргізді. Соғыстан бас тартқан иә большевиктік мінез білдірген солдаттарды өлім жазасына бұйырды. Алпауыттардың жерін сақтап тұруға, оларға тиген адамдарды жазалауға отрядтар шығарылды. Қимыл солай болып, қайтадан таққа патша мінгізбегей еді деген хауіптерді елестетті.

ҚҰРАМА ҺҮКІМЕТ ЕЛДІҢ КӨЗІН БОЯМАҚ БОЛДЫ

Бұл айуандық жұмыстарының құнсыз кетпейтінін біліп, Құрама һүкімет ел алдында ақталмақ болды, амалдап елді өзіне сүйеніш жасамақ болды. 14 августа осы ниетпен, «Бүкілроссиялық кеңес жиямыз» деп, Мәскеуге уәкілдер

шақырды. Тоқсан тоғыз түрлі қулық қылып, жиылысқа өздеріне керекті адамдарын жиып алды. Аздап өнер ұйымдарынан, әскер комитеттерінен де бұл жиылысқа кіргізді. Көбі дума шілендері, земство уәкілдері, кооператив уәкілдері болды.

Жиылыста Құрама һүкімет дегенін өткізіп отырды. Керенский, Церетелилер сөйлесе, жиылыс қошеметтеп қол шапалақтап отырды. «Соғысты жеңіссіз тоқтатпасқа! Ауа шығарушыларды қанмен тұншықтырып, қарумен тоқтатуға...» деген Керенскийдің сөздері көпшілікпен қабыл алынып отырды... Бұл мәжілісте патша жанаралы Корниловты зор құрметпен қарсы алып, «Міне, республиканың шын солдаты!» — деп, Керенский ат қойып, айдар тақты...

Бұл жиылыс Құрама һүкіметтің елдің көзін боямақ болған бұлтарысы еді. Бірақ, дұрысында, ел бұл бұлтарысқа түсініп қойды: Мәскеу жұмыскерлері осы жиылыстың үстінде жанжал шығарды. Ел пікірімен һүкіметтің санаспағанына наразылық білдірді...

ЖАНАРАЛ КОРНИЛОВ ТҰЛА МҰЖЫҒЫНА ТӘЖІРИБЕЛІ САБАҚ БЕРДІ

Һүкімет даралап жұмыскерлерді атса да, жалпы жұмыскерлерге иман болып, көңілдеріне орнықкан ақтық жолды, пікірді жоя алмады.

20 августа Петроград Думасына сайлау болды. Майда болған сайлауда бейнетқорлар даусын дендеп эсерлерге, меньшевик кадеттерге берген еді. Бұ сайлауда дендеп большевиктерге берді. Бұл жұмысшы бейнетқорлар санасында болған өзгеріс құрамашылдарды қорқытты: большевиктердің күшеюі оларға ажалмен тең еді. Бұл қорқыныштың салдарынан Петроградтағы өзгерісшіл солдаттарын майданға жібермек болды. Бұлардың орнына сенімді солдаттарды алып, большевиктерді бағып тұрмақ болды. Сөйтіп өзгерісшіл солдаттарды майданға жіберіп, Керенский жанарал Корниловпен сөйлесе бастады. Керенскийдің ойы: өзін «диктатор» жасап, Корниловты тағы «дивизиясымен Петроградқа қарай жіберді» деген хабар шықты (сөйлем газетте тура осылай берілген — Құраст.) Корнилов Петроградқа барып, дивизияны алдап ертсе керек... Шындықта Корниловтың ойы: большевиктерді жою, Керенскиймен үйлесу. Петроградтың жұмысшылары, солдаттары әзірленіп, Корнилов дивизиясына қарсы тұрды. Петроградқа

жақындаған жерде дивизия мәніске түсініп, Петроградқа шабудан бас тартып тарады. Корнилов өзі қашып кетті. (*Ақырында, Донда солдаттар ұстап алып өлтірді.*)

Керенский Корниловтың кірін жумақ ниетпен Россияны «Демократическая республика», «Ел республикасы» деп жарияламақшы болды. Бірақ елдің бұ һүкіметке сенімі бүтіндей жоғалды...

ҚҰРАМА ҺҮКІМЕТ ТАҒЫ БІР УӘКІЛ ЖИЫП КӨРМЕК

Һүкіметтің халі күн санап нашарланады. Һүкімет құрылтай шақыруға ойлап, келетін уәкілдерден тағы қорықты. Мұның орнына, «Россия демократиясының қауымдарының жиылысы» деп ат қойып жиылыс шақырды.

Бұл жиылыстың мүшелері қолмен қойып алғандар болды. Аздап жұмыскер мен солдаттар кеңестерінен де уәкілдер болды. Жиылыста қаралған мәселенің зоры — Құрама һүкіметтің мемлекет басқаруы туралы еді. Бұл жиылыста большевиктер өзгерісті сақтау үшін, патша қайтадан таққа мінбес үшін бар билікті кеңестерге берудің керектігін дұрыстады. Талас күшті болды. Жиылыста һүкімет тарапының дегені болып, «Республиканың уақытша кеңесі» деген мәһкәмә сайланды. Бірақ бұл мәһкәмә сыйлы болған жоқ. Большевиктер бұған жақын да келген жоқ. Ел мұндай құрама һүкіметтің жат екендігіне көміл түсінді.

Ақырында Керенский большевиктермен аяусыз тартысқа түсті. Өзіне қолайлы одақтар іздеді. Большевиктер туралы Керенскийдің айтқаны: «Мен бұл жарты бастарды қансыз жоям» деген сөз болды.

ТҰЛА МҰЖЫҒЫ БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ СӨЗІНЕ ҚҰЛАҚ САЛАДЫ

Жұмысшылар мен мұжықтар большевиктердің сөзіне қашанда құлақ қоюшы еді.

1903 жылы орыс социалшылдарының «большевик», «меньшевик» деген екі партияға бөлінгенін Тула мұжығы ақырында барып білді. Большевиктердің бейнетқорларға дос екенін де, бейнетқорлар бақыты үшін бастарын қиятынын да білді. 1905 жылдың өзгерісінен бұрын да, соң да большевиктердің патшаны тайдырып, мемлекет тізгінін бейнетқорлардың қолына көшуге дайындалып жүргенін, әділсіздікті, теңсіздікті, біреуді біреу құл етіп қысуды жоюға ұмтылатын бұл жолда большевиктер екенін Тула мұжығы білулі, түсінулі.

Солай, оқушым! Құдаласуда мағына жоқ. «Ұрыста тұрыс болмайды» деп қария төжірибө жеңіп айтқан. Таптар ұрысында «тұрыс» болмаудың дұрыстығы ғылым жолымен анықталған. Олай болса, ұмытпа: бейнетқор жалшылар дұшмандары — еңбектерін жеушілермен таластарын, күрестерін төрт елі жауырынынан салып жығып, қайта тұрмайтын қылып езгенше тоқтамауы керек! «Сен өйтсең, мен бүйтейін» деп саудаластың-ақ, соғылдың!

Таймінер.
«Еңбекші қазақ», 25 май, 1923 ж., № 94.

ҒЫЛЫМ, ӘДЕБИЕТ МАЙДАНЫНАН

Мөскеудегі Күншығыс баспасөз бөлімі даңқты жазушы В.Г.Короленконың «Макардың түсі» деген кітабын басып шығарған. Кітап таза қазақтың тілімен түсінікті, суретті аударылған. Қазақ өдебиетінде мұндай сырлы кітаптар аз болғандықтан, «Макардың түсін» қазақ мектептерінде, қазақ жазушыларына алып оқу артықша пайдалы. Күншығыс баспасөз бөлімі Л.Н.Толстойдың «Қажымұрат» деген кітабын да бастырып жатқан көрінеді. Бұ кітаппен танысу да аса қажет.

М.
«Еңбекші қазақ», 13 декабрь, 1923 ж., № 140.

БҮГІН «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІНІҢ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІНЕ ДӘЛ ҮШ ЖЫЛ!

Дүние жаратылғалы тарих жүзінде болмаған бағаларды аз жылдың ішінде өз көзімізбен көрдік. Қазіргі заманның сағаты айдай, күні жылдай, жылы ғасырдай екенін еске алсақ, өткен үш жылдың өзі ұзын ұзақ бір өмір, мең-зең меңіреу өмір емес, дарияның толқынындай, найзағайдың сатырындай, жержүзі күңіреніп, тау қозғалып, тас шайқалғандай, тіршілік талас, тап тартысы адам баласын қан майданға айдап салып, ат шашасынан қан кештірген, дүниені түрлі ұранға жаңғырықтырған, дулы, шулы өмір. «Ақ жол» астананың қазанындай қайнап, осындай өмірдің үш жылын кешіріп, төртіншісіне аяқ басқалы отыр.

«Ақ жолдың» үш жылдық өмірін бұл ретте ұзын десек, екінші жағынан, бұған зор мағына береміз. Қазақ-қырғыз

мәдениет сатысының ең төменгі басқышында тұрған жұрт болғандықтан, бұл күнге шейін жасы 10-ға толған бір газеті жоқтығы белгілі. Өзгелерге қарасақ, баспасөзінің дүниеге келгеніне неше жүз жыл болған жұрттар бар екені, іргелі жұрттардың бірі саналған, өзінше салты, санасы, тілі, тілегі, мұңы-мұқтажы ешкімнен кем емес қазақ-қырғыздың бұрын үздіксіз 10 жыл шыққан бір газет, өлеумет пікірінің бір тілі болмауына қарағанда, осындай заманда есен-аман өткізген «Ақ жолдың» үш жылдық өмірін еске түсірмей өте алмаймыз.

Біз кім болсақ та, дегенімізге жетуіміз үшін, алдымен мәдениетті болуымыз шарт. Қазақ-қырғыздың көпшілігі кедей, еңбекшіл екен, жүзге келмейтін ат төбеліндей байды да, манаптарды да, мырзаны да, шораны да есепке қоспалық, 5 адам халық емес. 95 адам халық, 95 еңбекшілдің жолына әлгі бесеуін құрбан-ақ қылайын. Сонда қалатын тоқсан бесіміз надан болса, мәдениеті төмен болса, өз атының басын өзі алып жүре алар ма, адамшылық дәрежесіне жете алар ма, азаттық жолына шыға алар ма?

Жоқ. Оның бірі де болмайды. Надан, қаранғы күнімізде біз бостандық жемісін жей алмаймыз, төңкеріс табыстарына ие бола алмаймыз. Олай болса, біздің алдымен көздейтініміз — мәдениет!

Мәдениетіміздің қаншалық ілгері басқанын, иә кері кеткенін көрсетіп отыратын қатесіз өлшеуіштің бірі — газет.

Газеттің өмірін санауымыз — мәдениетіміздің дәрежесін байқау деп түсіну керек. Ерік те, елдік те, ерлік те, не тілектің бәрі де мәдениеті өркендеу арқылы ғана табылады деп, иман келтіру керек. «Ақ жолдың» — үздіксіз үш жыл, шын төртке қадам басқанына қуаныш көңіл білдіре отырған себебіміз осы. Кімде-кім қазақ-қырғыздың жасы болсын, кәрісі болсын, осылай ойлап, осылай қуанса, бұдан кейін де «Ақ жолдың» — өмір бауы берік болуын, жыл сайын осындай қуанышына ортақтасуын тілесе, қазіргі шаруашылық ауыр заманда көтермелеп, қалам қайраткерлері жазысып, саналы азаматтар халық арасына таратып тұрумен ғана азаматтық борышын өтеген болады.

Үміт осылай, бұл үміт боска кетпесіне сенеміз.

Төңкеріс толқыны ортасында жел аудармай, сең соқпай, ауыр үш жылды аман өткізген «Ақ жол» бұдан бұлай да еңбекшіл қазақ-қырғыз елін көп айлар, көп жылдар адастырмай түзу бастауына тілектеспіз.

Мадияр.

«Ақ жол», 7 желтоқсан, 1923 ж., №377.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ 1924 ЖЫЛЫ ОРЫНБОРДА ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Қазақ жұрты өнерлі, мәдениетті болуына біз қарсы емеспіз. Жаңалыққа да, өзгеріске де қарсы емеспіз. Бірақ өзгерістің де өзгерісі бар. Күндердің күнінде латын әрпін қолданатын болармыз. Латын түгіл, жұрт біткеннің бәрі шапшаң жазуға (*стенография*) тұсуіне де сенеміз. Бірақ айтатынымыз — латынды шабылып, шығынданып ала қоятындай, пайдасы көрініп тұрған жоқ. Қайта зияны бар дейміз.

Қазақтікінен латын әрпінің артықшылығын көрсету үшін латыншылдар қит етсе аэроплан, автомобильмен қазақтың екі аяқты арбасын салыстырады. Автомобиль екі аяқты арбадан артық екенін кім білмейді, сонымен біз қай аулымызға автомобиль орнатып отырмыз?

Латынды оңай, қазақ (араб) әрпін қиын қылып көрсету үшін латыншылдар қисынсыз мысалдар алады. Мәселен, Әбдірахман өткен жолғы баяндамасында өзінің қазақша жазуды 10 жыл оқып үйренгенін айтып өтті. Бұрынғы кезде солай болғаны рас та шығар. Бірақ оған қазіргі әліпби жазықты емес, сол кездегі ескі оқудың әдісі кінәлі ғой. Қазір орысшаны да, қазақшаны да 8-9-дағы балалар 2-3 айда жазып, оқып кетеді. Үйренуге орысша да, латынша да бірдей. Бұлай болса, «10 жыл» деген сөз қазіргі әліпбиімізге жала ғой.

Әбдірахман араб профессоры Жузе дегеннің сөзін дәлелге келтіреді. «Арабшаны 10 жыл оқыған адам дұрыс оқи алмайды» депті Жузе» — дейді. Әбдірахман 10 жыл оқып қазақ жазуын әрең үйренгені сықылды нәрсе (*Міржақып бұл арада арабтың ескі емлесімен жазылған Әзірбайжанда шығатын «Коммунист» газетінен сөздер келтіріп, ондай сөздерді дұрыс оқу қиын екенін көрсетті. Жузенің айтып отырғаны сол, — деді*).

Латынды қолдаушылар қазақ әріптері жазуға да қиын деседі. Бұл бекер (*Міржақып қазақ сөздерін латынша, қазақша жазып салыстырды*).

Латыншылдар физика, алгебра сықылды ілім кітаптарында ұшырайтын белгілер латынша жазылады, соның үшін де латынды алу керек дейді. Солай екені рас, бірақ орта және жоғары дәрежелі мектептерде оқушылар әлгідей ұшырайтын латын белгілерін арнап оқымай-ақ, өзінен-өзі үйреніп кететін нәрсе, оның мысалын орыстың бұрынғы-сонғы орта дәрежелі мектептерінен көріп жүрміз.

Тележан баяндамасында, араб әріптерін өзгерткенде, 14-і ғана өзінің бұрынғы түрінде іске жарайды, өзгесінің бәрін (тең жартысын) арабшылар жанынан шығарып отыр. Латын әрпін алсақ, мұның 4-тен бірі ғана өзгертіледі, қалғаны бұрынғы күйінде іске асады дейді. Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас. Бірақ қалай өзгертілген, әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұл өзгертушілердің шеберлігі деп біліңдер. Бұлар өзгерткенде, әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен. Сондықтан, мұны өзгертушілер жанынан қосты деуге болмайды, енді латынға келсек, оның төрттен бірін өзгерту керек екен.

Бұл арада біз санына таласып әуре болмай-ақ қоялық. Бірақ латын әріптері, мейлі өзгерсін, мейлі өзгермесін, біздің қазақша хат танитындарымызға шетінен жат емес пе? Тележан Қазақстанда жаңа жобаның әріптері жоқ дейді. Біздің баспаханаларымызда латын әрпі бар ма екен? Бұл — әншейін айта салған сөз.

Латыншылардың (Әбдірахман мен Тележанның баяндамасында) мықты дәлелдерінің бірі — араб әрпі қымбатқа түседі, онымен басқан кітап, газеттеріміз қымбат болады дейді. Мысалға Қызылордада шығып тұрған «Еңбекші қазақ» пен орыс газетінің бағасын, әрпін салыстырады да, «Еңбекші қазақты» қымбатқа шығарады. Баспаханаларда араб әрпінің ұялары көп болады, араб әрпінің бір-біреуі 3-4 түрлі болады дейді. Әріп тізушілердің еңбегі, уақыты артық жұмсалады дейді. Қысқасы, латын әрпін алуға жұмсалатын қаражат қазақ әріптерін өзгерткеннен 10 есе арзанға түседі дейді.

Арзан, қымбат жағына келсек, араб әрпін өзгертіп алудың шығыны жоқтың қасы екені, латынды алу үшін есепсіз көп қазына керектігі анық нәрсе.

Әбдірахман мен Тележан араб әріптерін қымбатқа түсіргенде, оның 3-4 түрін алып қымбаттатып отыр. Кітап, газет қымбаттығы да содан, әріп тізушілердің жұмысы ауырлауы да содан болып отыр. Қазіргі Татарстанда алынып отырған, Бурнаш жобасымен жасалып, іске асырылып отырған, оқушыға түк жаттығы болмай отырған әріптің дара түрін біздің латыншылдар ауызға алмай отыр. Өзгертілген араб әрпінің дара түрі мен латын әрпін және оның орнына орыс

әрпін салыстырып қарасаңыз, қымбатшылық жағынан, екеуінің де қалыбы даярланған соң, қорғасыннан құйылып шығуы бірдей, орыс әрпінен қазақ әрпі бұрын қымбат болса, оның себебі — қазақ әрпінің қалыбы көптіктен, бір әрпінің қалыбы 3-4 түрлі болғандықтан еді. Енді олай болмайды. Араб әрпі дараланса да жоламаймыз десеңдер, ол бір басқа, бірақ оны керексіз дерлік дәлелді біз көргеніміз жоқ.

Сөзді қорыта келгенде, қаражат жағынан латын мен араб әрпінің бізге қайсысы қолдануға лайықты, соны айталық.

Араб әрпін соңғы өзгертілген жоба бойынша (дара түрін) алуымыздан келер шығын жоқ, өзгертілген әріптің, жоғарыда айтқанымыздай, оқушыға жаттығы жоқ, мынау мынадай әріп деп ешкімге үйретіп жатпаймыз. Ал енді латын әрпін қолдануға келсек, бұған шығатын ақша есепсіз көп болмақ керек. Латын әрпін өзгертеді екеміз, корректорларды латынша үйретеді екеміз, латын әрпімен оқытатын мұғалімдер даярлайды екеміз, ел-елде мектеп ашады екеміз, қызметкерлерді үйретеді екеміз, тағы да толып жатқан шығындары болады екен. Осының бәрін есептесек, бұған миллиондаған ақша кетуінде сөз жоқ. Қазір латыншаның бұрынғы әрпімізден іс жүзінде артықтығы жоқтығын көре тұра, қаншалық қаражатты, толып жатқан кемшіліктерімізді түзетудің орнына аса ділгерлігі жоқ латынды кіргізу үшін жұмсауымыздың түк қисыны жоқ.

Гүлнар Міржақыпқызының
жеке архивінен алынды.

ҰЛТ ӘСКЕРІ КЕҢЕС ҚОРҒАНЫ БОЛСЫН!

Россиялық одақтас мемлекеттің әскерлік кеңесі Түркістан республикасында ұлт әскерін құру туралы қарар шығарып, Түрік фронтының әскерлік-төңкеріс кеңесі жанында ұлт әскерлік бөлімі ашылсын деп бұйрық жіберді. Әскер бастықтардан даярлау үшін алдымен командирлер курсы ашылмақ.

Мадияр.
«Ақ жол», 4 январь, 1924 ж., №386.

СҮЙІНШІ ХАБАР

Бірақ, бұған кім сүйінеді, кім сүйінуге тиіс?

Бұл хабарға алдымен саналы азамат, саңылаулы ел адамдары ғана сүйінеді. Ұлт әскері — ұлт қорғаны екенін түсінетіндер ғана сүйінулі. Дұрысында, бұған неше ғасыр бойы ұлы орыстың отаршылдығынан, қаражүзді өкіметтің зұлымдығынан, дүние жиһангерлерінің тепкісінен қорлық көрген езілген ұлттар, езілген ұлт азаматтары түгел сүйінуге керек еді. Біз қазір бұл хабар шығысымен қазақ-қырғыздың бірі қалмай, қуанышы қойнына сыймастай болады деп айта алмаймыз. Өйткені қазақ-қырғыз еңбекшілері, бұрынғыға қарағанда, көп ашылғаны, ұлт сезімі — тап сезімі күшейгені рас болса да, әлі надандықтан құтылып жетпеуі себепті көпшілікке ондай сана тегіс кіріп жеткен жоқ. Сондықтан әскерлік мәселесін жүзеге асырмақ болғанда, күн-ілгері соқырға таяқ ұстатқандай қылып жалпыға түсіндіру, әскер құру ережесін шеберлікпен қолдану қажет. Ұлт әскері құрылғанда, халық баласын заңға — құл болғандықтан ғана бермесін, ұлт әскерінің мәнісіне, пайдасына түсініп, шын ықыласымен беретін болсын. Закон бойынша бұрын патша өкіметінің әскеріне орыстың қара шаруасы баласын берген. Бірақ амалсыздан, қорыққанынан берген. Ол заманның солдаты, бастықтары біреуді «ат!» десе ататын болған, «жап!» десе жабатын болған. Бұл «қадағаны мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» дегеннің дәл өзі еді. Ол кезде законның ызғарынан, тәртіптің қаталдығынан, надандықтың салдарынан айтқанға көніп, айдағанына жүре берген. Қазірде де өкімет бар, өкіметтің заңы бар. Бұл заңға бағынбай болмайды деп, ұлт әскерлігінің керегіне түсінбестен, жұрт баласын шарасыздан беретін болса, ол уақытта мұндай жолмен құрылған ұлт әскері ұлт қорғаны, еңбекшіл тап күзетшісі бола алмайды. Еңбекшіл таптың, езілген ұлттың мүддесін көздеп, әскер құруға ерік беріп отырған Кеңес өкіметінің заңын орындау міндет екені рас, сөзсіз орындау керек.

Бұрын патша өкіметі қазақ-қырғыз, өзбек секілді «бұратана» жұрттардан неге әскер алмады? Аяды ма? Иә, өзге бір себеп болды ма? Алдымен осыны білу керек. Қазір Кеңес өкіметі ұлт әскері құрылсын деп отыр. Мұның мәнісі не? Осыны айыру керек.

Патша өкіметі бұрын қазақтан, қазақ сияқты шеткі жұрттардан солдат алмауының саяси астары бар еді. Бағынған, шарасыздан бағынған. Орысшылдық, обырлық саясаты-

мызға риза емес деп, егер бұл жұрттар әскерлік өнеріне үйренсе, қолына қару-жарақ алса, жауынгер болып кетіп, өткен еркіншілігін көксеп, бізге бас изеп, құлдық ұрмайтын болады. Халі кеше сыбайлас Россияға жау жұрттармен күш біріктіріп, шеңгелімізден шығып кетеді, арбауымызға көнбейді, айдауымызға жүрмейді деп, патша өкіметі әдейі солдат алмайтын болған.

1918 жыл февраль төңкерісінде, патша өкіметі құлағаннан кейін, өкімет істері қолға алынып тексерілген. Сонда әскерлік министрі істері арасында патша өкіметінің әскерлік мәселесі туралы құпия қарары шығып, сол кезде жарияланған.

Патша өкіметінің әскерлік туралы құпия қарары мынау:

«...Қазақ халқы Россияға 1730 жылдан бермен қарай бағына бастады; бұл бағынулары жүз жылға созылды: Алғашқы кезде орыс елшілерін өлтіре жаздады. Тұтқын қылып ұстап тұрды. Онан кейін неше жылдай қазақтың сұлтандары, қара халқы Россияға неше рет сырт көрсетіп, дұшпандығын білдіріп, орыс жеріне шабуыл жасап, барымта алып, мазаны кетірді. 1847 жылы ғана үлкен Кенесары Қасымұлы XIX ғасырдың 40-жылдарында қазақ халқын бөліп, өз алдына жұрт қылу үшін әскер жинап қарсылық қылып, қазақ даласын толқындырды. Бірақ қазақ халқы қолынан келмегендіктен ғана Россияға бағынып қалды. Қазақ халқының Россияға тыныш бағынғаны — XIX ғасырдың 2-жартысында һәм 90-жылдары Самарқан, Қоқан, Бұхара, Хиуа хандары алынғаннан кейін, бағынбаймын деген қазақтың орыс өкіметінен шығып кететін жері жоқ болды. Сондықтан амалсыз бағынды...»

Сондықтан қазақ солдат боп әскер арасына кірсе, біздің дұшпандарымыз көбейеді. Қазақ жігіттері 3-4 жыл әскерлік қызметте болғанымен, Россияға таза ниетімен бола қоймайды. Тек қару-жарақ ұстап үйренеді. Сол үшін қазақ сияқты бұратаналармен әскерімізді былғамағанымыз артық. Қазақты әскерлік қызметіне алсақ, саясат жағынан өте сенімсіздеу болады. Сондықтан Орта Азиядағы жұрттардың шын отан ұлы болатындығына күмәндіміз, көзіміз жетпей тұрып, оларды әскер қызметіне алуымыздың жөні жоқ. Қазақ бүкіл Россиядағы жұрттарға қарағанда көп болмаса да, Орта Азиядағы Хиуа, Бұхара мемлекеттерімен һәм Қытай мұсылмандарымен көрші болғандықтан да, үйрету, сенуге болмайды.

Сөздің қысқасы, Орта Азиядағы мұсылмандар осы күнгі күйде тұрғанда, көшпелі бұратана мұсылмандардан жыл сайын аздап болса да әскер алып, қару-жарақ ұстауға үйрету саяси жағынан лайық емес.

Ал, Түркістан уалайатындағы қазақтарға келсек, жергілікті әкімдер оларды төуір атайды. Соғыс қызметіне де жарамды болар дейді. Әсіресе түрікмендерді мақтайды. Сөйтсе де, Түркістан әкімдері, Орта Азияда панисламизм пікірі жайылғандықтан және де Түркістан халқының саяси жағдайы айрықша болғандықтан, қазақ һәм өзбек мұсылмандардан әскер алу мәселесіне өте сақтық қылу керек дейді.

Жоғарыдағы дәлелдердің бәрін еске алып һәм Уставты жаңадан қарағандағы басқа мекемелердің пікіріне муафиқ, соғыс министрлігі сақтық жүзінен һәм мемлекеттің пайдасы үшін ыңғайлы уақыт келгенше Орал, Торғай, Ақмола, Семей һәм Түркістан уалаятындағы бес облыстың қазағын әскерлік қызметіне алуды кешіктіре тұруға қаулы қабылдады.

Міне, патша өкіметінің бұрын қазақтардан әскер алмай келуінің себебі осы тарихи документтен анық көрінсе керек. Еуропа соғысы кезінде неміс әскері патша өкіметін жан алқымға алып састырғанда, қазақ-қырғыздан солдат алмай, оларға қару-жарақ беруден қорқып, қара жұмысқа малша айдау себебі, осыдан көрініп тұр. Айдағанымыз жүрмедің деп патша өкіметі 1916 жылы не қылғаны — асқаны, атқаны, қан жылатқаны, бостырғаны өзгенің есінен кетсе де, қазақ-қырғыз әлі ұмытпаған болар.

Енді Кеңес өкіметі Түркістанда ұлт әскерін құруға неге рұқсат беріп отыр?

Кеңес өкіметінің мақсаты — езілген ұлттарды теңгеру, өз тізгінін өзіне беріп, өзін-өзі қорғауға жол ашу. Сондықтан ұлт әскерін құруға ерік беріп отыр.

Шынында бостандық, теңдік, жұртшылық деген не нәрсе?

Қағаз жүзінде ғана теңдік дегенмен, өкіметіміз бар: өз еркіміз өзімізде дегенмен шын бостандық, шын теңдік, жұртшылық табыла ма? — Жоқ, онымен болмайды. Сол бостандығыңды, теңдігіңді, жұртшылығыңды өзің қорғай алатын, өзің сақтай алатын болсаң, тағы біреуге құл болмау үшін қорғаның — ұлт әскерің болса, сонда ғана теңелдім, жетілдім деуге болады.

Қазақ-қырғыз өзін-өзі қорғайтын әскері жоқ кезде қандай кемшілік көргені, ақ келсе аққа бас ұрғанын, кек келсе кекке табынғанын, өткен-кеткеннің атының аяғы астында жаншылғанын еске түсіру керек, ұмытпау керек.

Енді мынадай күшеюімізге ерік беріліп тұрғанда, жұртшылықты ойлап, еңбекшіл қазақ-қырғыздың еңсесін көтеретін, елдігін сақтайтын, тендігін қорғайтын ұлт әскерін құруға кірісуіміз керек.

Ұлт әскері — кеңес қорғаны екенін есімізден шығармай, ендігі ұранымыздың бірі осы болу керек.

Мадияр.
«Ақ жол», 4 январь, 1924 ж., №388.

БІЛІМПАЗДАР ЖИЫЛЫСЫНАН КЕЙІН

Июннің 12-нен 18-не шейін Орынборда қазақ-қырғыз білімпаздарының жиылысы болып өтті. Бұл — біздің қазақ-қырғыз жұртында болған жиылыстардың тұңғышы. Бұл жиылыстың өзгелерден мәні де басқа. Мұнда — мәдениет майданында артта қалған қазақ-қырғыз жұртын қайткенде қатарға қосу, мәдениетін өркендету үшін төте жол, қолайлы құрал табу мүмкін...

Бұрынғы өктем өкімет біз секілді өгей жұрттардың тілін де жоғалтпақ болған, өнер-білімнен де «аман» алып қалу үшін бар күшін жұмсаған. Енді ондай озбырлықтан құтылып, бүгін өз тонымызды өзіміз пішуге, өзімізге қолайлы нәрсені өзіміз тандап алуға ерікті болып, білімпаздарымыз қазақ-қырғыз жұрты үшін жөн-жоба көрсетіп отыр. Біздің ендігі міндетіміз — солардың шығарған қаулыларын жүзеге асыру, пайдалану. Жиылыста қаралған мәселелердің арасында көп болғаны да, көп уақыт алғаны да емле мен харіп жайы болды. Бұл мәселелер армансыз тексерілді. Бұрын жұрттың көбінің сылтауы — «дұрыс жазу үшін жаңа емлені үйренейік десек, күнде өзгереді, күнде құбылады, сол себепті бір тоқтамын күтеміз» дейтін еді. Енді ол сылтау болмайды, енді жазу ережелері, мәңгілік болып қалмаса да, бұрынғыдай жиі өзгере бермейді. Өйткені, — біріншi — осы жолы бүкіл қазақ-қырғыз білімпаздары армансыз тексеріп алып отыр, екінші — енді өзгерте беруді шаруамыз да көтере алмайды.

Енді, алдымен оқушылар, оқып жүрген жастар, жалпы сауатты азаматтар жаңа жазу ережелерін үйреніп, қазақ тілінің заңын ұғынып, дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу жолына түсулері керек. Енді бүгіннен бастап газет-журналдарымыз жаңа ережені жүзеге асыруға міндетті. Содан кейін елдегі ақ үстінен қара танитын қалың бұқара аз өзгерісті өздігінен-ақ бірте-бірте үйреніп кетпекші.

Мемлекет баспалары, газет-журнал басқармалары өздерінде жоқ жаңа харіптерді... тез арада сатып алулары керек. Сонда жазуымыз бірыңғай кетіп, бұрынғыдай бір сөзді өлденеше түрде жазу пәлесінен құтыламыз, оқушыларды да шатастырмайтын боламыз.

Қай істің болса да негізі түзелмей өзі өркендемек емес, көштің беті түзелмей болжаулы жерге жетпек емес. Сол сияқты білім негізі есебіндегі әліппе харпіміз, жазу ережелеріміз түзелмей, біздің өнер-білім жүзінде ілгері басуымыз да шабан болмақ еді: бұ жағы енді тұрлаулы жеңіл бір сарынға түсті деп отырмыз. Ендігі өңгіме: білімпаздар жиылысының қаулыларын іске асыруда. Бұл бәрімізге бірдей міндет. Зор міндет.

Мадияр.
«Ақ жол», 1924 ж., №459.

Жиылыстың қаулылары 451, 454, 455-сандарда басылды.

Басқарма

ҰРЛЫҚ ҚАЙТКЕНДЕ ТЫЙЫЛАДЫ?

Ұзын сөздің қысқасы, ұрлықты тыю үшін, бірінші, жұрттың шаруашылығын көтеріп, еңбекке баулу керек. Екіншіі, сот қызметкерлерін тазартып, білімін молайтып, тұрмысын оңдап, халық көзінде ердің беделін көтеру керек. Осы екі жолға түспесек, құр аттан салғаннан ұрлық тыйылмайды.

Мадияр.
«Ақ жол», 13 январь, 1924 ж.

ҒЫЛЫМ ТӨҢКЕРІСІ

Салт-сананың төңкеріс жолымен өзгере алатынын Кеңес үкіметінің 7 жылдық тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. Октябрь төңкерісі жалпы төңкеріс болған соң, оның салдары тимеген тұрмыстың тарауы қалған жоқ. Октябрь төңкерісінің салдары салт-сананың тетігі — оқу ісіне де тиді, — жалпы төңкерістің салдарымен ғылым төңкерісі де болды.

Ғылым төңкерісі деген — ғылымның бір негізгі заңының ашылуы сықылды өзгерістер. Мәселен, электр ағынынан болатын жылудың мөлшері тақырыпты «Джоуль мен Ленц

заңы», кен жүйесі тақырыпты «Менделеев заңы» сықылды заңдардың ашылуын ғылым жөнінде болған төңкеріс деуге болады. Жалпы төңкерістің салдарымен ғылым төңкерісі де болды деген сөзді: жалпы төңкеріс болған соң, ғылымның бұрын ешкім білмейтін негізгі заңдары ашылды деп түсінуге де болады. Бұл сөзді солай түсініп, «төңкерістің арқасында ашылған ғылымның қандай негізгі заңдары бар?» деушілердің болуы мүмкін. Біздің оларға айтатынымыз: жаңа айтылған — салт-сананың төңкеріс жолымен өзгере алатыны — ғылымның негізгі заңы, бұрын бұл заңға шөк келтірушілер болғанмен, салт-сананың төңкеріске түсе алатынын көзбе-көз көрген соң, оған енді шөк келтіруге болмайды. Бұл заңның растығын сипаттап отырған Октябрь төңкерісі. Бірақ біздің «ғылым төңкерісі» деп отырғанымыз: ғылымның ондай жаңа заңдарының ашылуы емес, ғылым жолында, оқу, оқыту істері тақырыпты Кеңес үкіметінің қолданып отырған жаңа саясаттары.

«Салт-сананың тетігі — оқу, ғылым» деп едік. Ғылымның салт-санаға әсері болмай қалмайды, бірақ бұрын ғылым салт-санаға тетік бола алардық әсер берген емес. Салт-сананың нағыз тетігі — ғылым емес, кәсіп жасау. Елдің қолданған кәсібі, кәсібінің түрі өзгермей, құрғақ ғылым салт-сананың өзгеруіне артық себеп бола алмайды. Капиталшының қолданған кәсібі — жалшылардың еңбегін олжа қылу, сондықтан капиталшы сол кәсібінен қол үзбей, қандай ғалым болса да, кісі ақысын жеуді теріс деп түсіне алмайды.

Өмір бойы бір зауытта іс істеп жолдас болған, біріменбірінің мұңы бір, жоғы бір, тетігі бір, тілегі бір жалшылар, қанша надан болғанмен де, біріне-бірі мейірімді келеді, малжандылық, озбырлық мінездері болмайды. Салт-санаға ғылымның әсерінен де кәсіптің әсері күшті. Сондықтан салт-сананы тәрбиелеу үшін құрғақ ғылымның пайдасы аз болған соң, Кеңес үкіметі ғылымды құрғақ күйінен өзгертіп, кәсіпшен, іспен үйлестіріп отыр.

Кеңес үкіметінің бірінші басқыш мектептерінің бәрі де баулу мектебі аталады. Баулудың мәнісі: балаларға ғылымды, құрғақ күйінде үйретпей, сол ғылымын пайдалана алатын қылып, іс істетіп үйрету. Октябрьден бұрын, ғылым басқа, іс басқа болатын. Ғылым үйренген кісі өз қолымен іс істемей, істен, қара жұмыстан жиренетін болып тәрбиеленетін, сондықтан ескі мектептерде оқығандардың түсінуінше, өздері — төре, қара жұмыс істейтіндер — құл, мал есебінде болатын; сондықтан ескі

мектепте оқығандар жалшы бұқараға шын ынтасымен тілектес бола алмайтын; сондықтан бұрын қара шаруаның балалары да ескі мектептен оқып шыққан соң, әкешешесінен айырылып, басқа таптың (оқығандар табының) адамы болып, қара шаруаға бөтен кісі болып кететін.

Бұл күнде Кеңес үкіметінің баулу мектебінде оқыған балалар қара жұмыстан жиренбейтін болып тәрбиеленеді, бірігіп, одақтасып іс істейтін болып үйренеді. Салт-санасы жасынан-ақ жалшылардікіндей болып тәрбиеленеді. Ескі мектепте оқыған шаруаның баласы, әкесі мектепке жыртық күпісімен келгенде, оны басқа жолдастарына көрсетуге ұялатын еді, әкесінің қара шаруа екенін жолдастарына білдіргісі келмейтін еді. Баулу мектебінде оқыған кедейдің баласы кедей екеніне арланбайды, жасынан өзі іс істеп, кедейді, қара жұмыс істейтін жалшыларды сыйлап үйренеді. Кеңес үкіметінің екінші басқыш мектептері де, жоғары мектептері де солай; ешқайсысында ғылым мен іс бірінен-бірі айырылмайды. Сондықтан кеңес мектебінен оқып шыққан жастар қара жұмыстан жиренбейтін болып, қара жұмыс істейтін шаруаларға, жалшыларға шын көңілімен жаны ашитын болып, салт-санасы коммуна дәуіріне дәл келіп шығады.

Октябрь төңкерісінің арқасында болған ғылым төңкерісінің бір түрі осы: мектептеріміздің, бұрынғыдай құрғақ ғылым үйретудің орнына, үйренген ғылымымен пайдаланып іс істеп үйретететін баулу мектептері болғаны.

Ай мен күндей, әммеге бірдей атанған, әммеге бірдей болуға тиіс ғылым: Октябрьден бұрын әммеге бірдей емес еді. Әммеге бірдей жер мен суды өзінікі қылып алып, еңбекші бұқараға жалдап, майын ғана беретін байлар ғылымды да өзінікі қылып алып еді; жалшыларға, еңбекші бұқараға, әсіресе қазақ сықылды бұратана ұлттарға капиталшылар ғылымның майын да бермейтін еді. Жалпы төңкерістен бұрын ғылым үйренемін деген қазақ баласы тоқсан тоғыз тосудан өтіп барып үйренетін; кедейдің ол тосудан өтуге әлі келмей, жолда қалатын. Үкімет қазақ баласын оқытқанда, тек өзінің сойылын соғатын қылып шығару үшін ғана, қазақты орыс дініне айналдыру ниетімен ғана оқытатын. Оқу орыс тілінде ғана болатын. Қазақ тілінде оқу түгіл, оқитын кітап, газет-журналдардың болуына да қарсы айлалар құратын. Қазақ тілінде жазылатын кітап болса, оның орыс әрпімен жазылуын қарастыратын еді. Өз бетімен

оқығандар болса, олар да қазақ тілінде оқи алмайтын, татарша, сартша иә арабша ғана оқитын. Жалпы төңкеріс ғылымды да жалпыландырып, ғылым үйренуге қарсы құрылған бөгеулердің бәрін де жойды. Кеңес үкіметі, ең алдымен, бұрын ғылымға қолы жетпей жүрген жалшылардың, бұқараның, қазақ сықылды бұратаналардың балаларын оқытуға кірісті. Езілген тап, езілген ұлт басқалармен заң алдында тең болса да, тұрмыста тең болуы қиын болмақшы, шынымен теңелу үшін оның өнері, білімі де тең болуы керек. Сондықтан Кеңес үкіметі, ең алдымен, езілген ұлттың өнерін, білімін арттыруға кірісті. Оқу жат тілде болса, жұғымды болмайды, әсіресе жас балаларға түсінікті болмайды. Сондықтан Кеңес үкіметі оқудың ана тілінде болуын шарт қылып, қазақ сықылды өз тілінде жазулы кітаптары жоқ ұлттардың әдебиетін күшейтуге кірісті, әр ұлттың өз тілінде ғылым кітаптарын шығаруы, кестелі әдебиетін күшейту қамына кірісті. Сонымен Октябрьдің арқасында қазақтың да оқуға қолы жетті. Орынбор, Семей, Ташкент сықылды ірі қалаларда бұл күнде оқып жатқан қазақ балаларының саны бұрынғыдан 100 есе артық деуге болады. Мұның саны қандай берекелі болса, сапасы да сондай болуға тиіс. Бұрын оқыған жастарымыз бұқараға бөтен кісі болып шығатын еді. Енді кеңес мектебінде оқығандар бұқараның өз кісісі болып шығады. Қазақ балалары көбіне өз тілінде — қазақ тілінде оқып жүр. Қазақ тілінде жаңадан ғылым кітаптары басылып шығып жатыр, кестелі әдебиеттер күшейіп жатыр.

Оқу, ғылым жағынан Октябрьдің қазаққа тартқан сыйы осындай. Мұны көзі бар кісі көреді, жүрегі бар сезеді, сүйінеді. Езілген ұлтына жаны ашып, «дертіне ем таба алмай», «жүрегі өртенген», қазақтың қам көңілді қайғылы халықшыл ақыны оқуға жиылған қазақ балаларына мына өлеңді Октябрьдің осы сыйларына шын көңілімен ырза болып, сүйінген соң айтқан:

«Шартараптан жиналсын,
Жаңа талап жас ұлан.
Ғылым туын қолға алсын,
Құттықтаймын, бас ұрам.

Көңіл қойшы, көз нұрысың
Қазақ-қырғыз халқының,
Жарық жұлдыз, ай-күнісің,
Сәуленді шаш, жарқыным...»

Жалпы төңкерістің салдарымен болған ғылым төңкерісінің толқыны езілген халықтың дертіне ем болатынын халық сезуге тиіс, — халық ақыны халық сезімін жырлайды; ғылым төңкерісіне ақынның сүйінгені — халықтың сүйінгені!

Тайбағар.
«Еңбекші қазақ», 7 ноябрь, 1924 ж., №258.

Жаңа кітап

«ЖАУЫЗДЫҚ НИЗАМНАМАСЫ»

Бұл кітап — «Қылмыс Заңының» (*Уголовный Кодекс*) қазақшаға аударылғаны. Кітаптың сыртында: «Тәржімасын басқарушы Жиһанша Досмұхаметұлы; бастырушы — Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің әдейі комиссиясы» деп жазылған. Кітап осы 1924 жылы Ташкентте 1000 дана болып басылған, көлемі үлкен, бет саны 54, қағазы жақсы, баспасы төуір.

Кітапты қолға алып жібергенде, алдымен «Жауыздық низамнамасы» несі дегізерлік атының өзі жат көрінеді. Бұл кітап Қазақстанда да басылып шығып еді, мұндағы аты «Қылмыс Заңы» еді. «Заң»-ға талас болмас. «Қылмыс» деген сөзге келгенде, оның қыртысын айналдырсақ, — жақсы да, жаман да қылмыс болады. «Уголовный» деген сөз жаман қылмысқа тура келеді деуге де болар. Бірақ жақсылық тексерілмейді, оның үшін ешкім жауапқа тартылмайды. «Қылмыс Заңы» дегенде, жаман қылмысты істерді тексеру жайындағы заң екені өзінен-өзі белгілі нәрсе деп түсініледі һәм жұрттың көбі осылай түсініп те жүр. Бұл сөзді Қазақстан Білім Кеңесі қабылдамастан бұрын да әркім әр жерде осылай сөйлеп, осылай жазып, қазақ соттары бұл сөзді қолданып жүргенін білеміз. Сондықтан «Қылмыс Заңы» бізге түсінікті де, мынау «Жауыздық низамнамасы» жат, топас, ерсі көрініп отыр. «Низамы низам болсын, намасына жол болсын» дегіміз келеді.

Кітапты ақтарып, әр жерін көзбен шолып өткенде, жалғыз бұл «нама» емес, өзге «нама»-лар да толып жатыр екен. Мәселен: міндетнама, еғланнама, мағлұматнама, жазанама, куәнама, өтірікнама сияқты. Бұл неғылған қаптап кеткен «нама» екеніне түсіне алмадық. Түркістан қазағы да «жаза, заң, низам, куәлік, өтірік» деген сөздерді «нама»-сыз-ақ айта білетін еді. Тегінде, бұл «нама»-ларды аударушы өз жанынан қосып жіберсе керек.

Енді өзге жағына келелік. Кітаптың бірінші бетінен-ақ орысша мағынасына үйлеспейтін немесе осы кезде қазақ әдебиетінде қолданылмайтын сөздер ұшырай бастайды, мәселен: «астанаға хауіпті...», «әр жердің ұлұғатына қарай...», «комитет райысы...», «хұқұқи халық комисары...» деген сияқты.

Осы бірінші беттің өзінен ғана табылып отырған сөздерге қарағанда, бұл кітапты орысшадан бір-ақ кісі аударып, оның фән сөздері дұрыс-терісін, өзге қателерін қараған, сынаған, түзеткен көлденең адам иә Білім комиссиясы сияқты ұйым болмаған-ау деп ойға келесің. «Тәржімасын басқарушы — Жиһанша» делінсе де, о да аударушыға сеніп, қарамаған түрі бар. Әйтпесе, «хұқұқи комисар» сияқты сөздерге Жиһанша да қол қоймас еді.

Бұл кітаптағы қате сөздерді, теріс мағыналарды бас-басына тексеруге, бәріне толық, түгел дәлел келтіруге газетке арналған мақала сыйғызатын емес. Сондықтан әр жерінен теріп, аз мысалдар көрсетіп қана өтеміз.

Заң бұрмалауға көнбейтін, айқын, бір мағыналы, тілі жатық, сөз тізімі қазақша болу керек еді. «Я вызван в суд для дачи показания» деген сөйлемді біреу олақтықпен «мен шақырылдым сотқа беру үшін куәлік» десе, иә болмаса, «Таймнер под суд попал» деген сөйлемді «Таймінер сот астына түсіп кетті» десе, мұнысы қазақша болмас еді. Қазақ тілін бұзған болар еді. Бізде осылай аударушылар жоқ емес. Бұ секілді сөзге-сөз мағына беру осы «Жауыздық низамнамасын» аударушы жолдастан да табылатын көрінеді. Мәселен, ол: «Жаза екі жылдан кем емес уақытқа қысымшылық ажырату мен кіріптарлыққа дейін көтеріледі» дейді 157-статья. Бұ не деген сөз?

— «Екі жылдан кем емес уақытқа» дегеннің орнына «кемі екі жыл» деген әрі жатық, әрі қысқа, әрі қазақша емес пе?

«Қысымшылық ажыратумен» дегенге кім түсінеді?

— Бұл орысша «со строгой изоляцией» деген сөзді қаймағын бұзбастан аудара салғаны. Оның орнына «оңаша қатаң ұстау» делінсе қазаққа түсінікті болар еді. Мағынасы да дұрыс.

«Жаза көтеріледі» дейді.

— Мұнысы орысша «наказание повышается» дегені. Қазақ «жаза ауырлайды, жеңілденеді, арттырылады, кемітіледі» дейтін емес пе еді.

«Бағу астынан тұтқындарды босатқандарға» дегені тағы бар (94-статья).

— «Бағу астынан» деп отырғаны орысша — Из-под стражи. Бұл «сот астына түсіп кетті» деген сияқты ғой.

«Жазаның ұрулары (рулары)...» деп те жібереді (9-бет).

— Мұнысы орысша — Роды наказаний. Жазаның ұруы (руы) бола ма екен?

120-статьяда «С целью возбуждения суеверия в массах населения» деген сөздер бар. Аударушы мұны: «қара бұқараның болмашыға сенімін көтеруге» дейді. Бұған қара бұқаран түгіл оқымыстыларың түсінер ме екен?

93-статьяда «Взрывчатые вещества» дегенді «жарылатын нәрселер» деп қойған.

Жарылатын нәрсе аз ба? Жұмыртқа да жарылады. Мұз да жарылады. Сойылмен салып қалса, адамның басы да жарылады...

Тіл бұзу деген, жігіттер, міне, осындайдан шығады. Әйтпесе, біздің тілімізді бұзу үшін бір жақтан әдейі ешкім аттанып келмейді.

Енді мағынасы теріс аударылған немесе керекті сөздері тіпті қалып қойған статьялардың бірнешеуін көрсетіп өтелік.

6-статья. Мұнда: «жауыздық деп... кеңес құрылысының негізіне һәм астанаға хауіфті істелген һәм істелмеген істер саналады» дейді.

— Кеңес құрылысының негізіне «хауіфті істелген» істер жауыздық екені рас, ал «істелмеген» іс қалайша жауыздық болады, «істелмеген соң» іс бола ма? Мұны аударушы олақтықпен, не орысшасын түсінбегендіктен, теріс жазып отыр. Мұның жазуына қарағанда, біздің қазақ соттар хауіпті еш нәрсе істемегендерге де жаза салуға тиіс болып шығады. Дұрысында, мұның орысшасы — общественно-опасное действие или бездействие, яғни халыққа хауіпті іс істеу немесе тиісті істі істемегеннен халыққа қауіп-қатер келу мағынасында.

10-статья, «...низамнама» ішінде айтылған: «ұқсас жауыздықтың жазасы салынады» дегенде, «Предусматривающих наиболее сходные по важности и роду преступления» деген сөздер қазақшаға, тіпті аударылмай қалған. Осыдан бұл статьяның мағынасы анық өзгеріп тұр. Бұған қарағанда, қазақ соттары «мынау жауыздық» деп бет алдына айдай беруге болады. Қалай ұқсас, қай жағынан ұқсас болатын мағына қазақшасында жазылмай қалған.

21-статья — «...жауыздық істердің жазасы бір жылдан артықтарының...» делінген. Мұнда «істердің» деген сөздің артында «ең ауыры» деген сөз қалып қойған. Бұдан екінші

мағына туып кетеді. Орысшасында қалып отырған «как высшее наказание» деген сөздер. Ал законде «бір жылдан артық, үш жылдан артық, бес жылдан артық» деп келеді. Сондықтан «жазасы бір жылдан артық» деген мен «жазаның ең ауыры бір жылдан артық» дегеннің айырмасы зор. Бұ да қазақ соттарын адастыратын үлкен қате.

93-статья. Мұнда «сбыт» деген сөздің қазақшасы жоқ. Бұлай болғанда, мәселен, рұқсатсыз мылтық, зеңбірек тұтынушыны иә сақтаушыны жазаландыруға болады, бірақ ондай нәрселерді сатушыға иә қолдан-қолға өткізушіге еш нәрсе болмайтын болып шығады. Бұл қате, «сбыт»-тың түсіп қалуынан бұл статьяда осындай кемшілік бар.

Енді «шариғатқа келу турасындағы жауыздықтар» деген бабына келелік.

171-статья. Бұл статьяны дәл былай аударған: «ойнас үшін жеңгелікке жүргенге (*әйел тауып берушілерге*), долқ (*әйел ұстаушыларға — автордың өзі берген түсініктеме*) ұстаған һәм әйелдер жинағанға малы бүтінде иә жарым жартысы қазынаға алынып, 3 жылдан кем емес уақытқа кіріптарлық бұйырылады».

— Бұл статьяны қазақ не деп түсінеді? Бұл талайдың төбе құйқасын шымырлатар. Ойнас қылған иә жеңгелікке жүргендер малынан айырылып, кемі үш жыл тұтқын болады дегенді біліп алған соң, елдегі соғылған шолақ закондер «пәленшенің қатыны ойнас қылады, түгеншенің қатыны жеңгелікке жүреді» деп арызды беріп қалса, бұған сот не істейді? Бұл арызды қарамасқа, 171-статья бойынша айыпталушыны жауапқа тартпасқа, мойнына түссе, жаза кеспеске шарасы бар ма? Міне, олақтық! «Проституция» деген сөзді қазақша аудара алмағандықтан туып отырған шатақ.

Законды осылай аудара ма екен?..

«Жауыздық низамнамасын» қаза берсек, қателері шыға беретін.

Енді бұл туралы айтар сөз мынау. Алдымен бұдан былай Түркістан совнаркомының қасындағы қазақ-қырғыз тілін іске асырушы комиссия сақ болуы керек.

Екінші — бұл кітап өуелден-ақ басылатын жөні жоқ еді. Өйткені «Қылмыс Заңы» Орынборда қазақшаға аударылып болып, басуға күздігүні берілгендігі. «Ақ жолдың» 3 ноябрьде шыққан 265-санында жарияланған еді. Түркістан Заң комиссариаты бұл кітаптың басылып шыққан соң 5000 данасын сұрағандығы да сонда айтылған еді. «Қылмыс Заңын» қазақшаға аударушы Қадірбайұлы Сейдәзім

екендігі де сонда көрсетілген еді. Сейдәзім законның мәнісіне, рухына жақсы түсініп аудара алатындығын Түркістандағы азаматтардың бірсыпырасы білетін еді. «Қылмыс Заңы» Орынборда өткен 1923 жылда басылып та шығып еді. Енді соның бәрінің артынан 1924 жылы мынадай «Жауыздық низамнамасы» шығып отыр. Сейдәзімнің кітабы мен мұның тәржімасын салыстырып, бұдан Сейдәзімдікі нашар болғанда ғана мұны басу керек еді. Қанша пұл, қанша қағаз, қанша еңбек босқа кетіп отыр.

«Енді бұл кітапты не қылу керек?» деген сауал болар.

– «Бізден сұралатын болса, бұл «Жауыздық низамнамасы» қолдануға анық жарамайды. Бұл кітап сот-тергеу мекемелерін адастырады. Бұл кітап қазақтың тілін бұзады. Сондықтан бұл кітапты доғару керек. Өсіресе, закон болғандықтан доғару керек.

Мадияр.
«Ақ жол», 1924 ж., №436.

БАЯҒЫ «ЖАУЫЗДЫҚ НИЗАМНАМАСЫ»

«Ақ жолдың» 436-санында Ташкентте басылып шыққан «Жауыздық низамнамасының» қателерін көрсетіп, сөз тізіміне қарағанда, — қазақтың тілі бұзылатындығын, мағынасына қарағанда — бұл заң соттар қолдануға жарамайтындығын жазып едік. Бұл туралы Түркістан Заң комиссариаты мәжіліс шақырып, сонда менің сөзімді тексеріпті.

«Ақ жолдың» жазуына қарағанда, біздің түсінгеніміз: Заң комиссариатының адамдары мәжілісте «Жауыздық низамнамасын» дұрыстаған да, дәлелмен қорғай алмаған, тек мекеме намысына ара түсіп, қараны ақ дегенге ұқсайды.

Мен басында бұл кітапты сынағанымда, өзі закон болған соң орасан қателерін көрсетуді, сонымен қазақ соттарын теріс билік айтудан сақтандыруды көздеген едім. Бірақ заң комиссариатының мәжілісі менің сынымды әділ қарамағандығын «Ақ жол» жазып та отыр. Мұның растығы 449-сандағы Оразайұлы Әбдірахманбектің жауабынан да көрінеді.

Әбдірахманбек: «Тіл бұзу деп орыс тілі мен қазақ тілін салыстыруды айту керек», — дейді. Орыс тілін қоспай-ақ, «Жауыздық низамнамасындағыдай» «жаза екі жылдан кем емес уақытқа қысымшылық ажырату мен кіріптарлыққа дейін көтеріледі» дейтін болсақ, қазақ тілі бұзыла ма, жоқ

па, оны оқушылар сынай жатар. Бірақ қазір өңгіменің маңызы тілдің жатықтығында, пән сөздерінің дұрыстерісінде болмай барады. Ол жағын өзір қоя тұралық. Өзге жағы жетісіп, жалғыз бұл кемшілікке тірелген еш нәрсе жоқ; бұрынғы мен көрсеткен қателердің Ташкент мәжілісі бірде-бірін бекерге шығара алмаған.

Менің мағынасы қате деп көрсеткенім 171, 94, 21,10, 6, 9, 120-статьялар еді. Осы жеті статья әлі қате күйінде қалып отыр.

1. 120-статьяны мәжіліс жүдә қарамаған.

2. 9-статьядағы «взрывчатые вещества» дегенді «жарылатын нәрсе» деп қате аударған болса, енді ол туралы айтып отырғандары, бұған тура келетін қазақ сөзі жоқ дейді. Сөз ұзартпау үшін бұл статьяның қандайлық дұрыс аударылғанын Сейдәзім жазған «Қылмыс Заңынан» оқушылар көрсе екен деймін.

3. 6-статьяда «жауыздық деп... Кеңес құрылысының негізіне һәм астанаға хауіпті істелген һәм істелмеген істер саналады» дегені қате деп едім. Әбдірахманбек бұ туралы менің білмейтіндігімді дәлелге келтіріп, «низам бойынша іс істелмегеннен қауіп болса, жаза өбден бұйырылады» дейді. Менің айтқаным да осы емес пе еді? Мен бұрынғы мақаламда «халыққа қауіпті іс істеу немесе тиісті істі істемегеннен халыққа қауіп-қатер келу мағынасында» деп жазғамын. Енді менің өз сөзімді өзіме шоқпар қылып жұмсағанша, «Жауыздық низамнамасындағы» «Астанаға қауіпті істелген һәм істелмеген істер» дегенді түзетсейші, сөйтіп қатені қате десейші.

4. 10-статьяда «ұқсас жауыздық» деген де қойған, «наиболее сходные по важности и роду преступления» деген сөздер қазақшаға аударылмай қалып қойған десем, бұған қарсы: «Біздікі дұп-дұрыс, орысша бабының пиғылына: кемісі жоқ, қалай ұқсастығын сұрау орысшасында жоқ һәм көрсетілуге мүмкін емес» дейді. Орысшасында барлығы бадырайтып жазып отырмын, бұрын да жазғамын, бұның қазақшасы — «маңызына, түріне қарай артықша ұқсас қылмыстар» деген сөздер. Бар нәрсені жоқ деп немесе ой жотамен «оның кемісі жоқ» дей ме екен. Осындай қатені де мойындамай отыр.

5. 21-статьяда «как высшее наказание» (*қазақшасы: «жазаның ең ауыры»*) деген сөздер қалып қойған десем, «жазаның ең ауыры» дегеннің керегі жоқ, ең ауыры десек,

«атуды айта ма деп ойға қалуға мүмкін» дейді. Мәселен, «жазаның ең ауыры бір жылдан артық еркінен айыру» дегенде, қалайша «атуды айта ма» деп ойлауға болады. Оймен жүріп, законның мағынасын өзгертуге, сөздерін тастап кетуге бола ма екен? «Законда артық-кем сөз болмайды» деп Әбдірахманбектің өзі де айтып отыр.

6. 94-статьяда «сбыт» деген сөздің қалғандығын көрсетіп едім. Әйтеуір бұған дау айтпапты; сонда да бұл баспахананың қатесі деп құтылыпты. Жарайды солай-ақ болсын.

7. 171-статья проституция жайынан еді. Бұ туралы көрсетілген қатені түзейді десек, біздің юристердің аты шапқан сайын үдеп отыр. Бұ туралы бұрынғыдан да жаман сорақысын шығарыпты. Оны кейін айтармын.

Осының бәрін көре тұра, Жанша мен Әбдірахманбек: Мадияр өзі юрист болмаған соң, түсінбей, теріс түсініп отыр, законды юристер ғана түсінеді дейтін көрінеді. Менің юрист емес екенім рас. Бірақ мұндай қаны сорғалап тұрған қатені көрмейтін кеще аз болар деймін. Бұлардың мұнысы ескі молдаларша, «Құранда осылай деген, ол Құдай сөзі» деп, ешкімнің аузын аштырмау ғой. Олардың ойынша: закон деген нәрсе «айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау». Бұған ешкім кіре алмайды деген сықылды. Законге өзгелерден гөрі юристер жетік екені рас, бірақ юристерден басқа жан түсінбейтін болса, ондай законды өртеп жіберу керек емес пе. Закон деген нәрсе, дұрысында, халықтың тұрмысынан, салтынан алынған емес пе, халыққа ол қалайша түсініксіз болады?

(*Аяғы бар*)

Мадияр.
«Ақ жол», 1924 ж., №463.

БАЯҒЫ «ЖАУЫЗДЫҚ НИЗАМНАМАСЫ»

(*басы өткен санда*)

Әбдірахманбек тағы да: «Тәржіманы сынау, біздің ойымызша, өзір ерте; бұларды сот мекемелері қолданып, түсінбей қате үкім салса, сонда кемшіліктері анық білінеді. Нағыз сынау, түзетуді мұқтаждықпен сонда көреміз» дейді. Әбдірахманбектің мұнысы: әуелі соттар қателессін; билік

айтқанда, ақты қарайтсын, қараны ағартсын, сонда көреміз дегені ғой. Жоқ, мен: олай болмасын, аударушының кесірінен ешкім де нақақтан күймесін, ешкім де қарадан ағармасын, көрініп тұрған қатені осы бастан түзету керек деймін.

Және де бір сөзі екінші сөзіне қайшы келіп, өзін-өзі ұстап беріп отырғанын Әбдірахманбек байқамайды. Мәжіліс атынан ол: кітаптың қатесі жоқ дейді де, «бірақ жалғызжарым қате басылғандарын тізіп қосу керектігі көрсетілді» дейді. Өздерін ақтау үшін айғақ қылып мұсылман күншығыс жұрттарының өкілдеріне сынатады да, кітапты бұзған баспаханадағы басқа ұлттардың адамдары екен дейді.

Кітаптың баспахана жағынан абайсыз кеткен қателері сол кітап тарамай тұрып, аяғына тіркелуші еді. Олай етілмеген. Енді соңынан қатесін біреу көрсеткенде, алғыс айтудың орнына, дау шығарып, қате өзіміздікі, өзіміз тізіп қосамыз дейді. Солай-ақ болсын. Әйтеуір қате түзелсін.

Бірақ қателер түгел түзелмейтін болып отыр. Өйткені жоғарыда көрсетілген қателерді әлі мойындаған жоқ, сол қате күйімен қалып отыр. Оның үстіне тағы дертке дерт жамап алып отыр. Онысы ойнас туралы.

Әбдірахманбек жауабында қазақта проституция барын ыспаттап: «Ойнас үшін жеңгелікке жүруді орамал алса да, алмаса да, басқа пиғылмен болса да, низам жауыздық деп санайды, бұл қазақ ішінде көп болса да, не қылармыз — низам жауыздық деп отырған соң, Мадиярға жақпаса, жалпы Ресей Орталық атқару комитетіне өтініш етсін, бұл низамың бізге қолайлы емес, мұны қалдыр иә бұз деп» дейді.

Бұрынғыдан да жаман сорақысын шығарды дегенім осы. Қазақта проституция бар деп Әбдірахманбек пен Жаншадан басқа қанша қазақ айтар екен?

Проституцияны қазақ «жезөкше» дейді; мұның мәнісі — әйелдің денесін сатуы, соны кәсіп қылуы деп түсінуші едік, мұндай кәсіп қазақ өмірінде, біздің білуімізше, жоқ еді. Мені Ресейдің Орталық комитетіне жұмсағанша, Жанша мен Әбдірахманбек әуелі «жезөкшелікті» қазақта бар қылып берсінші. Егер бұл пәле біздің жұрттың арасында әлі жоқ болса да, қазақ соттары елдегі ойнас қылған, жеңгелікке жүрген әйелдерді жауапқа тартатын, жазаға бұйыратын болса, «Жауыздық низамнамасы» үшін Әбдірахманбек пен Жанша ұялмай ма.

Менің соңғы сөзім:

Жанша мен Әбдірахманбек сықылды: «қазақта «жезөкшелік бар» деушілер болса, газет жүзінде пікірлерін біл-

дірсе екен; және де «Жауыздық низамнамасындағы» мен көрсеткен өзге қателерді де бекер деп айтса екен. Бұрынғы қателерді де, мынау ойнас туралы қатені де Түркістан комиссариаты түзетуге тиіс; немесе бұрынғы қателерді толық дәлелдермен жоққа шығарып, қазақ жұртында «жезөкшелік» барлығын ыспаттап, заң жолымен жариялау керек. «Жауыздық низамнамасы» сонда ғана дұрысталады; бұл күйінде тұрғанда, Жанша мен Әбдірахманбек қалай бұлтарса да, қолдануға жарамайды.

Мадияр.
«Ақ жол», 1924 ж., №464.

МЕМЛЕКЕТ САЛЫҒЫНАН КІМ АРТЫҚ ПАЙДАЛАНАДЫ?

Қапелімде «бұл не деген сауал?» деп таңырқап қалуға мүмкін. Өйткені мемлекет салығынан мемлекет қана пайдаланатыны белгілі нәрсе. Бірақ біздің қазақ арасында, әсіресе орталық шаһарлардан шеткі көшпелі елдерде, қазынаға айналатын салықтың игілігін мемлекеттен бұрын алдымен непшілер* көреді.

Қазақ елінен салық жинаудың бір ыңғайсыз жағы «Ақ жолдың» 400-санында жазылған екен. Бірақ онда салық жинау тәртібі бірде заттай, бірде ақшалай болуының жайы ғана көрсетілген. Мен мұның екінші жағын ғана айтпақпын.

Мысал үшін Қазақстан республикасының Торғай үйезін аламын. Бәрібір Түркістан мен Қазақстанның көшпелі елдерінің арасында айырма жоқ.

Торғай үйезінің халқы — тегіс қазақ. Жері егінге қолайсыз. Малы өткен жылдар жұтаған. Ел шетінен жалаңаш. Адам қотырының неше атасының ұлы елден табылады. Сүзектен де кенде емес. Мұның бәрі матаның жоқтығынан, бит-құрттың молдығынан. Мата қолға түскенше жалаңаш етіне тері киюші еді, енді о да қолға оңай түспейді. Аз да болса, астық шығатын жерге егін салайын десе, тұқым жоқ. Тұқым болса, көлік жоқ, көлік табылса, сайман жоқ. Бұрын

---

* «непшіл», «непман» деп шаруа саясаты тұсында баюға асық болып жүргендерді айтады (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*); «Неп» — Кеңес үкіметінің 20-жылдардың басында жүргізген жаңа экономикалық саясаты (НЭП) — (*Ред.*).

астықты бұл ел Атбасар, Қостанай, Жаманқаладан (*Орск*) алушы еді. Бұл жерлерге жету енді Торғай қазағының көбіне Меккеге барып қайтудан көп қиын. Торғайдың қаласында керекті зат жоқ. Саудагер қолынан азын-аулақ керегін алуға пұл керек, оған мал керек. Бірақ қанша «жоқ, жоқ» деп, ауызды қу шөппен сүрте бергенмен, елдің көпшілігі болмаса да, бірсыпырасында әлі азды-көпті мал тұқымы бар. Осыларға түскен мемлекет салығы биыл ақшалай жиналатын болған.

Енді бұл салық қалай жиналады деңіз.

Елде көк тиын жоқ. Төлемеске шара жоқ. Мұндайда шаруаға пайдалы тиетін кооператор секілді ұйымдар Торғай үйезінде болмаған соң, әркім малын өздігінен неше жүз шақырымдық базарлы шаһарларға апарып сата алмай, сасқанынан саудагерлердің қармағына қылша мойнынан ілініп отыр. Мәселен, салық жинаған уақытта бір қой алтын есебімен екі-үш сомға, бұзаулайтын сиыр он сомға жетпеді. Бір ат, мықтаса, бір иә екі қойдың шын құнына кетті. Сентябрь, октябрь айларында-ақ Торғай үйезінен непшілдер қоралы қойларды Орынборға айдап апара бастады. Мұнымен малды қазынаға бердік деп қазақ отыр, шынында берген салығының бестен һәттә оннан бірі ғана мемлекет қазынасына түсіп, көбі саудагер қолында қалып отыр.

Ел надандықпен, қамсыздықпен, қолы жетпегендікпен мұндай кепке ұшыраған болсын, Торғай жігіттерінің бірінбірі жамандаудан, баққа таласудан қолы тимесін, ал тым болмаса үйездік қазына бөлімі — УФО — елге өздігінен мәулет берудегі, өзінің қолынан келмесе, жоғары мекемелерге білдіріп, бір шарасын істеуді ойына да келтірген жоқ. Ойлағаны сол — бұл мекеменің басында отырған адам елдің мұндайлық қысылғанына, оллаһи ығлам, қуанбаса мұңаймаған болуы керек.

Бұл сөздің жала еместігін айтайын. Бұрын «үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ» Торғай үйездік қазына бөлімінің бастығы Паул Романыш Гушшин салыққа ақша таба алмай сандалған қазақтан 200 шамалы қой, бірнеше сиыр, жылқы сатып алып, осы күні «Құдайға шүкір», кеуде малды үйдің бірі болып қалды. (*Мен білгенімді ғана айтамын, саудагерлердің пайдасын толық жазбады деп жоғарғы үкімет мекемелері маған өкпелей қоймас.*)

Міне, Торғай үйезінің жайы!

Мал тұқымының өрбуі жалпы мемлекетке, қалды жұтқа шалдығып, енді-енді қалтаңдап қатарға қосылғалы келе жатқан қазақтың өзіне аса керектігіне ешкім дауласпайтыны анық болса, енді бұдан былай қазақ малы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпейтін шарасына кірісу керек.

Жәрмеңкелі, базарлы шаһарлардан қашық көшпелі елдер арасына қысылғанда қарыз, көмек беретін ұйымдар һәм халық керек-жарағын жақын жерден малына, терітерсегіне, жүн-жұрқасына айырбастап алатын сауда дүкендерін, конторларын ашу керек.

Бұлар, әсіресе келер жылда салық тағы түспек, тағы биылғыдай болмақ. Енді бір-екі айдан соң егін маусымы басталады, онда да тұқым үшін ел шабылмақ. Сөйтіп, қазақ малы өуелі өзіне жоқ. Екінші мемлекетке пайдасы аз болып, игілігін тек саудагер мен гушшиндер ғана көретіндігіне өзгеден бұрын, міне, мен өзім де кепіл бола аламын.

Торғайлық.
«Ақ жол», 25 март, №468

ӨТІРІК ЕМЕС, РАС

Орынборда болып өткен білімпаздар жиылысының бұрынғы араб әліппесін қолдана беру немесе оны қалдырып, латын жазуына түсу туралы шығарған қаулысын «Ақ жол» хабаршысы өзгертіп, өтірік жазыпты дейді Нәзір (*«Ақжол» — 465—466-сан.*)

Жиылыста түрік әліппесінің алынғандығы жалғыз «Ақ жол» мен «Еңбекші қазақта» ғана емес, «Ауыл», «Қазақ тілі», «Бостандық туы», «Кедей тілі» сықылды газеттерде де жазылған.

Нәзірдің «өтірік» деп отырғаны жиылыс латын әліппесін алмай, бұрынғы түрік әліппесін қолданатын болды деген сөздер болса керек. Мен мұны ойдан шығарып жазғаным жоқ. Жиылыстың қаулысынан алғанмын. Бұл туралы сол жиылыстың қаулысын бұлжытпастан тағы да көрсетейін. Нәзір сенбесе де, өтірік еместігіне өзге оқушылардың көздері жетсін. Қаулы мынау:

«Қазақ-қырғыз» білімпаздарының басқосқан тобы әліппе түзеу туралы жасалған баяндаманы талқыға салып, тексергеннен кейін және осы күнгі тұтынып жүрген түрік әліппе-

сін тастап, латын әліппесін аламыз деген пікірдің де дұрыстерісін тексеріп қарағаннан кейін, мынау қарарды шығарды:

1) қазақ тұтынып отырған түрік әліппесінің баспа түрінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатын болғандықтан және оны түзету өзге әліппені алудан анағұрлым оңай болғандықтан, жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек;

2) латын әліппесінің түрік әліппеден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болмаса, басқа жағынан болғандықтан, ол артықтығы да — түркі әліппенің баспа түрін дараласақ, жоғалатын болғандықтан және латын әліппесін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатын болғандықтан, латын әліппесін алу деген сөзді орынсыз деп тану».

Міне, осы қаулы жиылыста көпшілікпен қабылданған.

Нәзір: «Ахмет Байтұрсынұлының латын харпі ауызға алынбасын деген ұсынысы съезден өтпеді» деп отырған мәнісі — мына жоғарыдағы қаулы Ахметтің ұсынысы бойынша қабылданған еді, бірақ ұсыныстың аяғындағы «латын әліппесін алу деген сөзді ауызға алмау керек» дегеннің орнына «латын әліппесін алу деген сөзді орынсыз деп тану» деп түзетілген еді. Осындай өзгеріспен Ахметтің қаулысы түгел қабылданған, мұны Нәзір жақсы білуші еді, сол жиылыста Нәзірдің өзі де болып еді.

Бұдан кейін латын харпін ауызға алуға жол ашылған соң, Нәзір жағы мынадай ұсыныс кіргізген.

Латын жазуын қолдану тақырыпты ұсыныс:

Және де мәселе маңызды болғандықтан, араб әліппесі мен латын әліппесінің айырмасы тиісті орындарда күнілгері тексерілмегендіктен бұл мәселе туралы тағайынды қарар шығарылмасын, бұл мәселе қазақ халқы біріккеннен кейін, қарақалпақ, тағы өзгелердің өкілдері қатынасатын болашақ съезге салыну үшін оқу комиссариатына тапсырылсын.

Бұл ұсыныс 8-ге қарсы 9 дауыспен алынғаны рас. Бірақ бұдан түрік әліппесін толық қылу деген мағына шықпайтыны, тек латын әліппесін тағы да тексеруге, қарауға болатындығы ғана көрінеді. Қаралсын, тексерілсін, бірақ жиылыстың қазір түрік әліппесін алып отырғандығы өтірік емес қой. Күндердің күнінде қарақалпақ, тағы өзгелер басқоса қалса, латын әліппесі тексеріледі екен деп, тұтынып отырған әліппеміздің айырылып қалуымыздың жөні бар ма?

Жиылыс түрік әліппесін қабылдағандығының өтірік еместігіне тағы бір дәлел мынау: «Еңбекші қазақ» газетінің

№223 «латыншылдың бірі» деп қол қойған азамат — «латыншыл еместердің араб харпін даралап береміз деген ұсынысы бір артық дауыспен өтті» деп жазған еді. Нәзір тым болмаса осы өзінің мұндасы «латыншылға» тоқтап, мені өтірікшілер қатарынан шығарар деген үмітім бар. Және де сол жиылыстың қаулылары жақын арада кітап болып басылып шықпақшы, менің өтірік жазбағаным, «инша Алла» содан да көрінер.

Бұдан бұлай латын харпі тексеріліп, пайдасы сипатталып, жұрттың бәрі қабылдай қоятын болса, қарсы болған біздің де көзіміз жетіп, Нәзірлерге қосылармыз: жоқ, «ескішілдікпен» тағы да қарсы тұрып, жеңілсек, біз үшін жұрт жолынан қалмас, өмір ағымына біз бөгет бола алмаспыз, сонда амалсыздан көнерміз, олай болғанда жұрттың бәріне «оңай болып кеткен» латын біздің ғана қара басымызға қиын бола қалмас.

Латын жазуы тексеріле берсін, анығы ашылсын деп отыр ғой Нәзір. Бұл туралы қостаған иә қарсы дәлелдеріміз болса, тағы да жазармыз, әзірге бұл жауап Нәзірдің «өтірікші» деген сөзін өтірікке шығару үшін ғана жазылды. Осымен сөзді тоқтата тұралық.

Мадияр.
«Ақ жол», 1924 ж., №476.

АҚТЫҚ ЖАУАП

«Ақ жолдың» 493—495-сандарында Төреқұлұлы Нәзір жолдас латын әліппесі туралы жауап ретінде маған бірсыпыра сөздер жазыпты. Мақаласының аяғында: «...мүсәпірсініп, еңбекші елді теріс бағытқа бастасақ... біз тату бола алмаймыз. Матбұғат бетінде, жиылыстарда айтысамыз, бұған көніп, «имандарына» қайтпасаңдар, «қисықты тез түзетеді» деп қорқытыпты. «Түзелгенімді» теріс көрмесем де, Нәзір «тезін» оқыстан қатты басып жіберсе, «сынып» кетем бе деп қорықтым. Бірақ, бір жақсы жері, жаныма қарасам, партия мүшесі болған кісілер де тұр екен.

Нәзірдің мақаласының бас жағын оқып келе жатқанда, — «мен-мен болайын, латынға көнбеген өз сазайым, бірақ бұл арада басқалардың не жазығы бар еді, латын туралы менен басқа ләм-мим деген кісі жоқ еді ғой» деген ойыма келіп еді. (*«Өзі ақталып құтылған немедей мынаның басқаларға ара түсуін қарашы!» деп пәле қылып жүрмегей еді Нәзір.*) Жоқ. Нәзір, мен ешкімді де қорғамақшы емеспін, тек біреудің

отына жылынып бара жатқандар да барлығын айтамын. Оңды оң, терісті теріс дегеннің айыбы жоқ қой.

Қалай да болса, мен партия мүшелерімен жолдас болып қалыппын. Мұндай «жолдастыққа» партия мүшелерінің қандай көзбен қарайтынын қайдам, әйтеуір мен өзім «тезге» партия мүшелерімен түсетін болғаныма мәз болып отырмын...

Енді Нәзірдің «тез» дегені не? Соны шешелік.

Өзіл өз алдына, шын өз алдына. Нәзір менің: «Жұрт біледі, жұрт лайық көрсе, біздің қарсылығымыз далада қалар, біз еріксіз көнерміз» деген мағынадағы сөзімді күстаналайды. Нәзірдің пәлсапасының көбі осы тақырыпты. Мен «жұрт біледі» десем, Нәзір «матбұғат» жүзінде, жиылыстарда айтысармыз, көнбесеңдер «тез түзетер» деп отыр. Менің «жұртым» не? Нәзірдің «матбұғаты, жиылыстары» не? Түзететін «тезі» не? Таласты мәселені жұрт біледі, көп шешер деген менің сөздерім Нәзірге шам көрінетіні «қазақ мінезіндегі амалқорлық, жалтақтық, екіжүзділік болып табылатыны қалай? Сөйтіп отырып, өзі алдағы келер жиылыстарға жүгінбекші болады. Мұның мәнісі не? Бұл екі сөздің мәні бір емес пе?

Жоқ, мен үшін Нәзірдің арнаған дербес мәні бар ма? Нәзір — «жиылыстарда айтысамын» дейді. Мен айтыспаймын ба, өткен жиылыстарда айтысқаным жоқ па, бұл жұрт білетін әңгіме, «мен жұртсыз еш нәрсе айта алмаймын» деп, ойымды-бойымды жасырып, жасқаншақтық, екіжүзділік қылып, Қыр мен Сырдағы қалың қазаққа сілтегенім бар ма? Осының бәрін біле, көре тұрып, Нәзірдің тереңнен, қазақтың тарихынан мағына іздеуі, «жат мінездер» қазып шығаруы менің «ескі» ақылыма сыймай отыр.

Нәзірдің «ескішіл» деген сөзіне қарыспаймын. Өткен білімпаздар жиылысында Нәзірдің пікірлестеріне қарап: «бес-он тиын беріп, сақал-мұрттарыңды қырдырып тастайсыңдар да, жаспыз, жаспыз дейсіңдер» деп Ишанғали айтқанындай, қашанғы жаспын, жаңашылмын деп арпалыса берейін. «Ескішіл-ақ болайын». Бірақ «ескішілдік» менің өз басымның адасуым, қателесуім болар; Нәзір айтқандай, еңбекші елді әдеті теріс жолға бастау, жолдан тау, өтірік айту, демагогке салу болмас.

Нәзірдің сөйлеген сөзі, ойлаған ойы мынадай болса да, ішкі сыры, түпкі ниеті жұртты әдейі адастыру деп мен айтпаймын, айтып та, ойлап та көргенім жоқ. Нәзір де мені өзіндей көрсін деп өтінбеймін, бірақ мен туралы жоғарғыдай

ойлауына оның да ешбір дәлелі жоқ екендігін айтып өтемін. Бұлай болса, Нәзір жолдас, таза айтысалық! Өзің айтқандай, матбұғат жүзі бар, жиылыстар бар, мәселе тексерілер, шешілер, ешқайсымыз да күнібұрын «иманымызға қайтпай-ақ», «жауласпай-ақ», біріміз қорқытпай, біріміз қорықпай-ақ жеңсек те, жеңілсек те, кезіндегі дәлелге тоқталық.

Бұдан кейін де әліппе-жазу туралы талай сөздер қозғалар, ондағы өңгіме өз алдына, өзірге бұл күнге шейін газет жүзіне шыққан арадағы «кемпір назы» сықылды айтыстар тақырыпты Нәзір жолдасқа беретін ақтық жауабым осы.

Мадияр.
«Ақ жол», 1924 ж., №502.

Жаңа емлемен басылды.

Басқарма.

Сұрауларымыз (анкеттер)

СОТ ҚАЙТСЕ ТҮЗЕЛЕДІ?

(*жаңа емлемен басылды*)

Қазақ соттары қайтсе шын мағынасында сот болады. Мұның үшін қандай шаралар, қандай шарттар керек деп, «Ақ жол» газеті оқушылардан сұрап отыр (№495).

Шын мағынасында әділ сотты қазақ бұрын өмірінде көрген емес. Қазақтың орысқа бағынбай тұрған заманында өзінің кемеңгер билері болса да, бұлар көбінесе өз руын жақтаған. Бұл заманда бізге олардан үлгі алуға болмайды. Өйткені ол кезде теңдік жоқ еді, әйел мен ердің құны бірдей емес, қара мен төренің, бай мен кедейдің, көп пен аздың теңдігі де, билігі де түрлі-түрлі еді.

Қазақ орысқа бағынғаннан кейін, сайлау билері шықты. Содан кейін, тым болмаса, бұрынғылардай тура, шешен, тапқыр адамдар сайланбады, аузын буған өгіздей, малқұмар, малдың құлы, байсымақтар билікке отырды.

«Қор болған бұл дүниеде алты нәрсе,
Би болар тоқал қатын ақша берсе...»

деп бұрынғы өлеңшілер осындай билерді айтқан.

Бұлардан басқа патша заманында тағы да орыстың соттары болды. Бұлардың білімі де, тәжірибесі де жақсы еді. Бірақ бұлар қазақтың тілін, салт-санасын білмегендіктен

және де қазақтың тілі, салты қатерге алынбағандықтан, ол соттары да заңды елдің қалпына үйлестіре алмады, заңның өзі де елге қолайлы болмады, сондықтан бұл «білімді» орыс билері де дұрыс сот құра алған жоқ. Қысқасы, өткен заманның соттарынан бізге үлгілі мирас қалған жоқ.

Біз, енді ескілікті жеміріп, жаңа тұрмысқа негіз салып, ұлт сотын құрып отырмыз. Бұлай болған соң, осы жаңа жолды жаңа тұрмыс негізіне үйлестіріп, дұрыстықпен іс жүргізетін соттарымыз болу керек екендігінде сөз жоқ.

Бұлар қайдан шығады? Әрине, қапелімде төрт жағымыз құбыла болып кетпейтіні анық, бірте-бірте жетістіріп, қатарларымызды ерте бастан түзете беруіміз керек.

Бұл кезде соттың көбі әлдеқалай кез келген адамдардан сайланып жүр, талғап қою өте сирек. Сот қызметкерлерін даярлайтын заң курстеріне де көбінесе тек өздері тіленген адамдар жіберіліп, олардың сот болуға лайықты-лайықсыздығы тексерілмей жүр. Соттарымыздың нашар болу себептерінің көбі осыдан. Бұл жолмен жүре бергенде, сот тез түзелмейді.

Сотты түзету жөнінен біз үлгіні коммунист партиясынан алуымыз керек. Партияға түскісі келгендердің қандай адамдар екенін партия ұйымдары қалай тексерсе, газет жүзінде жариялап, олардың партия мүшесі болуға лайықты-лайықсыздығын білушілерден сұрастырса, соңынан да дүркін-дүркін тазартып, сұрыптап отырса, сот болғысы келгендер де, заң курстарына түспекшілер де сондай тексеріліп, сондай сұрыпталып, електен өтіп отыруы керек. Өйткені партия мүшесі қандай таза болу керек болса, сот та сондай таза болуы шарт. Сот болатын адамдар осы ретпен қойылса, олар сайланарда сыннан өтіп, сайланғаннан кейін де «тазарту» деген нәрсенің барлығын естерінен шығармай жүреді. Сот қызметкері туралы біздің алдымен қоятын шартымыз — тазалық болу керек. Тазалығы болмаған адам, мейлі, даңышпан болсын, мейлі, кім болса, ол болсын, ешкімге опа бермейді.

Ал енді біз үлгіні партиядан алатын болсақ, сот қызметкері болатын адамдарды сыннан қалай өткізіп сайлаймыз? Бұ туралы бір-екі сөз айтып кетелік. Сот қызметкері болатын адамдарды иә заң курсіне оқимын дегендерді үйездік, губернелік қалалардағы жауапты қазақ қызметкерлері мәжіліс жасап, кандидаттарды солар лайықтау керек. Сот мекемелері өздері сайлап жіберместен бұрын, алдын ала әлгідей мәжіліс шақырып, соның сынына салу керек.

Қазақты қазақ білгіш келеді, қазақтың оқығандары аз болғандықтан, бәрі алақандағыдай десек жарайды. Сот мекемелерінде отырған бірлі-жарым жігіттер жұрттың бәрін біле бермесе де, үйездік иә губернелік қалалардағы барлық жауапты қазақ қызметкерлерінің қарауынан өтетін болса, бұлардың көбі білетін болып шығады. Мұндай тәжірибе еткен жылдардың бірінде Семейде істелген, сонда бұл жолдың теріс еместігі байқалған еді. Мұндай мәжілісте ортақшыл жолдастар да, өзге Кеңес үкіметінің бағдарында қызмет қылып жүрген партияда жоқ азаматтар да болады. Сондықтан кандидаттардың тазалығымен қатар олардың нағыз кедейдің сойылын соғатын еңбекшілер соты, тап соты болармық жағы да көзделеді.

Бұл — бір шара.

Екінші шара — сот қызметкерлері өз елдерінде болмау керек. Өз елінде, өз ауданында тұрған адамның туысқаны, құдандасы, тамыр-танысы, дос-дұшпаны, партияласы болмай қоймайды. Сондықтан біреудің ажарына, беделіне, танымалдығына, дүниелігіне бұрылып кету көбінесе осыдан шығады. Өзге елде қызмет қылса, бұл айтқанның көбі болмайды, дүниеге қызығайын десе де, аяғын аңдап басады. Қазақтың «аузында сөз тұрмайды», Малдыбай Төребайға пара берген болса, онысы әшкереленбей қалмайды. «Отыз тістен шыққан сөз» арқылы Төребайдың парашылдығы білінсе, оны жанаушылар көбейеді. Сонымен біреу болмаса біреу Төребайдың қиянатын білдіреді. Төребай бір күні жауапқа тартылады. Өз елінде болса, оны жақтап кетушілер табылар еді, ақталу шараларының неше түрлісін ол істеп қарар еді, өтірік куәларды ол қойдай тоғытар еді. Бірақ шетелде оны орынсыз қорғаушылар да, оның үшін өтірік куәлік берушілер де шыға бермейді. Төребай парашыл болғанда, осы жағынан шарасыз сақтанатын болады. Сот біреудің ажарына, танымалдығына, малына сатылмайтын тура болса, таза болса, ел көзінде оның беделі, айбыны да зораяды. «Сот пен елдің арасы қандай болу керек? Араласып, сырласып кету керек пе? Жоқ, елден бойын аулақ ұстап, ызбармен тұру керек пе?» деген «Ақ жолдың» бір сұрауына ашып жауап беру қиын. Өйткені сотқа «сен осындай бол, осындай мінез тұтын» дегеннен пайда шықпайды: сот елмен араласып отырып та жолсыздық істеуі мүмкін. Елден бойын аулақ салып отырып та, өзі арам ниетті болса, «жұмысын» бітіруіне бөгет жоқ.

Сот туралы «Ақ жолдағы» алдыңғы 5 сұраудың жауабын осымен бітіріп, кейінгілерін енді жеке-жеке қаралық.

6-сұрауға жауап.

Жұмыспен ел аралағанда, сот қызметкерлері тегін ылау мінулері дұрыс емес, кесімді ақша төлесін. Бұл ақшаны, әрине, сот өз жанынан бермейді, қазнадан болады. Соттың елден «тамақ жеу» жағына келгенде, мәселе шиеленіседі. Би болсын, тергеуші болсын, хатшылары болсын, қара бастарының тамағы кімнен болуы қиын жұмбақ емес. Сот бір орында, бір үйде тұратын болса, ол тамағын өзінің таза табысымен асырар еді. Соғым сояр еді. Немесе тұрған үйіне айлап ақша төлер еді. Қайткенмен бір ылажы табылар еді.

Бірақ бұл ретте қазақтың тұрмыс жағдайы үлкен шатақ тудырады. Сот мекемесі бір ауылда тұрса, оған күнде қанша адам арызбен, жауаппен келіп тұрмақ немесе сот сессия құрып ел аралайтын болса, соттың түскен жеріне жүздеген халық жиналмақ. Қазақ жолазық алып жүрмейді. Қазақ, өзінің әдетінше, қонағасы бермей тағы тұра алмайды. Сондықтан сот жатқан ел еріксіз шығынға батады.

Зиянның үлкені бір соттың тамағында емес, осы даугер, жауапкер, талапкер, айғақ, атшы, қосшы, түтін аңдығандар арқылы болады. Бұл шығындар ел үстінен жиналатын болса, атарман-шабармандардың аққұла қиянаты тағы болмай қоймайды. Сөйтіп, сот түскен, сот тұрған маңайдағы елдің мазасы әбден кетеді. Қонағасы бермеске, «берме» дегенге, ежелгі әдетін бір күнде, бір жылда қазақ тастай алмай әуре болады. Сондықтан сот болған адамдардың тамақ үшін өз басын елге жалындырмау және елді де соттың тамағы жағынан шығындатпау үшін, соттың қызмет ақысы өзінің туруына жетерлік болу керек демесек, сот тұрған, сессия ашылған елдерді жоғарыда айтылған «қонағасы» шығындарынан құтқаруға пәлендей шара бар деп айту қиын.

7-сұрауға жауап.

Соттар заң жолынан таймау керек, «елді заңға бойсұндырып үйрету керек. Бірақ заң жолын қолданғанда, елдің әдет-ғұрпын да естен шығармай, қылмыс бұзық ниетпен иә ғұрып бойынша істелгенін айырып, жазаны да соған қарап ауыр иә жеңіл кесу керек. Қазақтың соты қазақтан қойылғанда, оны құр қазақтың тілін ғана біледі деп емес, қазақтың қалпына, салтына жетік, қандай нәзік мінездерін біледі, соларды біліп отырып адаспай, алданбай, түзу билік айта алады деп, қазақтан сайланып отыр. Әйтпесе, қазақтың тілін жақсы білетін, бірақ әдет-ғұрпына шорқақ жат жұрттың бір адамы сот болса, қандай әділ боламын десе де, билікті законның

бір харпін бұлжытпастан айдай берер еді. Мәселен, қазақта жиендік қылу сықылды әдеттер бар. Жиен нағашысының малын ұстап алған болса, мұны қазақтың ғұрпын білмейтін сот ұрлық иә зорлық деп қарар еді: бұл туралы әлдеқалай оның қарауына іс түсе қалса, жазаны да басып салар еді. Істің ретіне қарай жазаны жеңілдетуге де, ауырлатуға да, заң бойынша, сот ерікті. Сот заңнан бұлтармасын, бірақ істің ретіне қарай елдің әдет-ғұрпымен есептесетін болсын.

8-сұрауға жауап.

Қазақта көбінесе сүйіншісіз айғақ болмайтыны белгілі. Сүйіншіге қызығып иә қастықпен өтірік айғақ болғандарды сөзсіз жауапқа тарту керек. «Өтірік айғақты жазаға тартса, айып салса, ел айғақ болмайды», — деген «Ақ жолдың» пікіріне де қосыла алмаймыз. Өйткені тек сүйінші алғандық үшін ғана емес, өтірік айғақ болғаны үшін жазаланатыны соттың ісінен белгілі болады ғой. Сүйінші алған адам куәлігін дәлелмен дұрыстап, ұрының айыбын мойнына салғанын, мұндай айғақты сот жазаға тартпағанын ел көрсе, кімде-кім айғақ болудан бет алдына қаша бермейді. Қысқасы, «дау бітпейді» деп, өтірік айғақты жазаландырмаудың өзі дауды көбейту, өтірік куәлік сықылды қылмыстарға жол ашу болады. Асылында, сүйінші алып айғақ болу дұрыс емес, куәлік сатусыз болуға лайық, бірақ бұ да қазақтың ежелгі бір әдеті және шынға сүйінші алу онша орасан қылмыс болмағандықтан, мұндай әдетті қазірден тамырын кесіп тастаймын демей-ақ, бірте-бірте жою шараларын ескеру жөн.

9-сұрауға жауап.

Айғақтың сөзі мен ел ішіндегі ауылдық, болыстық исполкомдар хат мөрінің қайсысына артық баға беру керек екенін күн бұрын айтуға болмайды, бұл екі түрлі куәліктің шынөтірігін сот өзі тексере келе, істің мәнісіне қарай ашуға ғана болады.

10-сұрауға жауап.

Даугер айыпкерден ақы өндіргенін мақсұт ететіні, жазалы болғанын көбінесе қаламайтыны рас. Соттың билігі бекігенше иә бұзылғанша көп уақыт өтетіні де, талапкердің тауы шағылып, қазақшылап біту жағын қарастыратыны да көп болады, бірақ қазақшылап келісе алмайтын болса, айыпкер жазалы болады екен деп, талап малын сот арқылы сұрамай қоймайды, ал қазақшылап бітісудің келіспейтін реттері көп. Ұрыға жаза салмаса, тыю болмайды: біреудікін ұрлап біреуге төлейді. Қазақшылап біткенде, билік айтушы ақсақалдар болады, бұлар ұрыдан айып-анжы алады, ақсақалдың пара алып жіберуі, тіпті екі жағынан бірдей

соғатыны көп болады. Сондықтан, әсіресе, ұрлық сықылды қылмысты істер туралы ақсақал билігіне заң жолымен тоқтау керек. Сот түзелуге бет алса, істі таза тексеріп, «ұзын арқан, кең тұсауға» салмаса, биліктің бекуі де, бұзылуы да артық ұзаққа созылмауға тиіс.

11-сұрауға жауап.

Партиялы ел өз жағындағы ұрылардың үстінен арыз бермейтіні, ақ-қара демей, екі жағы біріне-бірі жала жабатыны, сонымен сотты адастыратыны рас. Бірақ істің жөніне қарай, сот бәрін ағартып, бәрін қарайтып та жібермейді, өтірікке нанып айыпкерді жазаландыратын болса, мұндай жазаға екі жағы да ұшырайды, сондықтан қарсы жағын мұқатқанмен, өзі де аман қалмайтынына көзі жеткен соң, өтірік арыз амалсыз кемиді. Қалай да партиялы елдің шатағы көп. Бірақ сот тәжірибелі, елдің жайына жетік болса, өзі екі жағының біреуін де қуаттамаса, партияны кемітуге де, ұрлықты тыюға да қолынан келеді.

12-сұрауға жауап.

Қалыңмал туралы осы күнгі заңнан бұлтармау жөн. Осы жолмен жүре берсек, біраз жылда қалыңмал жоғалмасқа мүмкін емес. Осы күннің өзінде кеміп келеді, қалыңмалды ел жасырып беруге айналып барады. Сот біліп отырып, өзіне түскен арыз болмаған соң, тексермейтіні рас та шығар, бірақ соттың «біліп отырғанын» сипаттаудың өзі қиын. Сот заңшыл болса, қалыңмалды өзі сүймейтін болса, біліп отырып еш нәрсе істемейтін болмайды. Әңгіме соттың түзелуінде.

13-сұрауға жауап.

Жақындарының айдауына жүріп, болмаса, өзі жүріс алып, байын тастап жүрген әйелдер де еркімен кетсе кете берсін. Бұларға тыю саламын деу жарамайды. Мұндай әйелдерге тыю саламын деуден бостандық жолына қарсылық шығады. Әйелге ерік берілгені рас болса, мейлі, өз бетімен кетсін, мейлі, біреудің азғыруымен байдан-байға шүйгісін, ол жағын тексеру керек емес және мұның анығын білу де қиын. Байын тастап жүрген әйел қанша көп болса, қатынын «талақ» қылып жүрген ерлер де аз емес.

14-сұрауға жауап.

Байын кедейсініп, жамансынып, не біреудің тіліне еріп, малына қызығып, балаларын тастап, басына бостандық сұрайтын әйелдер де бұл кезде көп екені рас. Бұларға да сот ерік беру керек. Тек балаларының тәрбиесі, асырауы туралы заң жолымен шаралар істелсін. Мұндай әйелдер бұ

сықылды істерді бостандық қадірін білмегендіктен, надандықтан істейді, бірақ мұндайлар алғашқы дәуірде ғана болып, бара-бара жөнделеді. Әйел біткеннің бәрі баласын тастай беретін тасбауыр емес, аналық махаббаты адам түгіл, хайуанда да күшті. Егер мұндай әйелдерге тыю салатын жол шықса, бұл жолды өз пайдасына бұрып әкететіндер табылып, шынымен бостандық іздеген әйелдерге кесірі тиюге мүмкін.

«Ақ жолдың» сұрауларына жауап беріп болғаннан кейін, бұ туралы тағы бір ескертіп кететін нәрсе мынау:

Осы кезде заң курстарында оқушылардың білімдері өте нашар болып жүр. Орысшасы былай тұрсын, қазақша хатты шала танитындар толып жатыр. Осындай шала білімділерге екі түрлі қиыншылық ұшырайды: біріншісі — оқу орыс тілінде болады, бұған қазақ жігіттерінің көбі түсінбейді, босқа қалғып, есінеп отырады; екінші — курстардың программасы өте үлкен, оқушылардың біліміне жүдә жанаспайды. Енді бұдан кейін, табылғанша, білімдері біркелкі адамдарды алу, оқу қазақ тілінде болатын жағын ескеру, программды оқушылардың біліміне лайықты қылып жасау шараларын істеу керек. Бұл айтқандар орындалмаса, курстардан пайда шамалы болады да, соттарымыздың түзелуі көп жылдарға созылып кетеді.

Мадияр.
«Ақ жол», 19 ноябрь, 1924 ж., № 504.

ҚАЗАҚ САЛТЫ

Тұрмыстың тетігі — кәсіпте, кісінің ақылын да, мінезін де тәрбиелеп шығаратын — оның қолданған кәсібі. Бұл — тұрмыстың негізгі заңы, аспанның астында бұл заңға бағынбайтын жан жоқ. Бұнан бір таптың тұрмысын жалпы күйінде алып тексерсек те, тұрмыстың түрлі тарауларының бәріне де себеп болатын кәсіп болып шығады. Капиталшылар табы малжанды, қомағай келеді. Жалшылар жолдасына мейірімді, өзара ұйымшыл, адамға да, құдайға да, малға да (*байлыққа*) табынбай, тек өзіне-өзі (*өзінің еңбегіне, күшіне*) сенетін менмен келеді. Мал баққан көшпелі ел ерікті сүйеді, әкеге оңай бойсұнбайды, ұрлығы да, зорлығы да көп болады, азаматтары жауынгер, ер болады. Әр адамды өз алдына жеке шығарып тексерсек, кәсіптен ол да құтылып кете алмайды. Жасынан жылқы

бағып, ұрымен жағаласып, ит-құспен аңдысып үйренген жылқышы ер болмай қоймайды. Түйе мініп, қой бағып тәрбиеленген қойшы жалтақ келеді. Тұрмыстың тетігі кәсіпте екеніне бұл айтылғандардан басқа да толып жатқан дәлелдер келтіруге болады. Қазіргі біздің мақсатымыз сол заңның дұрыс екенін әспеттеп шығу емес (*ол заң бізсіз-ақ, талай талқыға түсіп тексерілген, шексіз дәлелдермен әспеттелген*): айтайын деп келе жатқан мәселемізді сол заңның жөнімен тексеру үшін оның (*заңның*) мәнісін қысқаша түсіндіріп өту; ол үшін келтірілген дәлелдеріміз де жеткілікті болса керек.

Енді қазаққа келейік. Қазақ — малмен күнелткен көшпелі ел. Бұрын қазақ түгелімен көшпелі еді, қазір де шала көшпелі болып қалды. Бұрын қазақ жаз Арқаны жайлап, қысқа қарсы күні жылы Сыр бойына, Жетісу жаққа көшіп баратын еді. Қазірде олай қазақ даласының бір шетінен бір шетіне көшіп жүру сиреді, қазақтың қысы қатты Арқада да тұрақты қыстауы болатын болды, қазақ малға пішен жиятын болды, егінге да айнала бастады.

Бұрын, қазақ қырдан қырға дамылсыз көшіп жүретін заманда, қолындағы малының аман болып, өсіп-өнуі үшін, қыс суықтан қашып жылы жаққа бару, жаз оты, суы жайлы Арқаға келуден басқа, табиғаттың түрлі құбылысына қарсы ешбір амал қыла алмайтын еді. Малға түрлі індет келсе, әр түліктің құдайына өз алдына жалбарынып, жалыну шараларын істейтін: жылқы үшін Қамбар бабаға сыйынатын, түйені індеттен сақтау үшін Ойсылқараға жалбарынатын. Ол кезде қазақ табиғаттың қолайсыз құбылыстарына қарсы ештеме істей алмайтын, табиғатты өзіне бағындырып, пайдасын шығару — қазақтың түсіне де кірмейтін еді, қазақ табиғаттың сөзсіз құлы еді.

Мал өсіру үшін қолда тұқымдық мал болу керек, онсыз, еңбекпен мал табу болмайтын еді. Малсыз кедей тамақ асырау үшін байдың малын бағатын, бірақ онымен кедей байи алмайтын, өзі де бай боламын деп ойламайтын, байға жалданған кедейдің есебі — баю емес, тамақ асырау ғана болатын. Малсыз кедей еңбекпен мал таба алмайтын болған соң, көшпелі елдің түсінуінше, еңбек, қара жұмыс бір қадірсіз, жиреніш іс болып шыққан. Қолында тұқымдық малы жоқ тақыр кедейге мал жию үшін ұрлық, зорлықтан басқа жол болмаған. Сонымен мал тапқан көшпелі елдің берекелі кәсібі тек ұрлық пен зорлық қана болған. Көшпелі елдің түсінуінше: ұрлық, зорлық — бұзықтық емес, адал кәсіп,

көсіптің ішіндегі ардақтысы болып шыққан, ол көсіпті жақсы істей білген кісі елге беделді болған, батыр атанған.

Адам баласының тұрмысы — талас-тартыс. Адам баласы, бір жағынан, табиғатпен тартысады, екінші жағынан, өзара бірімен-бірі таласып, тартысады. Көшпелі елде табиғатпен тартысу — жоқтың аз-ақ алдында болған да, өзара тартыс, талас ашық түрде болып келген. Сонымен көшпелі елдің салтында өзара талас, тартыстың жалаңаш түрі — ұрлық, зорлыққа табыну болған.

Бері келген соң, қазақ орысқа бағынды, жерінен айырылды, қонысы тарылды, жалпы көшу қалды, ептеп отырықшы бола бастады, аздап болса да табиғатпен тартысу басталды, қазақ қысқа қарсы малына пішен жиятын болды, ептеп егін де сала бастады. Сөйтсе де, табиғатты өзіне бағындырарлық дәрежеге жете алған жоқ, табиғатқа құл болған күйінде қалды. Егінге белсеніп кірісе алмады: темір жол жоқ, базары алыс болғандықтан, егін көп шыққан жылы арзан болатын болды да, шықпай қалған жылы сұрапыл қымбат болатын болды. Сөйтіп, бұрыннан миына сіңген — еңбектен жирену салты қала қоймады.

Екінші жағынан: орыс үкіметіне қараған соң, зорлықта бұрынғыдай береке болмайтын болды, үкімет зорлыққа тыю салды, зорлықпен батыр атануға болмайтын болды, бұрынғы үйреншікті көсіптен жалғыз ұрлық қалды, орыс үкіметі жүре келе оны да (*ұрлықты*) жүдетейін деді.

Бұрын қазақ орысқа бағынбай тұрғанда, өз бетімен ұрлық-зорлықты тыюы мүмкін емес еді. Ұрлық, зорлық жалпы елдің салты болып кеткендіктен, ел өздігімен онан тыйыла алатын емес еді. Қазақ орыс үкіметіне қараған соң, амалсыз сол үкіметтің заңына бағынды. Ол үкімет қазаққа арнап заң шығарғанда, қазақтың салтын елең де қылған жоқ. Жаңа заң қазақтың салтына үйлеспейтін болды. Қазақ салтынша: барымта — басындағы бөркін жерге қоюдан артық ерсі емес, үкімет заңынша: барымта — зорлық, талан-тараж, ол үшін жаза — Сібірге айдалу. Қазақтың түсінуінше: барымта үшін Сібір кету — жазықсыз жаза тарту, үлкен обал, барымтамен істі болып, орыс сотына түскен кісі — ақ іске күйген бейшара. Қазақ өзінің салтына бағынып, ондайларды орыс сотынан арашалап алуды да ақ іс деп түсінді, ол үшін сот алдында өтірік куә болуды да айып деп санамайтын болды. Үкімет заңының қазақ тұрмысына үйлеспегені жалғыз бұл емес, толып жатқан еді. Үкімет заңының тұрмысқа үйлеспеуі қазақ салтына, бұрын жоқ өтірік куә болу, алдап

алу сияқты әдеттерді кіргізді. Бұрынғы еңбектен жиренетін салт жоғалмай тұрып, қазақ өтірікке үйренген соң, бұрынғы зорлық екінші түрге түсіп, алдап алу болып шықты, қазақ алдап алуды дәріптейтін болды.

Қазақтың түсінуінше: бұрын кәсіптің алды тартып алу еді, енді алдап алу да сондай артықша кәсіп делінетін болды. Елдің бұлай салты өзгеруінің себебі: жалпы көшудің қалып, отырықшы бола бастау — кәсіптің өзгеруі және үкіметтің тұрмысқа үйлеспеген заңдары. Қазақтың салтының өзгеріп, алдап алуды дәріптейтін болуына әсіресе үкіметтің заңы себеп болды. Тұрмыстың түп себебі кәсіп деп едік. Үкімет заңы кәсіп емес, сондықтан үкімет заңының салтқа себеп болуы жоғарыда айтылған жалпы заңға келмейтін сияқты.

Тұрмыстың түрлі тарауларының қандайын алып тексерсек те, оның түп себебі кәсіп болмай қоймады. Бірақ тұрмыстың басқа түрлі тараулары кәсіптің салдары бола тұрып, өзі ештемеге себеп болуға жарамайды емес. Үкіметтің заңы, саясаты тұрмыстың ешбір тарауына себеп бола алмайтын болса, ондай амалдарда ешбір мағына да болмас еді. Дұрысы: үкіметтің заңы да, саясаты да, елдің салты да тұрмыстың басқа тарауларына әсері тимей қоймайды. Қазақта адал кәсіптен жиренетін салт болмаса, қазақтың кәсібі бұл күндегісінен артықша өркендеп ілгері кетер еді, кәсіптің алға басып, оңды болып кетпеуінің бір мықты себебі — сол кәсіптен жиренетін салт. Қазақтың салты өзгеріп, алдап алуды дәріптейтін болуының себебі де сол адал кәсіптен жирену және екінші бір мықты себебі — бұрынғы үкіметінің заңы. Қазақтың адал кәсіптен жирену салтының да, бұрынғы орыс үкіметінің саясаты мен заңдарының да түп себебі — кәсіп: қазақтың адал кәсіптен жиренуі — қолдан келетін адал кәсіптің берекелі болмауынан, орыс үкіметінің қазақ салтына үйлеспейтін заңдар шығарып, қазаққа қолайсыз саясат қолдануының себебі де — кәсіп. Сондықтан қазақтың салты өзгеріп, алдап алуды дәріптеуінің де түп себебі кәсіп болып шығады. Салттың себебі — кәсіп; бірақ салт кәсіптің салдары бола тұрып, тұрмыстың басқа түрлі тарауларына өзі де себеп бола алады. Бұл жоғарыда айтылған жалпы заңға қарсы емес, қайта сол заңның дұрыстығына дәлел.

«Бұрын тартып алуға салынып, зорлықты кәсіп қылғандар да, қазірде алдап алудан басқа адал кәсібі жоқ жақсы жігіттер де — жалпы бұқара емес, ел ішіндегі біраз ғана кісілер — бұрынғы батырлар, қазіргі еті тірі

пысықшалар. Жалпы бұқара ол кәсіпті бұрын да қолданған жоқ, оны қазір де істемейді. Сондықтан ел ішіндегі біраз ғана кісілердің ісін бүтін елге жайып тартып алу, алдап алу сияқты бұзықтықтарды бүтін елдің салты деудің жөні жоқ» деп таласушылар да болуға мүмкін.

Дұрысы: тартып алу да, талап алу да арамтамақ пысықшалар ғана емес, бүтін елдің салты. Ел ішінде қой аузынан шөп алмайтын момындар да жоқ емес; елдің дені, жалпы бұқара — сондай момын, ешкімнің ештемесін тартып та алмайды, алдап та алмайды. Бірақ пысықшалардан артық адам жоқ. Бұқара ондайларды қорқып та сыйлайтын болар: бірақ көбіне шын ықыласымен сыйлайды. Ел ішінде көпке басшылық қылып, айтқанын істететін де пысықшалар; тұрмысы жайлы, дүниенің рақатын көріп отырғандар да сол пысықшалар. Қандай елдің де болса тұрмысында іздейтіні, мақсаты: жайлы тұрмысқа ие болу, елге беделді болу. Қазақ арасында ол мақсатқа жеткен — жалғыз ғана пысықшалар. Сондықтан жалпы бұқараның түсінуінше: сол пысықшалардан артық кісі болуға мүмкін емес, сондықтан момын бұқара пысықшаларды тек қорқып қана сыйламайды, шын ықыласымен де сыйлайды.

Төңкеріс басталғаннан бері айтылып келе жатқан, ортақшылдар партиясының қазақ үшін, ең алдымен, істеуге тиіс деп білген міндеті, жұмысы: қазақтың кедейі, момын бұқарасы мен байларының, пысық қуларының арасын ашу, момын бұқараны байлардың, қулардың тырнағынан құтқарып, соларға қарсы белсеніп шығатын қылу. Оны іске асыру үшін ең әуелі бұқараны түзеу керек. Жер-жерден келген хабарларға қарағанда: соңғы болып өткен сайлауларда жергілікті орындарда бұқара, кедейлер ғана сайланып өткен, арамтамақтар іс басынан қуылған. Қулар үкіметтен жасқанып отырып қалды ма, иә жалпы бұқараның салты өзгеріп, қулық, сұмдық, алдап алуларды дәріптемейтін болған соң қуылып шықты ма, ол өзірге ашылған жоқ. Сөйтсе де, бұқара кедейдің салты дәл осындай болып өзгеріп, түзеле қойды деп сенуге болмайды. Момын бұқараның, кедейдің салты өзгеріп, қулық-сұмдықтан жиренетін болып шықпаса, жергілікті әкімшілікті өз қолына алғанмен, пысықша қулардың әсерінен құтылып кете қояды деп малдану да қиын. Соңғы сайлауларда елдің тізгіні кедейдің қолына тигені — кеңестер үкіметі саясатының салдары, істің аздап та болса алға басқаны, алты жылдай істелген жұмыстың көзге

көрінерлік бір жемісі. Бірақ мұнан бұқара кедейдің салты түпкілікті өзгеріп, түзеліп шықты деп малдануға болмайды.

Салт — кәсіптің салдары, тұрмыстың түрлі тарауларына кәсіптен туған салдар да себеп бола алады. Қазақтың қанына сіңіп кеткен қолайсыз салттары: адал кәсіптен жирену, қулық-сұмдық, алдап алуларды дәріптеу. Жер-жерде іс басына момын бұқара, кедейлер сайланғаны — сол салттың тамырына салынған балта, бірақ балтаны бір салғанмен, ескі салттың тамыры үзіліп құлайды деп, қарап отыруға болмайды.

Кері кеткен ескі салттардан құтылудың шараларын әлі де болса қарастыра беру керек, ескі салттан мүлде құтылмай іс өнбейді.

Тайбағар.
«Жас қазақ» журналы, 1924 ж., №4.

НАРИМАНҰЛЫ НАРИМАН

Өткен март айының ортасында, арасына бір жеті салмастан Күншығыс жұрттары екі бірдей кеменгер көсемінен айырылды.

Қараңғы қалың қытайды азаттыққа бастаған Сунь Ятсен ердің топырағы да құрғаған жоқ еді, телеграм:

«Марттың 19-ы күні кешкі 8 сағат 30 минутте Одақтас Республикалардың Орталық комитет ағасы Наримануұлы Нариман жүрегі жарылып, кенеттен опат болды» деген қайғылы хабарды естіртті.

Нариман марқұмның өлерінен бір-ақ ай бұрын оның 30 жылдық әдеби, саяси-әлеуметтік қызметіне Мәскеудегі Күншығыс жайын зерттеуші білімпаздар ұйымының бастауымен той істелген. Сол мерекені құттықтаушылардың бірі Төрекұлұлы Нәзір жолдас (*Одақтас Республикалардың Орталық баспасы атынан*):

«Бұл той бүкіл Күншығыс мұсылмандары үшін ортақ қуаныш, ортақ мейрам» деген еді.

Олай болса, Нариман жолдастың өлімі туралы қайғыға да бүкіл Күншығыс елдері ортақ екендігі шексіз.

Осындай ардақты, осындай үздік көсемдердің өмірімен, өмірінде атқарған қызметімен танысу көпке міндет. Сондықтан біз осындай қаралы күнде Нариман марқұмның өмірбаянымен оқушыларымызды таныстырып өтуді лайық көреміз.

Нариман жолдас 1870 жылы Тифлис қаласында туған. Кішкене күнінде ол анасының тәрбиесінде болған. Анасы оқымаған кедей, надан бір түріктің әйелі болса да, жас Нариманын оқуға беруден тартынбаған, оны 12 жасында Тифлис губерниясының Гори деген қаласындағы учительдікке даярлайтын школға (*семинарияға*) береді.

Нариман семинарияда оқып жүргенде-ақ орыс әдебиетіне құмарлана бастайды. Оның сүйіп оқитыны Гоголь, Достоевский, Толстой, Лермонтов болады.

Бұл жазушылар жас Нариманды оятады, оның көкейіне орыс мәдениетінің негізін салады. Кейін саяси, әлеумет қызметтеріне кіріскенде де, патша өкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы күрес ашқанда да, өлгі атақты орыс жазушыларының Нариманға әсері күшті болады.

Нариманның алғаш саясат тартысына көзі ашылуына себепкер болған нәрсенің бірі — II Александр патшаны төңкерісшілердің өлтіруі. Қылышынан қан тамған, бетіне жан қарамаған, жұрттың бәрін бір өзі билеген, дүниежүзіндегі үлкен мемлекеттің бірі Ресей халқын бір шыбықпен айдап, құл орнында меңгерген патшаның атылуы Нариманның пікірінде төңкеріс жасайды. Содан кейін ол төңкеріс қозғалысына түсіне бастап, сонымен әуестенуге айналады.

Енді Нариманның ойына қаранғы халықты надандықтан құтқару, құлдықтан босату шараларын қарастыру түседі. Семинарияда оқып жүрген кезінде-ақ «Надандық» деген драмасының екі пердесін жазады.

Нариман семинарияны бітіргеннен кейін Тифлис губерниясындағы «Қызыл ажан» деген ауыл мектебіне оқытушы болады. Семинарияда жүргенде бастаған «Надандық» пьесасын енді ол осы ауылда бітіреді. Бұл пьеса түрік елінің мәдениет жарысында артта қалғанын суреттейді. Нариманның жанына батқан нәрсе жалғыз түрік елінің надандығы ғана болып қалмайды, енді патша өкіметінің, патша шенеуніктерінің зұлымдығы, парақорлығы да оның жанын кейіте бастайды. Нариман оқытушы болып жүрген кезінде Гогольдің «Ревизорын» түрікшеге аударады. Кавказда 80-жылдар, 90-жылдардың бас кезінде саясат әуесі қандай екенін білген адамға «Ревизордың» түрік тілінде шығуының мәнісі қандай екендігі белгілі. Аударма әдебиет түгіл, өздерінше жазылған еш нәрсесі жоқ Кавказ сыртындағы елдер арасына «Ревизор-

дың» тарауы үлкен әсер береді. Нариманның мұнысы тарихи бір қызмет болады. Ел көзіне Нариман бостандық, теңдік үшін еңбек сіңіруші ер болып көрінеді.

Нариман енді саяси, мәдени істермен шұғылданады. Ол Түркия, Үндістанның халықшыл газеттеріне сөз жаза бастайды.

90-жылдардың басында Нариман Баку қаласындағы гимназияның біріне бала оқытуға шақырылады. Мұнда тұрғанда ол Баку мұсылмандары үшін тұңғыш оқухана ашады. Ол кезде түрік тілінде кітаптар болмайтын. Нариман оқуханаға Түркиядан, Үндістаннан Күншығыс елдерінің тілінде жазылған кітаптар алдырады. Өмірінің осы дәуірінде Нариманның әлеумет, халық ағарту жолындағы қызметтері қайнай бастайды. Оның Бакуде ашқан оқуханасы бүкіл Кавказ сыртындағы елдер үшін бір мәдениет кеніндей болуға айналады. Халық ағарту жолында Нариман күн-түн демей қызмет етеді. Түрік тілінде оқу құралдары, драма, газетке мақалалар, әңгімелер жазумен болады.

Бұдан 25—30 жыл бұрын әзірбайжан түріктерінің емлесі ескіше еді, олардың жазуында дауысты әріп болмайтын, дыбыс әдісін қолданбайтын. Оқушы жас буынға, жалпы елге жеңілдік келтіру үшін Нариман тіл құралын жазып, 1899 жылы бастыртып таратты. Сонымен әзірбайжан елінің тіліне бірінші жеңілдік келтіруші, олардың жазуын алдымен ретке салу жолына тұңғыш кіріскен Нариман еді.

Әдеби еңбектерінен сол кезде Нариманның жарыққа шығарғаны: «Надандық», «Тілдің пәлесі», «Нәдірше» (*парсы патшаларының өмірінен алынып жазылған тарихи драма, бұл кітапты көпке шейін патша цензурі басуға рұқсат етпей жүрген*), «Бahадүр мен Сууна» (*роман*), «Ревизор», т. б.

Осы шамада Нариман Әзірбайжанда ұлт театрын тудыруға еңбек сіңірді. Және де Бақшасарайда атақты Исмағұл Гаспринский шығарып тұрған «Тәржіман» газетіне жазысып тұрды.

Әлеумет жұмысына белсеніп кіріскен Нариман 10 жыл өткеннен кейін білімін толықтыру үшін жасы 30-ға жетіп қалған кезде (*1902 жылы*) Одесса университетінің дәрігерлік факультетіне түседі.

Нариманның дәрігерлік ғылымын таңдауы да әлдеқалай емес еді. Надандық салдарынан бақсы-балгерден, қожа-молдадан емденіп, үшкіру-түшкірулерге иланып, тазалық, денсаулық жайын білмейтін, неше түрлі қауіпті жұқпалы



Суретте: солдан оңға қарай Ғайнижамал Дулатова мен Жаңыл Қадірбайкеліні.
Орынбор, 1914



Суретте: отырғандар (*солдан оңға қарай*) Ғайнижамал, Гүлнар, Міржақып Дулатовтар, Әзен (Назифа) Өміртайқызы Ақбердина, Ғаббас Нұрымов және Мариям Нұрымкеліні. Түрегеліп тұрғандар (*солдан оңға қарай*) Ахмедсафа Юсупов, Гүлшаһра (Гуля) Юсупова, Исламбек Өміртайұлы Ақбердин.
Орынбор, 1924



«Еңбекші қазақ» газетінің сол кездегі қызметкерлері: алдыңғы қатардағы отырғандар (*солдан оңға қарай*) Аманғали Сегізбаев, Ахмет Елшібеков және Ахмедсафа Юсупов. Екінші қатардағы отырғандар (*солдан оңға қарай*) алғашқы екі адамның кімдер екені белгісіз, олардан кейінгі Ғаббас Тоғжанов пен Міржақып Дулатұлы, Бейімбет Майлин мен Мұқан Ахметов. Түрегеліп тұрғандар (*солдан оңға қарай*) қырын тұрған Мәжит Дәулетбеков, одан кейінгі адамның кім екені белгісіз, ал үшінші тұрған Мерғали Ешмұхамбетов, одан кейінгі екі адамның да кімдер екені белгісіз.

Қызылорда, 1926 – 1927



Зұлқарнай Қонысбайұлы Дулатов (*Міржақыптың ағасының баласы*) ұлы Әлібек (Әлтай) екеуі. Мағжан Жұмабаевқа еліктеп өлең жазып, оның ақ тілек-батасын алған Зұлқарнай өз өлеңдерін «Лениншіл жас», «Еңбекші қазақ» газеттерінде жариялап тұрған. Ол ұзаққа созылған науқастан Алматы қаласында 1936 жылы қайтыс болды.

Қызылорда, қаңтар 1928




Ғайнижамал Дулатова мен ұлы Әлібек. Түрегеліп тұрғандар (со*лдан оңға қарай*) Әзен (Назифа) Өміртайқызы Ақбердина мен Гүлнар Дулатова. «Қызылорда түрмесінде отырған әкем Міржақыптың қайғысынан жүдеп-жадаған шешем Ғайнижамалдың балаларымен бірге түскен суреті ғой бұл. Әлібек келе жатып жығылып маңдайын ісіріп алған болатын», – деп Гүлнар апай өткен күндерді еске алады.
Қызылорда, маусым, 1929



Алдынғы қатарда отырғандар *(солдан оңға қарай)* Ботагөз Асқарова мен Әзен Ақбердина. Түрегеліп тұрғандар *(солдан оңға қарай)* Фарида Юсупова мен Гүлнар Дулатова.
Алматы, маусым, 1934



Жаңа кадрлар даярлайтын «ЛЕКПОМ» курсына қатысушылармен бірге. Ең соңғы қатардағы *(оңнан солға қарай)* бесінші тұрған Міржақып Дулатұлы және одан кейінгі Мырзағазы Есполов. *Соловки (Медвежья гора), 1934*



СОЮЗ РАБОЧИХ ПОЛИГРАФ. ПРОИЗВОДСТВА СССР.

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ЧЛЕНСКАЯ КНИЖКА

№ 145293

Тов. Дулатов (Фамилия)
Мир-Якуб (Имя)
Дулатович (Отчество)

Профессия журналист

Возраст 42 года

Время выдачи книжки

Выдана Союзом Н.С.Р.П.П.

Председатель

Секретарь

Міржақып Дулатұлының өз қолтаңбасымен толтырылған кәсіподақ құжатының көшірмесі.
Қызылорда, 1927

аурулар жайлап бара жатқан еліне осы жағынан қызмет ету ниетімен қалаған еді.

Нариман университетте оқып жүрген кезде, 1905 жылы төнкеріс басталады. Нариман студенттер көсемі болады, студент ереуілдерін басқарады. Төңкеріс салдарынан университетте оқу тоқталған кезде, ол Бакуге келеді. Ол мұнда «Иршат», «Қайанат*» газеттерінде жазысады.

Нариман Бакуге осы жолы келгенде (1906 жылы), мұсылман оқытушыларының съезі болады. Нариман съезге екінші басқарушы болып сайланады, алдағы мәжілістің бірінде қаралғалы тұрған мәселе — әр ұлттың өз тізгіні өзінде болу жайында еді. Осы мәжілісті Нариман басқарады. Съезд Нариманның ұсынысы бойынша әлгі мәселені қабылдайды. Осыны есітіп, ертеңіне съезге атақты миллионшы З.Тағип келеді.

Нариман университетте өз күшімен оқуға шамасы келмей, Тағип стипендиясымен (*қаражатымен*) оқиды екен.

Съезге келген соң Тағип:

«Сендердің кешегі шығарған қарарларың съезге Нариман сықылды алысты болжай алмайтын адамның басшылық еткендігін көрсетеді. Сендер Нариманның кім екенін білесіңдер ме? Ол қалтасында бір тиыны жоқ қу кедейдің баласы, өзі менің ақшаммен оқып жүр. Сөйте тұра, мұнда төңкерісшіл сөз сөйлеген, сендерді адастырып отыр. Кешегі қарарды өзгертулеріңді өтінемін, өйткені ондай қарар өкімет кезінде біздің ұлтымызға нұқсан келтіреді» деп қалшылдайды.

Съезд тым-тырыс болады. Енді бұған Нариман не дер екен деп, жұрттың бәрі соған көзін тігеді.

Бір уақытта Нариман орнынан түрегеліп: «Мен, тағы бірсыпыра студенттер, Тағиптың ақшасымен оқып жүргеніміз рас. Бірақ оның бізден өз жолымыздан, өз пікіріміздің қайтуымызды талап ететінін біз білмеуші едік. Олай болса, менің осы топтың алдында айтқаным, бұдан былай Тағиптың ақшасымен оқуды тоқтатам, сөз бостандығы лағынет алтынына сатылуын тілемеймін», — деген. Осыдан кейін съезд өкілдері бір адамдай бәрі орындарынан тұрып: «Нариманның сөзі мақұл!» — десіп шу ете түскен. Зейналғабиден масқара болып, съезден шыға жөнелген.

Нариманның сөзі ісіне қайшы келмейтініне жұрттың сол жолы-ақ көзі жеткен. Бұдан соң Нариман ешкімге күнін салмай, өз еңбегімен университетті бітіреді. Сол кезде Нари-

* Мақаладағы газет аттары анық оқылмады — (*Ред.*).

ман Персияда социал-демократ партиясын құрады. Нариман университетті бітіріп, 1908 жылы Бакуге қайтады, Тағиптер мұның келер қарсаңына жандармдарды қайрап қойған еді. Ол келісімен көп тұра алмай, абақтыға түседі, содан кейін сол 1908 жылы патша үкіметі оны Астраханға 5 жылға жер аударады. Нариман Астраханға келген соң өлеумет, баспасөз қызметтеріне араласады. Денсаулық, жұқпалы аурулар жайынан, әйел теңдігі туралы қара халыққа ұғымды тілде бірқатар кітапшалар жазып таратады. Түрікше «Буркан тараққин», орысша «Астрахан уалаяты» — деген газеттерге жазысады. Астраханда тұрғанда Нариман атақты Шаумянмен* танысып, істес болады. Бұл екеуі астыртын төңкеріс үгіттерін таратады. Астраханда ашылған халық университетін ілгері бастыру жолында Нариман көп еңбек сіңіреді. Тұрғын халықтың сенімін Нариман аз уақыттың ішінде өзіне аударып алады. Губернатордың қарсылығына қарамай, оны қала думасына гласный (*мүше*) қылып сайлайды.

Нариман айдаудан Кавказға 1913 жылы қайтады.

Бұрынғы бұл жақтағы тоқталып қалған жұмыстарын тағы жүргізе бастайды. Оның осы шамаларда жазған кітаптары: «Той», «Қасиетті ошақ», «Аға» (*мұнда ол Тағипты суреттеген*). Кейін «Дарын» түрікшеге аударған, көз ауру, көкірек аурулары жайын жазған. Айдаудан қайтқаннан 1917 жылға дейін ол Бакудегі социал-демократ ұйымында астыртын қызмет етеді. Бұл ұйым 1917 жылы Нариманның басшылығымен коммунист партиясына қосылады.

1917 жылы Нариман Әзірбайжан республикасының халық ағарту комиссары, Кавказда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін төңкеріс комитет бастығы, одан кейін Комиссарлар кеңесінің ағасы болады. Сол кезде Кавказда Нариман коммунист жолы дамуына көп еңбек сіңіреді, төңкеріс жауларын жою істеріне күш салады. Сонда «26 Баку комиссарларының» басына туған күн бұған да туатын еді, тек өлдекалай аман қалған.

---

* Шаумян — Коммунист партиясының Орталық Комитет мүшесі, Кавказ төтенше комиссары, Баку Совнаркомының ағасы, сыртқы істер комиссары болған, 1918 жылы күздігүні 26 Баку комиссарларының ішінде бірге болып, Кавказ эсерлерінің қолынан өлім тапқан. Шаумян 26 комиссардың арасындағы озығы еді (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

Нариманның қызметі іріленуге айналуы 1919 жылдан басталады. Сол жылы Мәскеуге шақырылып, оны Сыртқы істер комиссариатының Күншығыс бөлімін басқарушылыққа, одан кейін ұлт істерін басқаратын комиссардың орынбасарлығына сайлайды.

1920 жылы Нариман Әзірбайжан Комиссарлар кеңесінің бастығы болады. Осы орында тұрған кезінде, 1922 жылы, ол белгілі Генуя конференциясына кеңестер өкіметі атынан жіберілген өкілдердің бірі болып барады.

Генуядан қайтқан соң, Нариман Кавказ сыртындағы республикалар Орталық Комитетінің ағасы болды. Өлер күніне шейін осы қызметтерде еді.

Октябрь төңкерісі басталғаннан кейін 1923 жылға шейін Нариман баспасөз қызметіне қатынаса алған жоқ. «Известия», «Рабочий» газеттерінде анда-санда ғана кеңес құрылысы туралы мақалалар жазған болды. Бірақ 1923 жылдан бастап ол тағы да қаламын қолына алған еді. Содан бері оның жазғандары: «Ленин мен Күншығыс», «Коммунизмге бастайтын жол», «Ұлт мәселесі». Бұлар кешікпей басылып шықпақшы. Бұлардан басқа газеттерде оның күнбе-күнгі мәселелер туралы бірқатар мақалалары басылған.

Мәскеудегі Күншығыс жайын зерттеуші білімпаздар ұйымы Нариманның «Той» деген кітабы мен парсы патшаларының дәуірінен алынып жазылған «Нәдірше» драмасын орыс тіліне аударып, жазушының толық өмірбаянымен бірге бастырмақ. Тез арада бұлар да шықса керек. Міне, Нариман жолдас осындай сегіз қырлы, бар өнерін өз жұртының еңбекшілеріне жұмсаған, сөзімен де, ісімен де қызмет сіңірген ірі төңкерісші еді. Өмірінің соңғы жылдарында ол 30 жылдық қызметінің жемістерін көріп кетті. Мұндай адамдар армансыз, өзі өлсе де ісі өлмейді, салып кеткен жолы өлмейді.

Мадияр.
«Қызыл Қазақстан», 1925 ж., №3, 5.

ЗАҢ КУРСЫ АШЫЛМАҚ

Ресейлік Кеңес үкіметі Иванов Вознесенскийде ашылмақ облыстық заң курсын біздің Қазақстан мен Башқұртстанға беріп отыр. Заң курсын бізге берді дегеннің мәнісі — соның қаражатын берді, оқушылары біздікі болады, біз пайдалана-

мыз деген сөз. Курс 125 кісілік екен, Мәскеу оның 70%-ын бізге, 30%-ін Башқұртстанға лайықтаған. Бұл курс енді кешікпей Орынборда ашылмақ. Заң комиссариаты курсқа алынатын оқушыларды Қазақстан губернияларына мынадай ретпен бөліп, шақырып отыр.

Семей губерниясынан	13 кісі
Ақмола	12
Сырдария	10
Жетісу	8
Орынбор	8
Ақтөбе	8
Орал	8
Қостанай	7
Бөкей	6
Адай үйезінен	4
Қарақалпақ облысынан	4
барлығы —	88[1]

Орыспен салыстырғанда қазақта оқыған, ысылған заң қызметкерлері аз екені белгілі, оның үстіне Қазақстан халқының көпшілігі де қазақ, сондықтан бұл курсқа оқушылар қазақтан көбірек алынуға тиіс. Заң комиссариаты бұл жағын, әрине, өзі де ескерген шығар.

Бұл курсқа білімі қандай азаматтар алынбақ? Бұ туралы Заң комиссариатының ұйғаруы — 7 жылдық мектептің білімі барлар болсын деген мөлшер көрінеді. Программасы былтырғы курстікінен кеңірек болатын түрі бар.

Бұрынғы курстар қалай өтті, ендігі мына жаңа ашылмақ курс қандай болмақ, қайткенде құнарлы болмақ, сол туралы алдын ала пікірімізді айтып өтпекпіз.

Бізде алты айлықтан ұдайымен екі дүркін заң курстары болып өткен, бұлардың программасы олқы емес еді. Заң білімдері толық, саяси сауаттылық, тұрмыс жүйесі, тәжірибе, кеңсе істері бар еді. Бұл білімдерді үйрену, бойға сіңіру үшін оқушылардың бұрыннан зейіні ашылған, кемінде орта дәрежелі мектеп бітіргендер болу керек еді. Бұлай болмай, әсіресе қазақ жастарының оқуы шамалы, тіпті араларында қазақша жазу-сызуға шорқақтары да болған еді. Оның үстіне, оқу орыс тілінде болғандықтан, көбі түсінбейтін де еді. Сондықтан ол курстардан оқып шыққандардың бірен-

[1] Бұл бөліс өзгеруге ықтимал, өзірге осылай (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

сараны болмаса, көбі сот қызметін көңілдегідей дұрыс атқара алатын болып шықты деу қиын. Тек әзірге «біздің балаға осы молданың оқуы да жарар» дегендей, келешектен үмітті болып, «тағы да курстар ашылар, жоғары орындарда заң ғылымын оқып жатқандар жетісер, оған шейін осылармен пайдалана тұралық» деген ой болса керек. Енді мына курс сол ілгері үміттің бірі, өзі бір жылдық, оқушыларға қойылып отырған шарт — жеті жылдық мектептің білімі болу. Ал уақыты созымды, программасы кең, оқушылардың білімі әлгідей болу керек дегенге қарағанда, бұл курстан күтілетін пайда да күрделі сықылды. Бірақ іс жүзінде, дәл осылай болып шығар, осылай болу үшін қайтпек керек, соны ойласалық.

Программаны ұлғайту қиын емес. Бірақ сол программадағы білімдерді алып шыға ала ма? Әңгіме осында. Қазақ жастары орысша иә қазақша оқыған болады. Мұндайлар бізде аз. Тәуірірек оқығандар бос жүрген жоқ. Бәрі де түрлі қызметтерде иә оқудың соңында жүр. Жеті жыл орысша оқыған басы бос жас көп табыла бермейді. Қазақша оқығандар да солай. Бұлай болса, бұл курсқа орысша оқығандар да, қазақша оқығандар да келеді, сонда да, білім жағынан саны толмайды, саны толмаған соң, шарасыздан оқуы кемдер де алынып кетеді. Бұрынғы тәжірибелерге қарасақ, осылай болмасқа мүмкін емес. Міне, осы түрде алақұла, шала-шарпы білімі барлар тағы да бұрынғыдай орыс тілінде оқыса, мұның нәтижесі тағы да бұрынғыдай болмақ. Мұнан құтылу үшін не істемек керек? Бізше, бұған бір-ақ жол бар: ендігілерді қазақ тілінде оқыту. Орысша аз оқыған, орысша лекцияларды түсінбейтін иә шала түсінетін қазақ жастарын қазақ тілінде оқыту дұрыс екендігін дәлелдеп әуреленудің керегі жоқ.

Заң комиссариаты бұл мәселені әлі ашпаған көрінеді. Мұны қазірден алдын ала шешу керек, курс ашыларда ғана ойлану шұғыл болады, осы бастан даярлану керек.

Бұрын мұндай курстарда қазақ тілінде оқытудың екі түрлі қиыншылығы болатын еді. Бірі — қаражат, екіншісі – оқушылар таба алмау жағынан. Бұл екі қиыншылықтың қаражат жағы әлі де бұрынғы күйінше. Ол мынау: оқу бір тілде ғана, орысша болса, орыс, қазақ демей, бәрі бірге оқиды, оқытушылары заң маманы орыс жолдастар болады. Егер қазақты қазақша, орысты орысша оқыту керек болса, оқытушылардың саны екі есе көбейіп, оларға жұмсалатын

қаражат та екі есе артпақ, екі бөліп оқытатын болса, пәтер жағынан да, басқа реттен де шығындары молая бермек. Қаражатты қымқырып ұстауға тиіс біздей мемлекетке бір қиыншылық осы жағы еді. Қазір шешілетін мәселенің бірі де осы. Шығын көбейетіні рас, бірақ шығынды көпсінсек, «арзанның сорпасы татымайын» деп тұр. Орысшаны білмейтін иә шала білетін жастарымыз шамасынша білім ала алмайтын, көңілдегідей сот қызметкері бола алмайтын болып тұр. Ал қалай да орынды шығынға шыдап, қазақты қазақша оқытатын болсақ, олар артық жұмсалған шығынды ақтарлық білімге ие болып шықпақ. Міне, осы екеуін салмақтап, қай тиімдісін алу керек. Курстың мақсаты сот қызметкерлерін жетістіру болса, артық шығынға көз жұмып, қазақ жастарын қазақша оқытқаннан басқасы жоқ.

Бұрын ойға келетін екінші қиыншылық заң курстарында қазақша оқытатын адамдар табылмайды, жетпейді деген еді. Қазір бұлай ойлауға орын жоқ. Қазір заң ғылымын қазақша оқытуға жарайтын адамдар жалғыз Орынбордың өзінен де табылады. Бұларды атап көрсетуге де болады: Боранбайұлы Қанай, Атаниязұлы Мырзағұл, Бекмағамбетұлы Шапқат, Нұрмақұлы Нығмет, Бірімжанұлы Ахмет, Нұралыханұлы Сәлімгерей, Жанайдарұлы Сейілбек, Қадірбайұлы Сейдәзім. Бұл сегіздің төртеуі коммунист, бұлардың көбі жоғары заң ғылымын оқып шыққандар, осы күндерде Заң комиссариатында ірі қызметтегілер, оқумен де, тоқумен де ысылған мамандар. Осыларды көріп отырып, қазақша оқытатын кісі табылмайды деп ешкім айта алмайды.

Ашылғалы тұрған заң курсынан бітіріп шыққан азаматтар сот ісін түзу жүргізерлік болу үшін күнілгері тағы да бір ескеретін нәрсе — олардың тазалық, адамгершілік жағы. Біздің ескертетініміз: курсқа жіберілгендердің бәрі де таза болса екен, бұзық мінезді, ел бүлдіретін, парақор болатын адамдар кіріп кетпесе екен, бұлай болмау үшін Заң комиссариаты жергілікті мекемелерге айрықша тапсырып, курсқа баруға тек өздері тіленгендерді ғана жібере бермей, адамгершілік, тазалық жағынан да жете тексеріп, сыннан өткізіп жіберетін қылса екен.

Тағы да Заң комиссариаты жергілікті мекемелерден кісі сұрағанда, курсқа баруға ылайықтанған жастардан өз үйезінен басқа жерде қызмет қылуға көнгендерді ғана жіберуді тапсырса екен; олар бітіріп шыққаннан кейін де осы шарт орындалса екен.

Қазақ соттарын ілгері бастыру мақсатымен ашылғалы тұрған заң курсын күнібұрын құттықтап, бұл курстың ойлағандай жемісті болуы үшін тілектеріміз жоғарыда айтылғандар.

Осылай болса, ашылғалы тұрған курстан зор үміт күтуге болады.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 6 февраль, 1925 ж., №285.

ЖАҢА МӘШИНЕ

Бұл күнге шейін біздің (*қазақтың*) кітап, газет, журнал басып келе жатқаны жай баспахана, соның құйған харіптері болады. Харіп белгілері ұяларға бөлініп салынып, сөзді баспахана жұмыскерлері әлгі толып жатқан ұялардан алып тереді. Харіп тізушілер ертеден қара кешке шейін түрегеліп тұрып, көзінің майын тауысып, үсті-басы, бет-аузы боялып, талай қателер шығарып, оларды қайта түзетіп, көрмегенді көреді.

Газет иә кітап беті басылып болғаннан кейін әлгі мың машақатпен тізген харіптерін қайтадан бұрынғы ұяларға таратады.

Осының бәрін істеуші баспахана қызметкерлерінің көбі ауруға шалдығады, көбінесе көкірек ауруына ұшырайды. Өйткені шаң жұтады, шаңданған бояу жұтады.

Осындай қиыншылықтардан құтқаратын линотип дейтін жұмысты жеңілдететін, өнімін арттыратын баспахана мәшинесі бар.

Линотип мәшинесінде харіп болмайды. Харіп болмаған соң, шаң жұту, бояу жұту, үнемі тік тұрып, көзін талдырып ұялардан харіп теріп, тізілген сөздерді қайта-қайта түзетіп, соңынан тағы да қайтадан ұяларға таратып әуреленіп жатпайды. Бұл мәшине құрулы тұрғанда, көдімгі жазу мәшинесі сықылды алдында ғана ықшам, көдімгі жазу мәшинесі сықылды бірінің астында бірі тізілген бірнеше қатар харіп белгілері тұрады. Мұнда жай баспаханадай харіп, ұя болмайды. Мәшинеңің ішінде харіп болатын қорғасын сықылды зат қайнаған құрттай бұрқылдап балқып тұрады. Мәшинеші алдындағы харіп белгілерін керек сөзіне қарай басып-басып қалса, әлгі балқып тұрған зат сөз болып құйылып шыға келеді. Бұл мәшинеде бір қызметкер бір күнде, бұрынғымен салыстырғанда, сегіз күндік жұмыс істейді,

екінші сөзбен айтқанда, сегіз қызметкердің жұмысын бірақ қызметкер атқара алады.

Қызмет уақыты, қызметкер саны өлгі мөлшерде азайғаннан кейін, бұларға төленетін ақы да азаяды, кітап, газет, журнал әрі тез басылып бітеді, аз уақытта көп шығады, сондықтан басылып шыққан нәрселер арзанға түседі.

Линотип машинесі әркімнің қолына түсе бермейді. Мәскеудегі Орталық баспа бұл мәшинеден 12-сін күншығыс жұрттары үшін Америкадан алдырғалы отыр. Бұл мәшинелер сол Орталық баспаның өзінде болмақшы. Бір мәшинеңің құны 25—30 мың сом.

Орталық баспаның тапсыруынша линотип мәшинесімен харпіміздің бас түрі басылмақ. Мәселен, «қазақ жұрты» деген сөз мынадай (*қазақ жұрты*) болып шықпақ.

Бұрынғы шабан, қиын, қымбат баспахана ісіміздің мұндай шапшаңдыққа, арзандыққа айналуына сүйсінеміз. Бұл мәшинелер алдымыздағы июнь айында келіп те қалса керек.

Линотип мәшинесінің қасиетін оқушыларымыз осыдан да аңғарған болар. Ендігі біздің айтарымыз — осындай мәшинеден біздің Қазақстан үкіметі өзіне дербес бірнешеуін, ең болмағанда, біреуін алдырғаны дұрыс болар еді.

Мадияр.

«Еңбекші қазақ», 28 март, 1925 ж., №306.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ — ЖАРАТЫЛЫС КҮШТЕРІ

Елдегі жастардың дене тәрбиесін сөз қылғанда, қаланың шаңғысын, футболын ел жастарының алдына тарта алмаймыз. Елдегі кедей жастар қысы-жазы жұмыста. Ел жасының дене тәрбиесі — сол дағдылы жұмысына бейімделуі керек. Жұмыстағы адам өз денесін тәрбиелей білсе, жұмыс жиреніште «пәле» болмайды. Дене тәрбиесінің, денсаулықтың түп-тамыры болады. Әрине, жұмысшы жас өзін күтпей, алқынып су ішсе, терлеген күйінде суға түссе, жаратылыстың ақысыз пайдалы күштерін (*күн, су сықылды*) дұрыс пайдаланбаса, дене күшін орынсыз жұмсаса — жұмыс «пәле» болады, ауырады, жабығады. Өз денесін орнымен тәрбиелесе, жұмыстан пайда көреді.

Дененің бір мүшесі жұмыста болса, ол мүше басқалардан берігірек болады, оның есесіне басқа мүшенің қуаты кемиді. Айырмен жұмыс істейтін жалшының қолы күшті, бұлшық етті болады. Бірақ басқа мүшесі ондай болмайды.

Етікшінің қолы, бармақтары әлді, берік болса да, денесі еңкек, бір жерде көп отырғандықтан пішіні жабық келеді. Көп жүрген адамның аяқтары берік болады.

Сондықтан барлық дене мүшесінің тегіс жұмсалуына, дене мүшесінің зиянды қалыпта болмауына тырысу керек. Күні бойы сарылып отырған аяқ, еңкейген көкірек түбінде зиянданбақшы.

Ел шаруасындағы жұмыстардың көбі етікшінің жұмысындай бола бермейді, барлық дене қозғалып тұрады. Уақытымен ішіп-жеудің дене тәрбиесінде маңызы зор. Шөлдеп-шалдығып келіп ас ішу, тойып алып жата қалу, терлеген күйде салқынға шығу жарамайды. Бұл айтылғандар орындалмаса ауырады.

Адамның денесіне үлкен пайда беретін жаратылыс күштері — күн, су, ауа. Қандай дәрі, қандай дәрігер болса да, адам денесіне күн, су, ауадай пайда бере алмайды. Бұлар — ақысыз бос дәрігер. Тек дұрыс пайдалана білу керек. Бұлардың пайдасы, әсіресе жаздыгүні күшті. Көленкеге тығылмай, жаздай күн көзінде жүрсең, күн денені беркітеді, түрлі аурудың құртын өлтіреді, қанды күшейтеді, денеңе жан кіргізіп сергітеді, тек күн көзінде неғұрлым киімді аз киіп жорту қажет. Күн көзінде жүргенде неғұрлым қимылдап жұмыс істеу керек. Күннен соң пайдалы күш — су. Су денені тазартады, қан жүрісін жылдамдатады, денені беркітеді, саулықты арттырады. Бірақ мұнда да терлеп суға түспеу, суда көп уақыт қалып тоңбау сықылды сақтық керек. Су мен күнді қабат пайдаланған мақұл. Су мен құм, суға түсіп дененді құмға қыздырсаң — шипалы дауа.

Адам ауасыз өмір сүре алмайды. Таза ауаның денеге пайдасы күн мен судан кем емес. Тек ауаны үйде отырып жұту керек емес, ашық далада көкіректі кең керіп жұту керек.

Бірте-бірте осы айтылғандарды орындап барып, ыссы-суыққа көнімді болып үйрену керек.

Орыстың спортшысы мұзды суға түседі екен деп, оның істегенін бірден істеуге болмайды, оған бірте-бірте бейімделу керек.

Әдісін тауып, жаратылыс күштерін жақсы пайдалана білсең, ыссыға күймей, түн суыққа тоңбайтын, анау-мынау ауруға беріспейтін саулығы мол берік, күшті денелі болу қиын емес.

Міржақып.
«Жас қайрат» газеті, 25 май, 1925 ж.
Қызылорда қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖҮРГІЗЕТІН КОМИССИЯНЫҢ ҚҰЛАҒЫНА АЛТЫН СЫРҒА

Қазақ тілі мемлекет тілі болды, енді заң-закон, бұйрық-жарлықтың, кеңсе істерінің бәрін қазақшаға айналдырамыз деп талпынғанымызға талай жыл. Қазақ тілін жүргізу үшін орталықта дербес комиссия да құрылды. Бірақ орталық комиссияның өзі болсын иә жер-жердегі бөлімдері болсын, қазақ тілі қалай жүріп жатқанын жете тексеріп отырғандығына шегіміз бар. Комиссия ел арасындағы істер түгіл, орталық мекемелердің өзінде не болып, не қойып жатқанын да білмейтін көрінеді. Мұның растығына ішкі істер комиссариатының бір жарлығын (приказын) оқушылардың алдына тарталық. Бұл жарлықты Қызылорда болысының төңкеріс комитеті алғаннан кейін, көшірмесін куәландырып, қарауындағы 4 ауыл аткөміне қолданып, орындап тұрмаққа жолдаған екен. Қызылорда қаласының көшесінде: «Шырағым, мынаны бізге түсіндірші, өзіміз не екенін біле алмай қойдық» деп, әлгі жарлықты қолына ұстап жүрген қазаққа кездестік. Бірақ жарлықтың тіліне біз де түсіне алмадық. Содан кейін қазақ деген бірсыпыра елміз ғой, көп ішінен бір зерек табылар деген үмітпен мұны газет жүзінде жариялауды лайық көрдік. Оқып қараңдар, бір сөзі өзгертілген жоқ. Жарлық мынау:

П Р И К А З:

Ішкі істер халық комиссариатының бөлімінің бастығының, 70 санды 15 июльдегі осымен мәлім қылады қолданып орындап тұрмаққа дайындалған инстрокцияны бұл инстрокция қабылданған халық комиссар, халық соты, жер, су бөлімінен, денсаулық бөлімінен: 1. Кімге қай бөлімнен бұйыратын міндетті жұмыс Сәлсәбет, ауылатком дайындалады. Халық ортасынан міндетті жұмыс Сәлсәбет бұйырады. Өзінің қол астындағы отырғушы граждандарға Сәлсәбет ауыл атком дайындалады яки сайланады. Әр төрт айдан бұрын өзінің айналасындағылар мен екі рет бір айда бір адам екі рет сайланады. Реттесіп үй басына барлық Сәлсәбет ауыл аткомдары сайлайды. Еркек болса, 20 жас пен 50 жастың арасында болса, 20 жас пен 45 жастың арасында болса, әйел сайланады. Егер де Сәлсәбет ауыл аткомдарға қарсылық қылған адам болса, ол уақытта Сәлсәбет ауыл атком 79 уголовный

статьяға муашық айыпты қылып ұстайды. Сәлсәбет ауыл аткомынен ыхтиярсыз кетуге болмайды. Өзінің қармағындағы Сәлсәбет ауыл аткомына бағынады. Сәлсәбет өзінің халқының тыныш болуы үшін нағызына қолын қойған копия дұрыс көшірілді, деп Қызылорда больревком іс басқарушысы Садақбаев.

Қызылорда болысының төңкеріс комитетінен ауыл аткомінe.

25. *VIII — 25*
ИСХ, №429

Осының сыртындағы приказды қолданып орындап тұрмаққа Қызылорда ревком жауапты хатшысы Удербайұлы.

Іс басқарушы Садақбаев

Міне, осы да қазақша ма? Бүйтіп қазақшалағанша, орысшаласа біреу оқыр еді. Түсінер еді. Бұл приказ бүкіл Қазақстан еліне тегіс жайылды ғой. Мұндай приказ біреу ғана емес, осы сықылды талай «қазақша» жазулар елдерге тарап кеткен шығар. Осы күнде де жазылып жатқан шығар.

Қазақ тілін жүргізетін комиссия болсын, өзге мекемелер болсын, мұндай сорақы іске көзінің қырын салмаса, әріберіден соң, «қазақшаң мынау болса, орыс болып-ақ кетелік» деушілер табылмай ма? Сонда не бетімізді айтамыз?

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 7 сентябрь, 1925 ж., №364.

УНИВЕРСИТЕТ АШЫЛМАҚШЫ

Қазақстанда оқу жұмысы 4-5 жылдың ішінде недәуір ілгерілеп, мектеп ұлт мектебіне, қазақ мектебіне айналып келеді.

Бастауыш мектептерде гос. программа орын алып, бастауыш мектептер үшін қазақша оқу құралдары дайын болып, жаңа дәуірдегі жаңа оқу-тәрбие құралдары, әдістері Қазақстанда да іске асып келеді. Орта мектептер, түрліше техникумдар да бар. Бірақ оқытушының кемдігінен, оқу құралдарының кемдігінен оқыту орысша болып келеді.

Қазақстан өз алдына республика құрағасын, мектеп ұлт мектебіне айналғасын, мекемелерде іс қазақ тілінде болатын болғасын — Қазақстан үшін өз арасынан қайнап шығып жататын ғылым бұлағы — ғылым суаты университет (*жоғары*

дәрежелі мектеп) керек болды. Бұл керекті Қазақстан оқу комиссариатының іздей бастағанына 3-4 жыл болса да, мәселе биыл шешілді. РСФСР-дың Оқу комиссариаты Қазақстанда ұлт университетін ашуды мақұл тапты. Бұдан кейін Қазақстан Оқу комиссариатының білім кеңесі бұл жұмысқа осы күні кірісіп жатыр. Университет ашу көп еңбек, көп пұл керексінетін ірі жұмыс болғандықтан, бұған 4-5 жыл уақыт керек болады. Бұл ірі жұмысқа үкіметтің һәм елдің күш қосуы керек-ақ. Және бірден университеттің барлық бөлімдерін ашып жіберіп, «жапалақ «ап» дегенде егіз бала тапты» жасап та болмайды. Факультеттер бірте-бірте ашылады. Мәселе — әуелі қай факультеттерді ашуда, екінші — пұлды қай жолмен табуда. Бұл мәселелер туралы оқу майданындағы иә басқа білім иесі адамдардың пікірлерінің газет бетінде көрінуі керек. Оқу комиссариаты өз пікірін қалыптап алып, ел алдына екінші ретте салады.

М.

«Еңбекші қазақ», 2 октябрь, 1925 ж., №379.

БАСПАСӨЗ ҚАТЕСІЗ БОЛСЫН!

Қазақша басылып жүрген кітап, газет-журналдарымыздың емле мен корректор қатесі көптігінен көзің сүрінеді. Қайта бұрынғыға қарағанда, соңғы кездерде сәл тәуірірек, бірақ «сәл» ғана тәуір. «Пәлен кітапта түк қате жоқ» деп әлі де кеудемізді қаға алмаймыз. Кітапқа сын жазып жүргендеріміз, ең мақтағанда, «корректор қатесі көп емес» деп көңіл жұбатады.

Қате басылған сөздің мағынасы да, ажары да бұзылатындығын дәлелдеп жатудың керегі жоқ. Осы кезде кейбір кітапты иә кейбір газет мақалаларын оқып шығу қиын жұмыстың бірі болып кетті. Корректор қатесі көптігінен, ешкім оқи алмайтын болған соң таратылмай, жоққа шыққан кітап та бізден табылады.

1924 жылы Маркс пен Энгельстің «Ортақшылдық жары» басылды. Оқуға жарамай қалып отырған кітап осы. Кітап деген нәрсе, тегінде, әсіресе біз сықылды өнер-білімі кем елде, оңайшылықпен дүниеге келмейді. Біздей жұрт дүниеге бір кітапшасы шықса да, қатыны ұл тапқандай қуанып қалатыны — кітап шығарудың оп-оңай еместігіне дәлел.

Сондықтан жоғалған бір кітап — үлкен шығын да, жарыққа шыққан кітап — үлкен олжа.

Мысал үшін «Ортақшылдық жары» оқуға жарамсыз болып қалғаннан келген зиянға көз жіберелік. «Ортақшылдық жарды» орысшасынан оқи алмайтындар қазақша оқып пайдаланудан қалды ма? Қалды. Бұдан өткен қандай зиян бар! Енді қаражат жағынан болған зиянын айталық. Кітап 120 бет, бұл 7½ баспа табақ болады. Өзі 5500 болып басылған. Бұған шыққан шығын, кемі 2000 сом. Осы ақша жоғалған кітаппен бірге жоғалып отыр. Екі мың сомдар көктен жаумайды ғой. Бұ да аз зиян емес.

Баспасөздің тағы бір қателі шығуы — емленің терістігінен. Жазушыларымыздың көбі әлі күнге шейін жаңа емлені білмейді, білуге ынтасы да жоқ. Кейбіреулері білмегенін мойындағысы келмей «қарсы дау» айтады: «Осы емлелерің өзі шатақ болды ғой, орысшадай неге сайрап тұрмайды, күнде өзгертесіңдер, адасып қалдық, басымыз қатты, мұнан да латыншаны алсақ оңай болар еді...» дейді. Мұнысы құр сылтау. Әйтпесе, осыны айтып отырғандар бұрынғы емлені жапжақсы білген болып, бүгін ғана адасып қалып отырған жоқ.

«Орысшадай емес» дейді. Бізден мәдениет жүзінде бір-екі жүз жыл алда кетіп бара жатқан орыстың өзі «ять», «твердый знактарынан» күні кеше ғана құтылып отырғаны есінде жоқ. Орыс жұрты әліпбиін әлі де өзгерту ықтималы барлығын ойламайды.

«Біреудікі біреуге қыздай көрінеді» дегендей, тағы да «латыншаны алсақ оңай болар еді» дейді. Латын харпін алғанмен, емле осы күйінде қалып, тек дыбыс таңбасы ғана өзгеретіні тағы есінде жоқ.

Тегінде, біз дұрыс емлеге бойсұнбай болмайды, сылтау-мылтаудың не керегі бар...

Қысқасы, баспасөзді қатесіз шығару үшін біздің ұсыныстарымыз мыналар:

1. Газет-журнал басқармалары жазушыларынан дұрыс емле қолдануды талап ететін болсын. Шарасыз реттерде шала жазушылардың жазғанын қатесіз көшіретін қызметкерлер ұстасын. Сөйтіп, баспаға берілген жазуларында түк қате болмасын, бір сөз екі түрлі де жазылмасын.

2. Кітап шығаратын, аударатын, мақала, хабар жазатын, қаламының желі барлар босқа уақыт өткізбей, тезірек жаңа емлені үйреніп алсын.

3. Корректорлар емлеге өрі жетік, өрі ықтиятты болсын. Бұлардың үстінен бақылаушылар отырсын. Қате жіберушілер жауапты болсын.

4. Кітап жазушылардың, аударушылардың емлесі дұрыс болмаса, қараушылар (*Білім кеңесі, Партия комитетінің баспасөз бөлімі, тағы басқалар*) дұрыс емлемен көшіртсін. Көшірушіге ақша кітап жазушының есебінен төленетін болсын.

5. Жазбалардың емлесі теріс болса, Мемлекет баспасы алмауға ерікті болсын.

6. Жазушылар, аударушылар өз кітабының соңғы корректурасын өздері қарауға міндетті болсын (*өздері кітап басылатын қалада тұрса*).

7. Көрсетілген қатесін харіп түзушілер түзетпесе, жібермеу жағын Мемлекет баспасы бақыласын.

8. Баспасөздің қателі болуына бір себепкер нәрсе — харіп ескілігі, бұл кемшілік жойылудың шаралары да істелсін.

9. Сын жазушылар емле мен корректор жағынан кеткен қателерді айрықша көрсетіп отырсын.

Міне, осы көрсеткен шаралар орындалатын болса, бұдан кейін баспасөзіміз қатесіз шығады деп сене аламыз.

Баспасөздің қатесіз шығуы жағын олқы жұмыс деп қомсынбай, айрықша көңіл бөлетін уақыт жетті.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 7 февраль, 1926 ж., №29.

ЖАНЫ ШЫҚҚЫРДЫҢ ӨТІРІКШІСІН-АЙ!

Новосібір (*бұрынғы Новониколай!*) қаласында орыс тілінде шығатын «Советская Сибирь» газетінде Кузнецов деген жаяу жиһанкездің қазақ арасында «көрген-білгені» басылыпты. Кузнецов Алматы мен Семей арасында 23 күн жаяу жүрген екен дейді.

Міне, сол жаяу Кузнецов қазақ жайынан не жазып отыр деңіз: «10 күн жүріп, Балқашқа жеттім. Айналаның бәрі қамыс, жол қатерлі. Мұнда жолбарыс, қабан болады екен. Бір ауылда қонып жатыр едім, түнде бір керемет дауыстан оянып кеттім. Қараңғыда түк көрінбейді, бір бұрышта құлындай шыңғырған дауыс естіледі. Ақсақал ойбайлайды, зәресі ұшқаннан тісін шақылдатып: «Ой, Алла, ой Алла»-лап жатыр.

Біраздан соң адам даусына ұқсамаған бір үн шықты. Айналаның бәрі құлаққа ұрған танадай болды. Ақсақалдың дыбысы да басылды. Ақсақал қалшылдап от жақты, екеуміз тысқа шықтық. Ауылдағы үйлердің бәрі де от жаққан екен. Кешікпей-ақ мәлім болды. Киіз үйдің терезесінен түсіп, жолбарыс 14 жасар бір қызды алып кеткен екен.

Таңертең бір соқпаққа түсіп, мен әрі қарай жүрдім. Алты шақырымдай жүрген соң, шошып кетіп, тұра қалдым: алдымда жолбарыс пен қабан жатыр. Байқасам екеуі де өліп қалған. Жақынырақ келіп қарасам, анадай жерде мылжамылжа болып қыз жатыр. Біле қойдым: қызға таласып жолбарыс пен қабан бірін-бірі өлтіріп тастаған екен...»

Жаяу жиһанкездің бұл бір өтірігі.

Оның өтірігі тағы да бар, онысы мынау: «Бір қазақпен сөйлесіп отырғанымда, оның айтқаны: орыстың бір қызын ұрлап алып едім. Соны Арал теңізі жағына апарып, пұлдап сатқалы отырмын», — деді. «Мен соңынан білдім, мұндай нәрсе қазақ арасында көп болады екен, орыстың бір қызына жүз қой, он жылқыдан алады екен. Еркек балаға өлгі малдың жарымындай алады екен» — депті. Міне, осыны Сібірдің орталық қаласында шығатын орыс газеті басып отыр, бұған сол газеттің неше мыңдаған оқушысы нанып отыр. Қазақ деген елдің жайы осындай болады екен деп отыр.

1920 жыл Андреев деген біреу кітабында «Есіл, Нұра бойларын қалмақ жайлайды, киіз үйлерін тігулі күйімен арбаға салып жүріп көшеді» деп жазып еді.

Өткен қыс Орынборда шығатын орыс газетінде Қызылордаңың циркінде болған күрес жайынан мынадай сөздер жазылып еді: «Қажымұқан деген қазақ балуаны бар екен, Прохоров деген балуанды қара терге түсіп әрең жыққаннан кейін, бала таппаған қазақ әйелдері Қажымұқанның тамшылап тұрған терін жалапты, «баламыз болғай еді» деп тілек тілепті» деп.

Осы өтірікшілердің үшеуін де дұшпаны-ақ кемсітер. Әйтпесе бірінен-бірі асып түсіп отырған жоқ па! Зәуі сайтан, өтірікшіге бәйге беріп қалатын болса, осы үшеуінің қайсысына берілер еді? Маған салса, мен мына жаяу жолаушыға берер едім... Жаны шыққыр, мұндай өтірікші болар ма!

М-яр.

«Ауыл тілі», 27 июль, 1926 ж., №1.

АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ

(*1916 жыл оңғімелерінен*)

Қазақ ішіндегі 1916 жыл қозғалысы патша үкіметіне қарсы тап қозғалысы емес, ұлт қозғалысы болып басталғаны белгілі. Ол кезде көтеріліске басшылық етіп, өр елден шыққандардың бәрі де рубасы, пөленшенің тұқымы аталған белгілі адамдар болуы да, бұларға ерушілер байкедейге айырылмай, қозғалысқа жалпағынан қатысуы да — бұған дәлел.

Мұның үстіне, діншілдік, ислам ұраны да қосылды. Үкімет әскерімен айқасқан сарбаздар салауат айтып шабысқан, сол кезде қыпшақ ханы Әбдіғапардың мөр басып жазған жарлығынан көргеніміз: мөрдегі жазуы «Әміріл Мүкминин» болатын. Мұндай хандар кей жерлерде болыс басы біреуден болған. 1916 жылы Ырғыз үйезіндегі Әлімнің Төртқара дейтін руы да қарсылық қылып, Бақсайыс болысынан Жұмағазы деген кісі хан сайланған. Үкіметке қарсы көтерілгендер қазақтың орысша оқығандарына да қарсы болған. Сонда хан сарбаздары Бақсайыстың өрі оқығаны, өрі болыс Пірғалиды өлтірген. Бұдан кейін қолға түскен оқығандарды өлтіре беруге хан жарлық қылған. Төртқараның оқығандары Ырғызға қашып кеткен. 1916 жылы сол елде түбі Орал облысының азаматы Бабашұлы Досқайыр деген жігіт орысша бала оқытып тұрған. Міне, сол Жұмағазы ханның қолына түскен сарбаздар оны өлтірмек болған. Сонда Досқайыр Жұмағазы ханға мынадай хат жазды:

Ассалаумағалайкүм,
Алдияр сұлтан, бегіміз!
Көпірге қарсы аттанып,
Халықтың қамын жедіңіз.
Сіз аттанар мезгілде,
Әуелі қорқып орыстан,
Жүрексіндік көбіміз.
«Жалғыз да болсам жасқанбай,
Мұсаханды қорғауға
Төуекел еттім», — дедіңіз.
Аллалап атқа мінген соң,
Бәріміз түгел тебірендік,
Көрдегі аруақ, өліміз.
Жарлығыңды екі етпей

Буулы тұр беліміз,
Киюлі түр жеңіміз.
Сізден бұйрық болған соң,
Үйде қалып бас қорғап
Бітірелік нені біз.
Тілегіңді халық тілейді,
Бақытқа шыққан еріміз.
Тізгініңді Алла оңғарсын,
Алашың үшін арыстаным,
Қайрат етіп көріңіз!

* * *

Тақсыр, сізге айтайын,
Тыңдасаң сөзім шамалап.
Аспанменен тіресіп,
Заулап тұрар бәйтерек.
Орманды көрсең аралап,
Жүгірген аң, ұшқан құс,
Баласын тастап бас қорғар,
Бәйтерекке келіп паналап.
Мысал етіп қарасам,
Сіз бәйтерек, мен торғай,
Қорғалап тұрған саялап.
Тақсыр хан, мені көрлеме
Көп ішінде жалғыз сеп,
Ойыма түсер әрнеме.
Жазығым болса өзіме айт,
Көп ішінде зәрлеме,
Кінәмді қойшы мойныма
Дарыңа сонсоң аса бер,
«Жазығың сенің бар» де де.

* * *

Жазықсыз болсам нетесің,
Дұшпанның шаққан тілімен.
Қаттылық бекер етесің,
Өлмейтұғын пенде жоқ.
Ақбез ерді жылатсаң,
Обалын жүктеп кетесің.
Ақыретті ойласаң,
Ұзындығы үш мың жыл
Сираттан бір күн өтерсің.

* * *

Абайласаң, тақсыр хан,
Қандай болар заманың?
Жаттығы жоқ білгенге
Алашқа сіздей ағаның.
Талап еттік ақ іске,
Қайырлы болсын қадамың.
Жатсақ, тұрсақ тілейміз
Мұсылманның аманын.
Көңілде не бар, білмеймін,
Туысқан жаман-жақыннан
Артық көрем өз басым,
Алаштың сіздей адамын.
Қасыңа кеше барғанда,
Мазамды алды түрткімен
Қисық найза жаманың.
Қосыңнан қайтып барғалы
Тайғанақ болды табаным.
Өмір етсең тақсыр хан,
Бұйырған жерге барамын!
Төуекел деп өр істі,
Төңірден күткен боламын.
Қарабұтақ барып тұрайын,
Орысына кетті демесең,
Нанын жеген қаланың.
Амантайдан кет десең,
«Бар», — деп өзің сілтеші
Бір түбегін даланың.
Не десең де, ханым ием,
Есіңе мұны саламын.
Арызымды жолдап поштамен
Төртібінді күтіп қаламын.

* * *

Міне, осы хатты оқыған соң хан масаттанып, Досқайырды босатады. Сөйтіп, қызыл тілдің арқасында Досқайыр ажалдан құтылады. Досқайыр азамат осы кезде аман-есен, астанамыз Қызылордада жоғарғы соттың тергеушісі болып қызмет етіп жүр.

Мадияр.
«Ауыл тілі», 4 август, 1926 ж., №2.

«Мен заманымда қандай едім?
Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның
бұлбұлдай сайраған тілі едім.
Мөлдір судай таза едім.
Енді қандаймын?»

Қазақ тілінің мұңы

(«Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ»,
«Ауыл» газеттерінен)

(1926—1929)

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МҰҢЫ

(*Мыңбайұлы Жалау жолдасқа*)

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларының бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Әліде үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (*Байтұрсынұлы. — Ред.*) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаңы жөндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан Кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып, кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін Білім кеңесі екеш Білім

кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сөрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туғалы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» деген бір пәлесі шықты да, көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазады да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғанымай, кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуна керек канун есамклдің арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр іңқлаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырғандағысы» осы! Жасаған-ай, мұндай да қазақыландыру болады екен!

Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!...

Менің ойлап-ойлап тапқаным — Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің. Сен адырайған адай едің. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. Өзге комиссиялардың көбіне сенбеймін. Олардан да жақсылық көріп жүргенім жоқ. Газетке арнаған сөздерін сусылдатып орысша жазады да, шала-шарпы тілмаштарына аудартып, жанымды шығара жаздайды. «Тасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледі, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледі» дегендей, бөз-баяғы менің сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «Ауыл тілін» шығарамын, газетім нағыз ауыл тілімен, таза қазақ тілімен жазылады дегенде, ішім елжіреп кетеді. Мұныңа тілектеспін. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенің не керегіңе мен дайынмын. Бірақ мені қорға, таза сақта, көрінген тілмаштарыңа тағы да қор қылма. Әсіресе Қазалы сықылдылардың «қазақыландырғанынан» қорға. Азар коменес болып кетсең де, ата-бабаң қазақ еді ғой, мен солардың тілі едім ғой, не жазығым бар, ая мені!

Мадияр.

«Ауыл тілі», 27 июль, 1926 ж. №1.

ҚАЗАҚ ДОҚТЫРЫ КЕРЕК

Доқтыр қайда керек емес, жұрттың бәріне де керек. Әсіресе бір елдің өз тілін білетін доқтыр сол елге өте-мөте керек. Қызылорда — біздің астанамыз. Қызылорданың ішінде болсын, маңайында болсын, қазақ көп екенін білеміз. Міне, осы Қызылордада қазақ доқтырлары жоқ. Доқтырларымыздың бірі Шомбалұлы Мәжит саулық сақтау комиссариатының өкімшілік қызметінде. Доқтырлық ғылымын оқыған Қасболат ұлы Есенғали жолдас сауда-шаруа мекемесінің бірінде отыр. Әйел доқтырларымыздың бірі Ермек келіні Рақия дәрігерлік жұмысына жаңадан ғана қатыса бастады. Міне, Рақиядан басқа Қызылордада қазақтан ауру емдеуші емге жоқ. Тегінде, біздің қазақта доқтыр кем ғой. Оның үстіне доқтырларымыздың бірсыпырасы өз орындарында емес. Мәселен, тәжірибелі доқтырларымыздың бірі Досмұқамбет ұлы Халел Ташкенттегі баспа жұмысында жүр. Қашқымбай ұлы Иса, Досжан қызы Аққағаз, Аспандияр қызы Гүлсімдеріміз де сол Ташкент жағында не істеп жүргендерінен де хабарсызбыз, бірақ қарап жүрмеген шығар. Жақсы доқтыр аталған Алдияр ұлы Әбубәкір Троицкіде отыр. Сейітұлы Асылбек Семей губерниясының саулық сақтау бөлімін басқарады. Қызметте болса да, дәрігерлікке қатыспай жүрген өзге доқтырларымыз да бар. Доқтырлардан басқа төуір-төуір фельдшерлер де бірсыпыра бар еді. Бұлардың да көбі (*бәрі десе де болады*) өзге қызметте, сонымен қай жерде болса да, қазақ доқтыры, комиссарлары өз қызметінде отырған жоқ, оның үстіне астанамыз Қызылордада жүдә жоқ.

Қазақ аурулары амалсыздан орыс доқтырға барады. Бұлар бірінің тілін бірі білмейді, тілмаш арқылы сөйлеседі. Бірақ ауру, дәрі-дәрмек жайынан тілмаш арқылы түсінуден қиын нәрсе жоқ. Және де аурулардың көбінің қолына бір сайрап тұрған тілмаштар кез келе бермейді. Ит жортақ тілмаштардың көбі сөзді бұзып, теріс айтады, осыдан барып, ауруға ауру жамап алу да мүмкін. Мұндай тілмаштардан зиян болмағанда да, пайда шықпайтыны анық.

Мысал үшін доқтыр алдында тілмаштық қылғандардың бір-екеуін көрсетейін, бірақ мұны ойын, өзіл деп түсінбеңіздер, шын нәрсе. Орыс доқтырларға бір ауру қазақ келеді, тілмаштыққа Бердімұратты ерте келеді.

Доқтыр:

— Қай жерің ауырады? — деп сұрайды.

— Сегізкөзім ауырады, сегізкөзім, — дейді ауру. Доктыр Бердімұратқа қарап:

— Не дейді?

— «Восемь глаз болит», — дейді Бердімұрат.

Доктыр аң-таң, қайта сұрайды.

Бердімұрат әлгіден басқа еш нәрсе айтпайды. Басқа не айтарын да білмейді.

Бұл бір тілмаштың түсіндіргені.

Бір қазақ доктырдан у сұрай келеді. Мұның тілмашы Ғайнедден ноғай.

— Не керек?

— У алайын деп келіп едім.

Доктыр түсінбейді. Қазақ Ғайнедденге қарап: «Айтсайшы», — дейді. Сонда Ғайнедден доктырға қарап, өңешін созып: «Ұу керек, ұу керек, қасқыр асайды, өледі», — дейді. «Ничего не понимаю» — дейді доктыр. Сонымен қазақ усыз кетеді.

— Ғайнедденнен сөз қалған жоқ, орыс ит орыстығын қылды, — деп аулына қайтады.

Міне, біздің Қызылордадан мұндай тілмаштар табылмайды деп ешкім кепіл бола ала ма? Әрине, табылса керек. Олай болса, саулық сақтау комиссариаты басқа қызметте жүрген қазақ докторларын, фельдшерлерін дәрігерлік жағына тарту шарасына кіріссін. Әсіресе Қызылордада бір-екі жақсы доктыр мен екі-үш төуір фельдшер көптік қылмайды.

Мадияр.

«Еңбекші қазақ», 2 февраль, 1926 ж., №25.

ЦИФР ЖАЗУЫ

Біздің осы күні қолданып жүрген цифрларымыз араб цифры аталады. Бұл цифрларды Европа арабтан үйренген, бірақ мұның асыл түбі араб емес — үнді, бұл цифрларды араб үндіден алған, арабтан Европаға тараған. Күншығыс халықтарының бұл күнге шейін қолданып келген цифрлары үнді цифры аталады. Үнді цифрлары мынау: P, Q, Z, S, T, U, V, W, X, PY. Әуелдегі үнді цифры осы. Қазіргі араб цифрлары (1, 2, 3) үнді цифрларынан тұрпаты басқа ғана болғаны болмаса, екеуінің жазылу реті бірдей: цифрдың дәрежесі оңнан солға қарай арта береді, оң жақ шеткі орындағы цифр бірлік санын көрсетеді, сол жақ жанындағы цифр ондық санын көрсетеді, оған жалғас сол жақтағы цифр жүздік санын көрсетеді, сөйтіп, солға қарай ірілене береді. Мәселен: мың тоғыз жүз жиырма

бес былай жазылады: 1925, мұндағы бес (5) бірлік саны, екі (2) ондық саны, 9 жүздік, 1 мыңдық. Бұлай жазылған цифрды біз солдан оңға қарай оқимыз: әуелі сол жақ шеткі 1 мыңдықты, сонан соң оған жалғас 9 жүздікті, сонан соң 2 ондықты, ақырында 5 бірлікті оқимыз.

Цифрдың бұлай оқылуын сылтау қылып, бірқатар білімпаздарымыз сан жүзінің амалдарын орысша солдан оңға қарай жазуға ұйғарады: мәселен «24-ке 48 қоссақ 72 болады» деген сөз «24+48=72» болып жазылсын дейді. Қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың көбінде-ақ мұндай амалдар осылай солдан оңға қарай жазылған. Оқытушыларымыздың да көбі балаларға амалды солай теріс жазғызып үйретеді. Айтатын дәлелдері әлгі: жазылған цифрлардың қазақша оқытылуы солдан оңға қарай болғаны.

Шынында жазушыларымыздың да, оқытушыларымыздың да есеп амалдарын олай теріс қарай жазатыны — цифрдың теріс қарай оқылатынын ойлағаннан емес, өздерінің дағдышылығынан. Біздің бұл кездегі жазушыларымыздың да, оқытушыларымыздың да көбі — орысша оқығандар. Бұлардың бәрі де төрт амалды теріс жазып дағдыланған. Сондықтан бұлар кітап жазғанда да, бала оқытқанда да өзінің ескі дағдысынан шыға алмайды. Есеп амалдарын оңнан солға қарай да оқуға болатынын ойламайды да, білмейді де; есеп амалының олай жазылғанын көрсе (*мәселен: «24+48=72» деп есеп жазылғанды көрсе*), оны аяғын көкке көтеріп, төбесімен жүрген сықылды, ерсі көреді, шегі қатып күледі. Жазылған цифрдың қазақша солдан оңға қарай оқылуы дәлел емес, тек сылтау. Жазылған цифрды қазақша оқығанда солдан оңға қарай оқитынымыз рас, бірақ оны өту үшін әуелі сол жақ цифрды оң жақтан санағанда нешінші орында екенін біліп алуымыз керек, мәселен, «1925»-ті сол жақ шеткі «1»-ден бастап оқитынымыз рас, бірақ оны «бір мың» деп оқу үшін, әуелі оның оң жағындағы үш цифрды көріп, оның үш бөлек екенін, «1 »-дің өзі төртінші орында екенін біліп алуымыз керек. «1»-дің оң жағындағы «925»-ті қолмен басып тұрып, оқушыға «1»-дің өзін ғана көрсетсек, оқушы оны «бір мың» демейді, «бір» деп оқиды. Жазылған цифрды оқуымыз теріс болғанымен тануымыз оңнан солға қарай. Есеп амалының жазылу ретіне цифрдың оқылуы дәлел болуға жараса, оны танып білуіміз онан да артық дәлел болуға керек. Цифрды тану үшін оңнан солға қарай тексереміз, бұл цифрмен жазылған сөздің де оңнан солға қарай жазылуын тілейді.

Біздің цифрларымыз әуелде үндіден шыққан. Үнді халқының жазуы да біздің жазуымыз сықылды оңнан солға қарай. Сондықтан үнді цифрды өз жазуының ыңғайынша, дәрежесі оңнан солға қарай артатын қылып шығарған. Цифрды Европа шығарса, оның дәрежелерін солдан оңға қарай артатын қылып шығарар еді, мәселен, «1925»-ті «5291» деп жазатын қылар еді. Европа цифрдың жазылу ретіне артық баға бермеген, цифр жүйесін өз жазуына икемдеп өзгертпей-ақ, даяр күйінде ала салған. Цифр жүйесі үнді мен арабтың жазуына, солардың тіліне лайықтап жасалған. Тұрмыста көбіне кездесетін сан 20-дан арта бермейді. Үндіше 20-ның ішіндегі сан (*орысша сықылды*) бірлігінен басталып айтылады, мәселен 12-«дибазде» делінед. Бұл «екі мен он» деген мағынада. Арабша жүзге шейін де солай саналады, мәселен «сабаа уа тисғуна» дейді. Бұл «жеті мен тоқсан» деген сөз. Сондықтан үндіше де, арабша да 12, 14, 18 сықылды цифрлардың оқылуы да оңнан солға қарай, оны танып білу үшін де солай оңнан солға қарай тексеру керек. Европа тілдерінде де сан үндіше, арабша айтылады; орыс, француздардың саны үндінікі сықылды 20-ға шейін әуелі бірлігін, сонан соң ондығын айтады; немістің саны арабтікі сықылды 100-ге шейінгі санның бәрі де бірліктен басталып саналады (*мәселен, немісте 84-ті «фийрундахциг» дейді, «төртеу мен сексен» дейді*). Европаның бастауыш мектептерінде де сан жүйесін бастап оқытқанда, әуелі 20-ның ішіндегі санды, сонан соң 100-дің ішіндегі сандарды оқытады. Европаның жазуы солдан оңға қарай, сөйтсе де цифрды оңнан солға қарай оқытады, цифрдың оқылуы да, оны оқу үшін тексеру жолы да оңнан солға қарай болғанымен, цифр жазуын (*есеп амалдарын*) өз жазуының ыңғайынша келтіріп, солдан оңға қарай жазады. Арабша (*үндіше*) цифр жүйесі Европаның тіліне де, жазуына да ыңғайсыз, бірақ Европа араб цифрының жүйесін бұзбай-ақ, есеп амалдарын өзінше жазып отыр. Біздің жазушыларымыз бен оқытушыларымыз әуелде оңнан солға қарай жазылу үшін жүйеленген цифрлардың олай жазылуын ерсі көріп, қарашылдық қылып келеді. Қарашылдықты қою керек. Европаға еліктеген жақсы. Бірақ Европа қарашыл емес. Европаға еліктегенде, онан, ең алдымен, қарашыл болмауды үйрену керек.

Тайбағар.

Басқарма. *Тайбағар жолдас көтерген мәселе шешу тілейді. Бұл туралы әдебиетіміз бір жүйеге тұсу керек. Басқарма өз ойын ілгеріде айтпақшы.*

(1997 жылғы басылымнан алынды.)

ЗЕНЧЕНКО МЕН ЕМЕНЬЕВТІҢ ҚАЗАҚШАҒА АУДАРЫЛҒАН ЕСЕП ҚҰРАЛДАРЫ

(*сын*)

Бұл кездегі мектептердің түрі де, программалары да, оқыту әдісі де бұрынғыдан басқаша. Бұрынғы (төңкерістен бұрынғы) мектеп ақсүйек төрелердің, байлардың балалары үшін өлшеніп-пішіліп, беретін білімі де, тәрбиесі де байлар тұрмысы, төрелер салтынша болатын еді. Қазіргі мектеп жалшылар мектебі, кедей бұқараның мектебі, сондықтан қазіргі мектептің үйрететін білімі де, беретін тәрбиесі де малшылардың, бұқараның салтынша болу керек.

Төрелер мектебінің мақсаты: оқушыны төрелер салтынша «адам» қылып шығару еді. Төрелер салтынша адам болудың мәнісі — ақсүйек төрелердің дәстүріне құл болу, күштілерге жағына білу, өзінен төмендерді қорқыта білу. Аталы сөз, қылжақ, мысқыл, өсек, күлкі, қабақ шыту, ашу, күйіну, сүйіну, тәжім, ірілік қыр көрсету сықылды қалыптар, қайсысы қандай орында керек екенін жақсы білу. Бойын билеп, кезі келгенде бет-аузын тиісінше құбылтып, аяқ-қолы, бүтін кеудесін де түрліше ұстай білу — көргенді, сыпайы жігіт атану. Дұрысында да төре болу үшін мұнан артық ештеме керек болмайтын. Сондықтан төрелер мектебі, жалшы бұқара түгіл, капиталшы байлардың тұрмыстық шаруасына керек білімдерді де үйрете бермейтін. Мектептен оқып шыққандар шетінен тоғышар, жалпы бұқара тұрмысынан хабарсыз, іске олақ, шаруаға зейінсіз келетін.

Сондықтан қазақ «Екі молда — бір кісі, бір молда — жарты кісі» дейтін. Шаруаға икемі жоқ тоғышарларды орысноғайлар «үстедент» дейтін. Біздің қазіргі мектептеріміз төрелер мектебі емес. Шаруа, бұқара жалшылардың мектебі болған соң, онан оқып шыққандар, бұрынғыдай тоғышар, «молда», «үстедент» болып шықпай, шаруа-бұқараның, жалшылардың тұрмысына керек білімдерді үйреніп, солардың салтынша тәрбиеленіп шығатын болу керек. Шаруа-бұқараның, жалшылардың тұрмысын жатырқап, жатсынбай, мектептен шығысымен-ақ жұрт қатарлы азамат болуы керек.

Қазіргі мектебіміздің еңбек мектебі, баулу мектебі болуы да, онда оқылатын сабақтардың программаларының өзгеріп, тұрмысқа бейімделуі де, оқыту әдісі жаңғырып, комплекс

әдістері сықылды жаңа әдістердің шығуы да мектептен шыққандар — «молда», «үстедент» болып шықпай, тұрмысқа түсінген азамат болып шығу үшін болып отыр. Мектептің түрі де, программасы да осылай өзгерген соң, оған бұрынғы құралдар жарамайтын болды. Бұрынғы оқу кітаптарының орнына жаңа кітаптар керек болды. Бұл күнде орыс мектептерінің оқу кітаптары жаңғырған, ескі кітаптары қалып, жаңа кітаптар шыққан.

Бастауыш мектеп үшін шыққан сондай жаңа кітаптардың бірі — Зенченко мен Еменьевтің қосылып жазып шығарған «Тұрмыс пен білімнің сан жағы» аталған кітаптары. Бұрын бастауыш мектептерде оқылатын сан жүйесінің есептері бұқараның тұрмысында кездеспейтін. Балаларға жат «Қызыл шұға», «Көк шұға», «Пәлен жүз шелектік «бассейн» сықылды нәрселер болатын еді. Зенченко мен Еменьев жаңа мектепке арнап шығарған есеп кітабына ондай «шұға», «бассейндерді« кіргізбей, түрлі есептердің бәрін де бұқараның тұрмысынан, шаруасынан алып жазған. Сондықтан балалар Зенченконың есептерін шығарғанда, есепке жаттығып, зейіні ашылудың үстіне тұрмыстың, шаруаның түрлі тараларымен танысып, үй ішінің түсімі, шағыны қандай болатынын тексеріп үйренеді. Кооператив, түрлі серіктердің жайкүйімен танысады. Ауыл-аймақ, болыс, үйез, губерния, бүтін өлке, мемлекет жайын тексеріп, қоғам шаруасымен танысады. Қоғамдық жұмысқа да бейімделеді, сөйтіп бастауыш мектептегі сан жүйесі, шама тілі бұрынғыдай тұрмыстан, шаруадан сыртқары, оқушыны жалықтыратын жансыз құр сүлде болмай, басқа ғылымдармен сабақтасып, комплекс жолына түседі.

Зенченко кітаптарының артықтығын, қазіргі мектептерге артықша пайдалы екенін аз сөзбен айтып бітіруге болмайды. Сөйтсе де, оны әзірге осымен доғара тұрайық. Бұл кітаптардың қазақшасына келейік.

Зенченко мен Еменьевтің екі кітабы қазақшаға аударылған. Біреуі «Ауыл мектептері үшін екі жылдық есеп құралы». Мұны Ғ.Дәулетбекұлы аударған. Кітапқа «Бірінші басқыш ауыл мектептері үшін арналған есептің екі жылдық құралы» деп ат қойған, 1925 жылы Ташкентте басылған, бәсі 50 тиын, 68 бет. Тағы біреуі — үшінші жылдық есеп құралы. Мұны аударған — Баймаханұлы Шәкір. Кітабы «Бірінші басқыш ауыл мектептері үшін арналған есептің

үш жылдық құралы» деп аталған. Бұл кітап 1925 жылы Ташкентте басылған, бәсі 50 тиын, 70 бет. Екеуінің де емлесі ескіше. Бірақ ескіше де дұрыс емес, пән сөздері ғылым кеңесінде қабылдаған сөздерден басқаша, кітаптың әр жерінде әртүрлі аталатын сөздер де бар.

Мәселен, «аудан» кей жерде «аудан» делінеді де, кей жерде «көлем» делінеді. Шәкір аударған кітаптың 39, 60, 68-беттері тілі қазақша деуге келмейді. Бөлек сөздері болғанымен, қазақша тізілмеген (*мұны артынан сөз қылармыз*), басқанда кеткен қателер де көп. Мәселен, Ғ. кітабының 12-бетіндегі 27-есеп, Шәкір кітабының 52-бетіндегі 10-есептің Т жолы (*«20 адым бір метрмен бірдей» делінген*). Иә 68-бетіндегі 8-есептің (*«3 сиырын» деген*) қателері басқанда кеткен қате болуға керек. Есеп амалдары солдан оңға қарай жазылған. Шәкір кітабында оң-терісі аралас. Екеуінің де сыртында орысшадан «өзгертіліп аударылды» делінген. Бірақ Ғ-ның өзгерткені шамалы. Шәкірдің қанша өзгерткенін тексергенім жоқ.

Зенченконың кітабындағы цифрлар ішкі Ресейдің цифрлары: сондағы мал саны, егін мөлшері, сондағы базар нарқы. Сондықтан Зенченко мен Еменьев: «Біздің есеп құралымыз бұл күйінде басқа жердегі мектептерге жармайды, басқа жердегі мектептерге сол жердің шаруа жағдайына лайықтап, өз алдына есеп құрал шығару керек», — дейді.

Сондықтан бұл кітаптарды қазақшаға аударғанда азықтүлік, аяқты мал, шаруаның басқа түрлері керектерін, мұндағы тұрмыстық жағдайына қарай есептеп жазу керек. Біздің аударушыларымыз «крестьянин» деген сөзді «Балтабай» деп, шошқаның санын үй санына айналдырғаны ғана болмаса, қазақ тұрмысы, қазақ шаруасына лайықтап өзгерткен цифрлары шамалы.

Қазақтың үй іші, ауыл шаруасы түгіл, мектебі де ішкі Ресейдегідей болмайды. Сондықтан мектеп жайынан жазылған есептерді де қазақ мектебіне келетін қылып, түзетіп жазу керек еді.

Қазақ мектебінде оқитын балалар саны Шәкір кітабының 10-бетіндегі 52-есептегідей 1600 түгіл, Ғ-ның кітабының 23-бетіндегі 20-есебінде айтылған қалыпты 69-ға да тола бермейді. Дұрысында, 1600 бала оқитын ауыл мектебі ішкі Ресейде де болуы мүмкін емес. Сірә, аударушының аударуы қате

болуға керек. Шәкірдің «Болыстық мектебі» деп аударып отырғаны бір болыстағы барлық мектептер болса керек. Мектеп тұрмысынан алынған цифрларды өзгертпегенмен, ел тұрмысы тақырыбындағы есептерді өзгертіп жазу керек еді. Ғ-ның 38-беттегі 36-есебінде айтылған адам саны қазақ ауылнайына қалай келеді? Еркегі... болғанда әйелі 600 болатын ауылнай қазақтың ешбір жерінде де жоқ қой (*қазақтың еркегінен әйелі аз болады*).

Зенченконың кітабында ауыл, болыс жайында жазылған есептері ішкі Ресейдегі орташа ауыл, болыстарға дәл келеді. Біздің аудармашыларымыз ондағы сандардың қазақ ауылына, қазақ болысына қаншалық үйлесетінін көп ескермеген.

Орыс ауылын қазақ ауылы қылып өзгерткенде, оның аяқты малын, салған егіннің десте санын да, ішіп-жеген тамағының мөлшерін де өзгертпей ала берген. Қазақтың үй басына келетін егінінің десте саны орыстікінен кем. Аяқты малы артық болатыны да, қазақ орыстан етті көп жеп, нанды аз жейді де, салған егіннің көбі тары болып, орыс картоп егіп, олар қазақта көп болмайтыны да ескерусіз қалған (*Ғ. кітабының 11-беті 19 бен 37-есеп, 46-беті 28-есеп, 25-бет 25 пен 27-есеп. Шәкір кітабы 57-бет 2-есеп, 58-бет 5 пен 7-есеп*).

Орыстың «куль — мера» дейтін өлшеуіштері бар. Ғ. мераны «шелек» қылған да, кульді «қап» деген, сондықтан Ғ-ның үш шелегі бір қап та, қабына 6 пұт сұлы салған (*55-бет, 44 пен 49-есеп*). Кітабының тұрмысқа осы қалыпта жуықтағанын Зенченко мен Еменьев өздері білсе не дер еді? Зенченко кітабында бас-басына бірдей қылып таңба салған қағаздардың таңбасын санайтын есептер бар. Ғ. ондай есептерді қазақ тұрмысына үйлестіру үшін қазақ мектебінде қағазға таңба салуға болмайды деп түсінсе керек.

Қағаз бетіндегі таңбаны кітаптың бір бетіндегі жолы қылып шығарған; сондықтан кітаптың беті 6, 7, 9, ең көп болғанда 10 жолдан болып шыққан (*5-бет, 12-есеп, 26-бет 62-есеп*) Зенченконың кітабын мінеуге болмайды. Бірақ біздің аудармашыларымыз Зенченкоға обал жасаған. Зенченко мен Еменьевтің ескі кітаптар орнына жаңадан есеп кітабын жазғандағы мақсаты — сабақты тұрмысқа жуықтату. Шама тілін басқа пәндермен сабақтастырып, табиғаттану, отантану ғылымдарына атсалысу еді.

Біздің аудармашыларымыз ол мақсатты ойламаған. Қайта, сабақты тұрмыстан алыстатып әкеткен. Бір қапқа 6 пұт сұлы сияды. Қазалы үйезінде пәлен десятина арпа

себіледі деген сықылды, тұрмыста болатын сандарды дұрыс көрсетпеген соң, бұл кітап басқа пәндерге көмекші болмайды, бөгеу болады. Есеп құралдарында айтылған сандар отантану сабағында келетін шын сандардан басқаша болып, балалардың дұрыс білім алуына оралғы болады. Зенченко кітабының ұлы мақсаты қазақшасында жоқ. Онан басқа мақсаты орысшасында да шамалы. Комплекс әдісін қолданбай, сан жүйесін басқа сабақтармен қатыстырмай, дербес оқыту үшін бұл кітаптың орысшасы да жарамайды. Зенченко кітабын жазғанда таза есепті мақсат қылмаған, тұрмыспен, шаруамен танысу үшін керек шаралардың бірі деп жазған. Сондықтан Зенченко кітабының қазақшасында оның ұлы мақсаты болмаған соң, шама тілінің мақсаты екі бастан да болмайды.

Кітаптың тілі қазақша емес. Ғ-ның көбіне айтатыны: «Егер төмендегі бағаналарда көрсетілген сандарды біріне-бірін (*ия «көбіназына»*) көбейткенде, әйтпесе «бөлгенде» қанша болады, сықылды сөйлемдер (*6, 7, 9, 10, 11, 13-тен басқа беттерінде көп*). Екі ауыз сөзінің бірі орынсыз «егер» мен «әм», сөзге ылғи көптік жалғау қосып бұлдіреді. Мәселен, 61-беттегі 40-есепте «бұл жылқылардың ішінде...» делінген. Сол сықылды, орынсыз «қолайсыз», «қадақтар», «отындар» толып жатыр. Көбіне сөйлем мүшелері орысша тізіліп, баяндауышы басқа сөздердің алдына келеді... «Малшы бағып жүр 46 жылқы» (*50-бет 11-есеп*), «Бір үй жиып алды 65 пұт бидай» (*46-бет, 28 есеп*) сықылды сөйлемдер аз емес. Кейбір сөйлемдер бастауышсыз шұнтиып тұр: «Бір десятина жұмсақ шапқыдан шауып алды 275 бұт шөп» (*52-бет, 26-есеп*). Кім шауып алғаны айтылмайды, пішенші екені кім-кімге де мәлім болуға тиіс деп ойлаған болса керек. «Бір десятинаға 8 пұт бидай шашты» (*55-бет, 50-есеп*) сықылды сөйлемдер де жоқ емес. Аудармашы пән сөздерін өздерінше жазған, бірақ өзі тауып қойған сөздерін белгілі бір мағынаға құл қылмаған. Мәселен, 45-бетте «Асты сегіз бөлімнің бір бөлімі» дейді де, 49-бетте «Асты бестен бір» дейді. Қазақ «қанша», «нешеу» деген екі сөзге екі түрлі мағына береді, бірдеменің дәл санын айтқызу үшін «нешеу?» деп сұрайды да, жуық мөлшерін айыру үшін «қанша?» деп сұрайды.

Ғ. санның дәл өзін айтқызу үшін де «қанша?» дейді. Мәселен, «Сандарды біріне-бірін қосса, қаншадан болады?» (3-бет), «Екінші ауылда қанша жылқы бар?» (35-бет), «Қалада төңкерістен кейін қанша үй болды?» дейді. (57-бет).

Шәкірдің тілі Ғ-дан көрі қазақша, бірақ орынсыз «егер», «әм» («кісі», «адам» дегеннің орнына) «жан», «қанша»-лар Шәкірде де аз емес. Шәкірдің сөз тізімі Ғ.-дай тым ерсі емес. «Қыс ортасында 291 метр 50 сантиметр артық алынды алғашқыдан», «Шәкірт басына неше пұттан отын жағылған болып табылады, егер мектепте 120 бала оқыса» (55-бет) деген сықылды ерсі сөйлемдері Ғ-нікіндей көп емес.

Тайбағар.

(*1997 жылғы басылымнан алынды.*)

ОРЫСШАЛАҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІ

Біздің жазушыларымыздың көбі — орысша оқығандар. Олар көбіне қазақшадан да орысшаға жетік. Жетік болмаса да, жетікке ұқсайды, жетік болып көрінгісі келеді.

Сондықтан олардың қазақша жазғаны да орысшаға ұқсап тұрады. Оны жазушының өзі секілді орысша оқығандар ғана болмаса, қара қазақ түсіне алмайды.

Осы кезде бұрынғыға қарағанда, әдебиет жағынан едәуір алға кеттік: басылып шыққан кітаптарымыздың саны бұрынғыдан мың есе артық, газет-журналдарымыздың саны онан да көп. Бірақ дұрысында біздің әдебиетіміз тек сан жағынан ғана алға басқан; сапасына қалғанда... мақтанарлық түгіміз де жоқ деуге болады. Жазушыларымыздың көбі орысша оқығандар болған соң, олардың қазақша жазғаны орысшаға ұқсаған соң, басылып шығып жатқан кітаптарымыздың да, газет-журналдарымыздың да тілі қазақша болмай, орысшылаған қазақ тілі болып отыр. Таза қазақ тілінде басылып шыққан сөз өте аз: олардың да көбі өлеңмен жазылған көркем әдебиет. Оны орысша қазақ тіліндегі көп сөзбен салыстырсақ, жоқтың аз-ақ алды болады. Сондықтан сан жағынан сұрапыл алға кеткен әдебиетіміздің сапасы аз емес, мүлде жоқ, — дұрысында, жоқ та емес, қолындағы малы борышынан анағұрлым кем сорлының борышы сықылды болады. 10 кітаптың біреуінің ғана тілі қазақша да, тоғызынікі орысша қазақ тілі болған соң, бір қазақша кітап пен орысша қазақ тіліндегі бір кітап екеуінің біреуінің пайдасы екіншісінің зиянын өтейді де, қалған сегіз кітап таза зиян болып шығады.

Қазақ тілін іске асыратын болсақ, қазақ әдебиетін күшейтеміз десек, ең алдымен, істің санын салмақтамай, сапасын ескеруіміз керек. Ол үшін қазақша деп жазылған сөздердің

әлгі кемшілігін құрту керек. Оны құрту үшін әуелі сол кемшіліктің қандай екенін білу керек.

Ол кемшіліктің бірі — дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік. Жазушыларымыздың көбі қазақ тілінің дыбыс жүйесін елемейді: орысшадан алынған сөздерді бұлжытпай, дәл Мәскеу орысының айтуынша жазады: мәселен, «Мәскеу» демей, «Москуа» деп жазады, «коменес» демей, «коммунизм» иә «коммунист*» дейді. Осы сықылды сөздердің көбіақ ілім кеңесінде тексеріліп, қазақ тілінің дыбыс жүйесінше қабыл алынған; қазақ білімпаздарының сиезінде ондай сөздердің жалпы негізі де ашылып, тиісінше қаулы да шығарылған. Сондықтан қазақша деп жазылған сөздерді қазақша жазып, қазақша айтып үйренгісі келген кісі оны оп-оңай-ақ үйрене алса керек.

Екінші кемшілік — сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік, қазақша жалғау, жұрнақтарды елемегеннен болатын кемшілік. Жазушыларымыздың қазақша деп жазған сөзіне басқа тілдердің жұрнағын жалғап жібереді. Мәселен, «социализм» деген сөз қазақша «сатсиал» деп қабылданған, сондықтан «сатсиал» деп, «сатсиал» жолын жақтайтын кісі «сатсиалшыл» болуы керек еді. Бірақ біздің жазушыларымыз олай демейді, — «сатсиалист» иә «сотсиалист» деп жазады, — қазақ тілінде «ист» деген жұрнақ жоқ екенін елең қылмайды. «Техника» қазақша «технике» болса, «техникті» қазақша «техникеші» деу керек қой, бірақ біздің жазушыларымыз «техникешіні» де орысшалап «техник» деп жазады. Әдебиет тілі жалпы халықтың аузындағы тілге де әсер береді, әдебиет бүтін халықтың тілін тәрбиелейді. Біздің жазушыларымыз техникешіні «техник» десе, қазақтың тілін, «шы» жұрнағын жоғалтып «жылқышыны» «жылқ» деп айтқызатын болып тәрбиелейді ғой.

Үшінші кемшілік — сейлем жүйесі жағынан болатын кемшілік. Біздің жазушыларымыз сөйлем ішіндегі сөздердің алдында айтылатынын артына, артындағысын алдына әкеліп, сөздерін орысша тізеді. «Таймінер жолдас» деудің орнына «жолдас Таймінер» деу де сол кемшілікке келеді. Бұл туралы

---

* Біз коменес деген сөзді қабыл алсақ, олай деп алмасқа болмайды, ол сөз қазақтың өз сөзіне ұқсап кетті. Жалпы қазақтың аузында бар сөз, коммунизм — «коменес жолы» мен «коменесшілік» болады. «Коммунизм» деген сөзде екі мағына бар, бұл екі сөз сол екі мағынаға дәл келеді. Қазақ тіліне «изм» деген жұрнақты кіргізуде тіл бұзудан басқа мағына жоқ (*Ескерту мақала авторынікі — Ред.*).

«Қызыл Қазақстанға» айрықша мақала жазып едім, сондықтан мұның ережелерін қайта айырудың керегі де жоқ болар.

Төртінші кемшілік — жалпы кемшілік. Бұл кемшілік жазушының орысшаны да жете білмегенінен болады иә орысшаға жетіктігі асқынып кетіп, білім буынына түсіп кеткеннен болады. Мәселен, «сорпаны ішемін» демей, «сорпаны жеймін» деушілер бар; «бөркім жарасады» деудің орнына «бөркім жүреді» дейтіндер де жоқ емес; «өзеннен өту» дегенді «өзен арқылы өту» дейтіндер де бар. Сол сықылды «сұрады», «ұсынды», «түсіндірді» сықылды қазақша сөздердің орнына орысшалап (иә басқа бір тілмен болса да өзі біледі) «сұрау қойды», «ұсыныс қылды» («ұсыныс кіргізді»), «түсініс берді» дейді. «Сиездің қаулысынша» деудің орнына, «сиездің қаулысы бойынша» дейді. Мұндай кемшіліктердің әркайсысын өз алдына тексермесе, барлығын бір жалпы ережеге сыйғызуға болмайды. Бет-бетімен кеткен былық сөздерде ереже қайдан болсын. Дұрысында, мұндай кемшіліктерден құтылу үшін дыбыс жүйесі, сөз жүйесіндегі ережелердің де керегі жоқ, тек қана жазушының жазуын қазақша қылып шығаруға ниеті дұрыс болса болады: «түсініс беру» сықылды ерсі сөздердің ерсі екені орысшаға жетік жазушының өзіне де бірден сезіледі ғой. Сондықтан жазушы сөзін шынымен қазақша жазғысы келсе, орысшаға жетік те, қазақшаға шорқақ екенін көрсетіп қалу сықылды айрықша ниеті болмаса, «сұрау қою», «өзен арқылы өту», «ұсыныс кіргізу» сықылды сорақылық білмегеннен болмайды, — ондай сөздердің қазақша ерсі болатынын білмейтін қазақ болмайды. Сондықтан ондай сорақылықты тілдің заңы жағынан тексерудің қажеті де жоқ.

Тайбағар.

«Еңбекші қазақ», 4 июль, 1926 ж., № 141.

ОН АЛТЫНЫҢ ОЙРАНЫ

(1916 жыл)

1916 жылғы июнь жарлығы шыққан кезде Орынборда едім. Ахмет Байтұрсынұлы сол жаз Торғай үйезіндегі санақ қызметіне кетіп, «Қазақ» газетін мен басқарып тұрдым. Ол жылдары Орынборда қазақ жоқтың қасында, аз болатын; оқып жүрген жастар елге тарап, қалада саны онға толмайтын кеңсе қызметкерлері ғана (шенеунік, тілмаштар) қалатын.

Бір күні төбеден түскен жайдың оғындай июнь жарлығы сарт ете түсті. Бұл жарлықтың бізге жайдың оғындай көрінуі — қалың қазақ еліне оның әсері қандай болатындығын сезгендігімізден еді. Бұл жарлықтың қазақ арасына қалай тарайтыны, қазақ елі не күйге ұшырайтыны көз алдымызға елестей қалды.

Өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалықпен көнгісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, «соғыс», «солдат» деген сөздерден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. «Көнбе, берме» дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп «көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге бола ма? Қиын-қыстау жерлерде жан қиысуға шыдай ма? «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Жұрттың көбі бас амалдап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бейшара қазақ көнбеймін десе, қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зиян бар екен. Екі зияннның қайсысы жеңіл болар екен?

Міне, біздің басымызды дақ қылған, миымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді. Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмады. Ол кезде 1916 жыл еді. Жиһан соғысының қызып тұрған шағы еді. Ресейдің таяқ жеп, халқының шаруашылығы күйзеліп, патша өкіметіне наразылығы күннен-күнге күшейіп, орыс жұмыскерлері әр жерде ереуіл жасап, фабрик-зауыт, өнеркәсіп жұмыстары нашарлап, қымбатшылық өсіп, саяси партиялардың төңкерісінен үміт етіп те тұрған шағы еді. Бірақ ондай төңкеріс қашан болады? Қалай болады? Ондай төңкеріс бола қалғанда қазақ жұрты көнбей қарысып отырып, соған аман-есен жете ала ма? Бұған біздің көзіміз жетпеді. Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып-ақ кетсін деуге дәтіміз шыдамады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық — көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін, елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза беру жағын ғана ескеріп отырдық: пішен шабатын кез, егін оратын кез бірінің артынан бірі келе жатыр, мәулет сұрандар дедік, халық әлі түсінген жоқ, әбден түсінсін, осыған пұрсат сұрау керек дедік.

Патшаның жарлығына қарсы емеспіз, бірақ қазақтың жай-күйі осындай, өгей баланың өксігіндей сөздерге ғана ие болуға жарадық.

Ол кезде қазақта жалғыз-ақ «Қазақ» газеті бар еді. Ол заманның жуан ортасында болмаған, ащы-тұщысын татпаған бүгінгі бақытты жастар ол «Қазақ» газетін енді оқыса: «Бишара, қалай жасқаншақ, қалай қорқақ, былай жазса болмас па еді, олай жазса болмас па еді?» — дер еді. Ол кездегі газеттердің бет-аузын алапес қылып шығаратын цензураны бүгінгі жастар көрген жоқ қой. Өз ойынды, өз бойынды өзің ұрлап, «осылай жазсам, жұрт бірдеме қып түсінер-ау» деп ишаралап, жасқанып, жалтақтап отыруды бүгінгі жастар көрген емес.

Міне, осындай күйде тұрғанда июнь жарлығы шыққан. Көну керекке бел байлағаннан кейін, сонда «Қазақ» газетіне (№188) біз алғашқы мақаламызда мынаны жазғамыз: «25 июньде патша жарлық қылды, Ресейдегі әскерлік қызметінен азат бұратаналарды, олардың ішінде біздің қазақ халқын, соғыс майданында әскер артында ор қазып, жол салатын қара жұмыстарды өтеуге міндетті қылып алуға. Патшаның бұл бұйрығын ішкі министр губернаторлар арқылы халыққа мәлім қылды... Мемлекет керегі үшін мал шығынынан тартынбай, қайта, әскерлікке алам десе, ақылдасып, барудан тайынбастай болып жүрген қазақ халқын бүгін қара жұмысқа алатын жарлық шыққанға дағдарып, таңырқап қалдық. Қазақ секілді іргелі жұрт өзгелер қатарында соғыс майданында қару-жарақ асынып, мемлекетті қорғауға лайық еді. Қатарда жоқ қара жұмысқа байлануды кемшілік санаймыз. Бірақ патша жарлығы хақ, оған қарсы айтар сөз жоқ. Әмір қатты, жан тәтті дегендей, өмірін екі қыла алмаймыз.

Қашатын жігіт болса, бүліншілік болады, бұл күнде соғыс уақыты, тәртіп қатты, қашқандардың артынан қуғыншы жасақ шығып, елді, артында қалған әке-шешесін, қатын-баласын шулатқаннан, шаруасын күйзелткеннен өнер еш нәрсе жоқ».

Міне, «Қазақ» газеті, оның маңайындағы, жолындағы азаматтар, жалпы қазақ оқығандары осы бағдармен отырды. Мына жоғарыдағы мақала елге тарап та біткен жоқ еді. «Қазақ» басқармасына қазақ жерінің түс-түсынан телеграмдар, хаттар жауа бастады. Ол кезде «Қазақ» газетін, қазақ елінің көбі өз көз-құлағындай көретін. Сондықтан құр телеграм беру, хат жазумен ғана қойған

жоқ, жан-жақтан саулап ел адамдары Орынборға ағыла бастады. Елде не болып жатқанын, хатқа, телеграмда жазуға болмайтын сөздерді солар әкеліп отырады.

Қазақ даласы күніренді.

«Ел арасына қысқа күнде қырық түрлі хабар тарады. Қорқыныш күннен-күнге ұлғайды. Әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты. Сауысқан, қарға тойынды. «Солдат алмайтын болыпты» деп өтірік сүйінші сұрағандар олжаға батты. «Сенің балаң алынады» дегенді естіген шал-кемпірдің жүрегі жарылып өлгендер болды. Жұрт сеңдей соғылды. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден айырылды. «Өне келді, міне келді» деп, өлім жазасына бұйырылған үкімнің орнына келуін күткен тұтқындай болып тұрды» (*«Қазақ»*, №212).

Елден осындай түрлі хабарлар келе бастады. Қозғалыс күшеюге бет алды. Пәлен елге әскер шығарылайын деп жатыр, түген елге губернатордың өзі кетті деген хабарлар дүңкілдеді. Қостанайда ел жігіттері Сайым болысты өлтіріп жіберген, Атбасарда Есет болыстың ішін жарған, Торғай желігуге айналды, Ақтөбе үйезінде қырдағы орыс тілмаштарды (*песірлерді*) өлтірген, екі қаланың арасындағы поштаны талаған...

Торғай губернаторы Қостанайға бір барып қайтып еді, енді Ақтөбеге бармақшы еді, Сайым болыс өліп қалған соң, ол Қостанайға тағы кетіп, оның орнына вице-губернатор Обухов баратыны мәлім болды.

Ақтөбе қаласына мың-мыңдаған қазақ жиналыпты, әр жағындағы Ырғыз үйезінен де, мына жақтағы Орал облысының сыбайлас үйездерінен де халық көп келіпті дегенді естідік. Солардың үстіне вице-губернатор барғалы жатыр. Осыны білгеннен кейін, Орынбордан Сейдәзім (*Қадірбайұлы*) екеуміз әдейі Ақтөбеге жүрдік.

Ақтөбеге мың-мыңдаған қазақ жиналған: аттысы — атты, жаяуы — жаяу. Бұрын жиылыстарда ел атынан ақсақал атқамінерлер жүретін болса, бұл жолы тайлы-таяғы қалмастан, жұрт көтеріле келген, ақсақалдарға, болыстарға сенбейді. Не болып жатқанды жұрт өз көзімен көрмекші, өз құлағымен естімекші.

Ертең вице-губернатор келетін күн. Біз шілденің 16-күні Ақтөбеге жиналған жұртпен қаладан 15—20 шақырым жерде оңаша кеңеспек болдық. Бір төбенің басына жұрт жиналды, қалаға жиналған халықтың қалғаны болмады. Бұл топта болыстар да, молдалар да, қазақтың ол кездегі төрелері де, жай оқығандары да бар. Жұрт жиналып болған соң, тым-тырыс,

бір-біріне қарайды. Ешкім сөз бастамайды. Болыстар, атқамінерлер сөйлеуге қорқады. Анталаған аламан. Кім не айтар екен деп аңдып тұр. Бір мезгілде бір молда түрегеліп, басына ұстаған қолшатырын сермеп, бізге (орысша оқығандарға) қарап тепсіне сөйледі. «Біз баяғыда түрікке қарап кететін ел едік, осы сендер орысқа бағындырып қойған, қазақты шен-шекпенге сатқан — мына болыстар. Әлі де болса кетеміз, босаймыз, Қытайға ауамыз, Қырымға барамыз, орыстың құлдығында тұра алмаймыз, қырыламыз, өлеміз, солай ма, жұрт?! — деп айғай салды. «Солай, солай!» — деп жұрт шу ете түсті. Болыстар төмен қарап, жерге кіріп бара жатыр: үн де жоқ, түн де жоқ. Елдерінде партия болып, жеңіліп, болыстығынан айырылып қалған бірен-сарандары сол кездегі болыстарына қарап: «Болыс, сіз сөйлеңіз, сөйлесеңізші», — деп қояды. Болыс онан жаман жерге кіреді. Қостанайда Сайым болыс өлгені бұл топқа естіліп қалған екен. Бұл топтың ортасында бір болыс жақ ашса да, жұрт дүрсе қоя бергелі тұр.

Қысқасы, көну керек деген сөзді тыңдайтын халық көрінбейді, ол сөзді айту да қиын болды. Содан кейін біз, жұрттың басқосқан жеріне көңілдегі сөзімізді айтамыз деп сонау Орынборда әдейі келген соң, өз ойымызша, қарсылық қылудан үлкен зиян бар деп білгендіктен, жұрт жаратпаса да, үндемей кетуді жөн көрмедік. Мен сөз сөйлеуге кірістім. Сөздің беті көрінгенде-ақ жұрттың түсі бұзылды, бірақ сөзді бөлген жоқ, тыңдады. Бір сөздің ретінде бір топ жігітке қарап: «Сендер жап-жас жігітсіңдер, жантәттілік қылып қарсы шықсаңдар иә қашсаңдар, ел бүлінеді, әскер шығады»... дегенімде, екі-үш жігіт ілгері ұмтылып, көздері қанталап: «Біздің жасымызды тексеретін доқтыр ма едің» деп төніп-төніп қойды...

Менен кейін басында шошақ төбе шөмекей тымағы бар, киімінің бәрі нағыз қазақы, алқам-салқам, көйлегінің жағасы иығын жапқан бурыл сақалды шал тұрып сөйледі. Бұл шалды басында елеген кісі жоқ, бұл топта оны танушы да көрінбеді. Бұл Ырғыз үйезінен келген адамдардың біреуі екен. Шал сөзді былай бастады: «Уа, жұрт, бір шетте, құм сахарадан құлан-киікше жосып жүрген көшпелі шөмекей, шекті деген ел боламыз. Ел басына, ер басына күн туды, бұл жақтағы ағайындарды өзімізден гөрі көзі-қарақты санап, білелікші, не қылып жатыр екен деп келдік. Біз еліміздің үзеңгіге аяқ салып аттанғанда, «көне қоямыз, бала бере қоямыз» деп шыққан жоқ едім, еліміз «өлсеңдер де көнбе»

деп жіберіп еді, бірақ бұл жақтың түрін көріп, бұл жақтағы өңгімені естіп отырсақ, көнбеске шарамыз жоқ көрінеді...» — деп, көну жағына өзінше көп дәлел айтып, тыңдаушы көпті ұйытқандай сөздер сөйледі. Оның сөзіне жұрт құлақ асқандай, амалсыздықтың жайына түскендей болып, тілге келді. Манадан бері бұғып отырғандар да жандана бастап, иә, сөйлеселік, ақылдасайық дегенге жарады. Содан кейін жұрт ертең вице-губернаторға айтатын сөздерін саптады. Көбінің ұйғарғаны — соза беру, егін, пішен, шаруа жайын айтып, кеңшілік сұрау, жалқы жігіт қалсын, пөлен алынбасын деген сықылды жобалар болды. Ол күні жұрт сонымен тарады.

Ертеңіне, шілденің 17-күні, Ақтөбе қаласының бір кең көшесінде вице-губернатор жиналған жұртқа сөз сөйледі. Вице-губернатордың сондағы сөйлеген сөзі, артық-кемі жоқ, мынау еді:

«Губернатор сіздерге рұқсат беріп еді. Осында жинальп, патша жарлығын тез орындау, кеңесуге, кеңеске өзі де келмек еді, бірақ бір тығыз қызметі болып, басқа үйезге шығып кетті. Орнына мені жіберді. Біз, Торғай облысының әкімдері, мақтанушы едік — қол астымыздағы қазақтарымыз бұл соғыста мал-жанын аямай, құрбан қылуға даяр, орыс халқы патшаның қандай шын қарашасы болса, қазақтар да осындай деп, өздері де осындайлығын көрсетуші еді. Әттеген-ай! Оның бәрі құр сөз екен. Естіп тұрмыз, қазақ арасында тәртіпсіздік, бүліншілік басталып жатыр дейді, тіпті, патшаның поштасын тоқтатуға де батылдары барыпты. Біз мұны жаман ниеттілердің ғана ісі деп ұйғарамыз, әйтпесе мұны қазақ деп танығымыз келмейді. Естерінде болсын, мұндай қылмыстыларды военный сот тергейді, ал военный соттың үкімі қысқа: айыпкерді өлім жазасына бұйырады. Губернатор өзі-ақ сіздерге жеңілдік алып беру ыждиятында, бірақ қазақ өзіне-өзі зиян келтірді. Біліп қойыңдар, әлгідей тәртіпсіздік шығаратын болса, әскер шығарылады, құр шыққанымен қоймай, атқылайды, мұндай ойынды қойыңдар. Бұл — жаман ойын. Сөздің қысқасы, жалғыз қазақ қалмау да, патша жарлығы сөзсіз, тоқтаусыз орнына келуі хақ. Мен үміт етемін, ақсақалдар елді-еліне тарап, жастарды үгіттер, мұнан кейін бұл секілді, оқиғаның болмауына ыждият етер. Ақсақалдар болсын, болыстар болсын, патша жарлығын орнына келтіру ісінде жәрдемдес болуға міндеткер. Бұл туралы үйге кіріп кеңеселік, болыстар және басқа бірнеше ақсақалдар жүріңдер» деп вице-губернатор үйге кіріп кетті. (*«Қазақ», №190*).

Губернатордың мұндай сөздерімен де қазақ арасындағы толқын басыла қойған жоқ. Ел хан көтерісіп, сарбаз жинауға кірісті. Сол жаздың өзінде-ақ, әсіресе күзге қарсы, ел-елге әскер шыға бастады. «Соғыс ерлер туғызады» деген орыс мақалынша әр жерден, әр елден ерлер шықты, оңдай ерлерін ақын, халық жырлады, мақтады, өліп кеткендерін жоқтады. Кенесары, Наурызбайдың көтерілісін Нысанбайлар жыр қылған болса, 16-жылдың жыраулары да қазақ даласын мынадай өлеңдермен күңірентті:

Айранбай, Алпыс, Байқадам,
Қылышпенен жайқаған,
Өлтірді дейді он бесін,
Сырттан көріп байқаған.
Найзамен түйреп сағақтан,
Түсіріпті шалқадан.
Өзгесін айтып қайтейін?
Әмірбек пен Мырзабек
Тірілмейді қайтадан.
Әмірбек пен Мырзабек,
Жағыпардай асылдай,
Шынжыр қатар нәсілдей
Көрсеткен күші, мысалы,
Кенесары — Қасымдай.
Қараған заман соңында
Александр патшаға
Кім күш қылды осындай!
Сайланған сары әскермен
Жағаласты шошынбай.

Міне, осылайша, «сайланған сары әскер» қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіп еді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, не болар еді?!

Міржақып Дулатов.
«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №145.

ҚАРА ЕШКІГЕ ЖАН ҚАЙҒЫ, ҚАСАПШЫҒА МАЛ ҚАЙҒЫ

(1916 жыл әңгімелерінен)

1916 жылдың күзінде Торғай үйезінде көтеріліс күшейді. Қыпшақтан Жанбосынның Әбдіғаппары, арғыннан Жәнібектің жасыл туын ұстап, Орынбор жақтан үкімет әскерін жібермеу шараларына кіріскен. Ырғыз бен Торғай арасындағы қызыл үйлерді өртеп, пошта айдап тұрған орыстарды өлтіре бастаған, қатын-қыздарын «олжаланып» кетушілер де болған. «Бар пәле «қаладан», қала болмаса орыс та тұра алмайды» деп, Торғайды өртемекші болған. Торғайға жел жағынан от жіберіп, сарбаздар шабуыл жасаған. Бірақ қаланы жөнді өртей алмай, қазақтан үш-төрт жүздей адам қырылып, қаладан үш орыс өлген. Содан кейін Торғай соғыс болған жер есебінде жарияланып, Орынбор жақтан лек-легімен әскер жіберіле бастаған. Бұл әскер қырға шығып, неше жерде сарбаздармен айқасып, қазақтан көп адам өлтірілген.

Торғай қаласы соғыс қорғаны есебінде болып, қазағы қатынасудан қалған. Ол кезде қалаға жақын елдер қауіп-қатердің өтінде отырған соң, еріксіз жігіт беруге бойсұнған. Торғай әкімдері оларды қалаға жуытпай, губернаторға — қазақтың бәрі жау, бәрі қарсы деп білдіріп отырған. Пәлен күннен қалсаңдар, күнбе-күн елге әскер шығарамыз деп отырып, сол айтқан күніне барайын деген қазақты да қалаға кіргізбеген. Үлкен жолдың үстіне атып өлтірілген бір қазақ шалын қарақшы қылып, қарға шаншып қойған. Мұны көрген ел қалаға жолауды жүдә қойған.

Қаладан қырға бір қазақ шығармаған. Қызметтегі азаматтарды, олардың қатын-балаларын, оқудағы шәкірттерді тегіс абақтыға қамаған. Бұлар аштан өлуге таянған. Күзетші солдаттардан судың шелегін жеті сомға сатып ішкен күндері болған. Ыдыстары да болмай, суды етіктеріне, мәсілеріне құйып алып ішкен. Күні таянған екіқабат әйелдер балаларын абақтыда тапқан. Тұтқындарға өлген малдың жемтігін берген. Ауру көбейген. Өлгендер де болған. Торғайдың доқтыры Корин деген кісі (*осы кезде де Торғайда тұрады*) тұтқындарға жаны ашып, әскербасылардан әрең дегенде рұқсат алып, қорасында бағып тұрған өзінің жалғыз тайын сойып берген.

Абақтыдағы отырған азаматтар ол кезде жігіт беру жағында болатын, ел қарсылық қылса, әскер шығып ойран қылады деп қорқатын. Әскербасылар бұған қарамай, «сары

орыстың бәрі орыс» дегендей, қазақтың бәрі қазақ деп есептеген. Жоғары орындарға қазақ арасындағы көтерілісті аса қатерлі етіп көрсеткен. Шынында көтеріліс қару-жарағы сай үкімет әскеріне қарсы тұрарлық емес еді. Мұны өздері де білетін, неміс пен екі арадағы соғыстың қызу кезі, қазақ арасы тыныш болса, бұл әскер соғыс майданына кетуге тиіс. Сондықтан қазақтың көтерілісін күшті қылып көрсетіп, өздері елде қалып, қауіпсіз жерде жата бергісі келген.

Қалаға жақын елдер Торғайға бара алмаған соң, «көнген ел болып көрінілмек» деп, аз-аздан жігіт алып, Қостанай келеді. Ол кезде Қостанай жігіттері алынып жатқан еді.

Торғай елі басқа жақта не болып жатқанды білмейді. Қостанайға келгендері Орынбордағы Торғай азаматтарына телеграм беріп, біреуің келіп кет деп шақырады. Солардың шақыруымен мен де Қостанайға барғамын.

Бір үлкен үйде комиссия жігіт алып жатыр екен. Комиссияның маңында неше түрлі пысықтар тулап жүр. Доқтырға жақынырақ жерде үстінде дақа ішігі бар Байбатыр отыр. Комиссияның тілмашы — қазақ жігіт. Қаралатын жігіттер екінші бөлмеден тырдай жалаңаш болып бір-бірден келіп жатыр.

Бір мезгілде жасы қырықтан асып кеткен жап-жалаңаш гүжбандай дәу қара жетіп келеді, алдында өңгерген бір нәрсесі бар сықылды... жарық екен.

Комиссия: қай болыс, қай ауылдікісің?.. Нешедесің? .. Әкең аты кім? — деп сұрауға кірісті.

— Әкем аты Абақ, — деді дәу қара. Байбатыр: «Абақтан да бала туған-ақ екен», — деп қасындағыларға қарап жымыңдады. (*Абақ сол кезде жасы 50 ден аса қоймаған белгілі кісі еді.*)

— Ауруың бар ма? — деді.

Дәу қара: «Бар, мына-мына», — деп, қос-қолдап жарығын көтеріп, доқтырға жақындай түсті. Доқтыр қолын бір-ақ сілтеді. Дәу қара, маған қатты қиын қылдың дегендей, талтаңдап тартып отырды. Комиссияның алдына бір жігіт келіп тұра қалды.

— Атың кім? Әкең аты? Жасың?..

Жігітте үн жоқ. Тілмаш құлағына аузын тақап тұрып айқайлады. Жігіт үндемеді, тастай қатып қалған.

— Мылқау екен, — деді доқтыр.

Комиссия мүшелері қағаздарына бірдемені түртіп жаза бастап еді, тілмаш «мылқау» жігітке ақырын:

— Қалдың, жүре бер, — деді.

Манадан бері түк үндемей тұрған жігіт, жалт бұрылып, көз ашып-жұмғанша әлгі үйден жоқ болды. Комиссия мұны байқаған да жоқ, байқағысы да келген жоқ.

Арада бірнеше жігіт алынғаннан кейін, қолында алтын сақинасы бар бір жігіт келіп, доқтырға бір жапырақ қағаз ұсынды. Доқтыр қағазға қарады да, екі жағындағы екі төреге көрсетіп, жігітке: «Жүре бер», — деді.

Әлгі қағазды доқтыр жерге тастап еді, Байбатыр ептеп жерден алды да, күлдей қылып жыртып-жыртып тастады.

Мен Байбатырдың жанына келіп: — «Қағазды неге жыртты, мәнісін айт», — дедім. Байбатыр азырақ бұлтақтады да: — «Мына доқтырмен сырлас еді, ақша алған жігіттеріне осындай белгі қағаз беріп қояды, бұрыннан ауру, өзімнен дәрі алып, емделіп жүрген демекші...»

Тағы бір жігіт келді. Бұл жігіт келе «ауруым бар» деді.

— Қай жерің ауырады?

— Тамақсау, жіңішке ауруым бар, — деді.

— Не айтады, — деп, комиссия тілмашқа қарады.

— Тонкая болезнь, — деді тілмаш.

Комиссия мүшелері қарқ-қарқ күліп, қаламдарын тастап, шылымдарын тартып, біраз бойларын жазысты.

Міне, осылайша қалың қазақ елі қан жұтып, жанын қайда қоярын білмей дағдарып тұрғанда, қулар, тілмаштар алыпсатарлыққа кірісіп, адам саудасын ашып, шаш етектен олжаға батысып жатыр.

«Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы» дегеннің кебін біз сонда көргенбіз.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 28 июль, 1926 ж., №162.

АСТЫҚТЫ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ КЕРЕК

Жалғыз малды ғана емес, астықты, үй, қора-қопсыны, басқа мүліктерді де пәле-қаза, апаттан қамсыздандыруға болады.

Биыл астықтың шығымы жақсы. Қара шаруаның қайқайсысында да астық бар. Күзге қарай жаңадан үй, қора-қопсы салынбақ.

Бірақ «пәле жоқ десең, шығар бөрік астынан», қара шаруаның басына келетін пәле-қаза да аз емес. Иә егінді бұршақ соғады, шегіртке тонайды, иә мал-мүлкі, сарайдағы астығы отқа күйіп кетеді.

Мұндай пөлеге ұшыраған шаруаның бір күннің ішінде үй-күйсіз, азықсыз қалатыны таң емес.

Ал астығын, мүлкін қауіпсіздендіргенде, ондай пөлекәзаға ұшырай қалған күнде де, Қауіпсіздендіру мекемесінің берген жәрдемімен дүниесінің орнын толтырмаса да, бұрынғысының негізін түзеп алады, онша жоқшылыққа ұшырамайды.

Мұның үшін астығын, мүлкін қауіпсіздендіргісі келген шаруалар тізімдерін жасап, арыз берсе болады.

Қауіпсіздендіргенде, көрсетілген астықтың, мүліктің бәсінің төрттен үш бөлігіндей ($^3/_4$) жәрдем белгіленеді, соған қарап, шаруалардан төлем алынып, квитанция беріледі. Төлем көп емес.

Азын-аулақ шығын шығарсаң, қазаға ұшырай қалсаң, бұзылған шаруаңды түзегендей жәрдем аласың.

М.

«Еңбекші қазақ», 22 август, 1926 ж., №183.

МАЛ ТҰҚЫМЫН АСЫЛДАНДЫРАТЫН ОРЫН АШЫЛДЫ

Шымкент. Әулиеата үйезі Жуалыда сиыр малының тұқымын асылдандыратын орын ашылды. Бұған арнап голланд, қалмақ тұқымдарынан 25 сиыр малы алынды. Шығыны алдағы күзден бастап мемлекет бюджетінен төленбек. Әзірге жергілікті бюджеттің қаржысына 40 малға жеткендей қора салынып жатыр. Қызметкерлер тұратын үй күз салынып болмақ. Сиыр малын асылдандыратын орынның өз күшімен 15 мың пұт пішен, өзі ектірген егіннен 4 мың пұт малға тамақтық астық дайындалды. Меңгерушісі — Сырдарияның ауыл шаруашылық техникумын бітірген комсомол. Төңірегіндегі елдің бұған көзқарасы жақсы.

М.

«Еңбекші қазақ», 23 август, 1926 ж., №184.

ОҚЫМАҒАН ЖАСТАРДЫ ЕСКЕ АЛУ КЕРЕК

Төңкерістен бері қазақ жастарының оқуға шұбыруы айрықша көбейіп келеді. Осылардың ішінде бірнеше жылдан бері малайшылықта жүрген жастар да жоқ емес. Елдің

жалпы сарыны оқуға жұмылған соң, жастар да, малшы малай жастардың да армандары — оқу, мектеп есігін көру. Бірақ жалшы жастардың оқуға кіруі жөнінде үлкен кедергілер бар. Өйткені оқушылардың білімі жөнінде сын болады. Бұрын өмір бойы малайлықта жүрген жастардың басқалармен қатар сыннан өте алмай қалуы көдік. Себебі: ол оқымаған, керек десе иман шарттың «ізетін» де білмейді. Тек өйтеуір: өкімет кедейдікі, кедейлерге оқу есігі ашық деген сөзбен еңбегін сатып келіп жүргендер. Дұрысында, кедей балаларына оқу есігінің ашық екені де рас. Бірақ жоғарыдағы сынға келгенде «ізет» оқымаған кедейдің балалары құлаққа соққандай тұрып қалады да, бұрын аз болса да оқығандар сыннан өтіп, оқуға кіріп кетеді.

Сондықтан менің айтайын дегенім:

Балаларды оқуға алу жөнінде сыннан өте алмады деп, жалшы жастарды кейінге қалдыра бермей, оларды да мектепке кірістіру амалын көздеу керек. Иә болмаса, биылғы оқу жылына келген жастардың есебін алып, соларға арнап бір мектеп ашу жөні көзделсін. Қайта, жалшы жастардың оқуға кірісе алмауы — көңілдерін мұңайтатын іс.

Дулатұлы.
«Еңбекші қазақ», 8 сентябрь, 1926 ж., №197.

МӘЖИТ БЕКЕР ҚЫНЖЫЛАДЫ

Мәжит бұдан 3-4 ай бұрын Мемлекет баспасына өзінің екі-үш қолжазбасын тастаған екен. Бұл күнге шейін қарала қоймаған екен, басыла қоймаған екен, соған қатты қынжылып, Мемлекет баспасының «салақтығын» айтып, ондағы бірнеше қызметкерлердің атын атап, оның ішінде маған да «шапан» жауып өткен көрінеді (*«Еңбекші қазақтың» 219-санында*).

Мемлекет баспасында салақтық та, кемшілік те бар шығар, бірақ Мәжитке келгенде күнәсі шамалы болса керек. «Алдыңғы қонақты соңғы қонақ білмейді» деген бар ғой. Мемлекет баспасының бар қарап отырғаны Мәжиттің жазбалары ғана емес. Онда қаралмай, басылмай жатқан жазбалар толып жатыр. Көбіне кезек тимей жатыр. Алдымен басуға лайық оқу құралдары, саяси кітаптар, мерзімді баспасөз Мәжиттерге жол бермей жатыр.

Мәжит жазбаларын тапсырған кезде мен қазақ баспа бөлімін басқарушы екенім, оның үстіне ондағы жазушылар

алқасының хатшысы екенім рас еді. Мен Мәжиттің бір жазбасын қарауға да кіріскемін. Бірақ соңынан жазушылар алқасы «қазір басыла қоймайтын кітаптардың жазбасы күн бұрын қаралмасын, басуға асығыс жоқ кітаптарды қараған үшін ақша төлеуге Мемлекет баспасының қалтасы көтермейді» деген. Сондықтан Мәжиттің де, өзгелердің де кешігуді күтерлік жазбалары кейін қаралатын болған. Анау күні Мәжит маған келіп, жазбаларының мәнісін сұрағанда, мұның жайын өзіне түсіндіріп айтқан сықылды едім, бірақ Мәжиттің іші күйіп кетті ме, иә қолы қышып кетті ме, бүгін аттан салып, «Мемлекет баспасынан көрген қорлығын» жұртқа жариялапты.

Мен Мемлекет баспасының қызметінен шыққаныма 3 айдан асып барады. Бұ туралы Мәжит: «...Міржақып жазбаларымды шкафқа салып, мықтап бастырып кеткен көрінеді» дейді. Мәжиттің мұнысы да кінәға жата ма? Мен мықтап жауып кетпесем ғой, Мәжиттің жазбалары жоғалып кетеді, Мәжит маған көресіні сонда көрсетпей ме? Және де мен оның жазбаларын құр бекітіп қана кеткенім жоқ, барлық жазбалармен бірге тізімін жасап, менің орныма отырған Оспан жолдасқа (*Шәрібайұлы*) тапсырып кеткемін. Екеуміздің «алдым-бердім» қағазымыз Мемлекет баспасында сақтаулы, нанбаса, Мәжит барып көрсін.

Мәжитке мұнша көп сөзбен жауап жазудың қажеті де жоқ еді, бірақ осы жазып отырған мән-жайды біле тұрып, бет алдына қолына найза, қаламын ала шапқанына қарай жазып отырмын, бұ туралы Мемлекет баспасының кінәсі жоқтығын оқушыларға білдіру үшін жазып отырмын. Мәніс осылай.

Міржақып.
«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №227.

ӘЗІРЕТ СҰЛТАН МЕШІТІ

«Еңбекші қазақтың» бұрынырақ шыққан сандарында Түркістандағы Әзірет Сұлтан (*Қожа Ахмет Иасауи*) мешіті жайында біраз сөздер жазылып өтті. Бұл мешіттің қысқаша тарихымен оқушыларды таныстырғымыз келеді. XV ғасырдың аяғына шейін осы күнгі Түркістан шәрінің аты Йасы екен. Кішкене ғана Жасы деген қышлақ (*қыстау*) XII ғасырда сол жерге Қожа Ахмет (*Әзірет Сұлтан*) деген «Әулие» келген соң, даңқы шығып кетіпті.

Қожа Ахмет Иасауи 1166 жылы қайтыс болды. Содан кейін оның бейітін түрік елдері, әсіресе біздің қазақ зиярат ететін болады. Мұнда әр жерден халық көп келетін болғандықтан, ол жерде сауда ашылып, кішкене қыстақ бірте-бірте шәріге айналды. Қожа Ахмет Иасауи туралы сөйленген, халық арасында тараған неше түрлі «кереметтер» жалғыз қара халық пен саудагерлерді ғана емес, заманындағы данышпан-ерлерді де өзіне қаратқан.

1397 жыл күздігүні атақты Әмір Темір (*Ақсақ Темір*) Иасыға келіп, әулиенің басына зор мешіт салдырып, белгі орнатуға жарлық қылды. Қазіргі мешіт Қожа Ахметтің «Әзірет Сұлтан» деп жүргені сол белгі.

XVII ғасырдан бастап Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шәрі қазақ хандарының астанасы болған.

Түркістан үшін, Түркістандағы Әзірет Сұлтан мешітін өзінікі қылу үшін ол замандарда да талай соғыстар болған.

Әмір Темір көрегеннің заманындағы (*салынғанына 530 жыл болған*) Шарафуддин Әлизаданың «Зафарнама» деген кітабында Қожа Ахмет Иасауи мешітінің салынуы туралы мынадай сөздер жазылған: «Самарқанда Дел қошы бағының миоаларын егіп болған соң, Әмір Темір әскерін Ташкенге қарай жөнелтіп, Сырдариядан өтіп, Ташкеннен 50 шақырым жерде Шейназ деген қыстақтың қасына келіп түсіпті. Бұл арада қыстамақшы болып, әскерге жылы үйлер салдырыпты. Мұнан Әмір Темір өзі шейх Қожа Ахмет Иасауиді зиярат етіп, басына белгі орнаттыруға Жасыға жөнеліпті. Әмір Темір келген соң өзінің жоспары бойынша мешіт-белгі салынып, бір жылдың ішінде тамам болыпты». Міне, осы мешіттің биіктігі 100 кез шамасында, 3-4 күмбезді. Күмбездерінің сырты глазурмен қапталып, әртүрлі дуғалар жазылған. Мешіт күйдірген кірпіштен салынған. Үлкен дарбазадан бір зор бөлмеге (*залға*) кіресің. Бұл бөлменің ортасында мыс (*бронзы*) қазан бар, қазанның алабы бес қанат үйдің шаңырағындай, айналасында арабша сөздер жазылған: «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Ғабдулғазиз Саруаретдинұлы, Термезден» деген жазуы бар.

Бұл үлкен бөлменің төріндегі есік Әзірет Сұлтанның өзі жатқан бөлмеге (*қабіріне*) кіргізеді. Есігіндегі шынар ағашы жазумен нақышталған. Болат тұтқада «Ғазеттен Тажеттен ұлы» деген шебердің аты бар. Қазандағы, есіктегі жазудан, екеуіндегі жазудан да мешіт бұдан 530 жыл бұрын, яғни 97 жылы салынғандығы көрінеді. Мешітте Әмір Темір

сыйлаған ескі жазулы төрт құран, бронзыдан құйылған алты шам бар. Бұлардың биіктігі бір кезден артық, ауырлығы 2-3 пұт шамасында, бәрі де жазумен нақыштанған. Бұл мешітті салушы бас шебер 1387 жылы Әмір Темір тұтқын қылып алған Ширазлық Қожа Құсейін деген адам екен.

Қожа Ахмет Иасауи мешітінде қазақ хандарының біразы қойылған. Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс. Арғынның атақты Жаныбек батыры да осында қойылған. Бұдан 13 жыл бұрын көргенімде мешіттің әр жері жарылып, бұзылуға бет алып тұрған еді. Қожа Ахмет Иасауидің нәсіліміз деп неше жүз жылдан бері уақыт жерлерін пайдаланып, зияратқа келген аңқау елді жем қылып келген басындағы қожалар 1910 жылы мешітті түзетеміз деп елден көп ақша, мал жинап алған екен. Көбін өздері пайдаланып, жинағанымыз осы-ақ деп, 12 мың сом көрсеткен. Ташкеннен Козловский деген инженер келіп түзетуге кіріскен екен, қожалар инженермен жанжалдасып, жұмыстың оннан бірі бітпей, инженер қайтып кеткенде, ақша қожалардың қалтасында қала берген. Ол жылдар ақшаның, малдың бәрі дерлік қазақтан жиналған. Әулиеата үйезінің қазағы Бөкі ұлы Нұрмамбет деген бай 100 жылқы берген. Соның бәрі қожалардың пайдасында кеткен. Әзірет Сұлтан мешітінің қысқаша тарихы, міне, осындай. «Еңбекші қазақ» жүзінде жазып жүрген хабарларға қарағанда, осы кезде бұл мешітті аман сақтап қалу шарасы сөз болып жүрсе керек. Мұны, әрине, мешіт қана деп түзеу керек емес, тарихи белгі деп аман сақтап қалу керек екендігінде талас болмауға тиіс.

Таймінер.
«Еңбекші қазақ», 10 декабрь, 1926 ж., №275.

1916 ЖЫЛЫ ТОРҒАЙ ҚАЗАҒЫНЫҢ КӨТЕРІЛІСІ

Соғыс майданындағы қара жұмысты атқаруға бұратана халықтардың 19-бен 31-дің арасынан жұмысшы алынсын деп Николай патша шығарған жарлығы Торғай қаласында телеграмма арқылы жарияланды.

Торғайдағы крестьянский нашандігі, үйез нашандігі, солдат бастығы болыс-болысқа адамдарын әкелетін сөзін кесіп айтып, тығыз бұйрық таратты. Ең алдымен, Торғай қаласына жақын тұсы, Шұбалаң болыстарынан алмақ болып, болыстарын қалаға шақыртып, тізімдерін жасатып,

«Июльдің 20-нан қалдырмай адамдарыңды тапсырыңдар», — деп елдеріне жіберді. Соғыс майданына адам алынатын болыпты деген лақап дүңк етісімен, есін біліп, етегін жапқан еркек-әйел, көрілерге дейін ширатыла бастады.

Әскердің тамағына деп, елге санат салып, сойыстық сиыр малын жинап, ояздың помощнигі Ткаченко сол кезде Қараторғай болысында Батпаққара деген (*Торғай қаласынан 150 шақырым*) жерде жатыр еді. Елден есеп алуға қоныстандыру мекемесінен шыққан Ахмет те (*Байтұрсынұлы*) бар еді. Мал алып жатқан кір басындағы Ткаченкоға келіп, қазақтар арыз айтады:

— Тақсыр! Сендерге оқ атып, қылыш суырып бағынған жоқ едік қой, ата-бабамыз бағынғанда жер-суына, дініне тимейміз, солдат алмаймыз деген екен. Ол уәде қайда қалған? Патшаға осы уәдені ескертіп, арыз беруге жол бар ма? — дейді. Ткаченко ашуланып:

— Сендер құтырдыңдар ма, патшаның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болатынын білмейсіңдер ме? Орыс жұрты қанын судай ағызып, жаумен соғысып жатқанда, соғыс майданына барып, қара жұмысты атқармаймыз дегендерің қарсылық. Қарсылық қылушыларды атамыз, қырамыз, — дейді.

Мына сөзді естіген соң иіліп, елбіреп, малын беріп тұрған жұрт «ду» етіп аттарына мініп, малдарын қуа жөнеледі. Бірсыпыралары Ткаченконы сөгіп, ұрарманға келгенде, сол жердегі басты адамдар жұртқа тоқтау айтып қорғап алған. Ызаланып, ашуланған бозбалалар Батпаққарадағы 2 орыс, бір ноғай дүкеніне барып, тауарларын бет-бетімен талап алып кеткен. Помощник Ткаченко қашып отырып, Торғай қаласына келіп, жұрттың көтеріліс жасайтын түрінен толық мағлұмат береді.

Шұбалаң хабары: «Торғайдан қайтып келе жатқан болысын қамап, өлтірмек болады. Үстіне Төке дейтін қарт кездесіп, бозбалаларға: «Болыстарыңды өлтіргенмен не пайда табасыңдар, өзара араз болғаннан басқа өнері жоқ. Аяғы бүлініп кетсе, жүзің бір солдатқа қарсы тұра алмайсыңдар. Солдатта қару қандай, бесатар, берденке, оқшашар, зеңбірек... бәрі де бар. Асықпай-саспай іс етулерің керек. Болыстар өкімнің жарлығын орындағансып, қағаздарын тапсыра берсін. Сендер Торғай үйезіндегі арғын, қыпшақ боп бірлесіп, біреудің аузына қарандар. Шектес Қостанай, Ырғыз, Атбасар, Қазалы елдерімен сөйлесіп, уәдені бір жерден шығарып, патша үкіметіне қарсы тұру керек. Қарсы тұру

екі түрлі: Бірі — әскер жинап, қару көтеріп соғысу — ол қазақтың қолынан келмейді. Бірі — бетпе-бет соғыспай, қаша ұрыс салып отыру. Кең далада көшіп-қонып, жылжып отырса, бытыраңқы елді бағындырып, айтқанын істету патша үкіметіне оңай болмас. Басымнан неше түрліні атқардым. Заманның өзгеруі қиын емес. Қаша ұрыс салып отырсаңдар, соғыстың ақыры жақсылық болып кетуі мүмкін» деп тоқтау айтып, болысты өлімнен айырып алып қалады.

Тосын болысының хаттары: «60-тай адам қаладан келіп отырған болыс Дәуренбекұлы Жақыпты қамап: «Тізімді бер, тапсырма», — дейді. Болыс: «Тапсырмасқа амалым жоқ. Бір күн түзететін жері бар. Соны түзеген соң тапсырамын». «Олай болса тізімді қолымызға бер», — дейді.

Стол үстінде тұрған тізімді алып шығуға ешкімнің батылы бармай, біраз ұйлығып тұрады. Сол кезде көп ішінен жасы 50-ден асқан Шолақұлы Оспан деген кісі: «Жастар үшін жанымды қидым» деп, аттан қарғып түсіп үйдегі стол үстінде жатқан тізімді алып, үстіндегі шекпенін төсеп жіберіп орап, далаға алып шығады да:

— Міне, мен алдым. Таранлар! — деп айқай салады. Жұрт тарайды.

Қыпшақтар, басы Әбдіғапар боп: «Қолымыздан адам бермейміз. Әскер келсе, бір орыннан бір орынға көшіп, қаша ұрыс салып отырамыз» деп, ауыр жүктерін тастап, уықтан шанышпа қос істеп алып, жиналып жатқан үстіне арғын елшілері де барып түседі. Бұлар барған соң, мың жарымдай адам жиналып, зор жиылыс жасайды. Арғын елшілері: «Біз ханымызды сайладық. Көп ұзамай Торғайды шауып, патша сілімтіктерін жоқ қылмақпыз. Соған жиналып келесіздер. Егер келмесеңіздер, патшаға қарсы тұру пәтуасында сіздерді жоқ деп санаймыз», — дейді.

Әбдіғапар: «Торғайды жоғалтамыз деп, оққа қарсы шабуда мән жоқ. Елді-елімізде сайланып отыра берейік. Күштеп аламыз деп әскер шықса, жылжып көше береміз. Соның өзімен біраз уақытты аламыз. Сөйтіп жүріп жақсылыққа кездесерміз. Жақсылық біздің күшімізбен болмайды. Іштегі патшаларға қарсы партиялардың күшімен болады... Жапон соғысы мен осы күнгі соғысты салыстырсақ, 20 рет артық. Бұл соғыста патшаның тізгінін қолдарына түсірсе, патшаны мәрбасар қылып қояды. Немесе патшаны түсіріп (*төңкеріс жасап*), мемлекетті өкілдері басқаратын қылады. Екеуінің бірі болады. Қайсысы болса да, «патшаға қарсы болдыңдар» деп бізді жазғырмайды», — деген.

Бұл өңгіме болып жатқан кезде, Орынбордағы съезге кеткендер де қайтып келді. Олардың жиылыста айтқаны: «Қазақтар қара жұмысқа бармас, онан да атты әскер қызметіне барар. Патшадан сұрап, әскерлік қызметіне алдырыңыз...» — деген.

Губернатор: «Бірінші сентябрьде Торғайда болам, соған болыс қол астынан халық сыйлайтын 10-15 ақсақалдар дайын тұрсын», — деп, тізімін жіберген. Айтылған күні, сентябрьдің біріне халық жиналып, күтіп тұрады. Губернатор Эверсман, советник Огарев келіп, жиналған жұртқа уағыз айтты:

— Ноябрьге дейін приемныйды тоқтаттырамын. 300 қойға бір малшы қалдырып, кеңшілік бергіземін, — дейді. Жиналғандар: «Жастарымыз желіккен. Тілімізді алдыра алатын емеспіз. Қызметке алма деп патшадан сұранамыз. Соған жол беріңіз?» — дейді.

Губернатор: «Мен сұрауларыңызға қарсылық қылмаймын», — дейді. Бұл сөзді естіген соң, арғын-қыпшақ ойға қалып, 40 мың сом ақша мен басы Тоқмағамбетұлы Ысмайыл, Текеұлы Ысмағұл, Қабақұлы Сейіт, Тоққожаұлы Бижан қылып, ізденуге кісі жібереді.

Прием жарлығы шықпай тұрған кезде, Торғайда 50, 100 атты әскер бар еді. Ел ширатыла бастаған соң, Орынбор мен Қостанайдан 300-дей атты әскер келді. Губернатор бірер күн жатып кетісімен, Ткаченко 150-дей атты әскермен ел аралауға шықты. Әскердің азық, құралдарын тасуға Торғай орыстарын арба басы 200 сомнан жалдап алып, беретін ақшасын жүрген жеріндегі қазақтардан өндірді.

Қазақтар: «Жүретін жеріңіздің шамасын беріңіз. Үй тігіп, мал байлап, көлік сайлап қояйық», — деп еді, оны тыңдамады. Сол бетімен әскері жанында, Қарақоға, Қараторғай, онан Сарықопа, Наурызым, Майқарауды аралап қайтты. Жүрген жеріне зорлық-зомбылық етіп, әйелдерге дейін жәбірлеген. Елге жел берушілер деп, 60-тан аса адамды тұтқынға алып, неше түрлі қорлық көрсеткен. Кемшілігіне ызаланып Аққұм, Тосын, Шұбалаң болыстарынан мың қаралы адам Ткаченконың Торғай қайтқан жолын тосып, октябрьдің 21 күні Торғайдан 50 шақырым «Татыр» деген көлде кездеседі. Ткаченко тоқтай қалып, қазақты атқыза бастайды. Бірақ қазақтар алыстан қоршап тұрып, сөскеден бесінге дейін арбасып тұрады. Бір мезгілде қазақтың кейінгілері қашқан қоянды қуғанын білмей, кейінгі жақта шапқыншы көбейіп кеткендіктен, алдыңғы қатардағылар да кейін қарай шаба жөнеледі.

Бұлардың шаба жөнелгенін көріп, әскер де аттана шауып, мылтықтың астына алып, қуып жеткендерін қылыштайды. Осы бетте «Сарыру» деген жерде қыстауда отырған ауылдың 30-дан артық қатын-бала, кемпір-шалын қырып, үйлерін өртеп кетеді. Топқа араласқан жерде қазақтар әскердің үшеуін найзамен түйреп, екеуін қатты жаралайды. Үш солдат өлген соң әскерлер ұрысты тоқтатып, әбден күтініп, түнімен жүріп, таң ата Торғай келеді. Келісімен болған оқиғаны губернаторға білдіреді. Октябрьдің 23, 24-інде Ырғыз бен Торғай арасындағы қазақтар телеграфтың сымын үзіп, стансаны бұзып, Ақшығанақ стансасындағы жаңа салынған қазыналық мектепті өртеп жібереді.

Торғай қазағының шашылған хабарымен Ырғыз үйезіндегі қазақтар да хан сайлап, сарбаз жинайды. Ырғыз, Шалқарды алып қойдық деп лақап шашады. Мәскеуден келе жатқан Жангелдіұлы Әлібиді Ырғыз қазақтары ұстап алып, жансыз деп өлтірмекші болады. Әліби «Әбдіғапардың туысы едім» деген соң тимей, түйеге мінгізіп, Әбдіғапарға жеткізіп тастайды. Сол мезгілде (*октябрьдің 25-і шамасында*) сарбаз жинап, Торғай түбінде жиналып жатқан арғын адамдарына Әбдіғапар да келіп қосылып, «Ақмырза», «Сырша» деген жерде 10 күндей жатады. Қаланы айналдыра баған қағып, Торғай әкімдері де қазақты қарсы алуға дайындалып жатады. Стансада ұсталған тұтқындар Торғай әкімдеріне қатынасқан адамнан қағаз береді. Қағаздағы сөздері: «Ткаченконың ел арасындағы берген жәбірі тексерілсін. Ткаченконың ұстап әкелген 60 адамы босатылсын, қалаға басқа жерде тұтқынға алынған болыс, ауылнай, былай жабайы қазақтарды да босатып, адамын алсын. Адамдарын жинап әкеп отырмыз», — дейді.

Арғын, қыпшақ сарбазының ішіндегі бас адамдар кеңескенде, Әбдіғапар тұрып: «Қалаға шауып, оққа қарсы тұруда мән жоқ. Адамдарыңды алып келдік. Ортамызға келіп, адамдарыңды ал — дегенге әкімдер келмейді. Сондықтан қала түбінде бір жеті кідіріп, елімізге тарайық. Түбінде жеңіліс табатын болсақ, кінәны қаладағы әкімдерге аудара сөйлерміз», — дейді. Жиналғандар шуылдап, сенімсіздік көрсеткен соң, Әбдіғапар жөнге көшіп, шабуыл жасауға ырза болады.

Ноябрьдің 5-і күні түнде 8 мыңдай сарбаз Торғай өзенінің жоғары жағынан көпір салып, қала тұрған жаққа өтеді. Сағат 2 шамасында адам жіберіп, қаланың екі жағындағы 10 мың шөмеледей шөпке өрт салдырады. Қалаға шабуыл жасаудың планы мынау:

Күн батысынан Оспанхан, күн шығысынан Әбдіғапар, Амангелді, әскер тұрған солтүстігінен Кенесары заманында аты шыққан Жәукенің баласы Орманбек тимек. Бұл планға Әбдіғапар, Амангелді, Жәуке ұлдары қарсы болады. Олардың планы: «Қаланың екі жағындағы шөпке атымызды жайлап, айналдыра қамау жасайық, өзен жағасын алып, бекініп, су алдырмайық. Бәрібір сусыз тұра алмай, әскер қаруын тастап, қолға түседі» дейді. Мұны көп тыңдамайды. Оспанхан мойнына алған планын орындап, таң ата күнбатыстан шабуыл жасап, жеткен жеріндегі үйлерге от салады. Қару асынып үйретілген қала адамдары тасада тұрып, атыс жасап, қазақтарды көпке дейін жібермейді. Күн түске таянған кезде күнбатыстан қатты дауыл соғып, шаннан көз көрінбей кетеді. Сол кезде қазақтар қаланың ішіне кіріп кетіп, шүберекті жер майға батырып алып, найзаның ұшымен үйлердің қамыс төбесіне от тұтатады. Қаланың күнбатыс жағындағы үйлер де өртене бастайды. Күншығыс жағындағы Әбдіғапар, Амангелділер қаланы өртемейді (*Торғай қаласы кілең кірпіштен салынған, үйлерінің төбесіне қамыс жауып, үстін лайлап тастаған. Өртке жануы қиын болған*). Аттарынан түсіп, шеттегі үйлерді тасалап, атыс жасайды. Атыс жасаған мергеншілердің бастығы Амангелді, Кейкі дегендер болған.

Амангелді мен Кейкі өз қолдарынан үш адамды өлтіреді. Оның бірі — әскер бастығы, жоғары басқыш мектеп инспекторы Горбатов деген (*Амангелдінің ағасы Бектепберген ескі шиті, білтелі мылтықтан кесіп, бытыралы бердеңкенің артын орнатып, бір атар бердеңке жасаған екен. Атысқанда қару көрсеткен мылтықтары сол еді*). Амангелді, Кейкі көп оқ шығармай, бір атармен дөлдеп қана атып тұрған. Қазақтардың атысы күшті болған соң, қала адамдары шегініп, әскер бастығынан жәрдем сұрайды. Жәрдемге 24 солдат келіп, ішке қарай келе жатқан қазақтарды оқ астына алып, екеуін өлтіреді. Қазақтар кейін шегініп тасалайды.

Жауке батыр баласы Орманбек әскердің казармасына таяна беріп, «Алатын болса қаланы бізсіз де алар» деп, мойнына алған міндетін атқармай, ешкімге хабар салмай, еліне қашып кетеді. Орманбектің қашып кеткенін әскер сезген соң, күнбатыс, күншығыс жағынан шабуыл жасаушыларға еркін тиісе бастайды. Мылтық даусы көбейіп, оның үстіне сенгеннің бірі Орманбектің қашып кеткенін білген соң, қазақтар да дүркірей қашады. Әскер де қашып бара жатқандарға оқты жаудырады.

Орыстар Торғайдың көпірінің 2 саржандай жерін күнібұрын алып қойған екен, сарбаздар үстімен қаша жөнелгенде ат-матымен көпірден құлап, қазақтан 40 адам өледі. Қаладан шыққан соң тоқтап ақылдасады. Бірсыпырасы ертең тағы шабуыл жасауды қолдайды, сөз сөйлеуші Оспан қожа деген болады.

Әкімдер қаладағы отырықшы қазақтарды, оқушы, оқытушыларды, кеңсе қызметіндегілерді, елден қашып келген болыс-ақсақалдарды, қалаға қазақ шабуыл жасамастан бұрын абақтыға жауып қойған.

Торғайлық.
«Ауыл» газеті, 1926 ж., №277, 278.

ҚАЗАҚСТАН ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСӨЗ БӨЛІМІНЕ «АУЫЛ ТІЛІ» ГАЗЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ ДУЛАТҰЛЫНАН

Мен «Ауыл тілінде» қызмет еткенде, газеттің тілін ажарлау (*келген хаттарды түзеу*), газеттерден керекті хабарлар теріп алу, орысша жазылған сөздерді аудару сықылды жұмыстарды атқарамын. Өздігімнен де мақала жазамын. Бірақ газетке басылған сөздерді саяси редакторларға көрсетіп, солардың рұқсатынан соң жіберіп отырамын. Солай болған соң, мазмұн жағынан жауапкершілік менде болмау керек еді. Өзім партияда жоқ кісі болғандығымнан, ондай жауапкершіліктен қашамын да. Істің жайы осылай болса да, газеттің мазмұны, бағыты үшін мені айыптайтындар бар көрінеді. Көше сөзін елең қылғым келмесе де, «Еңбекші қазақтың» кешегі 197 санында басылған сөз құр өсек емесі баспасөз жүзінде әйгіленіп отыр. Осы жайымды білдіріп, сізден өтінемін: 1) «Ауыл тіліне» басуға арналған материалдар саяси редакторға көрсетіліп отыратын болғандықтан, мені газеттің мазмұны, бағыты үшін жауапты деп санамасаңыз екен; 2) жауапкершілік менде болмағаннан кейін кешегі, «Еңбекші қазақтағыдай» сөзден мені қорғасаңыз екен. Газетті дұрыс шығару міндетім деп білемін, сондықтан жақсылығы үшін ешкімнен мақтау күтпеймін, бірақ орынсыз жаманаты да маған жабылмауын тілеймін. Қандай жұмыс болса да, кемшіліксіз болмай қоймайды, газет те солай. Бір көрінген кемшіліктің бәріне теріс мағына беріп, маған әкеліп арту әділдік емес. «Ауыл тілі» шығып,

көркеюіне ешкімнен кем тілектес емеспін. Мұны өз газетім иә ақтардың газеті сықылды қылып жіберейін деген ой менде де, өзгеде де жоқ, мұндайды ойлау өзгеден бұрын алдымен ақымақшылық болар еді.

Баспасөз бөліміне білдіргенім де, «Еңбекші қазақтағы» жалаға берген жауабым да осы. Мүмкін болса, мұны «Еңбекші қазаққа» бастыруыңызды өтінемін.

М. Дулатұлы.
9/IX—26.

БІРІМЖАНҰЛЫ АХМЕТ

Ғинуардың 5-і күні Ахмет қайтыс болды деген хабар алдық. Ақаң соңғы кезде қылтамақ (*рак*) болып ауырған еді. Биыл жаз Кавказға, Мәскеуге барып, одан кейін доқтырлардың кеңесімен Ленинградтағы радий сәулесімен емдейтін үнстетке кеткен еді. Міне, сол емді көтере алмай, қайтыс болған хабарын бүгін алып отырмыз.

Ақаң алдыңғы қатардағы әлеумет қызметкерлердің бірі еді. Жасы биыл 56-да, марқұм Орынбор гимназиясын оқып шығып, одан кейін 1895 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Өзінің алған біліміне қарай содан бері сот қызметінде болды.

1905 жыл төңкерісінен кейін патшалы Ресейдің қатаң тәртібі босаңсып, Г. Дума ашылатын болып, әр жұрт өзінің өкілін жіберуге тура келгенде, Ақаңды Торғай облысының қазағы біріншi, II Думаға депутат қылып сайлаған еді. III Думаға қазақ сықылды бұратаналардан өкіл алынбайтын болып заң шыққан соң, Ақаң бұрынғы қызметіне қайта кірісті.

Февраль төңкерісінен кейін Ақаң ел билеу жұмысына араласты. Жалпы Ресей құрылтайына Торғай облысынан өкіл болып сайланды. Кейін Алашордаға мүше болды, Октябрь төңкерісінен кейін бұрынғы алашордашыларға Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Ақаң заң маманы есебінде, содан бері сот жұмысы жолында жауапты қызметтерге үздіксіз сайланып отырды. Қазақстан заң кеңестерінің неше жылдай алқа мүшесі болды. Соңғы кезде Ақаң Қазақстанның жоғарғы сотында мүше еді.

Ақаң қаяусыз таза, адамгершілігі артық азамат еді. Әлеумет, мемлекет қызметіне тыңғылықты, өз ісіне аса шебер еді. Қазақстан сықылды білімді адамға кедей, мәдениет

сатысына енді-енді өрмелеп келе жатқан жас республикамыз көрнекті бір қызметкерінен айырылды. Жолдас-жоралары, туған-туысқандары қымбат жақынынан айырылды. Бірақ Ақаң артына мұра қалдырмай кеткен жоқ. Осы күні үш баласы Қызылорда мектептерінде оқып жүр. Жасынан тәрбиесінде болған інісі Ғазымбек герман астанасы Берлин қаласында 5 жылдан бері оқып жүр, енді үш-төрт айдан кейін оқымысты шаруа — агроном болып келгелі отыр. Міне, бұлар Ақаңның орнын жоғалтпайтынына, Октябрь төңкерісі арқылы қатарға қосылған еліне еңбегін сіңіріп, пайдалы қызмет ететініне сенеміз. Осымен көңіл жұбатамыз!

Қош, аяулы ағамыз, жан жолдасымыз, Ақа!

Міржақып.
«Еңбекші қазақ», 9 қаңтар, 1927 ж., №6.

ТАТАРША ЖАЗУ МӘШИНЕСІ

Мынау татарша жазу мәшинесін жасаған Ідіріс ұлы Мұқаметтің суреті, алдындағы мәшине де сонікі.

Ідіріс ұлы Мұқамет соңғы кездерде баспаханадағы харіп ұяларын тәртіпке салу, харіп жөндеумен шұғылданып жүрген азаматтың бірі еді. Қазір ол татарша жазу мәшинесін шығарып отыр.

Татар арасында жазу мәшинесін шығару талабы көптен бар еді.

Ғибадолла Алпаров, Мадияров Шайықғали дегендер де бұрын мәшинені істеп қарағаң. Татарша жазатын мәшине Америкадан да істеліп келген. Бірақ мұның бәрі көңілдегідей болып шықпаған. Енді қазір Мұқамет жолдас «Ундер бут» мәшинесін татаршаға айналдырып алған. Бұған ол араб харпінің дара түрін (*бас белгісін*) ғана орнатқан.

Мұқамет мәшинесі жайынан Мәскеуде шығатын «Ісші» газеті (№243) мынаны жазып отыр:

«...Ідіріс ұлы Мұқамет жолдастың мәшинесі әрі қолайлы, әрі жазуды сұлу шығарады. Бұл мәшинемен басып үйрену де оңай. Ыңғайлы болуының үстіне, өзі арзанға да түсетін. Көптеп істегенде бір-біреуі 350—300 сомнан артпайтын сықылды. Бұл мәшиненің тағы бір үлкен қасиеті — бұл өзі жазуы бір Күншығыс елдерінің бәріне де жарайтын болып жасалған. Мұнысына қарағанда, Мұқамет мәшинесі үлкен үміт туғызып отыр. Күншығыс елдерінің бәріне де жарап кетсе, бұл мәшине сөзсіз көп істеліп, көп тарайды ғой.

Мұқамет мәшинесі кеңсе істерін жүргізуге үлкен пайда келтіруі анық болса, оның үстіне тағы бір пайдасы бар, ол мынау: мұнымен баспаға берілетін кітаптар жазбасын көшіруге болады және де газет басқармалары мақала, хабарларын осымен басып беретін болса, мұның да пайдасы аз тимейді...» — депті.

Міне, Ідіріс ұлы Мұқамет жолдас шығарған жазу мәшинесінің жайы осы. Бұл мәшине осы айтқандай болып шықса, жазу-сызуы бір Күншығыс елдері үшін үлкен олжа екендігінде сөз жоқ.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 14.I.1927 ж., №11.

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ

Қызылордада январьдың 18-де болып өткен театр тойындағы көпшілікті көрген қыр қазағы «той десе қубас домалайды деген рас-ау» дер еді. Шынында осылай деуге сыярлықты болды. Халық аса көп жиналды. Тойға жұрт қандай көңілді болып жиналса, тарқауы да сондай көңілді болды. «Тойдың болғанынан болады дегені қызық-ау» деп тарасқан жоқ, «Тойдың өзі қызық болды-ау» деп қайтысты.

Бұл тойдан жұрт жалғыз қызық көріп қана қайтқан жоқ. Жаңа гүлденіп келе жатқан жас театрымызға баға беріп тарады. Оқумен, тәжірибемен емес, мәйегіне біткен зеректігімен өнер майданына түскен әртістеріміз әлеумет алдында сүрінбей, жылдық емтиханын жақсы беріп өтті.

Мәжіліс ашылғанда сөз бастаған оқу комиссары Смағұл жолдас театр туралы мынаны айтты:

— Қазақ театры оңайлықпен туған жоқ. Бұл жолда қанша күш, қанша қаражат жұмсалды, аянып қалған еш нәрсеміз жоқ. Бірақ театр жұмысын шын көңілдегідей қылып жіберуге әлі де талай істер бар. Былтырдан бері, театр ашылар кезде, жұрттың көзқарасы әртүрлі еді. Бұдан не шығар дейсің деген сықылды үмітсіздер де болмай қалған жоқ. Театрдың жылдық қызметі мұндай ойдың қателігін анық көрсетті. Біз қазақтың ұлт театрын сынағанда, орнымен сынауымыз керек. Өзіне лайықты баға беруіміз керек. Бір жасқа бүгін ғана толып отырған қазақ театрын не заманнан бері төселіп келе жатқан орыс театрымен салыстыруға болмайды. Сөйтсе де, әртістеріміздің арасында Әміре,

Қалыбек, Серке, Елубай сықылды жігіттеріміз орыс әртістерінің қандайымен де салыстыруға жарайтынын көріп жүрміз. Театрда ұялмай қоюға жарайтын пьесаларымыз да күннен-күнге көбейіп келеді. Өткен бір жыл қазақ театры өмірлі-баянды болуына үмітімізді бұрынғыдан да күшейтіп отыр. Бір жылдың ішінде недәуір ілгері басып қалған әртістеріміз енді бұрынғыдан да артық ілгерілер деп сенеміз. Бұдан былай да өкімет болып, жұрт болып, қолдан келер күш-көмегін аямайтынына, сонымен театрымыз көңілдегідей көркеюіне шүбәсіз сенеміз.

Смағұлдан кейін театр туын Қызылордадағы мәдениет істеріне қатысы бар ұйымдар құттықтап сөз сөйледі.

Мәскеу театрының әртісі Пружанов жолдас тойды құттықтап, мынадай сөздер айтты:

— Соңғы кезде қазақ әртістерінің ойындарын көріп, көңілім тасып жүр. Қазақ театрының қазіргі аяқ алысына қарағанда, бір жылдық қана өмір сүрген дерлік емес, мұнда жаратылысы әртіс болып туған азаматтар бар екен. Октябрь төңкерісі арқасында патша өкіметінің темір торынан азат болған қараңғы қазақ еңбекшілері арасынан шыққан мынау өнерпаздар қазақ театрын көркейтетініне сенеміз. Естеріңізде болсын, жолдастар, тегінде театрды құр оқумен ғана болған әртістер көркейте алмайды, театрды қалың қара бұқараның арасынан жарып шыққан өздеріндей азаматтар көркейтеді. Мұны біз осы кезде орыс театрының өмірінен көріп жүреміз. Октябрьден кейін орыс театрына көрік беріп отырған нақ сендердей туысы әртістер бар. Солар капиталшылар театрының оқымысты әртістерінен бір де кем емес. Жолдастарым, жолдарың болсын, тойларың тойға ұлассын! Қазақ театры көп жасасын! Қазақ театрына жол ашқан қазақ өкіметі көп жасасын!..

Бұдан кейін театр бастығы Жұмат жолдас құттықтаушыларға алғыс айтып, бұдан былай да өздерінің міндетін шамасынша аянбай атқаруға барлық әртістер атынан уәде берді.

Сауық басталды. Әуелі «Малқамбай» атты үш перделі күлдіргі ойналды.

«Малқамбай» атақты жазушының кітабы емес, өзі де соншалық мақтаулы емес, шамалы нәрсе. Бірақ мұндай «шамалы» нәрсенің бүгін «ынтыққан» күні қойылғаны бір есептен табылған ақыл сықылды көрінеді. Өйткені аса жақсы жазбаған көркем пьеса белгілі жазушының кітабы,

әртістер жаман ойнаса да, кім біледі, «ата даңқымен қыз өтеді» дегендей болар ма еді, қайтер еді. Мақтаулы жазушының мақтаулы пьесасы қойылса, әртістердің абыройын кітап алып кеткендей болар еді. Әртістердің шеберлігі жұрт көзінде екінші дәрежеде қалып қояр еді. Бұл жолы әртістер «қулығын» асырып кетті. Шамалы пьесаны қойып-ақ, жақсы ойнап, жұртты ырза қылып жіберді. «Малқамбай» әртістердің шеберлігі арқасында ғана ауызға еленерлік болып қалды. Қазақтың «ат шаппайды, бап шабады» дегеніндей болды. Бұ жолы «Малқамбай» шапқан жоқ, бабына келген әртістер шауып кетті. Жиналған жұртты осымен бір желпінтіп алды. «Малқамбайдан» кейін ән-күй, өлең-жыр бөлімі болды. Мұнда да әртістеріміз — «атаңның асында шаппағанда, қайын атаңның басына шабамысың» дегендей болып шыққаны көрінеді.

Қазақ арасы түгіл Мәскеу, Парижде де жүлде алған атақты әншіміз Әміре шықты. Анау әніңді айт, мынау әніңді айт деп, жұрт Әміренің есін тандырып жіберді. Қырық қабат естіп жүрсе де, тыңдаушыға қызығы бір басылмай-ақ қойған, «Ағаш аяқты» айт деп жұрт шулады. Әміре бәрін де ырза қылды. Бір әнді бір әнге қосып, дауысын қырық құбылтып, тамылжытты.

Бүгінгі тойға арнап өзі шығарған күлдіргі сөзімен, қазақтың қалаға келген аңқау шалы болып, бір уақытта Қалыбек шыға келді. Жұрттың ішек-сілесін қатырып, ол кетті.

Күлдіргі сөзі, қызғылықты жаңа әндерімен Елубай, Серкелер көрінді. Домбырамен ән шырқап, бүгінгі сауыққа Далила да көрік берді. Барлық әртістің қосылып салған әндері де көркем болды.

Бір мезгілде домбырасын көлденеңдетіп, арқасы қозып, көзі оттай жайнап, сахнаға Иса ақын шыға келді. Жұрт қол шапалақтап, театрды күңірентті. Иса соғып жіберді. Сөз пулеметтің оғындай ағытылды. Ағызып Иса олай да кетті, бұлай да кетті. Иса бұрынғы Иса емес, бүгін бұрынғысынан да артық, ақындық дарып кеткен сықылды көрінеді. Топ ішінде отырған, қырдан келген бір шал шыдай алмай: «Беу, шіркін!» деп айқайлап жіберді. Иса айқай шыққан сайын үдетті. Қыза-қыза жұлдыздай ақты...

Жиналған жұрт уақыттың қалай өткенін де сезбей қалды. Қазақ театрын көріп, расы ғана сықылды танданып, қазақ театрына үміті, иманы бекіп, «Жарайды! Жарайды-дан!» басқа көбі мақтауға сөз таба алмай тарқады.

Бәріміз де «жарайды, бір жылдың ішінде мұнан артық не болсын!» деп көтеріңкі көңілмен қайттық.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 18 январь, 1927 ж., №14.

ҚАНДЫ ЖЕКСЕНБІ

Бұдан дәл 22 жыл бұрын, ескіше ғинуардың 9-да, жексенбі күні, мың-мыңдаған жұмыскер мен қара халық Петербор көшелеріне сыймай, Гапон деген поптың алдауына еріп, байлар мен төрелерден көрген жәбір-жапасын шағуға патша сарайына қарай ағыла бастаған. «Ақ патшаның алтын жүзін» көріп, көңілдегі арманын айтпаққа, шерін тарқатпаққа бет алған...

Шұбырған жұрттың көбінде үн жоқ. Кейбіреулері дауыстарын қатты шығармай, күңкілдесіп сөйлеседі. Әр жерде күбір-күбір...

— Бұдан әрі шыдар хал жоқ, «өзіне» барып бір нәрсе болмаса... — деседі.

— Бет алдына жұрт шұбыра ма?..

— Бұған «өзі» түсінер...

— Аққөңіл дейді ғой, мейірімді дейді ғой... — деседі.

Жұрттың үміті таудай. Жүректері тулайды. «Қазір көреміз, «Өзін көретін де күн бар екен-ау!» — деседі.

Анда-санда топ ішінде:

— Жолдастар, өздеріңді-өздерің босқа алдамаңдар... — деген дауыс естіліп қалады.

Жұрт алданып келе жатырмыз деп ойламайды. Сенбейтіндердің көбі алданғысы келеді: үмітте келе жатқанның өзі қажыған көңілге демеу болатын сықылды.

— Мұңымызды «өзіне» айтамыз, түгін жасырмаймыз...

— Шырағым, ондай сөзді сөйлеме!..

— Гапон атай босқа әуреленуші ме еді...

— Гапон атай ретін біледі... — дейді.

Көше-көшемен ағылған жұрт жүрген сайын молаяды. Ақ патшадан азаттық сұрай келе жатқан қолдар қашан жетер екеміз, қашан көрер екеміз деп асығады.

— Біз де адам баласымыз ғой...

— Өзі де білсе керек қой, біздің тілейтініміз...

— Иә, түсінсе керек!.. Біз жанжал шығарғалы келе жатқанымыз жоқ...

— Гапон атайдың сөзін естідіңдер ме? Әй, өркенің өскір-ай!..

— Жолдастар! Азаттық деген нәрсені ешкім сұрап алмайды...

— Қой деймін...

— Осы біреу кім?..

— Жағы қарысқырды қуыңдаршы!..

— Гапон атай сен құрлы білер...

— Біз әкемізге барамыз. Ақ патшаның өзіне барамыз!..

— Рас, рас! Осы сөз дұрыс...

— Көз жасымызды көрсін!..

— Әй, қызыл жалауларыңды тастаңдар! Қызыл жалау — қызыл қанның белгісі, жаман ырымды бастамаңдар...

— Халықты халықтың өз күшінен басқа, азаттыққа жеткізетін дүниеде өзге күш жоқ.

— Япырым-ай, осы біреуден-ақ құтылмадық-ау!..

— Гапон атай кірес ұстап-ақ барады ғой, мынанікі не, қызыл жалауын желпілдетіп...

— Сол жалаулыны қуыңдаршы әрман!..

Жұрттың жүрісі шапшаңдады, жүрегі алқынды. Шаршағаннан емес, қуаныш пен үміт кернеп алқынады.

Жұрт көшелерден ағылып шығып, көпірге жақындаған кезде, қаз-қатар тізілген көп солдатты көрді. Бұдан сескенген ешкім болған жоқ. Қайта, бірін-бірі итермелеп, асығып-үсігіп, бұрынғыдан да тезірек ілгері ұмтыла берді.

Өзеннің ар жағында үлкен қоңыр үй көрінеді. Бұл «оның» сарайы еді. Мұнда «өзі» тұрады. Жер емес, ел иесі, мейірімді ақ патшаның өзі тұрады. Солдаттан жұрт неге қорықсын! Аяғына жығылуға, мұң-мұқтажын шағуға келе жатқан қалың қарашасын үйіне неге жібермесін...

Сөйтсе де, кейбіреулер сескенейін деді: түстері өзгерді, көңілдері қобалжыды, алдыңғы қатардағылар жүрісін бәсеңдетті. Кейбіреулер артына жалтақтап қарай берді. Кейбіреулер көлденең бұрылып кетісті. Кейбіреулердің ойында дәнеңе жоқтай, алдындағы патша сарайының алтын күмбезінен көзін айырмай, тамаша қылды. Топ ішінен біреу:

— Солдат байғұстар мынау аязда тоңбай ма екен? — деді.

— Тоңғанда, қайтсін, — деді біреу.

— Солдатсыз бола ма, бұлар төртіп сақтайды ғой, — дегендер болды.

Бір кезде әскердің алдына бір офицер оқшау шыға келіп, қылышын қынабынан жарқ өткізіп суырып алды да:

— Тоқта! Қайт кейін! — деп ақырды.

Жұрт біріне-бірі қарасты. Кейбіреулері ұйлығып қалды. Дағдарыс туды. Алдыңғы қатардан бес-алты кісі ілгері басып:

— Біз патшаға келе жатырмыз... — деді.

— Қайт! Қайт! Қайтпасаңдар, қазір мылтық оғын жаудыртамын, — деді әпесер.

Жұрттың бойы түршігейін деді. Ұзын бойлы, аш өңді біреу тұрып:

— Ата алмайсың, қалай атасың?.. — деп дауыстады. Жұртқа қарап, тістеніп, бойын ашу кернеп:

— Айтпадым ба, жібермейді дегенім қайда... — деді.

— Кім жібермейтін, солдат па?

— Жоқ, солдат емес, анау — аржағындағы... — деп қолымен нұсқап патша сарайын көрсетті.

— Неге жібермесін, жіберер, неге келе жатқанымызды білсе, жіберсе керек, — деді біреу.

Жұрт ың-жың, у-шу болды. Кекесін сөздер естіле бастады. Алғашқыдай емес, жұрттың еңсесі түсіп кетті де, солдаттар, қылыш-найзасы жарқылдап, жаналғыш Әзірейіл сықылды, «аяғыңды басып қара» дегендей, оқталып даяр тұр. Арттағылар әлі анық еш нәрсенің жайын білмейді, итермелеп, алдыңғыларды еріксіз қозғалтады. Алдыңғы қатар еріксіз ілгері басады.

Бір мезгілде тарс-тұрс мылтық атылды. Әне жерде біреу, міне жерде біреу оққа ұша бастады. Әйелдер жылап, ойбай салды. Біреулер ыңырсып, қанға боялып жатыр. Үйлыққан жұрт бірін-бірі басып барады. Атыс жайланды. Екіден, үштен құлап жатқан адам. Кейбіреулер отыра қалған. Кейбіреулер іші-бауырын басып күрсілдейді. Кейбіреулер әппақ қарды қып-қызыл қанға бояп, сүйретіліп, еңбектеп барады. Жол тапқандар қашуға айналды.

Жұрт кейін серпілді. Айқай-ұйқай, қарғыс, наразылық әуені жаңғырықтырды. Кейбіреулер бұғып, жаралыларды, өлгендерді жинауға ұмтылысты. Жараланғандар, жан ұшырып, лағынет айтып, жұдырығын түйіп, тістерін сақылдатып, кіжінеді. Жұрт долданып, ыза кернеп, көзіне қан толып, тағы да ілгері басты. Атылып жатқан оққа қарамастан, ілгері жүруге бет алды.

Бір мезгілде патша сарайы жағынан атты әскер сау ете түсті. Оқты қардай жаудырды. Жұрт жаңағыдан жаман қырылды. Енді беті біржола қайтып, өбден түңіліп, кейін сейілді. Атты әскер жаралысына, өлгеніне қарамай, қатын-бала, шал-кемпір демей, бәрін бастырмалатып, жұртты көше-көшемен қуа бастады.

— Гапонның кім екенін білдіңдер ме? Түбіңе Гапон жеткен жоқ па! Гапон әдейі жұртты арандату үшін шығарған жауыз үкіметтің жалшысы!.. — деген топ ішінен айқайлар шықты.

— Енді көздерің жетті ме? Азаттықты кім тілеп алушы еді! Азаттық күшпен алынады.

— Алданған екенбіз...

— Патшаның тұқымы құрымай, жұрттың көзі ашылу жоқ екен...

— Есте болсын, жұрттың бәрін қырып тауыса алмас!.. — деген ашынған дауыстар естілді.

Ауа қан сасыды. Жұрт кешке тарап біте алмады. Мылтық даусы басылмады. Жаралылардың, өлгендердің үстінен ат ойнады. Бостандық көксеген халық қызыл қанға боянды.

Сол күн жексенбі еді. Төңкеріс тарихында «Қанды жексенбі» аталды.

«Қанды жексенбі» осылай өтті!

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 21.I.1927 ж., №17.

ГАЗЕТ ТІЛІ ОҢДЫ БОЛСЫН!

Бөтен жұрттармен араласқан, бөтен жұрттардың оқуын оқыған адамның тілі бұзылмасқа амал жоқ. Осы кезде қазақ тілін тексере бастасақ, сіңісіп кеткен жат сөздер толып жатыр ғой, жұрттың тілі де солай шығар. Ол еш нәрсе емес. Бірақ амалсыз алған сөздерден басқа да тілімізге жамау-жасқау кіріп барады. Қисынсыз қыстырылған жат сөздерді бір жағынан қуып жатсақ, екінші жағынан кіріп жатады.

Осыны байқап, тіл тазартудың неше түрлі шаралары істеліп келеді. Бұл жөнде үлгі көрсететін орынның бірі — газеттеріміз. Кітаптан да газет жағына мықты болуымыз керек. Өйткені кітап жазушы кісі тегінде көп болмайды. Газеттер болса, күн сайын пөлен мыңнан шығып, тарап тұрады. Газетке неше түрлі адам жазады. Газеттің бір нөмірін алып қарасақ та, онда кемінен 20—30 адамның жазған хат-хабары басылып отырады. Оның бәрі тілге шебер адамдар бола бермейді, бір өзі бұтып-шатып үйренген әдебімен, иә өзгеге еліктеуімен тілдің басын жарып, көзін шығарып жазады. Газеттер ондай адамдардың сөзін тілі үшін емес, хабар үшін басады. Бірақ газет басқармаларының көбі ондай теріс, ерсі сөздерді түзетпей, тезіне салмай, шикі күйінде жіберіп қояды.

Газетке жұрт аса еліктегіш келеді. Әсіресе жазушы болудан дәмесі бар талапкер жастар еліктегіш болады. Олар газетте жазылған сөзден үлгі алып, оң-терісін айырмай, еліктеп кетеді. Мәселен, газетте біреу бір рет «түсініс беремін» деп жазса, содан кейін жұрттың көбі «түсініс береді» деп отырады. Тегінде «түсініс беремін» деу қате екенін тексермегендіктен солай жазады. Біреу «Некең заманы» деп бір рет жазған болса, кейінгілер «Николай» деп жазуға атасының аты кететіндей, «Некең заманы», «Кешегі Некең тұсында» деп отырғаны. Бұдан келер-кетер шамалы шығар, тек еліктеудің күштілігін айтамын.

Газет тіліне еліктеу осындай күшті болғандықтан, басқармалар газетте басылған сөздерді шашау шығармай, бір сөзін де тексермей, түзетпей жібермеуге тиіс. Байқап отырсақ, басқармалар бұл міндетін толық атқармайды, көбінесе басылған мақалалардың иә хабардың маңызын мағына жағынан тексереді де, тілінің кемшілігін байқамай, ескермей жібере береді.

Бірнеше газеттен мысал көрсетейін: 1) «Жұмыскер тілінің» 37-санында «Қазақ тілі кеңейіп келеді» деген сөз басылды; 2) «Қазақ тілінің» 58-санында «губернелік соттың шығыс билігі» деген сөз басылыпты. «Шығыс билігі» дегені выезная сессия; 3) «Кедей тілінің» 122-санында «ол айтылғандары ғамал жүзінде беркітіп алып қалу» дейді; 4) «Қызыл тудың» 124-санында «мінекей қайда жинақсыздық», 126-санында «жыртендыңды ызалы ғып ұстаудың амалын жаса» деген сөздер басылған; 5) «Кедейдің» 42-санында «қызыл тәртіпкер» деген сөзге кездестім; 6) «Еңбекші қазақтың» 233-санында «туған баласының қағылуға еркі жоқ» деген сөз бар; 7) «Жас қайрат» газетінің 54-санында «Онда ғайра емес ед бойға енген» деген сөз Мәжиттің өлеңінен көрініп отыр.

Міне, мұндай ерсі сөздер қай газеттен болса да кездесе береді. Сондықтан бұдан былай газеттеріміз тіл жағына көңіл бөліңкіресе екен.

Тілмен қатар бір ескеретін нәрсе — емле. Жұрттың көбі емлеге шорқақ қой. Және де ол шорқақтардың бәрі де емлені мектептен үйренуге «буындары қатыңқырап» кеткен. Тек газет, кітаптардан ғана көздері үйренумен біле алады. Сондықтан газеттің емлесінде қалу болмасқа тиіс. Осы кезде газеттің бір нөміріндегі бір сөздің өзі 2-3 түрлі жазылады.

Мұны оқыған шала сауаттылар адасып қалады, қайсысы дұрыс екенін білмейді. Бұл жағы да ескерілсін. Өте-мөте газеттің тілі оңды болсын.

Таймінер.
«Еңбекші қазақ», 28 январь, 1927 ж., №22.

ӘУЛИЕАТАДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ЗАУЫТЫ

Жылқы зауыты Әулиеатада көптен, төңкерістен бұрын бар. Өткен жиһангер соғысы, одан кейін төңкеріс, ел соғысы кездерінде қай жерде болса да, асыл тұқымды мал құруға жақындап қалған. Мұндай хал Әулиеата зауытының басынан да кешкен. Кейін Кеңес үкіметі орныға, ел шаруасы түзеле келе, жұрт қатарлы Әулиеата зауыты да баяғы қалпына түсуге жақындаған.

Әулиеата зауыты қалаға 7-8 шақырым жерде. Өзінің салдырған үйі, қора-қопсысы бар, орманы, жері, шабындығы бар. Бұл зауытта ағылшын, түрікпен, ағылшын-араб, қара байыр сықылды жақсы тұқымның әрқайсысы табылады. Бұл тұқымдарды зауыт осы кезде өршітіп отыр. Зауыттың жылқысы қазір 500-ге тарта бар көрінеді. Зауыт әр тұқымды бірімен-бірін араластырып келеді.

Мәселен, мұнда әкесі ағылшын иә түрікпен, анасы қазақы бие болған будандары да бар. Бір тұқымның өзді-өзін де асылдандырып, бағу-қағудың арқасында жүзіктің көзінен өткендей қылып қойғанын көрдік.

Бағу жағынан келгенде, біздің қазақ өз көзімен көрмесе, айтқанға нанбастай дәрежеде күтетін көрінеді.

Малды ғылым жолымен қалай асырау керектігін білетін адамға мұның түк таң-тамашасы жоқ шығар, бірақ құлынды жаздай күннің көзінде тұқыртып желіге байлап тастап, енесін ертеден қара кешке шейін қақтап сауатын, күзгі қара суықта, қысқы аяз бен боранда жаздай байланған құлынды далаға жіберетін, тай құнан шыққан соң аққұлақ қылғанша көзіне шыбын үймелетіп мінетін, ақ айыл, ақ қаптал, жауыр болғанша иығынан түспейтін, бойын өсіріп, бұғанасын қатырмай, жасынан құл қылып жіберетін біздің қыр қазағы мына зауыттың жылқы бағысын көргенде таңғалмасқа шарасы жоқ. Қанша жетіліп қалдық десек те, біз де әлгі қазақтың баласымыз ғой, көргенде өзіміз таңғалдық. Зауыттағы

арғымақ айғырлардың ат қорасы (*әрқайсысының өз алдына бір-бір бөлмесі бар*) біздің қырдағы байларымыздың үйінен артық. Зауытқа біз барғанда кешкі сағат 4-5 шамасы еді. Зауыт бастығынан аттарын көруге рұқсат сұрадық. «Қазір аттар ұйықтап жатыр, мазасын алуға болмайды» — деді.

Амал жоқ, «ақсүйектердің» тұруын күттік. Бір мезгілде ат қоралардың құлыптары ашылды. Әр бөлмеде көздері оттай жайнап, шиыршық атып, көкке қарап тұрған суреттен сұлу жануарларды көрдік.

Зауыт бастығы мынау «Папилон» деген ағылшын аты (*айғыр*), мынау «Пасман» — теке жаумет, «Атауылал» бұ да түрікмен, «Қабиболла» — қарабайыр, «тенердн» — ағылшын-араб.., деп шұбыртып, әрқайсысының шежіресін сөйлеп кетті. Мынау — «Пасманның» баласы деп, темір қара көк дөненді көрсетті.

Біз көк дөненнің қасынан кеткіміз келмеді, сұлулығына көзіміз тоймады. Қасымыздағы атқұмар бір жас жігіт: «Шіркін-ай, мынаны ұрлар ма еді», — деп жіберді. Бұл оның ойыны да, шыны да еді. Біз де оған — «Тек, олай деме» дегеніміз жоқ: көк дөнен сондай қызғылықты еді...

Бір белмеде жатқан жирен қасқа дөненнің қасына келдік. «Мұның өкесі — ағылшын, шешесі — қазақ биесі», — деді зауыт бастығы. Бұ да мінсіз сұлу екен. Қасқа дөненді тұрғызып көрмек болып, шу-шулей беріп едік, зауыт бастығы: «Қойыңыз, тимеңіз, мазасын алмаңыз», — деп без-без етті. Бұл не деген күтім!..

Бұл аттарды қалай бағатынын, суды, жемді неше мезгіл, қанша, қай уақыттарда беретінін, қалай сергітетінін, қанын қалай тарататынын, қалай тазалайтынын, қалай жуатынын жаза бастасақ, оның өзі бір сөре әңгіме. Оны қоялық. Зауыттың көп жылқысы өрісте екен. Оны көре алмадық. Қолда тұрғандарын ғана көрдік. Ал ендігі қолдағы айғырлардың бәрі бірдей әлгідей емес екен. Жағалап жүріп байқасақ, кейбір жақсы арғымақ айғырлар арық, көтеремнің аз-ақ алдында сықылды көрінеді. Біз бұған да таңырқап: «Мұның мәнісі қалай?», — деп сұрадық. Бақсақ, былай екен: бұл айғырлардың далаға жіберілгені, үйірге түскені осы жаз ғана екен. Әлгідей баптальп қолда өсірген асыл айғырлар алғашқы жолы үйірге түсіп, далада жайылғанда, осындай болып азады екен. Бұлар дала шөбіне жүре-жүре үйренеді екен.

Міне, осындай мақтаулы жылқы зауыты неше жылдан бері Әулиеата үйезінде қалың қазақтың ортасында тұрса да, мұнан сол маңдағы ел пайдаланбайды екен. Себебін сұрастыра келсек, ел бағуын қиынсынатын көрінеді, өлсе-жітсе төлетеді, оған шамамыз жетпейді деседі, айғырларын бізге бермейді дейді, берсе де жаманын береді дейді. Қазбалап сұрастыра келсек, сол айғырлардан тұқым алғысы келген қазақтың өзі жоқ көрінеді. Әулиеата елі — малы қазақы ел. Ас-той, көкпар, бәйге дегенің бұл елде әлі қалған жоқ. Сентябрь туысымен үлкен-үлкен астар болады. Бұл елде бәйге аты аса қадірлі, асты бұл ел бәсекемен береді, бірінен-бірі асырмақ болады. Бас бәйгеге 5 мың сом, 3 мың сом иә пәлен жүз қой тігуші екінің бірінен табылады деуге болады. Тек малы болсын иә атағы болсын, сексенге келіп өлген кемпіріне желігіп ас беріп, ат шаптырып жатқанын көрдік. Міне, осындай жүйрікке құмар елсіңдер, орталарында тұрған зауыттан алмайсыңдар десек, күледі: «Ойбо-ой, олардан өзіміздің атымыз жүйрік. Олардың өнері бір-екі айналу ғой, 4-5 шақырымдық қой», — деп менсінбейді. Зауыт бастығына бұл сөзді айтқанымызда, ол күліп еді: біз қазақтың бәйгесіне, көкпарына қосып қымбат аттарымыздың аяғын кетірер жайымыз жоқ, — деп іріленіп еді.

Біздің байқауымызша, тегінде, ағылшын, түрікпен, қарабайыр сықылды асыл тұқымның қадірін қазақ әлі біле алмай келе жатқан көрінеді. Сондықтан елдің көзін жеткізерлік іс істеу керек екен, қазақтың өзінше жаратып, қазақ аттарымен 25—30 шақырым шаптырып көрсету керек екен деп ойладық. Сонда мына тұқымдар қазақ жылқыларынан сөзсіз озар еді, қазақтың көзі сонда жетер еді деп ойладық.

Біздің мұнымыз дұрыс па, теріс пе, әйтеуір елдің көзін жеткізерлік, ел зауыттағы асыл тұқымнан пайдаланарлық бір шара істеу керектігінде дау жоқ. Әйтпесе, бұл күйде тұрғанда көпке шейін зауыт пен қазақ бірін-бірі менсінбей жүре беретін түрі бар.

Жер-су комиссариаты осы туралы ойланып қараса қайтер еді?

М.

«Еңбекші қазақ», 13 октябрь, 1927 ж., №236.

СӘКЕН АҒАЙ ӘБДЕННЕН КЕМ СОҒАР МА ЕКЕН?

«Сов. степь» газетінің өткен бір нөмірінде құс ұстаушы Атабайұлы Әбденнің өнері жазылғанын оқыдым.

Әбден Шымкент үйезінің бір шалы көрінеді, жасы 50 шамасында. Мұның несібі — түз құсын (*бүркіт, қаршыға сықылдыларды*) ұстау, соларды қайырып аңға, құсқа салу екен. Мұны Шымкенттен Тыймаев деген жолдас аузының суы құрып мақтап жазады. Солай-ақ шығар. Бұ да бір өнер ғой. Әбденнің өнерін айта келе, жазушы: «Әбдендер өліп кетпей тұрғанда, Қазақстанды зерттеуші қоғам солардың білетін мағлұматтарын жинап, басып шығару керек», — дейді. Бұл дұрыс ақыл.

***

Енді бұл туралы өз білгенімді айтайын. Біз білгенде қазақ арасында аушылық жайына жетік адам Шорманның Сәдуақасы (*ел Сәдуақасты «Сәкен ағай» дейді*). Сәкен ағай Семей губернесі, Кереку үйезі, Аққелін болысының азаматы, жасы биыл 80-де. Сәкен ағай өмір бойы аушылық қызығын көрген адам: иттің, құстың, аттың тіліне одан жетік қазақты ұшырата беру қиын.

1922 жыл жаздыгүні Сәкен ағайдың ауылында болған едім. Әртүрлі әңгімеге кірісіп отырып, ақырында итке, құсқа түстік. Босағада үлкендігі тайыншадай сұлу ақ қасқа тазы жатыр еді (*кейін білдім, мұның аты да «Аққасқа» екен. Сол «Аққасқа» осы күні Қалелде, үйіне жетпегені құшіктеріне шейін қасқыр алатын болған*). Қасқыр алатын итті сөз қылып отырып, сонда Сәкен ағай айтады:

— Шіркін, ит деп соны айтсайшы, ізімен қуған қасқырды өзің барып жеткенше жайратып тастаған болсын да. Мына «Аққасқа» да алады. Бірақ өлгідей емес... Менде баяғыда бір ит болды... — деп Абайдың жүйрік атты сипаттағанындай, өлгі иттің өнерін, он екі мүшесін, сынын сөйлеп кетті...

Әңгіме құсқа көшті. Бүркітті біраз сөз қылып алдық. Қаршығаның қызығын айтып отырып, Сәкен ағай:

— Қаршығаға неғұрлым қаз аспандай берсе, Құдайдың бергені. Қазды жоғарылатудың әдісі бар: ұшқыр атпен 10-15 адам дабыл қағып, айқайлап, ұшып келе жатқан топ қаз-

ды қамай шапса, қаз аспандай береді. Сол кезде қаршығаны жіберсек, оқтай шаншылып астынан бір-ақ барып қалғанын көресің. Сонда, шіркін, топырлата бастайды-ау, — деп, қаршығаға әлгі қазды сол мүйнөтінде алдырып отырғандай, Сәкен ағайдың көзі оттай жанды. Сүйдеп отырып, Сәкен ағай: — Кішкене құс тіпті қызық қой, тұрымтайдың торғай алғаны қандай... — деп оны бір сөре әңгіме қылды. Қымыз ішіп, осындай қысыр әңгімемен отыр едік. Сәкен ағайдың 7 жасар бір кішкене жиені бар екен, оның тұрымтайы бар екен. Маған тұрымтайдың қызығын көрсетпек болып, алып шықты. 10—15 адам аттандық. Жетідегі кішкене бала, астында өзіне лайық кішкене тайы бар, жалаңаш жұдырығына тұрымтайын қондырып о да шықты. Баланың жұдырығы жем-жем болып қалған. Бір мезгілде алдымыздан торғай ұшып еді, бала тұрымтайын қоя берді. Тұрымтай қуа жөнелді, торғай жанын қайда қоярын білмей қашумен болды. Қашып ат-аттың бауырына кірді. Тұрымтай қалмады: ілезде торғайды іліп түсті. Тұрымтай анадай жерге барып отырып еді, бала кішкене жұдырығын шошайтып «па, па» деп шақырғанда, тұрымтай ұшып, көп адамның арасындағы кішкентай иесінің қолына келіп қонды. Сәкен ағай рақаттанып сылқ-сылқ күліп тұрды.

***

Сәкен ағайдың аушылық жөніндегі білімі өзімен бірге кететін кісі емес. Тыймаев жолдас Әбденнің білгенін жинап бастыру керек деп биыл айтып отырса, Сәкен ағай өз білгенін бұдан 20 жыл бұрын жинаған. Сәкен ағайдың «Аушы» деген кітапшасы Қазанда 1917 жылы басылып шыққан. Кітапшасының сөз басында Сәкен ағай: «Көп уақыт, бәлки, өмірімнің көбі саятшылық, аушылықпен өткендіктен, осы туралы өз білгенімді кітап қылып шығаруға кірістім» — деп жазады.

Кітабының «Ау құстары» деген бөлімінде Сәкен ағай бүркіт, тұйғын, қаршыға, лашын, ителгі, қырғи, тұрымтай, жағалтай сықылды құстардың жайын жазып, әрқайсысының тұқымын, түсін қалай айыруға болатын белгісін, бұлардың не алатынын толық баяндаған. Бұдан кейін Сәкен ағай әлгі құстар қандай жерді мекен ететінін, оларды қалай ұстайтынын, қалай үйретететінін, жуасығаннан кейін не қылу керектігін, қандай жем берілетінін, қандай жерде, қандай аңға жіберілетінін, салып жүрген кезде қандай тамақ беру

керектігін, бұл құстардың қайсысы артықтығын, салынбай жай тұрғанда қалай бағылатынын жақсы түсіндірген.

Кітаптың бір бөлімі ит туралы жазылған. «Жеті қазынаның бірі — ит» деген қазақтың мақалын келтіріп Сөкен ағай иттің пайдалылығын, қазақ арасындағы иттің тұқымдарын, олардың қызметін, өнерін сөйлейді. Қасқыр, түлкі алатын иттерді қалай баптау жайын үйретеді.

Кітаптың соңғы бөлімінде ат жайы жазылған. Аушының аты қандай болады, атпен қандай аң аулайды, қалай аулайды, соның бәрін көзбен көргендей қылып суреттеген.

Бұл кітап басылғалы көп заман болған, ел арасына қанша тарағаны да белгісіз. Бұл күнде қолға түсуі де қиын, жоқ болып кеткен. Әйтпесе, қазіргі күннің өзінде керекті кітаптың бірі. Мұның ғылым жағынан да, аушыларға жолбасшылық жағынан да керектігі үлкен. Оның үстіне бұл кітаптың сөзі (*аушылық жайы*) оқу кітаптарына — хрестоматияларға кіруі керек. Бұ да ескерілетін нәрсе. Сондықтан бұл кітап қайтадан бастырылса, жақсы болар еді.

Кітаптың кемшілігі — тілі көбінесе ноғайшылау жазылған. Мұны Сөкен ағай қолына алып, түзесе, толықтырса, басуға жүдә оңды болар еді. Бұ жағы Сөкен ағайдың өзіне аманат.

Сөз Әбденнен шығып кетті-ау, біздің ойымызша, аушылық жағынан Сөкен ағай Әбденнен кем соқпаса керек.

Мадияр.
«Еңбекші қазақ», 19 октябрь, 1927 ж., №241.

МӘДЕНИЕТ ТӨҢКЕРІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ОҚЫТУШЫ

Өлкелік партия комитетінің соңғы пленумында көрнекті орын алған мәселенің бірі мәдениет еді. Орындардан келген хабарларға қарап отырсақ, мәдениет құрылысының пленум көрсеткен негізгі жолдары орындарда талқыға салынып, оны орындауға оқытушылар көпшілігі іс жүзінде қатынаса бастағандығы байқалады. Бұл — мәдениет төңкерісінде бар, саяси маңызы күрделі жұмыстың бірінші аяқ алысы.

Қазақстанда мәдениет төңкерісі жұмыстары қолға уақытынан кеш алынды деген сыбыс бар. Бұл, негізінде, дұрыс емес. Қазақстан — мәдениет жағынан артта қалған елдің бірі, бірақ мәдени құрылысы жөніндегі істеп отырған жұмыстарымыз әлі де нашар екендігі кімге де болса мәлім.

Қазақ еңбекшілерінің көпшілігі көп заманнан бермен қарай қараңғылықтың құрсауынан шыға алмай келеді. Шаруашылық, мәдениет жағынан артта болды. Сөйткен қалың еңбекшілерді лезде басқа мәдениетті елдің қатарына түсіп, бір-екі жылдың ішінде мәдениеттендіріп жіберу оңай жұмыс емес.

Қалың еңбекшілерді жалпағынан мәдениеттендіріп жіберу үшін алдыменен мәдени күш керек, көп қарекет керек. Төңкерістің алғашқы жылдары түгіл осы бір-екі жылдың аржағында да бұл күштер біздің қолымызда жеткілікті түрде бола қойған жоқ. Қазіргі уақытта біз бұл қалыптан шығып келеміз, жалпы шаруашылық ілгері басып, оның өндіріс күші артып келеді. Осымен қатар ауылдарда мектеп саны көбейіп, еңбекшілердің оқу жұмысына ықыласы артып отыр. Жыл санап оқытушылар көбейіп келеді. Еңбекшілер жұртшылығының осы екпінін еске алып, партия, үкімет мәдениет төңкерісін жариялап отыр.

Өлкелік партия комитетінің қолданып отырған тапшылдық саясаты Қазақстандағы қай ұлттың еңбекшілерінің болса да таптық сезімін оятып, саяси саңылауын көтеріп, соның арқасында еңбекшілер мәдениет төңкерісінің де маңызын түсініп отыр. Мысалы, жер саясаты, өте-мөте егістік бөлу жұмысы таптық жолымен жүргізілді. Қазіргі уақытта ірі байлардың, ақсүйек, шонжарлардың мал-мүлкі конфескеленіп жатыр. Міне, бұл жұмыстардың қайсысы болса да қалың еңбекшілердің тілегімен жүргізіліп отыр.

Еңбекшілер жұртшылығының таптық сезімін оятып, саяси саңылауы қаншама өскендігіне мықты дәлелдер — осылар. Сөйткен еңбекшілердің мәдениетін көтеру күрделі жұмыстың бірі болып саналады. Қазіргі дәуір — ауылдың ескілікті тұрмысына балта шауып, қалың еңбекшілердің игілікті жұмыстарына кесірін тигізіп келген ірі байлардың, тоңмойын шонжарлардың тамырын қиюға іс жүзінде кіріскен дәуір. Бұл жұмыстарды Қазақстан еңбекшілері коммунист партиясы басшылығымен жүзеге асырып отыр.

Қазақстан сияқты бұрын алпауыт байларының отары болған, шаруашылық, мәдениет жағынан артта қалған аудандарда да жалшылар үстемшілігінің арқасында капиталдық дәуірді аттап өтіп, социалдық тұрмысқа аяқ басуға мүмкін екендігіне мықты дәлел. Қалың еңбекшілердің оқу жұмысына ынтасы күшейіп, тілегі өсіп отыр. Оқығысы келгендер көбейіп, оларға мектеп жетпей жатыр. Саяси

тұрмысқа аяқ басқан еңбекшілердің партияның ауылда жүргізіп отырған таптық саясатына ықыласы ауып, бұны орындауды өз қолына алып отыр. Еңбекшілердің жұртшылығы мәдениет жөніндегі біздің қазіргі істеп отырған ісімізге қанағаттанып отырған жоқ.

Қанағаттандыра алмай отырғанымызға негізгі кедергі — мәдени күштердің аздығы, ағарту жұмысын ілгері бастыруда түрлі кедергілердің көптігі. Оның үстіне, көпшіліктің мәдениет жөніндегі тілегін біздің қазіргі қолда бар оқытушыларымыз да дұрыстап орындай алмай келеді. Оқытушылардың саны аздығы былай тұрсын, сапасы да өте кем. Мектептерде оқу программасы қалай орындалып жатыр? Оқу программалары дұрыс орындалып жатқан жоқ. Неге десең, оқытушылардың көбінің білімі таяз, дайындығы кем. Оқытушылар өзі біліп білімін толықтыруға тырыспайды. Сондықтан оқу программасын жөнді басқара алмайды, кейде өзінің білімінің таяздығына үйлестіріп, програмды қысқартып тастайды. Осыдан барып оқудың жалпы маңызы түседі, сапасы кемиді. Бірсыпыра мектептерде оқушылар оқытушыларының білімін басып озды. Оқытушылардың онан әрі оқытуға білімі жетпей қалады. Бұл — болып отырған іс.

Мәдениет төңкерісінің мәселесін іске асыру қазіргі дәуірде біздің қолымыздан келеді. Аз болса да қаражат та табылады. Сондықтан біздің алдымызда тұрған бірінші міндет — қолда бар мәдени күшті, қаражатты орнына дұрыстап пайдалана білу. Әрине, күш, қаржы мол екен деп, қолды қусыруға болмайды, мәдени күшті, қаражатты көбейту үстіне көбейту — бүгінгі таңдағы кезекті міндет. Өлкелік партия комитетінің соңғы пленумында Голощекин жолдас: «Мәдениетшіл, қаражатты жұмсауда да мәдениетті бол», — деген. Бұл — өте керекті ұран, бұны іске асыру керек. Мәдениет жұмысына арналған қаражатты дұрыс жұмсау ісіне оқытушылар көпшілігін қатынастырып, ағарту мекемелеріне жәрдемдестіру керек.

Мәдениетшілер тобын көбейту ауыр жұмыс болғанмен, өте керекті жұмыс. Оқытушылардың білімін толықтыру, олардың жұмысына жәрдем беру — партия, кеңес жұртшылығының қашанда болса естен шығармайтын жұмысы. Ауыл мұғалімдеріне көбірек назар салыну керек. Қалалы жердегі мұғалімдерден гөрі ауыл мұғалімдерінің халі нашар, неге десең, қалалы жерде білім толықтырарлық, өнеге алырлық түрлі орындар бар, ауылдарда бұлардың бірі жоқ. Сондықтан ауылдағы оқытушыларға айрықша назар салы-

нуы жөн. Ағартушылар одағы осы мәселелерге айрықша көңіл бөліп, тиісті шаралар қолдансын.

Мектеп саны көбейіп келеді. Мектеп саны көбеюімен қатар оқудың сапасын арттыру керек, мектепті іс жүзінде кеңес мектебі қылу керек. Оқытушылармен қатынасымыз нашар, бұл жөнінде кемшіліктер бастан асады. Бірсыпыра жерлерде оқытушыларға әкімшілік жүргізу әдеті бар. Оқытушыларды аты-жөні жоқ өсектеп, шағу бар. Бұл турасында жақында «Правда» газетінде басылған Коростылев жолдастың мақаласында да бірсыпыра айтылған. «Оқытушылармен қатынас жақсы болсын, социалдық тұрмысты құрудағы құралдың бірі — мәдениетшіл күштер», — деп Ленин жолдас та айтқан. Бұны естен шығару керек емес.

Рас, оқытушылардың өз арасында кемшіліктер жоқ деп кесіп айтуға менің аузым бармайды, бір. Бұл кемшіліктерді жою үшін олардың арасында тәрбие жұмысын күшейту керек, тиісінше мәдениеттендіру керек. Мәдениетті оқытушылар дайындау жеңіл-желпі жұмыс емес. Сонда да бұл жұмысқа партия, кеңес жұртшылығы болып атсалысу тиіс.

Оқытушылар арасындағы кемшіліктерді жойсақ, оқу жөніндегі кедергілер өзінен-өзі жойылмақ. Негізгі міндет – қоғамшыл оқытушы, мәдениет майданында басшы боларлық оқытушы дайындап шығару. Оқытушыларға әкімшілік көрсету тамырымен жойылу керек. Оқытушыларды алмастыратын, кежегесін кері жіберетін мықты қырсықтың бірі осы. Оқытушылар арасында өзді-өзімізді мінеу жұмысын күшейту керек. Бұл жұмыс күшейсе, оқытушылардың өз арасындағы кемшілік былай тұрсын, басқа қызметкерлер, халық ағарту орындарының кемшіліктері, түрлі міндері қалқып жүзеге шықпақшы. Міне, сонда ғана ағарту жөніндегі кедергілерден қол үзбекшіміз.

Ағарту қызметкерлері одағының мәдениет майданындағы жұмысын жеткілікті екен деп айтуға болмайды. Мәдениет қызметкерлерінің мәдениет жұмысында әлеуметшілдігін көтеру жөнінде одақтың істеп отырған жұмысы мүлде нашар. Халық ағарту жөніндегі кемшіліктерді жою жұмысына оқытушылар көпшілігі жөнді тартылмаған.

Жергілікті ағарту қызметкерлері одағының ел еңбекшілері алдында көбінің беделі шамалы, бұл қалыпты тамырымен жою керек.

Ауылдағы мектеп, оқу үйі, қызыл отаулардың жұмысы ойдағыдай жақсы емес: бұл орындарды басқарып жүрген мәдени қызметкерлеріміз ауылдың қоғам жұмыстарына

қатынасып, басшылық қыла алмай, өз беттерімен жүр. Солтүстік Қазақстанды аралап жүргенімде кейбір жерлерде оқытушылардың конференцияларына, ауылдық кеңестердің жиылыстарына кез болдым. Қарап отырсам, оқытушылар халық ағарту мәселесіне белсенді қатынаспайтын көрінеді. Мынадай кемшілік бар, мынадай нәрселер жетіспей жатыр, — деп тіс жарып, мұңын шағып, тақылдап тұрған оқытушыларын көре алмадым.

Ауыл арасындағы бірсыпыра оқу үйлерін бұзықтар қамайтын абақтыға айналдырып қойыпты, кітап қағаздары шаң басып, шашылып жатыр. Мектептердің де саны шамалы. Бұл кемшіліктерді жоюға оқытушылардың ықыласы жөнді емес. Халық ағарту қызметкерлері одағы осы кемшіліктерге айрықша назар салғаны жөн.

Ауылдағы оқытушылар ауылды мәдениеттендіріп, жаңа тұрмысқа бастайтын басшы бола білсін. Қалың еңбекшілерге үлгі көрсетсін. Күнделік жұмысында еңбекшілермен хат-хабарласып, араласып жатсын. Қараңғылыққа, надандыққа басшы бола келген үлкен қырсықтың бірі — дін шырмағы. Сөйткен діннің салдары әлі күнге дейін біте қойған жоқ. Жас жеткіншектерге жасырын түрде дін сабағын оқыту жоқ екен деуге ауыз бармайды. Ауылдағы оқытушылар, басқа мәдениетшіл қызметкерлер дінге қарсы күресті күшейтулері керек. Мектептерде, оқу үйлерінде, қызыл отауларда дін туралы лекциялар оқытылып, еңбекшілерге затшылдық қисын жағынан түсініктер берілуі керек. Міне, осы айтылған жұмыстарды дұрыс жолға салып, ретінше жүзеге асыра алсақ, мәдениет төңкерісінің негізгі міндеттерін орындаған болып шығамыз.

М.

«Еңбекші қазақ», 7 октябрь, 1928 ж., №231(258)

ЖАНАЙҚАЙ ЖАУАП*

Міржақып Дулатұлы: *«Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызмет және оған алашордашылардың, менің қатынасым жөнінде»*

«Қазақ республикасындағы қазақ жауапты қызметкерлерінің арасында жікке бөліну және рулық топтар құру республика өмірге келген 1920 жылдан басталады. Бұлар

* Бұл мәтінді М.Дулатұлының тергеу хаттамаларынан жазушы Дүкенбай Досжан қазақ тіліне аударған — *Ред.*

өз тобын-жігін күшейтуге, жауапты қызметкерлерге өз адамдарын, өз руластарын көбірек кіргізуге тырысты. Партия, үкіметке сенімді болып көрінү үшін, қазақ коммунистерінің көбі орынды болса да, орынсыз болса да, алашордашыларды тоқтатып, жамандайтын болды. Сондықтан коммунистердің төңкеріске еңбегі сіңбегендері үшін, алашорданы боқтауы үлкен заслуга сияқты көрінді. Партияға кіргісі келген, партфель алғысы келген кейбіреулер, ішінен жек көрмесе де, алашорданы боқтаумен карьера істейміз деп сенетін болды. Жікшілдік қазақ коммунистері арасында көпке шейін созылды. Съездер болар алдында әр жік жер-жерде съезд өткізу үшін өз адамдарын жіберуге тырысты. Съезд кездерінде жік-жік болып, сыбыр-сыбырдан босамайтын болды. Біреуге біреу кездессе: пәлен кімнің адамы, түген кімнің адамы деп сұрасатын болды. Өз руына, өз еліне тартпаған қазақ коммунистері аз шығар. Мәселен, Қазақстан орталығын Орынбордан көшіру мәселесі көтерілгенде Орал, Бөкей коммунистері орталық Орынборда қалсын, ең болмағанда Ақтөбеде болсын деген. Өйткені бұл екі қала олардың еліне жақын. Түркістан коммунистері Шымкент, Қызылорда болсын деген. Өйткені бұл қалалар солардың еліне жақын. Ақмола, Семей коммунистері орталық Семейде болсын деген. Өйткені Семей оларға жақын.

Республиканың тұрмысына зор маңызы бар осындай мәселелерді шешу жөнінде де жікшілдікке салып отырған. Жікшілдіктің мұндай әсері жастар арасына да тарады, жұмысшылар арасына да тарады. Жауапты қызметке кіріскен жұмысшы Семейдікі болса, Семей коммунистерін жақтады. Ақмоладан болса, Ақмола коммунистерін жақтады. Міне, осындай қалыптар да алашордашылардың Кеңес үкіметіне сенімсіздігін күшейтуге себепкер болды. Алашордашылар мұндай коммунистердің кейбіреулерін жақын көре алмай, кейбіреулерін алыс көре алмай тұрған жоқ. Алашордашылар бір жағына тілектес болса, оған қарсы жағы оларды алашордашыл деп айыптайтын болды. Коммунист болып әрі партия мен өкіметке, әрі қазақ еліне жақсы көрінгісі келгендер де болды. Мұндайлар алашордашыларды өздеріне тартты.

Алашордашылар кім өздерін боқтамаса, қызмет қылуға қарсы болмаса, соларды төуір көрді. Қазақ коммунистері дәйім бір күйде тұрған жоқ: бірде солшыл, бірде оңшыл болып құбылды. Екінші жақтан, орыс коммунистерінің, қызметкерлерінің ұлы ұлтшылдығы (*великодержавный шовинизм*) көрініп отырды. Коммунист партиясы арасында туған

жіктер, мәселен, Троцкий жігі, оңшыл уклондар да алашордашылардың Кеңес өкіметі көп жасай алмайды деген ойын күшейткендей әсер етті. Оның үстіне, Кеңес өкіметіне шет мемлекеттердің бәрі дұшпан болуы Кеңес өкіметі жалғыз Ресейде ғана өмір сүре алмайды деген ойды тағы да күшейткен, қазақ ұлтшылдарын Кеңес өкіметінің жолынан тайдыра берген, бұлғалақтата берген себептердің ең негізгісі — сол, яғни Кеңес өкіметі жасай алмайды деген пікір. Әйтпесе, Кеңес өкіметі құласа, оның орнына Ресейді билейтін жаңа өкімет қазақ жұртына Кеңес өкіметінен пайдалы болады деп қазақ ұлтшылдары ойлаған емес. Біздің ойымызша, Кеңес өкіметі құлай қалса, Ресейді бір ғана партия билейді деп білмейміз, орыстың қара жүзділері, иә соған таяу отаншылдары (*патриоты*) билейді, әйтеуір бір түстес емес, біріккен (*коалиционное*) өкімет билейді. Олар қазақтың өз билігін өзіне (*самоопределение*) беруге қарсы болады, тұтас қазақ сияқты ұлттардың байлығы мен шикізатын ғана пайдаланатын болады деп түсінеміз. Осылай ойлай тұра, Кеңес өкіметіне қаяусыз қызмет ете алмағанымыз, жоғарыда айтқанымша, бәрібір құлайды дегенім болған.

Кеңес өкіметінің кейбір істеріне, шараларына қарсы болсақ та, күні бүгінге шейін шынымызбен риза болып келген жұмыстар да көп. Мәселен, Кеңес өкіметі арқасында қазақ жұртында мемлекет болу идеясын (идея государственности) күшейту, ұлттар арасындағы алалықты-араздықты (*национальный антагонизм*) жоюға істеліп келе жатқан шаруалар. Қазақстанда өнерлі кәсіпті көркейту шаралары, теміржолдар салу, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуы, ұлт мектебін көркейтуге жол ашылуы, орта мектептердің көбеюі, университет ашылуы, әйел теңдігі, дінді мемлекеттен айыру, жалпы сайлау құқығы, қазақтың әдебиеті, баспасөзі ілгері басуы, сауатсыздықты жоюы, жалпы мәдениетті өсіруге бет алуы сияқты — бұл мәселелердің кейбіреуі жөнінде ұлтшылдық бұрмалау болғанымен, жалпы алғанда бұларға шын қазақ ұлтшылы анық риза екендігін батыл айта алам...»

(Дулатовтың тергеу ісқағаздарының IV томы, 30 қараша, 1929 жыл).

Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіштері
(I, II бөлімдер)

Қызылорда, 1926—1927 жылдар



«Жаңа мектеп» журналының үшінші санына тегін қосымша

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БАСЫЛҒАН КІТАПТАРДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Бірінші бөлім

Қазақстан Мемлекеттік баспасы, мұның Ташкенттегі бөлімі, Мәскеудегі Орталық баспа шығарған кітаптардың бәрі де осы «Көрсеткіштен» табылады

Қазақстан Мемлекеттік баспасы

Қызылорда, 1926

ОҚУШЫЛАРҒА

Қазақ даласының ұшы-қиыры жоқ кеңдігі, егіннің тараулығы, қатынас жолдарының нашарлығы, қалалы жерлерде қазақтың аздығы, бөрінде бірдей кітап дүкендерінің бола бермеуі бұл күнге шейін қазақша шыққан кітаптардың ел арасына дұрыс тарауына үлкен кедергі болып келеді. Оның үстіне елдің көбі қандай кітаптар басылып жатқанын, олардың мазмұнын, бағасын, қайдан аларын, қалай алдырарын білмей келеді.

Осы жағынан елге жөн сілтеп, жеңілдік келтіру ниетімен біз осы «Көрсеткішті» шығарып отырмыз.

Төңкерістен бұрын қазақша шыққан кітап аз еді. Енді өмір астананың қазанындай қайнап тұрған төңкеріс дәуірінде, жұрттың бәрі жапа-тармағай жаңа тұрмысқа аяқ басып, тілегі де, керегі де күннен-күнге өсіп келе жатқан заманда әдебиет майданы да ұлғайып, халықтың шаруашылық, саясат, мәдениет жүзіндегі қажеттері де көбейген соң, бұларды өтеу үшін күн сайын әр алуан кітап, журнал, газеттер топ-тобымен шыға бастады. Бұлардың бәрімен танысып, бәрін оқып білімін арттырып, жөн-жосық көріп отыру — ақ үстінен қара танығаң азаматтың бәріне де міндет болды. Сондықтан біз осы «Көрсеткішті» төңкерістен бастап бұл күнге шейін басылып шыққан қазақ кітаптарын тізіп отырмыз. Кітаптың қайда, қашан басылғаны, кім шығарғаны, көлемі, бағасы көрсетілді. Баспасөз жүзінде сынағандары болса, сол сындардың қысқаша қорытындылары да жазылды. Кей кітаптардың қысқаша мазмұны көрсетілді. Бәрінің бірдей мазмұнын баяндауға «Көрсеткіш» аса үлкейіп кететін болды. Содан тартындық.

Төңкерістен бұрынғы басылған кітаптарды әдейі көрсеткеніміз жоқ. Өйткені олар, бәрі дерлік бұрын тарап біткен. Қалғандары болса, бұл кездегі кітап дүкендерінен табылмас деп ойладық.

Төңкерістен бері басылған кітаптардың сатылып біткендерін де бұл «Көрсеткішке» кіргіздік. Бұлай етуіміздің мәнісі — ондай кітаптардың әлі де оқушыға керегі болса, қайта басылуын тілер, білдірер, соған қарай қайтадан басылатын болар дедік.

Газет-журналдардан осы кезде шығып тұрғандарын кіргіздік. Бәрінің де мерзімі, жазылу бағасы, адрестері көрсетілді.

Бұл «Көрсеткішке» Қазақстан Мемлекет баспасы (*Орынбор, Қызылорда*), мұның Күншығыс бөлімі (*Ташкентте*) және Мәскеудегі Орталық баспа шығарған кітаптардың бәрі де кірді. Көзге көрінбей, қолға түспей қалған бірліжарым кітап болуға мүмкін. Бірақ ондайлар көп бола қоймаса керек.

Қазақстан Мемлекеттік баспасында болсын, Мәскеудегі Орталық баспада да болсын, осы күні басылуға даярланған жазба кітаптар аз емес, бұларды бұл «Көрсеткішке» кіргізгеміз жоқ, басылып шыққаннан кейін кезінде жариялап тұруды, молайыңқыраған кезде тағы да осындай «Көрсеткіш» шығаруды мақұл көрдік.

Мектептер, кітапханалар, мекемелер, ұйымдар, қызметкерлер, оқушы жастар, жай адамдар бұл «Көрсеткіштен» қандай кітаптар басылып шыққанын көрген соң жержердегі «Білім» дүкендерінен керегін алдырып отырар деп сенеміз.

Мемлекет баспасының қазақ бөлімін басқарушы:
Дулатұлы Міржақып.
Қызылорда, 31/XII.1925 ж.

I

ОҚУ КІТАПТАРЫ, ҚҰРАЛДАРЫ

1. Байтұрсынұлы Ахмет. «Әліпби». Төте оқу мен тұтас оқу екеуіне де жарайтын түрде жазылған жаңа құрал, қазақ тұрмысына үйлесімді, суреттері бар. Емлесі: жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған.

Қызылорда, 1926. ... бет. Бағасы ... тиын.

Байтұрсынұлы Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» (*Оқу құралы*) қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді. Бұрынғы «Әліпбиі» қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі жаңа, әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Бірақ соңғы кездерде жаңа төртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліпби» әдісі жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген.

Мынау жаңа «Әліпби» бұрынғысынан қай ретте болса да артық. Бұл «Әліпбидің» мазмұны, қазақ жағдайына қарай Мемлекет білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы төртіппен құралған.

Бұл «Әліп-би» дыбыс әдісімен де, Америка әдісімен де оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл «Әліпби» аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда, тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды. Бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық...

Бұл «Әліпби» бұрынғысына жүдә ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан.

(*Білім кеңес.*)

2. Бұл да сонықі. «Тіл — құрал».

Бірінші: Дыбыс жүйесі мен түрлері. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы.

Қызылорда, 1925. 39 бет. Бағасы 35 тиын.

3. Бұ да сонікі. «Тіл — құрал».

Екінші: Сөздің жүйесі мен түрлері. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы.

Қызылорда, 1925. 121 бет. Бағасы 65 тиын.

4. Бұ да сонікі. «Тіл — құрал».

Үшінші: Сөйлем жүйесі мен түрлері. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен үшінші басылуы.

Қызылорда, 1925. 73 бет. Бағасы 45 тиын.

5. Бұ да сонікі. «Сауат ашқыш».

Дыбыс әдісі жолымен тәртіптенген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші басылуы. Емлесі жаңа.

Орынбор, 1924. 114 бет. Бағасы 45 тиын.

6. Шонанұлы Телжан. «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы».

Қызылорда, 1925. 5 бет. Бағасы ... тиын.

7. Байтұрсынұлы Ахмет пен Шонанұлы Телжан. «Оқу құралы». 3-4 жылдарда оқылатын кітап. Хрестоматия.

Қызылорда, 1925. ... бет. Бағасы ... тиын.

8. Жұмабайұлы Мағжан. «Тарту».

(Әбубәкір Дивайұлы жинаған әдебиет түрлерінен тізілген оқу кітабы.)

Ташкент, 1924. 215 бет. Бағасы 1 сом 35 тиын.

9. Дулатұлы Міржақып. «Оқу құралы». (Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы.) Бесінші басылуы.

Орынбор, 1924. 126 бет. Бағасы 45 тиын.

10. Бұ да сонікі. «Есеп құралы».

Бастауыш мектепте бірінші жыл оқылатын кітап. Түзетіліп, толықтырылып, сурет салынып, жаңа емлемен төртінші басылуы.

Орынбор, 1925. 76 бет. Бағасы 38 тиын.

11. Бұ да сонікі. «Есеп құралы».

Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын кітап.

Түзетіліп, толықтырылып, сурет салынып, жаңа емлемен төртінші басылуы.

Орынбор, 1925. 98 бет. Бағасы 50 тиын.

«...Орыс тілінде Ланков деген кісінің қоғам жүйесінің негізіне тіреп жазған есеп құралы бар. Бұл өте мақтаулы құрал. Соңғы комплекс жүйесіне ыңғайланып жазылған.

Міржақыптың есеп құралы осы Ланков құралының (*қазақ тұрмысына үйлестірілген*) аудармасы...

Біздің қырдағы оқытушыларымыз мұндай жаңа істі құралға өте шөлдеулі. Сондықтан бұл құрал оқытушыларға жаңа істі жалғыз құрал. Алдымыздағы оқу жылына қарсы бастауыш мектептерде комплекс жүйесі кіргізілсін деп отырғанда, оқытушылардың тілегіне бұл құрал дәл шығып отыр...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925, №304.*)

12. Зенченко мен Еменьев. «Бірінші басқыш ауыл мектептері үшін арналған есептік».

Екінші жылдық. Аударушы Ғ. Дәулетбекұлы.

Ташкент, 1925. 68 бет. Бағасы 50 тиын.

13. Бұ да сонікі. «Бірінші басқыш ауыл мектептері үшін арналған есептік».

Үшінші жылдық. Аударушы Баймақанұлы Шәкір.

Ташкент, 1925. 69 бет. Бағасы 50 тиын.

«...Зенченко мен Еменьев түрлі есептердің бәрін де бұқараның тұрмысынан, шаруасынан алып жазған. Сондықтан балалар Зенченконың есептерін шығарғанда, есепке жаттығып, зейіні ашылудың үстіне тұрмыстың, шаруаның түрлі тарауларымен танысып, үй ішінің түсімі, шығыны қандай болатынын тексеріп үйренеді; кооператив, түрлі серіктестіктер жай-күйімен танысады; ауыл-аймақ, болыс, үйез, губерния, бөтен өлке, мемлекет жайын тексеріп, қоғам шаруасымен танысады; қоғамдық жұмысқа да бейімделеді. Сөйтіп, бастауыш мектептегі сан жүйесі, шама тілі бұрынғыдай тұрмыстан, шаруадан тысқары оқушыны жалықтыратын жансыз құр сүлде болмай, басқа ғылымдармен сабақтасып, комплекс жолына түседі.

Бұл кітаптардың қазақшасына келейік. Жоғарыдағы кітаптардың екеуінің де емлесі ескіше. Бірақ ескіше де дұрыс емес, пән сөздері ғылым кеңесінде қабылданған сөздерден басқаша, кітаптың әр жерінде әртүрлі аталатын сөздер де бар... Есеп амалдары солдан оңға қарай жазылған. Шәкір кітабында оң-терісі аралас. Екеуінің де сыртында орысшадан «өзгертіліп аударылды» делінген. Бірақ Ғ-ның өзгерткені шамалы, Шәкірдің қанша өзгерткенін тексергеніміз жоқ.

Зенченко кітабындағы цифрлар ішкі Ресейдің цифрлары: сондағы мал саны, егін мөлшері, сондағы базар нарқы. Сондықтан Зенченко мен Еменьев: «Біздің есеп құралымыз бұл күйінде басқа мектептерге жарамайды, басқа жердегі мектептерге сол жердің шаруа жағдайына лайықтап, өз алдына есеп құрал шығару керек», — дейді. Сондықтан бұл кітаптарды қазақшаға аударғанда: азық-түлік, аяқты мал, шаруаның басқа түрлі керектерін мұндай тұрмыстың жағдайына қарай есептеп жазу керек еді... Қазақтың үй іші, ауыл-шаруасы түгіл, мектебі де ішкі Ресейдегідей болмайды. Сондықтан мектеп жайынан жазылған есептерді де қазақ мектебіне келетін қылып түзетіп жазу керек еді...»

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1925. №1.*)

14. Досмұхамбетұлы Қ. «Табиғат тану».

Бірінші бөлім (Бұйым, ауа, су, жер, кен, жержүзінің өзгерілуі).

Ташкент, 1922. 127 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын.

15. Бұ да сонікі. «Жануарлар». Бірінші бөлім (Сүйектілер хақында).

Ташкент, 1922. 184 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын.

16. Бұ да сонікі. «Жануарлар».

Екінші бөлім (Жалпақ құрттар, бірқуыстылар, буылтық құрттар, тікенділер, былқылдақ төнділер турасында).

Ташкент, 1922. 126 бет. Бағасы 1 сом.

17. Трояновский. «Жаратылыстану құралы».

Бірінші бөлім (Ауа, су және жер). Аударушы Айбасұлы Бірмағамбет.

Қызылорда, 1926. 135 бет. Бағасы 90 тиын.

18. Тоқтыбайұлы Иса. «Жағрафия».

Бірінші басқыш мектептері үшін.

Ташкент, 1923. 96 бет. 60 тиын.

19. Бұ да сонікі. «Түркістан».

Ташкент, 1923. 54 бет. 45 тиын.

20. Тілеуліұлы Жұмағали. «Гигиена».

Орынбор, 1924. 167 бет. Бағасы 75 тиын.

Бұл — денсаулық жайынан екінші басқыш мектепте оқылатын құрал. Денсаулықтың адам баласына қымбаттылығы, адам денесінің, мүшелерінің жаратылысы, адамның денсаулығы үшін, ауаның, үйдің, киімнің, тамақтың, қандай болуға керектігі, жас баланың тәрбиесі, мектеп балаларының денсаулығы, жұқпалы аурулар, солардан сақтану жөндері толық баяндалған. Бұл кітап жалғыз мектепте ғана оқылатын емес, хат танитын адамның бәріне де түсінікті.

21. Омаруұлы Елдес. «Физика».

Орынбор, 1924. 397 бет. Бағасы 2 сом 40 тиын.

Бұл кітапта екінші басқыш мектептерінде оқуға арналған. Кітаптың аяғында физикадан ұшырайтын пән сөздері дербес түсіндірілген.

22. Богданов А. «Тұрмыс жүйесі білімінің қысқаша курсы».

Қазақшаға аударушы Шонанұлы Телжан. Кітаптың аяғында осы кітапта ұшырасатын Қазақстан Білім-әдебиет кеңесі қабыл етіп алған пән сөздерінің мәнісі бірге басылған. Бірінші басылуы.

Орынбор, 1924. 316 бет. Бағасы 1 сом 55 тиын.

«Біздің кітап оқып көрмеген, үлкен кітап көрсе жатырқап қарайтын оқушыларымыз кітапты оқып көрместен бұрын, осы кітаптың сөзі түсініксіз екен деп жала жауып жүр.

Бұл кітаптың сөзі түсінікті. Тележан орыс кітабын қазақшаға аударуға шебер. Бұл кітаптың сыры біздің қазақтың ойына жат. Мұндағы ойды қазақ ойлаған емес. Кітаптың қиын көрініп тұрғаны кітаптан емес, кітаптың қазаққа негізі, сыры жаттығынан.

Бұл кітаптың басы шаруа тарихының еңбектеп, төйтөйлап өсіп келе жатқан дәуірі қазаққа ұғымды, қазақтың тұрмысы өзі осы дәуірдің желісіне шығып келеді. Тұрмыс – мен мұндалап тұрғанды кітап жетелеп жібереді.

Капитал дәуіріне жеткенде, қандай шебер адам болса да, шаруашылық жүйесінің білімін осы күнгі жалпы қазаққа түсіндіре қоюы оңай емес...

Орыс тілін білмейтін жаңа өспірім жастар бұл кітапты жақсылап оқыса оң болады».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №336*)

23. Покровский П.Р. «Орыс тарихы».

Бірінші бөлім. Аударушылар: Қаржаубайұлы мен Баймұхамбетұлы.

Қызылорда — Ташкент, 1925. 312 бет. Бағасы 2 сом.

24. Шонанұлы Тележан. «Орысқа қазақ тілін үйреткіш».

Орынбор, 1925. 99 бет. Бағасы 70 тиын.

Бұл кітапты оқыған адам 900-дей қазақ сөзін үйренеді. Кітап орыс тілін, орыс «тіл жүйесі мен сөйлем жүйесін» білетіндерге арналып жазылған. Мұндай білімі жоқ адамға тек дара сөздің мәнісін ғана білуге болады. Бұл кітаптан қазақ тілін орыстар мұғалімсіз оқып та үйрене алады.

25. «Кеспе әліпби».

Қызылорда — Ташкент, 1925. Бір табақ. Бағасы... тиын.

26. «Метр өлшеуіштері».

Қызылорда, 1925. Бір табақ. 10 тиын.

27. «Көбейту кестесі».

Қызылорда — Ташкент, 1925. Бір табақ. 15 тиын.

28. «Қазақстан картасы».

Үлкендігі 55х35 см. Екі түрлі бояумен тез арада басылып шығады.

29. «Қызылорда планы» (*жоспары*).

Үлкендігі 55х35 см. Екі түрлі бояумен тез арада басылып шығады.

30. «Түркістан картасы».

Ташкентте басылған. Бағасы 16 тиын.

31. «Еуропаның картасы I».

Ташкентте басылған. Бағасы 16 тиын.

(32-ден 41-ге дейін нөмір саны қойылып, орны ашық қалдырылған.)

II

ТӘРБИЕ — ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

1. «Қазақтың бастауыш төрт жылдық еңбек мектебінің программасы». *Орынбор, 1923. 26 бет.*

2. «Түркістан білім кеңесі».

Төрт жылдық мектеп үшін програм. I—II бөлімі.

Ташкент, 1924. 69 бет. Бағасы 60 тиын.

3. Жұмабайұлы М. «Бастауыш мектепте ана тілі».

Ташкент, 1923. 19 бет. (Сатылып бітті.)

4. З.Алмадинген — Тумим. «Мектептен бұрынғы тәрбие».

Аударушы Құлжан келіні Н.

Орынбор, 1923. 36 бет. Бағасы 20 тиын.

5. Жұмабайұлы Мағжан. «Педагогика».

(Баланы тәрбие қылу жолдары). Екінші басылуы.

Ташкент, 1923.108 бет. Бағасы 75 тиын.

6. Аймауытұлы Ж. «Тәрбиеге жетекші». (Бала оқытушыларға).

Орынбор, 1924.186 бет. Бағасы 1 сом.

«...Жүсіпбектің «Тәрбиеге жетекші» кітабы — жыл құсы. Бұл кітаптың тілі өте жеңіл. Баспасы анық. Қағазы жақсы. Корректуралық жаңылысы көп жоқ. Кітап аяғында пән сөздерінің қазақшасы тізілген...

...Жүсіпбек кітабы ескі сарынмен емес, жаңа сарынмен жазылған. Осы күнге шейін ғылымның оқыту, тәрбие туралы шығарған қорытуының Жүсіпбек қазақ оқытушыларына ең керегін алып жазған. Кітапта «қисын» (теория) аз, іс жүргізу жағы басым. Бізге керегі де осы. Жүсіпбек оқытушыларымыздың тамырын жақсы айырған. Бұл кітапты оқып шыққан кісі мектептің мақсатымен де танысады. Қалай іс жүргізуін де біледі. Қалай істі ұйымдастыруды да түсіндіреді. Баланы қалай оқытуын да үйренеді. Кітап — оқытушыларға жақсы жетекші. Бұл кітапты оқытушылардың оқып шығуы аз, зерттеп, жаттап алуы керек. Оқытудың тәртібі жайынан тәрбие алмаған мұғалімдер түгіл, оқу жолына маман оқытушылар да бұл кітапты дұрыстап оқуы керек...

Бұл кітап педтехникумдарда, пединституттарда оқу құралы болуға жарайды. Бұл кітап әр оқытушы столының үстінде жатуы керек. Әр мектептің кітапханасында болуы керек.

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №400*)

7. Білім кеңесі. «Қазақстанның халық ағарту жолындағы қызметкерлерін оқыту әдісі жайындағы №1 хат».

Орынбор, 1924. 51 бет. Бағасы 35 тиын.

8. Бұ да сонікі. «Әдіс хат №2». (Оқытушылар съезінің жасаған программасына).

Орынбор, 1925. 15 бет.

9. «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі».

Орынбор, 1925. 118 бет. Бағасы 70 тиын.

Бұл кітапта съезде қаралған оқу, жазу, емле, мектеп программасы жайынан толық баяндамалар және осы мәселелер тақырыпты қаулылар түгел басылған. Хат білетін адамның бәріне, әсіресе мұғалімдерге өте керекті, пайдалы кітап.

10. Төреқұлұлы Нәзір. «Жаңа әліпби неге керек?»

Мәскеу, 1925. 88 бет. Бағасы 35 тиын.

«Жаңа әліпби неге керек?» — тас дәуірінен бастап әліпби тарихы жайынан сөйлейді. Арабтың жазуы тарихынан, араб жазуының өзгеруінен сөз ашады. Түрік елдерінің ескі жазулары туралы сөйлеп келіп, жаңа әліпбилердің шығуы, өзгеруі тарихына көшіп, көп мағлұмат береді. Бұл күнге дейінгі қазақ-қырғыз қолданып келе жатқан әліпбидің кемшіліктерін көрсетіп, латын әліпбиін қабыл алуды ұсынады, латын әліпбиінің артықшылығын дәлелдейді.

11. Досмұхамбетұлы Қалел. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм» (*дыбыстардың үндестік заңы*).

Ташкент, 1924. 53 бет. (Сатылып бітті.)

12. Байтұрсынұлы Ахмет. «Баяншы». (Қазақ мұғалімдері үшін).

Қазан, 1920. 15 бет. Бағасы 20 тиын.

13. Бұ да сонікі. «Әліппе астары».

(«Оқу құралы» деген қазақша әліппе бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы).

Орынбор, 1924. 26 бет. Бағасы 10 тиын.

14. Қожанұлы Сұлтанбек. «Есеп тану құралы». Бірінші бөлім.

Ташкент, 1924. 64 бет. Бағасы 40 тиын.

15. Жәлелұлы Кәрім. «Есеп тану». Екінші бөлім. Бөлшек сандар.

Ташкент, 1923. 58 бет. Бағасы 40 тиын.

16. Бұ да сонікі. «Есеп тану жобасы».

Ташкент, 1923. 12 бет. Бағасы 15 тиын. (17-ден 26-ға дейін нөмір саны қойылып, орын ашық қалдырылған.)

III

САЯСИ-АҒАРТУ ӘДЕБИЕТІ

1. Г.Зиновьев. «Ресейлік коммунист (большевик) партиясының тарихы».

Аударушы Дулатұлы Міржақып.

Орынбор, 1925. 158 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын.

«Бұл кітапта Зиновьев жолдастың алты лекциясы жазылған. Зиновьев жолдастың кітабы осы күнгі бұл темаға жазылған кітаптардың ішіндегі ең төуірлерінің бірі деп есептеледі. Партия тарихын оқығанда, кеңес-партия мектептерінде ұсталатын кітаптың бірі осы.

Кітап қазақшаға жеңіл, жатық тілмен аударылған. Қазақшаға аударуынан, сөз бен сөйлем жүйесінен жаңылыс жоқ. Қағазы әдемі. Әрпі жаңа, анық, нарқы қымбат емес.

Сөз басында Зиновьев жолдас: «Бұл лекцияны әдебиетіміз өте жарлы болған соң бастырдым», — дейді.

Қазақта бұл туралы тіпті әдебиет жоқ деуге болады. Сондықтан бұл кітаптың қазақша шығуы — өте керекті нәрсе. Бұл кітап кеңес-партия мектептерінде, саяси сауат курстарында оқу құралы орнына жүре алады. Партия тарихымен танысқысы келген кісі бұл кітапты оқымай кете алмайды. Бұл кітап мектеп кітапханаларында, оқу үйлерінде болуға тиіс».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №15.*)

2. Бубнов. «Ресей ортақшыл партиясының үстінен өткізген дәуірлері».

Аударушы — Ғ. Асылбекұлы.

Орынбор, 1924. 57 бет. Бағасы 30 тиын.

3. Л.М.Каганович. «Ресейдің Коммунистік партиясы қалай құрылған?»

(Партияның жолы, Уставы туралы).

Орынбор, 1925. 104 бет. Бағасы 30 тиын.

4. «Ресей Коммунистік партиясын күшейтелік».

Орынбор, 1924. 80 бет. Бағасы 25 тиын.

5. Вардин. «Россияның саяси партиялары һәм революция». Аударушы — М. Шәміл.

Орынбор, 1923. 77 бет. Бағасы 40 тиын.

6. Л.Д.Троцкий. «Октябрь төңкерісі». Аударушы — Жүсіпұлы Сапа мен V.

Орынбор, 1924. 107 бет. Бағасы 52 тиын.

7. И. Флеровский. «Октябрь һәм жаңа үнем саясаты».
Аударушы — Нұрымұлы Ғ.
Орынбор, 1924. 55 бет. Бағасы 40 тиын.

8. М.П.Павлович-Влонтер (Бельтман). «Отар мен ұлт мәселесі және Ш Интернационал».
Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.
Ақмешіт, 1925. 72 бет. Бағасы 40 тиын.

«...Ресейдің жұмысшылары мен шаруалары қандай кер замандарды басынан кешіріп, қаншама қиындықтарға шыдап, Октябрь төңкерісінің көтерген қызыл туын қорғап, жержүзіне танытқанын білу үшін бұл сияқты кітапты оқып танысу қазақ кедейі мен шаруаларына өте пайдалы және жақсы сабақ.

Кітаптың ішінде Павлович жолдастың сол күндерде (19-20-жылдар) болжап айтқандарының көбі жүзеге шығып, осы күні көзіміз көріп отыр. Әлі де бірен-саран орындалмағаны болса, оны да жақын уақытта көзімізбен көруімізге еш шәк жоқ...».

(*Аударушы*)

9. Коваленко. «Саяси кітапша».
Аударушы — V.
Орынбор, 1923. 81 бет. Бағасы 30 тиын.

«Коваленконың «Саяси кітапшасы» қысқаша тарихи материализм, әлеуметтік жүйесі жайындағы ғылымдар мен бұрын көп таныс емес адамдарға біраз мағлұмат береді. Әрине, қоғам жүйесін толығырақ білуге Коваленко кітапшасы жеткіліксіз; бірақ алғашқы керекті мағлұматтарды беруге жарайды. Қазақшаға аударуға пайдалы кітап, саяси тәрбие беруге демеуі тиетін кітап.

Қазақшасының тілі жатық, қазаққа түсінікті, миына сіңімді қылып аударылған. Қазақшасының ішінде оқыған қазақ түгіл оқымаған жай қазақ түсінбестей иә сөз, иә ой жоқ. Қазақшасы ұғымды.

Қоғам жүйесі, саясаттан мағлұмат алғысы келген қазақ баласы «Саяси кітапшаны» оқуы тиіс. Әсіресе оқып жүрген шәкірттерге пайдасы зор. Ел арасындағы қызмет қылып жүрген, кітап-құралы шамалы жерлердегі азаматтар оқуына тіпті дұрыс...»

(*«Қызыл Қазақстан» журналы, 1923. №17—18.*)

10. А.Бердников пен Светлов. «Коммунист партиясына кіруші әрбір еңбекші не білуге тиіс?»
Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.
Орынбор, 1925. 110 бет. Бағасы 32 тиын.

11. И.Сталин. «Партияның ауылдағы кезекті істері туралы».

Орталық партия комитетінің жанында болған ауыл ұялары хатшыларының мәжілісінде сөйлеген сөзі.

Аударушы — Мадияр.

Орынбор, 1925. 21 бет. Бағасы 18 тиын.

12. Л.М.Каганович. «Ауылда кеңес жұмыстарын дұрыстау».

Аударушы — Жолдыбайұлы.

Орынбор, 1925. 36 бет. Бағасы 20 тиын.

13. В.Молотов. «Ауылдағы кезекті міндеттеріміз туралы».

Аударушы — Алдоңғаруұлы Ерғали.

Орынбор, 1925. 80 бет. Бағасы 30 тиын.

«...Бұл кітапшада қазіргі заманның елінің алдындағы тұрған бірсыпыра саяси міндеттерін шолып шықпақпыз. Бұл кітап болғалы тұрған мәселелер Орталық партия комитеттің Октябрь пленумында менің «Ауылда істелетін кезекті міндеттер» деген тақырыпта сөйлеген баяндамам болатын. Сондағы баяндамадан бұл кітаптың көп айырмасы жоқ. Аз-аздап толықтырылған, өзгертілген жерлері болды. Мұның аяғында осы ауыл жұмыстары туралы партияның пленумы қабылдаған қаулылар да басылып отыр».

(*В.Молотовтың дәйектемесінен.*)

14. Смирнов пен Әлібекұлы. «Ауылдағы партия ұяларының ел шаруасы жөніндегі жұмыстары».

Аударушы — Жиенбайұлы.

Орынбор, 1925. 36 бет. Бағасы 20 тиын.

Смирнов жолдас Кеңестер Одағындағы жай-күйді сөйлеген.

Әлібекұлы жолдастың сөзі Қазақстан елдерінің шаруашылығы туралы партия ұялары хатшыларының аймақтық жиналысына жасаған баяндамасынан алынған. Мазмұны: ел шаруасының бұрынғы және осы күнгі халі.

Ел шаруасының жөнделуге бет алғаны 1923 ж. Шаруаны жөндеу үшін керек күштің мықтысы — елдің өзі ұмтылу. Ағарту жолындағы қызметкерлерді іске кірістіру керек. Елдегі партия ұяларының жұмыс жағдайы, қоныстандыру жұмысының дұрыс жүргізілуі шаруаға өте қымбат. Қоныстандыру жұмысы жағдайсыздық тудырмасын. Кооперация арқылы шаруа жөнделсін. Шаруаны жаңа жолға сілтеуші — агроном. Машине шаруаның жұмысын жеңілдетеді. Қазақстанда маңызды шаруа — мал өсіру. Бірыңғай шаруа салығының дұрысталуына қам қылу керек. Бұл жұмыстарға

барлық кеңес-қоғам мекемелерін, білімдерін қатынастыру керек.

15. Н.Крупская. «Ауыл арасында саяси-ағарту жұмысы».(Ауыл ячейкалары хатшыларының Р.О.П. Кіндік комитеті жанында болған кеңесінде Н.К.Крупская жолдастың жасаған баяндамасы).

Аударушы — Шонанұлы Т.

Орынбор, 1925. 30 бет. Бағасы 10 тиын,

«...Ауылға қарай бетіңді бұр» деген осы күнгі партияның екпінді тәртібіне қойылып отырған мәселесінің бірі. Ауылға қарай бетті қалай бұрамыз? Ауылда істегелі отырған істеріміз не? Ауылдың кімін қуаттап, кіміне қарсы боламыз? Осының бәрі шешім күтіп біздің алдымызда тұрған мәселелер. Крупская жолдастың ауылдағы мәдени жұмыстар туралы сөйлеген сөзі, бұл сұраулардың көбіне жауап береді...»

(*Садуақасұлы Смағұлдың сөзбасынан*)

16. Каминский. «Ауылдағы кооперация туралы». (Ауыл ячейкалары хатшыларының Р.О.П. Кіндік комитетінің жанында болған кеңесте Каминский жолдастың жасаған баяндамасы.).

Аударушы — Шонанұлы Т.

Орынбор, 1925. 14 бет. Бағасы 7 тиын.

Каминский жолдас жалпы Кеңестер Одағындағы ауыл кооперациясы туралы сөйлейді. Одан кейін кооперацияның күшеюі, ауылдағы кооперациялардың кемшіліктері, кооперацияны қалай қадірлі қылуды баяндайды.

Садуақасұлы Смағұл жолдас осы кітапшадағы бас сөзінде қазақ арасындағы кооперация жайын, кооперацияның пайдасын, кооперацияның қазақ арасындағы кемдігін, оның себептерін, кооперация жаңа тұрмыстың негізі екенін, онсыз шаруашылық түзелуі қиындығын түсіндіреді.

17. Шаруа қозғалысының жүйелері.

Орынбор, 1924. Бір табақ. 12 тиын.

18. Сұлтанбекұлы Жағыпар. «Бұрын һәм қазір де жер саясаты».

«...Жер туралы бізге ескі әдебиеттен қалған мұра жоқ. Орыстың жер өшеуші төрелерінің орыс тілінде жазғандары болмаса, қазақ тілінде қалың елге түсінікті мағлұмат беретін кітап әлі бізде шыққан жоқ. Сондықтан «қыс ішінде» келіп қалған бірер «қазды» қазақ оқушылары құттықтап алатын жөні бар.

Сұлтанбекұлы жолдастың жоғарыда көрсетілген кітапшасы шаруашылық, әдебиет даласына келген бірінші қаз деп айтуға болады.

Ең әуелі кітапшаның тілі оңды. Әсіресе көшірме әдебиет көбейгеннен кейін қазақтың әдеби тілі тарғылданып барады. Кейбір «шаруашылық, тілмаштар» жолдың санына қызығып, сапасын ескермей де кететін кездері болады.

Сондықтан түсінікті қазақ тілімен жазылған сөздерді ең құрығанда тілің сүйсініп оқиды. Жағыпар жолдастың кітабы — құр тілі ғана түсінікті емес, оның мағынасы да маңызды...

Біздің ойымызша, Жағыпар жолдастың бұл кітабын қалың бұқара елге тарату өте пайдалы. Әсіресе қоныстандыру жұмысы жүріп жатқан елдер бұл кітапты оқуы керек. Кітаптың ішінде қоныстандыру мәселесі туралы көп мағлұматтар бар...

...Қайткенде де бұл кітапшаны осы уақытқа дейін жер мәселесі туралы жазылған ең оңдысы деуге болады».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №337*)

19. Шонанұлы Тележан. «Қазақ жері мәселесінің тарихы».

Қызылорда, 1926. ... бет. Бағасы ... тиын,

20. Есболұлы Мырзағазы. «Түркістанда келімсектер орнаған аудандарда жер мәселесі».

Ташкент, 1923. 50 бет. (Сатылып бітті.)

21. Рысқұлұлы Т. «Жетісу мәселелері».

Ташкент, 1923. 33 бет. (Сатылып бітті.)

22. Кеменгерұлы Қ. «Бұрынғы езілген ұлттар».

Мәскеу, 1925. 126 бет. Бағасы 50 тиын. (Сатылып бітті.)

23. Ф.Сенюшкин. «Кәсіпшілер одағының мәдени-ағарту жұмысы».

Аударушы — Мадияр.

Қызылорда—Ташкент, 1926. ... бет. Бағасы ... тиын.

24. Томский. «Республикалар одағының VI кәсіпшілер съезінің қорытындысы».

Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.

Қызылорда—Ташкент, 1925. 56 бет. Бағасы 40 тиын.

25. Бұ да сонікі. «Кәсіпшілер одақтарының ұйым құрылысы негіздері».

Толықтырылып, түзетіліп екінші басылуы, аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 100 бет.

Бұл кітапты аударушы Жүсіпұлы Сапаның тілі өте жатық, түсінікті, білім кеңесі қабылдаған пән сөздері орнына жұмсалып отырған. Томскийдің тілі өте ауырлығына қарағанда, қазақ оқушылары үшін аударма анағұрлым жеңіл деуге болады.

(*Білім кеңесі.*)

26. Бұ да сонікі. «Ресейде кәсіпшілер қозғалысы».
Аударушы — Ешмағамбетұлы.
Орынбор, 1925. 59 бет. Бағасы 35 тиын.
«Бұл кітаптың қазақшасы өте түсінікті. Ешмағамбетұлы орысшадан қазақшаға аударуға шебер екен. Бірақ Томский жолдасқа еріп кетіп, оның кітапшасын өз күйінде аударған да қойған...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №328*)

27. Я.Боярский. «Кәсіпшілер одағының мүшелік билеті».
Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.
Қызылорда, 1925. 102 бет. Бағасы 36 тиын.
«Бұл кітап мүшелік жарна билеттің не екенін түсіндірумен қатар, кәсіпшілер одағының мақсаты мен міндетін, кімнің мүше бола алатынын, бола алмайтынын және неге керектігін түсіндірген. Оның үстіне еңбек заңының күнде керек статьяларын жақсылап түсіндіріп өткен...

Қысқасы, бұл кітап кәсіпшілер одағына мүше болып жүргендерге жақсы мағлұмат береді. Кітаптың қазақшасы да түсінікті тілмен жазылған...

Жалғыз жұмыскерлер емес, қазақтың қайсы одақ мүшелері болса да, бұл кітапты оқып пайдаланулары керек. Осы күнге шейін құр мүшемін деп ұйым жұмысын елең қылмайтындар мұны оқып шықса, кәсіпшілер одағының не екенін, оның міндетін жақсы білер еді... Талай кәсіпшілер одағының ұйым жұмысына бейімделуіне үлкен себеп болар еді.

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №3*)

28. Иосиф Сталин. «Шығыс еңбекшілері университетінің саяси міндеттері тақырыпты».
Аударушы — Әтебай мен Сұлтан.
Мәскеу, 1925. 32 бет. Бағасы 12 тиын.
«Сталин жолдас бұл кітапшасының орысшасында Шығыс халқына арналған оқу ордасының міндеттерін айтқан. Университет міндеттері Шығыс елдерінің тұрмысына қарай болуы керек дей келіп, сол елдердің тұрмысын суреттеген. Сталин жолдас өз тілі мен өз ойын тасқа таңба басқандай нықтап түсіндірген.

Енді аударма тіліне келсек, кемісі толып тұр. Аударушылар түбірді қазақ ұғымына үйлестіріп аударудың орнына, ешкім еш нәрсе түсіне алмастай қылып аударған...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №392*)

29. Б.Свидерский. «Еңбек һәм капитал». (Шаруашылық, саяси пәннен қысқаша мағлұмат).

Аударушы — Алдоңғаруылы Ерғали.

Орынбор, 1923. 35 бет. Бағасы 25 тиын.

30. Әуеш пен Мерғали. «Дін һәм мемлекет».

Орынбор, 1924. 82 бет. Бағасы 45 тиын.

«Әуеш пен Мерғалидың бұл кітапшасы қазақ арасында діншілдікке қарсы насихаттың тұңғышы деп айтуға болады. Сондықтан аса қатты мінемейміз. Сөйтсе де маңызды кемшілігін айтқан жөн. Бұл кітапша қалың қазақ еңбекшілері мен жастарына арналып жазылғаннан кейін түсінікті, жатық тілмен, біріншi, діннің неден шыққанын, халықтың «миын ашытатын у» екенін, екіншіден, дін мәселесі туралы Кеңес үкіметінің негізгі саясатын түсіндіру керек еді. Кітапшада осындай анық түсіндіру жоқ...

Сөйтсе де, мұғалімдер сықылды біраз пікірі ашылғандар оқып шықса, пайдасыз болмаса керек. Кейбір баптарын, мәселен, исламның қайдан шыққанын, дінді мемлекеттен айыру жөніндегі Комиссарлар Кеңесінің деректерін баяндаған жерін қалың бұқара қызыға-қызыға оқыса керек».

(*«Книганоша» журналы, 1925. №3*)

31. «Байлар үкіметінің түрмелері».

Орынбор, 1924. 34 бет. Бағасы 20 тиын.

Капиталист мемлекеттерінің абақтылары суреттеледі.

Мұндағы мақалаларды жазушылар, сол мемлекеттердің абақтыларында өздері жатып шыққан төңкерісшіл ерлер. Бұлар Кеңес Республикалар Одағының астанасы — Мәскеуге келіп паналап отыр.

Бұл кітапшада Америка, Англия, Аргентина, Бавария, Болгария, Бразилия, Италия, Қытай, Литва, Мексика, Норвегия, Польша, Румыния, Түркия, Франция, Жапон абақтылары жайынан жазылған. Кітапша өте қызық.

32. «Ауыл-қыстақта үгіт-насихат жүргізу жөнінде серік».

Орынбор — Қызылорда, 1925. 254 бет. Бағасы 4 сом 53 тиын.

Бұл кітап РКП мен РКЖҰ-ның болыстық, ауыл-қыстақтық ұялары, оқухана үйлері, қызыл бұрыштар, оқытушылар, шаруа мамандары, тағы солар сықылды ауыл мен қыстақтағы әлеуметтік қызметкерлер үшін құрал есебінде жазылған.

33. «Жолбасшы».

Қазақстан Республикасындағы болыстық атқару комитеттерінде іс жүргізу туралы.

Орынбор, 1924. 53 бет. Бағасы 65 тиын.

Кеңседе қазақ тілі жүретін болған соң, қазақ болыстарында іс жүргізу түрлері үлгілерінің бәрі осы кітапшада толық көрсетілген. Тәжірибесі жоқ хатшыларға бұл жолбасшының пайдасы зор.

34. «Болыс бюджеті».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Қызылорда, 1925. 118 бет.

«Қазақ тілінде ақша жұмысы туралы әдебиеттің жоқтығын еске алып, Қазақстанның Ақша комиссариаты осы кітапшаны шығарып отыр.

«Комиссариаттың мақсаты: болыс пен ауыл халқын жергілікті бюджет тақырыпты өкіметтің заң, жобаларымен таныстыру және болыстық бюджетті қалай жасап, қалай орындауды ұғындыру. Бұл кітапшаға болыстық бюджет тақырыпты керекті мағлұматтардың бәрі кіргізілді. Болыс пен ауылдағы қызметкерлер осы кітапшаны дұрыс оқып алса, ішіндегі нұсқаулар бойынша болыстық бюджетті қалай жасауды, оны қалай орындауды, оның үстіне болашақ социализмнің мектебі болған болыс шаруасының мәні мен маңызын дұрыс ұғынар еді...»

(*Дәйектемеден*)

35. Асылбекұлы Ғ. «Біздің де күніміз туды». (Октябрь мейрамына арналып жазылған).

Орынбор, 1922. 20 бет. (Сатылып бітті.)

Бұл кітапшада қазақ жұмыскерінің патша заманындағы тұрмысы, олардың өлеуметтік төңкеріске қалай қатысқандығы жазылған. Жасынан байдың босағасында жүріп, онда көндіге алмай, зауытта ауыр жұмыс істеп келген Ақжол деген жігіт төңкеріс алдында орыс байына тұрып, мұнда күн көре алмай, үй іші ашығып, жалғыз ауру баласына сусын табарлық та жайы болмай, сандалып жүрген кезде, Октябрь төңкерісі болып қалады. Ақжол Шәміл дейтін көзі ашық жұмыскердің қолдауымен кеңес жұмысына кірісіп, төңкерісші жұмыскерлердің бірі болады.

36. Тоғжанұлы Ғаббас. «Жаңа жұртшылық».

Қызылорда, 1925. 75 бет. Бағасы 70 тиын.

Кітаптың мазмұны: бірінші бөлім — қазақта қандай жұртшылық болды? Қандай жұртшылық бар? Ұлтшылдар бастаған ұлт жұртшылығы — тап жұртшылығы, ескі жұртшылық пен ұлт жұртшылығының айырмасы қандай? Қазақта жаңа жұртшылық — еңбекшілер жұртшылығы туып келеді. Жаңа жұртшылық басшысы — коммунистер.

Екінші бөлім — партия жұртшылығы. Қазақ арасындағы партия құрылысы. Қандай жұмысшы коммунист бола алады? Қандай кедей, орта шаруа коммунист бола алады? Басқа саяси жолы болған, оқығандар партияға кіре ала ма? Өз арамыздағы кемшіліктер. Партияшылық. Жікке бөліну туралы. Негізгі пікірлеріміз туралы. Партияда жоқ оқығандар туралы. Шенеуніктер. Ұлтшыл оқығандар.

37. Кеменгерұлы Қошмұқамбет. «Қазақ тарихынан».
Мәскеу, 1924. 72 бет. Бағасы 35 тиын.

38. Диманштейн. «Дүние соғысына 10 жыл болды».
Аударушы — Арыстанұлы Жүсіпбек.
Мәскеу. 1924. 62 бет. Бағасы 15 тиын.

«Бұл кітапшасын Диманштейн жолдас орыс тілінде жазған. Кітапша жиһангерлік соғысы басталған күннен бері 10 жыл өткендігіне арналып жазылған. Мұндай кітаптардың мақсаты жазған оқиғасын толық тексеріп, ғылым қарауылынан сынау емес, сол оқиғамен байланыстырып үгіт-насихат тарату болады. Диманштейн кітапшасы да сондай кітаптардың бірі. Кітапша терең мағыналы емес. Бірақ 10 жыл ішіндегі басты оқиғалармен қысқаша таныстырып келіп, дүниежүзінің жалшыларын, еңбекшілерін байларға қарсы ұйымдастырып қимылдауға шақырады.

Кітаптың қазақшасына келсек, нашар аударылған. Кітаптың бір сөйлемін оқып шығып, бір сөзін түсіну жұмыстың ең қиыны...».

(«*Еңбекші қазақ*» *газеті, 1925. №402*)

39. «Қазақстанның бес жылы...» (1920—1925). Мерекеге арналған кітап.

Аударушы — Мадияр.
Қызылорда, 1925. 89 бет.

Бұл кітапта Қазақстан Автономиялы Кеңес Республикасы құрылғаннан бергі 5 жыл ішінде істелген істер толық баяндалған. Кітаптың аяғында тарихи сипаттамалар басылған.

40. Капицын. «Кеңестер Ресейінде еңбек қорғау».
Аударушы — Ешмағамбетұлы М.
Орынбор, 1922. 12 бет. (Сатылып бітті.)

41. М.Л.Плирикант. «Кеңес заңдары бойынша әлеуметтік қамсыздандыру».
Аударушы Ешмағамбетұлы М.
Орынбор, 1925. 58 бет. Бағасы ... тиын.

42. Б.Гутерман. «Қазынадан қамсыз етілгендер не білуге тиіс?»
Аударушы — Ғаббасұлы Д.
Орынбор, 1922. 28 бет. Бағасы 8 тиын.

43. «Кеңестер Одағының теңіз әскері мен жай әскерінің халық комиссары және төңкерісшіл әскер кеңесінің төрағасы М.Фрунзе».

Аударушы — Сұлтан.

Мәскеу, 1925. 35 бет. Бағасы 25 тиын.

(44-тен 52-ге дейін нөмір саны қойылып, орын ашық қалдырылған.)

IV

ЛЕНИН КІТАПХАНАСЫ

1. Н. Попов пен А. Яковлев. «Лениннің өмірі мен лениншілдік».

Аударушы — Нұрынұлы Аббас.

Орынбор — Қызылорда, 1925. 187 бет. Бағасы 32 тиын.

2. С.Канатчиков. «Жұмыскерлер мен қара шаруалар одағының күзетінде».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 16 бет. Бағасы 5 тиын.

«Бұл кітапшада не туралы сөйлейтіні атынан көрініп тұр. Большевиктер ұраны, Лениннің тынбай қақсап келгені:

Жұмысшылар қара шаруамен одақтаса біріксе күшейеді. Социалдық төңкерісті орната алады, ортақшылдыққа жете алады. Қара шаруалар жұмысшылармен одақтасса, қара шаруалардың қолы шын азаттыққа жетеді, алпауыттардың бұғауын үзеді, жерге би болады.

Сол ойын Ленин жолдас өмір бойы ұғындырумен келген. Лениннің осы жолын кітапша қысқа ғана анық айтады.

Кітаптың қазақшасы жатық, оңай, түсінікті.

Кітапшаның басылуы әдемі, қағазы жақсы, нарқы арзан...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №411*)

3. Г.Якубовский. «Төңкеріс данышпаны».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 10 бет. Бағасы 3 тиын.

«Бұл кітапшада қысқаша Ленин жолдастың данышпандығы, ұйымастырғыштығы жазылған. Жазушының өз тілімен айтқанда, Ленин орны мынау: «Адам баласының бытыраңқы күшін біріктіріп, ұйымдастыратын жалпы маңызды негізін тауып алу, бүкіл әлем тәжірибесінен жал-

пыға ортақ қорытынды шығару. Бүкіл еңбекшілердің бір ынтымақта болатын тетігін тауып алу және соны соңғыларға көрсетіп отыру» (*6-бет*). Лениннің іс пен ойды, қимыл мен қисынды қатар, тең жүргізе алатынына кітапшада көп дәлел бар. Кітапшада Ленин сөздерінен алынған кесектер бар.

Кітап қазақшаға жатық тілмен аударылған. Сапаның басқа аударған кітаптарына қарағанда, бұл кітапшаның қазақшасы шұбалаңдау. Ол кітаптың орысшадағы мазмұнына қарай болған нәрсе болуға керек...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №412*)

4. З.Лилина. «Лениннің адамгершілігі».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 20 бет. Бағасы 5 тиын.

«Бұл кітапшада көбінесе Ленин жолдастың үй ішіндегі, ең жақын жолдас-жораларының арасындағы мінезі, ісі жазылған. Саясат жұмысында жұртшылық қызметінде Ленин қандай ірі, сұсты болса, жолдастары арасында, үй ішінде сондай кішіпейіл болған. Бұл кітапшада Ленин жолдас анасын, енесін, қарындасын, балаларды, жолдастарын қандай сүйгені, жақсы көргені жазылған. Қандай нәрсені жай отырғанда ермек қылатыны суреттелген. Сонда да Ленин жолдастың өз қара басының жұмысы мен жұртшылық қызметі айырылатын шегі білінбейді...

Аударманың тілі жоғарғы кітаптыкіндей әдемі, жатық, корректорлық қатесі жоқ. Кітап әдемі басылған. Бұл Ленин өмірімен, қара басының тұрмысымен, Ленин жолымен танысуға мықты құрал. Бұл кітапты әркім оқып шығуы керек».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №417*)

5. Ю.Стеклов. «Көсемнің моласы».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор — Қызылорда, 1925. 22 бет. Бағасы 5 тиын.

«Бұл кітапшада Стеклов жолдастың екі мақаласы басылған. Екеуін де Стеклов Ленин өліп, көмілгелі тұрғанда, көміп жатқанда жазған. Барлық сөзінің қорытуы: Ленин өлсе де ісі өлмейді. Ортақшыл партия қалың еңбекшілермен айқасып бірігеді, өршиді, нығаяды.

Бұл кітапша Ленин кітапханасында болуға тиіс. Әркім көрсе, Ленин кезіндегі партия бастықтары не ойлап, не қорыту шығарғанын білуге болады. Партия ішінде Лениннің салмағы қандай болғанын түсінуге болады.

Кітаптың қағазы жақсы, басылуы әдемі, нарқы арзан».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №431*)

6. В.Карпинский. «Қара шаруалардың, жалшының көсемі».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 15 бет. Бағасы 5 тиын.

«Бұл кітапшасында Карпинский жолдас Лениннің жалғыз жалшының көсемі ғана емес, қара шаруалардың да басшысы екенін көрсетеді. Кітаптың мазмұны қазақ ұғымына жеңіл, алған мысалдары көрнекі.

Аударманың тілі жеңіл, жатық. Баспасы әдемі, қағазы жақсы, нарқы арзан.

Бұл кітапты әсіресе қара шаруалар көбірек оқуы керек. Ел арасында қызмет ететін жолдастар көбірек оқуы керек. Кітап қара шаруалар жәрдем комитетінде, Ленин кітапханасында, мектептерде Ленин бұрышында болуы керек».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №8*)

7. Л. Троцкий. «Ленин ұлт көсемі сияқты».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор — Қызылорда, 1925. 12 бет. Бағасы 3 тиын.

«Ленин — ұлттікі» деген құлаққа жатырақ. Сонда да Троцкий жолдас: «Ленин орыс жалшылары жас табының анық айнасы есебінде, бұл таптың саясаттық жасы Лениннің жасынан артық емес шығар. Бұл тап ұлттікі, себебі Ресейдің бұрынғы дамуы, ілгері болашағы әлгі таптан табылады... Ленин орыс жұмыскерлерінің осы күнгі жалшылық қалпын ғана емес, ең алғашқы мезгілдегі қара шаруалық күйін де айнадай көзге түсіреді. Бұл жалшылар көсемінің құр сырты ғана емес, тұлғасының өзі де анық мұжықтың тұлғасы сияқты», — дейді.

Қысқасы, Ленин жолдастың қалай орыс ішінен шығуы, орыс тарихымен қалай байланысы барлығы жазылған.

Кітаптың қазақшасы жеңіл, тілі әдемі. Саяси сауаты ашылыңқыраған адамға мазмұны жеңіл, анық кітап. Ленин бұрышында, мектеп кітапханаларында болуы керек. Ленин жайымен танысқысы келген адам бұл кітапты оқуы керек. Баспасы әдемі, қағазы жақсы».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №2*)

8. Д.Преображенский. «Ол туралы».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор. 1925. 17 бет. Бағасы 5 тиын.

9. Милютин, Чубарь, Шейнман, Горбунов, Красин. «Ленин және шаруа құрылысы».

Аударушы Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор — Қызылорда, 1925. 68 бет. Бағасы 6 тиын.

10. К.Радек. «Төңкеріс көсемі».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 18 бет. Бағасы 5 тиын.

«Бұл кітапшасында Радек жолдас Лениннің төңкеріс әдісін жақсы білгендігін, марксшілдік сезімі күштілігін, қисын мен істі тең жүргізе алатынын баяндайды.

Ленин туралы шыққан қазақша біраз уақ кітаптар бар. Бәрі де Лениннің үздік шыққан төңкерісшілдігін суреттейді. Соларды оқығанда, қалың қазақтың саяси сауатының мардымсыздығы еске түседі. Маркс жолы даралық жол емес, бірлестік, көпшілік жол, тарих қарауылының жолы. Тарихты қозғап, ілгері бастыратын бір адам емес, тап тартысы, көпшілік қимылы. Біреу асқан залым, иә біреу үздік төңкеріс әдісіне шебер, иә тағы басқа сондай болса, оны тарих туғызады, тұрмыс туғызады. Мұны, өрине, саяси сауатты адам біледі...

Қазақшасының тілі шұбалаң, сөйлемі ұзақтау. Саяси сауаты ашылмағандар оқуға түсінікті...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. № 11.*)

11. Н.Емельянов. «Сырлы күрке».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 16 бет. Бағасы 5 тиын.

«Бұл кітапта Емельянов жолдас Ильич пен Зиновьевтің 1917 жылы жаздыгүні Уақытша өкімет кезінде ел арасына шығып жасырынып тұрғанын жазған. Бұл екеуі күркенің астында біраз уақыт өткізген. Қауіпсіз болу үшін пішеншілер арасына барып, орақшы болып тұрған. Солай тұрғанда да дүниедегі оқиғалардан хабар біліп тұрған, ұдайы газет оқып тұрған, жолдастармен, партиясымен хабарласып тұрған...» Бұл кітапшадан жас орақшылар үлкен сабақ алғандай. Қала берді, бұл кітапшадан большевиктер бастықтары Уақытша өкімет кезінде қандай күйде болғаны көрінеді.

Қазақшасының тілі өте жеңіл, жатық. Елдегі оқушыға түсініксіз жері жоқ. Бұл кітапты Ленин тұрмысымен, өмірімен танысқысы келген кісі алып оқуы керек. Кітап Ленин бұрышында, кітапханаларда, мектептерде ұсталуы тиіс».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №6*)

12. Е. Ярославский. «Ленин құралды көтерілістің қисыншылы және тәжірибешілі».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 24 бет. Бағасы 5 тиын.

13. Л.Б.Каменов. «Ленин және оның партиясы».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Қызылорда, 1925. 140 бет. Бағасы 28 тиын.

«...Бұл кітапшаларды аударушы Жүсіпұлы Сапа қайсыбір аудармашылардай орысша сөйлемдерді сол қалпымен өзгертпей, түсініксіз етіп аудармаған, түсінікті, қазақша жеңіл сөйлемге айналдырып аударған. Хат білетін мектеп балалары, қара шаруа да ұғынарлық.

Бұл кітапшаларда көсемнің өмірі басқа адамда болмаған қасиет, сипаттарымен, үздік тәжірибешіл, қиыншыл, істеген жұмыстары турасында қара шаруаға, ұлтқа, жұмыскерге қандай жолбасшылық еткенін көрсетеді.

Бұл кітапшалар әрбір кітапханада, клубта, партия ұйымдарының «Ленин бұрышында» болуы керек.

Көсеміміз Лениннің өмір тұрмысы, істеген ісі, басқа түрлі қасиеттерімен танысу үшін аз білетін жұмыскер, қара шаруа оқушы жастар, мектеп балалары алдырып оқуға аса пайдалы».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №359*)

14. В.И.Ленин. «1905 жыл төңкерісі».

Аударушы — Мадияр.

Қызылорда, 1926. 45 бет.

«1905 жылдың төңкерісі туралы толып жатқан мағлұмат, материалдан 20 жылдық мереке қарсаңында біз Владимир Ильич Лениннің «Ғиунардың 9-ы» деген мақаласын қазақша шығарып отырмыз. Бұл — 1917 жыл ғинуардың 22-сінде «Қанды жексенбіге» 12 жыл толған күні Швейцарияның Цюрих деген қаласында жұмыскер жастар жиылысында оқыған баяндамасы.

Ленин институтының директоры Л.Б.Каменов бұл мақала туралы жазады:

«Ғинуардың 9-ы туралы бұл баяндама, қысқа, түсінікті. Орыс төңкерісімен таныстығы аз адамдарға арналған. 1905 жыл төңкерісінің терең мағынасы, тарихы, сабағы болып кетті. Владимир Ильичтің бұл жаңа табылған жазуы, қалың партия мүшелерін, лениншілдерді, ұйымдағы жастарды, жұмыскер мен қара шаруаны тұңғыш төңкеріс тарихымен таныстыру үшін нағыз қымбат мағлұмат болады. Бұл — партиямыздың үлкен олжасы. Бұл мағлұмат — Ленин мақаласы дереу жайылып кетуге тиіс».

Қазақ жұртының орыс төңкерісімен таныстығы кем екендігін ескеріп, қосымша ретінде Владимир Ильичтің мақаласында ұшырайтын жат сөздерді айрықша түсіндірудің, 1905 жыл төңкерісінің маңызды оқиғаларын да көрсетіп еттік».

(*Кітаптағы сөз басынан*)

15. З.Лилина. «Ұстазымыз Ленин».
(Балалар оқуға) Аударушы — Жажеке.
Мәскеу, 1925. 24 бет. Бағасы 40 тиын.
16. В.Ленин. «Париж коммунасы».
Аударушы — Жұмабайұлы Мағжан.
Мәскеу, 1925. 62 бет. Бағасы 40 тиын,
17. Я.Бронин. «Ленин мен қызыл сая».
Аударушы — Өтемісұлы Қ.
Мәскеу, 1925. 48 бет. Бағасы 25 тиын.
18. Б.И.Невский. «Владимир Ильич Ульянов» (Ленин).
Аударушы — Аманғали, Қанаш.
Орынбор, 1924. 34 бет. Бағасы 21 тиын.
19. В.Ленин. «Азық-түлік алымы туралы». (Жаңа саясаттың керектігі һәм шарттары).
Ташкент, 1921. 24 бет. Бағасы 25 тиын,
20. В.И.Ленин. «Лениннің екі мақаласы».
а) Жұмыскер қара бұқара бақылау инспекциясын қалай өзгертіп шығарамыз?
ә) Аз болса да жақсы болсын.
Аударушы — Нұрымұлы Ғ.
Орынбор, 1925. 24 бет. Бағасы 20 тиын.
21. В.И.Ленин. «Жастар ұйымының мақсаты».
Аударушы Арыстанұлы Жүсіпбек.
Мәскеу. 1925. 44 бет. Бағасы 15 тиын.
«Ленин Ресей коммунист жастарының үшінші тобында сөйлегенде (осы кітапшаның мазмұны), осы күнгі, болашақтағы мақсаттарын толық қорытып сөйлеген. Бұл сықылды кітапшаның қазақ тіліне әлдеқашан аударылып, әрбір жастың қолында біреу болуы өте керек еді... Бірақ кітапша ауыр тілмен түсініксіз аударылған...»
(*«Жас қайрат» газеті, 1925. № 16*)
22. Н.Крупская. «Халықты ағарту туралы Лениннің өсиеті».
Аударушы Қыр баласы.
Мәскеу, 1925. 54 бет. Бағасы 16 тиын.
«Октябрь төңкерісіне дейін мектеп жатыпішер, тоққарынның тап қаруы болып келді. Жалпы еңбекші елді езуге құрал болды. Енді мектеп коммунисшіл жұртты туғызатын, елдің тапқа бөлінуін жоятын коммунистік Партиясының қаруы болды. Октябрь бастаған істі мектеп аяқтады».
(*Лениннің сөздерінен*)

23. «Лениннің өлуі туралы жазылған мақалалар жинағы».

Ташкент, 1924. Бағасы 13 тиын.

(24-тен 33-ке дейін нөмір саны қойылып, орын ашық қалдырылған.)

V

ЖАСТАР, ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ

1. Садуақасұлы Смағұл. «Жастарға жаңа жол».

Орынбор, 1921. 67 бет. Бағасы 15 тиын.

2. Бұ да сонікі. «Жастармен әңгіме».

Алдоңғаруұлы Ерғалидің дәйектемесі қосылды.

Орынбор, 1925. 54 бет. Бағасы 18 тиын.

«Кітапша жастарды саясатпен таныстыруда біраз білім береді. Смағұл жолдас қазақша түсінікті қылып жазуға ұста. Бұл кітапшаны қағып салмайтын, хат білетін қазақ жасы аз болар...

Осы кітапшаға қарағанда, біздің қазақ баспасы да кітаптың қағазын, түптеуін, сыртын сұлулауын түзеп келеді екен...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №335*)

3. А.Болотов. «Коммунистік интернационал жастарының бес жылдық өмірі».

Аударушы — Алдоңғаруұлы Ерғали.

Орынбор, 1924. 60 бет. Бағасы 19 тиын.

4. «Біздің Ғани».

Мәскеу, 1925. 184 бет. Бағасы 50 тиын.

1925 жылғы апрельдің 18-інде өлген Лениншіл жастар ұйымының Кіндік комитеті мен Дүние жастар ұйымының Атқару комитетінің мүшесі Мұратбайұлы Ғани жолдасқа арналған ескерткіш кітап.

5. Досмұхамбетұлы Қалел. «Оқушының саулығын сақтау».

Ташкент, 1925. 23 бет. Бағасы 12 тиын.

6. Е.Блунина. «Интернационалдағы жұмыскер әйелдер».

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1924. 65 бет. Бағасы 35 тиын.

«Бұл кітапшада жұмыскер әйелдің 1864 жылдан бастап осы күнге шейін Интернационалға қатысу тарихы баяндалған. Аударманың тілі жатық, түсінікті. Тек кейбір

оқушыларға жат сөздердің мәнісі түсіндірілмей кеткен. Кітапша қазақ оқушыларына жат, ескі қалыпты бұзуға үлгі боларлық бірсыпыра жаңа мағлұматтар берерлік...»

(*«Книганоша» журналы, 1925. №2*)

7. «Қазақ әйелі һәм Кеңес үкіметі».

Аударушы — Мұқанұлы Сәбит.

Орынбор, 1924. 44 бет. Бағасы 23 тиын.

8. Н.Островская. «Еңбекші елге кооперация не үшін керек?»

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1925. 42 бет. Бағасы 23 тиын.

«Бұл қазақ тіліне ең жақсы аударылған кітапшалардың бірі, тілі айқын, түсінікті. Аударушы мұны өзгертіп, қазақ тұрмысына, қазақ жұмыскер әйелінің қалпына үйлестірген.

Бұл кітапша кітапханаларда болу керек. Хат білетін қазақтан қырдағы кооперация жұмысына араласқандарының бәрі оқуы керек. Бағасы қымбаттау, 5—10 тиынға сатса да күнә болмас еді».

(*«Книгоноша» журналы, 1925. №15-16*)

9. Н. Быковский. «Жұмысшы әйелдерді қауіпсіздендіру».

Аударушы — Есмағанбетұлы М.

Орынбор, 1925. 32 бет. Бағасы ... тиын.

10. «Өкіл әйел ескерткіші».

(Өкіл әйелдер жиналыстарын қайта сайлау тақырыпты.)

Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1924. 20 бет. Бағасы ... тиын.

11. Есқызы Сара. «Әйелдер арасында жұмыс істеушіге ескерткіш».

Қызылорда, 1925. 27 бет. Бағасы ... тиын.

«Қазақ арасында әйел қолын теңдікке жеткізу, әйелді ұйымдастыру, іске қатыстыру жайында кітап жоқ. Орыс тілінде жазылған кітаптарды қазақшаға аударуға болады, бірақ мазмұны қазақ ұғымына жат келеді. Сара жолдас кітапшасын қазақ әйелінің тұрмысына, ұғымына үйлестіріп жазған.

Кітапшаның бір қасиеті — тілінің әрі жатық, әрі жеңілдігі, екінші қасиеті — бос сөз, құрғақ ақыл жоқ, қисын жоқ, тек іс туралы, қалай істеу жайы ғана жазылған. Үшінші қасиеті — қазақ әйелінің тұрмысына үйлестіріліп, оңай жазылған. Төртінші қасиеті — кітапшаның қысқалығы, оқуға адам жалықпайтындығы. Бесінші қасиеті — керек жұмысты қысқаша анық айтқандығы...»

(*«Жас қайрат» газеті, 1926. №6*)

12. Есқызы Сара. «Қазақ әйелдерінің теңдік мейрамы». (Қалыңмал күні — ғинуардың біріне арналып жазылған.)
Қызылорда, 1926. 25 бет. Бағасы тиын.

«... Бұл кітапта қалыңмал әдетінің қазақ салтында алған орны, әйел теңсіздігіне себеп болған ескіліктің зияндары ашық айтылған.

Қазақ әйелінің төңкерістен бергі басынан кешірген шаруа күйзелісі арқасында қалыңмал әдетінің бұрынғыдан өзгеріп, өсіресе қара бұқара арасында тамыр жайғандығы, қалыңмал көбінесе бай, атқамінер сияқты ел жегіш мырзалардың қаруы болып кеткенін айтады.

Кітаптың ішінде әйел тұрмысын суреттеп, көзге елестетіп отыратын тарихи өлеңдер, соңғы төңкеріс кезіндегі жас ақын, әйел жазушылардың аузынан шыққан сөздер көрсетілген.

Кітаптың соңында қазақ халқының ескілікті ауруы — қалыңмалды жою жалпы елдің міндеті екені, оны жою шаралары дұрыс айтылған.

Кітаптың тілі жеңіл, жалпының ұғымына түсінікті. Бұл еңбек қалыңмал әдетімен күресу күніне қара бұқара әйелдердің теңдігін қорғауға мықты құрал бола алады...»

(*Нағиманың сөз басынан*)

13. Лебгор. «Ортақшыл жастар одағы қалайша туып, өсіп-өнді?»
Аударушы Лепесұлы Сұлтан.
Мәскеу, 1925. 43 бет. Бағасы 15 тиын.

14. О.Тарханов. «Комсомолдар әліпбиі».
Аударушы — Лепесұлы Сұлтан.
Мәскеу, 1925. 59 бет. Бағасы 40 тиын.

15. Л.Б.Грановский. «Жұмыс әйелінің қауіпсіздендіру ескермесі». (Жүкті уақытта, бала тапқан уақытта һәм емшек баласын тәрбиелеуде керекті мағлұматтар.)
Аударушы — Есмағамбетұлы М.
Орынбор, 1924. 32 бет. (Сатылып бітті.)

16. «Ресей коммунист жастар ұйымының тарихы».
Аударушы — Алдоңғаруұлы Ерғали.
Орынбор, 1924. 57 бет. Бағасы ... тиын.

17. «Ленин атындағы жас коммунист пионерлер (балалар) ұйымы».
Орынбор, 1924. 18 бет. (Сатылып бітті.)

VI

ҚАРА ШАРУА ӘДЕБИЕТІ

1. Дикштейн. «Жұрт немен тіршілік қылады?»

Аударушы — Ғаббас. (Бұл кітапшаны Жиенбайұлы Сейіл де аударған. Мұның аударғаны Орынборда басылған.)

Мәскеу, 1923. 38 бет. Бағасы 20 тиын.

2. Б.Агафонов. «Елге не білу керек?»

Аударушы — Сұлтанұлы Ғ.

Орынбор, 1924. 26 бет. Бағасы ... тиын.

3. М.Страховенко. «Қазақ малшысы, құлақ сал!»

Аударушы — Ғаббасұлы.

Орынбор — Қызылорда, 1925. 22 бет. Бағасы 12 тиын.

«Бұл кітапшада Кеңес үкіметінің малшылардың еңбегін қорғау, шаруашылық құқын сақтау саясатын жеңіл, түсінікті тілмен толық түсіндірген. Оның үстіне аударушы да сай келіп, қазақтың малшыларының тілімен талдап сөйлеп, әдемі түсіндірген...

Бұл кітапты ертерек ел малшыларының арасына тарату керек. Қазақ малшылары, мына кітапты қолыңа түсіріп алуға тырыс».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. № 363*)

4. А.П.Модестов. «Апрель, майда жыртсаң жақсы бидай аласың, онан кейін қалсаң, құр арам тер боласың».

Аударушы — Ыбыраш.

Мәскеу, 1925. 40 бет. Бағасы 15 тиын.

«Ыбыраш аударуға ұста жастың бірі болғандықтан тілі орамды, түсінікті. Бірақ асығыстау аударылған болуға мүмкін. Мысалдың бәрін қазақша келтіріп, қазақ өміріне жанастырыңқырап отыру керек еді (Кей жерлерінде солай еткені де бар).

Аударушы егіншінің баласы болғанда тіпті жақсы болып шығады екен. Егінмен айналысқан, хат білетін қазақтың алып оқуына пайдалы».

(*«Қазақ тілі» газеті, 1925. №81*)

5. Н.Константинов. «Егіндік жерлерге қарды қалай тоқтатуға болады және мұның қандай пайдасы бар?»

Қоныстандыру, жер өндеу мекемесінің II кітапшасы. Аударушы — Мадияр.

Орынбор, 1925. 14 бет. Бағасы 10 тиын.

«... Бұл кітапшаның тіліне түсінбейтін бір қазақ баласы болмайды... Бұл кітапша 300-ақ болып басылыпты, мұндай жақсы кітапшаны тым болмаса 5 мың қылып басқан оң».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №327*)

6. Бессер. «Егін өсіру жолдары».

Аударушы — Мәметұлы Ахмет.

Мәскеу, 1924. 80 бет. Бағасы 35 тиын.

7. А.А.Зуврилин. «Қайткенде қара шекпендер шаруасын жөндеуге болады?»

Аударушы — Көкебайұлы М.

Мәскеу, 1924. 20 бет. Бағасы 8 тиын.

8. Е.П.Лискун. «Құрғақшылыққа қарсы шаралар».

Аударушы — Мәметұлы Ахмет.

Мәскеу, 1924. 52 бет. Бағасы 17 тиын.

«Лискун профессордың кітапшасында көбінесе Ресейдің оңтүстік — күншығыс губернияларында болатын құрғақшылықтың мәнісі толық баяндалған. Көкшетау, Алтай, Алатау, болмаса Қазақстан Республикасының көп жеріндегі құрғақшылықтың себебі жоғарғы Ресей губернияларындағыдай, ондағы құрғақшылықпен күресу шаралары бізге де жарайды. Біраз келмейтін жерлері бар, сөйтсе де бұл кітапшаны мұғалімдер оқып, балаларға түсіндіргені жөн. Кітапша қазақшаға жақсы аударылған».

(*«Книганоша» журналы. 1925. №2*)

9. «Қарлы баз».

(Сусыз жерде ішуге жарайтын суды қалай сақтауға болады?) Аударушы — К. Т.

Орынбор, 1925. 16 бет. Бағасы .... тиын.

10. Садуақасұлы Смағұл. «Кооперация һәм қазақ шаруасы».

Орынбор, 1924. 52 бет. Бағасы 35 тиын.

«Осы кітапшаны жазушы сөзбасында: «Қазақ шаруасы кооперация арқылы көркейеді» — дейді.

«Бірақ кооперация қазақ арасында әлі дамыған жоқ. Кооперация ісіне қазақ әлі кіріскен жоқ. Бұл күнге шейін елдегі пайдакүнем қуларға жем болумен келеді. Қалың қазақ кооперацияның пайдасына да, мәнісіне де әлі түсініп жеткен жоқ. Бұл жөнінде Смағұлдың кітабы тұңғыш жөн сілтеуші болып отыр.

Жазушы қазақты кооперацияның әртүрімен, қазақ шаруашылығының бұрынғы және қазіргі күйлерімен де таныстырады...

Кооперацияның соңғы баптары қазақ арасында кооперация ісін жүргізу жайында сөйлейді.

Кітапша қызғылықты, жатық, жеңіл тілмен жазылған. Хат білетін қазақтың бәріне де түсінікті...»

(*«Книганоша» журналы. 1925. №8*)

11. Бұ да сонікі. «Салмақбайдың аулында кооперация қалайша ашылды?»

Орынбор, 1924. 109 бет. Бағасы 70 тиын.

12. И.А.Конохов. «Еңбекші қара шаруаның артельдері мен коммуналары».

Аударушы — Жұмабайұлы Мағжан.

Мәскеу, 1925. 72 бет. Бағасы 30 тиын.

«Бұл кітапшада осы кездегі қара шаруа коммунасы, артельдер жайы, бұлардың жай дара шаруалардан артықтығы толық баяндалып, коммуна, артельдерді қалай ашу жөндері, артель мен коммуна мүшелері жұмысты қалай бөлісіп алу реттері, артель мен коммуна шаруаларында машина, құрал-саймандарды бөлудің әртүрлі пайдалары түсіндірілген...

Бұл кітапшаны қазақ кооператившілері, мұғалімдері, партия қызметкерлері оқу керек.

Қазақшаға аударушы — ең шебер қазақ жазушысы».

(*«Книганоша» журналы, 1925. №3*)

13. Бұ да сонікі. «Қарыз серіктігі һәм оның қара шаруаға пайдасы».

Аударушы — Жұмабайұлы Мағжан.

Мәскеу, 1925. 88 бет. Бағасы 35 тиын.

«Бұл кітапта ел шаруашылығының мұң-мұқтажы, қара шаруаның мәдениет жүзіндегі мешеулігі, шаруасын көркейту үшін қарыз серіктігінің пайдасы баяндалған. Бірнеше мемлекеттің егін шығымы салыстырылған. Сонда Бельгия, Германия, Австриянықінен Ресей егіні анағұрлым төмен екендігі қазақ оқушыларына көрініп тұр. Ал қазақ орыс шаруасын өзінен қандай артық көреді. Бұдан кейін әр мемлекеттің мал шаруашылығын салыстырады. Бұдан, дүниежүзінде Дания деген мемлекет бар екендігі, оның бір сиыры жылына 350 шелектей сүт беретіні, 250 шелектен кем бермейтіні көрінеді. Данияның бір сиыры біздің 4-5 сиырымызға барабар.

Шаруашылықты көңілдегідей көркейту үшін қаражат-ақша керек. Міне, осы ақшаны бірігіп, қарыз серіктігін ашу арқасында табуға болады.

Қазаққа бұл кітапша пайдакүнемдерге жем болмау жолын, қарыз серіктігін ашу реттерін үйретеді. Бұл кітапшаны қазақ оқығандары, партиядағы қызметкерлер оқып, серіктік, кооперациялар ашу жөнінде елге көмек берулері керек.

Кітапшаны қазақшаға аударушы — жүйрік жазушыларымыздың бірі».

(*«Книганоша» журналы, 1925. №1*)

14. «Шаруа қарызы». (Әрбір қара шаруа — шаруа ұтыс қарызын тарату туралы не білулері тиіс).

Аударушы — Сүгіруұлы Рақым.

Орынбор, 1925. 15 бет. Бағасы ... тиын.

15. Любович. «Ауылда пошта». (Поштаны қайткенде жақсылап орната аламыз).

Аударушы — Сүгіруұлы Рақым.

Орынбор, 1925. 36 бет. Бағасы .... тиын.

16. Тілеуліұлы Жұмағали. «Денсаулық».

Орынбор, 1923. (Сатылып бітті.)

17. Жандосұлы С. «Қызылша».

(Орысшадан аударылған.)

Орынбор, 1923. 20 бет. Бағасы 6 тиын.

18. Доктор Глоба. «Көз ауруы — трахома».

Аударушы — Тілеуліұлы Жұмағали.

Мәскеу, 1924. 24 бет. Бағасы 12 тиын.

19. «Оба туралы». Ташкент. (Сатылып бітті.)

20. Б.Чудинов. «Малдың жұқпалы аурулары».

Аударушы — Садуақасұлы Пайыз.

Орынбор, 1925. 67 бет. Бағасы ... тиын.

21. «Сиыр малында ақбайпақ (чума) ауруы».

Орынбор, 1922. 16 бет. (Сатылып бітті.)

Көп заманнан бері шаруа малының апаты болған ақбайпақ ауруының тарау себептерін, шаруаға келтіретін зияндарын, бұл аурудан қалай сақтанып, қалай емдеуді көрсеткен кітапша.

22. Мал дәрігері Неклюдов. «Аусыл және онымен күресу шаралары».

Орынбор, 1922. 15 бет. (Сатылып бітті.)

Аусылдың тарау себептерін, онан шаруашылыққа келетін зиянды, аусылдан қалай сақтануды, қалай емдеуді көрсеткен. Ауыл шаруасына өте керекті кітапша.

23. Бұ да сонікі. «Мал төлдерін тәрбиелеп өсіру».

Орынбор, 1922. 4 бет. (Сатылып бітті.)

24. Бұ да сонікі. «Мал дәрігерісіз ем қылып бола ма?»

Орынбор, 1922. 8 бет. (Сатылып бітті.)

Ауру малды дәрігерге көрсетпей, елдегі оташыларға, емшілерге емдетудің зияны көрсетілген. Мал дәрігеріне көрсетудің артықшылығы түсіндірілген кітапша.

25. Курбатов. «Мүйізді (қара малдың) хайуанның анкеті туралы».

Ташкент, 1922. 7 бет. Бағасы 12 тиын.

26. Дездорнов. «Жылқы қотыры».

Аударушы — Жүнісұлы Малай.

Мәскеу, 1925. 19 бет. Бағасы 10 тиын.

«Аударушы жинақылық жағынан мақтауға келсе де, сөйлем тізімінің сөлекеттігі, мысалдарының тұрпайылығы бар... Сол сияқты кемшіліктеріне сүрінбей, түсініп кететін жылқылы қазақтардың алып оқуына болады.

(*«Қазақ тілі» газеті. 1925. №81*)

27. Сушественский. «Топалаң».

Аударушы — Жүнісұлы Малай.

Мәскеу, 1925. 23 бет. Бағасы 10 тиын.

«Топалаң деп отырғаны — жалпы малдың індеті. Бірақ қазақ топалаң деген сөзді қой туралы ұстанатын: «Жылқы топалаң болып тұр, пөлен ауылдың сиырында топалаң бар екен» деген сөзді естігеніміз жоқ.

Бұл кітапшада екі-ақ мақтарлық жері бар: басылуы анық, сөзі жеңіл. Басқа жағынан қарағанда басты кемшіліктері: а) емле жағына ілтипат қылынбаған; ә) сөйлемді тексерусіз тізген; б) кейбір мысалдарды тым шұғылынан ұстанған...

Бұл кітапшаны әрбір мал асыраған шаруа алып оқыса, мал індеті жайына азды-көпті таныс болатын сияқты».

(*«Қазақ тілі» газеті, 1925. №88*)

28. А.Скоморохов. «Маңқа ауруы һәм онан сақтану жолдары».

Аударушы — Көкебайұлы.

Мәскеу, 1924. 35 бет. Бағасы 15 тиын.

«Бұл кітапшада маңқа ауруының жайы, онымен күресудің неше түрлі шаралары толық, түсінікті түрде жазылған. Қазақ маңқаға қалай болса солай елеусіз қарайтынын, маңқадан өлген жылқының етін де жейтінін еске алсақ, бұл кітапшаның қазақшаға аударылуы өте жақсы болған.

Маңқаның жазылмайтын ауру екенін, маңқа өзге жылқыға да жұғатынын қазақ білмейді де. Бұл кітапша 4 мың дана ғана басылған, дұрысы көбірек бастырып, бүкіл қазақ елдеріне тарату керек еді.

Аудармасы жақсы».

(*«Книганоша» журналы, 1925. №2*)

29. Доктор Муралевич. «Мерез ауруы» (Сифилис).

Аударып, өңдеген — Тілеуліұлы Жұмағали.

Мәскеу, 1924. 58 бет. Бағасы 20 тиын.

30. А.П.Неклюдов. «Мал дәрігерісіз ем қылып бола ма?» (Ауыл халқына оташылдықтың зиянын ескерту).

Аударушы Есмағамбетұлы М.

Орынбор, 1922. 8 бет. (Сатылып бітті.)

31. Поспелов. «Малдың қотыры һәм қотырды емдейтін түтетпе (газокамера) орындар туралы».

Аударушы — Есмағамбетұлы М.

Орынбор, 1923. 15 бет. (Сатылып бітті.)

32. А.П.Неклюдов. «Үй хайуандарында болатын жұқпалы індет аурулар туралы ауыл шаруасына не білу керек?»

Орынбор, 1922. 11 бет. (Сатылып бітті.)

33. Агроном Солодников. «Қуаңшылық бітсе — егін бітік».

Орынбор, 1924. 35 тиын. (Сатылып бітті.)

VII

БІЛІМ ӘДЕБИЕТІ

1. Профессор Вагнер. «Ауа туралы әңгімелер». «Білім басының» бірінші бөлімі.

Аударушы — Смайылұлы Қ.М.

Ташкент, 1924. 77 бет. Бағасы 35 тиын.

«Бұл кітапша «Білім басы» кітапханасының бірінші бөлімі. Ю.Вагнер жазған кітапшалардың ең оңайы осы кітапша. Қазақ баласына ең бір керек кітапша. Бірақ бұл кітапша қазақшаға нашар аударылған...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №307*)

2. Бұ да сонікі. «Су туралы әңгімелер». «Білім басының» екінші бөлімі.

Аударушы — Есболұлы М.

Ташкент, 1924. 90 бет. Бағасы 30 тиын.

«Бұл кітапша да қазақ тіліне аударуға ең оңай кітапшаның бірі. Кітапшада жазылған білім жемістері адасқанға айдай керек. Бірақ, қазақшасының жібі түзу емес, жақсы жазылған жері таздың шашындай...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №315*)

3. Бұ да сонікі. «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер». «Білім басының» үшінші бөлімі.

Аударушы — Әуезұлы Мұхтар.

Ташкент, 1924. 96 бет. Бағасы 40 тиын.

«...Бұл кітапта тау жыныстарын жел қағу жайы, бұл ретте ауаның, судың, желдің әсері, жел қағудан не болатыны, жер үсті өте шабан да болса бірте-бірте тегістеліп отыратыны әдемі жазылған. Одан кейін таскөмір, көмір-алмас, гранит, металдардың жаратылысы баяндалған.

Кітап қазақшаға өте әдемі аударылған... Бұл кітапты әрбір хат білетін қазақ, мұғалім, шәкірттер оқып шығулары керек».

(*«Книганоша» журналы, 1925. №6*)

4. Бұ да сонікі. «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзілуі туралы әңгімелер». «Білім басының» алтыншы бөлімі.

Аударушы — Досмұхамбетұлы Қалел.

Ташкент, 1924. 104 бет. Бағасы 45 тиын.

«Біздің қазақ мектебіндегі баладан бастап шалына шейін, өзімен бірге туып, бірге өскен өсімдік, жануар өмірінен хабарсыз. Өсімдік, жануар өмірін, бұл өмірдің өзгеріс-құбылысын тексеретін білім жолын өмір білімі дейді...

Өмір білімі — тамам білімнің қожасы, қарауыл қарайтын төбесі, мақсатқа апаратын қасқа жолы. Өмір білімінен тысқары білім жоқ. Бар болса — шолақ. Басқа тартса етекке, аяққа тартса кеудеге жетпейтін қу көрпе...

Бұл кітаптың қазақшасы артықша түсінікті, бұл түрлі кітаптың алдыңғысы десек күнәлі болмаспыз. Жаңылыс басылғандары бар. Кітаптың кінәсі осы-ақ».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №313*)

5. Бұ да сонікі. «Жануарлар туралы әңгімелер». «Білім басының» жетінші бөлімі.

Аударушы — Байтасұлы Абдолла.

Ташкент, 1924. 12 бет. Бағасы 50 тиын.

«Білім — шөпті, малды, адамды бір туысқан деп табады. Бәрің де зәредей заттан шығарып, өргізіп жаяды. Адам баласының көбі айналасындағы бірге жүрген, бірге өмір сүрген, шөп болсын, балық болсын, құрт-құмырсқа болсын — затқа терең қарап, тексеріп бойламайды. Күн үшін, тамақ үшін сабылған өмір таласы мұндай ойға орын қоймайды. Көп үшін бұларды білім мергені, білім шешені тексереді...

Табиғат жылжып-жымиып, өзгеріліп тұрады... Бұл кітапшада осы жазған бет дәлелденген. Дүние алты күнде жаратылған деген адасқан жол. Дүние қандай, табиғат қандай, соны жақсылап білем десең, осы кітапты оқып қара.

Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшалауға шебер, кітаптың қазақшасы хат білетін қазаққа түсінікті. Бұл кітап

мектепте, мұғалімде болғаны оң. Мұны оқып алған мұғалім балаларға сабақ берсе, құрал болады. Орыс тілін білмейтін жастар бұл кітапты оқымаса болмайды. Өзгеріс, құбылыс жолынан тысқары осы күні білім жоқ...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №325*)

6. Бұ да сонікі. «Денеміздің түзілуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер».

«Білім басының» сегізінші бөлімі. Аударушы — Досмұхамбетұлы Қалел.

Ташкент, 1924. 128 бет. Бағасы 75 тиын.

«...Біздің қазақ баласы, қой союды білмесе, жылқы етін бұза алмаса кісі санына кірмейді. Осы күнгі зерек ақыл жеңіп тапқан білім де, адам да, жануар да бір атаға жатады. Бір тұқымға жатады. Малдың денесін ашы ішегіне дейін білсе де, біздің қазақ баласы өз денесіне шорқақ.

Бұл кітапшада қазақтың жақсы тілімен адам денесінің түзілісі жазылған... Хат білетін қазақ бұл кітапшаны алып оқыса, адамның дене құрылысымен танысады. Бұл кітап, әсіресе мектепте балаға сабақ беретін мұғалімге, оқудағы балаларға өте-мөте керек. Мұғалім бұл кітапты қолына алып отырып, балаларға сабақ беруіне өте жақсы құрал деп санауға болады. Бұл кітапты мектеп басы кітапханада сақтаған оң».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №291*)

7. Проф. Гейке. «Физикалық жағрафия». «Білім басының» төртінші бөлімі. Аударушы — Байтасұлы Абдолла.

Ташкент, 1923. 204 бет. Бағасы 1 сом.

«Адам баласының көріп, естіп, иіскеп, тыңдап, танып білетін дүниедегі нәрселер көрініс физикасына жатады....

Бұл кітапта ана бес күзетші бақылап білетін табиғат мүшесінің бәрі де қысқаша әдемі жазылған...

Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшалауға шебер, кітаптың сөзі хат білетін қазаққа түсінікті. Бұл кітап мектеп сайын болғаны оң. Мұғалім қолына алып отырып балаларға сабақты әңгіме қылып айтуға жақсы құрал. Хат танитын қазақ бұл кітапты оқуы керек...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №320*)

8. Бұ да сонікі. «Геология». «Білім басының» бесінші бөлімі.

Аударушы — Ғалымжанұлы. П.

Ташкент, 1924. 231 бет. Бағасы 85 тиын.

«...Жерді Юнан-грек жұрты «гео» дейді, «логиясы» білім дегені, сонымен геология — жер білімі болады.

Бұл кітапшаның қазақшасы оқушыға түсінікті, беретін білімі артық. Бұл кітапшаны жақсылап оқып, ішіндегі оңай тәжірибесін өз қолымен істеп көрген жастар жерді әліпбидей оқиды. Жер қызықты болып кетеді. Бұл кітапшаны қолға алып отырып, мұғалімдер балаларға сабақ берсе тауды, даланы, жолды, өзенді кезіп жүріп, балаларды жермен таныстырып баулыса, бұл тәрбиені басынан өткерген жастар, бәйгеге қосатын аттай, білім бәйгесіне де даярланады. Осылардан барып қазақ білімпаздары шығады...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №289*)

9. Проф. Кудревский. «Арғы мәдениет».

(Ертеде жұрт қалай тіршілік қылған). «Білім басының» оныншы бөлімі.

Аударушы — Есполұлы Мырзағазы.

Ташкент, 1924. 211 бет. Бағасы 70 тиын.

10. М.Гремецкий. «Жер үстінде тіршілік қалай жасалды».

Аударушы — Кемелұлы Ғали.

Мәскеу, 1924. 80 бет. Бағасы 35 тиын.

11. Профессор Анучин. «Адам тегі».

Аударушы — Мәметұлы Ахмет.

Мәскеу, 1925. 123 бет. Бағасы 65 тиын.

«Адам баласы қайдан келеді? Бұл сұрауға әр уақытта, әр жерде түрлі жауап болған.

Қазақ, қырғыз адам баласы Адам атадан, Құдай Адам атаны балшықтан илеп жаратқан деп танып, ашыған сүттей ұйып қойған. Бұл пікір біздің жұртқа исламмен ере келіп жабысқан. Ислам мұны інжілден, інжіл таураттан, тәурат паплониеден алған.

Анучиннің мына кітабы адам баласы қайдан, қалай өзгеріліп, құбылып, миланып, ақыл иесі болып, дүние патшасы болғанын баяндайды... Адам тегін баяндайтын құбылыс беті осы Д.Н.Анучин кітабында жақсы жазылған. Қазақшасы түсінікті...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №312.*)

12. А.А.Зубрилин. «Өсімдіктер және олардың өмірлері».

Аударушы — Мәметұлы Ахмет.

Мәскеу, 1924. 48 бет. Бағасы 15 тиын.

«Зубрилин бұл кітапшасында егіннің қандай жерде, қандай шарт, шаралардан жақсы өсетінін, оларға қандай тамақтың өте керектігін, күнбатыс Еуропа қара шекпендеріне қарағанда Ресей қара шекпендерінің не себептен аштыққа ұшырай беретіндігін кең сөйлеп, толық түсіндірген...»

(*«Жас қайрат» газеті, 1925. №17*)

13. А.А.Зубрилин. «Жердің үскі қабаты».
(Шаруа кітабынан №11). Аударушы — Мәметұлы Ахмет.
Мәскеу, 1924. 63 бет. Бағасы 25 тиын.
14. К.Тимирязев. «Дарвин және оның оқуы».
Аударушы — Кемелұлы Ғ.
Мәскеу, 1925. 335 бет. Бағасы 1 сом 98 тиын.
15. Лебедев. «Дарвин білімінің негіздері».
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1924. 24 бет. Бағасы 15 тиын.
«Дарвин қисынын Ыбыраш қазақшаға аударған Лебедев кітапшасында қысқаша анық айтылған. Дарвин қисынымен танысқысы келген адам сол кітапшаны оқуы керек. Ыбыраш орысшадан кітапты қазақ тіліне аударуға шебер көрінеді...

...Лебедев кітабын қазақ ұғымына Ыбыраш үйлестіріп аударған. Кітаптағы мысалдарды қазақ тұрмысына үйлестіріп алған. Кітап оқуға өте жеңіл. Сөйлемі қысқа, тілі тасқа таңба салғандай анық. Бұл кітапты ел мұғалімдері, хат танитын адамдар, жастар алып оқыса, көп білім аларлық. Бұл кітап мектептердің кітапханаларында болуға тиісті...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №394*)

16. К.Илларионов. «Астрономия әліпбиі».
Аударушы — Қыр баласы.
Мәскеу, 1924. 224 бет. Бағасы 1 сом 10 тиын.
Астрономия — Күн, Ай, Жұлдыз, Жер жайын қарастырады... Біз жерде туып, жерде өмір сүреміз. Ал, бұл жер не? Жердің пішіні қандай? Жердің тұрағы қайда? Ауа не? Күн мен түн неге болады? Жаз, қыс, күз, жазғытұрым неден болады? Күн не? Ол бізге — жерге алыс па, жақын ба? Аспандағы айдың, саны жоқ көп жұлдыздардың жайы қалай?»

Осы сұраулардың бәріне астрономия жауап береді.

17. «Күн күркіреуі мен найзағай».
Орысшадан аударушы — Басықараұлы Жүсіпбек.
Ташкент, 1929. 45 бет. Бағасы 20 тиын.
«Кітап ұғымды тілмен жазылған. Найзағайдың әлденеше түрде, түсте болатыны, электрдің қандай нәрселерден шығатыны, найзағайдың электрден пайда болатыны, найзағайды тексерген білімпаздардың тәжірибесі, күн күркіреудің себебі, найзағайдың қандай зиян келтіретіні, найзағайдан сақтану жолы толық жазылған...»

(*«Сана» журналы, 1924. №2-3*)

(18-ден 27-ге дейін нөмір саны қойылып, орын ашық қалдырылған.)

VIII

ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ КЕСТЕЛІ ӘДЕБИЕТ

1. Дивайұлы Әбубәкір. «Қобыланды батыр».
Ташкент, 1922. 158 бет. Бағасы 60 тиын.
2. Бұ да сонікі. «Нәрікұлы Шора».
Ташкент, 1922. 23 бет. Бағасы 15 тиын.
3. Бұ да сонікі. «Бекет батыр».
Ташкент, 1922. 27 бет. Бағасы 15 тиын.
4. Бұ да сонікі. «Қамбар батыр».
Ташкент, 1922. 39 бет. Бағасы 20 тиын.
5. Бұ да сонікі. «Шора батыр».
Ташкент, 1922. 59 бет. Бағасы 30 тиын.
6. Бұ да сонікі. «Алпамыс батыр».
Ташкент, 1922. 56 бет. Бағасы 25 тиын,
7. Бұ да сонікі. «Мырза Еділе батыр».
Ташкент, 1922. 24 бет. Бағасы 15 тиын.
8. Маралбай. «Ер Тарғын».
Түзетіп, бастырған — Қыр баласы.
Мәскеу. 1923. 72 бет. Бағасы 30 тиын.
9. Байтұрсынұлы Ахмет. «Ер Сайын».
Жыршылардың айтуынан жазып алынған. Бұл кітапшада Ахметтің Потанин сексенге толғанда айтқан өлеңі және Қыр баласы жазған Потаниннің өмірбаяны бар.
Мәскеу, 1923. 95 бет. Бағасы 60 тиын.
10. Нысамбай жырау. «Кенесары — Наурызбай».
Жинаушы — Басықараұлы Жүсіпбек.
Мәскеу, 1923. 72 бет. Бағасы 35 тиын. (Ташкентте басылғаны сатылып бітті.)
11. Шайқы-Ісләмұлы Жүсіпбек. «Қыз Жібек».
Ташкент, 1923. 130 бет. Бағасы 65 тиын. (Сатылып бітті.)
12. В.В.Радлов. «Қозы Көрпеш — Баян».
Жазып алған — Қыр баласы.
Мәскеу, 1924. 60 бет. Бағасы 25 тиын.
«...Қозы Көрпеш — Баянның» жайылмаған түрік жұртында жері жоқ десе де болады: «Қозы Көрпеш — Баян» Ертіс өзені, аяғы Тобыл татарында, Күншығыс Түркістаны тараншыда, Түркістанда, Сарыарқада, Алтайда, Ұранқайда, Оралда, Башқұртта, Кавказда, Шешенде, Осетинде бар. «Қозы Көрпеш — Баян» біздің түрік баласының сүйген ертегісі. Германға Фауст қандай болса, түрік баласына «Қозы Көрпеш — Баян» сондай.

«Қозы Көрпеш — Баян» көпмағыналы түрік жұртын сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы...»

(*Қыр баласының бас сөзінен*)

13. Досмұхамбетұлы Қалел. «Мұрат ақынның сөздері».

Ташкент, 1924. 152 бет. Бағасы 1 сом 25 тиын.

14. Бұ да сонікі. «Исатай — Махамбет».

Бірінші бөлім: а) Исатай қозғалысының қысқаша тарихы; ә) Исатай — Махамбет; б) Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі; в) Махамбет батырдың басқа сөздері.

Ташкент, 1925. 161 бет. Бағасы 95 тиын.

15. Шернияз ақын. «Өлеңдер жинағы».

Жинаушы — Мұстафаұлы Сейтбаттал.

Мәскеу, 1925. 30 бет. Бағасы 16 тиын.

«Шернияз — Әбілқайыр ханның немересі, Баймағамбет ханның тұсындағы ақын. Ол әуелде Исатай дейтін батырдың ақыны болып, Исатайды Жәңгір хан өлтіргеннен кейін Баймағамбетке қорғалаған. Шерниязды жұрт шешен, би дейтін болса керек. Оның ақындығы — тұстасы, «Қобыланды» мен «Ер Тарғынды» өлең қылатын Маралбайдан анағұрлым артық...»

Кітапшаның емле қатесі мен бірен-саран басқа қатесін былай қойып, маңызына баға беретін болсақ, жинау еңбегі мен қағаз шығыны далаға кеткен деуге болады. Кітапшадағы өлеңдер, дәйектеме жазушы Қыр баласы айтқандай, «надан айтушының күйесімен» былғанып кеткен. Шерниязды асыл сөзін аршып шығып алу қиын көрінеді...»

(«*Қазақ тілі*» *газеті. 1925. №88*)

16. Баржақсыұлы Ахмет. «Мың бір мақал».

Мәскеу, 1928. 58 бет. Бағасы 30 тиын.

17. Затаевич. «Қазақ халқының 1000 өлеңі» (әні, күйі).

Орынбор, 1925. 402 бет. Бағасы 12 сом.

«Қазақ-қырғыз халықтары — асқан әнші, асқан күйші жұрттар. Затаевич қазақтың бір жарым мың ән-күйін қағазға (нота) түсірген, соның үштен екі бөлімдейі басылып отыр.

Орыстың Костальский дейтін білімдары: қазақ түгілі, әуелі ұлы орыстың өзінде бір жарым мың ән нотаға жазылды ма екен, — дейді.

Затаевич ерінбей еңбек етіп, 20-22 жылғы зор ашаршылық кезінде қазақ әндерін жинаған, 279 қазақ (әншілер) Затаевичке ән-күй берген. Затаевич жалғыз Орынборда жүріп мұнша ән жинады. Қазақ азаматтарының ән сүйгіштігі арқасында, қазақ жұрты асыл қазына тапты. Бұрынғы

үстем болған, билеп қалған таптардың «ит қазақ» деп, құл есебінде көретін қазағы енді ән-күй (музыка) әлемінің алдына мың жарым өнімен майданға шықты. Жанның жасырын сырларын адам баласына ашып, жержүзіне шашып, қазақ елі де өз тартуын көрсетуге жарады.

Неткен мол, неткен алуан-алуан терең мазмұн! Қазақ халқы ән-күйге қалай бай, қалай майыр!

Бұл кітапты қолына алғанда, қай қазақтың жүрегі қолға түскен торғайдай шым етпес. «Қаракөз», «Уәли», «Кәмшат берік», «Сәулем-ай», «Ақ орамал», «Құлпы жібек»... сықылды әндерін көргенде, қай қазақтың көзіне еркін даласы елестемес!»

(*«Книганоша» журналы, 1925. №9*)

18. Әуезұлы Мұхтар. «Қорғансыздың күні» (Әңгіме).

Орынбор, 1922. 84 бет. (Сатылып бітті.)

Бұл әңгіме қазақ тұрмысынан алынып жазылған. Атқа мінген болыс, билердің момын шаруа, жетім-жесірге көрсеткен озбырлығын, рақымсыздығын ашып көрсеткен.

19. Семен Чуйков. «Тау еліндегі оқиға» (Әңгіме).

Аударушы — Аймауытұлы Жүсіпбек.

Ташкент. 1925. 78 бет. Бағасы 50 тиын.

Жүсіпбек осы кітаптың басында жазған таныстыруында былай дейді: «...Чуйков — төңкеріс ақыны. Әңгімесінің сарыны да төңкеріс. Жетісудағы қазақтар төңкерісті басынан қалай өткізгенін, төңкеріске қалай қатысқанын жазады.

Чуйков төңкерісті қазақтың өзі жасасқан, өзі араласқан қылып шығарады.

Қадыр деген Жетісу мен Қашқардың арасын шарлаған төңкерісшіл ұры болады. Ол өмірі казак-орыстармен жұлысып өтеді. Талайының басын кеседі. Қадыр отаршылдарға қарсы, қазақтың жерін, суын қорғайды, қазақты мәдениетке сүйремек. Бірақ өзі қарапайым қазақ, төбелескеннен басқа, кісі өлтіргеннен басқа қолынан іс келмейді. Қадыр төңкерісті күтеді. Төңкерісті орыс жалшылары жасайды. Соған қосыламыз деп күтеді. Қадыр кедейшіл, бұқарашыл, ол бұқараның өзі, әйтпесе көзі. Ол қазақтың байларына да, манаптарына да қарсы. Төңкеріс болса, қазақ байын орыс байларымен қабат жаныштамақшы. Солай болу керек деп, жас Мәметке сабақ береді.

Қадырдың етегін ұстап Мәмет шығады. Қадыр төңкерісті көре алмай өледі. Мәмет төңкерісті қолымен жасасады. Жалғыз Мәмет емес, қазақ жігіттері (бай, кедей аралас) түгел

әуелі Қадырдың соңынан еріп, төңкеріс кезде Мәметке отряд болады. Казак-орыстармен соғысып, төңкеріс үкіметін орнатысады...»

Бұдан кейін Жүсіпбек — бұл романның қазақ өміріне қабыспайтын жерлері көп екендігін, қазақты төңкеріске араластыру үшін тым ер жұрт қылып көрсеткенін, мұны оқып отырғанда қазақ емес, кавказдағы шеркестер көзге елестейтінін, әйтпесе қазақтың ертегідей өткен жаугершілік заманы көз алдыңа келетінін, қазақтың әдет-ғұрпы, мінезі, салты қамти алынбағанын, осы тәрізді қазақтың ішкі салтына келгенде жазушының орашолақтығы, бөгде кісі екендігі байқалып қалатындығын айта келіп, тағы былай дейді:

«Қазақ тұрмысына жанаспайтын жерлері көп болғанымен, бұл өңгіменің керекті, пайдалы жақтары көп. Өмірден алсын, мейлі жанынан шығарсын, әйтеуір өңгіменің сарыны төңкерісшілдік. Тым құрғақ емес, кестелі, қисынды төңкерісшіл, бұл сарынды жазылған өңгіме қазақ жазушыларында әзір жоқ.

Өңгіменің тағы бір қасиеті: қазақ тұрмысының сыртқы көрінісі недәуір көп суреттелген: тау, ағаш, өзен жайлы, кешкі, күндізгі, түнгі ауыл, түндегі жортуыл, аттан-соғыс, қашты-куды, қысқасы, қазақ даласындағы көп суреттер көрсетілген.

Орыстың бұрынғы жазушыларынан мұның тілі жат. Бейнелеу, салыстырулары өзгеше. Аз сөзбен көп нәрсені айтып береді. Қысқа, дәмді жазады. Қазақта қарасөзге шеберлік әдебиет майданында әлі жете алмай келеді.

Сұлу, қысқа, дәмді, суретті қарасөз, күйлі, әуезді, кестелі қарасөз бізде әлі жоқ. Қарасөз жазушыларымыз бір ойды бастаса, ұшығына шыға алмайды, сөзін тауыса алмайды. Қысқа, дәл, тиімді жаза білу қаламшылықтың бір шарты ғой.

Бұл өңгіме сондай қысқа, дәмді жазуға үлгі болғандай түрі бар...» — дейді.

Бұл өңгіме, қазақ жайынан емес, ішіндегі сөздерінің түріне, мәнісіне қарағанда, қырғыз жайынан жазылған болуға керек. Бірақ қырғызды қазақ деп жаңылудан кітапқа, оның мазмұнына келер кемшілік жоқ. Өйткені қырғыздың қазақтан гөрі жауынгерлігі болмаса, өзге тұрмыс, салт-сана жағынан да, төңкеріске қатысы жағынан да түк айырмасы жоқ деуге болады.

Бұл өңгіме қырғыз өмірінен алынып жазылғанына Жүсіпбектің өзі де қосылып отыр.

20. Эзоп пен Толстой. «Жетпіс жеті мысал».
Аударушы — Қыр баласы.
Мәскеу, 1925. 78 бет. Бағасы 30 тиын.
21. Л.Н.Толстой. «Қажымұрат».
Аударушы — Қыр баласы.
Мәскеу, 1924. 180 бет. Бағасы 1 сом.

«Толстой — ақыл-ойдың, ақындықтың кені. Адам баласына бақ іздеп, адамгершілікке үндеген пайғамбар. Өмірін шындық көксеумен тауысқан. Тұрмыс жүзіндегі теңсіздік, бақытсыздық, неше түрлі жауыздықтың тамыры адам баласындағы атаққұмарлықта, менмендікте, өзімшілдікте деп біліп, оның бәрін ел билеген күштілерден, үкіметтен көріп, үкімет болмасын деген пікірді таратып (анархист болып) кеткен. Соғысқа, қан төгуге қарсы болған. Адам баласын бір бауыр қылам деп арпалысқан. Теңдік күшпен табылатындығына адам баласының тарихы тап тартысының тарихы екеніне Толстой қосылмаған. Балалардың жауыз нәпсісін, тасжүрегін уағызбен, үгітпен жібітпек болған. Патшаның өмірінен бастап, малайдың, мұжықтың, солдаттың өміріне шейін Толстойдың қырағы ақылынан, өткір қаламынан құтылған жоқ. Адамның сырын айнаға айқын түсірген, 82 жыл өмір сүріп, бір арба кітап жазған.

Сондай данышпан Толстойдың сөзімен орысша білмеген қазақ баласы «Қажымұратты» оқудан бастап танысады.

Қажымұраттың қысқаша мазмұны: Кавказ тауын қашаннан бері грузин, шеркес, шешен, лезгин, армян сықылды азғана ұлттар мекен еткен. Кавказдың тауы қандай көкпен тілдескен салауатты, айбынды болса, қойнындағы елі де сондай ер, жауынгер, төкпашар болады. Орыс үкіметі Кавказды оңайлықпен бағындыра алмаған. Кавказ елдерінің өзара жаугершілігін пайдаланып, бірбіріне қаршыға қылып салып, көп қиындықпен бағындырған. Қажымұрат — сондай қаршыға қылмақ болған ердің бірі. Шешенде Қажымұраттың кескілескен дұшпаны Шәмил. Шәмил әрі хан, әрі қолбасшы батыр, әрі дін басы — имам. Қажымұраттың қатын-баласы Шәмилдің қолында тұтқында. Өзі қашқын. Шәмилден кек ала алмай, Қажымұрат орыстың күшін пайдаланбақ болып, орыстың әскер бастығын қорғалайды. Шәмилді соғысып, жеңіп бермек болады. Қажымұраттың орысқа бағынғаны патшаға жетеді. Орыс өкіметі Қажымұратқа сенбейді. Қолына әскер бермейді. Патшаның жарлығымен орыс әскері Кавказ жұртын қырып-жойып, өртеп, қылыштың күшімен бағындырмақ болады. Қатын-баласын қайырып алам ба деп,

Қажымұрат осынша талап қылса да, орыстан қайыр болмайды. Астыртын тыңшы жіберіп, қатын-баласын құтқармақ болады. Одан да түк шықпайды. Қажымұрат орыстан қашады, неде болса қатын-баласын құтқару жолында өлуге бел байлайды. Андушыларды өлтіріп қашса да, егіннің борбастағына душар болып, аттары омбылап жүре алмайды. Қуғыншы әскермен атысып өледі. Жалпы мазмұны осы болғанмен, орыстың патша, төре, ақсүйек, әскер, мұжық өмірі, Кавказ жұртының тұрмысы «Қажымұрат» романында толық суреттелген. Үй ішіндегі ұсақ оқиғалар да, үлкен саясат та «Қажымұраттан» табылады. Патшаның кір өмірі де, ақымақ, мақтаншақтығы да, озбырлығы да, әскербасылардың, төрелердің шенқұмар, маскүнем, бұзық мінездері де «Қажымұраттан» табылады.

Роман, жалпы айтқанда, жақсы аударылған. Көп бұзбай дәлме-дәл аударған. Бірақ дәл аударғанның кей жерде ұғымсыз болғандары да бар...

...Сөзді ұғымды, кестелі қылу үшін қазақ сөздерінен тапқан кейбір салыстыру мәтелдері, өлеңдері жақсы-ақ! ...Орыс тілінде жазылған таулықтардың өлеңі де қазақшаға жатық аударылған.

Хат білетін адам «Қажымұратты» оқып, аузының дәмін алғандай».

(«*Термеден*»)

22. Максим Горький. «Сұңқар жыры».

Аударушы — Жұмабайұлы Мағжан.

Мәскеу, 1924. 44 бет. Бағасы 25 тиын.

«Максимді білмейтін жержүзі жоқ. «Ана» деген жұртшыл пікірде жазылған әңгімесі барлық Еуропа, Америка тілдеріне аударылып басылған. Оның даңқы зор.

Максим — шыншыл, дарашыл, романтик ақын.

Өмірі жаумен алысып қан жұтып, жаралы болған Сұңқар — төңкерісшілдер. Жылан — жабайы тоғышарлар. «Өрмелеу үшін жаралған жан ұша алмақ емес». Сондықтан ақын «ерлердің көзсіздігін, ессіздігін жырлайды».

Максимнің әңгімесін Мағжан қазақ тіліне аударған. Әңгімелердің аты: «Сұңқар жыры», «Жұртын сүйген жүрек», «Ана», «Темірді жұмсартқан ана», «Хан мен ұлы».

Іші батпақ, қараңғы, қалың орманға жау қамап, қырылуға айналған елді бастаған батыр қатерден елін құтқармақ болады. Бірақ жолда көп қиыншылық, азап шегіп, ел батпаққа батып өле береді. Қиналған ел долданып, басшы ерге тап беріп, өлтірмек болады.

Қараңғыда жол табылмайды, адасады. Сонда батыр жүрегін суырып алып, көтергенде, күндей жарқырап, нұр шашады. Елін беті ашыққа шығарып, ажалдан құтқарады да, батыр өледі. Бұл — «Жұртын сүйген жүрек...»

Аударма ұғымды, сұлу жазылған. Тілінде кемдік жоқ».

(«*Термеден*»)

23. Короленко. «Макардың түсі».

Аударушы Қыр баласы.

Мәскеу, 1923. 39 бет. Бағасы 40 тиын.

«...Жазушының жайын білмеген, әдебиеттің ішінен өтіп, сыртына шыға алмайтын адамдар, «Макардың түсінде» не мән бар? Керегі жоқ нәрсе ғой, — деп қарауы мүмкін. Олай емес. Онда үлкен мән, пікір (*идея*) бар. Өмірден қаққы жеген кедей, сорлы, надан, нас Макарға таңның атқаны жыр төрізді көрінеді. Макар өксігенде, тауға кетем, еркін өмір сүрем деп алданыш етеді. Макар тамаша түс көреді. Қиямет-қайым болып, Макар тергеледі. Макардың күнәсі таразыны басып кетеді. Екі ауыз сөздің басын қосып сөйлей алмайтын топас, Макар ашынған соң ділмәр болып, суырылып соғады. Жаман Макар ер боп кетеді. Өмірден көрген қорлық-зорлығын көйітеді. Құдайдың өзін естен тандырып, састырады. Жаман Макардікі шын екеніне Құдайдың өзі де қол қояды.

Бұдан не мән шықпақ? Мән — шындық жеңбек, Макарлардан түбінде ер адамдар шықпақ. Жабықпа, алдында жақсылық бар. Теңдікті айтысып-тартысып аласың. Өкіметтің істегені қиянат, зорлық, халық өкіметті жек көреді.

Короленко кім екен? Ол — төңкерісшіл ақын. Короленко көппен араласып, көпке жақындап жазады. Дарашыл емес. Романтизм мен реализм аралас келеді.

Аударма сөзбе-сөз деп айтуға болмайды. Еркін істелген. Ұзын сөйлемдер, керексіз сөздер қысқартылған. Қыр баласы аударғанда, пышақпен жонбайды, балтамен шабады. Шұбатпайды, келтесінен қайырады. «Шалған жаман ауыл емес, шіркеуі бар» деген сықылды. Сөзді орнына қоймай кететін жері де бар...»

(«*Термеден*»)

24. Л.Н.Толстой. **а) «Кавказ тұтқыны»;**
ә) «Жұмыртқадай бидай»;
б) «Жеті қарақшы».

Аударушы — Қыр баласы.

Мәскеу, 1925. 56 бет. Бағасы 25 тиын.

25. «Тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан терме №1».

Ташкент, 1925. 138 бет. Бағасы 85 тиын.

Бұл кітапты Қазақстан Мемлекеттік баспасының Күншығыс бөлімі шығарған.

Кітаптың мазмұны:

I. Білім бөлімі.

1) «Адам тегі». Арқалық.

2) «Тарих туралы жалпы ұғым». Даниял.

3) «Халық әдебиеті, оны жинау жолдары». Сарыбайұлы.

4) «Жалантөс батыр». Д.Қ.

5) «Едіге бидің тұқымы». Мұқаметжан.

II. Тәрбие бөлімі.

1) «Жиынды әдіс (комплекс) іс жүзінде». Байтасұлы.

2) «Мектеп басқару жайы туралы». Жүсіпбек.

3) «Шағылыс мәселесі». Таңашпай.

Ш. Көркем әдебиет.

1) «Әнші»(өңгіме). Жүсіпбек.

2) «Отаршылдықтың ұшқындары». Қошке.

3) «Жол үстінде». Қызылбас.

4) «Құншылар». Ілияс.

5) «Балаларға базарлығым» (өлең). Мағжан.

IV. Халық әдебиеті.

1) «Базар жырау». Д. Қ.

2) «Шернияз шешен». Ілияс.

3) «Сексен мен тоқсан». Жанталыұлы Ахмет.

4) «Байдалы бидің сөздері». Сәкен.

V. Сын бөлімі.

1) Аударма туралы жік.

2) Жаңа кітаптар. «Қажымұрат», «Сұңқар жыры», «Макардың түсі».

26. Аймауытұлы Жүсіпбек. «Мансапқорлар».

Екі перделі драма.

Мәскеу, 1925. 38 бет. Бағасы 25 тиын.

«Драма төңкерістен бұрын, бір жағынан, патша шенеуніктерінің құлдығында, екінші жағынан, байлардың, болыстардың табаны астында езілген қазақ жұртының тұрмысы, ел арасындағы болған бұзықтық, парақорлық, мансапқорлық, болыстық үшін кісі өлтіру сықылды жауыздықтар суреттелген.

Орыстың бастауыш мектебінде оқып, «арыз жазуды» үйренген Мүсілім шыққаннан шыққан парақор, жалақор, кедейді сүліктей сорған ағайыны Қасқырбай болысқа тілмәш болады. Мүсілімнің де бар арманы — Қасқырбай сықылды болыс болу, пара алу, ел тонау.

Өзі жас, өзі орысша білетін Мүсілімге көрі Қасқырбайдың жас қатыны ғашық болады.

Мүсілім Қасқырбаймен болыстыққа таласады. Бірақ оны көрінеу жеңе алмайтын болған соң қатынына у бергізіп өлтіртеді.

Мүсілім арманына жетеді. Болыс болады. Енді ғашық болған жас әйел: «Сенің ойлағаның болды, мені, қайтесің?» — десе. Мүсілім: «Қайтейін сені? Байға тиерсің... Біреу табылар», — дейді. Әйел алданғанын сонда біледі...

Төңкерістен бұрын қазақ елінің он екі мүшесін құрт боп жеген жауыздықтар шебер драмашының өткір қаламымен осылайша суреттелген...»

(*«Кітаноша» журналы. 1925. №31-32*)

27. Бұ да сонікі. «Ел қорғаны». Бір перделік пьеса.

Қызылорда — Ташкент, 1925. ... бет. Бағасы ... тиын.

28. Бұ да сонікі. «Сылаң қыз».

Бір перделі күлдіргі (комедия) пьеса.

Орынбор, 1922. 24 бет. Бағасы 8 тиын.

Қала қазағының тұрмысынан алынып, тұрмыстың ішкі бір ұсақ, ерсі жақтарын суреттеп көрсеткен күлдіргі. Бұл — елге ұнамдылығы, театрда қойылуға ыңғайлылығы жағынан көзге түскен пьесаның бірі.

29. Әуезұлы Мұхтар. «Еңлік — Кебек».

4 перделі, 5 суретті трагедия. Қайғылы хал. (Тарихи әңгіме, ескі қазақ тұрмысынан).

Орынбор, 1922. 94 бет. Бағасы 15 тиын.

30. Бұ да сонікі. «Бәйбіше — тоқал».

4 перделі қайғылы хал (драма).

Ташкент, 1923. 79 бет. Бағасы 40 тиын, (Сатылып бітті.)

31. Сейфоллаұлы Садуақас (Сәкен). «Бақыт жолына». Үш перделік пьеса.

Орынбор, 1922. 36 бет. Бағасы 15 тиын.

32. Бұ да сонікі. «Қызыл сұңқарлар».

4 перделі пьеса.

Орынбор, 1922. 71 бет. Бағасы 15 тиын.

Алғашқы Кеңес өкіметі орнап, одан кейін Сібірде кеңестер құлап, өкіметті патшашылдар алған кездің оқиғалары. Сол кездегі азаттық үшін құрбан болған, азаттық үшін азап шеккендерге арнап жазылған пьеса.

33. Кемеңгерұлы Қошмұқамет. «Алтын сақина».

4 перделі драма.

Орынбор, 1923. 32 бет. Бағасы 20 тиын.

«...Кемшілікте, қайғы-қасіретте өмірін өткізсе де, көрінеу қарсы шыға алмайтын қазақ әйелінің халін жазушы дұрыс суреттеген. Бірақ мұнысы кешегі қатын, бүгінгі әйел, бірақ ертеңгі әйелдің халі емес. Қазір төңкерістің сегізінші жылында әйел теңдігі жарияланып қана қоймай, жүзеге асуға айналған заманда, сөз жоқ, қазақ әйелі енді бұрынғыдай емес. Қазір Қалима жалғыз декретті ғана естіп қойған жоқ, ол қалыңмал алу сықылды заңдарды да естіген. Сондықтан бүгін болмаса ертең ашықтан-ашық ескі тұрмыстың зорлық-зомбылығына қарсы көтерілуінде сөз жоқ. Бірақ бұл уақыт қанша жақын десе де, қазір осылай болып тұрған жоқ. Не шара? Бүгінгі қазақ әйелінің көпшілігі «Алтын сақинадағы» Қалимадай әлі де тағдырға бойсұнып, келер бақытты көз алдына күңгірт елестетумен ғана келеді. Қазіргі қазақ әйелінің бұл халін жазушы дұрыс суреттеген. Драманың қасиеті осында. Пьесаның өзге жағы көңілдегідей деуге болады.

Қазақтың жас драма әдебиетіне «Алтын сақина» — қымбат олжа. Әуесқойлар ғана ойнап келе жатқан қазақ театрында бұл кітап көрнекті орын алуында сөз жоқ деп білемін».

(*«Книганоша» журналы, 1925. №6*)

34. Дулатұлы М. «Балқия».

4 перделі пьеса.

Орынбор, 1922. 44 бет. Бағасы 15 тиын.

35. Омарұлы Уәлихан. «Нұржан».

Бір перделі пьеса.

Ташкент, 1922. 11 бет. Бағасы 15 тиын.

36. Майлыұлы Бейімбет. «Өлеңдер жинағы».

Қызылорда, 1925. 153 бет. Бағасы 1 сом 25 тиын.

«...Бейімбеттің бұл басылып отырған өлеңдері — 15-жылдан бері жазғандары. Әрине, бұл өлеңдердің ішінде нашары да бар, жақсылары да бар, тіпті, жақсылары да бар. Бейімбетті толық білу үшін, оның ақындығын толық сипаттау үшін оның өлеңдерін түгел оқып шығу керек. Бейімбеттің өлеңдерін бас-басына талдап алғанда, ақынның әдеби жолда басынан өткен ізі сықылды. Бейімбет бір басқан ізін қайта баспайды. Бейімбет — ілгері өрлеп, өсіп келе жатқан ақын.

Мысал үшін, 17-18-жылдарда жазғаны мен соңғы кездері жазған өлеңдерін алсақ, бұл екі-үш жылдың ішінде Бейімбет едәуір ілгері басқан. 17-жылдарда жалпы «қазақ» деп келетін Бейімбеттің сарындары, 24-жылдарда белгілі тап ұранына түседі. Соңғы өлеңдерінде Бейімбет қазақты жалпы алмайды, оның ішінде кедей табын тезірек көреді, кедейдің

үнін тезірек естиді, кедейдің тілегін тезірек сезіп, оның керегін тезірек жоқтайды. Бейімбеттің өлеңдері — бұл ретінен қарағанда, неғұрлым соң жазылса, соғұрлым әдемі, жақсы көрінеді.

Бейімбет — ауыл ақыны, Бейімбет — қалың бұқараның белбаласы...

...Коммунистік көзқарасымен сынағанда әдебиеттің маңызы оның жалғыз көркемдігіне тірелмейді. Біз әдебиеттің сыртқы көркемдігіне қоса, оның ішінен де еңбекші тапқа ас болатын дән іздейміз. Бейімбет өлеңдерінің қазақ еңбекшілеріне ас болатын дәні мол...»

(*Садуақасұлы Смағұлдың бас сөзінен*)

37. Сейфоллаұлы Садуақас. «Асау тұлпар».

Өлең жинағы.

Орынбор, 1924. 75 бет. Бағасы 40 тиын.

38. Сәкен. «Домбыра».

Өлең жинағы.

Орынбор. 1924. 75 бет. Бағасы 40 тиын.

39. Құнанбайұлы Ыбырай. Өлеңдер жинағы.

Ташкент, 1922. 3-басылуы. 293 бет. (Сатылып бітті.)

«...Ақын адам басқа адамдарға қарағанда сезімді, сөздері суретті, ұйқасымды болады. Арқасы бар кісіше, өлең ойға түскенде құрыстанып, өлеңді жазса дария толқынындай толқынданып, түйдектеп жазады. Ойына келгенді қиналмай түсіреді. Шын ақынның жазған өлеңі оқыған адамды иіріп-иіріп, ішіне тартып әкетеді. Әсер береді. Бұлардың бәрі Абай өлеңінде бар деп, ойланып, қиналмай айта аламыз...

...Абай елдің сүйкімсіз қылықтарын сықақ қылып, онан құтылуға жол көрсетіп өсиет үйреткенде, бай, кедей деп айырмайды. Бәріне бір көзбен қарайды.

...Сондықтан Абайды халық ақыны дейміз.

...Абайдың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектерін еске түсіріп келген соң, Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау қиын емес. Біздіңше, Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады. Соған негіз салды. Сондықтан Абай — қазақ жазба әдебиетінің ағасы...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №359–360*)

40. Жұмабайұлы Мағжан. Өлеңдер жинағы.

Ташкент, 1923. 263 бет. Бағасы 1 сом 75 тиын.

«...Пікір — идея жағынан Мағжан — идеяшыл ақын. Ой, қиял — Мағжанның тәңірісі. Қазаққа келгенде, Мағжанның

саяси жолы қазақтың байына қосылып отыр. Бүгінгі қазақ еңбекшілерінің жаңа тұрмысы оған ұнамайды. Бүгінгі заман — «сұм заман». Бұл жағынан қарағанда, Мағжан — байшыл ақын. Бұл күнгіден безген, келешегі жоқ, уайымшыл жылауық ақын. Бірақ бұдан Мағжанның өлеңдерін «өртеп жіберу керек» деген сөз шықпайды.

...Біз Мағжанның жаман жағын айта білсек, жақсы жағын да айта білеміз. Оның жақсысына қол сұқпаймыз. Қазақ әдебиетіне Мағжан кіргізген жаңалықтары жоқ емес. Мағжан — күшті ақын. Өз ойын, өз тілегін ұқтыра білетін ақын. Көркемдік, әдемілік жағынан қарағанда, Мағжан өлеңдері (әсіресе «Баян») — үлкен олжа. Жүсіпбек айтқандай, «суретті, кестелі, көркемсөз Мағжаннан табылады». Өлеңнің сыртын Мағжандай келтірген (бір Абай болмаса) қазақта әлі ақын жоқ. Аз сөзбен көп сөз айтатындық Мағжанда бар. Мағжан — сөзге еркін ақын. Күшеншек ақын емес. Айтам дегенін оқушының көңіліне қонғандай, сезімін қозғағандай қылып айтады. Кейбір өлеңдерінде «шешендік толғау, күй төгіліп келетіні» рас.

Көркемдік, шеберлік, әдемілік жағынан Мағжанда үлгі қылырлық «қасиет» көп. Біздің еңбекші ақындарымыз — жас ақындарымыз. Мағжанның сыртын сұлу әдемі сөздеріне, терең ой, тура жол сала білсе — бәйгеден келгені...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1925. №406*)

41. Крылов. «Қырық мысал».

Аударушы — Байтұрсынұлы Ахмет.

Қазан, 1922. 96 бет. Бағасы 30 тиын.

42. Байтұрсынұлы Ахмет. «Маса». (Өлең жинағы).

Қазан, 1922. 95 бет. Бағасы 25 тиын.

43. Пушкин. «Дубровский».

Өлеңмен аударушы — Құдайбердіұлы Шәкәрім.

Семей, 1924.

44. Тұрманжанұлы Өтебай. «Таң өлеңдері».

Жас қазақ кедей ақындарының өлеңдерінен жинақ.

Мәскеу, 1925. 115 бет. Бағасы 35 тиын.

«...Бұл кітапшада қазақтың жас кедейшіл ақындарының Ленинге, төңкеріске, жалшылар мейрамына және әйел теңдігіне арнап жазған 91 бет өлеңдері басылған. Кітапша тіпті қызық, оқысаң, бойың балқиды, әрбір жастың алып оқулары керек».

(*«Жас қайрат» газеті, 1925. №15*)

(46-дан 55-ке дейін нөмір саны қойылып, орын ашық қалдырылған.)

IX

ЗАҢ ӘДЕБИЕТІ

1. «Қылмыстық істерді жүргізу заңы».

Аудармасын басқарушылар: Дулатұлы, Қадірбайұлы, Арыстанбекұлы.

Бұл кітаптың аяғында «Қылмыстық істерді жүргізу заңына қосымша іс жүргізу үлгісі» де бірге басылған.

Орынбор, 1924. 115 + 34 бет. Бағасы 1 сом.

2. «Ресей Республикасының еңбек арқылы тұтқын түзеу заңы».

Аударушы — Жиенбайұлы Сейіл.

Қызылорда, 1925. 59 бет.

3. «Қылмыс заңы». Барша өзгеріс, қосымшаларымен түзетіліп, екінші рет басылуы.

Аударушы — Қадірбайұлы Сейдәзім.

Қызылорда, 1925. 85 бет. Бағасы 55 тиын.

4. «Қазақстан Республикасының Жер заңы».

(1923 жыл апрельдің 5-6-да «Известия» газетінің 75-76-нөмірлерінде жарияланған).

Ресейлік Кеңес Комитеті президиумының қарары бойынша осы жер заңы Қазақстанда 1923 жыл апрельдің 15-нен бастап амалға асырылды. Аударушы — Ғаббасұлы Досқайыр. Осы Жер заңында ұшырайтын пән сөздері тізіліп, кітаптың аяғында басылған.

Орынбор, 1923. 115 бет. Бағасы 28 тиын.

5. «Ақылы істерді жүргізу заңы».

Аударушы — Жүсіпұлы Ахметсапа.

Қазақстан Оқу комиссариатының жанындағы Білім-әдебиет кеңесі қабылдап алған «Ақылы істерді жүргізу заңының» ішінде келетін пән сөздері қоса тіркелген.

Орынбор, 1924. 55 бет. Бағасы 50 тиын.

6. П.Стучка. «Ресей Социалды Құрама Кеңесшіл Республикасы мен Социалды Кеңесшіл Республикалар Одағының сауал, жауап түрінде жазылған негізгі заңы».

Түзетіліп, екінші басылғанынан аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Орынбор, 1924. 56 бет. Бағасы 30 тиын.

7. «Жұмыскер, қара шаруа өкіметінің жарлығы».

Қазақстан Заң комиссариаты ай сайын кітапша қылып шығарып тұрады.

8. А.Вишневский. «Еңбек кәріптеріне жәрдемдесу».

Кеңестер Одағында жүріп тұрған еңбек кәріптері мен жетім қалған еңбекшілер үйлеріне жәрдемдесу туралы заңдардың қорытындысы.

Аударушы — Ешмағамбетұлы М.

Орынбор, 1925. 58 бет. Бағасы ... тиын.

9. «Қала, ауыл, поселке кеңестері сайлау тақырыпты және кеңестер съезін шақыру тақырыпты Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің нұсқауы».

(Ресми шығуы). Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.

Қызылорда, 1925. 55 бет.

10. «Еңбек хақындағы 1922 жылдың заңдары».

Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.

Орынбор, 1923. 68 бет. (Сатылып бітті.)

11. «Қазақстандағы (көшпелі, шала көшпелі және отырықшы) қазақ елінде соғыс қажетіне жарамды ат, түйе, арба-шаналарды санаққа алу туралы нұсқау».

Орынбор, 1925. 11 бет.

(12-ден 20-ға дейін нөмір саны қойылып, орын ашық қалдырылған).

21. П. Стучка. «Россиялық әлеуметтік (социализм) негізіне құрылған құрама кеңестер республикасының негізгі заңы» (конституциясы).

Орынбор, 1922. 59 бет. (Сатылып бітті.)

X

ПРОГРАММА-ЕРЕЖЕ, ҚАУЛЫ-ҚАРАРЛАР

1. «Ресейлік Ортақшыл (большевик) Партиясының программасы мен Уставы».

Аударушы — Нұрымұлы Ғ.

Орынбор, 1924. 87 бет. Бағасы 25 тиын.

2. «Ресей Лениншіл, Ортақшыл Жастар ұйымының программасы мен Уставы».

Аударушы — Алдоңғаруұлы Ерғали. (6-жастар тобында қабыл алынған толықтыру, өзгерістер ішіне кірді).

Орынбор, 1925. 51 бет. Бағасы 17 тиын.

3. «СССР Ағарту жұмыскерлері кәсіп ұйымының Уставы».

Аударушы — Қамза.

Қызылорда, 1925. 24 бет.

4. «Қара шаруалардың өзара бірлестік жәрдемдесу қауымы туралы ереже».

Ресми шығуы. Аударушылар — Құрманұлы Сейдахмет, Аманқұлұлы Мұқамет.

Орынбор, 1925. 30 бет.

5. «Ауыл шаруа қарыз серіктігінің Уставы».

Өңдеуші — Баймақанұлы С.

Ташкент, 1925. 52 бет.

6. «Ауыл әлеуметінің өзара жәрдемдесуі туралы айтылатын баяндамалардың қорытындысы».

Орынбор, 1923. 8 бет.

7. Сталин. «Коммунистік партияның 10—12-томдарында Сталин жолдастың ұлт мәселесі туралы жасаған баяндамасы һәм съездің шығарған қарарлары».

Аударушы — Қасболатұлы.

Орынбор, 1924. 59 бет. Бағасы 35 тиын.

8. «Ресей Ортақшыл партиясының он үшінші съезі қаулылары».

Ташкент, 1924. 112 бет. 60 тиын.

9. «Қазақстан аймақтық Коммунистік партиясының VI конференциясында шығарылған қаулы, қарарлары».

Орынбор, 1924. 64 бет.

10. «Ресей коммунист(б) партиясының V Жалпы Қазақстандық конференциясы».

(Стенограммалық есебі мен қаулылары.)

Қызылорда, декабрьдің 1—7. 1925.

11. «V жалпықазақ конференциясының қаулылары».

Қызылорда, 1925. 64 бет.

12. «Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Комиссарлар Кеңесінің істеген істері тақырыпты баяндама».

(1922 жылғы октябрьден 1923 жылғы октябрьге шейін.)

Орынбор, 1923. 67 + 28 + 90 + 202 + 156 = 543 бет.

13. «Қазақстан Орталық Кеңес Комитетінің IV жалпы жиналысынан кейінгі III сессиясы».

Орынбор, 1924. 824 бет.

14. «Қазақстан Республикасы үкіметінің V Жалпы Кеңестер съезіне арналған есебі».

Ақмешіт — Орынбор, 1925. 123 бет.

15. «V Қазақстан Жалпы Кеңестер тобының қарары».
Орынбор, 1925. 39 бет.

16. «Жалпы Қазақ Кеңестерінің V съезінің бюллетені».
Барлығы 8 бюллетень.
Ақмешіт, 1925.

17. «V Кеңес тобында сайланған Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мүшелерінің екінші толық мәжілісінің бюллетендері».
(Стенография жазулары). Барлығы 8 бюллетень.
Қызылорда, 1925.

18. «Қазақстан Кеңес Республикасының Орталық Атқару Комитеті қасында кеңес құрылысы туралы шақырылған мәжілістің бюллетеньдері».
Қызылорда, 1925.

19. «Қоныстандырушылардың жалпы қазақстандық бастапқы съезінде ұйғарылған қаулылар».
(1925 жыл құттың 11—19-ы). Аударушы Омарұлы Елдес.
Орынбор, 1925. 26 бет.

20. «Қазақстандағы кәсіпшілер одақтарының үшінші аймақтық жиылысының қаулылары мен қарарлары».
Орынбор, 1924. 60 бет.

21. «Кеңес республикалары Одағындағы мұғалімдердің бірінші тобының қаулылары».
Аударушы Мағжан.
Мәскеу, 1925. 48 бет.

22. «Қазақстан автономиялы әлеуметшіл кеңес республикасының көшпелі, шала көшпелі және отырықшы шаруашылыққа айналып келе жатқан халқын қоныстандыру ережесі».
Аударушы — Шонанұлы Тележан.
Орынбор, 1924. 18 бет.

23. «Жалпы қамсыз ету жұмысын билейтін мекемелер тарапынан қамсыз етілген адамдардың мұқтаждары өтелу жайлы жобалар жинағы».
Орынбор, 1923. 39 бет. (Сатылып бітті.)

24. «Жерді өңдеу серіктігінің үлгі жолы».
Аударушы Жүсіпұлы Ахметсапа.
Орынбор, 54 бет. (Сатылып бітті.)

25. «Диқаншылардың өзара жәрдем комитетіне нұсқау» (Указ).
Аударушы — Ешмұқамбетұлы Мерғали.
Орынбор, 1923. 40 бет. (Сатылып бітті.)

26. «Россиялық ортақшыл жастар ұйымының ұстаған жолы — Уставы».

Орынбор, 1923. 40 бет. (Сатылып бітті.)

27. Алдоңғарұлы. «Қазақ комсомолының үйірмесі мен үгітшілердің программалық-қолданбасы».

Орынбор, 1924. 20 бет. (Сатылып бітті.)

28. «Ресей ортақшыл партиясының 25-мүшелі тезистері».

Аударушы — ... .

Орынбор, 1923. 32 бет.

29. «Мұжық пен жұмыскердің қызыл саясының уақытша атыс ережесі».

Мәскеу, 1925. 175 бет.

30. «Ж.М.Қ.С. уақытша қорғандық қызметінің ережесі».

Мәскеу, 1925. 278 бет.

31. «Жұмысшы-шаруа қызыл әскерінің мергендік уақытша уставы».

Мәскеу, 1925. 119 бет.

ҚОСЫМША КІТАПТАР

(Өз бөліміне кірмегендіктен соңына тіркелді)

1. Ш.Тоқжігітұлы. «Еңбекшілер көсемі Ленин».

Семей, 1924. 39 бет. Бағасы ... тиын.

2. Н.И.Быковский. «Қауіпсіздендіру кассалары деген не?»

Аударушы — Ешмұқамбетұлы М.

Орынбор, 1924. 48 бет. (Сатылып бітті.)

3. Яновская. «Октябрь айын біз неге мейрам қыламыз?»

Аударушы Садуақасұлы Ж.

Орынбор, 1923. 84 бет. (Сатылып бітті.)

4. М.Томский. «Кәсіпшілер Одағы жаңа жолда».

Аударушы — Таласпайұлы Жүсіп.

Орынбор, 1923. 56 бет. (Сатылып бітті.)

5. Ипполит Бойтов. «Тұтынушылар қоғамы һәм фактория дүкені».

Аударушы — Құлжанұлы Шайқы.

Орынбор, 1924. 27 бет. 25 тиын.

6. Г.Зиновьев. «III ортақшылдар бибауырмалдық ұйымдары».

Аударушы — Серғазыұлы Пайыз.

Орынбор, 1923. 40 бет. (Сатылып бітті.)

XI

МЕРЗІМДІ ӘДЕБИЕТ

«Жаңа мектеп»

Айына бір шығатын білім-педагогика журналы «Жаңа мектепте» ылғи мына бөлімдер болады: Бас мақалалар, білім-педагогика, жалпы, отантану, сын, ресми бөлімдер.

«Жаңа мектеп» оқушыларына жылына тегін қосымшалар береді. Журналдың жауапты басқарушысы: Жолдыбайұлы Молдағали. Бөлім басқарушылары: Байтұрсынұлы Ахмет, Сейфоллаұлы Садуақас, Сүлейұлы Біләл, Шонанұлы Тележан.

«Жаңа мектептің» үзбей жазып тұратын жазушылары: Байтұрсынұлы Ахмет, Жолдыбайұлы Молдағали, Омаруұлы Елдес, Садуақасұлы Смағұл, Дулатұлы Міржақып, Сейфоллаұлы Сөкен, Шонанұлы Тележан, Майлыұлы Бейімбет, Сүлейұлы Біләл, Аймауытұлы Жүсіпбек, Мұқанұлы Есқат, Малдыбайұлы Біләл, Ермекұлы Әлімхан, Саматұлы Мұхтар, Әуезұлы Мұхтар, Мырзаұлы Мұхтар, Бөкейханұлы Әлихан, тағы басқалар.

Журналдың жылдық бағасы — мұғалім үшін 2 сом 50 тиын, жай оқушыға 3 сом.

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Наркомпрос. Редакция журнала «Жана мектеп».*

«Қызыл Қазақстан»
айлық журнал.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің тілі.

Жылдық бағасы 5 сом. Жарты жылдығы 3 сом. Жеке саны 50 тиын.

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция журнала «Кзыл Казахстан».*

«Еңбекші қазақ»
газет күнде шығады.

Белгілі қоғам қайраткерлерінің бәрі де газетке сөз жазып тұрады. Газетте қазақ еңбекшілеріне керекті — шаруашылық, кәсіп, ел билеу, үкіметтің заң-заңдары, бұйрық-жарлықтары, партия тұрмысы, саясат өңгімелері, Қазақстан тұрмысы туралы мағлұматтарына көп орын беріледі.

Европа, Күншығыс, Түстік елдерінің жайынан көп жазылады.

«Еңбекші қазаққа» жылдық алдырушы болғандарға, еңбегі сіңген жақсы тілшілерге бұдан былай газетке қосып ай сайын 2 кітап тарту беріледі. Қазақтың белгілі ақын-жазушыларының ертегі, өңгіме, өлең-жырлары осы кітаптарда басылып, сыртына жазушылардың суреттері салынып отырады. Бұрынғы билердің биліктері, үлгілі сөздер, тақпақ жырлар, ел шаруасына керекті кеңестер жиналып жатыр. Олардың жинағы жылдық алдырушыларға тарту етілмек.

Жергілікті почта бөлімдерінде, кітап дүкендерінің бәрінде «Еңбекші қазаққа» жазылушылар қабыл етіледі.

Әрбір губерния, үйез, болыс, ауылдарда үзбей жақсы хабарлар жазып тұратын, газет тарататын агенттер бар.

Жазылу бағасы өте арзан: 12 айға 5 сом 50 тиын. 6 айға 2 сом 80 тиын. 3 айға 1 сом 45 тиын.

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция газеты «Енбекчи казах».*

«Жас қайрат»
жетісіне бір рет шығатын газет-журнал.

«Жастар ұйымының тілі»

Жазылу бағасы: *12 айға 1 сом 70 тиын. 6 айға 90 тиын. 3 айға 50 тиын. 1 айға 20 тиын.*

«Қазақ тілі»
жетісіне үш рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 3 сом 50 тиын. 6 айға 2 сом. 3 айға 1 сом. 1 айға 35 тиын.*

Адрес: *г. Семипалатинск. Редакция газеты «Жас кайрат».*

«Бостандық туы»
жетісіне үш рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 4 сом 80 тиын. 6 айға 2 сом 50 тиын. 3 айға 1 сом 30 тиын. 1 айға 45 тиын.*
Адрес: *г. Кзылжар, Акмолин. губ. Редакция газеты «Бостандық туы».*

«Ауыл»
жетісіне екі рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 3 сом 50 тиын. 6 айға 1 сом 76 тиын. 1 айға 30 тиын.*
Адрес: *г. Кустанай. Редакция газеты «Аул».*

«Ақ жол»
жетісіне бірнеше рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 6 сом. 6 айға 3 сом. 3 айға 2 сом. 1 айға 70 тиын.*
Адрес: *г. Чимкент, Сырдарын. губ. Редакция газеты «Ак жол».*

«Тілші»

Жазылу бағасы: *12 айға 4 сом 50 тиын. 6 айға 2 сом 40 тиын. 3 айға 1 сом 20 тиын. 1 айға 40 тиын.*
Адрес: *г. Алма-Ата. Жетысуйская губ. Редакция газеты «Тильчи».*

«Кедей тілі»
жетісіне бір рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 1 сом 80 тиын. 6 айға 90 тиын. 3 айға 45 тиын. 1 айға 15 тиын.*
Адрес: *г. Астрахань. ул. Халтурина. Редакция газеты «Кедей тили».*

«Кедей»
жетісіне бір рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 3 сом. 6 айға 1 сом 50 тиын. 3 айға 75 тиын. 1 айға 25 тиын.*
Адрес: *г. Актюбинск. Редакция газеты «Кедей».*

«Қызыл ту»
жетісіне үш рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 2 сом 90 тиын. 6 айға 1 сом 50 тиын. 3 айға 80 тиын. 1 айға 30 тиын.*
Адрес: *г. Уральск. Редакция газеты «Кзыл ту».*

«Жұмыскер тілі»
жетісіне екі рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *1 айға 50 тиын.*
Адрес: *г. Гурьев. Уральск. губ. Редакция газеты «Жумыскер тили».*

«Кедей туы»
жетісіне бір рет шығатын газет.

Жазылу бағасы: *12 айға 3 сом. 6 айға 1 сом 75 тиын. 3 айға 90 тиын. 1 айға 35 тиын.*
Адрес: *г. Урда. Ур. губ. Редакция газеты «Кедей туы».*

Қазақстан Мемлекеттік баспасы әдебиеттің неше түрлісін басып таратады.

Қазақстан Мемлекеттік баспасының өзі шығарған кітаптары болсын, Ташкендегі бөлімі мен Мәскеудегі Орталық баспа кітаптары болсын бәрі де «Білім» дүкендерінде көптеп, жекелеп сатылады.

«Білім» дүкендерінде кітаптан басқа неше түрлі қағаз, кеңсе, жазу аспаптары мол.

Көп кітап сұраушыларға Мемлекет баспасы өзінің орталық қоймасынан көптеп те, жекелеп те «Білім» дүкеніне жібереді.

Көп кітап алдырушы мемлекет, партия, кәсіп, кооперация ұйымдарына баға кемітіледі, несиеге беріледі. Кітап төлеп алынатын қылып жіберіледі.

Алдын ала ақша жіберушілер почта ақысын төлемейді.

Осы «Көрсеткіштегі» кітаптар орталықтағы, жержердегі «Білім» дүкендерінен табылады.

Қазақстан Мемлекет баспасының «Білім» дүкендері мыналар: Қызылорда, Ақтөбе, Шалқар, Қостанай, Қызылжар, Көкшетау, Қараөткел, Семей, Алаш.

Қазақстан Мемлекеттік баспасының Ташкентте бөлімі бар.

Адрес: *Ташкент, ул. пр. Коммунистов и Иканской, 1—3 «Востказгиз»:*

Кеңестер Одағының Күншығыс баспасы Мәскеуде.

Адрес: *Москва, Никольская, 10. Центроиздат.*

Қазақстан Мемлекеттік баспасының өз адресі:

г. Кзыл-Орда, Училищная, 1. Казгосиздат.

(*Қазақстан Мемлекеттік баспасы*).

«Жаңа мектеп» журналының 6(21) санына тегін қосымша

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БАСЫЛҒАН КІТАПТАРДЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Екінші бөлім

(Мұнда 1926 жыл мен 1927 жылдың өуелгі жарты жылында шыққан кітаптар көрсетілген)

Қазақстан Мемлекеттік баспасы
Қызылорда, 1927

I

БАСҚАРМАДАН

Өткен жылы «Жаңа мектеп» өзіне тегін қосымша қылып «Көрсеткіш» беріп еді. Онда төңкерістен бергі 1926 жылдың қаңтарының біріне шейін шыққан кітаптар көрсетіліп еді. Ол кітапты Мемлекет баспасы 2 мыңдай артық басса да, бұл күнде тарап болып, дымы қалған жоқ. «Көрсеткішті» әркім үстел үстінде ұстайтын болды. Сонан соңғы бір жыл ішінде қазақ тілінде кітап едәуір шығып қалған. Мектептерде оқытушылар, жай адамдар қолына жылына «Көрсеткіш» беріп отырмаса, не шығып жатқанын, қандай кітаптар алдыру керектігін білетін емес. 1926 жыл аяғына шейін небәрі шыққан кітабымыз 273 атты екен. Сонан бері жыл жарымда 212 кітап шыққан.

Сондықтан «Жаңа мектеп» тегін қосымша қылып оқушыларына №2 «Көрсеткіш» беріп отыр.

Бұл «Көрсеткішке» тек қазақ тілінде 1926 жылдың қаңтарынан 1927 жылдың маусымына шейін шыққан кітаптар кірді. Барлығы: 212 кітап, 10 газет, 5 журнал. Мұның 71-не сын бар. Қалғанына сын берілмеді. Өйткені газет-журналдарымызда басқаларына сын жоқ.

Бұл «Көрсеткішке» бірен-саран алдыңғы «Көрсеткіште» бар кітаптар да кірді. Бұлар қайта басылғандар. Бірақ бұлар өте аз, мектеп кітаптары.

Кітаптың жазылу реті бұрынғыдай. Қызылорда, Ташкент, Мәскеу және басқа қалаларда басылған кітаптардың бәрі де «Көрсеткішке» кірді.

1. Байтұрсынұлы Ахмет. «Әліпби». Жаңадан басылғаны.
Қызылорда, 1927.

2. Мағжан. «Сауатты бол». (Ересектердің сауатты болуына қолғабыс қылатын кітап).
Мәскеу, 1926. 63 бет.

3. «Балаларға тарту».
Бірінші оқу құралы орнына. Екінші басылуы.
Ленинград, 1927. 68 бет. Бағасы 40 тиын.

Бұл кітаптың баспасына берілген сын мынадай еді:

«...Қазақ мектебі оқу кітаптарына мұқтаж. Байтақ бұқарасы оқитын баспасөзге мұқтаж. Әйтсе де бұл күнге шейін аз да болса мектептерге оқу құралдары берілді, аз да

болса бұқараға газет, журнал, басқа әдебиет тарады. Бүгінге шейін жалаңаш жатқан жағымыз — балалар дүниесі, бұл күнге шейін балаларға арналған қазақша кітап жоқ.

Мәдениетті елдерде балалар әдебиеті бай болады. Олардың балалары туғаннан бастап дегендей сурет, ойыншық, кітап сықылдылармен таныса бастайды. Бұл баланың тәрбиесін толықтырады. Баласы үлкейгендегі жұмысына даярлайды. Қазақ баласы он бір-он екі жасқа жетіп, жолы болып мектепке түскенде жазу-сызу түгіл, «қағаз» деген нәрсені жыға тани алмайды. Сөзге олақ болады...

Осыларды ескеріп, осы кітап басылып отыр...

Кітапша үш бөлім: бірінші бөлімі балалардың мектепке кірместен бұрын пайдаланатын материалы. Екінші бөлімде — мектепте оқып жүргенде малданатын материалдар. Үшінші бөлімде күлдіргі, тақпақ, жұмбақ сықылдылар...

Бұл кітапты қызығып оқып шықпайтын иә аузынан сілекейі ағып тыңдамайтын бала болмаса керек...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №137*)

4. Байтұрсынұлы Ахмет пен Шонанұлы Телжан. «Оқу құралы».

3-4-жылдарда оқылатын кітап (суреттері бар). Екінші басылуы.

Қызылорда, 1927. 412 бет. Бағасы 1 сом 40 тиын.

«...Кітаптың әдебиет пен еңбек бөлімінің сөзі жатық. Ғылым бөлімдері де оңды... Ленин күні туралы мақалалар төрден орын алуы керек еді. Ол жоқ, бұл — үлкен кемістік... Екінші, төңкеріс мейрамы да аз жазылған. Мұны екінші басыларда ескеру керек. Шамасы келсе, екі жіктеп, екі кітап болып шыққаны дұрыс болар еді... Айнала келгенде, кітап — адам айтарлықтай жаңа басталып келе жатқан ел мектебіне лайықты, Табылмайтын құрал...».

(*Нұрымұлы Хамит. «Жаңа мектеп» журналы, №5 (20)*)

5. Қасымұлы Әлмағамбет. «Мектепте Ленин сағаты».

Қызылорда, 1926. 108 бет. Бағасы 60 тиын.

6. Байтұрсынұлы Ахмет. «Тіл құрал».

Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші — тіл танытқыш. Алтыншы басылуы.

Қызылорда, 1927.

7. Байтұрсынұлы Ахмет. «Тіл құрал».

Екінші — сөздің жүйесі мен түрлері. Алтыншы басылуы.

Қызылорда, 1927.

8. Байтұрсынұлы Ахмет. «Тіл құрал».

Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші — тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы.

Қызылорда, 1927. 73 бет. Бағасы 40 тиын.

9. Байтұрсынұлы Ахмет. «Әдебиет танытқыш».

Қызылорда — Ташкент. 284 бет. Бағасы 1 сом 35 тиын.

10. Дулатұлы Міржақып. «Есеп құралы». Бірінші жылдық. Алтыншы басылуы.

Қызылорда, 1927. 76 бет. Бағасы 45 тиын.

11. Дулатұлы Міржақып. «Есеп құралы». Екінші жылдық. Алтыншы басылуы.

Қызылорда, 1927. 98 бет. Бағасы 55 тиын.

12. Тілеуліұлы Жұмағали. «Гигиена».

Екінші басқыш мектептері үшін. Екінші басылуы.

Қызылорда, 1927. 142 бет. Бағасы 60 тиын.

13. М.Вольсон. «Саяси сауат ашқыш».

Мектеп үшін түзілген оқу құралы. Екінші бөлім. Аударушылар — Даниял, Әбділда.

Семей, 1927. 258 бет. Бағасы 1 сом 52 тиын.

14. Познер. «Саясат сауатының оқу құралы». Аударушылар — Шонанұлы Телжан, Нұрымұлы Ғаббас, Есполұлы Мырзағазы.

Қызылорда, 1926. 257 бет. Бағасы 1 сом 55 тиын.

«Бұл оқу құралы бірінші басқыш саясат мектебінің программасына лайықтап шығарылған. Кітап Кеңес үкіметінің, партиясының құрылыс міндеттері туралы көп мағлұмат береді.

Кітаптың басында Орталық Комитет пен Өлкелік комитеттің дәйектемесі бар. Өлкелік партия комитетінің дәйектемесінде былай дейді: «Бұл кітапты қазақ тіліне аударғандағы көздегеніміз — партия жүктеп отырған негізгі міндеттермен ауылдағы партия мүшелерін таныстыру...»

Кітаптың мақсаты шынында да солай...

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №221*)

15. Покровский. «Ресейде XIX—XX ғасырлардағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан».

Аударушы — Аймауытұлы Жүсіпбек.

Ташкент, 1926. 313 бет. Бағасы 1 сом 50 тиын.

16. Досмұхамбетұлы Қалел. «Жануарлар».

Үшінші бөлім: Бірінші — құрт-құмырсқалар. Екінші — су-шаяндар. Үшінші — өрмекшілер. Төртінші — қырық-

аяқтар. Бесінші — жануарлар арасындағы өзгешеліктер. 190 суреті бар.

Ташкент, 1926. 255 бет. Бағасы 1 сом 18 тиын.

17. Айбасұлы Бірмағамбет. «Жаратылыстану құралы». Бірінші бөлім. Үшінші басылуы.

Қызылорда, 1927. 122 бет. Бағасы 41 тиын.

18. Г. Иванов. «Бастауыш география дәрістігі». Бірінші бөлім.

Аударушы — Есполұлы Мырзағазы.

Мәскеу, 1926. 160 бет. Бағасы 1 сом 50 тиын.

«...Бұл кітап Ивановтан аударылған. Иванов — орыстың белгілі жағрафияшыл адамы, мұның кітаптары Ресейдегі ең жақсы жағрафиядан саналады. Онысы Ивановтың жағрафияны қашаннан тұрмыспен байланыстырып, еңбек, кәсіп негізіне сүйеніп жазатындығынан. Төңкерістен бұрын Иванов жағрафияны еңбек мектебіне бейімдеп жазатын. Қазақшаға төңкерістен соңғы шыққаны аударылған. Сондықтан бұл жағрафия — еңбек мектептерінде оқытуға еркін жарайтын құрал. Бұл кітапта жағрафиядан алғашқы жалпы мағлұмат беріледі. Аударушы керек орнында қазақ жерінен мысал алып отырған.

Бір бөлімді қазақтың қысқа жағрафиясы етіп жазған, қазақ жерінің суретін салған. Аударманың қасиеті осы жерінде. Кім болса да кітапты осылай аударуға тырысу керек. Кітаптың тілі жеңіл...».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №57*)

19. Ж.П.Каррейн. «Дүниенің тарих, шаруа жағрафиясы».

Аударушы — Жұмабайұлы.

Мәскеу, 1927. 164 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын.

20. О.Сафонов, С.Берховский. «Химияның бірінші тәжірибе сабақтары».

Аударушы — Жүсіпбек.

Мәскеу, 1926. 141 бет. Бағасы 1 сом 25 тиын.

21. Аймауытұлы Жүсіпбек. «Психология».

Ташкент, 1926. 382 бет. Бағасы 1 сом 33 тиын.

«Бұл күнде психологияны білу өте-мөте бала оқытушыларға керек. Психологияға ескі көзқарас қартайды. Жаңа көзқараспен толық жазылған кітап орыс тілінде де жоқ.

Жүсіпбек психологияға жаңа көзқарастарды жазған. Мұндай кітапты орыс тілінде оқу үшін біраз білім керек. Қазақ тілінде оқу үшін онан да гөрі білім керегірек.

Жүсіпбек кітабын шама келгенше жеңіл тілмен жазған. Мұндай кітапты жеңіл тілмен жазу үшін үлкен ұсталық керек. Мағынасы терең нәрсені қанша жеңіл тілмен жазсаң да, жайлап асықпай ойланып оқуды керек қылады. Солай оқыса, бұл кітаптан оқушылар көп пайда алады...»

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1927.* (*5*(*20*))

22. Аймауытұлы Жүсіпбек. «Жан жүйесі мен өнер таңдау».

Мәскеу, 1926. 80 бет. Бағасы 80 тиын.

II

САЯСИ АҒАРТУ ӘДЕБИЕТІ

1. Сейфоллаұлы Садуақас (Сәкен). «Тар жол, тайғақ кешу».

«...Кітаптың басты-басты бөлімдері: 1. Февраль-октябрь төңкерістері алдындағы жыл, қазақ арасында болған оқиғалар. 2. 1916 жылғы қазақ қозғалысы. 3. Уақытша өкімет (*Керенский*) дәуірі. 4. Алашорда жайы. 5. Кеңес үкіметінің алғашқы дәуірі. 6. Кеңес үкіметі орнаған заман.

Бұл кітаптың ішкі мазмұнына қазір баға беруге асыға қоймасақ та, бірталай шикі, тарихи материалдар жарыққа шыққандығы, ұмытылмастық болғаны көрініп отыр. Бұл материалдар келешек тарихшыға аса қымбат болуында дау жоқ. Бұл жағынан Сәкен жолдастың еңбегі — қымбат еңбек...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №138*)

2. Тайшин мен Козлов. «Саясаттану».

Аударушы — Айбас.

Мәскеу, 1927. 91 бет. Бағасы 50 тиын.

3. Сейфоллаұлы Садуақас (Сәкен). «Ұйымдасу және еңбек шарт — жалшылар қорғаны». (Әңгіме-жыр).

Қызылорда, 1926. 44 бет. Бағасы 35 тиын.

«Қазақ ауылында көп орын алатын құлаққа жағымды, тілге жеңіл, жыр сазымен жазылған. Мазмұнында малайлар одақтығының маңызы түсіндірілген. Сауатты малай кітаптан керекті мағлұмат алады. Екінші, шаршамай, жалықпай отырып тыңдап, көңіл бөледі.

Сауатсыздықты жоюшылар, мұғалімдер, кітапханалар бұл кітапты алдыруы керек...»

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1927. №3–4*)

4. Вигалок. «Ағарту қызметкері өзінің одағы туралы не білуі керек?».

Аударушы Малабайұлы Рахметжан.

Қызылорда, 1926. Бағасы қойылмаған.

5. Нұрмақұлы Нығмет. «Кеңестер Одағының сыртқы жайы және «Осоавиахим» қоғамының міндеті».

Қызылорда, 1927. 27 бет. Бағасы 13 тиын,

6. Тоқжігітұлы Шаймерден. «Ел қорғау міндеті».

Қызылорда, 1927. 48 бет. Бағасы 25 тиын.

7. Н.И.Быковский. «Сақтық қамы кассасы туралы жұмыскерлер мен қызметкерлерге ескерткіш».

Аударушы — Жақыпұлы.

Қызылорда, 1927. 46 бет. Бағасы 15 тиын.

8. М.В.Дебатов. «Қолғабыс кассасы деген не және қызметкерлер мен жұмыскерлерге ол не үшін керек?».

Аударушы — Түйтеұлы Молдағали.

Қызылорда, 1926. 18 бет. Бағасы 14 тиын,

9. Н.И.Быковский. «Сақтық қамы кассасы туралы жұмыскерлер мен қызметкерлерге ескерткіш».

Аударушы — Жақыпұлы.

Қызылорда, 1926. 46 бет. Бағасы 15 тиын.

10. Горов. «Маркс пен Ленин».

Аударушы — Мағжан.

Мәскеу, 1926. 76 бет. Бағасы 45 тиын.

«Кітаптың не айтатыны атынан белгілі. Жержүзі еңбекшілерінің екі ұлы көсемінің негізгі жолымен көпті таныстырады. Түсініп оқитын қазақ бұл кітаптан Маркс, Ленин ілімдерінің бетімен недәуір-ақ танысып қалады.

Жалпы алғанда кітапты аударушының тілі оқушыға онша түсініксіз емес...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. № 270*)

11. Есов. «Май мейрамы».

Аударушы — Мағжан.

Мәскеу, 1927. 60 бет. Бағасы 15 тиын.

12. «Партияның көрсеткен жолы». (Партияның XIV съезі не деді?)

Елизаров аңғарымен жазған — Тоғжанұлы Ғаббас.

Мәскеу, 1926. 60 бет. Бағасы 35 тиын.

«Кітап Қазақстандағы төменгі партия көпшілігінің оқуына лайықтап жазылған. Кітаптың айтатыны — XIV партия съезінің шешкен мәселелерін түсіндіру. Расында кітап жай аударма ғана емес, Елизаров кітабының жөнімен қазақ өміріне қабыстыра жазылған өз алдына жеке еңбек. Міне, аударманың қасиеті осы жерінде...

Тілі жеңіл, оқушыны жетектеп отыратындай түрде жазылған. Айтылған мәселелердің саяси мазмұндары сақталып, дұрыс түсіндірілген...

Партияның шешкен мәселелерімен танысқысы келген адам, әсіресе елдегі партия мүшелері, ұйымдары қолға түсіріп алатын кітап».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №40*)

13. Садуақасұлы Смағұл. «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» (Қазақстан оқушыларының бірінші съезінде істелген баяндамасы).

Қызылорда, 1927. 29 бет.

14. К.Феклин. «XV партия конференциясы не деді?»

Аударушы — Бекенұлы М.

Мәскеу, 1927. 68 бет. Бағасы 30 тиын.

«Бұл кітаптың аты жақсы, маңызы оңды болғанымен, ішін ашып оқығанда көңілді суытып жібереді. Кітап тіл жағынан ақсағаны былай тұрсын, қиралаңдап жатыр...

Кітаптың басылуы оңды, қағазы жақсы, қате кеткен сөздері аз, бірақ аударушы еңбекке жеңіл қарап, шалағай жазған, не болмаса білгені сол болған. Мұндай шорқақ адамдарға XV конференция секілді маңызы зор, әр сөзі өте ойлап отырып жазылатын кітаптарды аударуға бермесе де жарайды екен».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №34*)

15. Н.И.Быковский. «Сақтық қамы кассасы жұмыскерлерге не берді?»

Аударушы — Мұқатұлы Түйебай.

Қызылорда, 1927. 48 бет. Бағасы 10 тиын.

16. «Қазақстан кәсіпшілер одағының әйелдер арасында жұмысы туралы нұсқау хаты».

Аударушы — Айсарыұлы А.

Қызылорда, 1927. 44 бет. Бағасы 26 тиын.

17. Тоғжанұлы Ғаббас. «Өлкелік партия комитетінің III Пленумы».

Қызылорда, 1927. 50 бет. Бағасы 15 тиын.

«...Ғаббастың мына кітабына III Пленумның тексерген мәселелерінің бәрі қалмастан жазылған. Ол мәселелер: ауылдағы партия құрылысы, ауылдағы Кеңес құрылысы, қазақ арасында кооперативтер ашу, қазақтың шабындық, егіндік жерін бөлу, Қазақстандағы партия ұйымының ішкі жайы туралы.

Осы жұмыстың қайсысы туралы болса да Пленумның шығарған қаулыларын жазушы талдап, оңай ғып түсінікті тілде жазған. Бұл кітапты оқыған коммунист, комсомол Пленум туралы, оның бітірген жұмыстары туралы недәуір мағлұмат алады...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №31*)

18. В.Вергинский. «Саясаттану». Бірінші бөлім.
Аударушы — Игенұлы Ибат.
Мәскеу, 1927. 65 бет. Бағасы 40 тиын.

19. Верещагин. «Бізді кім билеп отыр?»
Аударған М.
Мәскеу, 1927. 58 бет. Бағасы 30 тиын.

20. «Ауылдағы әскерлік жұмыс».
Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.
Қызылорда, 1926. 34 бет.

«Бұл кітапты қызыл әскер қатарында жүрген қазақ жастары, комсомол мүшелері алу керек. Әзірше әскерлік жөнінде жазылған кітаптардың жоқтығынан, қолдағы барға да ие болып, жетекші есебінде қолдану керек...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №167*)

21. В.Ленин. «Кеңес үкіметі және әйелдер жайы».
Мәскеу, 1927. 20 бет. Бағасы 20 тиын.

22. Байділдаұлы Әбдірахман. «Алдымыздағы мақсаттарымыз». (Партияның қазақстандық V конференциясы қорытындысынан).
Қызылорда, 1926. 49 бет. Бағасы 75 тиын.

«...Абдрахман жолдас бұл кітабында Қазақстан V партия конференциясының қаулысын түсіндірумен қатар, сол қаулы бойынша бүкіл қазақ даласындағы партия ұйымдары, партия мүшелері алдында қандай мақсаттар, қандай керекті міндеттер тұрғанын түсіндірген.

Жалпы алғанда кітаптың маңызы аса жақсы, пайдасы күшті».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №166*)

23. «Ауылда партия ұялары мен болыстық партия комитетіне нұсқау хат».

(Егіндік, шабындық жерді бөлу науқанын өткізу туралы.)

Қызылорда, 1927. Тегін кітап.

24. Алдоңғаруұлы Ерғали. «Тілшілер құралы».

Қызылорда, 1926. 60 бет.

«...Қазіргі күнде кітапқа кедейлігімізбен қабат тілшілер туралы жазбамыздың жоқтығын еске алғанда, мұндай кітапшалар мезгілімен шыққан. Өте керек. Ауыл тілшілері осы кезде жақсы жазылған кітапшаны құшақтай алады. Тілшілердің және тілшілікке талабы барлардың алып оқуы керек».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №124*)

25. «Өлкелік партия комитетінің III Пленумында Қазақстан коммунистері арасындағы талас мәселелер туралы сөйленген сөздер».

Қызылорда, 1927. 198 бет.

26. В.Волин. «Париж Коммунасы».

(Патша елшісінің хабарлары бойынша).

Аударушы — Мәжит.

Қызылорда, 1927. 48 бет. Бағасы 50 тиын.

27. Құлымбетұлы Ұзақбай. «Қазақстанның мәдениет шаруа құрылысы».

(Қазақстан оқытушыларының I съезіндегі баяндама).

Қызылорда, 1927. 20 бет.

«...Қазақстан елінің шаруашылық, мәдениет жөніндегі құрылысы жайынан толық мағлұмат беретін болғандықтан Оқу Комиссариаты Ұзақбай жолдастың бұл баяндамасын кітап етіп шығарған.

Мазмұны Қазақстанның мәдениет, шаруа құрылысы. Қазақстан шаруашылығы, өнеркәсібіміз не күйде, кооператив істері, шаруашылық жоспары, мәдени жұмыстарымыз, денсаулық, еңбекақы, корытынды сөз, бұл баяндама туралы шығарылған қаулы...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №153*)

28. М.П.Дебатұлы. «Қолқабыс кассасы деген не?»

Аударушы — Түйтеұлы Молдағали.

Қызылорда, ... 18 бет. Бағасы 14 тиын.

29. П. Мельник. «Өндіріс орындарының еңбек қорғау ісі».
Аударушы О. Бекұлы.
Қызылорда, 1927. 43 бет. Бағасы 24 тиын.
«...Кітапшаның біразырақ түсініксіз сөйлемдері болмаса, жалпы алғанда, қазақ жұмысшы-жалшылары оқуына өте пайдалы...
Кітапша мұны заң жүзінде жұмысшылардың қалай пайдаланатындарын толық айтады. Бұл кітап әрбір қазақ жұмысшы-жалшылары, әсіресе өндіріс орындарында жүрген жұмысшылардың қолында болуы керек...»
(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1929. №149*)
30. Қайыпназарұлы Мұстафа. «Партия не, оның құрылысы қалай?»
Қызылорда, 1926. 54 бет. Бағасы 22 тиын,
31. Г.Верещагин. «СССР».
(Социалистік Кеңес Республикаларының Одағы). Аударушы — Мағжан.
Мәскеу, 1926. 72 бет. Бағасы 35 тиын.
32. Л.Гордон. «Ауырып жұмысқа жарамай қалғанда қауіпсіздендіру кассасынан жәрдемді қалай алуға болады?»
Аударушы — Жақыпұлы.
Қызылорда, 1997. 40 бет. Бағасы 13 тиын,
«...Жәрдемді қалай алудың тәртібін, ауру болса қайда қаралып, қай ретпен жәрдем алатынын, жәрдемді ұйымдасып алу туралы да айтып, қысқаша жақсы түсіндірген...
Даладағы қалың қазақ елі пайдаланбағанмен қаладағылар пайдаланарлық. Сондықтан бұл — өте пайдалы кітап. Орысша аз білетін қазақ қызметкерлері, пайдаланып қалыңдар...»
(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №113*)
33. М.Чижов. «Қызыл әскер неге керек?»
Аударушы — Ыбырашұлы Б. мен Дүйсенбайұлы А.
Қызылорда, 1926. 27 бет. Бағасы 16 тиын.
34. Тайшин мен Козлов. «Кеңес одағында қала мен ауыл».
Аударушы — комиссия.
Мәскеу, 1927. 92 бет. Бағасы 50 тиын.
35. «Партия ұясында коммунистердің есебін алуға нұсқау».
Қызылорда, 1927. 37 бет.

«...Кітаптың ішінде есеп алудың тәртібі, оны қалай толтыру үшін нұсқау, есеп карточкасы, өмірінде өзгеріс болған коммунистердің тізімдерін, партия міндетін атқарған-атқармағандығының есебін алу карточкасын қалай толтырудың жобасы бар. Кітапшаның тілі түсінікті, жақсы қағазға басылған. Ауылдық, болыстық партия ұяларындағы қызметкерлер қолдарына тиісімен пайдаланып, ісін жолға қояр деп сенеміз».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №112*)

36. Варламов П. «Познер оқу құралын түсіндіргіш».

Аударушы — Мадияр.

Қызылорда, 1926. 96 бет. Бағасы 28 тиын.

37. Тайшин мен Козлов. «Партияның шаруашылық саясаты».

Аударушы — комиссия.

Мәскеу, 1927. 198 бет. Бағасы 1 сом.

38. Жүсіпбекұлы Қамза. «Шағым бюросы туралы не білу керек?»

Қызылорда, 1927. 16 бет.

«...Бұл кітап шағым бюросы туралы не білу керектігін, шағым бюросы не, оның мақсаты қандай, еңбекшілердің тілегіне салақ қараушылық, олардың құқығын бұзушылық, сот жұмыстарының шабандығы, кеңсешілдігі, шаруашылық мекемелерінің ықтиятсыздығы. Парақорлық, орынсыз қазына мүлкін шашу, әкімшілігін пайдалану, орынсыз салық алу... секілділер тегіс түсіндірілген.

Мұнымен ел ішінде қорлық-зорлық көріп жүрген еңбекші шаруалар пайдалануы керек...»

(*«Ауыл тілі» газеті, 1927. №24*)

39. Деменштейн. «Ұлт мәселесі».

Аударушы — комиссия.

Мәскеу, 1927. 40 бет. Бағасы 20 тиын.

40. Маркс, Энгельс. «Коммунистік жар».

Аударушы — V.

Қызылорда, 1926. 112 бет. 65 тиын.

41. Шестаков. Қыр баласы. «1916—1926 жж.»

Мәскеу, 1926. 20 бет. Бағасы 12 тиын.

«Жазушылар кітапшада 1916 жылғы қырғыз бен қазақтың патша үкіметіне қарсы көтерілісі неден туғанын, көтеріліс қандай болғанын, көтеріліске қарсы патша үкіметі қандай шаралар қолданғанын, ел қандай қырғынға ұшы-

рағанын көрсеткен. Кітапшада көтеріліс себебі: патша үкіметінің отаршыл саясаты, әкімдердің елге істеген қиянат пен зорлығы, қазақтың өз ішінен жуандардың отаршыл үкіметке жәрдемші болып, қазақ жерін тілімге салуы, отаршылдық қарсаңында орыс пен қазақ арасында шыққан алауыздық, жиһангерлік соғысынан ел шаруасының күйзелуі болып көрсетілген...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №255*)

42. «Ауылдық партия ұялары мен болыстық партия комитеттеріне нұсқау хат». (Егіндік, шабындық жерді бөлу науқанын өткізу туралы). Қазақшасы мен орысшасы бірге басылған.

43. М. Брудной. «Ленин және кәсіпшілер қозғалысы».
Аударушы — Мадияр.
Семей, 1926. 42 бет.

44. М.Томский. «Еңбекшілер одағының іс тәжірибесі».
Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.
Семей, 1926. 54 бет. Бағасы ... тиын.

45. Дегат. «Фабрика-завод комитеті».
Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.
Ташкент, 1926. 147 бет. Бағасы 90 тиын.

46. «Кәсіпшілер одағының мүшесіне серік».
Аударушы — Баймұқаметұлы Қожахмет.
Қызылорда, 1926. 54 бет. Бағасы 35 тиын.

47. Голощекин. «Кеңестер одағының ішкі-сыртқы күйі және Қазақстан оқытушыларының міндеті туралы».
Қызылорда, 1927. 48 бет.

48. Р. Антошкин. «Қызметкерлердің кәсіпшілік қозғалысы туралы».
Аударушы — М.Ешмұхаметұлы.
Қызылорда, 1927. Бағасы 40 тиын.

III

ЛЕНИН КІТАПХАНАСЫ

1. «Ленин кім?»
Мәскеу, 1926. 31 бет. Бағасы 2 тиын.
Алақандай кіп-кішкене бұл кітапшада Лениннің өмірбаяны, түскен жолы, істеген ісі әр хат танитын адамға түсінікті, жатық, жалпақ тілде жазылған.

«Ленин кім еді?» деп бастаған мақаласында Ленинді жазушы былай сипаттайды: «Ленин атын естімеген адам жоқ. Жержүзіндегі талай ел атын естімек түгіл, Ленинді өлеңге қосып алған. Міне, мынау бір елдің Ленинге шығарып алған өлеңі:

Аспандағы сансыз жұлдыз ішінен
Қай жұлдыздың нұрлы екенін кім біледі?
Шөлде шөккен күлдей ұсақ көп құмның
Қай құмының ірі екенін кім біледі?
Қай адамның сансыз адам ішінен
Асқан дана ер екенін кім біледі?
Көп жұлдыздың кезген көктің даласын,
Бәрі нұрлы, бірін таңдап ала алман.
Бәрі бірдей күлдей ұсақ көп құмның
Бірін сайлап алақанға сала алман.
Бұл әуелік, тек адамзат ішінен
Шын данасын таңдамай мен қала алман.
Ол кім? — Ленин...»

2. В.Ленин. «1905 жыл».
Аударушы — Мағжан.
Мәскеу, 1926. 280 бет. Бағасы 1 сом 15 тиын.

3. В.Ленин. «Сөздері мен мақалалары». Бірінші кітапша. Екінші тобы.
Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.
Қызылорда, 1926. 31 бет. Бағасы 7 тиын.

4. В.Ленин. «Марксшілдіктің үш қоры, негізгі үш бөлімі».
Аударушы — Даниял.
Мәскеу, 1926. 16 бет. Бағасы 18 тиын.

5. В.Ленин. «Қара шаруа туралы».
Аударушы — Жұмабайұлы.
Мәскеу, 1927. 130 бет. Бағасы 40 тиын.

6. В.Ленин. «Сөздері мен мақалалары». (Екінші кітапша, екінші тобы).
Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.
Қызылорда, 1926. 122 бет. Бағасы 16 тиын.

IV

ЖАСТАР, ӘЙЕЛДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ

1. Қайыпназарұлы Мұстафа. «Жастар ұйымының міндеті».

Қызылорда, 1926. 44 бет. Бағасы 28 тиын.

«...Бұл кітапша, бір жағынан, жастарға саяси жалпы мағлұмат берсе, екінші жағынан, комсомол қызметінде жүргендерге нұсқау береді.

Партия, комсомол съездерінің, мемлекетіміздің шаруашылық, саясаттық халі туралы толық сөйленген...

Қағазы әдемі, басылуы жақсы, түсінікті, бағасы арзан».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №197*)

2. Е.М.Фрол Ленский. «Аналық пен балалықты қорғау не?»

Аударушы — Иманбайұлы Рахым.

Қызылорда, 1926. 25 бет. Бағасы 10 тиын.

3. Лир Б. «Пионерлердің үй іштеріндегі жұмыстары».

Аударушы — Балғаниязұлы Алпысбай.

Қызылорда, 1926. 25 бет. Бағасы 10 тиын.

«...Қазақстанда қазақ пионерлерінің өз тілінде шығып отырған бұл тұңғыш кітап.

Пионерлер жасағы буыны қатып, бұғанасы бекімегендерден құралады. Олай болса, пионерлердің өз міндеттерін дұрыс ұға білуі, білгенді қалай іске асырудың керекті екендігі жайында оларға мағлұмат керек. Бұл кітапшаның ішінде пионерлердің ол секілді тілектеріне жауап берерлік, пионерлердің білмей жүргенін білдірерлік білім бар...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №269*)

4. Лебгор. «Комсомолдар мақсаты».

Аударушы — Кенжебайұлы Бейсембай.

Мәскеу, 1926. 36 бет. Бағасы 20 тиын.

«...Кітапшаның тілі жатық, оқушыларға түсінікті, сөйлемдері ықшам. Бейсембай жолдас орысшадан қазақшаға аударуға шебер көрінеді. Тіл жағынан, сөзі ұғымдылық жағынан, кітапша кісі сүйсініп оқырлық. Бірақ корректуралық қателер ұшырасады. Бұған, әрине, жазушы жазықты емес. Басқаның салақтығы жазықты.

Кітапша қазақ жастарына, қазақ ішінде жұмыс қылатын жастар мақсатынан гөрі жалпы жаспын дегендердің

мақсатын көбірек түсіндіреді. Алып оқу керек. Кітап жастар клубында жалпы білім алу үшін сақталуға тиіс...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №77*)

5. Қамза Жүсіпбекұлы. «Әйелдер еңбегі жайынан».

Қызылорда, 1926. 48 бет. Бағасы 36 тиын.

6. Ғаббас. «Екі жастың әңгімесі».

Қызылорда, 1927. 69 бет. Бағасы 25 тиын.

«Әңгімелесетіндер екі жас: бірі — ұлтшыл, екіншісі — коммунист жас. Бұл екеуі сөзді әңгімелесуден бастайды да, қыза-қыза отыра айтысқа түседі. Айтыста мына сөздер қозғалады: қазақтың оқығандары (ұлтшыл, ескі чиновниктері, бұқарашыл, кеңесшіл оқығандары), ұлт мәселесі (отаршылдық, бай мен кедей, тап жігі, оқушы жастар, жұмыскерлер), қазақ коммунистері (ұлтшыл беті, коммунистер беті).

Бұл мәселелердің бәрі де әрбір жастың, елдегі шаруаның, коммунистің басында болып, бірақ өздері шеше алмай жүретін ірі мәселелер.

Кітаптың жазылуы, сөз байламдары өте жеңіл. Ел оқушыларына арналып жазылған...»

Жастардың саясат біліміне шөлдеп отырған мезгіліне бұл кітап дәл шықты. Әсіресе комсомолдар үшін өте пайдалы кітап.

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №20*)

7. «Қара шаруа әйеліне кооператив неге керек?»

Мәскеу, 1926. Алақандай 15 беттік кітап. Бағасы 2 тиын.

8. В.Вергинский. «Саясаттану». (Жастар ұйымының ауылдағы мүшелері үшін). Бірінші бөлім.

Аударушы — Игенұлы Ибат.

Мәскеу, 1927. 65 бет. Бағасы 40 тиын.

«Бұл кітапшада мынадай әңгімелер қозғалады: 1. Біздің мемлекет. 2. Біздің мемлекетті кім басқарады, қалай басқарады? 3. Ауыл кеңесінің жұмысы. 4. Ауыл шаруашылығының өсуі.

Бұл мәселелердің қай-қайсысы болса да жеңіл, жұрт қызыққандай мәселелер. Жеңіл болатыны — бұл тақырыпқа көп кітап жазылды. Жазушы біразырақ еңбек сіңіріп, сол кітаптардан жастарға керекті жерлерін жинаған. Бірақ орыс пен қазақ жастарының арасы — жер мен көктей. Орыс оқушыларына арналып жазылған кітапты Ибат айнытпастан қазақшаға түсірген де қойған...

Кітап бұл күйінде ел жастарына түсініксіз. Бірақ бұрын мектепте, курстарда оқып, азырақ сауаты ашылған оқушыларға пайдаланатын жерлері де жоқ емес...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №24*)

9. «Комсомол және кооператив».

Аударушы — Гүл.

Мәскеу, 1926. Алақандай 15 беттік кітапша. Бағасы 2 тиын.

10. Нағима. «Өкіл әйел не істеу керек?»

Қызылорда, 1926. 20 бет. Бағасы 22 тиын.

«Кітаптың сырт көрінісі әдемі. Әсіресе қолөнер үлгілері жақсы. Ішіндегі бөлімдері қысқа-қысқа толық түсіндіріліп жазылған. Тілі жеңіл... Елдегі көзі ашылып, жұмысқа араласып келе жатқан әйелдерге бұл кітапша жолбасшылық көрсетуге жарайтын. Мұның тағы бір қасиеті — әйелдер қозғалысы туралы баяндамашыларға керекті қазақ тілінде басылған кітаптар көрсетілген».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №32*)

11. Резвушкин. «Комсомол — не?»

Аударушы — Сұлтан.

Мәскеу, 1926. 68 бет. Бағасы 35 тиын.

12. «Пионер бастықтарына серік».

Аударушы, жинаушы — Жиенбайұлы Бейсенбай.

Қызылорда, 1926. 84 бет. Бағасы 36 тиын.

«...Бұл кітапты пионерден басқа мектеп балалары да алдырып оқыса, пайдасы болатын. Кітапта пионер жұмыстарынан басқа денсаулық, ойын өлеңдер жазылған...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №21*)

13. Хамит. «Пионерлермен әңгіме».

Мәскеу, 1926. 56 бет. Бағасы 30 тиын.

14. Г.Н.Сперанский. «Балалы әйел не білуі керек?»

Аударушы — Абайдың Тұрағұлы.

Мәскеу, 1927. 38 бет. Бағасы 20 тиын.

«...Сперанский профессордың мына кітабы бала тәрбиесі туралы орыс тілінде жазылған кітаптардың ішінде ең көп тарағаны...

Сперанский кітабының қазақшасы көптен іздегеніміздің бірі болып, қатарға қосылуға жарайды...

Бала тәрбиесіне жетекші болар мынадай кітаптардың көбірек шығып, молырақ тарауына тілектеспіз...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №106*)

15. Есқызы Сара. «Марттың сегізі».
Қызылорда, 1926. 24 бет. Бағасы 16 тиын.
16. «ВЛКСМ Уставын баяндау».
Кемрет кітабының ыңғайымен жазған — Лепесұлы Сұлтан.
Мәскеу, 1926. 80 бет. Бағасы 30 тиын.
«Бұл кітапта жастар ұйымының не үшін керек екенін, ұйымға кімдердің мүше бола алатынын, ұйым мүшелерін қалай шығарып, қалай қабыл ететінін, комсомолдың мақсатын, міндетін, ұйымның құрылысын жеңіл тілмен толық түсіндірген. Мұндай кітап аударылып, әрбір комсомолдың қолында болуы өте керекті нәрсе...»
(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №106*)
17. В.Ленин. «Кеңес үкіметі және әйелдер жайы».
Аударушы — Дөку.
Мәскеу, 1927. 20 бет. Бағасы 20 тиын.
18. Назипа. «Ана мен бала».
Қызылорда, 1927. 116 бет. Бағасы 75 тиын.

V

ҚАРА ШАРУА ӘДЕБИЕТІ

1. Горов М. «Құрғақшылық».
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1926. 36 бет. Бағасы 18 тиын.
«...Құрғақшылық жайын бұл аудармада Ыбыраш жақсы түсіндіреді. Осындай кітап көп шықпай, осындай кітапты ел көп оқымай, осы кітапшадағы айтылған сықылды ақылды істемей оңбаймыз.
Ыбыраштың тілі анық, түсінікті, керекті жерлеріне қазақтан мысал келтіріп отырған. Бірақ мұндай жақсы кітаптар қазаққа шын пайдалы болуы үшін нағыз қазақ тұрмысына үйлестіріп жазу керек. Ол маманның ғана қолынан келеді. Орыс мамандары қазақ тұрмысын білмейді де, қазақ үшін кітап жазбайды да. Орысшадан аударған кітап мұнан артық болып шықпайды да...»
(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №86*)
2. Кан. «Егіндік, шабындық жерді тексеріп бөлу». (Сұрау, жауап ретімен жазылған).
Аударушы — Нұрымұлы Ғаббас.
Қызылорда, 1927. 47 бет.

3. С.О. Низлин. «Құрт ауру».

Аударушы — Малдыбайұлы Біләл.

Мәскеу, 1927. 96 бет. Бағасы 45 тиын.

«Осы күнгі денсаулықты бақкан білім құрт аурудан таза адам жоқ деп иман келтіріп отыр. Тамақ тоқ, тән таза, көңіл шат болса, құрт аурудың құрты бұғып жүре береді де, адамды ауыртпайды. Жүк ауып кетсе, қаптағы біздей тесіп шыға келеді. Осы күнгі біздің елді аралаған дәрігердің бәрі: қазақтың бәрі құрт деп келеді. Мұны өзге сөзге аударса, бұл: *қазақтың бәрі аш, лас* деген сөз. Өткен ұлы қырғын соғыста 4 жылда 1 700 000 кісі соғыстан өлді. Сол 4 жылда 2 000 000 кісі құрттан өлді.

Құрт ауруы — жұққыш, аш, нас адамның ажалы. Бұл кітапта құрт ауруы туралы білім жазылған. Тілі анық, түсінікті...»

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1927. №3-4*)

4. Доктор Горов. «Денсаулық негізі — тазалық».

Аударушы — Малдыбайұлы Біләл.

Мәскеу, 1926. 27 бет. Бағасы 12 тиын.

5. Д.М. Росенский. «Жұқпалы ауруларды ұсақ жануарлар таратады».

Аударушы — Абайдың Тұрағұлы.

Мәскеу, 1927. 58 бет. Бағасы 48 тиын.

«Бұл кітапшада: бит, бүрге, қандала, шыбын, маса қайда өсіп-өнеді, қайсысы қандай ауру таратады, қайсысы қандай аурудың даяшысы, қайткенде адам одан құтылатындығы жазылған. Тұраш қазақтың тұрмысының тамырын ұстай білетін, қазақтың қолынан келетін айла-амалды жазған.

Кітаптың тілі түсінікті, жеңіл жазылған...»

(*«Әйел теңдігі» журналы, 1927. №6*)

6. Л.Иосифович. «Шөп салыңдар».

Аударушы — Ыбыраш.

Мәскеу, 1926. 19 бет. Бағасы 12 тиын.

7. К.Колесников. «Жоңышқа».

Аударушы — Жебеш.

Мәскеу, 1927. 48 бет. Бағасы 20 тиын.

«Бұл кітапшада жоңышқаның үш түрі: сары жоңышқа, француз жоңышқасы, түркістан жоңышқасы барлығын, солардың айырмасын, артық-кемін айтқан...»

(*«Ауыл тілі» газеті, 1927. №26*)

8. «Қазақстанда 1927–1928 жылдың шаруа салығы».
Аударушы — Жүсіпұлы Сапа.
Қызылорда, 1927. 56 бет.
9. Иванов. «Құрғақшылық жақта мал бағу».
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1927. 27 бет. Бағасы 15 тиын.
«Бұл кітапша шаруашылық жөнінде ғылым қарауына сүйеніп жазылған. Басынан аяғына шейін берілген кеңестердің бәрі де ғылым жолына сүйенген. Өзі кішкене болса да, ішіндегі кеңестері халыққа әсіресе қазақ сықылды мал бағу жұмысы төртіптелмеген елдерге пайдалы...».
(«*Ауыл тілі*» *газеті, 1924. №25*)
10. Л.Гордин. «Ауырып жұмысқа жарамай қалғанда қауіпсіздендіру кассасынан жәрдемді қалай алуға болады?»
Аударушы — Жақыпұлы.
Қызылорда, 1927. 40 бет. Бағасы 13 тиын.
11. Профессор А.П.Белтицер. «Қолдағы малдардың, құстардың құрт ауруы болмағының жайы».
Аударушы — Абайдың Тұрағұлы.
Семей. 28 бет. Бағасы 13 тиын.
12. Сахарников. «Қайталама кезік».
Аударушы — Иманбайұлы Рахым.
Ташкент, 1927. 10 бет. Тегін кітап.
13. Мадияр. «Чума қандай ауру?»
Қызылорда, 1927. 11 бет. Тегін кітап.
«Кітапшада чуманың қандай дерт екенін, одан қалай сақтану керек екенін, адам қалай ауыратынын, ол аурудың белгісі қандай болатынын, қандай түрі адамға қауіпті екенін қысқаша жақсы түсіндірген.
Бұл кітапшада чума Қазақстанның бұрын-соңды қай жерлерінде болып келгенін, қанша адам өлгенін айтқан...»
(«*Ауыл тілі*» *газеті, 1927. №19*)
14. Мамытұлы Ахмет. «Теңге қотыр мен сөз».
Ташкент, 1926. 47 бет. Тегін кітап.
15. Иосифович Л. «Шөлді суаруды көбейту».
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1926. 24 бет. Бағасы 12 тиын.
«Ыбыраш жолдастың аударған кітабының қайсысы болса да тілі түсінікті, қара шаруаға қабыса кетеді. Мына кітапшасы да солай.

Ыбыраш бұл кітапшасында егіндік, шабындық жерге бөгеу пайдалану жайынан дәмді қылып, жақсы айтқан...»

(*«Ауыл тілі» газеті, 1927. №14*)

16. Бик М.И. «Тәуіпті қу, доқтырды шақыр».

Ташкент, 1927. 23 бет. Тегін кітап.

17. «Денсаулықты сақта». Жазушы Қыр баласы.

Мәскеу, 1926. Алақандай 15 беттік кітапша. Бағасы 2 тиын.

«Кеңес Одағындағы елдердің Кіндік баспасы кейінгі кезде түрлі мәселелер туралы кішкене-кішкене кітапшалар шығара бастады. Мұндағы мақсат: жеңіл тілмен арзан бағалы, қалтаға салып жүріп қалт еткенде оқып шыға қоюға қолайлы кітапшалар шығарып, елдің кітап оқуға ықыласын арттыру, әртүрлі керекті мәселелер туралы қысқаша түсінік беру болса керек. Бұл жақсы пікір. Өйткені осы күнгі қазақ кітаптарының өтпей, тарамай жатқанының бір себебі — бағасының қымбаттығы. Мына біз сынап отырған кітапша әлгі кішкене кітапшалардың бірі. Мұнда елдегі түрлі жұқпалы аурулардың неден болатыны, оларды жоюдың жеңіл, оңай жолдары көрсетілген...»

(*«Ауыл тілі» газеті, 1927. №10*)

18. «Құтыру ауруы».

Аударушы — Иманбайұлы Рахым.

Ташкент, 1927. 12 бет. Тегін кітап.

19. Баржақсыұлы Ахмет. «Тұтыну дүкенінің ісін ауылда қалай жүргізу керек?»

Мәскеу, 1927. Бағасы 20 тиын.

«Кітапшада кооперативтің не екенін, оның пайдасын түсіндіре келіп, ел ішінде оны қалай ашып, ісін қалай жүргізуді айтады.

Кітапша өте пайдалы. Елдегі кооператив дүкендерінде істеп жүргендер, шаруалар алып оқыса болады».

(*«Ауыл тілі» газеті, 1927. №9*)

20. «Көксау ауруы».

Аударушы — Иманбайұлы Рахым.

Ташкент, 1927. 12 бет. Тегін кітап.

21. Калмогорский. «Мал шаруашылығының кооперациясы».

Аударушы — Қапалұлы.

Мәскеу, 1926. 40 бет. Бағасы 38 тиын.

«Бұл кітаптың өңгімесі қазақ малынан басталады. Қазақ өмір бойы мал баққан ел болса да, малды жақсы өсіре алмайтынын, қазақ малы уақ, әлсіз, сүтсіз болатынын, өзге

елдің малымен салыстырып, бұл жөніндегі кемшілігімізді көзге көрсеткендей қылады. "Малдың жақсы болуы асырай білуден, — дейді. — Шет жұрттардың асыл малдарын мақтаймыз, солар қолымызға түссе, кенеліп қалатын сықылды боламыз. Мұнымыз дұрыс емес", — дейді. — Мал жер таңдайды», — деп, бұған мысал келтіреді.

Калмогорскийдің жазуына қарағанда, қазақ малын асылдандыру үшін өз арасынан жақсыларын сұрыптап алып, сонымен тұқымын өзгерту керек, дұрыс асырай білу керек дейді. Бұған әр жұрттың мал асырауынан, тұқым асылдандыруынан түсінікті мысалдар келтіреді...

Мал тұқымын асылдандыру әркімнің қолынан келе бермейтінін айта келіп, Калмогорский бұл жұмыс мал шаруашылығының кооперациясын ашқанда ғана орындалатынын дәлелдейді. Мал шаруашылығы кооперациясын қалай ашу жолдарын, одан келер пайданы толық түсіндіреді. "Мал тұқымын асылдандыру керек" деген сөзге құлақ қоятын қазақ шаруасы бұл кітапты алып оқуы керек. Оқушы бұл кітаптан қазақ пен өзге өнерлі жұрттардың мал өсіруінде, асылдандыруында қандай айырма барлығын көреді.

Бұл — сөзсіз пайдалы кітаптың бірі».

(*«Ауыл тілі» газеті, 1926. №10*)

22. Инженер Я.Н.Иванов «Қазақстанға керекті бұлақтар».

Аударушы — Мырзаұлы Ғ.

Мәскеу, 1927. 87 бет. Бағасы 40 тиын.

23. Агроном Л.Иосифович. «Даладағы қарды үйіңдер».

Аударушы — Ыбыраш.

Мәскеу, 1926. 256 бет. 12 тиын.

«Кітапшаның мазмұны: шөлдегі судың аздығы, дала қарын не үшін сақтау керек? Үйілген қар, жерді жыртып, қар суын сақтау. Қарды айдау, даладағы қарды сақтаудың басқа амалдары. Қар суын сақтайтын ойпаттардың, бидайық, қорықтықтың бағып-қағуы, қорықты қолдан жасау, Жаңаөзен үйезіндегі қолдан жасалған қорық. Қолдан жасалған қорықты көз салып бағу.

Кітапша шаруа тұрмысына жанасқан, тілі ауыр емес. Әрбір шаруаның қолында болуға тиіс...»

(*«Ауыл тілі» газеті, 1926. №3*)

24. «Жаңбыр дегеніміз не?»

Мәскеу, 1926. Алақандай 15 беттік кітапша. Бағасы 2 тиын.

25. Иванович Даль. «Қойдың терісі».

Аударушы — Ахметұлы Ел.

Мәскеу, 1926. 30 бет. Бағасы 14 тиын.

«...Бұл кітапшада теріні қалай илеу, илеу алдында не істеу керек, терінің майын қалай кетіру, иге салу, қалай кептіру, кептірудің керектігі, қалай дымдау, уқалап жұмсату, өңдеу, бояу реттері қысқаша жақсы түсіндірілген. Мұжықтар теріні илейді? Олардың тері илеуінің қазақтікінен айырмасы қандай? Артықшылығы бар ма? Болса несімен артық? Кітапшада бұл туралы аздап түсіндірілген... Бұл кітапшаны оқып отырып, өз бетімен тері илеп алуға болады...»

(*«Ауыл тілі» газеті, 1926. №2*)

26. «Жамандат — топалаң». Жазушы Қыр баласы.

Мәскеу, 1926. Алақандай 15 беттік кітапша. Бағасы 2 тиын.

27. Язвицкий. «Тұз».

Аударушы — Әкім.

Мәскеу, 1926. 30 бет. Бағасы 15 тиын.

«Тұз қайдан шығады, қалай алынады деген сөзге кітап жазушы қысқаша жақсы түсінік беріп өткен. Аударушы Әкім жолдас та өзінің шамасы келгенше қазақ тұрмысына жанастырып аударған. Тұздың керектігін, тұзсыз өмір сүру қиын екендігін айтқан...

Тұздың жер үстінде қалай пайда болып, жер астында қай ретпен тұз болатынын, жер астындағы тұзды қалай алып пайдалану ретін толық түсіндірген...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №158*)

28. «Теміреткі мен таз туралы».

Мәскеу, 1927. Алақандай 15 беттік кітапша. Бағасы 2 тиын.

29. Доктор Гетце Г.В. «Жүкті және емшекте жас баласы бар әйелдердің ескеруіне».

Аударушы — Жақыпұлы.

Қызылорда, 1927. 50 бет.

«...Бұл қамсыздандыру кассасынан жәрдем алатын екіқабат, емшекте баласы бар әйелдердің қолына берілетін кітапша ішінде ай сайын алатын көмек ақшаның қағазы бар. Кітапшаның бір жағы орысша...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №71*)

30. Агроном Фодияпольский. «Қар сақта, егінге қарық боласың».

Аударушы — Ақбердіұлы Қ.

Мәскеу, 1926. 40 бет. Бағасы 20 тиын.

31. Клотова Е.В. «Қолдағы хайуандардан адамға жұғатын науқастар».

Аударушы — Жұмағали.

Мәскеу, 1927. 48 бет. Бағасы 25 тиын.

«...Жұмағалидың мына кітапшасы аурудан сақтандыру жайын көбірек айтады. Әсіресе мұнда малдан, қолдағы өзге хайуандардан адамға жұғатын аурулардың қандай екенін, олардың қалай жұғатынын түсіндірген...

Малдан, хайуандардан жұғатын аурулардан бұл кітапшада көрсетілгендері: топалаң — жамандат, түйнеме, құтыру, маңқа, аусыл сықылдылар. Міне, осы аурулардың бәрін Жұмағали жақсы түсіндірген. Бұл кітаптың тілі де жатық. Мұндай кітапты хат танитын қазақ баласы оқымай қалмасын. Ел ішіне мұндай кітаптар мың-мыңдап тараса, бұдан өткен ырыс жоқ».

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №127*)

32. Иванович Даль. «Мүйіз, тұяқтан не және қалай істеледі?»

Аударушы — Қапыш.

Мәскеу, 1926. 48 бет.

33. Протеклитов С. «Қара шаруа әйелдеріне бесік үйі керек пе?»

Аударушы — Иманбай немересі Рахым.

Ташкент, 1927. 20 бет. Тегін кітап.

«...Өздері қызметте жүрген жұмысшы, қызметкер әйелдер күндіз жұмыс уақытысында балаларын тәрбиелеп, қарап тұратын адамға мұқтаж. Осы кезде қалаларда, кейбір ауылдарда сондай қызметте жүрген әйелдердің балаларын тәрбиелейтін үйлер бар. Мұндай үйлерді орыс тілінде «Ясли» дейді. Рахым жолдастың аударған кітабы, міне, осы «ясли» туралы. Ол «яслиді» бесік үйі деп аударыпты...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №116*)

34. Жұмағали. «Жұқпалы науқастар».

Мәскеу, 1926. 84 бет. Бағасы 40 тиын.

35. Доктор Ганс. «Безгек».

Аударушы — Малдыбайұлы Біләл.

Мәскеу, 1927. 32 бет. Бағасы 15 тиын.

«...Безгек жайында бұл қазақша бірінші рет басылып отырған кітапша. Мұнда безгек қандай науқас екенін түсіндіріп, безгекті жұқтыратын масаларды, оны қалай құрту, безгек болған адам қалай емделуі жайын, безгек жұқтыратын масалардың қай жерде көп, қай жерде аз болатынын — бәрін де түгел түсіндірген.

Кітапшаның тағы бір артық жері — безгек құрттарының қалай өзгеріп, қалай көбеюін, ол құрттарды жоятын масалардың суретін салып көрсеткен...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №94*)

36. Жұмағали. «Қотыр науқасы».

Мәскеу, 1926. 32 бет. Бағасы 20 тиын.

37. Қапа келіні Сара. «Бедеулік себебі».

Ташкент, 1927. 27 бет. Тегін кітап.

«Қазақта бала таппаған әйелдің басы кем саналады. Қатыны бала таппаса, күйеуі үстіне қатын алады. Бедеу әйелді әйел болсын, еркек болсын мұқатып, күн бермейді. Шынында әйел ауру болғандықтан бала таппайды. Өзі ауру болмаса, оның күйеуі ауру болады. Баласы болмаған ауру әйел, ауру еркек емделсе, ауруынан жазылуы мүмкін. Сара жолдастың мына кітабы ел ішінде көп ұшырайтын сол ауру — «бедеулік» жөнінде жазылған...»

(*«Әйел теңдігі» журналы, 1927. №5*)

38. Доктор Горов. «Денсаулық негізі — тазалық».

Аударушы — Малдыбайұлы Біләл.

Мәскеу, 1926. 27 бет. Бағасы 12 тиын.

39. Скоморохов. «Сарып».

Аударушы — Ыбыраш.

Мәскеу, 1927. 12 бет. Бағасы 7 тиын.

«Бұл кітапшаны оқыған адам сарыптың анық жұқпалы ауру екенін, бұл аурудың қайдан жұғатынын, сарыпты қалай білуге болатынын, сарыпқа не ем қылу керектігін, одан сақтану жолдарын жақсы білуіне болады.

Кітапшаның тілі ап-анық, жап-жатық. Бұған түсінбейтін қазақ баласы болмаса керек.

Бұл кітапшаның тағы бір қасиеті — сарып ауруының белгілерін көрсететін ішінде суреттері де бар...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №38*)

40. «Егіндік, шабындық жерді бөлу туралы».

(Жағыпардың баяндамасы мен Ғаббастың кедейлермен әңгімесі). «Еңбекші қазақ кітапханасы».

Қызылорда, 1927. 84 бет. Бағасы 15 тиын.

41. Агроном Л. Иосифович. «Қандай тұқым салу керек?»
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1926. 38 бет. Бағасы 15 тиын.
«...Егін шықпағанда не себепті шықпайтынын, егінді қастауыштан қалай тазалау керек? Тұқымды қолмен, машинамен ірісін, дәндісін қалай таңдап алу керек? Қандай машина тұқым тазалауға, егін ұшыруға жақсы, қолайлы? Осылардың бәрі кітапшада айтылған...
Мұнда шаруаға ақыл айтқанда, ең алдымен, қолынан келетін ақыл айтылған. Құр кітап жазып, ақыл айтам деп, бас-көзге сабалай бермеген... Егін еккен қара шаруаға бір пайдалы кітап — осы кітап...»
(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №78*)
42. «Қазақстанда 1926–1927 жылдың ауыл шаруашылық салығы».
Қызылорда, 1926. 116 бет.
43. Агроном Л. Иосифович. «Тары».
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1926. 20 бет. Бағасы 12 тиын.
«...Бұл кітапшада жеңіл мысалдармен тарыны егу, орып бастыру, тұқымын сайлап алу жайы, қандай жерде өсетіндігі түсіндірілген. Қазақ шаруасының екі үлкен жауы бар: құрғақшылық пен топырақтың жамандығы. Осы екі жауға көп болыспайтын астық — тары. Сондықтан Сарыарқа белінің оңтүстік беті мен Мұғаджардың күнбатыс бетіндегі ел кіл тары салады. Қазақ тамағына тары бидайдан онша кем емес, бірақ базарда нарқы арзан. Тары салу жайын білсе, қазаққа мықты олжа.
Аударушы кітапшаны қазақ тұрмысына үйлестіріп аударған. Тілі жеңіл, жатық...»
(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №15*)
44. Баржақсыұлы. «Елге шаруа кооперативі мен тұтыну кооперативінің қайсысы қолайлы?»
Мәскеу, 1927. 28 бет. Бағасы 15 тиын.
45. Чулаев. «Өсімдік немен және қалай тамақтанады?»
Аударушы — Ыбыраш.
Мәскеу, 1926. 56 бет. Бағасы 35 тиын.
«...Қазақ пен орыс егіншілері биыл егін шықпады деп екі қолын танауына тығып отырады. Білімді елдердің егіншілері өсімдіктерін тамақ беріп асырай біледі, жемдей біледі. Олардың егіні аштан өлмейді.
Ыбыраш аударған Чулаев кітабында: Өсімдік не тамақ жейді? Ол тамақтарын қайдан жейді? Ол тамақ таусылса,

егінші қайдан тауып беруі керек? — Міне, осы жайында сөйлейді. Кітап білімі аз қара шаруаларға арналып жазылған.

Аударманың тілі жеңіл, анық, келтеден қайырады. Кей жерлерде жаңылыс кеткендері бар.

Әркім, әсіресе қара шаруа алып оқитын кітап...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1926. №91*)

46. «Кооператив туралы Ленин не деді?»

Аударушы — Гүл.

Мәскеу, 1927. 16 бет. Бағасы 2 тиын.

47. Доктор Преннер. «Жегі аурулар».

Аударушы — Малдыбайұлы Біләл.

Мәскеу, 1927. 16 бет. Бағасы 2 тиын.

48. «Жарнашылардың жиылысы — тұтынушылар ұйымының қожасы».

Мәскеу, 1927. 16 бет. Бағасы 2 тиын.

49. Фридолин С.Ф. «Мал шаруасының насихаттары».

Аударушы — Абайдың Тұрағұлы.

Семей, 1926. 26 бет. Бағасы 12 тиын.

50. Нәзипа. «Ана мен бала».

Қызылорда, 1927. Тиражы 5000. 116 бет. Бағасы 55 тиын.

Кітапта «Әйелдің дене құрылысы қандай? Бала қалай бітеді? Қалай туады? Әйел босанған кезде қалай күту керек? Жаңа туған баланы қалай тәрбиелеу керек? Баланы тамақтандыру тәртібі қандай болуы керек?» деген әңгімелер жайында айтылған.

Кітаптың тілі жатық, жеңіл, сөйлемдері ұғымды. Кейбір қиын атаулары жай сөзбен түсіндіріліп барып жақшаның ішіне жазылған. Сөйлемдері де жеңіл. Бұл Назекеңнің ғылыми еңбегі. Ел әйелдеріне бұл кітапты оқып түсіндіру коммунист, комсомолдардың борышы...»

(*«Еңбекші қазақ», 1927. №170*)

VI

БІЛІМ ӘДЕБИЕТІ

1. Агол И. «Адам мен мақұлықтың тегі».

Аударушы — Ыбыраш.

Мәскеу, 1927. 40 бет. Бағасы 20 тиын.

«...Қоян, қасқыр қысқа қарай ағарады да, жазға қарсы сұрланады. Қоян қыстыгүні сұр, жаздыгүні ақ болса, төбелдей көрініп қалып, жауына жем болар еді. Бұл сықылды қояннан тұқым қалмас та еді. Бұл сықылды қоян жоқ та. Жолбарыс қамысты мекен етеді. Жүні сары жырым мен қара жырымнан құралған. Сары жырым — қамыс та, қара жырым — көлеңке. Жолбарыс қамыста жасырынып күнелтеді. Қамыста жасырына алмаған жолбарыс аулаған аңына, жауына күнібұрын көрініп қалып, «мен мұндалап» алыстан аңды қашырып, аш қалар еді. Жауын шақырып қолға түсер еді. Жолбарыстан тұқым да қалмас еді. Мұндай жолбарыс та жоқ.

Таудағы арқар, таутеке — тастай қоңыр, шөлдегі киік, құлан — шөлдей құла, қызыл қайың жайлаған қаршыға — қызыл шұбар, ақ қайың жайлаған қаршыға — ақ шұбар. Даладағы бозторғай — даладай боз.

Шалғынды жейтін жұлдыз құрт — жасыл, жусанды жейтін құрт — сұр. Мақұлықтың бәрі жүрген жеріне қарай құбылмалы. Аголдың кітапшасында табиғаттың осы сықылды қалпы, салты жазылған...»

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1927 ж., №5*)

2. «Қазақша — орысша тілмаш»

Тізушілер: Кеменгер, Бұралқы, Байтас, Байқасқа, Баймақан, Дәулетбек, Темірбек және Сәрсенбай ұлдары. Басқарушы — Кеменгерұлы.

Мәскеу, 1926. 224 бет.

3. Язвицкий В. «Үйдің тарихы».

Аударушы — Өкім.

Мәскеу, 1927. Бағасы 20 тиын.

«Бұл кітапшада қысқаша ғана үйдің тарихын таныстырып өткен. Адам баласының топ-топ болып жүрген кездегі мекендерінен бастап, ең ақырын мәдениеті жетілген Американың көк тіреген биік үйіне әкеліп тоқтатқан. Бұл екі арада адам баласының алғашқы кездегі үйінің жай, судың үстіне қада орнатып салынған үй, шыбықтан тоқылған көлеңке, бұрынғы кездегі итарқа, қададан салған ықтасын, қаланың қалай өсіп, қалай түзелгенін айта келіп, жетілген мәдениеттің түріне әкеліп тірейді...»

(*«Ауыл тілі», 1927 ж., №23*)

4. «Орысша-қазақша әскерлік атаулары».

Аударушы — Үмбетбайұлы А.

Қызылорда, 1927. 88 бет.

5. Сейкин В. «Күн қотанының құрылысы».

Аударушы — Әбділдә.

Мәскеу, 1927. 59 бет. Бағасы 60 тиын.

«...Қазақ күннің қотануының себебін білмейді. Оны Құдайдың кереметі деп ойлайды. Жалпы қазақ түгіл, шала оқығандарымыздың көбі нақ ғылымның тапқанындай қылып ешкімге түсіндіре алмайды.

Бұл кітап — ғылым кітабы. Жазушы да ғылым жолымен зерттеліп табылған шындықтарға, дәлелдерге сүйенеді. Өзін қызғылықты етіп жазған.

Қазақшаға аударушы көбінесе мысалды қазақтың жабайы тұрмысынан алып отырған».

(*«Еңбекші қазақ», 1927 ж., №141*)

6. Рубакин Н.А. «Табиғат құбылыстары».

Аударушы — Маскөйұлы.

Мәскеу, 1926. 101 бет. Бағасы 65 тиын.

«Көзге нәрсе елестесе, қанды жауын жауса, аспаннан бидай, балық, басқа жәндіктер жауса, жер сілкінсе, таудан от атып шықса, аспаннан жай түссе, қара нөсер құйса, не бір ел жер астына түсіп кетсе, қатты құйын жүріп, үйді құлатса, ағашты қопарса, надан ел мұның бәрін керемет Құдайдың көрі деп жориды. Білім керемет дегенді білмейді. Не нәрсе болса да тәжірибемен біліп, себебін түсіндіреді.

Жоғарыда айтылған «кереметтің» бәрін Рубакин осы кітабында білім жолымен, түсінікті жай тілмен әдемі түсіндірген. Бұл кітап — жаратылыс білімін оқыту үшін, «кереметтерді» білім жолымен түсіндіру үшін жақсы құрал. Аударманың тілі түсінікті».

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1927 ж., №5 (20)*)

7. Дедкребе. «Дүниенің құрылысы».

Аударушы — Қыр баласы.

Мәскеу, 1926. 101 бет. Бағасы 50 тиын.

8. Төреқұлұлы Нәзір. «Жат сөздер».

Мәскеу, 1926. 50 бет. Бағасы 26 тиын.

«Нәзір жолдас кітапшасында түрлі дәлелдер келтіріп, қазақ тілі жат сөздің құлағына қалай ен салып алатынын, тілді қалай таза сақтауын түсіндіреді. Кітап дәлелді, түсінікті және дер кезінде жазылған. Қазақ тілін ардақтағысы келген, өз тілін дұрыстағысы келген адам тіл бетіне секпіл салып, аттарын бұзғысы келмеген адам Нәзір кітабын оқып ойлану керек...»

(*«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №80*)

9. Андреенко А. «Табиғаттағы су туралы».
Мәскеу, 1927. 60 бет. Бағасы 25 тиын.
10. «Күркіреу, найзағай, электр».
Кремецский мен Лонквичтің кітапшалары бойынша жазған — Мағжан.
Мәскеу, 1927. 70 бет. Бағасы 40 тиын.
«...Мағжан мына кітапшасында күркіреу, найзағай, электр не екенін соқырға таяқ ұстатқандай қылып түсіндірген. Мағжан мұны ғылым тілімен жазам деп әуреленбеген, әңгіме қылып қызғылықты түрде жазған... Бұл кітапшаны қолға алып оқи бастасаң, тастағың келмейді. «Тағы не айтар екен, тағы не қызығы болар екен?» деп құмарланып оқисың. Таң-тамаша қаласың. Күлдіреді, ойландырады да. Міне, жазылуы сондай қызық, сондай жеңіл, түсінікті бұл кітапшаны оқып шыққан қазақ күркіреу, найзағай, электр не нәрсе екенін анық білсе керек. Бұл күнге шейін оларды әлденеге жорып жүрген жалған сенімнен тайса керек. Кітапшаның тағы бір артықшылығы — ішінде бірқатар суреті бар. Оқып келе жатқанда суретіне қараумен түсінуге болады. Бұл кітапшаның физика оқушы жастарға үлкен пайдасы тиетін...»

(*«Еңбекші қазақ» газеті, 1927. №128*)

11. Тутковский Т. «Жердің қысқаша тарихы».
Аударушы — Қыр баласы.
Мәскеу, 1926. 102 бет. Бағасы 45 тиын.
«Қыр баласы аударған бұл кітапта жер тарихы сөйленген. Жер басынан өткізгенін, жанды-жансыз нәрсе жерде қашан тап болып, қалай өргенін сөйлеген қазақшасының тілі өте жеңіл, аударманың көзге түсетін бір қасиеті — кітапты біреуден аударды дейтін емес, қазақ жерінің тарихына арналып жазылған дейтін. Тутковскийдің мысалдары орнына Қыр баласы қазақ жерін мысалға алып отырған. Қазақтың әр ауданы қашан жаратылғанын көрсетіп отырған...»

(*«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №272*)

VII

ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ, КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

1. Бейімбет. «Ел мектебі». Бір перделік пьеса.
Қызылорда, 1926. 16 бет. Бағасы 16 тиын.

«...Кітап қазақтың жалпақ қара тілімен күлдіргі түрде жазылған. Өте түсінікті. Басқа пьесалардай көп нәрсе керек қылмайды (ойнауға). «Ел мектебін» ауылда қойса, қара халыққа әсері күшті болар деп ойлаймыз. «Ел мектебі», әсіресе ауыл мұғалімдері алдырып пайдаланатын кітап...»

(*«Ауыл тілі», 1926 ж. №5*)

2. Мұқанұлы Сәбит. «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы».

Поэма.

Қызылорда, 1927. 40 бет. Бағасы 33 тиын.

3. Аймауытұлы Жүсіпбек. «Қартқожа».

Әңгіме. Үш бөлімді.

Қызылорда, 1926. 209 бет. Бағасы 1 сом 30 тиын.

«Жүсіпбектің бұл романы қазақ әдебиетіндегі бірінші роман десек, аса қателескен болмаймыз. Бұдан бұрынғы қазақ тілінде болған романдар тұрмыстың бір-екі құбылысын ғана суреттейтін романшалар еді. «Қартқожа» — толық роман. «Қартқожада» тұрмыстың көп пернелері басылып, көп құбылыстар суреттеледі.

«Қартқожада» ұйқылы-ояу тыныш шақ емес, талас-тартыс шағы — тарихтың жаңадан жазылатын қасиетті шағы суреттеледі. Қазақты патша билеп, мықты осалды жанышқан заман, қазақ баласының хат тануға зар болып, кіретін мектеп таба алмай зарыққан заманы.

Қазақ басына қара күн туып, қазақ шаруасы қираған 1916 жыл, жиһангершілік соғысы, февраль төңкерісі, қазақтың ұлт өкіметі Алашорда, Октябрь төңкерісі, Кеңес үкіметі, Кеңесті Қазақстан... барлығы «Қартқожада» тегіс суреттеледі.

Мұның үстіне, «Қартқожада» бастан-аяқ қазақ елінің жайы, көзге жақсы көрінбейтін көмескі тап жігі айқын ашылып отырады. Кітаптың ұзын бойында бай мен кедейдің, құл мен қожаның, жеуші мен желінушінің, төре мен қараның, би мен шаруаның тілектерінің қайшыласуы суреттеліп отырады...»

(*«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №236*)

4. Бейімбет. «От басында» (әңгіме, өлеңдер жинағы).

«Еңбекші қазақ кітапханасы» №1.

Қызылорда, 1926. Бағасы 10 тиын,

5. Сабыр Шәріпұлы. «Алтыбасар» (әңгіме).

Қызылорда, 1926. 118 бет. Бағасы 25 тиын.

«Бұл кітапшада қазақ пен мұжықтың шаруасы, тұрмысы салыстырылған. Қазақ пен мұжық шаруасы жақсы суреттелген. Қазақтың жалқаулығы, бейқамдығы дұрыс жазылған. Қазақтың еңбекке көзқарасы бұлжымай түскен...

Бұл күнге шейін қазақша шығып жүрген кітаптардың ішінде шаруаға пайдалысы осы «Алтыбасар» деуге болады. Хат танитын шаруа бұл кітапты алып оқыса, қызық та пайдалы да».

(*«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №213*)

6. Мұқанұлы Сәбит. «Екінші өлеңдер жинағы».

Қызылорда, 1927. 220 бет. Бағасы 1 сом 90 тиын.

7. Анов Н. «Мерезден құтқарды». Пьеса.

Аударушы — Мадияр.

Қызылорда, 1926. 39 бет.

«...Жұқпалы аурулармен күресу үшін Қазақстан Саулық сақтау комиссариаты бір елдерге ауру қарайтын, дәрі беретін, елге үгіт жүргізетін көшпелі дәрігерлер жасағын жіберіп отыр. Бұл дәрігерлер кез келген ауруларды емдеп қана қоймайды, аурудан сақтану жолдарын да елге түсіндіреді. «Мерезден құтқарды» деген осы пьеса елді осы аурудан сақтандыру мақсатымен шығарылып отыр.

Бұл пьеса құр сахнада ойналып қойылатын емес, кімдекім жай алып оқыса да пайдалы болатын...»

(*«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №125*)

8. Чехов. «Үлкен бақшаның әңгімесі».

Аударушы — Ысқақұлы Даниял.

Мәскеу, 1926. 16 бет. Бағасы 12 тиын.

9. Майлыұлы Бейімбет. «Шұғаның белгісі» және басқа әңгімелер.

Мәскеу, 1926. 75 бет. Бағасы 65 тиын.

«Бұл жинақта Бейімбеттің «Шұғаның белгісі», «Қырмызы», «Көшпелі махаббат», «Түйебай», «Айт күндері», «Жол кеңесі», «Заман», «Кедей теңдігі» деген әңгімелері басылған.

Буларды оқығанда, қырдағы қазақ тұрмысы көзге елестейді. Сарыарқадағы сүйіскендік пен күліскендік, жуандық пен жіңішкелік, аңқау елге арамза молда, біреу тойып, біреу тоңып секіргені, кімнің қолы қалай бостандыққа жетіп жүргені осы әңгімелерде суреттелген...

Кітаптың басылуы, қағазы жақсы. Нарқы қымбат емес. Әдебиетіміз байып, өркеюі үшін мұндай әңгімелер көбірек басылуына тілектеспіз...»

(*«Еңбекші қазақ», 1926 ж., №115*)

10. Майлыұлы Бейімбет. «Шапай — комсомол».

(Бұл кітапта «Шапай — комсомол», «Орақ үстінде», «Жансүгірдің тілегі», «Балықшылық өмір» деген төрт әңгіме бар).

Қызылорда, 1927. 87 бет. Бағасы 85 тиын.

11. Ілияс. «Беташар» (өлең).

«Әйел теңдігі» журналына қосымша болып шыққан.

Қызылорда, 1927. 18 бет.

«Бұл ескі беташар емес, жаңа беташар...

Ескі беташар жаңа түскен келіншек үшін өмірінде не істеу керектігін әдеп-өркен жолын көрсететін «заң» болатын. Бірақ ол заң қазақтың ескі әдет-ғұрпына сәйкес келетін. Мынау жаңа беташар жаңа өмірдің, жаңа тұрмыстың салтына лайық шығарылған. Бұл беташарда ескі беташардай келіншекті ырымшылдыққа құл қылатын үгіт жоқ. Мұнда не айтылса да, бәрі жаңа тұрмысқа жанасқан үгіттер. Әдемі суреттелген...»

(*«Еңбекші қазақ», 1927 ж., №130*)

12. Оспанұлы Әмірбек пен Өтеуұлы Есенжан. «Зарлық».

(1922 жылғы ашаршылық жайында қазақ тұрмысынан алынып жазылған). Бес перделі қайғылы хал.

Қызылорда, 1927. 79 бет. Бағасы 65 тиын.

13. Майлыұлы Бейімбет. «Маржан»

(Әңгіме, өлең) жалшылар тұрмысынан.

Қызылорда, 1927. 51 бет. Бағасы 66 тиын.

«Бейімбеттің бұл өленді қиял күшімен емес, шындық түрімен жазылған. Оқыған адамға әсерлі, әсіресе Сәлім мен Маржанның көңілі қосылатын суреті шын махаббаттың қандай екенін көз алдына елестетеді де, Тасқараны алуға барып, жеңгелерінің ғұрып бабынша күйеуге қыз әкеп беруін, Тасқараның Маржан шын теңі емес екенін, мал үшін кедейліктен амалсыз беретіндігін жақсы келтіреді...

Осы күнгі жас жазушыларымыз Бейімбет өленінен үлгі алып, қалың еңбекшілермен санасып отырса, қазақ әдебиетінің тез көркеюінде сөз жоқ».

(*«Еңбекші қазақ», 1927 ж., №69*)

14. Басықараұлы Жүсіпбек. «Тазша».

(Өтірік сөздер, өленлер).

Мәскеу, 1926. 28 бет. Бағасы 20 тиын.

15. Бейімбет. «Шаншар молда».

Бір перделік күлкі.

Қызылорда, 1926. 23 бет. Бағасы 18 тиын.

«...Пьеса ел тұрмысынан алынған. Оқиға екінің бірінен кездесетін іс. Бұл пьесаны әсіресе ауылда ойнаса жақсы болар еді. Тілі жеңіл...

Бұл пьесаны ауыл мектептеріндегі мұғалімдер оқып жүрген балаларына ойнатып көргені жөн. Көп құрал да керек қыла қоймайды, өзі жабайы тұрмысқа үйлесімді...»

(*«Еңбекші қазақ», 1927 ж., №10*)

16. Пушкин. «Сараң сері».

Үш сахналы драма.

Аудармашы — Аймауытұлы Жүсіпбек.

Қызылорда — Ташкент. 36 бет. Бағасы 9 тиын.

17. Всеволод Иванов. «Төрт өңгіме».

Аударушы — Мағжан.

Мәскеу, 1927. 64 бет. Бағасы 30 тиын.

«Бұл кітапты жазған орыс та сырлы әдебиетте бәйге алған жаңа жазушының бірі. Жазғаны жаңада ел басынан кешірген ақ пен қызылдың соғысы мен елде болған ашаршылық. Өңгімедегі жазылған жер — Семей мен Жетісу. Ондағы қазақ пен казак-орыс.

Темірбай аяғынан шығып кеткен атын қарап жүріп, шаршап, қарағанды паналап ұйықтап қалады. Бір топ казак-орыс екі қазақты қарағанға әкеліп, Темірбайдан 25—30 таяқ жерде екі қазаққа көрін қаздырады.

Темірбайдың миын ә дегенде бұрғыдай бұрап, шаяндай шағып отырған ой мынау: «Бұлар мынау орды не үшін, кімге, неге қазып жатыр? Міне, осы ой қазір жазғытұрым тасыған өзендей тасып өсіп, Темірбайды билеп алды. Өзен тасып, су астында қалған жағадағы талдың анда-санда қылт-қылт етіп көрініп-көрініп кететін басындай — ауылы, малы, ұлы туралы ой анда-санда бір соғып өтеді.

Темірбайдың басы айналып, көзі қарауытып кеткендей болды. Казак-орыстардың қолындағы мылтық, жерді тырнап жатқан екі күрең, иығына ақ бірдене жапсырып алған төре, осылардың бәрі өп-сәтте біріне-бірі қосылып, ертегіде айтылатын жеті басты жалмауыздың қияпатына кіріп, Темірбайдың тап алдына келіп, іріген аузынан шіріген лебін бұрқ еткізіп:

— Екі жаяу қазір атылмақ!.. — дегендей болды. Мағжан осылайша қазақшалайды...»

(*«Жаңа мектеп» журналы, 1927 ж., №3-4*)

18. Садуақас (Сәкен) Сейфоллаұлы. «Экспресс» (өлең).
Қызылорда, 1927. 84 бет. Бағасы 60 тиын.

19. Мағжан. «Ақ боз ат».

(Мамин-Сибиряк жазған әңгімелерден біраз өзгертіліп аударылды).

Мәскеу, 1926. 21 бет. Бағасы 20 тиын.

20. Смағұл. «Ұлт театры туралы».

«Еңбекші қазақ» кітапханасы №2.

Қызылорда, 1926. 30 бет. Бағасы 10 тиын.

«Бұл кітапша да Смағұл жолдастың «Еңбекші қазаққа» жазған мақалаларынан құралды.

Европа елінде театр — мәдениеттің үлкен бір кесегі. Театр арқылы Европада мыңдаған, миллиондаған халық тәрбиеленді. Қазақ арасында да төңкерістен кейін театр кітаптары жазыла бастады. Бірақ бұл күнге шейін біздің түпкілікті жасалған театрымыз болмай келді. Сондықтан бұл жұмыс қалың жұртқа әлі таныс емес. Қазақстанның Халық ағарту комиссариатының шақыруы бойынша осы күні Қызылордаға 30 шақты қазақтың артистері жиналып отыр. Бұлардың алғашқы аяқ алыстарына қарағанда, бізде кешікпей үнемі театр орнайды деген үміт бар.

Жаңа жасалғалы отырған игілікті іспен аз да болса оқушыларымызды таныстырмақ ниетімен «Еңбекші қазақ» кітапханасының екінші нөміріне осы кітапшаны ұсынып отырмыз».

(*«Еңбекші қазақ» басқармасы.*)

21. Байзақұлы Иса. «Құралай сұлу» (өлең).

Ташкент, 1926. 50 бет. Бағасы 20 тиын.

22. «23 жоқтау».

Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады. Жинаған, түзеткен — Байтұрсынұлы Ахмет пен Қыр баласы.

Мәскеу, 1926. 134 бет. Бағасы 1 сом.

«Кеңес Одағындағы елдердің Кіндік баспасы. Бұл «жоқтауларды» мынадай оймен бастырды: Дүниедегі ешбір тіл өзінен-өзі шықпайды. Дүниеде ешбір тілді бір шешен кісі ойлап шығарған жоқ та, шығара алмайды да. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді. Сонан соң ғана шешендер, тіл көсемдері бұл тілді безеп, жолға, жөнге салып, жүйесін айырып өсіреді.

Сондықтан әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек... Ел аузындағы тіл дегенімізде нені үлгі, өрнек етіп аламыз? — Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді...»

(*Кітаптағы сөз басынан.*)

23. Жүсіпбек. «Рабиға».

Бір перделік драма.

Мәскеу, 1926. 26 бет. Бағасы 20 тиын.

24. Пушкин. «Тас мейман».

Аударушы — Аймауытұлы Жүсіпбек.

Төрт сахналы драма.

Ташкент, 1926. 55 бет. Бағасы 22 тиын.

25. «Париж коммунасы».

Екі перделі, үш көріністі пьеса.

Татаршадан аударушы — Мәмит.

Қызылорда, 1926. 17 бет. Бағасы 13 тиын.

26. Герцен. «Төрт күн».

Аударушы — Сақұлы Даниял.

Мәскеу, 1926. 28 бет. Бағасы 18 тиын.

27. Тоғжанұлы Ғаббас. «Жүсіпбектің сыны мен Мағжанның ақындығы туралы».

Мәскеу, 1926. 71 бет. Бағасы 70 тиын.

28. Майлыұлы Бейімбет. «Бөліс» (өлең).

«Еңбекші қазақ» кітапханасы.

Қызылорда, 1927. 27 бет.

29. Майлыұлы Бейімбет. «Күлпәш».

(Әңгімелер жинағы).

Қызылорда — Ташкент, 1926. 62 бет. Бағасы 24 тиын.

30. Абыланұлы Сыдық. «Күндеспейтін қатын».

(Үш перделі күлдіргі).

Қызылорда, 1927. 67 бет. Бағасы 43 тиын.

31. Әуезұлы Мұхтар. «Қарагөз».

(Үш перделі, 6 суретті драма, ескі ақын, салдар, жастар өмірінен).

Семей, 1926. 83 бет.

32. Досмұхамбетұлы Қалел. «Аламан».

Ташкент, 1926.

33. Аймауытұлы Жүсіпбек. «Шернияз».

Бес сахналы, күйлі сөзді драма.

Семей, 1926. 120 бет.

34. Жиенбекұлы Жүсіпбек. «Июнь жарлығы».

(1915 жылғы 25 июнь жарлығы бойынша майдан жұмысына қазақ жігіттерінің тұңғыш алынғанында жазылған өлең).

Семей, 1926. 36 бет. Тегін таратылған кітап.

35. Майлыұлы Бейімбет. «Ел сыры» (өлең).

Семей, 1926. 96 бет.

VIII

ЗАҢ ӘДЕБИЕТІ

1. Милютин. «Еңбек жарымжандарының пенсиясы туралы жаңа заң».

Аударушы — Бекенұлы Елжас.

Қызылорда, 1927. 71 бет. Бағасы 19 тиын.

«Бұл кітапша пенсия кімге, қандай адамдарға, қандай мөлшермен белгіленіп, қанша уақытқа берілетіні жақсы түсіндірілген».

(*«Ауыл тілі», 1927 ж., №22*)

2. Жәмила. «Жұмысшы әйелдерге заңнан не білу керек?»

Мәскеу, 1927. 62 бет. Бағасы 40 тиын.

3. «Жалшылардың (батырақ) еңбегін қорғау туралы шыққан заң жобалары».

Қызылорда, 1927. 51 бет. Бағасы 10 тиын.

4. «Ақы заңы».

(1926 жылғы июньнің біріне шейін болған өзгеріс, қосымшаларымен). Аударушылар Омарұлы Е., Ғаббасұлы Д., Дулатұлы М., Қадірбайұлы С., Нұрымұлы Ғ.

Қызылорда, 1926. 154 бет. Бағасы 1 сом 25 тиын.

5. Стучка П. «Кеңес негізгі заңдары».

Қосымшаларымен, сұрақ, жауап ретінде жазылған.

Аударушы — Даниял.

Қызылорда, 1927. 67 бет. Бағасы 90 тиын.

6. «Жұмыскер қара шаруа үкіметінің заң жинағы».

Қазақша-орысша. 1927, 1 февраль. №3.

IX

ПРОГРАММА-ЕРЕЖЕ, ҚАУЛЫ, ҚАРАРЛАР

1. «Қызыл ту» «Красный орел» тілшілерінің тұңғыш тобы.

Теке, 1927. 24 бет.

2. «Қолғабыс кассасының Уставы — жолы».

Қызылорда, 1927. 28 бет. Бағасы 20 тиын.

3. «Балық кәсібі кооперативінің жобасы».

Қызылорда, 1927. 25 бет.

4. «Қазақстанның VI Кеңестер съезі мен I сессиясы». (Толық есебі) 1927 жыл марттың 28-нен апрельдің 3-не дейін.

Қызылорда, 1927. 245 бет.

5. «Жалпы Қазақстанның VI Кеңестер съезінің қаулылары».

Қызылорда, 1927. 40 бет.

6. «Сырдариянық губерниялық партия конференциясының қаулы-қарарлары».

1926 жылдың 21—27 декабрінде. Шымкент, 1927. 22 бет.

7. Н.Тетерин. «Кәсіпшілер одағының Уставы деген не?»

Аударушы — Баймұқамбетұлы.

Қызылорда, 1926. 36 бет. Бағасы 25 тиын.

8. «Бүкілодақтық лениншіл жастар ұйымының Уставы».

Мәскеу, 1927. 62 бет. Бағасы 10 тиын.

9. «Қазақстан Оқу комиссариатының хабарлары». 1-2 нөмірлері. 1927 жыл январьдың 31-і.

Қызылорда, 1927. 43 бет.

10. «Кеңестердің болыстық тобы мен болыстық атқару комитеттері туралы тұрлауды Қазақстанда қолдану жайын түсіндіргіш».

Аударушы — Мұқаметұлы Оразбек.

Қызылорда, 1926. 80 бет.

11. «Қазақстан комсомолдарының IV конференциясының қаулылары».

Қызылорда, 1926. 106 бет. Бағасы 25 тиын.

12. «Қазақстандық кәсіпшілер одағы кеңесінің мағлұмат жинағы».

12-саны. Қызылорда, 1926. 13 бет.

13. «Қазақстандық кәсіпшілер одағы кеңесінің мағлұмат жинағы».

1-сан.

Қызылорда, 1927. 11 бет.

14. «Қазақтың Орталық Кеңес Комитетінің III сессиясы».

(1926 жыл, 3—8 декабрь). Стенографиялық жазбасы.

Қызылорда, 1926. 29 бет.

15. «Өлкелік партия комитетінің III Пленумының қаулылары».

Қызылорда, 1927. 67 бет.

X

МЕРЗІМДІ ӘДЕБИЕТ

1927 жыл

ҚАЗАҚСТАНДА ШЫҒЫП ТҰРАТЫН ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР

«Еңбекші қазақ»

Қызылордада күнде шығады.

Жазылу бағасы:	**1 жылға**	**жарты жылға**	**3 айға**
Мекемелерге:	8 сом	4 сом 50 тиын	2 сом
Қызметкерлерге:	5 сом 50 тиын	2 сом 80 тиын	1 сом 4 тиын
Қызметте жоқ партия, комсомол, қосшы мүшелеріне, ауылдағы шаруаларға, оқушыларға	4 сом	2 сом	1 сом

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция газеты «Енбекчи казах».*

«Ауыл тілі»

Қызылордада жетісіне бір шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 2 сом. Жарты жылға 1 сом 30 тиын. Үш айға 70 тиын.*

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция газеты «Аул тили».*

«Қазақ тілі»

Семейде жетісіне бір шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 2 сом. Жарты жылға 1 сом. Үш айға 70 тиын.*

Адрес: *г. Семипалатинск. Редакция газеты «Казах тили».*

«Бостандық туы»

Қызылжарда жетісіне бір шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 2 сом. Жарты жылға 1 сом. Үш айға 50 тиын.*

Адрес: *г. Петропавловск, Акмол. губ. Редакция газеты «Бостандык туы».*

«Ауыл»

Қостанайда жетісіне екі рет шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 3 сом. Алты айға 1 сом 50 тиын. Үш айға 75 тиын.*

Адрес: *г. Кустанай. Редакция газеты «Аул».*

«Тілші»

Алматыда жетісіне екі рет шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 4 сом 20 тиын. Алты айға 2 сом 32 тиын. Үш айға 1 сом 28 тиын.*

Адрес: *г. Алматы. Редакция газеты «Тильчи».*

«Кедей тілі»

Астраханда жетісіне бір шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 1 сом 80 тиын. Алты айға 90 тиын. Үш айға 45 тиын.*

Адрес: *г. Астрахань. Редакция газеты «Кедей тили».*

«Кедей»
Ақтөбеде жетісіне бір рет шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 3 сом. Алты айға 1 сом 50 тиын. Үш айға 75 тиын.*
Адрес: *г. Актюбинск. Редакция газеты «Кедей».*

«Қызыл ту»
Текеде жетісіне үш рет шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 2 сом 90 тиын. Алты айға 1 сом 50 тиын. Үш айға 80 тиын.*
Адрес: *г. Уральск. Редакция газеты «Кзыл ту».*

«Жұмыскер тілі»
Гурьевте айына алты рет шығады.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 4 сом. Алты айға 2 сом. Үш айға 1 сом.*
Адрес: *г. Гурьев. Уральская губ. Редакция газеты «Жумыскер тили».*

ЖУРНАЛДАР

«Қызыл Қазақстан»
Қызылордада шығатын айлық журнал.

Жазылу бағасы: *Жылына 5 сом. Жарты жылына 3 сом.*
Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция журнала «Кзыл Казахстан».*

«Лениншіл жас»
Қызылордада айына екі рет шығатын журнал.

Жазылу бағасы: *Жылына 2 сом. Жарты жылға 1 сом 20 тиын. Үш айға 70 тиын.*
Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция журнала «Лениншил жас».*

«Әйел теңдігі»

Қызылордада шығатын айлық журнал.

Жазылу бағасы: *Бір жылға 3 сом. Алты айға 1 сом 60 тиын. Үш айға 85 тиын.*

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция журнала «Айел тендиги».*

«Кедей айнасы»

Ташкентте жылына бір шығатын журнал.

Жазылу бағасы: *1 сом 50 тиын.*

Адресі: *г. Ташкент. Издательство САКУ, пр. К. Маркса, 32.*

«Жаңа мектеп»

Қызылордада шығатын айлық журнал.

Жазылу бағасы:	1 жылға	6 айға
Мұғалім, мектеп оқушылары үшін	2 сом 50 тиын	1 сом 50 тиын.
Өзгелерге	3 сом	1 сом 70 тиын.

Адрес: *г. Кзыл-Орда. Редакция журнала «Жана мектеп».*

Совет үкіметіне қарсы күрес деп шуласып жүргендері — қазақ ұлтын өз бетінше өмір сүрсін деген мұддеден туған ниет қана. Өз отауымыз өзімізге бұйырсыншы дегеніміз.

Міржақып



ҮРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ АРЫЛУ СӨЗІ

(Соңғы түйін ретіндегі ой толғам)

Қазақта «имандай сөз», «ана дүниеге аттанар алдындағы арыздасу» дейтін ұғымдар бар. Адам баласы өзіне бір-ақ рет берілетін өмірінде тағдырдың не түрлі талқысына түсуі, тіршілік жолының не қилы бұралаң-бұрылыстарына кездесуі мүмкін. Әр алуан оқиғалардың ырқымен істеген іс-әрекеттерінің іштей қанағат сезімін тудыратын ізгілері де, еске түскен сайын өзегін өртейтін өкініштілері де болатын шығар.

Әрбір пенденің пешенесіне жазылған өзіндік ғұмырнамасын ақтық сапар алдында қайта саралап, кейінгілермен арыздасқанда, қай жерде адамдық ар алдындағы парызыма адал болдым, қай жерде жаңылып, жаза бастым деп ағынан жарыла арылғанда, біздің ойымызша, солардың барлығына ортақ бір белгі, бір өлшем болуға тиіс.

Ол — шындық. Ішкі есеп, бақай құлық, ар сақтамай, жан сақтаудың жолы осы деп жалт беру сияқты амал-айлалардан мүлде ада, көдімгі қаны сорғалаған ақиқат шындық.

Міржақып марқұмның **«Үрпаққа хатын»** да біз осындай ар мен жанның арасынан тура жол тартып, кейінгі ұрпаққа арнайы жолданған арылу, арыздасу сөзі деп ұғамыз. Ақынның бес томдық шығармалар жинағын құрастырушылардың айтуы бойынша, бұл хаттың басында жақша ішінде «абақты қабырғасынан жеткен аманат» деген қосымша анықтауыш сөз бар. Бұл хат Жақаң соңғы рет тұтқынға алынғандағы тергеу құжаттарының арасынан табылған сияқты. Мәңкір-нұңкірдің қиямет қилуетіндей сол түнектің ішінде бұл хат қалай жазылған, мұнда қайдан жүр? Кімге, кім арқылы жолданған? Енді қалай жарық көріп отыр? Заңды сұрақтар. Біз олардың жауабын кейінге қалдыра тұрып, әуелі істің мәніне көшейік.

Бұл арада біз үшін бір күмәнсіз нәрсе бар. Ол — мына хат біз білетін Міржақып Дулатұлының өмір жолын аз сөзбен дәл баяндайтын, оның ең басты, ең асулы кезеңдерін қамтитын дерек.

Әрине, кеңшілік жағдайда отырып еркін көсіліп жазған хат емес. Шағын мақала көлемінде ғана. Қазіргі өлшеммен алсақ, компьютерге терілген екі жарым беттей қолжазба. Сексен жол. Бүгінгі газет-журнал қызметкерлерінің өлшеміне салсақ, әрі кеткенде 800 сөздің айналасы. Жер бетінде елу жыл өмір сүріп, оның он шақты жылын тұтқында өткізгенін ескерсек, көмәлатқа келгенінен былайғы саналы өміріне ширек ғасырдың әр жақ-бер жағындай ғана мезгіл қалады екен.

Жан мен төннің барлық қуатын сарқа жұмсап, үнемі қауіп-қатердің өтінде, қырғын-қырқыстың қылыштай кескір жүзінде, ылғи жан беріп, жан алған арпалыспен өткен ғұмырды осындай санаулы сөзбен жеткізе алу үшін оның қандайлық қысылшаң жағдайда жазылғанын шамалап көру қиын болмас. Бір тәуірі, бұл кісінің өміріндегі өзімізге таныс жайттармен толықтыра отырып, оны түгелдей көз алдымызға тағы бір рет елестете аламыз.

Сонымен, Ұрпаққа хат.

Өткен ғасырдың сонау алғашқы жылдарындағы жас талап ауыл мұғалімінен Алаштың атпал азаматы болып қалыптасқанға дейінгі Міржақыптың бүкіл өміріне өзек болған бір ғана мақсат, бір ғана уайым бар. Ол — туған халқының тағдыры. Аманат хаттың «бісмілләсі» де осыдан басталады.

«Қазақ халқы. Қазақ халқының жай-күйі. Кім жеріне жетіп тексереді, қан жылап жүрген қайғылы халін жүрекпен сезіп, кім ескереді? Губернаторлар мен ояз бастықтарын былай қойғанда, қазақтың қара шекпендісі ең кіші урядниктің алдында қалтыраумен күн өткізді; түкке тұрғысыз тілмаш шенеуніктері, болыс өміршілері қолдарымен от көсеп, одан сайын үрей шақырып, ұлтты адам төзгісіз қорлауға көндіріп келді; дүрелеу, зорлық, пара алу, өтірік ақпар беру үйреншікті мінезге айналды... Ең төуір жер жоскындап келіп жатқан отырықшыларға тартып өперілді, ал жергілікті қазақтар тұруға жарамсыз, сусыз, шөбі тықыр құмға қуылып тасталды».

Осындай түнек тұңғиықтың түбінде намысы тапталып, мүсәпірлік күй кешсе де, марғау ұйқыдағы бейқам қалпынан мызғымай келді. Бала жасынан осыны көріп, сезініп

өскен сергек ойлы жас жігіт шыдамады, бар дауысымен жар салып, дабыл қақты:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты!

Осы сөздері үшін ол саяси қуғынға түсті, абақтыға қамалды. Бірақ жігіт мойымады, қайсар мінез барған сайын шынығып, шымырлана түсті. Отаршылардың озбырлығын көрген сайын ой-санасы ширығып, төуекелге белді бекем байлай берді. Өзі қатарлы зиялы жастардың алдыңғы легінен бой көрсетіп, күрескерлік жолына біржола бекінді.

Сөйтіп жүргенде, ел ішінде қаулаған қарсылықтың дүмпуімен отаршылдық құрсауының көбесі сөгіліп, бостандық таңының бозғылт сәулесі көрінді. Патша тағынан түсіп, билік басына либерал демократтар мен социалист-төңкерісшілдер келді. Олар ел ішіндегі барлық халықтарға бостандық пен теңдік, өзін-өзі билеу құқығын жариялады. Қазақпен туыстас мұсылман халықтардың өкілдері арасында «хүрриет», «джумхурия» деген сияқты ұрандар естіліп жатты.

Бұл кезде майдан шебіндегі қара жұмыстарға шақырылған қазақ жігіттеріне қамқорлық көрсету мақсатымен Белоруссия жерінде жүрген Міржақып патшалық құлаған күннің ертеңіне-ақ Әлихан Бөкейхановпен бірге Петроград қаласынан бір-ақ шықты. Ақпан төңкерісінің қуатты толқынында ұрандасқан астана жұртшылығының шеруіне қатысты, өз халқының көкейіндегі арман-тілектерін осынау ұлы қозғалыстың ортақ арнасына қосты.

Осы дүбірдің қызуымен дереу елге оралған ол бойындағы барлық сезімін «Қазақ» газетінің бетінде мынадай сөздермен білдіріп еді.

«Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз һүкімет, өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті... Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр. Бұл күнге жеткізген Құдайға мың шүкір! Бұл бостаншылық кілтін ашқан ерлерге сансыз рақмет!»

Осыдан кейін Қазақ өлкесінің әкімшілік орталықтарында ұлттық комитеттер құрылып, мемлекеттік басқару жүйесін талқылайтын облыстық қазақ съездері өткізіліп жатты. «Жасасын бостандық!», «Жасасын Алаш!» деген ұрандар бүкіл қазақ даласын күңірентті.

Бірақ бұл қуаныш көпке барған жоқ. Орталықта большевиктер Уақытша үкіметті басып алып, билікті өз қолдарына қаратыпты. «Төртіп тағы өзгеретін түрі бар» деген қауесет тарады; «большевик» деген бейтаныс сөз құлақтарына жат естілген қыр адамдары жаңа ғана қолдары жеткен бостандықтан айырылып қалатындай бұл жаңалықты күпті көңілмен үрке қарсы алған.

Ол түсінікті де еді. Талай замандар бойы отаршылдықтың зарын тартып, зарыға күткен азаттықты Уақытша үкіметтің аузынан естіген байғұс халықтың оған іш тартып, тілектестік білдіруі заңды болатын. Оның үстіне, автономия мәселесін шешіп береді деп үміт артқан Құрылтай съезін большевиктер таратып жіберді. Ел ішінде азамат соғысының өрті қаулап жөнелді.

Азаттықтың елең-алаңы осындай арпалысқа тура келген шақта алды-арттарын ойлаған Алаш басшылары сабыр сақтап, әзірге бейтарап қала тұрмақ ниетте болған. Бірақ ел ішінде қалыптасқан жағдай оған ырық бермеді. Орыс кулактары мен казак атамандары қалың орналасқан Қазақстанның солтүстік бөлігі Сібірде өз үстемдігін орнатқан патша адмиралы Колчактың ықпалында қалды. Қазақ даласы ақ пен қызылдың кескілескен қан майданына айналып, қорғансыз ауылдар ат тұяғының астында тапталды. Соғыстың зардабы жергілікті халықтың басынан асты. Жеке айқаста жеңіске жетіп, жауының мысын басқан жақ та жеңіліске ұшырап, беті ауған бағытта жосылып қашқан жақ та салмағын елге салды. Олардың астына ат, қосынына адам, қоржынына азық-түлік беру керек екен. Оны бере алмаған ауылдардың үстінен мылтық атылды, төбесінен қылыш сермелді, неше түрлі зорлық-зомбылық жасалды.

Мұны көрген Алаш қайраткерлері де қарап жата алмады. Өз үкіметін қорғау мақсатында құрылған азын-аулақ сарбаздарынан жасақ құрып, жан сақтаудың амалын ойластырды.

Сөйтіп жүргенде, азамат соғысы да басылуға айналды. Еңбекшілердің қалың бұқарасы қолдаған большевиктер жеңді. Қазақстан аумағында түгелдей дерлік Кеңес өкіметі орнай бастады. Жаңа билікшілердің жарлығымен алға-

шында Уақытша үкіметті жақтаған Алаш адамдарына кешірім жарияланды. Барлық мақсат-мүддесі халықпен біте қайнасқан Міржақып та өз тобымен бірге жаңа төртіптің жағына шықты.

Өткен ғасырдың аяқ кезінде, Алаш арыстары ақталып, олардың өмірбаяндары мен шығармашылық мұралары қайта қаралып жатқан тұста, Міржақып Дулатұлы туралы әлі толық мағлұмат алып үлгермесек те, бір жағынан, оның ерекше біткен тұлғасына ден қойғандықтан және екінші жағынан, аздап болса да жорамал қосып айтқан бір пікіріміз болып еді. Соны осы арада тағы да қайталап айтуға реті келіп тұрғандай. Біз былай деп жазып едік:

«Әрине, Міржақып сияқты «дініне берік», бірбеткей қайсар адамның мұндайлық күрт өзгеріп, өзі ұстанған ождан борышынан аттап кетуі оңай болмаса керек. Оның ішкі дүниесінде ешқандай дауыл, ешқандай трагедия болмады десек, шынайы күрес адамын тым арзан бағалаған болар едік.

Бірақ ондай адамның беті бір ауса, одан қайтпайтыны тағы белгілі. Кеңес өкіметінің жағына бір шыққаннан кейін, Байтұрсынов сияқты, сол топтағы басқа да адамдар сияқты, Дулатов та социализм құрылысына қызмет етуден жалтарған жоқ. Жанын салып, барын беріп, аянбай қызмет етті».

Біздің осы жорамалымыз түгелдей расқа шыққанына көзіміз кейін жетті. Оның алғашқы мысалы ретінде **Қазан төңкерісінің үш жылдық мерекесіне** арналып 1920 жылы 7 қарашада «Кедей сөзі» газетінде жарияланған көлемді публицистикалық мақаласын келтіруге болады.

Жалынды сөзден жан тербер ой төккен қаламын кеңінен толғап, ерекше шабытпен жазылған бұл мақаласын автор, қандай да бір тарихи оқиғаны сөз қылғанда, әрдайым өз халқының тағдырымен салыстыра сөйлейтін әдетімен, бұл жолы да алдымен өзінің қазағын ауызға ала сөйлейді. Басаяғы он бір түрлі тезиске құрылған бұл толғауында халқының басынан өткен әртүрлі кезеңді санамалап, солардың әрқайсысының мәнін ашқанда, қазақ халқының сол тұстағы жағдайымен нақтылап салғастыра байыптайды. Оқырманның сана-сезімін өзінің айтар ойына қарай ойыстырып алып, ілгері жетелеп отырады. Жоғарыда сөз болған «Ұрпаққа хаттағы» оқиғалар өзге бір қырларынан, бірақ тағы да ел жағдайының, халықтың басына түскен ауыртпалықтар тұрғысынан баяндалады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірінші тезиске толығырақ тоқталайық:

«Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде ерке, жауынгер, ержүрек, жігерлі, өзі көсем, серке еді. Ақкөңіл, ақжарқын, уағдашыл, айтқан сертке берік еді.

«Бұл кім?» — десеңіз —

Қазақ еді».

Туған халқының табиғатына құдайдың өзі дарытқандай, туа біткен қасиеті осындай екен. Сондықтан оның тіршіліктегі өмір салты да соған сай болған:

«Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қонып, тұнық су; шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қылып, мереке-қызық күн сайын, жарыс салып жас ұлан, қыз-бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ.

«Бұл кім еді?» — десеңіз,

Бұл — қазақ еді!»

Бірақ өмірде сенің бұла табиғатыңа да бұғалық салатын зобаланшыл, зорлықшыл күштер болады екен:

«Құл болды, қор болды. Жайылып жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айырылды. Жігері қатты жасыды. Қоянжүрек қорқақ болды. Партия деген пәлеге жолықты.

«Бұл кім?»

«Бұл да — қазақ».

Алайда бұл бұрынғы қазақ емес еді: «... бұл орыс патшасына бағынып, өткен күнін сағынып, бір көруге зарығып, жарық сәуле көре алмай, қараңғыда қамығып, жыламсырап, жасыған қазақ еді...»

Сөйтіп, барар жер, басар тауы қалмағандай тарығып, «көзінің жасы көл болып, көрінгенге жем болып, әлсіреп қазақ тұрғанда», сүйінші хабар естіліп еді. Автор 1917 жылғы ақпан төңкерісінің лебін осындай сүйінші хабарға теңейді.

Бірінші тезисінің мазмұны осы. Бұдан әрі тағы да санамалап кеткендегі халықтың жанына түскен жарақаттары мен санасына түскен жарық сәуле ұшқындарының кезектесіп ауысып отырған кептері де — тарихи шындық көріністері: бұрын «әуелі құдай, екінші патша» деп келетін ескі пікір, екіұшты иманы өзгеріп, «бостандық, теңдік» деген қадірлі сөздер құлағына майдай жағып, жылы шалынған.

Бірақ оған жетудің ұзақ жолдарында әлі де талай-талай талқылар мен асу бермес асқар белдер бар екен. Мақала иесі соларды түгел шолып келгенде, әлі де он түрлі тосқауыл тұр екен. Бірде үміт пен күдік, енді бірде жарық сәуле нышаны мен тағы да қара түнек қатері алма-кезек

ауысып отырып, ақыры өлдім-талдым дегенде шыққан биігі, көкейдегі асыл арманы — өз қолын өз аузына жеткізетін автономия екен. Ол қазақ даласына қазан төңкерісінің үшінші жылында келіпті. Автордың аңқылдаған көңілмен ағынан жарылып айтқан бұл сөзіне шексіз сенесің: «Октябрь төңкерісінің өткен жылғы мейрамын біз мейрамдаған жоқ едік. Енді бүгінгі күн бізге шын мейрам болды... Бүгінгі күн — адалдық, теңдік, бостандық туы көтерілген күн! Бүгінгі күн — адам баласы бір-бірімен тату-тәтті тұрып, бақытты өмір сүрудің қамына кіріскен күн!.. Бүгінгі күн — естен кетпейтін күн! Көп күндерді тарих ұмытар. Бірақ бүгінгі күнді — Октябрь төңкерісін еш уақытта ұмытпас. Баянды болсын Октябрь төңкерісі!»

Автордың жас баладай риясыз сәби көңілден шын қуанып, шалқи айтқан шабытты сөздерінде иненің жасуындай селкеу жоқ. Ақ көңілдің имандай адал сөздері!

Бұл сөздерді біз Міржақып Дулатұлының кеңес жолына көшкеннен кейінгі алғаш рет өзінің саяси көзқарасын танытқан жалынды публицистік, журналистік тұғыры деп қабылдасақ, осыған жалғаса үздіксіз баспасөз бетінде көрініп тұрған басылымдарынан оның мемлекеттік, қоғамдық ой-пікір бигінен мәселе көтеріп, жалпы ел тағдырының өзекті міндеттерін талқыға салған, қисынды қорытындылар түзген білікті қоғамтанушы, сарабдал саясатшы дәрежесіне көтерілгенін байқаймыз. Сондай мақалаларының бірі — 1921 жылы 29 наурызда «Ақ жол» газетінде жарияланған **«Еңбекшілер автономиясы»** атты мақаласы дер едік.

Мұнда бұрынғы патшалық Ресейдегі мемлекеттік саясатты сөз қылғанда, ең алдымен, ондағы жүргізілген ұлт саясатының жарамсыздығын ашып көрсетеді. Елді мекендеген әртүрлі ұлттардың табиғи ерекшеліктері ескерілмей, тежеусіз ұлы орысшылдық бағыт үстем болғандығының сойқанды салдары аталады.

«Закон орыс тілінде болды. Оқу, оқыту, кеңсе тілі орысша болды. Сот та орысша болды. Билеушілер орыс болды. Жер, су, қазына, әскер билігі орыс қолында. Онда орыс емес ұлттар бұралқы бұратана атанып, айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш, көнтерілі көк есек болды.

Мұнан не туды?

Мұнан ұлтшылдық туды. Уақ ұлттардың ұлтшыл болмасқа шарасы қалмады».

Әрбір қимыл-әрекет әрқашан да өзіне қарсы, кері қимыл-әрекет туғызып отырады дейтін ескі қағидадан жіті ойлы саясаткердің шығарған қисынды қорытындысы осындай.

Енді бұрынғы үкіметтің орнына келіп жатқан жаңа құрылыстың, жаңа төртіптің ерекшеліктері жөніндегі автор көзқарасына назар аударайық.

«Октябрь төңкерісі туды.

Еңбекшілер ұраны жаңғырықты. Кеңес үкіметі құрылды. Тап тартысы басталды. Капиталға қарсы соғыс жарияланды. Октябрь төңкерісі адам баласын екі тапқа ғана бөлді: 1) капиталшылар, жиһангерлер (*империалистер* деген мағынада — Ж.Ы.), отаршылар, байлар, жуан жұдырықтылар, ақсүйектер; 2) жарлылар, жалшылар, өз бетімен күнкөрушілер. Қысқартып айтқанда, бұл екі тап — құлдануышылар һәм құлдықта жүргендер еді».

Осыдан кейін Міржақып алғашқы сәтте бұқара көпшілік Кеңес үкіметінің соңынан еріп кете қоймағанын айтып, оның бірнеше себептерін көрсетеді. Оның бастылары мынадай екен: Ресейдегі жалпы халықтың революцияға дайын болмағандығы; революциялық күштердің әлсіздігі, еңбекшілер бұқарасы арасында саяси тәрбиенің жоқтығы; Ресейде капиталистік төртіптердің әлі әбден орнығып болмағандығы және жұмысшы табының жете қалыптаспағандығы. Сондықтан халық арасында таптық сезімнен гөрі ұлтшылдық көзқарастың басым болғандығы. Ел ішінде еңбекшілер туы көтерілгенмен, Кеңес өкіметінің орталығы орыстың ежелгі ордасы — Мәскеуде орнығуының өзі де орыс тепкісін көп көрген «бұратана» халықтардың: «сары орыстың бәрі орыс» деп, әлі де сенімсіз қарауы бұған теріс әсерін тигізіп отыр екен.

Әділін айту керек, М. Дулатұлының бұл пікірлері кеңестік саясатқа жаңа ғана тартыла бастаған қазақ даласының белсенділері былай тұрсын, революциялық ілімге жетілдік деп жүрген орталық үкіметтің іс басындағы көп большевиктері де айта алмайтын, айтуға ол кезде ой өресі жете қоймаған шындық еді. Бірақ Міржақып бұл ойларын жаңа билікшілердің саясатына сырт көзбен салқын қарағандықтан емес, соған шын тілектестікпен жанашырлық тұрғыдан жарқын қарағандықтан айтқаны деп топшылауға пейілміз.

Мақала авторының өз пікірлерін әрі қарай өрбітуі біздің бұл пейілімізге толық негіз бола алатын сияқты. Өйткені автордың айтуы бойынша, Кеңес үкіметінің шын еңбекшілер мүддесін көздеп жүргізген саясатының нәтижесін көзбен көргеннен кейін, ол әсіресе ұлт саясатына баса назар аударып, халықтар автономиясына кең жол ашқаннан кейін, «әр ұлт ортақшылық (*коммунистік деген мағынада — Ж. Ы.*),

туысқандық жолына түсу үшін өз еркі өзінде, өз жері өзінде, өз тілін, өз әдебиетін, өз мәтбұғатын, өз мектебін, өз шаруасын, өз тұрмысын көркейтіп, өзінен шыққан, өз жайына жетік, өзіне жаны ашитын басшылары болсын дегенге әбден түсініп, уақ ұлттар сонан кейін ғана Кеңес һүкіметінің соңынан ерді. Еңбекшілер туының астына жиылды. Ортақшыл партияның жолына түсті».

Соның алғашқы нәтижесі қандай болды? Бұрынғы патша үкіметінің: «Ресей — орыстар үшін ғана» дейтін ескі саясатының өзгеруі арқасында жиырма шақты кеңесшіл автономия құрылып, бәрі бірге одақтасып, әлеуметшілік негізде «Ресей Құрама Республикасы (*РКФСР* деп ұғыныңыз — Ж. Ы.) жасалып отырғанын мақала авторы осындай дұрыс та әділ саясаттың жемісі деп санайды.

Сөйтіп, автономия алған халықтардың ішінде, «өз тізгіні өзіне тиген біздің қазақ-қырғыз еңбекшілеріне енді не істеу керек?»

Автордың бұл сұраққа қайтарар риясыз жауабы да әзір: Алдымен еңбекшіл қазақ-қырғыз, өзінің досы кім, соны жақсы айыруы керек.

«Қазақ-қырғыздың досы кім, қасы кім?

Кім құлданса, кім зорлық қылса, кім жесе — қасы сол. Кім құлдықтан құтқарса, кім теңгерсе, кім адалдық қылса, аяушылық көрсетсе, досы — сол. Орыс отаршысы, жуан жұдырығы зорлық қылады екен, жерін-суын, мал-мүлкін тартып алады екен, қазақ-қырғыздың жауы — сол. Қазақ-қырғыздың өз байы, өз манабы, өз болысы, өз атқа мінгені зорлық қылады екен, арам ойлы парашыл оқығандары жейді екен — жауы сол.

Бұл мәселені шешіп, қас пен досты анықтап алғаннан кейін не істелуі керек еді? Оның да жауабы ауызба-ауыз айтылады:

«Екінші істелетін іс — кедейлер, жалшылар (*еңбекшілер*) ұйымдасуы керек. Ұйымдаспаған халық, ұрандаспаған топ мақсатына жете алмайды, көрінгенге жем болады, кез келгенге құл болады».

Автор айтар ойын мұнымен де тежемейді. Әрі қарай дамыта түсіп, ұйымдасқаннан кейінгі істелуге тиісті қамқарекеттерді тізбелеп айтады. Олары: өз араларында бой тасалап қалған отаршылар мен зорлықшыларға қарсы күресу; өтірік ортақшыл болып, ішке кіріп алған «антұрғандарды» әшкерелеп, олардың орнына еңбекшілерге шын жаны ашитын таза адамдарды отырғызу; еңбек майданына

аттанып, мемлекет шаруашылығын түзету сияқты күнделікті тіршілік мүдделері. Солардың ішінде автордың әсіресе діттеп, шегелеп айтатын мәселелері: «мекемелерде, ұйымдарда, соттарда өз тілінде іс жүргізіп, мектептерде, медреселерде өз тілімен оқып, әдебиетін, баспасөзін өз тілінде өрбітуге талаптану, оқу-білімге ұмтылу».

Төңкерістен кейінгі төрт жылдың тәжірибесіне және өз топырағымызда орнаған автономияның жарты жылғы аяқ алысына сүйене отырып ой толғаған Міржақып Дулатұлының ел тіршілігіне, туған халқының жаңа тарихи жағдайдағы дем-тынысына үн қосқан алғашқы азаматтық бейнесі біз қарастырған екі мақалада осылай тұлғаланып көрінген еді.

Азаматтық ой-санасы жетілген, елдің ішкі-сыртқы өміріне көзқарасы қалыптасқан қоғам қайраткері ретінде және соларға дұрыс бағасын бере алатын көзі қарақты, көңілі сергек қаламгер ретінде белсене қызметке кіріскен Міржақыптың бұл жылдары баспасөз бетінде көтерген мәселелерінің аумағы қандай кең болса, мазмұн тереңдігі мен мән-мағына өзектілігі де сондай кемелді естіледі. Олардың кейбіреулерін жай ғана атап өткеннің өзінде де оқырманда толық түсінік қалыптасады.

«Қазақ-қырғыз мәселесі», «Қазақ-қырғыз съезі», «Шаруашылықты қалай түзетеміз», «Еңбек қарызы», «Халық соты», «Жастар съезі», «Әйел теңдігі», «Қазақ зиялылары», «Тұрмыс, салт-сана, оқу», «Ғылым, мәдениет майданынан», «Тіл мәселесі» сияқты мақала тақырыптарының өздері-ақ автор назарының қай бағыттарға шоғырланғанын айқын танытса керек.

Осы орайда еске алатын тағы бір жайт — Міржақыптың бірыңғай журналистік қызметпен айналысқан бұл мезгілі оның өміріндегі төшкенттік кезеңге жатады, ал қаламынан туындаған дүниелердің барлығы дерлік «Ақ жол» газетінің бетінде жарық көрген. Сондықтан 1920 жылдың аяқ кезінен 1922 жылдың ортасына дейін созылған бұл кезеңде Түркістан өлкесінде әртүрлі себептермен әлі де шешілмей келе жатқан түйінді мәселелер қозғалғанын байқаймыз. Және олардың барлығы да сол өлкенің құрамындағы қазақ-қырғыз халықтарының тіршілігіне байланысты көтеріліп отырғанын көреміз.

Ал олардағы хал-жағдайдың қандай күйде екені жоғарыда аталған «Қазақ-қырғыз мәселесі», «Қазақ-қырғыз съезі» атты хабарлардан айқын білінеді. Оларда, көп уақыттардан

бермен қарай қалыптасқан жағдай бойынша, бұл өлкедегі қазақ-қырғыз халықтарының тұрмыс халі барлық салаларда да бұрынғы патша отарлығы тұсындағыдан пәлендей өзгермегені, тіпті мүлде ілгерілемегені қатты қынжылыспен айтылады. Осыған байланысты Түркістан Республикасының билік органдарында бірлескен қаулымен белгіленіп отырған шаралар, таяуда Әулиеата қаласында өткізілетін Қазақ-қырғыз съезінің шешімдері толық жүзеге асырылып, жағдайдың шұғыл түзетілуі қажет екені баса айтылады.

Жағдайды түзету үшін, ең алдымен, халық өзі ұмтылып, өзі талаптануы керек. Төңкеріс берген бостандықтар мен мүмкіндіктерді көпшілік бұқараның өзі жүзеге асырмаса, басқа ешкім ештеңе әкеліп бермейтінін автор әрбір мақала, хабарларында діттеп отырады. Жастар мәселесінде де, әйел теңдігі жөнінде де осылай. Бір жағынан ұран тастап, екінші жағынан игі тілектер, ізгі ниеттер білдіруді автор өзіне парыз санайды. Кейде тіпті ресми орындар тарапынан берілетін нұсқаулар деңгейіндегі орынды ұсыныс-пікірлер, ақыл-кеңестер тәжірибелі қайраткер, қаламгер аузымен айтылып жатса, оның ешқандай ерсілігі жоқтай сезіледі.

Айталық, ел ішіндегі ұзаққа созылған аласапыран оқиғалардан кейін үкімет енді ғана ес жиып, халықтың тұрмысын жөнге келтіру жағын ойластыра бастаған кезде **«Шаруашылықты қалай түзетеміз?»** деген мәселені газет бетіне алып шыққан автор таяуда Мәскеуде болып өткен партияның VIII съезі «енді еңбек майданына жортуыл жасаймыз, жоғын табамыз» деп қарар шығарғанын айта келіп, сол мәселенің ендігі жалғасын еңбекші бұқараның алдына өзі де бүйірінен қояды:

«Мемлекет шаруасын түзетеміз, бар күшті еңбек майданына саламыз дегенді біздің қазақ-қырғыз қалай түсінеді екен? Белсеніп, алақанына түкіріп отырған қазақ-қырғыз еңбекшілері бар ма екен? Бар болса, бұлардың қолынан келетін жұмыстары қандай екен?»

Мәселенің қойылысы күрт болғаннан кейін, оның жауабы да дәл осылай шұғыл болмақ керек қой. Енді соған келейік:

«Ешкімді есіркеп істеме, өзің үшін істе. Бірақ өзіңнің тіршілігің көппен байласулы екенін ұмытпа. Жалпы Россияда молшылық, рақат болмай тұрып, саған ала бөтен бір жақтан жақсылық орнай қалады деп ойлама. Бұған көзің жетсе, қазіргі «шаруашылық түзету, еңбек майданына жұмылу» деген ұранды... жалпыға міндет, бәрімізге ортақ борыш деп түсін...»

Мәселенің мемлекет пен халыққа қатысты екі жақ қыры анықталған сияқты. Бірақ жекешіл ойдың түкпірінде қалтарыс қалып қоймады ма екен деген тағы бір түйткіл болуы мүмкін ғой. Автор оны да жайып салып отыр:

«Мемлекет шаруасын түзету керек. VIII съезд осылай қарар шығарды дегенде, біз құр большевиксініп, халыққа жайлы-жайсыз, түсінікті-түсініксіз болса да, ортақшылықтың шашбауын көтеріп айтып отырғанымыз жоқ. Халыққа шын керекті жұмыс болғандықтан, жалпы мемлекет шаруашылығы түзелмей, қазақ-қырғыз секілді жеке ұлттардың да тіршілігі, шаруасы ілгері баспайтынына көзіміз жетіп айтып отырмыз».

Бұдан әрі мақала авторы ауыл адамдарының алдында тұрған, кезекті маусымдық жұмыстарды санамалап айтқанда, оны құдды бір шаруашылықтың маман қызметкері екен деп қаласың.

Ал шындығында, істің егжей-тегжейін ойлағанда, қарапайым еңбек адамының деңгейіне дейін жақындап келе алатын журналист аса бір ірі мәселе сөз болғанда, биліктің ең жоғары дәрежесіне дейін де оның бойы мен ойы қатар көтеріле алатынын кереміз.

Осы мақалаға жалғас жарияланған **«Әйел теңдігі»** атты шағын хабардан біз осыған көз жеткіземіз. Бұл хабарда бүкіл Орта Азия халықтары үшін өте шетін саналатын осы мәселені сөз қыла отырып, мақала авторы көршілес Қазақ Республикасында қалыңмалды жою туралы үкімет қаулысы қабылданғанына сілтеме жасайды және осындай аса зәру шара Түркістан өлкесінде де қабылданса екен деген ойын ашық айтады.

Міржақыптың қайраткерлік және қаламгерлік дарынының ел мүддесімен, халық қамымен ұштасқан үні осы кезеңде оқу-ағарту жайы, баспасөз қызметі, сот жұмысы сияқты маңызды мәселелер төңірегінде «Ақ жол» бетінде ой толғаған басқа да көптеген материалдардан айқын естіледі. Солардың ішінде авторды ерекше ашындырған бір тақырып — сол жылдары оңтүстік өңірлерде етек алған жаппай ашаршылыққа қарсы күрес мәселесі. Олардың барлығын бұл жерде түгел талдап жатуға мүмкіндік жоқ. Оқырман өзі де оқып, көріп, болған қасіретті жағдайдан толық мағлұмат ала алар деп ойлаймыз.

Бірақ бұл тұста ел қамын, халық тағдырын әріден кең ойлайтын азамат Міржақып тұлғасын тағы да толығырақ аша түсу үшін, оның **«Екі жарты бір бүтін»** деген өте шағын,

бірақ кесек алтындай аса салмақты ой ұшығын андағанымыз мақұл болар. Мұнда егіз баладай қатар аяқтанып, қаз-қаз басып келе жатқан екі республика — Түркістан мен Қазақстан арасындағы өмірдің барлық салаларын қамтуға тиісті тығыз бауырластық қарым-қатынас жайы сөз болады.

Шет пұшпақтап, тек екі бағытта — оқу-ағарту және баспасөз, әдебиет саласындағы ауыс-түйіс төңірегінде ой тастау ретінде ғана айтылған емеурін. Бұлардың әр жағында экономикалық, мәдени-рухани, тағы басқа көптеген арналарда жемісті байланыстың қаншама ұшан-теңіз көздері мен кеніштері жатыр. Бұл соларға түскен саналы ойдың алғашқы бір-екі тармақ сәулесі ғана еді.

Қысқасы, жаңа өмірдің елең-алаңында өзінің алғашқы қадамдарын өткізген ташкенттік кезеңде — Түркістан республикасының қалыптасу процесіне белсене араласқан бір-екі жыл беделіндегі Міржақып Дулатұлының журналистік қызмет арналары осындай. Оның қаламынан туындаған отты сөздердің бәрі өзі тұсауын кесушілердің бірі болған «Ақ жол» газетінің бетінде жарияланғаны да ерекше атап айтарлық жайт.

Сол кезде белгілі қазақ зиялыларының үлкен бір тобы шоғырланған Ташкент шаһарында бұл тарихи басылымның өмір айдынында ақ жол тартып, ізгі сапарға аттануында, оның талай асулардан асып, артына өшпес із қалдыруында Жақаңның сіңірген еңбегі өлшеусіз зор екені осы азғана шолудан айқын көрінеді. Осы қызу еңбек үстінде сирек дарынды бұл кісінің өзі де шынығып өсті, өмірлік мол тәжірибе жинады. Және бұл тұста біз үшін өте маңызды болып көрінетін бір жайт — тағдырдың ауыр тақсіреттерін тартып келіп табан тіреген жаңа өмірдің табалдырығынан ақ ниетпен аттап өтіп, ар алдындағы борышына адал болғанына алғашқы айқын дәлел де осы жылдар еді.

* * *

Қазақстанға қайтып оралып, өзінің отбасына қосылғаннан кейін, Міржақыптың алғашқы тұрақтаған жері Семей қаласы болатын. Бірақ жамандық жар астында деген емес пе, сот орындарында төп-төуір жұмыс атқара бастаған кезде ескі әңгімелердің дүмпуі болды ма, әйтеуір ешбір дәлелді себепсіз абақтыға қамалады. Кешікпей сол қапаска Әлихан Бөкейханов та келіп түседі. Сірә, осы жолсыздық хабары Республиканың жоғарғы орындарына да жеткен болуы керек. Солардың

нұсқауымен бұл кісілер Орынборға жөнелтіледі де, сол жерде екеуіне де бостандық беріледі. Әлекең Мәскеуге аттанады, ал М.Дулатұлы Қазақ халық ағарту институтында (*Казахский институт народного образования деген орысша мағынасынан қысқартып алынған атауы КИНО* — Ж. Ы.) ұстаздық қызметке орналасады.

Жаңсақтықтан әлде жергілікті белсенділердің әпербақандығынан болған аз күндік азапты кек тұтпаған ер мінезді Жақаң Түркістанда басталған кеңестік бағыттағы белсенді жұмысын әрі қарай осылай жалғастырып еді. Оның бұрынғы ұстаздық тәжірибе негізінде қалыптасқан ағартушылық көзқарасы мен көп жылғы журналистік қызметі үстінде шындалған саяси көзқарасын бүкпесіз емін-еркін білдіріп, шабыттана еңбек еткен жылдары да осы тұс болатын. Сол кездің өз тілімен айтқанда, кеңестік платформадан табан аудармай, азаматтық ары алдындағы адалдығын ақырына дейін таныта алған кезеңі де нақ осы мезгіл еді деп біз де кесіп айта аламыз.

Осы тұста тағы бір шегініс жасайық. Кеңес өкіметінің жағына алғаш рет шыққан бойда сонау Омбыдағы «Кедей сөзінде» Қазан төңкерісінің үш жылдық мерекесіне орай жариялаған публицистикалық толғауында Міржақып өзінің саяси көзқарасының болашақта қай бағытта дамитынын айқын танытқаны жоғарыда айтылған. Сол газеттің дәл сол санында **«Совет өкіметі және оқу жайы»** деген мақаласын және жариялап, ол жаңа құрылыстың ағарту саласындағы бағытының да халық мүддесімен табиғи ұштастып жатқандығын түгелдей құптаған. Өзінің бұрынғы ұстаздық тәжірибесіне сүйене отырып, бұл жұмыстың егжей-тегжейлерін халыққа түсіндіріп берген.

Сөзіміз дәлелді болу үшін автордың сол кездегі өз уәжіне жүгінуге тура келеді: «Оқу жайы бұрын қандай еді, қазір қалай, соны салыстырып көрейік. Патша заманында жалпы Ресей халқы, әсіресе біздің қазақ халқы, су қараңғы соқыр еді, надан еді. Әуелгі кездегі саясат халықты неғұрлым қараңғылықта ұстаса, соғұрлым айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш көретін еді».

Автордың осы тұжырымдарын дәлелдеуі де дәйекті болатын. Алты миллионнан астам жұртта бұл күнге шейін жоғары білімді адам 60—70-тен аспайды екен. Оқу желісі тәуір деген Семей облысының өзінде он мың жанға бір ғана ауыл мектебі келеді екен. Ал олардағы білім сапасы тіпті сөз етуге келмейтін жағдайда. Осындай сорақылықтың

түпкі себептерін іздегенде, мақала иесі істің кілтипанын тағы патшалықтың саясатына апарып саяды да, миссионер Победоносцевтің оқу министріне жазған баянхатынан мынадай үзінді келтіреді: «Қазақ баласын бастауыш школдарда ғана оқытып, ғылымның жоғары басқышына шығармау керек. Олар төуір оқыса, көзі ашылып кетіп, ұлтшыл, саясатшыл болады. Бізге олардың ұлтынан айырылып, басқаларға ере алмағаны керек».

Бұрынғы осындай кесірлі кертартпа саясатқа автор қазіргі жағдайды қарсы қояды.

«Қазір қалай?

Қазір Совет өкіметі тұсында оқуға жол даңғыл. Тілесең, қай тілде оқы, қалай оқы, тоқтау жоқ. Әйтеуір, оқы... Оқу жасындағы балалар, әйел-еркек демей, тегіс оқуға міндетті... Халыққа өнер-білім тарату жолында ақша аяу деген жоқ. Бұл қалыппен барсақ, енді он жылда оқымаған қазақ баласы қалмайды...»

Бұдан әрі автор өліара кездің әртүрлі қиындықтарын да айта келіп, болашаққа деген сенімін тағы да көтеріңкі дауыс ырғағымен білдірген:

«Соғыс та басылар, қымбатшылық жоғалар, әр нәрсе сабасына қайта түсетін заман туар. Бірақ дүниенің жайлануын күтпей, жанталасып іс қылмасақ, тағы да қатардан қалып қоямыз. Надандықта, құлдықта қалғанымыздың жаласын патша өкіметіне аударсақ, ағаруымызға, теңелуімізге себепкер болып отырған Совет өкіметі һәм Совет өкіметін тудырған Октябрь төңкерісі екенін ұмытпауымыз керек».

Бұл, өзіміз көз жеткізіп отырғанымыздай, қыздырманың қызыл сөзі де, жалаң үгітшіліктің ділмарсуы да емес, жүректің тереңінен шыққан ар-ұжданның үні болатын. Арада екі жыл өткенде Республикамыздың астанасындағы беделді оқу орнында ұстаздыққа кірісіп, оған қоса, жаңа бағдарламаға сәйкес тың оқулықтар жазуға белсене ден қоюы және оларын жылма-жыл тоғытып шығара бастауы осындай ізгі ой-ниеттің жүзеге асқан нақты көріністері еді.

Байқап отырсақ, бұл жылдары Міржақып бұрынғыша баспасөзде оқу-ағарту саласының күнделікті практикалық мәселелерін көтерумен бірге оқу орындарындағы бағдарламалық және әдістемелік сипаттағы өзекті проблемаларды да қозғай бастағанын, оқу мен оқытудың ғылыми-теориялық қырларына назарды көбірек аударғанын көреміз. «Тұрмыс, салт-сана, оқу», «Дін және ғылым», «Жаңа жазу ережелері»,

«Ғылым төңкерісі», «Дене тәрбиесінің негізі — жаратылыс күштері» сияқты басылымдары осының дәлелі болмақ.

Мысал ретінде «Тұрмыс, салт-сана, оқу» деген көлемді мақаласына қысқаша ғана тоқталып көрейік.

1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында басылған бұл көлемді еңбекті болмыс пен сананың арақатынасы жөніндегі философиялық тақырыпқа арналған ғылыми очерк-эссе деп бағалауға болар деген ойдамыз. Сол кездегі өте маңызды мәселені көтерген мазмұнды басылым. Біз оның мәнін ашып, ғылыми тұрғыдан баға бермекші емеспіз. Біз үшін бұл тұстағы маңыздысы — өте күрделі ғылыми проблеманы сөз қылғанда, оны көшпелі қазақ тұрмысымен байланыстырып, көп оқымаған қарапайым ел адамдарының ой-өрісіне жақындата, мейлінше ұғынықты етіп түсіндіруі.

Бұл дәстүр — арғы бастауы ұлы ағартушы Ыбырайдан басталып, кейін оның ең бірінші ізбасары Ахмет Байтұрсыновқа дарыған ұстаным. Кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында өлкедегі оқу-ағарту ісін басқарған Ахаң жаңа оқу жүйесіне қажетті оқулықтар әзірлеу ісіне өз айналасындағы Ысмағұл, Жүсіпбек, Мағжан және басқа білімді азаматтарды тартқанда, осы ұстанымды оларға қатты тапсырған. Орталықтан орыс тілінде әзірленіп келген оқу құралдарының негізгі мазмұндық қисындарын пайдаланып, оларды жаңа оқулықтарда қазақ өмірінен алынған, жас-көріге бірдей түсінікті мысалдармен пысықтауды бірінші орынға қойған.

Міржақып мақаласындағы бірінші ерекшелік те осы бағытта бой көрсетеді. Одан кейінгі, маңызы бұдан кем түспейтін екінші ерекшелік — жаңа үлгідегі кеңестік мектептің тәрбиелік мәні және ондағы беретін білімнің өмірге жанасымдылығы, практикалық маңызы. Міржақып бұл бағыттағы өзінің азаматтық борышын ешқашан ұмытпайды. Мақаласының қорытынды бөлігінен біз мұны айқын аңғарамыз.

* * *

Міржақып Дулатұлының қоғамдық-шығармашылық өмірінің жиырмасыншы жылдардағы Орынбор — Қызылорда кезеңі ғылыми ізденістер мен қаламгерлік шабытқа толы, ерекше жемісті жылдар болып еді. Әуелі Халық ағарту институтында қазақ тарихынан дәріс беріп жүргенде басталған ұстаздық, зерттеушілік жұмысына Қазақ мемлекет баспасындағы жауапты қызмет қосылып, қабілет дарынның

жаңа бір көздеріне жол ашқан. Сонымен бірге ол кісінің ертеден жалғасып келе жатқан журналистік мамандығы «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» газеттеріндегі әдеби хатшылық немесе редактордың стилистика жөніндегі көмекшісі лауазымдарымен ұштасып, публицистік шеберліктің өзіндік бір мектебіне айналған.

Осы салалардың қай-қайсысында да кезінде М.Дулатұлы тындырған талай игілікті істердің ізі архив тозаңына көміліп қалмай, күні туғанда қайтадан жарқырап шыға келгені өте сүйінішті жайт. Айталық, туған халқымыздың арғы тарихын зерттеу үстінде Міржақып ашқан жаңалық — қазақ халқының тарих сахнасында пайда болу мезгілін бірнеше ғасыр өрі жылжытып, бұл саладағы кейінгі ғалымдарға кең өріс ашып кеткені, өкінішке қарай, енді ғана мәлім болып отыр. Сол сияқты тақыр орында негізі қаланып, іргесі көтерілген ұлттық баспагерлік өнердің даму жолы да көбінекөп сол кісінің есімімен тығыз байланысты болғанын көреміз. Жиырмасыншы жылдардың ортасында жарық көрген қазақ тіліндегі кітаптардың екі бөлімдік көрсеткіші бұл бағыттағы Дулатұлы еңбегінің нақты нәтижесі екеніне бұл күнде ешкім дау айта алмас деп ойлаймыз.

Ақыр-аяғында сол кезеңдегі мерзімді баспасөз беттеріндегі ең өткір, ең өзекті мәселелерді көтере жүріп, жаңа құрылыстың артықшылықтарын, кеңестік саясаттың халық мүддесіне үнемі үндес келетін ерекшеліктерін ылғи да оқырман санасына құйып отыратын Міржақып машығына мән бермеуге және де болмас еді.

Біз осы ерекшелікті қайта-қайта шегелеп не үшін айтып отырмыз? Жалғыз ғана мақсатпен. Қайсар мінезді бір беткей қайраткердің жаңа тәртіп жағына шыққан кездегі оған қызмет етемін деп берген антына адалдығын дәлелдеу үшін.

Оған көзіміз жетті.

Бірақ...

* * *

Ие, үлкен «бірақтың» кезегі енді келді.

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып, туған топырағында өзі арман еткен ұлт мемлекетінің сол кездегі ықтимал үлгісі жүзеге асқан күннен былай қарай халқына да, сол халқы тіршілік еткен қоғамға да адал қызмет еткенімен, Міржақып Дулатұлының

адалдығына жоғарғы жақтан сенімсіздіктің қара көленкесі түсе берген сияқты. Соның күнкіл жаңғырығын арагідік құлағы шала жүрсе де, мән бермеуге тырысқан төзімділікте де шек бар екен. Бір күні сол төзім таусылды.

Ел ішінде саяси ахуал күннен-күнге шиеленісіп, қалталарында қызыл билеттері бар сенімділер арасында бетегеден биіктемеу былай тұрсын, барған сайын жусаннан да аласара түскеніне қоймады, енді ашық шабуыл шаңдағы анық байқала бастады.

Сондықтан «Ауыл тілі» газетінің қызметкері Міржақып Дулатұлы Қазақстан өлкелік партия комитетінің баспасөз бөліміне арыз жазып, қорғануға мәжбүр болды. Бұл 1926 жылдың қыркүйек айы болатын. Онда былай деп жазылған:

«Мен «Ауыл тілінде» қызмет еткенде, газеттің тілін ажарлау (*келген хаттарды түзету*), газеттерден керекті хабарларды теріп алу, орысша жазылған сөздерді аудару сықылды жұмыстарды атқарамын. Өздігімнен де мақала жазамын. Бірақ газетке басылған сөздерді саяси редакторларға көрсетіп, солардың рұқсатынан соң жіберіп отырамын... Істің жайы осылай болса да, газеттің мазмұны, бағыты үшін мені айыптайтындар бар көрінеді. Көше сөзін елең қылғым келмесе де, «Еңбекші қазақтың» кешегі 197-санында басылған сөз құр өсек емес екені баспасөз жүзінде әйгіленіп отыр». Бұл үлкен бір дүмпудің хабаршысы сияқты еді.

Осы жағдайды хабарлай келіп, арыз иесі мынадай екі тілек білдіреді: 1) газет бетіндегі материалдар түгелдей саяси редактордың қолынан өтетін болғандықтан, өзін олардың саяси мазмұны үшін жауапты деп санамау; 2) өзін көпшілік алдында орынсыз жазғырудан қорғау.

Баспасөз бөліміне білдірген және газет бетінде жарияланған жалаға қайтарған жауабын автор сол газеттің өзінде бастыруды өтінеді.

Бұл арыздан қандай нәтиже болғаны бізге мәлімсіз. Ақыры, айналдырған ауру алмай қоймайды дегендей, Міржақып 1928 жылдың 29 желтоқсаны күні тұтқынға алыныпты.

Тоталитарлық тәртіп құлап, Алаш ардагерлері түгелдей ақталғаннан кейін, солардың тергеу құжаттарын зерттеген жазушы Дүкенбай Досжанның «Абақты» атты кітабында Міржақып Дулатұлының істі болу тарихы бастан-аяқ баяндалған.

Өмірінің соңғы он жылында Кеңес өкіметіне зәредей қарсылық әрекетін қолымен жасамақ түгіл, тіпті ойына да

алмаған қайран ер алғашқы тергеу кездерінде қаншама шыдамдылық танытып, байсалды жауап беруге тырысқанымен, айыптаушылардың аяусыз қаталдығы мен буынсыз қысымының аяғы немен тынарын анық ұғынғандай екен. Не туралы жазса да, өуелі әр нәрсені жан-жақты тексеріп, егжей-тегжейлі зерттеп алатын зерделі де ізденгіш жазушы осыны лезде аңғарыпты. Ендігі сөзді кітап авторының өзіне берейік:

«Келесі, бесінші тергеуге дейін Дулатов көп ойланып, мол толғанып, өзінің осынау абақтыдан аман шықпасын ішкі бір түйсікпен сезген бе дейміз; сезген соң қолына қалам алып, төменгі мәлімдемені қағазға түсірген секілді. Сол мәлімдеменің қазақша дәл аудармасын ұсынамыз. Бұл мәлімдемені абақтыдағы азаматтың жан сыры десе болғандай».

Келешегінен біржола күдер үзген тұтқын жазушы ақтық дем-тынысы алдында айтып кетер соңғы сөзін елжұртына қалай жеткізудің амалын ойластырып келіп, ең төте жолын тапқан. Айыпкердің аузынан шыққан және қолымен жазылған әрбір сөзді ресми құжат деп қабылдайтын формалист тергеуші тұтқындағы адамның берген жазбаша мәлімдемесін (*мұның ұғымында түсінік хатын*) алған да, іске тігіп қойған.

Арада жылдар өткенде, сарғайған тергеу қағаздарының ішінен осы қағазды көзі шалған екінші жазушы, зейінді зерттеуші хат иесінің ойын дәл ұққан да, ең дұрыс қорытындыға келген. Хаттың мәнді жерлерін көшіріп алған да, оған мазмұнына сай айдар тағып, дереу жалғанның жарығына шығарған.

Міне, сол аманат енді өзінің заңды орнын тауып, арманда кеткен автор шығармаларының кезекті томына беташар ретінде ұсынылды. Сөйтіп, көп томдық жинақты бастырудағы дәстүр өзгертіліп, Жақаңның «Ұрпаққа хаты» көзі тірісінде өз қолымен жазған ең соңғы дүниесі болса да, өлгіндей өсиеттік мәніне қарай, осы томның алдына ту ретінде шығарылды.

Сонымен, Ұрпаққа хат. Ұлы жүректің ақтық лүпіліндей тереңнен тартылған тап-таза, мөп-мөлдір сөздер тізбегі. Алыста қалған аға буынның асыл армандарын болашаққа аманат етіп жеткізген қымбат ескерткіш. Сөздері қандай адал, қандай ақиқат болса, ақырғы нүктеге тірелгендегі салмағы да сондай зілмауыр, сабытты. Онын себебін де жүрекпен сезіп, ақылмен аңдаймыз.

Өз аға арылу сөзін халықпен бастап, халықпен аяқтапты. «Адассам — халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға

ұмтылсам — ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын», — депті. Халқының басындағы қиын-қыстау кезеңдерде өркилы бұралаң-бұрылыстардан қияға жол тартып, мұратты нысанасына жеткенше әртүрлі кедергілерге сүрініп-қабынып, құлап-тұрып, қайтадан бой жазып кеткен ер азаматтың арманы не? Егер сол арманы жеткізбей кетсе ше? Тіпті, жеттім деген арманының өзі түптің түбінде теріске шықса қайтер еді?

Осы сұрақтардың қайсысы жеңіл? Сірәғысында, өмірдегі өкініштің өлшемі бар ма?

Міржақып «адассам — халқыммен бірге адастым» дегенде, қай жолдан адасқанын еске алып отыр? Алаштың туын көтеріп жүріп, кеңеске қарсы шыққанын айта ма? Большевиктердің азаттық деген ұранының жалғандығына көзі жете жүрсе де, халқынан ажырап кете алмаған кейінгі бір кездері болды ма екен? Жоқ, ондай екіжүзділікке баратын да, оған қиятын да адамың Міржақып емес. Сондықтан оған жалған өкініштің зәрін тарттырмаған абзал.

Бұл жерде ойға оралатын бір-ақ сұрақ бар. «Екі күймек бір жанға әділет пе?» дейтін ұлы Абайдың аузымен айтылған мәңгілік сұрақ.

Халқын патшаның отарлық бұғауынан азат етемін деп жүргенде тартқан азабына Міржақып та, оның мақсаттас серіктері де өкінбеген, «қылша мойын талша» деп, қасқайып қарсы тұрған.

Оларға ең ауыр азап — кейінгі билікшілердің бақай есебі мен арзан қулығына, солардың ішмерез зымияндығы мен иіс алмас топастығына, әлдекімдердің зұлымдығына жем болып кеткендігі болса керек.

Алаш ардагерлерінің де, олардан кейінгі отыз жетінің өзге құрбандарының да қайғылы қасіреті дәл осы жауыздықтың астында көміліп жатыр. Соларды жоқтаған бүгінгі ұрпақ, ең алдымен, сол үшін күйзеледі, сол үшін күңіренеді.

Міржақыптың ұрпаққа арнаған хатын оқығанда, біз де дәл сондай күй кешеміз. Күйінеміз де күңіренеміз. Сөйте отырып, алдымызда азбас адамгершіліктің, қайсар қайраткерліктің, туған халқының алдындағы айнымас адалдықтың үлгісіндей аға буын болғанына шүкіршілік етеміз. Тек, әйтеуір, солардың асыл қасиеттері ұлтының кейінгі ұрпақтарына жұғысты болсын деп тілейміз.

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ

Түсініктемелер

Міржақып Дулатұлының бес томдық шығармалар жинағын баспаға әзірлеу үстінде осы жұмысқа тартылған қызметкерлер тобының өзіндік бір төжірибесі қалыптасқан тәрізді. Сол бойынша әрбір томның жалпы мазмұнына кіріспе сөзде шолу жасалып, сонан соң бірсыпыра сүйекті материалдар жекелей немесе топтама түрінде талданған. Онда қамтылмаған жарияланымдарға түсініктеменің кейінгі бөлігінде тағы да жекелей немесе топтап мағлұмат берілген.

Қолыңыздағы үшінші томда Міржақыптың жолын тауып, болашаққа жолдаған аманат сөзі — «Ұрпаққа хат» қалыптасқан хронологиялық ретпен кітаптың соңында берілмей, алдыңғы орынға шығарылды. Ол жөніндегі айтылар ой-толғам томның соңында айтылды.

Ал одан кейінгі «Түсініктемелер» жоғарыда айтылған тәртіп бойынша материалдардың мазмұны мен көлеміне қарай жазылды. Оқырман қауым осының бәрін мақұлдап қабылдар деп үміттенеміз.

«Қазақ-қырғыз мәселесі» — Түркістан Республикасының басты органы ретінде жаңадан ұйымдастырылған «Ақ жол» газетіне жазған М.Дулатұлының тырнақалды материалы. Автор мұнда Түркістан құрамында сан жағынан аздау болған қазақ-қырғыз халықтарының әртүрлі себептермен қағажу қалып, бұрынғы патша отаршылдығы тұсындағы мешеулік пен тұрмыс тақсіреттерінен әлі де арыла алмай келе жатқанын қынжыла баяндайды. (*Және бір есте болатын жайт — бұл материалдарында түгелдей дерлік қазақ-қырғыз халықтарының мұң-мұқтажы ылғи тіркестіріліп бірге айтылады.*)

Бұған дейін мұршасы келмеген үкімет орындарының енді-енді ғана ес жинап, пайда болған мүмкіндіктер негізінде көлемді шаралар қолданғалы отырғаны айтылады. Мақалада Түркістан республикасының Орталық Атқару Комитеті, Түріккомиссия,

Халық Комиссарлары Кеңесі, Өлкелік партия комитеті тарапынан белгіленіп отырған жұмыстар он жеті пунктпен санамалап көрсетіледі.

Солардың барлығында да автордың белгіленген жоба-жоспарлардың жүзеге асырылуына тілектестігі байқалады.

Автор бұл бағыттағы ойларын осы мақалаға жалғас **«Қазақ-қырғыз съезі»**, **«Жастар съезі»** атты хабарларда да пысықтай түскен.

«Тіл мәселесі» — мақалада автономия құрылғаннан бері Республика аумағында тұратын халықтардың өз тілінде сөйлеуге, оқуға, мемлекет істерін жүргізуге мүмкіндік туғаннан кейін сол шараларды жүзеге асырудың жолдары сөз болады.

Бұл мәселенің маңызын түсіндіру үшін автор бұрынғы патшалық тұсындағы жағдайды еске түсіре келіп, алдымен сол кездің зардаптарынан арылудың қажеттігіне назар аударады.

«Баспасөз туралы мәжіліс» деген хабарда да бұл мәселе екінші қырынан көтеріліп, ұлт тілдерін дамытудағы баспасөздің атқаратын қызметі баса айтылады.

«Халық ағарту комиссариаты назарына». — Мұнда шағын-шағын болып оңаша отырған қазақ-қырғыз ауылдарындағы балаларды оқуға түгел тарту үшін оларға арнап, ірі елді пункттерде жатақханасы бар коммуна мектептерін ашу мәселесі көтеріледі.

«Сауатсыздықты жоғалту», **«Халық ағартушыларының құлағына алтын сырға»**, **«Жастарға»**, **«Кім оқытады?»** атты мақалаларда да оқу-ағарту ісінің әртүрлі мәселелері қозғалады.

«Шаруашылықты қалай түзетеміз?» — Қазақ-қырғыз халқының тұрмысын жақсарту үшін ауыл шаруашылығын жолға қоюдың шұғыл шараларын көтерген бұл мақала туралы жоғарыда сөз болған. **«Еңбек қарызы»** атты мақаланы да осы өңгіменің қисынды жалғасы деуге болады. Жергілікті халықты еңбекке тәрбиелеу, олардың еңбек белсенділігін арттыру мәселелерінің қаншалықты маңызды екені жан-жақты түсіндіріледі.

«Аштық қырғынынан қайтсек құтыламыз?», **«Ашыққан елге жәрдем қайткенде көп жиналады?»** — автордың қатты ышқынып жазған бұл мақалаларында, әрине, бірінші кезекте осы апатты жағдайға қарсы шұғыл шаралар қолдану қажеттігі айтылатыны түсінікті. Бірақ осының ар жағында мұндай қасіретті болашақта болдырмау үшін өнімді ауыл шаруашылығын жолға қою мәселесі өзінен-өзі күн тәртібіне сұранып тұратыны да түсінікті болса керек.

«Халық соты». — Көлемі шағын бұл мақалада халықтың, елдің, мемлекеттің өміріндегі өте маңызды мәселе көтеріледі. «Сот түзелмей, халық түзелмейді. Сот халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмесе, сот емес, ол — сор» деген алғашқы екі сөйлемде-ақ мақаланың мәні ашылып тұр.

Қандай бір ұғым, оқиға, құбылыс тұралы сөз қозғаса да, оның арғы түбін, тарихын түбегейлі түсіндіретін дағдысы бойынша, автор қазақтың ежелгі болмысындағы ел билеу, төрелік айту, әртүрлі қайшылықты, жөнсіз, халықтың ұғымына жат оқиғаларды шешкенде, соны ақылға салып, қисынға келтіріп, әділетпен шешетін билер төрелігін еске алады. Оның өмірде сыналып, халықтың тіршілік тынысына сай келіп қалыптасуының сырына үңіледі, себептерін ашады.

Ескі би төрелігінің бедел-күшінің басты себептері: ақыл-парасатқа сүйенетіндігі, әділетті жақтайтындығы, қисынының беріктігі, әсіресе ешкімге іш тартпайтын турашылдығы екен.

Патшаның отарлық заманында қазақтың ел билеудегі осы дәстүрлі үрдісі аяққа басылып, өрескел бұзылуы халықтың басына келген үлкен бақытсыздық екенін Міржақып бұдан бұрынғы мақалаларында талай рет жазған (*мәселен, қараңыз: Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. «Мектеп», 2003, 77—81-беттер*).

«Енді жаңа дәуір басталды, — деп жазады автор. — Бұрынғы ескі закондар жыл асырылып, жалпы жұртқа ерік беріліп, Кеңес һүкіметі халық соты туралы да закон шығарып отыр...

Енді не қылу керек?

Енді сот жұмысын құруға белсеніп кірісу керек... Сотқа шын еңбекшілер қамын ойлайтын, ақшаға, ажарға сатылмайтын, халықтың өдет-ғұрпына жетік ақжүрек адал адамдарды сайлау керек».

Автордың жаңа үкімет шығарған сот заңын құптап қарсы алуында және сол заңның мүлтіксіз жүзеге асуына қалтқысыз сенуінде ешбір кінә жоқ. Сондықтан осы бағыттағы жақсы істерді дереу қолдап, насихаттауы да заңды еді. Кейінірек сол «Ақ жол» газетінде жарияланған **«Сот осындай болсын!»** деген мақала бұған айқын мысал бола алады.

Бірақ, өкінішке қарай, қандай жақсы заңның да оп-оңай бұрмаланып, ақырында халыққа қандайлық апатты қасірет әкеле алатынын автор да, өзгелер де ол кезде қайдан болжап біле алсын?!

«Кронштадт оқиғасы». — 1921 жылдың ақпан-наурыз айларында сыртқы жаулардың қолдауына сүйеніп, Кронштадта эсер-меньшевиктер мен анархистер ұйымдастырған бүліншілік туралы мақала. Бұл кезде Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясының саясатын белсене қорғап жүрген автор бұл бүліншіліктің кеңеске қарсы бағытталған мәнін ашады. Мұның ар жағында, кешегі патшалықтың зорлығы өтіп қалған отар, «бұратана» халықтың өкілі болғандықтан, сол тастүнек заманды

қайта орнатуды көздеген қара күштерге, авторша айтқанда, қаражүзділерге қарсы ашу-ызасы, наразылық үні ерекше естіледі.

«Қазақ зиялылары» — өте мәнді мәселе көтерілген публицистикалық мақала. Жазылу мәнері өзгеше, пікірталас (полемика) түрінде, бірақ екі немесе одан да көп адамдардың айтысы емес, автордың бір өзінің ішкі ой таласы, сұрақ-жауап түріндегі ішкі монологі сияқты өзгеше бір стильде қағаз бетіне түсірілген жазба.

Ой талас бір мәселе, қазақ зиялыларына көзқарас төңірегінде өрістетіледі. Соларға деген қайшылықты, көбінесе қарамақарсылықты көзқарас төңірегінде; әлбетте, көбінесе әділетсіз көзқарас жайында.

Мәселен, біреулер оларды партияға (*қазіргі билікші партияға*) кірмедіңдер деп күстәналайды; ал кейбіреулер олардың партияға кіреміз деп тілек білдіргендерінің алдынан олардың өткендегі көзқарастары мен іс-әрекеттерін кедергі етіп қояды.

Бұдан әрі автор сол зиялы деген ұйымды таратады. Оның айтуынша, біздің қазіргі (*яғни, сол кездегі*) зиялы деп жүргендеріміз — бұрынғы санаулы оқығандарымыз. Ал алғашқы оқығандарымыз, әсіресе олардың ең әуелгі тобы ұлтшылдық көзқараста тәрбиеленген, саяси көзқарастары ұлтшылдық сезім арқылы қалыптасқан адамдар еді. Біздің коммунистеріміз — партияға тек бертінде, ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде ғана кіргендер.

«Сондықтан, деп түйеді ойын автор, — партия қатарын «шын таза, шын еңбекшіл, шын жұртшыл» азаматтар арқылы толтыру қажет болса, сол зиялылар, яғни оқығандар, яғни ұлтшыл адамдар арасында ондайлар аз болмауы мүмкін ғой.

Ал қазіргі коммунистіз деп қалтасына қызыл билет салып жүргендердің арасында теріс пікірлі, теріс мінезді адамдар жоқ деп кім айта алады?»

Осындай ішкі ой-толғамын автор үкімет басындағы партия қатарын халыққа адал қызмет ететін лайықты адамдармен толықтыру жөніндегі риясыз тілекпен аяқтайды.

«Ахмет Байтурсунович Байтурсунов» — Ахмет Байтұрсынұлының 50 жасқа толу мерейтойына орайластыра орыс тілінде жазылған өмірбаяндық очерк. Сол тұста «Ақ жол» газетінде басылған Мұхтар Әуезовтің мақаласымен қатар бұл очерк Ахаң туралы алғаш рет жарық көрген толымды ғұмырнамалық анықтамалық материалдар қатарына жатады.

Очерк Орынборда құрылған «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» (Общество изучения Киргизского края) еңбектерінде, оның 1922 жылғы III шығарылымында жарық көрген. Қос арыс ақталғаннан бері де әртүрлі басылымдарда қайталанып басылып жүр.

«Тұрмыс, салт-сана, оқу» — ғылыми-ағартушылық сипатта жазылған мақала. Ақын, жазушы, журналист, ұстаз ретінде кеңінен танылған автордың ғылыми көзқарасымен бірге оқымыстылық қабілетін де дәлелдейтін мазмұнды еңбек. Бұл жөнінде осы томның соңында берілген шолуда толығырақ айтылған.

«Дін және ғылым». — Бұл мақала жөнінде де аталған шолу мақаланы қараңыз.

«Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» — Қазақ-қырғыз халықтарының арғы тарихын зерттеуге арналған көлемді ғылыми мақала. 1922 жылы Орынборға келіп, Халық ағарту институтына тарих пәнінің оқытушысы болып орналасқаннан былай қарай М.Дулатұлы қазақ-қырғыз тарихын зерттеу ісімен зер сала шұғылданған. Бұл еңбек соның жемісі. Оның қазақ тарихы жөнінде бұдан бұрын да жазған ғылыми мақалалары болатын (*қараңыз: Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. «Мектеп», 2003. 59—64-беттер*).

Бұл жазбалардың мазмұнын баяндап жатудың қажеттігі жоқ деп ойлаймыз. Бір ғана ерекшелігін атап өтуді жөн көреміз. Кешегі тоталитарлық тәртіп тұсында қазақ халқының тарихы XVII–XVIII ғасырлардан бермен қарата зерттелетін. Тек сол межелерден ғана бастау алатын сияқты ұғым қалыптасқан. Тәуелсіздік алғаннан бері ол ұғым едәуір кеңейтіліп, XV ғасырға қарай апарылды.

Ал Міржақып Дулатұлы халқымыздың арғы тарихына сәуле түсіретін ғылыми түпнұсқаларға сүйене отырып, оның бастауын X ғасырдан көп әріге қарай жылжытып кеткені енді белгілі болып отыр. Екінші бір сүйсінерлік жайт — Міржақып мағлұматтары бұл жөніндегі өзіміздің төлтума нұсқаларымыз — Шоқан, Абай пікірлеріне үндес келетіндігі.

Тағы бір атап көрсетерлік мағлұмат: тергеу орындарының адамдары Міржақыпты соңғы рет тұтқындаған кезде, үйіне тінту жүргізгенде, қазақ тарихының жалпы көлемі 279 бет 4 дәптер қолжазбасын алып кеткен (*қараңыз: Д.Досжан. «Абақты». «Қазақстан», 1992*). Соған қарағанда, Жақаңның қазақ тарихы жөнінде жарық көрмей кеткен еңбектері де болған-ау деген ой келеді.

«Қазақ-қырғыз тарихы туралы». — М.Дулатұлының осы тақырыппен 1923 жылы 7 маусымда «Тілші» газетінде жарияланған өтініш хатына қарағанда, бұл кезде ол республика Халық ағарту комиссариатының тапсыруы бойынша қазақ тарихынан орта мектепке арнап оқулық жазуға кіріскен. Соған қажетті деректер жинастыру үстінде өтініш иесі газет оқырмандарына сөз арнап, қазақ шежіресі жөнінде өздері білетін мағлұматтарды жіберулерін сұрайды.

Бұл факті де Міржақыптың қолында төл тарихымыз жөнінен әлі де пайдаланылмай қалған деректер қалды-ау деген жорамалымызды растай түсетін сияқты.

«Жаңа жазу ережелері» — Араб әрпіне негіздеп, қазақтың өз тіліне сәйкес төл әліпесін және оның жазу, оқу ережелерін түзген Ахмет Байтұрсынов жаңалықтарын әрі қарай жетілдіру бағытында республика Білім комиссариаты әзірлеген жаңа жазу ережелерін дайындау және оны халыққа түсіндіру, сонан соң жұртшылық алдында талқылау ісіне М.Дулатұлы да белсене қатынасқан. «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 17-18-сандарында жарияланған мына мақаладан соны көреміз.

«Баспасөзіміз не күйде?» — Мәселе қою түрінде жарияланған проблемалық мәні бар мақала. Мұнда тұңғыш рет дерлік еліміздегі кітап басу ісінің алғашқы қадамдары және оны ілгері қарай дамыту жолдары сөз болады. Бұл маңызды жұмыстың бірден қарқын алып, жедел жүріп кетуіне тұсау болып отырған себептердің баршылығы, әрине, түсінікті.

Солардың ішінде автордың атап көрсететіні: 1) оқулық және басқа кітаптарды жазатын маман кадрлардың жетімсіздігі, тіпті, жоқтығы десе де болады; 2) кітапты мол данамен сапалы етіп бастыратын материалдық базаның тапшылығы, барының тым жүдеулігі; 3) баспахана, баспа жұмысында ұлттық маман кадрларының мүлде жоқтығы.

Автор осы мәселелерді шешіп, ұлттық баспа ісін ілгері бастырудың жолдарын шынайы жанашырлықпен және білгір іскерлікпен санамалап атап көрсетеді.

«Қош келдің, Наурыз!» — Автор бұл мақалада Наурыздың қазақ үшін шын мағынасындағы ұлттық мейрам екенін дәлелдеп жазады. Олай болатыны — күн мен түн теңеліп, тіршілік жазға қарай бет алғанда, мал шаруашылығымен айналысатын халықтың арқасы кеңейіп, тұрмысы кенеледі. Біраз жылдар дәстүрден шығып қалып, қайта оралған қазіргі кезде Наурыз мерекесімен құттықтап жазған сөздің қадірі де арта бермек.

«Баспасөз үмесі». — Автордың өзі белгілі журналист болғандықтан, бұған дейін де, бұдан кейін де бұл тақырыпқа көп жазған. Мына мақаласында республикада баспасөз үмесі жариялануына байланысты бұл жұмыстың көкейтесті мәселелеріне арнайы тоқталады. Ұлттық баспасөздің қысқа тарихындағы өркендеу жолына (*басылымдардың саны мен аттарын, қазіргі барларын қоса*) шолу жасалады; оны дамытудың кезекті міндеттері айтылады. Мерзімді баспасөзді тарату ісіне самарқау қарайтын лауазым иелері сыналады.

«Бүгін «Ақ жол» газетінің дүниеге келгеніне дәл үш жыл». — Бұл мақалада да автордың журналистік қызметінің бір қыры айқын танылады. Алғашқы санынан бастап өміріне өзі белсене атсалысып, туысқан екі республиканың тарихында елеулі із қалдырған басылымның бетінде көп ойларын жариялаған Міржақыптың бұл датаға үн қосуы сол байланыстың әлі де үзілмегенін байқатады.

«Міржақып Дулатұлының 1924 жылы Орынборда қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде сөйлеген сөзі». — Қазақстанда араб әрпінен латын әрпіне көшу туралы мәселе талқыланып жатқанда, Міржақып араб әрпін сақтап қалу жағында болған. Съезде сол көзқарасын дәлелдеп сөйлейді. Ондай пікір айтуға әркімнің де хақысы бар еді. Бірақ мұны кейбір белсенділер кейін теріске жорып, авторға саяси айып таққан.

Абақтыда жатып тергеушіге берген жауабында өзінің осындай пікірде болғанын күнә ретінде мойындауы соның дәлелі болса керек.

«Сүйінші хабар». — Ресейдегі орталық үкімет орындарының Түркістан Республикасында ұлт әскерін құру жөніндегі қарарына байланысты жазылған мақала. Тақырыбынан көрініп тұрғандай, автор бұл жаңалықты жақсылыққа балап, соның мәнін аша жазады. Отаршыл патша үкіметі қазақ сияқты бұратана халықты тұрақты әскер қызметіне алмағаны, оған жауынгерлік қаруды сеніп тапсырмағаны жайлы айта келіп, қазіргі ұлттық әскер қатарында қызмет ету әрбір жас адамның азаматтық борышы екенін автор патриоттық тұрғыдан түсіндіреді.

«Ғылым төңкерісі» — 1924 жылы 7 қарашада «Еңбекші қазақтың» мерекелік санында жарияланған мақалада автор өзінің оқытушылық, ағартушылық қызметіне орай, Қазан төңкерісі әкелген ғылым жетістіктері халықтың игілігіне айналғанын жазады. Сол жетістіктерді жас ұрпаққа оқытып жатқан мектептердің тәрбиелік мәніне тоқталады.

«Жауыздық низамнамасы». — «Уголовный кодекстің» осындай тақырыппен Ташкентте жарық көрген қазақша аудармасы жайындағы сын мақала. Түркістан Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы комиссиясы мақұлдаған бұл басылымда сол кезде қабылданған терминдер де, көптеген заңдық ұғымдардың қазақша мағынасы да өрескел бұрмаланып, мейлінше қойыртпақ болып шыққаны орынды сыналған. Бұл — бір.

Екіншіден, сол кездегі сот-тергеу мекемелерінің қазақ тілінде іс жүргізуі үшін өте қажетті болған бұл кітап бірер жыл бұрын дұрыс аударылып, Қызылордада жеткілікті мөлшерде басылып шыққан. Осындай дәлелді сынды мойындамай, Ташкенттегі баспагерлер орынсыз дау туғызған.

Соған жауап ретінде жазылған **«Баяғы «Жауыздық низамнамасы»** атты екінші рецензия сол «Ақ жол» газетінің кейінгі екі санында үзінділеп басылғаны және олардан кейін тағы да **«Ақтық жауап»** берілгені бұл мәселе төңірегінде едәуір пікір таласы болғанын аңғартады. Бірақ Ташкент басылымына айтылған сын мақалалардағы ескертпелерді, негізінен, дұрыс деп бағалауға тура келеді.

«Сот қайтсе түзеледі?» — Бұл сот жұмысы туралы осы томда беріліп отырған үшінші мақаласы. Бұдан бұрын кеңестік сот туралы шығарылған ережеге байланысты «Халық соты» туралы; одан кейін жергілікті сот теріс үкім шығарып, оны тексерген комиссияның әділеттілікті қалпына келтіргені туралы «Сот осындай болсын» деген мақала-хабарлары жарияланған. Оларға тиісінше түсініктеме де берілген (*қараңыз*).

Мына мақала сот орындарының жұмысын жақсарту жөнінде «Ақ жол» редакциясы ұйымдастырған сауалнамаға үн қосу ретінде жазылған.

Автор өуелі редакция ұсынған алғашқы сауалдар бойынша пікірлерін айтқаннан кейін, 6—14-сауалдарға байланысты ұсыныстарын енгізіпті. Ақыр-аяғында, сот қызметіне дайындайтын арнайы курстарға адамдарды іріктеп алу жөніндегі пікірі де назар аударарлық. Бұл пікір кейінірек жарияланған **«Заң курсы ашылмақ»** дейтін хабарда толығырақ айтылған (*қараңыз*).

«Қазақ салты» — «Жас қазақ» журналында пікір алысу ретінде жарияланған. Бұдан бұрынырақта автордың «Тұрмыс, салт-сана, оқу» атты көлемді мақаласы басылған. Ол жөніндегі түсініктеме ішінара «Соңғы сөзде» айтылған-ды.

Автор сол мақаласының салт-санаға байланысты пікірлерін пысықтап қайталайды.

Ондағы алға тартқан негізгі қағидасы мынадай: қай халықта да тұрмыстың тетігі — көсіп. Салт-сана сол көсіпке қарай, соған сәйкес қалыптасады. Соның салдары ретінде пайда болып, орныққан салт тұрмыстың басқа салаларында өзі де себепке айналады. Адамда азап-бейнетті, қара күшті талап ететін адал көсіптен жиреніп, қашқақтап жүретін жаман әдет бар.

Ол әдет біздің қазаққа да тән болған. Ескі замандағы ұрлық, зорлық (*барымта*) осыдан туындаған. Орысқа бағынған заманда ұрлық пен зорлық қылмыс саналып, тыйым салынған кезде, бұрын жалпы жұрт ұғымында ерлікке, батырлыққа баланып келген ұрлық пен зорлықтың орнына өтірік айту мен алдап алу сөнге айналды. Сөйтіп, неше түрлі пысықайлар шықты.

Автор ойының түйіні: осындай ел ішін бүлдіріп жүретін пысықайларға, пысықшаларға тыйым салынуы керек.

«Нариманұлы Нариман» — әзірбайжан халқының адал ұлы, бүкіл Шығыс халықтарының мүддесін қорғаған жалынды күрескер, ойлы ағартушы, әлеуметтік әділеттің жоқшысы Наримановтың қайтыс болуына байланысты жазылған қазанама мақала. Мұнда марқұмның өмірбаяны мен қайраткерлік жолы құрмет сезімімен егжей-тегжейлі сөз болады.

Мақаланың кіріспесінде таяуда Сунь Ятсеннің қайтыс болғаны еске алынып, екеуі де Шығыс халықтарының кемеңгер көсемдері ретінде аталады.

Осы орайда жиынтықтай айтатын бір пікір: өз өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолындағы қайраткерлік қызметке арнаған Міржақып Дулатұлы қазақтың да, өзге халықтардың да атақты ұлдарына кезеңі келгенде өз сөзін арнап отырған.

Шығармаларының екінші томында және осы кітапта арнайы мақалалары жарияланған: халқымыздың ұлылары Абылай, Шоқан, Ыбырай, Абайларды айтпағанның өзінде, қазақтың және басқа халықтардың тарихи тұлғалары туралы құрметпен уәж білдіріп, еске алуы М.Дулатұлының өз басын да абыройға бөлейтін ізгілігі болатын. 2-томдағы Тоқаев, Гаспринский, Потанин, Диваев, осы томға енгізілген Байтұрсынов туралы, кейініректе айтылатын Ахмет Бірімжанов туралы жазғандарын да осы дәстүрдің жалғасы деп түсінгеніміз орынды болмақ.

«Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға». — Автономия құрылып, қазақ тіліне мемлекеттік тіл деген мәртебе берілгеннен бері іске асырылған игілікті істермен қатар, мемлекеттік маңызы бар бұл істе әлі де көп-көп кемшіліктер орын алып отырғаны заңды еді.

Мақалада Қызылорда төңірегіндегі жергілікті әкімшілік орындарында қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу барысында ресми қаулы-қарарларды аудару кезінде жол берілген қателіктер, ана тілінің өрескел бұрмалануы сынға алынады.

Әрине, мұндай жолсыздықтар әлдекімдердің әдейілеп істеген өрескелдігі болмас. Орыс тілін білмегендіктен, қазақша сауаты да жетілмегендіктен жіберілген ағаттықтар деп түсінген дұрыс. Бірақ өңгіме бұл сияқты өте шетін істе бақылаусыздық, бетімен жіберушілік болмауы, оны бір орталықтан ұйымдастырып, біліктілікпен жүзеге асыру жайында болып отыр.

«Баспасөз қатесіз болсын!» — Жоғарыда сөз болған тіл мәселесі жөніндегі мақалаға бұл жарияланымның да тікелей қатысы бар. Жарыққа шыққан кітаптар мен мерзімді басылымдарда етек алып кеткен емле қателері мен корректорлық шалалықтардың төркінінде де жаңағыдай сауаттың кемшіндігі жататыны белгілі. Сондықтан мақала авторы баспасөзде қателерді болдырмау үшін өз тәжірибесіне сүйене отырып бірнеше нақты ұсыныстар енгізеді.

«Қазақ тілінің мұңы». — Мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілген қазақ тілін қолданудағы өрескел кемшіліктер туралы ашынып жазылған сын мақала.

Қазақ тілінің өз атынан жазылған хат-монолог түріндегі бұл басылымды әдеби жанр жағынан шағын фельетон деп те анықтауға болатын сияқты. Мұның бұлай қатты шағына жазылған себебі, мемлекеттік тіл мәселесіндегі кемшіліктер баспасөзде бұрын да айтылып келген. Өзгелерді айтпағанда, Міржақыптың өзі де бұдан бірер жыл бұрын «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға» (*қараңыз: осы томда*) деген тақырыппен дәл осы өнірде, Қызылордағы болысында, жоғарыдан келген нұсқау, қарарларды жергілікті жерлерге қазақшалап таратқанда, тілді өрескел бұрмалап, мейлінше түсініксіз, сауатсыз түрге келтіретіні нақты мысал арқылы сыналған. Одан ешқандай қорытынды жасалмағаны мына фельетоннан көрініп тұр.

Орыс тіліндегі оқу құралдары мен іскерлік қағаздарды қазақ тіліне аудару мемлекеттік тілдің беделін түсірмей, қайта, оның мәртебесін жоғарылату мүддесіне қызмет ететін өте маңызды проблема. М.Дулатұлы осыған үнемі назар аударып, баспасөз бетінде жиі-жиі мәселе көтеріп отырған. Соның айқын дәлелі — төменде түсініктемеде келтіріліп отырған екі материал.

«Зенченко мен Еменьевтің қазақшаға аударылған есеп құралдары». — Мақала авторының көтеріп отырған мәселесі — орталықтан орыс тілінде жазылып келген оқулықтарды қазақ мектептеріндегі оқушылардың түйсігіне лайықтап аудару. Мұндағы мақсат — жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептерінде комплексті түрде оқытуды көздейтін жаңа бағдарламалар бойынша сабақ жүргізу үшін, түпнұсқалық төлтума оқулықтар әзірленіп болғанға дейін, уақытша, Мәскеу арқылы дайындап жіберілген оқу құралдарын қазақшаға аударғанда, олардың ішіндегі мысалдарды қазақ тұрмысына лайықтап басқаша келтіру, сөйтіп, негізгі пән сабақтарының қазақ балаларына түсінікті болуын қамтамасыз ету еді. Республикадағы ағарту орындарының келісілген бағыты да осындай болатын.

Мақала авторы сөз болып отырған есеп құралында осы талап ескерілмей, оқулықтың аудармасына елеулі нұқсан келтірілгенін сынайды.

«Орысшалаған қазақ тілі» — бұл мақалада сөз болып отырған мәселенің мазмұны жоғарыдағыдан өзгешелеу, бірақ бұл да ана тілін дамытуда маңызы өте зор мәселе. Мұнда өңгіме орыс тілінен қазақшаға аударғанда, ұлттық тілдің табиғатын бұзбай, түпнұсқаның мазмұн-мағынасын дәл жеткізе отырып, оны мейлінше жатық, сауатты түрде аудару жайында болып отыр. Басқаша айтқанда, аударма өнеріндегі шеберлікке қатысты мәселе көтерілген.

«Он алтының ойраны». — Қазақ жастарын майдандағы қара жұмысқа шақыру жөніндегі июнь жарлығы туралы автордың естелігі. Бұл оқиғаға байланысты, кейінірек, арада біраз уақыт өтіп, қоғамдық ахуал өзгерген кезде, Алаш басшыларына теріс пікірде болған кейбір солақай белсенділер тарапынан: «Алаштың көсемдері патша жарлығын жақтап, халықты сатып кетті» — деген айып-кінәлар айтылып жүрді. Алаш өкілдері: «Біз қарусыз, қорғансыз халықты көрінеу қырғын апатынан сақтандырдық», — деп ақталады» деген сияқты сөздер тараған мәлім.

Тарихта өтіп кеткен оқиғаларға кейіннен болжам айтып, сәуегейлік қылу орынсыз екені тағы белгілі. Бірақ естелік авторының айтуына қарағанда, кезінде «Қазақ» газетінде жазылған пікірдің кейін расқа шыққаны, көтеріліс болған аймақтарды патша әскерлерінің аяусыз жазалап, қырғынға ұшыратқаны ақиқат еді. Сол кездегі оқиғалардың басы-қасында болып, көп нәрсені көзімен көрген автордың мына жазбасы соны растай түсетін сияқты.

Халықтың басына осындай ауыртпалық түсіп жатқан кезде, өздерінің қарақан бастарының пайдасын ойлап, «жең ұшынан жалғасқан» билік басындағы пасық, пысықайлардың қылықтары да **«Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы»** деген автор өңгімесінен тіпті айқын көрінеді.

«1916 жылғы Торғай қазағының көтерілісі». Бұл — жоғарыда сөз болған оқиғалар жөнінде автордың естелік ретінде жазған үшінші материалы. Тарихи очерк түрінде, нақты болған оқиғаны оған қатынасқан нақты адамдардың іс-әрекеті арқылы көрсеткен құнды дерек.

«Әзірет Сұлтан мешіті» — М.Дулатұлы өзінің журналистік қызметінде тарихи тақырыптарға, олардың ішінде өткен заманның мәдени, әдеби, сәулетшілік, т.б. ескерткіштерін насихаттауға едәуір көңіл бөлген. Мына мақала да сол қатардағы басылым.

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі туралы алғашқы мақаланы Міржақып 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған болатын. Оқырмандардың есінде болар, онда автор бұл бірегей сәулет ескерткішінің салыну тарихын, қайталанбас құрылыс ерекшеліктерін, оның айналасында болған талас-тартыстарды, оның қорымында жерленген атақты адамдарды, тағы басқа қызықты жайттарды егжей-тегжейлі жазған болатын. Соңғы кезде күтімсіздіктен, маңайындағы адамдардың арамдық қылықтарынан азып бара жатқанына орынды алаңдаушылық білдірген.

Мына мақаласында сондағы келтірілген маңызды мәліметтерді қайталай келіп, кесенені аса қымбатты тарихи ескерткіш ретінде сақтап қалу, ол үшін қажетті шараларды шұғыл түрде қолға алу керектігіне жұртшылық назарын аударады.

«Қазақстан партия комитетінің баспасөз бөліміне «Ауыл тілі» газетінің қызметкері Дулатұлынан». — Міржақып барлық ынта-жігерін салып, журналистік қызметпен шұғылданып жүргенде, оның өмірінде бір қолайсыздық жағдайлар бой көрсете бастайды. Әртүрлі ресми орындардың, әсіресе жекелеген әсіре белсенді «қырағылардың» тарапынан жазушының істеген ісінен, жазған дүниелерінен күдіктілік іздеген әрекеттер байқалған. Сондай қаңқу өсек-аяңдардың ақыры келіп «Еңбекші қазақтың» бетінде (8 сентябрь, 1926 ж., №197) оған саяси кінә артқан мақаланың жарық көруіне әкеліп соқты.

Осыған қатты мазасызданған Міржақып өлкелік партия комитетіне арыз беріп, мұндай бопсалау әрекеттерінен қорғауды өтінеді. Бірақ одан қандай нәтиже шыққаны бізге беймәлім. Әйтеуір Дулатұлы жазған өтініш хаттың «Еңбекші қазақта» басылмағаны анық. Сондықтан бұл сынды жазушының басына төніп келе жатқан қатерден белгі беретін алғашқы қоңырау деп бағалауға тура келеді.

Дегенмен талайды көрген қайсар ер сыр бермей, тиісті қызметін атқара берген.

«Қанды жексенбі». — М.Дулатұлының жоғарыда келтірілген оқиғадан кейінгі жазғандары ішінде көлем жағынан көзге ілінетін, бір көлемді мақаласы осы. Жасынан патша үкіметінің отаршыл саясатына қаны қайнап өскен қайсар жігіт біріншi орыс революциясы тұсындағы қанышезер билеушілердің жантүршігерлік осынау қылығын жан жүйесінің қатты сілкінісімен қарсы алғаны есінде еді. Сол оқиғадан кейін 22 жыл өткенде тура сол күнге орайластырып осы мақаланы жазуы тегін болмаса керек. Бұл тұста біз үшін анық нәрсе — көлгірлігі жоқ, барлық жан-тәнімен революция құрбандарына іштей егіліп, өз елінде жаңа тұрмыс орнатып жатқан еңбекші көпшілікке тілектестік ниеттен туған сөздер еді.

«Мәдениет төңкерісінің міндеттері мен оқытушы». — Қазақстанда автономиялық жүйе орнағаннан бергі сегіз жыл ішінде үзбей қалам сермеген жалынды көсемсөз шеберінің баспасөз бетінде жарияланған ең соңғы тебіренісі — осы мақала.

Бүкіл өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолында сарп еткен адамның одан кейінгі ардақ тұтары сол халқының рухани байлығы болса және ол өзінің қаламнан кейінгі екінші мамандығын оқытушы деп есептесе, оның баспасөз бетіндегі ақырғы сөзін дәл осы тақырыпқа арнауы заңды еді. Және де осы мәселені сол күннің аса өзекті мәселесі деп біліп, өлке басшылығының соңғы шешімдерінен сол рухани қазынаның ертеңгі мөлдір тұнығын көргісі келген автордың риясыз тілегі-ау деп жорығанымыз абзал болар.

«Жанайқай жауап». — Бұл Міржақып Дулатұлының әуелі Қызылордада (сол кездегі Қазақ Автономиялық Республикасының орталығы), одан кейін Мәскеудегі Бутырка абақтысында отырған кездегі тергеу хаттамаларынан алынған үзінді.

Белгілі жазушы Дүкенбай Досжан 1991 жылы Қазақ КСР мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің архивінде сақталған М. Дулатұлын тергеу кезіндегі іскағаздары материалдарын зерттеуге рұқсат алған. Сөйтіп, Д.Досжан М.Дулатұлының тергеу хаттамаларынан үзінділерді орыс тілінен аударып, оны мерзімді баспасөзге «Жанайқай жауап» деген атпен жариялау үшін дайындаған.

Енді, міне, орайы оңынан келген сәтте, М.Дулатұлы шығармалары түгелдей жинақталып, академиялық бес томдық түрінде жарық көріп жатқанда, соның кезекті кітабынан өздерінің тиісті орындарын алып отыр. Халқының сүйікті перзенті, Алаш ардагерлерінің ішіндегі ең көрнекті тұлғалардың бірі Міржақып Дулатұлының кеңестік дәуірдегі есіл еңбегінің қалай еш болып, қандай әділетсіз қатыгездікпен жазаланғанын осы екі құжаттың мазмұнынан да, солардың арасындағы он шақты жылғы адал қызметінен де айқын көреміз.

Жан бермек оңай емес. Әсіресе жазықсыздан жазалы болып, өмір бойғы адал еңбегі зая кетіп, нәтижесі өзіне қарсы ажал оғы болып атылғалы тұрғанда, өзінің адалдығына сендіре алмаудан өткен өкініш те, одан ауыр азап та бола қоймас-ау деген ой келеді.

Үш күн емес, үш ай емес, табандатқан үш жыл бойы тергеудің тегеурініне мойымай, шындық жолында қасқайып тұрып баққан есіл ер кейбір үзеңгілестерінің «жантәттілікке» бойұрып, беттесу кезінде жалғандыққа барғанын көргенде, амалы құрып, үміті біржола үзілген сәттері де болған тәрізді.

Сонда да солардың ешқайсысымен бет жыртыспай, ғайбаттаспай, іштен тынған қайран сабазды ендігі қинаған нәрсе — артта қалған мансапқор мұндарлардың, қарақан бастарының қамы үшін кімді болса да сатып жіберуден тайынбайтын қаскөй қандастарының қылығы еді.

Жан алқымға таянып, ақтық дем бітуге айналған кезде жүректі жарып шыққан ащы шындық бар бұл «Жанайқай жауапта». Бәлкім, жалғыз өз жерлестері ғана емес, езілген еңбекшілердің мүддесін бетке ұстай келіп, бүкіл ел ішін тежеусіз темір құрсаудың қыспағына алған қатал жүйеге айтылған айып та болар бұл жауапта.

Сайып келгенде — тарихтың тағылымы, өмірдің сабағы. Ұрпақтан-ұрпаққа кетіп, өткенді ұмыттырмайтын, болашақта адаспауға ұмтылдыратын таразы тағылым, салмақты сабақ.

* * *

Қадірменді оқырман! Міржақып Дулатұлының көсемсөз үлгісіндегі толғаныстары мен тебіреністері топталған 3-том Сіздің қолыңызда. Ол автордың абақтыдан болашақ ұрпаққа арнап жолдаған аманат хатымен басталып, қапастағы тергеу үстінде берген жанайқай жауабымен аяқталып отыр.

Бұл — кімді болса да ойландырмай, толғандырмай қоймайтын жайт. Осыны ойланғанда, құрметті оқырман, алдымен Сізден осы томдағы жазушы еңбектері және оның беташарындағы «Ұрпаққа хатты» тағы бір рет оқып шығуды өтінер едік.

Сонда кітап авторының бұл жазбаларында біздің күні кешегі тарихымыздың әр кезеңдегі талап-тілектері мен талқы-тақсіреттері жинақталғанын көрер едіңіз. Бірақ оны ғана емес. Сәл ойланыңқырай түссеңіз, бұл сөздерден бүгінгі Тәуелсіздігіміздің жағдайындағы болмысымыздың да әртүрлі қырларын көзге елестетер едіңіз.

Біздің бүгін, осы том жарық көрген күні, болат шегедей қадап айтар ойымыз — кешегі Алаш ардагерлерінің ішіндегі Міржақыптай кесек тұлғаның бүкіл өмірі де, дәл осы кітаптағы бізге қалдырып кеткен шығармашылық мұрасы да біздің бүгінгі өміріміздің және күні кешегі өткен тарихымыздың ажырамас бір бөлігі екенін айқын сезіну. Сол үшін оның рухы алдында басты төмен иіп тұрып тағзым ету де, сол кісінің және сол кісі үзеңгілес болған басқа да ұлы тұлғалардың әр кезеңде, әртүрлі жағдайда, жан мен жүрек тереңінен сүзіліп шыққан арылу, арыздасу үәздерін өз жадымызда, өз жүрегімізде имандай қастерлеп сақтау. Сол ұлылардың рухы мен біздің жан дүниеміз әрдайым бір арнадан табылып отырсын деген тілек қана!

* * *

«Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» — Бұл да Міржақып Дулатұлынан қалған құнды мұра. Оның құнды болатын бірнеше себептері бар.

Біріншіден, бұрын ұлттық баспагерлік дәстүрі де, ұлттық кітап баспасы да болмаған біздің халқымыз үшін кітап бастыру өнері де, кітап шығару өндірісі де өткен жиырмасыншы ғасырдың жырмасыншы жылдарының жемісі болатын.

Екіншіден, 1922 жылы Міржақып Орынборға келіп, жаңа ұйымдастырылып жатқан Қазақ мемлекеттік баспасында қызмет ете бастағанда, оның өндірістік базасы да, шығармашылық кадрлары да жоқ, тақыр орын болатын. Сондықтан бұл істің алғашқы қадамдары өте қиын, нәтижесі мардымсыз болғаны түсінікті. Мәселен, 1922 жылға жоспарланған үш оқулықтың біреуі ғана өндіріске берілген, ал қалған екеуінің қолжазбасы да дайын емес екені анықталған.

Үшіншіден, сол уақыттан былай қарай жолға қойылып, ілгері басқан жұмыстың нәтижесінде жаңадан жазылған кітаптардың авторлары да, орыс тілінен аударылған кітаптарды төржімалаушылар да және осы көрсеткішті жинастырып, олардың жарық

көруіне күш салған Міржақып Дулатұлының өзі де алашордашылар, «халық жаулары» деген ауыр айыппен түгелдей отыз жетінің құрбандығына шалынып кетті де, олардың қолынан шыққан, олардың аттары аталған дүниелердің барлығын пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынған.

Қазір сол қазына халық игілігіне қайтарып берілді, ішіндегі барлық нәрімен, құнарымен түгелдей рухани тұтыну айналымына қосылды.

Енді «Көрсеткіштің» мазмұнына көшіп, санаулы мерзім ішінде тындырылған істің көлемі жөнінде мәліметтер келтірейік.

«Көрсеткіш» екі бөлімнен тұрады. Біріншi бөлімде 1922—1926 жылдар аралығында, яғни алғашқы бес жыл ішінде жарық көрген басылымдардың тізімі берілген. Бұл кезеңде 273 кітап шығарылыпты. Ал одан кейінгі бір жарым жылдың ішінде тек қана қазақ тілінде жарық көрген кітаптар саны — 217.

Адалын айту керек, алғашқы кезең үшін бұл қыруар жұмыс. Сол басылымдардың аттарына және шағын сипаттамалардағы мазмұнына көз салсақ, жаңа ғана іргесі қаланып жатқан автономиялық республиканың сұранымына сай және жаңа ғана сауатын ашып, өнер-білімге сусап, оқуға, жазу-сызуға құмарланып отырған бұқара халықтың қажетіне лайық қаншама маңызды, қаншама қызықты басылымдарды көреміз.

«Көрсеткіштің» соңында Басқармадан берілген хабарға қарағанда, әжептәуір данамен басылған бұл анықтама аз уақыттың ішінде тез тарап кеткен. Сөйтіп, әрбір сауатты адамның үстелі үстінде ұстайтын, яғни сөт сайын қолдан түсірмей үңіліп тұратын серігіне айналған.

Осындай өте қажетті анықтауыш құралды ойластырып, жүзеге асыруда мемлекеттік баспаның қазақ бөлімін басқарған Міржақып Дулатұлының жекебасының сіңірген еңбегі зор екенін атап айтқан жөн.

Қарап отырсаңыздар, осындағы әрбір басылымға сол кездегі газеттерде, әсіресе ең көп тарайтын «Еңбекші қазақта» қысқаша шолу беріліп, оқырманға керекті ақпарат жеткізіліп тұрған. Оларды ұйымдастырушы, әлбетте, газет пен баспаның екеуіне бірдей ортақ қызметкер — Міржақыптың өзі екені күмәнсіз.

Кейін сол хабарларды жиыстырып, арнайы «Көрсеткіш» етіп бастырған тағы да — М.Дулатұлы.

Демек, кезінде тынымсыз еңбек етіп, болашаққа өшпес із қалдырған жанкешті қаламгерге кейінгі ұрпақтар атынан мың мәртебе алғыс айтсақ артық емес.

МАЗМҰНЫ

Ұрпаққа хат 7
Октябрь төңкерісінің үшінші жылы 9
Совет өкіметі һәм оқу жайы 15
Қазақ-қырғыз мәселесі 17
Қазақ-қырғыз съезі 21
Жастар съезі 22
Тіл мәселесі 24
Халық ағарту комиссариаты назарына 26
Шаруашылықты қалай түзетеміз? 28
Әйел теңдігі 32
Баспасөз туралы мәжіліс 35
Еңбек қарызы 37
Сауатсыздықты жоғалту 39
Халық ағартушыларының құлағына алтын сырға 41
Екі жарты — бір бүтін 43
Халық соты 44
Кронштадт оқиғасы 47
Еңбекшілер автономиясы 48
Ел күйзелді 52
Жастарға 54
Қазақ зиялылары 55
Ахмет Байтурсунович Байтурсунов 59
Аптық қырғынынан қайтсек құтыламыз? 66
Ашыққан елге жәрдем қайткенде мол жиналады? 68
Тұрмыс, салт-сана, оқу 71
Дін һәм ғылым 79
Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы 85
Жаңа жазу ережелері 97
Баспасөзіміз не күйде? 106
Сот осындай болсын! 113
Кім оқытады? 116
Қош келдің, Наурыз! 119

Баспасөз үмесі 120
Қазақ-қырғыз тарихы туралы 125
Соғыс һәм өзгеріс 127
Соғыс һәм өзгеріс 132
Ғылым, әдебиет майданынан 136
Бүгін «Ақ жол» газетінің дүниеге келгеніне дәл үш жыл! 136
Міржақып Дулатұлының 1924 жылы Орынборда қазақ-қырғыз
білімпаздарының тұңғыш съезінде сөйлеген сөзі 138
Ұлт әскері кеңес қорғаны болсын! 140
Сүйінші хабар 141
Білімпаздар жиылысынан кейін 144
Ұрлық қайткенде тыйылады? 145
Ғылым төңкерісі 145
«Жауыздық низамнамасы» 149
Баяғы «жауыздық низамнамасы» 153
Баяғы «жауыздық низамнамасы» 155
Мемлекет салығынан кім артық пайдаланады? 157
Өтірік емес, рас 159
Ақтық жауап 161
Сот қайтсе түзеледі? 163
Қазақ салты 169
Нариманұлы Нариман 174
Заң курсы ашылмақ 179
Жаңа мәшине 183
Дене тәрбиесінің негізі — жаратылыс күштері 184
Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға 186
Университет ашылмақшы 187
Баспасөз қатесіз болсын! 188
Жаны шыққырдың өтірікшісін-ай! 190
Ажалдан құтқарған қызыл тіл 192
Қазақ тілінің мұңы 197
Қазақ доқтыры керек 199
Цифр жазуы 200
Зенченко мен Еменьевтің қазақшаға аударылған
есеп құралдары 203
Орысшалаған қазақ тілі 208
Он алтының ойраны 210
Қара ешкіге жан қайғы, қасашығы мал қайғы 217
Астықты қамсыздандыру керек 219
Мал тұқымын асылдандыратын орын ашылды 220
Оқымаған жастарды еске алу керек 220
Мәжит бекер қынжылады 221
Әзірет сұлтан мешіті 222
1916 жылы Торғай қазағының көтерілісі 224
Қазақстан партия комитетінің баспасөз бөліміне 230
Бірімжанұлы Ахмет 231
Татарша жазу мәшинесі 232

Қазақ театрының жылдық тойы 233
Қанды жексенбі 236
Газет тілі оңды болсын! 239
Әулиеатадағы жылқы зауыты 241
Сәкен ағай Әбденнен кем соғар ма екен? 244
Мәдениет төңкерісінің міндеттері мен оқытушы 246
Жанайқай жауап 250
Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. Бірінші бөлім 255
Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. Екінші бөлім 315
Ұрпақ алдындағы арылу сөзі 359
Түсініктемелер 381

Әдеби- көркем басылым

«АЛАШ МҰРАСЫ» СЕРИЯСЫ

Мир-Якуб ДУЛАТОВ

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ В ШЕСТИ ТОМАХ

3-й том
Публицистика,
литературная критика и исследовательские статьи,
указатели изданных книг на казахском языке
(*на казахском языке*)

Редакторы *А. Тажидаева*
Көркемдеуші редакторы *Ж.Болатаев*
Корректоры *Ж. Баймағамбетова*
Компьютерде беттеген *Ч. Рузиева*

ИБ № 3790

Басуға 04.10.13 қол қойылды. Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Школьная". Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 21,0+0,42 жапсырма. Шартты бояулы беттаңбасы 26,84. Есептік баспа табағы 21,17+0,344 жапсырма. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1258.

"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3(5Қаз)
Д79

Дулатұлы М.

Д79 **Алты томдық шығармалар жинағы.**

3-том: Көсемсөз, әдеби сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері / Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. — Алматы: Мектеп, 2013. — 400 б., сур.

ISBN 978—601—293—960—6

Үшінші томға Міржақып Дулатұлының 1920–1929 жылдар аралығындағы мерзімді баспасөзде жарық көрген еңбектері енгізілді.

Өткен ғасырдың сонау алғашқы жылдарындағы жас талап ауыл мұғалімдерінен Алаштың атпал азаматы болып қалыптасқанға дейінгі Міржақып Дулатұлының бүкіл өміріне азық болған бір ғана мақсат, бір ғана уайым болды. Ол — туған халқының тағдыры.

Кезекті томға беташар ретінде тұңғыш рет жарияланып отырған Міржақыптың «Ұрпаққа хатының» « бісмілләсі» де осыдан басталады.

«Қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткішінің» екі бөлімі де осы томға берілді.

Д $\frac{4603020000—295}{404(05)—13}$ 130—13

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3(5Қаз)

ISBN 978—601—293—960—6
ISBN 978—601—293—957—6